

International Auditing and
Assurance Standards Board.

Халықаралық Сапаны
Бақылау, Аудит, Шолу,
Өзге де сенімділік орнату
және Ілеспе жүретін
қызметтер бойынша
нұсқаулық

2018 Шығарылым
I Бөлім

IAPN.

ISA.

ISQC.

IAASB қызметтерін қолдайтын құрылымдар мен процесстер International Federation of Accountants® немесе IFAC® тарапынан қолдауға ие болады.

IAASB және IFAC аталған басылымдағы материалдар негізінде әрекет еткен немесе әрекет етуден бас тартқан кез келген тұлғаға келтірілген және абайсыздықтан немесе басқа да себептерден туындаған шығындар бойынша жауап бермейді.

International Standards on Auditing, International Standards on Assurance Engagements, International Standards on Review Engagements, International Standards on Related Services, International Standards on Quality Control, International Auditing Practice Notes, Exposure Drafts, Consultation Papers, және IAASB басқа да басылымдары IFAC немесе оның авторлық құқығымен жарияланады.

Авторлық құқық© 2018 жыл, Желтоқсан IFAC. Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымды жеке тұлға үшін және коммерциялық емес қолданыс үшін жүктеп алуға болады (кәсіби танысу немесе зерттеу мақсатында) немесе www.iaasb.org вебсайтынан сатып алуға болады. Бұл құжатты аудару, қайта басып шығару, сату немесе тарату және басқа да ұқсас қолданулар үшін жазбаша рұқсат талап етіледі.

The 'International Auditing and Assurance Standards Board', 'International Standards on Auditing', 'International Standards on Assurance Engagements', 'International Standards on Review Engagements', 'International Standards on Related Services', 'International Standards on Quality Control', 'International Auditing Practice Notes', 'IAASB', 'ISA', 'ISAE', 'ISRE', 'ISRS', 'ISQC', 'IAPN', және IAASB логотипі IFAC сауда белгісі болып табылады, немесе АҚШ-тағы және басқа елдердегі IFAC тіркелген сауда белгісі немесе қызмет көрсету белгілері болып табылады.

Авторлық құқық, сауда белгісі және рұқсат алу апараты бойынша [рұқсаттарға](http://www.iaasb.org) өтініз немесе permissions@ifac.org хабарласыңыз.



529 Бесінші Авеню, Нью-Йорк, NY 10017
T +1 (212) 286-9344 F +1 (212) 286-9570
www.iaasb.org

ISBN: 978-1-60815-389-3

**Сауда белгілері және Тіркелген Сауда
белгілері және Қызмет көрсету
белгілері**

International Auditing and Assurance Standards Board®

IAASB®



International Standards on Auditing®

International Standards on Assurance Engagements™

International Standards on Review Engagements™

International Standards on Related Services™

International Standards on Quality Control™

International Auditing Practice Notes™

ISA®

ISAE™

ISRE™

ISRS™

ISRS™

ISQN™

IAPN™

Бұл Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтер туралы мәлімдемелер анықтамалығы, Халықаралық аудит және растау стандарттары кеңесінің (IAASB) 2018 жылғы басылымы Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (IFAC) 2018 жылдың желтоқсан айында ағылшын тілінде басып шығарған. , 2021 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен қазақ тіліне аударылған және ХБФ рұқсатымен қайта шығарылған. 2018 жылғы Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтердің мәлімдемелері анықтамалығын аудару процесі IFAC-да қаралды және аударма «Саясат мәлімдемесі – Халықаралық федерацияның басылымдарды аудару саясатына» сәйкес жүргізілді. Бухгалтерлер». Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтер туралы анықтамалықтың бекітілген мәтіні, 2018 басылымы IFAC ағылшын тілінде басып шығарған мәтін болып табылады.

Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтердің мәлімдемелері анықтамалығының ағылшын тіліндегі мәтіні, 2018 жылғы басылым © 2018 Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (IFAC). Барлық құқықтар сақталған.

Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтердің мәлімдемелері анықтамалығының қазақ тіліндегі мәтіні, 2018 жылғы басылым © 2021 Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (IFAC). Барлық құқықтар сақталған.

Түпнұсқа атауы: Handbook of International Quality Control, Auditing, Review, Other Assurance, and Related Services Pronouncements, 2018 Edition ISBN: 978-1-60815-389-3

Осы құжатты көшіруге, сақтауға немесе жіберуге немесе басқа да осыған ұқсас пайдалануға рұқсат алу үшін Permissions@ifac.org мекенжайына хабарласыңыз.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САПАНЫ БАҚЫЛАУ, АУДИТ, ШОЛУ, СЕНІМДІЛІК ОРНАТУ ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ ҚЫЗМЕТТЕР СТАНДАРТТАРЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

І БӨЛІМ

МАЗМҰНЫ

	Бет
Нұсқаулықтың 2017 жылғы Шығарылымына Енгізілген Өзгерістер және Соңғы Түзетулер.....	1–2
Халықаралық Бухгалтерлер Федерациясының Рөлі	3
Халықаралық Аудит және Сенімділік Орнату Стандарттары Кеңесімен Шығарылған Мәлімдемелер Құрылымы	4
Халықаралық Сапаны бақылау, Аудит, Шолу, Өзге де сенімділік орнату және Ілеспе Қызметтер Стандарттарына Алғысөз	5–9
Терминдер Глоссарийі	10–40
САПАНЫ БАҚЫЛАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ	
СБХС 1, Қаржылық Есептерге Аудит және Шолу Жүргізетін, сонымен қатар, өзге де Сенімділік Орнату және Ілеспе Қызметтер Келісімдерін Орындайтын Фирмалар үшін Сапаны Бақылау	41–76
ӨТКЕН КЕЗЕҢДЕР ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТЫНА АУДИТ ЖҮРГІЗУ	
200–299 ОРТАҚ ҚАҒИДАТТАР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕР	
ХАС 200, Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті және Халықаралық Аудит Стандарттарына сай Аудит Жүргізу	77–106
ХАС 210, Аудит Келісімінің Шарттарымен Келісу.....	107–131
ХАС 220, Қаржылық Есептілік Аудитінің Сапасын Бақылау	132–151
ХАС 230, Аудит Құжаттамасы	152–164
ХАС 240, Қаржылық Есептілік Аудитін Жүргізу Барысында Алаяқтыққа Қатысты Аудитордың Жауапкершілігі	165–209
ХАС 250, (Қайта қарастырылған), Қаржылық Есептілік Аудиті Барысында Заңдар мен Нормативтік актілерді Қарастыру	210–229
ХАС 260, (Қайта қарастырылған), Басқару Өкілеттілігіне ие Тұлғалармен Қарым-қатынас	230–259
ХАС 265, Ішкі Бақылаудағы Кемшіліктер туралы Басқару Өкілеттігі мен Басқаруға қатысты Тұлғаларға Хабар беру	260–271

**300–499 ТӘУЕКЕЛДІКТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНҒАН ТӘУЕКЕЛДІКТЕР ЖАУАП
РЕТІНДЕГІ АУДИТОРЛЫҚ РӘСІМДЕР**

ХАС 300, Қаржылық Есептілік Аудитін Жоспарлау	272–284
ХАС 315 (Қайта қарастырылған), Ұйым және Оның Сыртқы Ортасын Зерттеп Білу негізінде Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелдігін Анықтау мен Бағалау	285–342
ХАС 320, Аудитті Орындау және Жоспарлаудағы Маңыздылық.....	343–351
ХАС 330, Бағаланған Тәуекелдіктерге Жауап ретіндегі Аудиторлық Рәсімдер.....	352–374
ХАС 402, Қызмет Көрсетуші Ұйымдардың Қызметін Пайдаланатын Ұйымдарға қатысты Аудит Қарастырылымдары	375–398
ХАС 450, Аудиторлық Тексеріс Барысында Анықталған Бұрмалануларға Баға беру.....	399–413

500–599 АУДИТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІ

ХАС 500, Аудит Дәлелдемелері	414–431
ХАС 501, Аудит Дәлелдемелері — Тандалған Тармақтарға Арнайы Қарастырулар	432–442
ХАС 505, Сыртқы Растаулар	443–454
ХАС 510, Бастапқы Аудит Келісімдері— Кезең басындағы Қалдықтар	455–468
ХАС 520, Сараптамалық Рәсімдер	469–476
ХАС 530, Аудит Іріктемесі	477–494
ХАС 540, Әділ Құнның Бухгалтерлік Бағалауын қоса алғандағы Бухгалтерлік Бағалау және Ілеспе Ақпаратты Ашып Көрсету Аудиті	495–539
ХАС 550, Байланысты Тараптар	540–567
ХАС 560, Есептік Күннен кейінгі Оқиғалар	568–580
ХАС 570 (Қайта қарастырылған), Үздіксіз Қызмет	581–610
ХАС 580, Жазбаша Ұсынымдар	611–627

600–699 БАСҚАЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІН ҚОЛДАНУ

ХАС 600, Арнайы Қарастырулар — Топтық Қаржылық Есептілік Аудиті (Құрамдас Аудиторлар Жұмысын Қоса алғанда)	628–678
ХАС 610 (Қайта қарастырылған 2013), Ішкі Аудиторлардың Жұмысын пайдалану	679–702
ХАС 620, Аудитор Сарапшысының Еңбегін Қолдану	703–723

700–799 АУДИТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

ХАС 700 (Қайта қарастырылған), Қаржылық Есептілік бойынша Пікір Қалыптастыру және Есеп Жүргізу	724–779
ХАС 701, Тәуелсіз Аудитор Есебінде Аудиттің Негізгі Мәселелері Туралы Хабар беру	780–803
ХАС 705 (Қайта қарастырылған), Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Пікірді Жетілдіру	804–835
ХАС 706 (Қайта қарастырылған), Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Маңызды Тарауларды және Басқа да Маңызды Тарауларды Ерекшелеу.....	836–853
ХАС 710, Салыстырмалы Ақпарат—Сәйкес Көрсеткіштер және Салыстырмалы Қаржылық Есептілік	854–874
ХАС 720 (Қайта қарастырылған), Басқа да Ақпараттарға Қатысты Аудитордың Жауапкершіліктері	875–926

800–899 АРНАЙЫ САЛАЛАР

ХАС 800 (Қайта қарастырылған), Арнайы Қарастырулар—Арнайы Мақсаттағы Жүйеге Сәйкес Дайындалған Қаржылық Есептілік Аудиті	927–950
ХАС 805 (Қайта қарастырылған), Арнайы Қарастырулар—Жекелеген Қаржылық Есептілік және Қаржылық Есептіліктің Тармақтарының немесе Шоттарының, Арнайы Элементтерінің Аудиті	951–980
ХАС 810 (Қайта қарастырылған), Жиынтық Қаржылық Есептілік Бойынша Есеп Беру Келісімдері	981–1009

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ

ХАТЕ 1000, Қаржы Құралдары Аудитіндегі Арнайы Қарастырулар	1010–1076
---	-----------

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ҚОЛДАНЫСҚА ЕНБЕГЕН СТАНДАРТТАР

ХАС 540 (Қайта қарастырылған), Бухгалтерлік Бағалау және Ілеспе Ақпаратты Ашып Көрсету Аудиті	1077–1182
--	-----------

НҰСҚАУЛЫҚТЫҢ 2016-2017 ЖЫЛҒЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ СОҒҒЫ ТҮЗЕТУЛЕР

Сілтемелер

Бұл нұсқаулықта Бухгалтерлік Есеп Халықаралық Стандарттарға (БЕХС) және Қаржылық есеп Халықаралық Стандарттарына (ҚЕХС) сілтемелер жасалынған. Басқаша көрсетілмеген жағдайда, БЕХС мен ҚЕХС-ке жасалған сілтемелер мәлімдемені дайындау күні қолданылған БЕХС мен ҚЕХС-ке енгізілген. Сәйкесінше, оқырмандарға ескертілетін жәйт, БЕХС немесе ҚЕХС қайта қаралған жағдайда, сілтемелер ең соңғы БЕХС немесе ҚЕХС-қа жасалуы тиіс.

Бұл нұсқаулықтағы «ел» сөзіне сілтемелер «ел немесе құзырет» деп қарастырылуы тиіс.

Халықаралық Аудит және Сенімділік Орнату Стандарттары Кеңесі Шығарған Мәлімдемелер

Бұл нұсқаулық Халықаралық Аудит және Сенімділік Орнату Стандарттары Кеңесі (ХАСОСК) сапа бақылауы, аудит, шолу, өзге де кепілдіктер және ілеспе қызметтер стандарттарының, сонымен қатар, беделді емес Халықаралық Аудиттік Тәжірибе Ескертпелерінің (ХАТЕ) толық жиынтығын құрайды. Ол, сонымен бірге, өзіне ХАСОСК-і мәлімдемесіне кіріспені, терминдер глоссарийін және өзге де беделді емес материалдарды қосады. Бұл нұсқаулық 2016-2017 жылы жарық көрген нұсқаулықты алмастырады.

Қосымшалар және Өзгертулер

Алғысөздің 18-тармағында «Егер Халықаралық Стандартта өзгеше көрсетілмесе, онда кәсіби бухгалтер Халықаралық стандартты онда көрсетілген мерзімге дейін қолдануға рұқсат етіледі» деп көрсетілген.

Нұсқаулықтың I бөлімі

ХАС 250 (Қайта қарастырылған), Қаржылық Есептілік Аудиті Барысында Заңдар мен Нормативтік актілерді Қарастыру

Бұл нұсқаулық 2017 жылғы 15 желтоқсаннан немесе одан кейін басталатын кезеңдердегі қаржылық есептілік аудиттері үшін күшіне енген ХАС 250 (қайта қарастырылған) қамтиды.

Қайта қарастырылған стандарт, соған сәйкес келетін түзетулермен бірге 2016-2017 жылғы нұсқаулықтың I бөлімінің 1071-1108 беттеріне енгізілді. Тиісті түзетулер, сонымен қатар, кросс-сілтеме және басқа да өзгерістермен бірге, 2018 жылғы нұсқаулықта енгізілді. Алдыңғы кезеңдерге жарамды бұрынғы ХАС 250 2018 жылға нұсқаулыққа енгізілген жоқ.

ХАС 540, Әділ Құнның Бухгалтерлік Бағалауын қоса алғандағы Бухгалтерлік Бағалау және Ілеспе Ақпаратты Ашып Көрсету Аудиті

Қазіргі қолданыстағы ХАС 540-қа қосымша ретінде, осы нұсқаулықтың I бөліміне 1077-1182 беттерде ХАС 540 (Қайта қарастырылған) енеді. Қайта қарастырылған стандарт 2019 жылдың 15 желтоқсанынан немесе одан кейін басталатын кезеңдердегі қаржылық есептілік аудиті үшін күшіне енген болып табылады және тәуекелдерді бағалаудың жетілдірілген процесіне, бухгалтерлік есептеулерді жасауда әдістерге, мәліметтерге және болжамдарға жақын байланысқа, ауқымдылығы туралы қарастыруларға және кәсіби скептицизмнің маңыздылығына назар аударуға қатысты түзетулерді қамтиды.

Алғысөз

Дұрыс нөмірлеуге бейімделу үшін алғы сөз 8-тармақтан бастап өзгертілді. Бұл басқа стандарттарға әсер етпейді.

Нұсқаулықтың II бөлімі

Нұсқаулықтың II бөлімі бойынша қосымшалар жоқ. Халықаралық стандарттарға БХӘСК *Кәсіби Бухгалтерлер үшін Әдеп Кодексіндегі* заңдар және нормативті актілермен сәйкес келмеушілікке (ЗЖНАСК) қатысты жаңа талптарға жауап ретінде Халықаралық Стандарттарға түзетулер, және де кросс-сілтемелерге және басқа да өзгерістер енгізілді.

Нұсқаулықтың III бөлімі

Нұсқаулықтың III бөлімі бойынша қосымшалар жоқ.

2018 жылдың 1 желтоқсанынан Кейін Шығарылған Соңғы Мәлімдемелер және Алдыналғы Жобалар

Соңғы жетілдірулер бойынша ақпарат және 2018 жылдың 1 желтоқсанынан кейінгі шығарылған соңғы мәлімделерді немесе көрнекті алдыналғы жобаларды алу үшін ХАСОСК вебсайтына қараңыз www.iaasb.org.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БУХГАЛТЕРЛЕР ФЕДЕРАЦИЯСЫ РӨЛІ

Халықаралық Бухгалтерлер Федерациясы (ХБФ) күшті және орнықты ұйымдар, нарықтар және экономикалар дамуына үлес қоса отырып, қоғамдық мүддеге қызмет көрсетеді. Ол қаржылық есептің ашықтықтығын, есептілігін және салыстырымдылығын қорғайды; бухгалтерлік кәсіптің дамуына көмектеседі; жаһандық қаржылық инфрақұрылым үшін бухгалтерлердің маңыздылығы мен құндылығын жеткізеді. 1977 жылы негізі қаланды, ХБФ қазіргі кезде 175 мүшеден құралған және 130-дан көп мемлекеттер мен күзiреттiлiктерде қауымдастыққа ие, қоғамдық тәжірибеде, білімде, мемлекеттік қызмет, индустрия және сауда саласындағы шамамен 3 миллион бухгалтерлерлері бар заңды құқыққа ие.

Қоғамдық мүдде мандатының бір бөлігі ретінде ХБФ жоғары сапалы халықарылық аудит және кепілдік стандарттарын дамытуға, қабылдауға және іске асыруға, ең алдымен, ХАСОСК қолдауы арқылы өз үлесін қосады. ХБФ тәуелсіз стандарт-орнату басқармасын адам ресурстарымен, нысандарды басқарумен, қарым-қатынастық қолдаумен және қаржыландырумен қамтамасыз етеді және тағайындаулар мен басқарма мүшелерін іріктеу үдерісін жеңілдетеді.


ХАСОСК өз күн тәртібін белгілейді және басылымдарын тиісті үдерістерге сай және ХБФ қатысуынсыз бекітеді. ХБФ күн тәртібіне және басылымдарына ықпалын тигізу қабілетіне ие емес. ХБФ нұсқаулықтар, стандарттар және басқа да басылымдарды жариялайды және авторлық құқықтар иегері болып табылады.

ХАСОСК тәуелсіздігі бірнеше жолмен қорғалады:

- қоғамдық кеңесшілерді тартуда қатаң тиісті үдерісті қосатын стандарт орнатуды тәуелсіз қоғам мүддесі қадағалауы Қоғамдық Мүдде Қадағалау Кеңесімен (толық ақпарат үшін www.ipiob.org вебсайтын қараңыз) ресми түрде орындалады;
- тағайындаулар бойынша қоғамдық шақырулар және Қоғамдық Мүдде Қадағалау Кеңесімен тағайындауларды/іріктеу үдерісін ресми, тәуелсіз қадағалау;
- стандарт орнатуға арналған тиісті үдерістер тұрғысынан да, сондай-ақ, күнтәртібі материалдарына қоғамдық қолжеткізiмдiлiк, жиындар және әрбір соңғы стандарт пен қорытындыларға жарияланған негіз тұрғысынан да толық ашықтық;
- стандарт-орнату үдерісінде Консультациялық Кеңесшілік Топты және бақылаушыларды тарту; және
- ХАКСБ мүшелеріне талаптар, сондай-ақ тағайындау/жұмысқа қабылдау ұйымдары, басқарма тәуелсіздігі, толықтығы және қоғамдық мүдде міндеттері.

Қосымша ақпарат алу үшін ХБФ вебсайтын қараңыз www.ifac.org.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СЕНІМДІЛІК ОРНАТУ СТАНДАРТТАРЫ КЕҢЕСІМЕН ШЫҒАРЫЛҒАН МӘЛІМДЕМЕЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



САПАНЫ БАҚЫЛАУ, АУДИТ, ШОЛУ, СЕЊИМДІЛІК ОРНАТУ ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ ҚЫЗМЕТТЕР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІНЕ АЛҒЫСӨЗ

(2011 жылдың 15 желтоқсанынан бастап күшіне енді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	1–2
ХАСОСК Мәлімдемелері	3–4
ХАСОСК Өкілетті Мәлімдемелері	3–4
Халықаралық Аудит және Сенімділік Орнату Стандарттары Кеңесімен Шығарылған Халықаралық Стандарттарға Өкілетті Бекітулер	5–17
Халықаралық Аудит Стандарттары	11
Сапаны Бақылау Халықаралық Стандарттары	12
Басқа да Халықаралық Стандарттар	13–16
Кәсіби пайым	17
Халықаралық Стандарттардың Қолданылымдығы	18–19
Өкілетті емес Материалдар	20–22
Халықаралық Аудиттік Тәжірибе Ескертпелері	21–22
Басқа Халықаралық Стандарттарға қатысты Тәжірибе ескертпелері	23
Қызметкерлер жарияланымдары	24
Тілі	25

Кіріспе

1. *Халықаралық Сапаны Бақылау, Аудит, Шолу, Бсқа да Сенімділік Орнату және Ілеспе Қызметтер Мәлімдемелері* алғысөзі Халықаралық Аудит және Сенімділік Орнату Стандарттары Кеңесі (IAASB) ХААСБ-ның сілтеме шарттарында баяндалғандай шешімдерінің мазмұны мен беделін түсінуге көмектесу үшін берілген.
2. ХАСОСК-ның мақсаты – ғаламдық деңгейде Халықаралық Стандарттар толық пакетін әзірлеу мен енгізу. ХАСОСК мүшелері әлемдік бухгалтерлік кәсіптің орнын қоғамдық мүдделерде қорғайды. Бұл олардың елдегі немесе фирмадағы қолданыстағы тәжірибеге сәйкес келмейтін немесе ХАСОСК мүшелігіне ұсынған тұлғалардың ұстанымына сәйкес келмейтін мәселе бойынша ұстанымға ие болуына әкелуі мүмкін.

ХАСОСК Мәлімдемелері

ХАСОСК Өкілетті Мәлімдемелері

3. ХАСОСК ережелері Халықаралық Стандарттарға сәйкес жүргізілетін аудит, шолу, сенімділік орнату және басқа да келісімдерді реттейді. Олар белгілі бір жердегі өткен кезеңдер қаржылық есептілік аудитін немесе сенімділік орнату келісімін осы елдің ұлттық стандарттарына сәйкес орындалуы қажет басқа заңдарға немесе нормативтік актілерге енгізбейді. Егер жергілікті заңдар немесе ережелер белгілі бір тақырыптағы ХАСОСК стандарттарынан өзгеше болса немесе қайшылықтар болса, жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес жасалған келісім автоматты түрде ХАСОСК стандарттарына сәйкес келмейді. Кәсіби бухгалтер келісімге қатысты барлық стандарттарды толығымен орындамайынша, ХАСОСК стандарттарына сәйкестігін білдірмеуі керек.
4. ХАСОСК өкілетті мәлімдемелері болып Халықаралық Стандарттар табылады, ХАСОСК белгіленген тәртіппен шығарылады.

Халықаралық Аудит және Сенімділік Орнату Стандарттары Кеңесімен Шығарылған Халықаралық Стандарттарға Өкілетті Бекітулер

5. Халықаралық Аудит Стандарттары (ХАС) өткен кезең қаржылық ақпаратына аудит жүргізу кезінде қолданылуы тиіс.
6. Шолу Келісімі Халықаралық Стандарттары (ШКХС) өткен кезең қаржылық ақпаратына шолу жасау кезінде қолданылуы тиіс.
7. Сенімділік Орнату Келісімі Халықаралық Стандарттары (СОКХС) өткен кезең қаржылық ақпаратына аудит жүргізу және шолу жасаудан басқа сенімділік орнату келісімдерінде қолданылуы тиіс.

8. Ілеспе Қызметтер Халықаралық Стандарттары (ІҚХСы) ХАСОСК белгілеген ақпаратқа және басқа да қызметтерге қатысты келісімдерге келісілген рәсімдерді қолдану үшін құрастыру келісімдеріне қолданылуы керек.
9. ХАС, ШКХС, СОКХС және ІҚХС ХАСОСК-нің Келісім Стандарттарына жатады.
10. Сапаны бақылау бойынша Халықаралық Стандарттар (СБХС) ХАСОСК -нің Келісім Стандарттарға жататын барлық ХАСОСК қызметтеріне қолданылуы тиіс.

Аудиттің Халықаралық Стандарттары

11. ХАС-тар тәуелсіз аудитор жүргізген қаржылық есептілік¹ аудиті мәнмәтінде жазылған. Олар басқа өткен кезеңдер қаржылық есептілік аудиті қолданылатын жағдайларға керекті қолданылуы тиіс. ХАС өкілеттіктері 200 ХАС-да² баяндалған.

Сапаны Бақылау Халықаралық Стандарттары

12. СБХС фирмаларға ХАСОСК Келісім стандарттарына сәйкес келетін барлық қызметтеріне қатысты қолданылады. СБХС өкілеттіктері СБХС кіріспесінде көрсетілген.

Басқа да Халықаралық Стандарттар

13. 6-8-тармақтарда көрсетілген кейбір Халықаралық Стандарттар қамтиды: мақсаттарды, талаптарды, қолданылуын және басқа түсіндірме материалдарды, кіріспе материалдар мен анықтамаларды. Бұл терминдер ХАС 200 қаржылық есеп аудиті тұрғысынан қалай түсіндірілетініне тікелей ұқсас түрде түсіндірілуі керек.
14. 6-8-тармақтарда көрсетілген басқа Халықаралық Стандарттар түсіндірме және басқа материалдар, оның ішінде қосымшалар түріндегі тиісті нұсқаулықпен бірге негізгі қағидалар мен маңызды рәсімдерді (қою шрифтпен және «керек» сөзімен белгіленген) қамтиды. Негізгі қағидаттар мен маңызды рәсімдер түсіндіру және оларды қолдану бойынша басшылықты қамтамасыз ететін басқа материалдар аясында түсінілуі және қолданылуы керек. Сондықтан негізгі принциптер мен маңызды рәсімдерді түсіну және қолдану үшін стандарттың бүкіл мәтінін қарастыру қажет.

¹ Егер басқаша көрсетілмесе, «қаржылық есептілік» өткен кезеңдер қаржылық ақпараттарынан тұратын қаржылық есептілікті білдіреді.

² ХАС 200, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті және Халықаралық Аудит Стандарттарына сай Аудит Жүргізу*

15. Стандарттың негізгі принциптері мен маңызды рәсімдері олар келісім жағдайында маңызды болған барлық жағдайларда қолданылуы керек. Алайда ерекше жағдайларда, кәсіби бухгалтер осы рәсімнің мақсатына жету үшін тиісті маңызды процедурадан бас тарту туралы шешім қабылдауы мүмкін. Осындай жағдай туындаған кезде кәсіби бухгалтерден балама процедуралар процедураның мақсатына қалай жететінін және егер себептері анық болмаса, кету себептерін құжаттау қажет. Кәсіби бухгалтердің маңызды процедурадан бас тарту қажеттілігі, егер келісімнің нақты жағдайларында бұл рәсім тиімсіз болса ғана пайда болады.
16. Өтініш материалының бөлігі болып табылатын қосымшалар стандарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Қосымшаның мақсаты мен мақсатты қолданылуы тиісті Стандарттың ережесінде немесе қосымшаның атауы мен кіріспесінде түсіндіріледі.

Кәсіби пайым

17. Халықаралық стандарттардың сипаты кәсіби бухгалтерден оларды қолдану кезінде кәсіби пайым жасауды талап етеді.

Халықаралық Стандарттардың Қолданылымдығы

18. Белгілі бір Халықаралық Стандарт қолданылуын шектеу, заңды күшіне ену күні және шеңбері Стандартта түсіндірілген. Басқа Халықаралық Стандартта болмаса, кәсіби бухгалтерлерге заңды күшіне ену күні белгіленгенге дейін Халықаралық Стандартты қолдануға рұқсат етіледі.
19. Халықаралық Стандарттар қоғамдық сектордағы келісімдерге қатысты. Қажет болған жағдайда, қоғамдық сектор қйымдарына қатысты қосымша пікірлер енгізіледі:
 - (a) ХАС мен СБХС бойынша Халықаралық Стандарт шеңберінде; немесе
 - (b) Басқа Халықаралық Стандарттар соңында пайда болатын Қоғамдық Сектор Болашағында (ҚСБ).

Өкілетті емес Материалдар

20. Өкілетті емес материалдарға ХАСОСК шығарған Тәжірибелік Ескертпелер және қызметкерлердің жарияланымдары кіреді. Өкілетті емес материалдар ХАСОСК Халықаралық стандарттарының бөлігі болып табылмайды.

Халықаралық Аудит Тәжірибе Ескертпелері

21. Халықаралық Аудит жөнінде Тәжірибе жиынтығы (ХАТЕ) ХАС құрамына кірмегендерді қосымша талаптар қоймайды, сонымен қатар олар аудиторлар міндеттерін өзгертпей ХАС қатысты бүкіл міндеттерін орындайды. ХАТЕ аудиторларды тәжірибелік көмекпен

қамтамасыздандырады. Олар ұлттық стандарттарға жауап беретін немесе тиісті ұлттық материалды әзірлеу кезінде пайдаланылатын тұлғаларға таратылады. Сондай-ақ, олар фирмалар өздерінің оқу бағдарламаларын және ішкі басшылықтарын әзірлеу кезінде пайдалана алатын материалдарды ұсынады.

22. Қамтылған тақырып(тар) сипатына қарай ХАТЕ аудиторға келесілерде көмектесе алады:
- Ұйымның мән-жағдайы туралы түсінігін алуда және елеулі бұрмалану тәуекелін бағалау мен анықтау туралы пайымдаулар жасауда;
 - Жағдайларда сәйкес келетін рәсімдерді қоса алғанда бағаланған тәуекелдерге қалай жауап беру керектігі туралы пайымдаулар жасауда; немесе
 - Қаржылық есептілік туралы пікірді қалыптастыру мен өкілеттілікке ие тұлғалармен қарым-қатынасты қоса алғанда есеп беру мәселелерін қарастыруда.

Басқа да Халықаралық Стандарттарға қатысты Тәжірибе Ескертпелері

23. ХАСОСК сәйкесінше ХШКСы, ХСОКСы және ХІКСы үшін бірдей мақсатқа қызмет ету үшін Халықаралық Шолу Келісімі Тәжірибе Ескертпелерін (ШКТЕ), Халықаралық Сенімділік Орнату Келісімі Тәжірибе Ескертпелерін (ХСОКТЕ), Халықаралық Ілеспе Қызметтер Тәжірибе Ескертпелерін (ХІКТЕ) шығара алады.

Қызметкерлер жарияланымдары

24. Қызметкерлердің жарияланымдары тәжірибелі мамандардың маңызды немесе жаңа пайда болатын мәселелер туралы хабардар болуын қолданыстағы талаптар мен қолдану материалдарына сілтеме жасау арқылы хабардарлығын арттыруға көмектесу үшін немесе олардың назарын ХАСОСК мәлімдемелерінің тиісті ережелеріне бағыттау үшін пайдаланады.

Тілі

25. ХАСОСК Халықаралық Стандарттары, Тәжірибе Ескертпелері, алдыналғы жобалар немесе басқа басылымдар жалғыз ресми мәтіндері ХАСОСК-мен Ағылшын тілінде жарияланады.

ТЕРМИНДЕР ГЛОССАРИЙ¹

(Желтоқсан 2017)

Кіру рұқсатын бақылау (Access controls) — Желідегі терминалдардың құрылғыларына, бағдарламаларына және мәліметтеріне қол жеткізуді шектеуге арналған рәсімдер. Кіру рұқсатын бақылау «пайдаланушы аутентификациясы» мен «пайдаланушы авторизациясынан» тұрады. «Пайдаланушы аутентификациясы» әдетте бірегей логинді сәйкестендіру, құпиясөздер, кіру карталары немесе биометрикалық деректер арқылы пайдаланушыны анықтауға тырысады. «Пайдаланушы авторизациясы» әр пайдаланушы жүгіне алатын компьютерлік ресурстарды анықтауға арналған кіру рұқсаты ережелерінен тұрады. Атап айтқанда, мұндай рәсімдер келесілерді алдын алуға немесе анықтауға арналған:

- Желідегі терминал құрылғыларына, бағдарламаларына және мәліметтеріне рұқсатсыз қол жеткізу;
- Рұқсат етілмеген транзакцияларды енгізу;
- Деректер файлдарына рұқсат етілмеген өзгерістер жүргізу;
- Кіруге рұқсаты жоқ қызметкерлердің компьютерлік бағдарламаларды қолдануы; және
- Авторизация жасалмаған компьютерлік бағдарламаларды пайдалану.

**Бухгалтерлік бағалау (Accounting estimate)*—Өлшеудің нақты құралдары болмаған жағдайдағы ақша сомасының жуық шамамен алынған мөлшері. Бұл термин бағалануы белгісіз болған жағдайда әділ құн бойынша өлшенетін сомаға және басқа да бағалауды қажет ететін сомаларға қолданылады. ХАС 540² әділ құн өлшемі қатысатын бухгалтерлік бағалауға бағытталған жағдайда "Әділ құн бухгалтерлік бағалауы" термині қолданылады.

* *Бухгалтерлік жазбалар (Accounting records)*— Электронды қаражат аудару және чектер; шот-фактуралар; келісімшарттар; жалпы және қосымша бухгалтер кітаптары, журналдық жазбалар және ресми журналдық жазбаларда көрініс таппаған қаржылық есептіліктің басқа да түзетулері секілді бастапқы бухгалтерлік жазбалар және қосымша жазбалар және шығындарды бөлуге, есептеулер

* Термин анықтамасы ХАС-да көрсетілген

† Термин анықтамасы СБХС 1 көрсетілген

¹ Қоғамдық сектор келісімдері туындаған жағдайда осы глоссарийдегі терминдер қоғамдық сектор эквивалентіне сілтеме ретінде оқылуы керек.

Бухгалтерлік терминдер Халықаралық Аудит және Сенімділік орнату Стандарттар Кеңесі мәлімдемелерінде көрсетілмеген жағдайда сілтеме Халықаралық Бухгалтерия Стандарттары Кеңесі жариялаған Терминдер Глоссарийіне жасалуы тиіс.

² ХАС 540, *Әділ құн бухгалтерлік бағалаулары және қатысты ашып көрсетулерді қоса алғандағы Бухгалтерлік Бағалау Аудиті*

жүргізуге, салыстырулар жасауға және ашып көрсетулерге көмек болатын жұмыс кестелері мен электрондық кестелер.

Рәсімдерге келісімді қатысу (Agreed-upon procedures engagement)—Аудитор және ұйым, сонымен қатар, сәйкес үшінші тарап келіскен аудиттік сипаттағы рәсімдерді орындау үшін және нақты мәліметтерді көрсету үшін шақырылған қатысым. Есепті алушылар өз қорытындыларын аудитор есебіне қарап жасайды. Есеп орындалуы тиіс рәсімдермен келіскен тараптармен шектеледі, өйткені өзгелер осы рәсімдердің себебін білмей, қорытындыларды қате тұжырымдауы мүмкін.

**Талдамалық рәсімдер (Analytical procedures)*— Қаржылық және қаржылық емес мәліметтер арасындағы мүмкін болатын қатынастарды талдау арқылы қаржылық ақпаратты бағалау. Талдамалық рәсімдер басқа тиісті ақпаратқа сәйкес келмейтін немесе күтілетін мәндерден едәуір мөлшерде ерекшеленетін өзара байланыстарды немесе анықталған ауытқуларды табу үшін қажет болған зерттеулерді де қамтиды.

Жылдық есен (Annual report)—Басшылықпен немесе басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен жыл сайын заңға, ережелерге немесе дәстүрге сәйкес дайындалатын, мақсаты иеленушілерге (немесе ұқсас мүдделі тараптарға) қаржылық есептілікте көрсетілетін қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайы, ұйым қызметі туралы ақпаратты беру болып табылатын құжат немесе құжаттар жиынтығы. Жылдық есеп қаржылық есептерден және ол бойынша аудитор қорытындысынан тұрады, және де ұйымдағы жағдайлар, оның келешегі және тәуекелдері туралы ақпаратты, ұйым басшылығының басқаруға қатысты мәлімдемесін және есептерін қамтиды.

**Ауытқушылық (Anomaly)*—Популяциядағы бұрмаланулар мен ауытқулардың орын алуының ресми түрде дәлелі болып табылмайтын бұрмаланулар мен ауытқулар.

Қолданбалы өлшемшарт (СОКХС 3410³ мәнмәтінінде) (Applicable criteria (in the context of ISAE 3410))—Ұйыммен ЖЖГ бойынша есептерінде өз шығарындылары туралы сандық бағалау және есептілікте қолданылатын өлшемшарт.

Қолданбалы өлшемшарт (СОКХС 3420⁴ мәнмәтінінде) (Applicable criteria (in the context of ISAE 3420))—Жауапты тараппен алдын-ала қаржылық ақпаратты құрастыру кезінде қолданылатын өлшемшарт. Өлшемшарттар уәкілетті немесе стандарттар қабылдайтын мойындалған ұйымдармен, немесе заңмен және нормативтік актпен бекітілуі мүмкін. Егер бекітілген өлшемшарттар болмаса, олар жауапты тараппен әзірленеді.

* *Қолданбалы қаржылық есептілік құрылымы (Applicable financial reporting framework)*—Басшылықпен және, тиісті жерде, басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен

³ СОКХС 3410, *Жылыжай Газдары Есептілігі бойынша Сенімділік орнату Келісімі*

⁴ СОКХС 3420, *Бағыттамаға енгізілген Қаржылық есептілік Проформасы Құрастырмасы бойынша Есепке қатысты Сенімділік орнату Келісімі*

қабылданған, қаржылық есептілікті дайындауда қолданылатын қаржылық есептілік құрылымы, бұл құрылым ұйым сипаттамасы және қаржылық есептілікті дайындау мақсаты тарапынан қолайлы болып табылады немесе оның қолданылуы заңмен немесе нормативтік актілермен талап етіледі. ІҚХС 4410 (Қайта қарастырылған)⁵ мәнмәтінінде қаржылық есептілік емес, қаржылық ақпаратқа сілтеме жасалынады.

«Әділ ұсыну құрылымы» құрылымның талаптарын сақтауды талап ететін қаржылық есеп беру құрылымын сипаттау үшін қолданылады және::

- (a) Қаржылық есептің әділ ұсынылуына қол жеткізу үшін тікелей немесе жанама мойындау басшылыққа құрылымның арнайы талаптарынан бөлек ақпаратты ашып көрсету үшін қажет болуы мүмкін; немесе
- (b) Тікелей мойындау басшылыққа қаржылық есептің әділ ұсынылуына қол жеткізу мақсатында құрылым талаптарынан ауытқу үшін қажет болуы мүмкін. Мұндай ауытқуларға мұқтаждық өте сирек жағдайларда туындайды.

«Сәйкестік құрылымы» термині құрылымның талаптарына сай болуды талап ететін қаржылық есептілік құрылымын белгілеу үшін қолданылады, бірақ жоғарыда (a) және (b) көрсетілген растауларды құрамайды.

Ақпараттық технологиялардағы қосымшаларды бақылау (Application controls in information technology)— Жалпы жағдайда бизнес үдеріс деңгейінде орындалатын қолмен жасалатын немесе автоматтандырылған рәсімдер. Қосымшаларды бақылау табиғатында алдын алатын немесе анықтайтын болуы мүмкін және бухгалтерлік жазбалар тұтастығын қамтамасыз ету үшін жасалуы мүмкін. Сәйкесінше, қосымшаларды бақылау аударымдарды немесе басқа қаржылық мәліметтерді анықтау, тіркеу, өңдеу және баяндау рәсімдеріне қатысты болады.

**Қолданылатын өлшемшарт (ХАС 810(Қайта қарастырылған) мәнмәтінінде) (Applied criteria) (in the context of ISA 810(Revised))*⁶— Жиынтық қаржылық есептілікті дайындауда басшылықпен қолданылатын өлшемшарт.

* *(Аудиттық дәлелдемелер) сәйкестігі (Appropriateness (of audit evidence))*— Аудиттік дәлелдемелер сапасы өлшемі, яғни аудитор ой-пікіріне негізделген қорытындыларға қолдау қамтамасыз етудегі оның өзектілігі және сенімділігі.

**Байланысы жоқ тараптар арасындағы мәміле (Arm's length transaction)*— Мәміле бір бірімен байланысы жоқ және бір-біріне тәуелсіз әрекет ету, өз мүдделеріне қарай сауда жасау шарттын орындайтын ынталы сатып алушы мен сатушы арасында жүргізіледі.

* *Бекітулер (Assertions)*— Қаржылық есепке енгізілген және аудитормен әртүрлі ықтимал мүмкін бұрмалануларды қарастыру үшін қолданылатын айқын немесе

⁵ ІҚХС 4410 (Қайта қарастырылған), *Құрастыру Келісімдері*

⁶ ХАС 810 (Қайта қарастырылған), *Жиынтық Қаржылық Есептілік бойынша Есепке қатысты Келісімдер*

басқаша үлгіде жасалған басшылық мәлімдемесі. СОКХС 3410 мәнмәтінінде бекітулер айқын немесе басқаша үлгіде жасалған, ЖЖГ шығарылымы есебіне енгізілген және аудитормен әртүрлі ықтимал мүмкін бұрмалануларды қарастыру үшін қолданылатын ұйым мәлімдемесі ретінде анықталады.

Бағалау (Assess)— Маңыздылығы туралы қорытынды жасау үшін елеулі бұрмаланулардың анықталған қатерлерін талдау. «Бағалау», келісім бойынша тек тәуекелге қатысты қолданылады. (сонымен қатар «Баға беруді» қараңыз)

Байланыс (Association)—(Аудитордың қаржылық ақпаратпен байланысы терминін қараңыз)

*† *Сенімділік орнату (Assurance)*—(Негізделген сенімділік орнатуды қараңыз)

(Сенімділікті орнату келісімі) Assurance engagement— Тәжірибелі маман мақсаты мәселе туралы ақпарат бойынша жауапты тараптан бөлек болжаулы тұтынушылар сенімділік деңгейін арттыруға бағытталған қорытындыға қол жеткізу үшін жеткілікті тиісті дәлелдемелер алу болып табылатын келісім (яғни өлшемшартқа сай негізгі нысана өлшемі және бағалау нәтижесі). Әрбір кепіл келісімі екі өлшем бойынша жіктеледі:

- (i) Негізделген сенімділік орнату келісімі немесе шектелген сенімділік орнату келісімі:
 - a. Негізделген сенімділік орнату келісімі (Reasonable assurance engagement)—негізделген сенімділік орнату келісімі шеңберінде Тәжірибелі маман келісімге тән тәуекелді қорытынды құрастыру мақсатында болып жатқан жағдайларды ескере отырып, қолайлы төменге дейін азайтады. Тәжірибелі маман қорытындысы өлшемшарттарды қолдана отырып, келісімнің бағаланып отырған пәннің бағасы немесе өлшемі нәтижесі туралы оның ой-пікірін көрсететін түрде білдіріледі.
 - b. Шектелген сенімділік орнату келісімі (Limited assurance engagement)—Шектелген сенімділік орнату келісімі шеңберінде тәжірибелі маман аталған келісімге тән тәуекелді болып жатқан жағдайларды ескере отырып (бұл тәуекел негізделген сенімділік орнату келісіміне қарағанда жоғары), қолайлы деңгейге дейін түсіреді, бұл әрекет тәжірибелі маман назарына келісім пәні туралы ақпарат елеулі бұрмалануларды құрайды деген жорамалдар туғызуы мүмкін мәселелер түсуі мүмкін дегенді білдіретін түрдегі қорытынды жасау мақсатында орын алады. Шектелген сенімділік орнату келісімі шеңберінде орындалатын рәсімдер сипаты, уақыты және көлемі негізделген сенімділік орнату келісіміне қарағанда азғантай, алайда рәсімдер тәжірибелі маман өзінің кәсіби пайымдамасы негізінде маңызды деп табатын дәрежедегі сенімділік деңгейін қамтамасыз ететіндей жоспарланады. Маңызды деп саналу үшін тәжірибелі маманмен алынған сенімділік деңгейі болжалды

қолданушылардың келісім пәні туралы ақпаратқа деген сенімділігін елеусіз деңгейінен жоғары дәрежеге дейін көтеруге мүмкіндік туғызуы қажет.

(ii) Аттестациялық келісім немесе тікелей келісім:

- a. Аттестациялық келісім (Attestation engagement)—тәжірибелі маман болып табылмайтын тарап өлшемшартқа сәйкес басты пәнді өлшейтін және бағалайтын сенімділік орнаут келісімі. Тәжірибелі маман болып табылмайтын тарап көбінесе келісім пәні туралы алынған ақпаратты есепте немесе мәлімдемде ұсынады. Сонымен қатар кейбір жағдайларда тәжірибелі маман келісім пәні туралы ақпаратты сенімділік орнату бойынша қорытындыда ұсынады. Аттестациялық келісімдерде тәжірибелі маман қорытындысы келісім пәні туралы ақпарат елеулі бұрмаланулардың таза екендігін ғана қамтиды. Тәжірибелі маман қорытындысы келесідей болуы мүмкін:
 - i. Негізгі тақырып және қолданбалы өлшеушарт;
 - ii. Тақырып туралы ақпарат және қолданбалы өлшемшарттар; немесе
 - iii. Тиісті тарап(тар)пен жасалған мәлімдеме.
- b. Тікелей келісім (Direct engagement)— Тәжірибелі маман негізгі тақырыпты қолданылатын өлшемшарттарға сай өлшейтін немесе бағалайтын сенімділік орнату келісімі және Тәжірибелі маман негізгі маңызды ақпарат нәтижелерін кепілдік есебінің бір бөлігі ретінде немесе қосымшасы ретінде ұсынады. Тікелей келісімде Тәжірибелі маман қорытындысы негізгі тақырып өлшеулері мен бағалауларының өлшемшарттарға сайлығы нәтижесі есебіне бағытталған.

Сенімділік орнату келісімі тәуекелдігі (Assurance engagement risk)— Тәжірибелі маман пәнге қатысты ақпарат елеулі түрде бұрмаланған кезде сай келмейтін қорытынды шығаруы мүмкіндігі тәуекелдігі.

Сенімділік орнату машықтары және техникалары (Assurance skills and techniques)— Жоспарлау, дәлелдемелер жинау, дәлелдерді бағалау, ақпараттық байланыс және қорытынды жасауда қолданылатын, тәжірибелі маман сенімділік орнатуды қамтамасыз етуде көрсететін, сенімділікті орнату келісімінің пәнін бағалау сараптамасынан немесе оның сандық немесе сапалық бағалауынан ерекшеленетін машықтар мен дағдылар.

**Аудит құжаттамасы (Audit documentation)*—Орындалған аудиторлық шаралардың жазбасы, алынған аудиторлық дәлелдер және аудитор қол жеткізген қорытындылар (кейде «жұмыс құжаттары» немесе «жұмыс парақтары» сияқты терминдер де қолданылады).

**Аудиторлық дәлелдемелер (Audit evidence)*— Аудитордың пікіріне негізделген қорытындыларды қабылдауда аудитор пайдаланған ақпарат. Аудиторлық дәлелдемелер бухгалтерлік есеп жазбаларындағы және қаржылық есептіліктің негізіндегі мәліметтерден тұрады. (*Аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігі және аудиторлық дәлелдемелердің сәйкестігі* терминдерін қараңыз.)

**Аудит файлы (Audit file)*— Арнайы келісім бойынша аудиторлық құжаттамадан тұратын жазбаларды қамтитын физикалық немесе электрондық түрдегі бір немесе бірнеше папкалар немесе басқа сақтау құралдары.

*†*Аудит фирмасы (Audit firm)*— (*Фирманы* терминін қараңыз)

**Аудиторлық пікір (Audit opinion)*— (*Жетілдірілген пікір және жетілдірілмеген пікір* терминдерін қараңыз)

**Аудиторлық тәуекелдік (Audit risk)*— Қаржылық есептілік елеулі түрде бұрмаланған кезде аудитордың сәйкес емес аудиторлық пікір білдіру қаупі. Аудиторлық тәуекелдік - елеулі бұрмаланулар мен анықталу тәуекелдіктерінің функциясы.

**Аудиторлық іріктеу (іріктеу) (Audit sampling (sampling))*— Жалпы жиынтық элементтерінің аудит үшін маңыздылығы 100% -дан аз аудиторлық рәсімдерін іріктеудің барлық элементтері іріктеуге кіретіндей және аудиторда бүкіл жалпы жиынтық бойынша қорытындылар құрастыру үшін жеткілікті негіздемелер пайда болатындай етіп қолдану.

**Аудиттелген қаржылық есептілік ((Қайта қарастырылған) ХАС 810 мәнмәтінінде) (Audited financial statements (in the context of ISA 810 (Revised))*— Аудитормен ХАС-на сәйкес аудиттелген және оның негізінде жиынтық қаржылық есептілік жасалатын қаржылық есептіліктер⁷.

**Аудитор (Auditor)*— «Аудитор» аудитті жүргізетін тұлғаға немесе тұлғаларға, әдетте, жоба бойынша серіктеске немесе жоба бойынша топтың басқа мүшелеріне немесе қажет болған жағдайда фирмаға қатысты қолданылады. Егер ХАС жоба бойынша серіктес талаптарын немесе жауапкершілігін орындауға нақты ниет білдірсе, «аудитор» емес, «жоба бойынша серіктес» термині қолданылады. «Жоба бойынша серіктес» пен «фирма», қажет болған жағдайда, оларды мемлекеттік сектордағы баламаларына қатысты деп түсіну қажет.

Аудитордың қаржылық ақпаратпен байланысы (Auditor association with financial information)— Аудитор аталған ақпаратқа есеп берсе немесе өз есімін кәсіби мәнмәтінде осы ақпаратқа қатысты қолдануға рұқсат етсе, Аудитор қаржылық ақпаратпен байланысты болады.

**Аудитор сарапшысы (Auditor's expert)*— Бухгалтерлік есеп немесе аудиттен басқа салада сараптама жүргізу тәжірибесі бар тұлға немесе ұйым, аудитор тиісті

⁷ ХАС 200, *Тәуелсіз Аудитордың жалпы Міндеттері және Халықаралық Аудит Стандарттарына сәйкес Аудит жүргізу*, 13(f) тармақ, «қаржылық есептілік» терминін анықтайды.

аудиторлық дәлелдерді алу үшін жүгінеді. Аудитордың сарапшысы аудитордың ішкі сарапшысы (серіктес⁸ немесе қызметкер, оның ішінде уақытша қызметкерлер, аудиторлық фирманың немесе желілік фирманың мүшесі) немесе аудитордың сыртқы сарапшысы болуы мүмкін.

**Аудитор пікіріне баға беру немес аудитор ауқымы (Auditor's point estimate or auditor's range)*— Басшылықтың көзқарастық бағалауына баға беру үшін қолдану мақсатында аудиторлық дәлелдемелерден алынған сома немесе сомалар шегі.

**Аудитор ауқымы (Auditor's range)*—(*Аудитор пікіріне баға беру* терминін қараңыз)

Базалық жыл (Base year)— Ұйым шығарындыларын уақыт бойынша салыстыратын нақты жыл немесе бірнеше жылдың орташа шамасы.

**Іскерлік тәуекелдік (Business risk)*—Ұйымның мақсаттарға жету және стратегияларды орындау қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін елеулі жағдайлар, оқиғалар, жағдайлар, әрекеттер немесе әрекетсіздік нәтижесінде туындайтын немесе сәйкес емес мақсаттар мен стратегияларды белгілеу нәтижесінде пайда болатын тәуекел.

Квота саудасы мен шектеулер жүйесі (Cap and trade)—Шығындылардың жалпы шегін бекітетін, қатысушылар арасында шығындыларға рұқсатты бөлетін және оларға бір-бірімен шығындыларға рұқсат пен кредитті алмасуға мүмкіндік беретін жүйе.

Алын тастау әдісі (Carve-out method)— Қызмет көрсететін ұйымның қосалқы мердігер қызметтеріне қолданылатын әдіс, қызмет көрсететін ұйыммен дайындалған оның жүйе сипаттамасы қызмет көрсету ұйымының қосалқы мердігерімен көрсетілетін қызмет сипаты туралы ақпаратты қамтиды, қызмет көрсететін ұйым қосалқы мердігерін бақылау құралының сәйкес мақсаттары және қызмет көрсету ұйымы аудиторымен келісім көлемінен алынып тасталған оған қатысты бақылау құралдары туралы ақпаратты қоспайды. Қызмет көрсету ұйымымен оның жүйесін сипаттамасы және қызмет көрсететін ұйым аудиторы келісім көлемі қызмет көрсету ұйымының қосалқы мердігерін бақылау құралдары тиімділігін мониторингтеу үшін қолданылатын, қызмет көрсету ұйымымен қызмет көрсету ұйымының қосалқы мердігерін бақылау құралдарына қатысты сенімділік беретін қорытынды талдауын өткізуді қосатын қызмет көрсету ұйымының бақылау құралдарын қамтиды.

**Салыстырмалы қаржылық есептіліктер (Comparative financial statements)*— Өткен кезең сандық көрсеткіштері және басқа ашылып көрсетілетін ақпарат қазіргі кезең қаржылық есептілігіне салыстыру үшін енгізілген жағдайда салыстырмалы ақпарат болып табылады, бірақ осы мәліметтер мен ақпараттарға қатысты аудит жүргізілген болса, оларға аудиторлық ой-пікірде сілтеме

⁸ «Серіктес» пен «фирма» қажет болған жағдайда олардың мемлекеттік қоғамдық сектордағы баламаларына сілтеме ретінде оқылуы керек.

жасалынады. Аталған салыстырмалы қаржылық есептілікте көрсетілген ақпаратты талдап-тексеру деңгейі қазіргі кезең қаржылық есептіліктегі ақпаратты талдап-тексеру деңгейімен салыстырылады.

**Салыстырмалы ақпарат (Comparative information)*— Қолданбалы қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес бір немесе бірнеше кезеңдерге қатысты қаржылық есептілікке енгізілген сомалар мен ашып көрсетулер. СОКХС 3410 мәнмәтінінде салыстырмалы ақпарат бір немесе бірнеше алдыңғы кезеңдерге қатысты ЖЖГ шығарындысы туралы есепке енгізілген сомалар мен ашулар ретінде анықталады.

**Құрастыру келісімі (Compilation engagement)*— Тәжірибелі маман бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы білімін басшылыққа ұйым қаржылық ақпаратын қолданбалы қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес, сонымен қатар, осы ХАС-на сәйкес есептер дайындауға және ұсынуға көмектесі үшін қолданатын келісім.ІҚХС 4410 (қайта қарастырылған) стандартында «құрау», «құрастырмалы» және «құрастырылған» сөздері осы мәнмәтінде қолданылады.

**Пайдаланушы ұйымның қосымша бақылау құралдары (Complementary user entity controls)*—Қызмет көрсетуші ұйым пайдаланушы ұйымдармен оның қызметтерін әзірлеуде енгізіледі және де бақылау құралдарының мақсатына жету қажеттілігінде оның жүйесі сипаттамасына көрсетіледі деп жобаланатын бақылау құралдары.

**Сәйкестік құрылымы (Compliance framework)*—(Қолданбалы қаржылық есеп беру құрылымы және Жалпы мақсаттағы құрылым терминдерін қараңыз)

**Құрамдас (Component)*— Ұйым немесе іскерлік белсенді, топ немесе құрамдас басшылығы олар үшін топтың қаржылық есептілігіне қосылуы керек қаржылық ақпаратты дайындайды.

**Құрамдас аудитор (Component auditor)*— Топтық жоба бойынша топтың сұрауы бойынша топтық аудиттің құрамдас бөлігіне қатысты қаржылық ақпарат бойынша жұмыс жүргізетін аудитор.

**Құрамдас басшылық (Component management)*— Құрамдастың қаржылық ақпаратын дайындауға жауапты басшылық.

**Құрамдас үшін маңыздылық (Component materiality)*—Келісім тобымен анықталған құрамдас үшін маңыздылық.

**Аудиттің компьютерленген әдістері (Computer-assisted audit techniques)*— Аудиторлық рәсімдерді компьютерді аудит құралы ретінде пайдалана отырып қолдану (соынмен қатар, АҚӘ ретінде танымал).

**Бақылау әрекеттері (Control activities)*— Басшылық нұсқауларының орындалуын қамтамасыз етуге көмектесетін саясаттар мен рәсімдер. Бақылау әрекеттері ішкі бақылаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

**Бақылау ортасы (Control environment)*— Әкімшілік және топтық басқару функцияларын, топтық басқаруға жауап беретін басшылық пен тұлғалардың

ұйымның ішкі бақылау жүйесіне қатысы, олардың осы саладан хабардар болуы және сәйкес әрекеттері, және де ұйымның ішкі бақылау жүйесіне беретін мәні. Басқару ортасы ішкі бақылаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Бақылау міндеті (Control objective)—Бақылаудың белгілі бір аспектілерінің мақсаты немесе міндеті. Бақылау міндеттері бақылау азайтуы тиіс тәуекелдермен байланысты.

**Бақылау тәуекелдігі (Control risk)*—(Елеулі бұрмалану тәуекелдігі терминін қараңыз)

Қызмет көрсету ұйымдарындағы бақылау (Controls at the service organization)—Қызмет көрсету аудиторуның сенімділік орнату туралы есебінде қамтылған бақылау міндетіне қол жеткізуді бақылау.

Қосалқы мердігер ұйымдарындағы бақылау (Controls at a subservice organization)— Қызмет көрсету ұйымындағы бақылау міндетіне қол жеткізу туралы негізделген сенімділікті орнатуды қамтамасыз ететін бақылау.

Топтық басқару (Corporate governance)—(Басқару терминін қараңыз)

**Салыстырмалы көрсеткіштер (Corresponding figures)*— Алдыңғы кезеңдегі сандық көрсеткіштер мен басқа да ашып көрсетулер ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне оның ажырамас бөлігі болып қосылған және ағымдағы кезеңге қатысты («ағымдағы кезең көрсеткіштері» деп аталатын) сандық көрсеткіштерді қарастыру мен басқа да ашып көрсетулер болғандықтан қарастыруларға арналған жағдайда салыстырмалы ақпарат болып табылады. Ұсынылған сәйкес сандық көрсеткіштер мен ашып көрсетілетін ақпараттарды егжей-тегжейлі көрсету деңгейі ең алдымен ағымдағы кезең көрсеткіштерін қарастыру үшін олар қаншалықты маңызды екендігімен анықталады.

Өлшемшарт (Criteria)— Негізгі тақырыпты өлшеу немесе бағалау үшін қолданылатын эталондар. «Қолданбалы өлшемшарттар» нақты келісім үшін қолданылатын өлшемшарттар болып табылады.

**Қаржылық есептілікті бекіткен күн (Date of approval of the financial statements)*— Қаржылық есептілікке енетін барлық есептер, сонымен қатар, тиісті ескертулер дайындалған, және де мойындалған уәкілеттіктері бар тұлғалар осы қаржылық есептілік үшін жауапкершілікті өз мойындарына алғанын мәлімдеген күн.

† *(Сапаны бақылаумен байланысты) есенді шығару күні (Date of report (in relation to quality control))*— Есеп беру үшін тәжірибелі маман таңдаған күн.

**Аудитордың есеп беру күні (Date of the auditor's report)*—Аудитор ХАС 700 (Қайта қарастырылған)⁹ сәйкес қаржылық есептілік бойынша есепті белгілейтін күн.

⁹ ХАС 700 (Қайта қарастырылған). *Қаржылық Есептілік туралы Пікір және Есеп қалыптастыру*

**Қаржылық есептіліктер күні (Date of the financial statements)*— Қаржылық есептілікте қамтылған соңғы кезеңнің аяқталған күні.

**Қаржылық есептілік шығарылған күн (Date the financial statements are issued)*— Аудитордың есебі мен аудиттелген қаржылық есептілік үшінші тұлғаларға қол жетімді болатын күн.

**Ішкі бақылаудағы жетіспеушілік (Deficiency in internal control)*— келесідей жағдайларда орын алады:

- (a) Бақылау қаржылық есептіліктегі бұрмалануларды өз уақытында алдын-алу, анықтау және түзету мүмкін болмайтындай етіп құрастырылған, енгізілген және орындалған; немесе
- (b) Қаржылық есептіліктегі бұрмалануларды өз уақытында алдын-алу, анықтау және түзету үшін қажет бақылау орнатылмаған.

**Анықтай алмау тәуекелдігі (Detection risk)*— Аудиторлық тәуекелді қолайлы төменгі деңгейге дейін мақсатында аудитормен орындалған рәсімдер нәтижесінде жекеше түрде немесе басқа да бұрмаланулармен бірге елеулі болатын бар бұрмаланулардың анықталмау тәуекелі.

**Тікелей қатысу (Direct assistance)*— Ішкі аудиторларды сыртқы аудитордың басшылығымен, қадағалауымен және қарауымен аудиторлық рәсімдерді орындау үшін пайдалану.

**Элемент (Element)*— (*Қаржылық есептілік элементі* терминін қараңыз)

**Қаржылық есептілік элементі (ХАС 805(Қайта қарастырылған)¹⁰ мәнмәтінде) (Element of a financial statement (in the context of ISA 805(Revised))*— Қаржылық есептіліктің элементі, есептік жазбасы немесе тармағы.

Шығарындылар (Emissions)— Тиісті кезең ішінде атмосфераға шығарылған немесе уақытында сорғышпен жинап алынбағанда ауаға тарап кететін ЖЖГ. Шығарындыларды келесідей жіктеуге болады:

- Тікелей шығарындылар (1 категория шығарындылары ретінде белгілі), олар ұйымға тиесілі немесе оның бақылауына кіретін көздерден болатын шығарындылар болып табылады.
- Жанама шығарындылар, олар ұйым қызметінің салдары болып табылатын, бірақ басқа ұйым иелік ететін немесе бақылайтын көздерден болатын шығарындылар. Жанама шығарындыларды келесідей жіктеуге болады:
 - 2 категория шығарындылары, ұйыммен тасымалданатын және тұтынылатын энергиямен байланысты шығарындылар.

¹⁰ ХАС 805 (Қайта қарастырылған), *Арнайы қарастырулар— Жеке қаржылық есептіліктің аудиті және қаржылық есептіліктің арнайы элементтері, шоттарыбухгалтерлік есептері немесе тармақтары*

- 3 категория шығарындылары, барлық басқа жанама шығарындылар.

Шығарындыларды қысқарту (Emissions deduction)— Ұйымның ЖЖГ туралы мәлімдемесіне енгізілген, тіркелген шығарындылардың жалпы көлемінен алынып тасталатын, бірақ бірыңғай жағдай болып табылмайтын кезкелген элемент; ол әдетте сатып алынған өзара есеп айырысулардан тұрады, бірақ сонымен бірге ұйым құрамына кіретін реттеуші немесе басқа схемамен танылған несие мен сыйақылар сияқты басқа да құралдарды немесе тетіктерді қамтуы мүмкін.

Шығарындылар факторы (Emissions factor)— Қызметтің ЖЖГ санын бағалауда шамасын айналдыруға арналған математикалық фактор немесе пайыздық шама (мысалы, тұтынылған отын литрі, жүріп өткен километрлер, шаруашылықтағы жануарлар саны, немесе өндірілген өнім тоннасы).

Шығарындылар сауда сызбасы (Emissions trading scheme)— Жылыжай газдары шығарындыларын азайту мақсаттарында экономикалық ынталандыру арқылы парниктік газдарды бақылауға арналған нарыққа негізделген тәсіл.

**Маңызды тарауды ерекшелеу (Emphasis of Matter paragraph)*— Қаржылық есептілікте тиісті түрде ұсынылған немесе ашылған мәселеге қатысты аудитордың есебіне енгізілген тармақ, аудитордың пікірінше, пайдаланушылардың қаржылық есептілікті түсінуі үшін маңызды болып табылады.

Келісім жағдайлары (Engagement circumstances)— Нақты келісімді анықтайтын ауқымды мәнмәтін, оған мыналар кіреді: келісім шарттары; негізделген сенімділік орнату келісімі немесе шектеулі сенімділік орнату келісімі, негізгі тақырыптың сипаттамалары; өлшеу немесе бағалау өлшемшарттары; болжалды пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктері; жауапты тараптың, өлшеушінің немесе бағалаушының, сондай-ақ қатысушы тараптың және олардың қоршаған ортасының тиісті сипаттамалары; және басқа мәселелер, мысалы келісімге айтарлықтай әсер етуі мүмкін оқиғалар, транзакциялар, шарттар мен тәжірибелер.

†*Келісім құжаттамасы (Engagement documentation)*— Орындалған жұмыс туралы жазбалар, алынған нәтижелер және тәжірибелі маман жасаған қорытындылар (кейде «жұмыс құжаттары» немесе «жұмыс парақтары» сияқты терминдер қолданылады).

Келісім хаты (Engagement letter)— Хат түріндегі келісімнің жазбаша шарттары.

*†*Келісім серіктесі¹¹ (Engagement partner)*— Келісім мен оның орындалуы үшін және фирманың атынан шығарылған есеп үшін жауап беретін және қажет болған жағдайда кәсіби, заңгерлік немесе реттеуші органның тиісті өкілеттіктеріне ие серіктес немесе фирмадағы басқа тұлға. «Келісім серіктесі» қажет болған жағдайда оның қоғамдық сектордағы баламаларына сілтеме ретінде оқылуы керек.

¹¹ «Келісім серіктесі», «серіктес» және «фирма» оның қоғамдық сектордағы баламаларына сілтеме ретінде оқылуы керек.

*†*Келісім сапаны бақылауды шолу (Engagement quality control review)*— Жоба бойынша жұмыс істейтін топтың жасаған елеулі шешімдерін және олардың есептілікті құрастырғанда қол жеткізген қорытындыларын, есептілікті басып шығарғанға дейін, шыншыл бағалауды қамтамасыз етуге арналған жұмыс. Келісімді орындау сапа бақылауын шолу бағаланатын компаниялардың қаржылық есептілікті тексеруге, сондай-ақ керектік туған кезде фирма келісімді орындау сапасын бақылауын шолу үшін шешімін қабылдаған жағдайда басқа келісімдерге арналған.

*†*Келісім сапаны бақылау тексеруші (Engagement quality control reviewer)*— Аудиторлық топпен жасалған тұжырымдар мен қорытындыларды объективті бағалау үшін жеткілікті және тиісті тәжірибесі мен өкілеттігі бар серіктес, фирманың басқа қызметкері, тиісті біліктілігі бар үшінші тарап немесе аудиторлық топ құрамына кірмейтін тұлғалар тобы.

Келісім тәуекелдігі (Engagement risk) — Тәжірибелі маман тақырыпқа қатысты ақпарат елеулі түрде бұрмаланған кезде орынсыз қорытынды шығаруы мүмкін тәуекелі.

*†*Келісім тобы (Engagement team)*— Келісімді жүзеге асыратын барлық серіктестер мен қызметкерлер және келісім бойынша рәсімдерді орындайтын фирма немесе желілік фирмамен қабылданған кез келген жеке тұлғалар. Оған фирма немесе желілік фирма тартатын қабылдаған аудитордың сыртқы сарапшысы кірмейді. «Келісім тобы» термині сыртқы аудитор ХАС 610 (Қайта қарастырылған 2013)¹² талаптарына сәйкес болған кезде, аудиторлық келісімге тікелей көмек көрсететін клиенттің ішкі аудит функциясындағы тұлғаларды да қоспайды

*†*Келісім тобы (СОКХС 3000 (Қайта қарастырылған)¹³ мәнмәтінде) (Engagement team (in the context of ISAE 3000 (Revised))*— Келісімді жүзеге асыратын барлық серіктестер мен қызметкерлер және келісім бойынша рәсімдерді орындайтын фирма немесе желілік фирмамен қабылданған кез келген жеке тұлғалар. Оған фирма немесе желілік фирма қабылдаған тәжірибелі маман сыртқы сарапшысы кірмейді.

Тартылатын тарап (Engaging party)— Сенімділік орнату келісімін орындауға тәжірибелі маманды шақыратын тарап(тар).

Ұйым (СОКХС 3410 мәнмәтінде) (Entity (in the context of ISAE 3410))— ЖЖГ есебіндегі шығарындылар қатысты болып табылатын заңды тұлға, шаруашылық субъектісі немесе заңды немесе экономикалық ұйымның анықталатын бөлігі (мысалы, жеке зауыт немесе басқа нысандар, мысалы, жер учаскесі) немесе заңды

¹² ХАС 610 (Қайта қарастырылған 2013), *Ішкі Аудиторлар Қызметін Қолдану*, тікелей көмекті пайдалануға шектеу қояды. Сондай-ақ, сыртқы аудитордың ішкі аудиторлардан тікелей көмек алуына заңмен немесе нормативтік актілермен тиым салынуы мүмкін екенін мойындайды. Сондықтан тікелей көмектерді пайдалану рұқсат етілген жағдайлармен шектеледі.

¹³ СОКХС 3000 (Қайта қарастырылған), *Өткен кезеңдер Қаржылық Ақпараттарына Аудит жүргізу немесе Шолудан басқа Сенімділік орнату Келісімдері*

немесе басқа тұлғалардың немесе сол ұйымдардың бөліктерінің комбинациясы (мысалы, бірлескен кәсіпорын).

Ұйымның тәуекелдерін бағалау процесі (Entity's risk assessment process)— Қаржылық есептіліктің мақсаттарына байланысты іскери тәуекелдерді сәйкестендіру және осы тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шаралар туралы шешім қабылдау және оның нәтижелерін көрсететін ішкі бақылаудың құрамдас бөлігі.

Қоршаған ортаны қорғауға қатысты тәуекел (Environmental risk)— Кейбір жағдайларда жалпы аудит жоспарын әзірлеу кезінде туындайтын тәуекелді бағалауға байланысты факторлар қоршаған ортаға байланысты қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін қамтуы мүмкін.

Қателік (Error)— Қаржылық есептіліктегі кездейсоқ бұрмалаулар, оның ішінде соманың немесе ашылудың болмауы.

**Бағалау белгісіздігі (Estimation uncertainty)*— Бухгалтерлік бағалаудың және онымен байланысты ашып көрсетулердің оны өлшеу кезіндегі дәлдіктің болмауына бейімділігі.

Баға беру (Evaluate)— Белгілі бір мәселе бойынша нақты қорытындыға келу үшін, қосымша рәсімдерді орындауды қоса алғанда (қажет болған жағдайда), маңызды мәселелерді анықтау және талдау. «Бағалау» термині дәстүрлі түрде тек бірқатар мәселелерге қатысты қолданылады, соның ішінде дәлелдемелер, рәсімдер нәтижелері және басшылықпен анықталған тәуекелге байланысты қабылдаған шаралардың тиімділігі. (*Бағалау* терминін қараңыз)

Дәлелдеме (Evidence)— Тәжірибелі маманның тұжырымына келу кезінде қолданған ақпарат. Дәлелдемелер тиісті ақпараттық жүйелердегі ақпаратты, егер бар болса, және басқа да ақпаратты қамтиды. СОКХС мақсаттары үшін:

- (i) Дәлелдеменің жеткіліктігі – дәлелдемелер санының өлшемі.
- (ii) Дәлелдеменің сәйкестілігі – дәлелдемелер санының өлшемі.

**Айырмашылық (Exception)*— Растау талап етілетін немесе ұйым жазбаларында қамтылған ақпарат пен растайтын тарап ұсынған ақпарат арасындағы айырмашылықты көрсететін жауап.

**Тәжірибелі аудитор (Experienced auditor)*— Аудиторлық практикалық тәжірибесі мен келесі мәселелер жөнінде толықтай түсінігі бар адам (фирмада жұмыс істейтін немесе шақырылған):

- (a) Аудит процесстері;
- (b) Әрекет ететін ХАС стандарттары және заңнамалық және нормативті талаптар;
- (c) Ұйым жұмыс істейтін іскерлік ортасы; және
- (d) Аудит және қаржылық есептілік жөніндегі ұйымның индустриясына қатысы бар мәселелері.

**Сарапшы (Expert)*—(Аудитор сарапшысы және Басшылық сарапшысы терминдерін қараңыз)

**Сараптама (Expertise)*— Белгілі бір саладағы дағдылар, білім және тәжірибе.

**Сыртқы растау (External confirmation)*— Аудиторға үшінші тараптан (растайтын тарап) тікелей қағаз түрінде, электронды немесе басқа құрал арқылы жазбаша жауап ретінде алынған аудиторлық дәлелдер.

**Әділ ұсыну жүйесі (Fair presentation framework)*—(Қолданбалы қаржылық есеп беру жүйесі және Жалпы мақсаттағы жүйе терминдерін қараңыз)

**Қаржылық есенділік (Financial statements)*— Қаржылық есеп беру жүйесіне сәйкес ұйымның экономикалық ресурстарын немесе міндеттемелерін немесе уақыт кезеңіндегі өзгерістер туралы хабарлауға арналған тарихи қаржылық ақпараттың құрылымдық ұсынуы. «Қаржылық есептілік» термині әдетте қолданылатын қаржылық есептілік жүйесінің талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктің толық жиынтығын білдіреді, бірақ сонымен бірге бірыңғай қаржылық есептілікке сілтеме жасай алады. Ақпаратты ашып көрсету қаржылық есептіліктің, ескертулердің немесе оған сілтеме жасау арқылы қажет болған жағдайда, анық рұқсат етілген немесе басқа жолмен рұқсат етілген немесе түсіндірілген немесе сипатталған ақпаратты қамтиды.

*†*Фирма (Firm)*— Жеке кәсіпкер, серіктестік немесе корпорация немесе кәсіби бухгалтерлердің басқа ұйымы. «Фирма» қажет болған жағдайда оның қоғамдық сектордағы баламаларына сілтеме ретінде оқылуы керек.

Болжам (Forecast)— Болашақ оқиғалар туралы басшылықтың болжауы және басшылықтың ақпарат дайындалған сәттен басталуы мүмкін іс-шаралар туралы болжамдары негізінде дайындалған болжамды қаржылық ақпарат (ең жақсы бағалау жорамалдары).

**Алаяқтық (Fraud)*—Басшылықтың, басқаруға уәкілеттік берілгендердің, қызметкерлердің немесе үшінші тұлғалардың арасында бір немесе бірнеше тұлғаның әділетсіз немесе заңсыз артықшылықты алу үшін алдауды қолданумен жасалған қасақана әрекеті.

**Алаяқтық тәуекелдік факторлары (Fraud risk factors)*— Алаяқтық жасауға итермелейтін немесе қысым көрсететін немесе алаяқтық жасауға мүмкіндік беретін оқиғалар немесе жағдайлар.

Жалған қаржылық есеп беру (Fraudulent financial reporting)— Қаржылық есептіліктің пайдаланушыларын алдау үшін қасақана бұрмалауларға, оның ішінде қаржылық есептіліктегі сомалар мен ашып көрсетулерде қателіктер жіберіп, жол береді.

Қосымша рәсімдер (Further procedures)— Бақылау тестілері (егер бар болса), бөлшектер мен талдау рәсімдерін қоса алғанда, маңызды бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдеріне жауап ретінде рәсімдер.

АТ жүйесін жалпы бақылау (General IT controls)— Ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге көмектесетін көптеген қосымшаларға қатысты және қолданбалы басқару құралдарының тиімді жұмыс істеуін қолдайтын саясаттар мен рәсімдер. Жалпы АТ басқару элементтеріне әдетте келесілер кіреді: деректер орталығы мен желінің жұмысын басқару; бағдарламалық қамтамасыздандыруды алу, өзгерту және қызмет көрсету; қол жеткізу қауіпсіздігі; қолданбалы жүйені сатып алу, дамыту және техникалық қызмет көрсету.

**Жалпы мақсаттағы қаржылық есенділік (General purpose financial statements)*— Жалпы мақсаттағы тұжырымдамаға сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктер.

**Жалпы мақсаттағы жүйе (General purpose framework)*— Қолданушылардың кең ауқымының қаржылық ақпаратқа жалпы қажеттілігін қанағаттандыру үшін құрастырылған қаржылық есептілік жүйесі. Қаржылық есептілік негізі әділ ұсыну тұжырымдамасы немесе сәйкестік тұжырымдамасы болуы мүмкін.

«Әділ ұсыну жүйесі» термині тұжырымдаманың талаптарына сәйкес келуді талап ететін қаржылық есеп беру жүйесін белгілеу үшін қолданылады және:

- (a) Қаржылық есептіліктің әділ ұсынылуына қол жеткізу үшін басшылыққа нақты негізде талап етілетіндерден тыс ақпаратты ашып көрсету қажет болуы мүмкін екенін анық немесе жанама түрде мойындайды; немесе
- (b) Қаржылық есептіліктің әділ ұсынылуына қол жеткізу үшін басшылыққа жүйенің талаптарынан бас тарту қажет болуы мүмкін екенін нақты мойындайды. Мұндай өзгерістер өте сирек жағдайларда ғана қажет болуы мүмкін.

«Сәйкестік жүйесі» термині қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне сілтеме жасау үшін қолданылады, ол құрылымның талаптарын сақтауды талап етеді, бірақ жоғарыдағы (a) немесе (b) тармақтардағы растамаларды қамтымайды.¹⁴

ЖЖГ шығарындылары есебі (GHG statement)— Құрылымдық элементтері туралы және ұйымның ЖЖГ белгілі бір кезеңге шығарындыларын санайтын мәлімдеме (кейде шығарындылардың түгендеуі деп аталады) және қажет болған жағдайда маңызды сандық бағалау мен есеп саясатының қысқаша мазмұнын қамтитын салыстырмалы ақпарат пен түсіндірме жазбаларды құрайды. Ұйымның ЖЖГ туралы мәлімдемесінде шығарып тастау немесе шығарындылар санатталған тізім болуы мүмкін. Егер келісім барлық ЖЖГ мәлімдемесін қамтымаса, «ЖЖГ шығарындылары есебі» термині келісіммен қамтылған бөлік ретінде оқылуы керек. ЖЖГ туралы келісім - бұл келісімнің «пәндік маңызды ақпарат».¹⁵

¹⁴ ХАС 200, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеттері және Халықаралық Аудит Стандарттарына сәйкес Аудит жүргізу*, 13(а) тарауы

¹⁵ СОКХС 3000 (Қайта қарастырылған), 12(х) тарауы

Жылыжай газдары (ЖЖГ) Greenhouse gases (GHGs)— Көмірқышқыл газы (CO₂) және ЖЖГ шығарылымы есебіне қосылуға тиісті өлшемдер бойынша талап етілетін кез келген басқа газдар, мысалы: метан; азот оксиді; күкірт гексафториді; гидрофторлы көмірсутектер; перфтор көмірсутектер; және хлорофтор көміртектері. Көмірқышқыл газынан басқа газдар көбінесе көмірқышқыл газының эквиваленттерімен (CO₂-е) көрінеді.

**Басқару (Governance)*— Ұйымның стратегиялық бағытын және ұйымның есеп берушілігімен байланысты міндеттемелерді қадағалау үшін жауап беретін тұлғалардың (ұйымдардың) немесе ұйымдардың (тұлғалардың) рөлін сипаттайды.

**Топ (Group)*— Қаржылық ақпарат топтық қаржылық есептілікке енетін барлық құрамдастар. Топта әрқашан бірнеше құрамдастар болады.

**Топтық аудит (Group audit)*— Топтық қаржылық есептілік аудиті.

**Топтық аудит пікірі (Group audit opinion)*— Топтың қаржылық есептілігі туралы аудиторлық пікір.

**Топтық келісім серіктесі (Group engagement partner)*— Топтық аудит келісім мен оның нәтижелері үшін және фирма атынан шығарылатын топтың қаржылық есептілігі туралы аудиторлық есеп үшін жауап беретін серіктес немесе фирманың басқа тұлғасы. Бірлескен аудиторлар топтық аудитті өткізген кезде бірлескен келісім серіктестері және олардың келісім топтары бірлесіп топтық келісім серіктесін және топтың келісім тобын құрайды.

**Топтық келісім тобы (Group engagement team)*—Серіктестер, соның ішінде топтық келісім серіктесі, және топтық аудиттің жалпы стратегиясын құратын, құрамдас аудиторлармен байланысатын, шоғырландыру процесінде жұмыс жасайтын және топтың қаржылық жағдайы туралы пікір қалыптастырудың негізі ретінде аудиторлық дәлелдемелерден алынған қорытындыларды бағалайтын қызметкерлер.

**Топтық қаржылық есенділік (Group financial statements)*— Бірнеше құрамдастың қаржылық ақпаратын қамтитын қаржылық есептілік. «Топтық қаржылық есептілік» термині, иегер ұйымы жоқ, бірақ жалпы бақылауда тұрған құрамдас бөліктер дайындаған қаржылық ақпаратты біріктіретін біріктірілген қаржылық есептілікті де білдіреді.

**Топтық басшылық (Group management)*—Топтық қаржылық есептілікті дайындауға жауапты басшылық.

**Топ деңгейіндегі бақылау құралы (Group-wide controls)*— Топтық қаржылық есеп беру бойынша топ басшылығы әзірлеген, енгізетін және жүргізетін бақылау.

**Өткен кезең қаржылық ақпараты (Historical financial information)*— Белгілі бір ұйымға қатысты қаржылық тұрғыда негізінен осы ұйымның есепке алу жүйесінен алынған, өткен уақыт кезеңдеріндегі экономикалық оқиғалар немесе өткен кезеңдегі экономикалық жағдайлар немесе жағдайлар туралы ақпарат.

Инклюзивті әдіс (Inclusive method)—Қызмет көрсету ұйымының қосалқы мердігерінің қызметтеріне қолданылатын әдіс, мұнда қызмет көрсету ұйымы жүйесінің сипаттамасында оның қосалқы мердігері ұсынатын қызметтердің сипаты туралы ақпарат, сондай-ақ сонымен бірге енгізілген қызмет көрсету ұйымының аудиторы тағайындаған жұмыс ауқымына кіретін қызмет көрсету ұйымының қосалқы мердігерінің және ішкі бақылаудың тиісті мақсаттары туралы ақпараттар қамтылған.

Тәуелсіздік¹⁶ (Independence)—Өзіне қосады:

- (a) Ақылдың тәуелсіздігі – бұл жеке тұлғаға адалдық танытуға, объективтілік пен кәсіби скептицизмге жол беретін, кәсіби пікірге нұқсан келтіретін әсерге ұшырамай, пікір білдіруге мүмкіндік беретін ақыл-ой жағдайы.
- (b) Мінез-құлық тәуелсіздігі – маңызды ақпаратқа ие, ақылға қонымды пікірлерге негізделіп әрекет ететін және білімге ие үшінші тарап, дұрыс ойлана отырып, аудиторлық ұйыммен немесе аудиторлық топ мүшесімен адалдық, объективтілік және кәсіби скептицизм қағидаттарына нұқсан келтірілгендігі туралы қорытынды жасататын маңызды болып табылатын фактілер мен жағдайлардан аулақ болу (барлық сақтық шараларын қолданумен қоса).

Қаржылық есеп беруді дайындауға қатысты ақпараттық жүйелер (Information system relevant to financial reporting)— Қаржылық есептілік жүйесін қамтитын және ішкі активтерді, міндеттемелерді және меншікті капиталды есепке алу, есеп беру, өңдеу және есеп беру үшін құрылған рәсімдерден мен жазбалардан (жағдайлар мен шарттар) тұратын ішкі бақылау құрамдасы.

**Ажырамас тәуекелдік (Inherent risk)*—(Елеулі бұрмаланушылық тәуекелі терминін қараңыз)

**Бастапқы аудит келісімі (Initial audit engagement)*—Келесілерді қарастыратын келісім:

- (a) Өткен кезеңдегі қаржылық есептілікке аудит жүргізілмеген; немесе
- (b) Өткен кезеңдегі қаржылық есептілік алдыңғы аудитормен жүргізілді.

Сұраныс (Inquiry)— Сұраныс қаржылық немесе қаржылық емес, ұйымның ішінде немесе оның сыртындағы хабары бар тұлғалардан ақпарат іздеуден тұрады.

Сұраныс (ШКХС 2400 (Қайта қарастырылған) мәнмәнінде) (Inquiry) (in the context of ISRE 2400 (Revised))—Inquiry consists of seeking information of knowledgeable persons from within or outside the entity.

Тексеріс (аудит рәсімі ретінде) (Inspection (as an audit procedure))— Ішкі немесе сыртқы жазбаларды немесе құжаттарды қағаз түрінде, электронды түрде немесе басқа ақпарат құралдарында тексеру немесе активті физикалық тексеру.

¹⁶ БХӨСК-де Кәсіби Бухгалтерлер үшін Этика Кодексі ретінде анықталған

*†*Тексеріс (сапаны бақылауға қатысты) (Inspection (in relation to quality control))*— Аяқталған келісімдерге қатысты фирманың сапаны бақылау саясаты мен рәсімдеріне келісім топтарының сәйкестік дәлелдемелерін қамтамасыз етуге арналған рәсімдер.

Тағайындалған пайдаланушылар (Intended users)— Тәжірибелі маман сенімділік орнату есебін пайдаланады деп күтетін жеке тұлға (лар) немесе ұйым (дар) немесе топ (тар). Кейбір жағдайларда сенімділік орнату есебін жіберілгендерден басқа да пайдаланушылар болуы мүмкін.

Аралық қаржылық ақпарат немесе есептілік (Interim financial information or statements)— Қаржылық кезеңге қатысты аралық уақытта (әдетте жарты жылдық немесе тоқсан сайын) шығарылған қаржылық ақпарат (жоғарыда анықталғандай қаржылық есептіліктің толық жиынтығынан аз болуы мүмкін).

**Ішкі аудит қызметі (Internal audit function)*— Ұйымды басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің тиімділігін бағалау мен жақсартуға арналған сенімділікті орнату және кеңес беру қызметін жүзеге асыратын ұйымның қызметі.

Ішкі аудиторлар (Internal auditors)— Ішкі аудит қызметін жүзеге асыратын тұлғалар. Ішкі аудиторлар ішкі аудит бөліміне немесе оған теңестірілген қызметке кіруі мүмкін.

**Ішкі бақылау (Internal control)*— Қаржылық есептіліктің дұрыстығына, операциялардың тиімділігі мен нәтижелілігіне, қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес ұйымның мақсаттарына қол жеткізуге жеткілікті сенімділікті қамтамасыз ету үшін басқару, басшылық және басқа қызметкерлер жауапты адамдар әзірлеген, іске асыратын және жүргізетін процесс. «Бақылау» термині ішкі бақылаудың бір немесе бірнеше құрамдастарының кез келген аспектілерін білдіреді.

**Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттары (International Financial Reporting Standards)*— Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары.

Зерттеу (Investigate)— Аталған мәселелерді шешу үшін басқа рәсімдерді өткізуге байланысты туындайтын мәселерге қатысты сұраныс жіберу.

АЖ ортасы (IT environment)— Ұйым жүзеге асыратын саясаттар мен рәсімдер және іскерлік әрекеттерді және бизнес стратегияларды қолдау үшін қолданылатын АЖ инфрақұрылымы (аппараттық құралдар, операциялық жүйелер, т.б.) арнайы бағдарламалық қамтамасыздандырулар.

Аудиттің негізгі мәселелері (Key audit matters)— Ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігінің аудитінде аудитордың кәсіби пікірі бойынша маңызды болған мәселелер. Аудиттің негізгі мәселелері басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен байланысқан мәселелердің ішінен таңдалады.

Шектелген сенімділік (ШКХС 2400 (қайта қарастырылған)) Limited assurance (in the context of ISRE 2400 (Revised))— Шолудан туындаған тәуекел, келісім жағдайында қабылданатын деңгейге дейін төмендетілген кезде қол жеткізілген сенімділік деңгейі, осы ШКХС сәйкес қорытынды жасауға негіз ретінде сенімді ақпаратқа негізделген келісімге қарағанда жоғары. Дәлелдемелерді жинау рәсімдерінің сипаты, мерзімі және ауқымы тәжірибелі маманға өзіне сенімді деп санайтын сенімділік деңгейіне қол жеткізу үшін жеткілікті түрде жеткілікті. Маңызды болу үшін, ақпараттың дұрыстығын растау бойынша тәжірибелі маман қол жеткізген сенімділік деңгейі қаржылық есептілікте болжалды пайдаланушылардың сенімділігін арттыруы керек.

Шектелген сенімділік орнату келісімі (Limited assurance engagement)— *(Сенімділік орнату келісімі* терминін қараңыз)

*† *Бағаланатын ұйым (Listed entity)*— Акциялары, үлестік немесе борыштық құралдары танылған биржада немесе баға белгілеу тізіміне енгізілген немесе танылған биржаның немесе басқа ұқсас ұйымның ережелеріне сәйкес сатуға ұсынылатын ұйым.

* *Басшылық (Management)*— Ұйым операцияларын жүргізуге жауапты тұлға (тұлғалар). Кейбір құзреттер бойынша кейбір ұйымдар үшін басшылық басқару өкілеттігі бар адамдардың кейбіреуін немесе барлығын қосады, мысалы, басқару кеңесінің атқарушы мүшелері немесе меншік иесі-менеджер.

* *Басшылық ағам пікірі (Management bias)*— Ақпаратты дайындауда басшылықтың бейтараптығының болмауы.

* *Басшылық сарапшысы (Management's expert)*— Бухгалтерлік есеп немесе аудиттен басқа, белгілі бір салада білімі мен тәжірибесі бар, осы саладағы нәтижелерін ұйым өзінің қаржылық есептілігін дайындауда пайдаланатын тұлға немесе ұйым.

* *Басшылықтың нүктелік баға беруі (Management's point estimate)*— Бухгалтерлік бағалау ретінде қаржылық есептілікте тану немесе ашу үшін басшылық таңдаған сома.

Өлшеуші немесе баға беруші (Measurer or evaluator)— Өлшемшарттарды қолдана отырып, бағаланатын тақырыпқа сандық немесе сапалық баға беретін тарап. Сандық немесе сапалық бағалауды жүргізетін адам бағаланатын тақырып бойынша білікті болады.

Активтерді заңсыз иемдену (Misappropriation of assets)— Ұйым активтерін ұрлау, көбінесе қарапайым қызметкерлер салыстырмалы түрде аз және елеусіз көлемде жүзеге асырылады. Алайда, заңсыз иелік ету басшылықтың қатысуымен де жүзеге асырылуы мүмкін, олар көбінесе активтерді заңсыз иемденуді анықтау қиын болатын жолмен жасыруға қабілетті.

* *Бұрмалау (Misstatement)*— Есеп берілетін қаржылық есептіліктің сомасы, жіктелуі, ұсынылуы немесе ашылуы мен осы қаржылық есептіліктің

қолданыстағы тұжырымдамалық негізіне сәйкес талап етілетін сома, сыныптау, ұсыну немесе ашу арасындағы айырмашылық. Қате немесе алаяқтықтан туындайтын бұрмаланулар болуы мүмкін.

Егер аудитор қаржылық есептіліктің барлық маңызды аспектілерде, ұйымның ұстанымы туралы немесе оның шынайы және әділ ұсынылатындығына қатысты пікір білдірсе, бұрмалануларға сомаларға, жіктеулерге, тұсаукесерлерге немесе ашып көрсетулерге хабарланбаған түзетулер кіреді, аудитордың пікірі бойынша қаржылық есептілік барлық маңызды жағынан әділ ұсынылуы қажет.

СОКХС 3000 (қайта қарастырылған) мәнмәтінінде бұрмалану өлшемшарттарға сәйкес зерттеу тақырыбы туралы ақпарат пен тиісті тақырыпты өлшеу немесе бағалау арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Бұрмаланулар қасақана немесе байқаусызда, сапалық немесе сандық сипатта болуы мүмкін және қателіктерді қамтуы мүмкін

ІҚХС 4410 (қайта қарастырылған) сәйкес бұрмалаушылық қаржылық ақпараттың сомасы, жіктелуі, ұсынылуы немесе ашылуы мен қаржылық есептіліктің тиісті құрылымында талап етілетін баптың мөлшері, жіктелуі, ұсынылуы немесе ашылуы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Бұрмалау алаяқтық немесе қателікке байланысты болуы мүмкін.

Егер қаржылық ақпарат әділ ұсыну жүйесіне сәйкес дайындалған болса, бұрмалауларға сонымен қатар тәжірибелі маманның пікірі бойынша қаржылық ақпараттың барлық материалдық жағынан әділетті түрде ұсынылуы үшін немесе шынайы және әділ көзқарас беру үшін қажет болатын сомалар, жіктеу, ұсыну немесе ашулар түзетулері де кіреді.

Деректердің бұрмалануы (басқа ақпаратқа қатысты) (СОКХС 3000 (қайта қарастырылған) мәнмәтінінде) (Misstatement of fact (with respect to other information) (in the context of ISAE 3000 (Revised)))— Дұрыс ұсынылмаған сенімділік орнату бойынша есепте немесе негізделген тақырып ақпаратында пайда болған мәселелерге қатысы жоқ басқа ақпарат. Деректің елеулі бұрмалануы негізделген тақырып ақпараты бар құжаттың сенімділігіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Басқа ақпараттың бұрмалануы (Misstatement of the other information)— Басқа ақпараттың бұрмалануы басқа ақпарат дұрыс көрсетілмегенде немесе басқа жолмен бұрмаланған кезде пайда болады (оның ішінде басқа ақпаратта ашылған мәселені дұрыс түсіну үшін қажет ақпаратты қоспайды немесе жасырады).

* *Жемілдірілген пікір (Modified opinion)*— Білікті пікір, қолайсыз пікір немесе қаржылық есептілік туралы пікірден бас тарту.

*† *Мониторинг (сапаны бақылауға сәйкес) (Monitoring (in relation to quality control))*— Фирманың сапаны бақылау жүйесін ескеру және бағалауға, оның ішінде істелген келісімдерді іріктеп тексеруге, сапаны бақылау жүйесі тиімді жұмыс істейтін жөніндегі ақпараттың дұрыстығын қисынды растауға арналған процесс.

Бақылау мониторингі (Monitoring of controls)— Ішкі бақылау тиімділігін уақыт аралығында бағалауға арналған үдеріс. Оның ішінде әрлендірме және өз уақытында бақылау жұмысы, сондай-ақ жағдайдағы өзгерістер үшін жетілдірілген түзету шараларын қолдану. Мониторинг ішкі бақылау құрамдас бөлімі болып табылады.

* *Теріс растауға сұраныс (Negative confirmation request)*— Растайтын тарап сұрауда ұсынылған ақпаратпен келіспеген жағдайда ғана растайтын тараптың аудиторға тікелей жауап беруі туралы сұраныс.

*† *Желі (Network)*— Үлкен құрылым:

- (a) Бірлесіп қызмет етуге мақсат қою, және
- (b) Пайда немесе шығынды бөлісіге нақты мақсат қойған немесе ортақ бақылауды немесе басшылықты, ортақ сапаны бақылау саясатын және процедуралар ортақ бизнес стратегиясын, ортақ брэнд-атаудың қолданысы, немесе ресурстардың үлкен бөлігін бөлісетін үлкен құрылым.

*† *Желілік фирма (Network firm)*— Желіге тиесілі фирма немесе ұйым.

* *Сәйкессіздік (ХАС 250¹⁷ мәнмәтінде) (Non-compliance) (in the context of ISA 250)*— Мәліметтерді жіберуге немесе міндеттемелерді қабылдауға байланысты және қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерге қайшы келетін ұйымның қасақана немесе абайсыз әрекеттері. Бұл әрекеттерге ұйымның атынан немесе оның атынан немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалар, ұйымның басшылығы немесе қызметкерлері жасалған операциялар кіреді. Ұйымның басшылығы, басшылығы немесе қызметкерлері уәкілеттік берілген адамдар жасаған жеке заңсыздық (ұйыммен байланысты емес) ұйымның ережелерін сақтамау болып саналмайды.

* *Жауап бермеу (Non-response)*— Оң растау жауабы үшін растайтын тараптың жауабының немесе толық жауабының сәтсіздігі, немесе растау жауабының жеткізілмеуі.

* *Іріктеуге жатпайтын тәуекелдік (Non-sampling risk)*— Таңдау тәуекелдігімен байланысты емес себептер бойынша аудитордың қате қорытындыға келу тәуекелі.

Қадағалау (Observation)— Басқа тұлғалар орындайтын үдерісті немесе шараларды бақылау; мысалға, аудитор ұйым қызметшілерінің тауар-материалдық қорларды санап жатқанын немесе аудиторлық іздер қалдырмайтын ішкі бақылау шараларын бақылай алады.

* *Бастапқы баланс (Opening balances)*— Кезең басындағы шоттар бойынша қалдықтар. Бастапқы баланс өткен кезеңнің соңғы балансына негізделері де өткен кезеңде қолданылған өткен кезең мен есеп саясаты операцияларының

¹⁷ ХАС 250, *Қаржылық Есептілік Аудитінде Заңдар мен Ережелерді Қарастыру*

ықпалын көрсетеді. Бастапқы сальдолар кезең басындағы ашылымдар, олардың ішінде шартты деректері және міндеттемелерін талап ететін мәліметтерді қамтиді.

Ұйымдық шекара (Organizational boundary)— Ұйымның ЖЖГ шығарындылары туралы есебіне қандай іс-шаралар кіретінін анықтайтын шекара.

**Басқа ақпарат (Other information)*— Ұйымның жылдық есебіне енгізілген қаржылық немесе қаржылық емес ақпарат (қаржылық есептіліктен және аудиторлық есептен басқа).

Басқа ақпарат (СОКХС 3000 (Қайта қарастырылған) мәнмәтінінде) (Other information (in the context of ISAE 3000 (Revised))) — Заңнамамен, нормативтік актілермен немесе дәстүрге сәйкес тақырыптық ақпарат туралы құжатта және ондағы сенімділік туралы есепте қамтылған ақпарат (тақырып тақырыбы туралы ақпарат және олардағы сенімділік орнату бойынша есепті қоспағанда).

**Басқа елеулі тарау (Other Matter paragraph)*— Аудитордың есебіне енгізілген тарау, қаржылық есептілікте ашып көрсетілмеген немесе ұсынылмаған, бірақ, аудитордың пікірі бойынша аудит процесстері мен нәтижелерін, аудитордың міндеттерін немесе аудиторлық қорытынды мазмұнын пайдаланушылардың түсінуі үшін маңызды болып табылады.

* *Бухгалтерлік баға беру нәтижесі (Outcome of an accounting estimate)*— Бухгалтерлік баға беруді есептеу кезінде ескерілген негізгі операциялардың, оқиғалардың немесе жағдайлардың нәтижелерінен есептелген нақты ақшалай құн.

Аудиттің жалпы стратегиясы (Overall audit strategy)— Аудиттің көлемін, мерзімі мен бағытын анықтайды және егжей-тегжейлі аудит жоспарын жасауға нұсқаулық береді.

*†*Серіктес (Partner)*— Аудиторлық ұйымға кәсіби қызметтер көрсету бойынша міндеттер жүктеуге құқығы бар кез келген жеке тұлға.

**Өнімділіктің маңыздылығы (Performance materiality)*— Аудитормен белгілеген тұтастай алғанда қаржылық есептілік үшін маңыздылығы аз шама немесе шамалар, бұл түзетілмеген және анықталмаған бұрмалаулардың жиынтық мөлшері тұтастай алғанда қаржылық есептіліктің маңыздылығынан асып кету ықтималдығын қолайлы мөлшерге дейін түсіру үшін жасалады. Кейбір жағдайларда аудиторлық рәсімдерді жүргізудің маңыздылығы, сонымен қатар, белгілі мөлшерде немесе транзакциялар, шоттардағы қалдықтар немесе ашулар үшін маңыздылық деңгейінен немесе аудитор белгілеген мөлшерден төмен болуы керек. СОКХС 3410 мәнмәтінінде аудиторлық рәсімдердің маңыздылығы тәжірибелі маманның ЖЖГ шығарындылары туралы есеп берудің маңыздылық шегінен төмен мөлшерде белгілеген сомасы немесе мөлшері, түзетілмеген және анықталмаған бұрмаланулардың жиынтық мөлшері ЖЖГ шығарындылары туралы есеп берудің маңыздылығынан асып кету ықтималдығын мүмкін төмен деңгейге дейін азайту үшін қажет. Қажет болған жағдайда, рәсімдерді жүргізудің маңыздылығы сонымен бірге тәжірибелі маманмен бекітілген шығарындылардың белгілі бір түрлері және ақпаратты ашып көрсету үшін маңыздылық шегінен немесе шектерінен төмен мөлшердегі шама немесе шамалар.

*†*Қызметкерлер (Personnel)*—Серіктестер мен қызметкерлер.

**Кеңінен таралған (Pervasive)*— Бұрмаланулардың қаржылық есептілікке әсерін немесе қаржылық есептілікке тиісті аудиторлық дәлелдерді алу мүмкін еместігіне байланысты анықталмаған бұрмаланулардың қаржылық есептілігіне ықтимал әсерін сипаттайтын термин. Қаржылық есептілікке кеңінен таралған әсер дегеніміз, аудитордың пікірінше:

- (a) Қаржылық есептің нақты элементтерімен, шоттарымен немесе баптарымен шектелмейді;
- (b) Егер әсер белгілі бір элементтермен шектелген болса, қаржылық есептіліктің маңызды бөлігіне әсер етеді немесе әсер етуі мүмкін; or
- (c) Пайдаланушылардың қаржылық есептілікті ақпаратты ашып көрсету тұрғысынан түсінуі үшін маңызды болып табылады.

**Негізгі жиынтық (Population)*— Үлгі таңдалған және аудитор қорытынды жасағысы келетін мәліметтердің бүкіл жиынтығы.

* *Оң растауға сұраныс (Positive confirmation request)*— Растаушы тарап тікелей аудиторға жіберетін жауап және онда сұраныста көрсетілген ақпаратпен келіседі немесе келіспейді немесе сұратылған ақпаратты ұсынатын сұраныс.

Тәжірибелі маман (Practitioner)— Қоғамдық тәжірибедегі кәсіби бухгалтер.

Тәжірибелі маман (СОКХС 3000 (Қайта қарастырылған) мәнмәтінінде) (Practitioner (in the context of ISAE 3000 (Revised)))— Келісімді жүзеге асыратын тұлға немесе тұлғалар (әдетте келісім серіктесі немесе келісім тобының басқа мүшелері немесе, қажет болған жағдайда, фирма). Егер СОКХС бойынша серіктес нақты талапты немесе міндеттемені орындауы керек деп нақты белгілесе, онда «тәжірибеші маман» терминінің орнына «келісім серіктесі» деген термин қолданылады.

Тәжірибелі маман (ШКХС 2400 (қайта қарастырылған) мәнмәтінінде) (Practitioner (in the context of ISRE 2400 (Revised)))— Қоғамдық тәжірибедегі кәсіпқой бухгалтер. Бұл термин келісім серіктесіне немесе келісім тобының басқа мүшелеріне немесе қажет болған жағдайда фирманы қосады. Егер ШКХС 2400 (қайта қарастырылған) келісім серіктесі нақты талапты немесе міндеттемені орындауы керек деп нақты белгілесе, онда «тәжірибеші маман» терминінің орнына «келісім серіктесі» деген термин қолданылады. Қажет болған жағдайда, «келісімге серіктесі», «серіктес» және «фирма» терминдерін қоғамдық сектордағы баламалары деп түсіну керек.

Тәжірибелі маман (ІҚХС 4410 (қайта қарастырылған) мәнмәтінінде) (Practitioner (in the context of ISRS 4410 (Revised)))— Құрастыру келісімін орындайтын қоғамдық тәжірибедегі кәсіпқой бухгалтер. Бұл термин келісім серіктесіне немесе келісім тобының басқа мүшелеріне немесе қажет болған жағдайда фирманы қосады. Егер ІҚХС 4410 (қайта қарастырылған) келісім серіктесі нақты талапты немесе міндеттемені орындауы керек деп нақты

белгілесе, онда «тәжірибеші маман» терминінің орнына «келісім серіктесі» деген термин қолданылады. Қажет болған жағдайда, «келісімге серіктесі», «серіктес» және «фирма» терминдерін қоғамдық сектордағы баламалары деп түсіну керек.

Тәжірибеші маман сарапшысы (Practitioner's expert)— Сенімділіктен басқа, белгілі бір салада білімі мен тәжірибесі бар адам немесе ұйым, осы саладағы жұмысы тәжірибешіге жеткілікті дәлелдемелер алуға көмектеседі. Тәжірибеші маманның ішкі сарапшысы (серіктес немесе қызметкер, оның ішінде уақытша қызметкер, практиктің аудиторлық фирмасы немесе желілік ұйым) немесе тәжірибеші маманның сыртқы сарапшысы бола алады.

**Аудиттің алғышарттары (Preconditions for an audit)*— Басшылықтың қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолайлы қаржылық есептілік жүйесін және басшылықтың келісін, реті келсе, басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың, олардың аудит жүргізіліп жатқан негізгі жауапкершілігін болжай отырып¹⁸, келісін қолдануы.

**Алдыңғы аудитор (Predecessor auditor)*— Ұйымның алдыңғы кезеңдегі қаржылық есебін тексерген және қазіргі аудитормен алмастырылған басқа аудиторлық ұйымның аудитору.

* *Аудитті жүргізумен байланысты басшылыққа лауазымды басқарушылықтың міндеттемелерімен қатысы бар шарт (Premise, relating to the responsibilities of management and, where appropriate, those charged with governance, on which an audit is conducted)*— ХАС стандарттарға сәйкес аудитті жүргізу үшін келесі міндеттемелері бар басшылықтың және лауазымды тұлғалардың түсіністігі және растауы. Келесідей жауапкершіліктер:

- (a) Қолданбалы қаржылық есеп беру жүйесіне сәйкес қаржылық есептілікті дайындауға арналған, сонымен қатар оның әділ ұсынуын қоса алғанда;
- (b) Ішкі бақылау үшін, оның ішінде ұйымның басқарушылығына үшін және керектік туған кезде басшылыққа лауазымды адамдар елеулі бұрмалаулардан бос қаржылық есеп беруін дайындауға рұқсат беру қажеттігі бойынша шешім қабылдайды; және
- (c) Аудит келсілермен жүргізу:
 - (i) Басқарушылық және қажеттік жағдайында басшылыққа лауазымды адамдар білетін қаржылық есеп беруін дайындаумен байланысты барлық мәліметтерге, оның ішінде құжаттамаға, жазбаларға, басқа мәліметтерге алатын рұқсат;
 - (ii) Аудит мақсатында басшылықтан және керектік туған жағдайда басшылыққа лауазымға тұлғалардан сұралатын қосымша мәліметтер; және

¹⁸ ХАС 200, 13 тарау

- (iii) Аудиторлық дәлелдер алу үшін аудитор анықтаған ұйымның қажетті адамдарына шексіз алатын рұқсат.

Әділ ұсыну жүйесі болған жағдайда (а) пункті «қаржылық есеп беру жүйесіне сәйкес қаржылық есептілікті әділ ұсыну және әзірлеу үшін» немесе «қаржылық есеп беру жүйесіне сәйкес *әділ және адал көзқарас беретін* қаржылық есептілікті әзірлеу үшін» терминдеріне ауыстыруы мүмкін.

«Аудитті жүргізумен байланысты басшылыққа лауызымды басқарушылықтың міндеттемелерімен қатысы бар шарт» тағы «шарт» деген терминге ауыстыруы мүмкін.

Проформа үшін түзетулер (Pro forma adjustments)— Реттелмеген қаржылық ақпаратқа қатысты, бұл мыналарды қамтиды:

- (а) Елеулі оқиға немесе операциялар («оқиға» немесе «операция») әсерін суреттейтін осы оқиға орын алғанда немесе операциялар осы суреттеменің мақсатына таңдалған күннен ертерек орындалғанда реттелмеген қаржылық ақпараттарды түзету; және
- (б) Есеп беруші ұйымның («ұйым») қолданбалы қаржылық есептілік жүйесімен және оның жүйедегі есеп саясаты негізінде құрылатын қаржылық ақпаратты ретке келтіру үшін реттелмеген қаржылық ақпаратты түзету қажет.

Проформа түзетулер сатып алынған немесе сатып алынатын («сатып алу») немесе жойылған немесе жойылатын («жою») бизнес туралы қатысты қаржылық ақпаратты қосады, мұндай ақпарат қаржылық ақпараттың проформасын құруда қолданылады («қаржылық ақпаратты алу немесе жою»).

Қаржылық ақпарат проформасы (Pro forma financial information)— Қаржылық ақпарат Іс-шара болған немесе операция астарлы мақсаттары үшін таңдалған ертерек күніндегі қолға, егер қандай да бір түзетулерсіз қаржылық ақпарат оқиға немесе операция әсерін суреттейді түзетулердің бірге көрсетілген. Бұл СОКХС, ол Проформа қаражаттық ақпарат (а) қандай да бір түзетулерсіз қаржылық ақпараттың тұратын бағаналы форматында ұсынылған деп саналады; (б) проформа түзетулер; және (с), проформа бағана нәтижесі.

*Кәсіби бухгалтер*¹⁹ (*Professional accountant*)— ХБФ-на кіретін ұйым мүшесі болып табылатын жеке тұлға.

*Жария секторда жұмыс жасайтын кәсіби бухгалтер*²⁰ (*Professional accountant in public practice*)— Қызмет көрсету біліктілігіне байланысы жоқ (мысалы: аудит, салық, консалтинг) кәсіптік қызмет көрсететін фирмада жұмыс істейтін кәсіби бухгалтер. Бұл термин сонымен қатар қоғамдық секторда жұмыс істейтін кәсіби бухгалтерлердің фирмасын көрсету үшін қолданады.

¹⁹ БХӘСК-де *Кәсіби Бухгалтерлер үшін Әдеп Кодексі* ретінде анықталған

²⁰ БХӘСК-де *Кәсіби Бухгалтерлер үшін Әдеп Кодексі* ретінде анықталған

* *Кәсіби пайым (Professional judgment)*— Аудит жөніндегі тиесілі шаралар бағдарын қабылдау бойынша мәлімделген шешімді қабылдау барысында аудит, бухгалтерия, әдептік стандарттар бойынша тиісті тренингті жүргізу, біліктілік және тәжірибе пайдалану.

Кәсіби пайым (СОКХС 3000 (Қайта қарастырылған) (Professional judgment (in the context of ISAE 3000 (Revised)))— Келісімнің жағдайларға лайықты іс-қимыл курстар туралы шешім қабылдау кезінде, қамтамасыз ету және этикалық нормаларды көзделген шеңберінде тиісті оқыту, білім мен тәжірибені қолдану.

Кәсіби пайым (ШКХС 2400 (Қайта қарастырылған) мәнмәтінінде) (Professional judgment (in the context of ISRE 2400 (Revised)))— Шолу келісімі жағдайларға лайықты іс-қимыл курстар туралы шешім қабылдау кезінде, ақпараттың дұрыстығын растау бойынша, бухгалтерлік есеп және этикалық нормаларды көзделген шеңберінде тиісті оқыту, білім мен тәжірибені қолдану.

**Кәсіби скептицизм (Professional skepticism)* — Мүмкін қателік салдарынан ықтимал бұрмалауларды немесе алаяқтық және дәлелдерді сынап бағалауларды көрсететін жағдайларға дайын сұраулы ой-пікірін қамтитын мінез-құлық.

Кәсіби скептицизм (СОКХС 3000 (Қайта қарастырылған) мәнмәтінінде) (Professional skepticism (in the context of ISAE 3000 (Revised)))— Ықтимал бұрмалауларды және дәлелдерді сынап бағалауларды айқындалуы мүмкін жағдайларға сергек болу, сұраулы ой-пікірін қамтитын мінез-құлық.

**Кәсіби стандарттар (Professional standards)*— Халықаралық Аудит Стандарттары (ХАСС) және тиісті әдептік талаптар.

† *Кәсіби стандарттар (СБХС 1²¹ мәнмәтініндегі) (Professional standards (in the context of ISQC 1))*— ХАКСБ Келісім стандарттары, ХАКСБ-ның *Халықаралық сана бақылауына, аудитке, шолуға, басқа сенімділік орнатугерге, және ілеспе қызметтер мәлімдемелеріне алғы сөзінде* анықталған, және қатысты этикалық талаптар.

Болашағы бар болуды бағалау (Projection)— Болашағы бар қаржылық жоспарлау:

- (a) Болашақ оқиғалар мен басшылық істерінің мүмкін болатын болжамы, ол оқиғаларға болашақта орын болмауы да мүмкін, мысалға кейбір ұйымдар ұйымдық деңгейде болғанда немесе қызмет түріне елеулі өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастырғанда; немесе
- (b) Нақты бағалау мен тұжырымдамалар қосындысы.

Болашақ қаржылық мәлімет (Prospective financial information)— Болашақ оқиғаларға және соған байланысты ұйымның болатын әрекетіне сәйкес қаржылық мәлімет. Болашақ қаржылық мәлімет болжам, болашақ бағалау немесе олардың

²¹ СБХС 1, *Қаржылық есептілікке аудит жүргізу және шолу жасау, және де сенімділік орнату және ілеспе қызметтер туралы келісімдерді жүзеге асыратын фирмалар үшін санын бақылау*

үйлесімі түрінде бола алады. (*Болжам мен Болашағы бар болуды бағалау* терминдерді қараңыз).

Проспекттер (Prospectus)— Үшінші тараптың инвестициялық шешім қабылдауға тиіс деп ниеттелген бойынша ұйымның бағалы қағаздарға қатысты заңды немесе нормативтік талаптарға сәйкес берілген құжат.

Қоғамдық сектор (Public sector)— Ұлттық жергілікті (мысалы, әкімшілік-аумақтық бірліктер), жергілікті (мысалы, қалалық, аудандық) басқару органдары және басқа да қоғамдық ұйымдар (мысалы, агенттіктер, қоғамдар, басқармалар мен кәсіпорындар).

Жарияланған қаржылық ақпарат (Published financial information)— Ұйымның немесе сатып алынған немесе жойылған кәсіпорынның жалпыға қол жетімді қаржылық ақпараты.

Сатып алынған офсеттер (Purchased offset)— Ұйым гипотетикалық бастапқы деңгеймен салыстырғанда басқа ұйымның шығарындылары (шығарындыларын қысқарту) немесе басқа ұйымның абсорбциясын ұлғайту (жою жақсартулары), төмендету үшін төлейді, онда шығарындылар шегеру.

Сандық (Quantification)— Атап көздерден (немесе раковиналардың) шығаратын (немесе жойылған) ретінде, тікелей немесе жанама, ұйымға қатысты ЖЖГ мөлшерін анықтау процесі.

*† *Сапалы сенімділік орнату (аудит бойынша келісім мәнмәтініндегі) (Reasonable assurance (in the context of audit engagements, and in quality control))*— жоғары, бірақ даусыз емес сенімділік деңгейі.

Сапалы сенімділік орнату келісім (Reasonable assurance engagement)— (*Сенімділік орнату келісім терминін қараңыз*)

Қайта сынау (Recalculation)— Құжаттардың немесе жазбалардың математикалық дұрыстығын тексеруден тұрады.

* *Байланысы бар тараптар (Related party)*— келесілер болып табылатын тараптар:

- (a) Қолданбалы қаржылық есеп беру жүйесінде анықталған байланысы бар тарап болса; немесе
- (b) Қолданбалы қаржылық есеп беру жүйесі байланысты тараптар тұрғысынан ең төменгі талаптарды белгілесе немесе мұндай талаптарды мүлдем орнатпаса:
 - (i) Есеп беруші ұйымға бір немесе бірнеше делдал арқылы тікелей немесе жанама түрде бақылау немесе елеулі ықпал ететін тұлға немесе басқа ұйыммен;
 - (ii) Есеп беруші ұйым бір немесе бірнеше делдалдар арқылы тікелей немесе жанама түрде бақылауға немесе елеулі ықпалға ие болатын басқа ұйыммен; немесе

(iii) Келесілер арқылы есеп беруші ұйыммен ортақ бақылауда болатын басқа ұйыммен:

- а. Ортақ бақылайтын меншік иелері;
- ә. Жақын туыстар болып табылатын меншік иелері; немесе
- б. Ортақ негізгі басқару қызметкерлері.

Алайда, мемлекеттің жалпы бақылауындағы ұйымдар (мысалы, ұлттық, аймақтық немесе жергілікті басқару), егер олар бір-бірімен маңызды мәмілелер жасамаса немесе едәуір ресурстар бөліспесе, өзара байланысты болып саналмайды.

Лесне қызметтер (Related services)— Келісілген рәсімдер мен мәліметті дайындау.

*† *Tuicmi әдеп талаптары (Relevant ethical requirements)*— келісім тобы мен келісім сапаны бақылау шолушы бағынатын әдеп талаптары, ол өзіне әдетте Бухгалтерлерге арналған Халықаралық Әдеп Стандарттары Кеңесінің *Кәсіби Бухгалтерлер үшін Әдеп Кодексінің* (БХӘСК Кодексі) А және В Бөлімдері мен қаталырақ болып келетін ұлттық талаптарды қосады. ШКХС 2400 (Қайта қарастырылған) мәнмәтінінде сәйкес әдеп талаптары келісім тобы шолу келісімдерін орындауда бағынатын әдеп талаптары болып табылады. Бұл талаптар әдетте өзіне Бухгалтерлерге арналған Халықаралық Әдеп Стандарттары Кеңесінің *Кәсіби Бухгалтерлер үшін Әдеп Кодексінің* (БХӘСК Кодексі) А және В Бөлімдері мен қаталырақ болып келетін ұлттық талаптарды қосады.

ІҚХС 4410 (Қайта қарастырылған) мәнмәтінінде сәйкес әдеп талаптары келісім тобы құрастыру келісімдерін орындауда бағынатын әдеп талаптары болып табылады. Бұл талаптар әдетте өзіне Бухгалтерлерге арналған Халықаралық Әдеп Стандарттары Кеңесінің *Кәсіби Бухгалтерлер үшін Әдеп Кодексінің* (БХӘСК Кодексі) А және В Бөлімдері (В Бөліміндегі 290 Бөліктерін, *Тәуелсіздік – Аудит және Шолу Келісімдері*, және 291 Бөліктерін, *Тәуелсіздік – Басқа Сенімділік Орнату Келісімі*, қоспағанда) мен қаталырақ болып келетін ұлттық талаптарды қосады.

Сорып алу (Removal)— Белгілі бір кезең ішінде Ұйым атмосферадан сорып алған немесе олар алынып жұтқышқа жіберілмесе атмосфераға тарап кететін ЖЖГ.

Қайтадан орындау (Reperformance)— Алдын ала ұйымның ішкі басқаруының бөлігі ретінде орындалған шараларды аудитормен тәуелсіз түрде орындау.

* *Қызмет көрсету ұйымындағы бақылаудың сипаттамасы мен құрылымы бойынша есеп (402 ХАС-та²² есептің 1 түрі ретінде сілтеме жасалды) (Report on the description and design of controls at a service organization (referred to in ISA 402 as a type 1 report))*— Келесілерді қамтитын есеп:

²² ХАС 402, *Қызмет көрсету ұйымын пайдаланатын ұйымға қатысты аудит қарастырылымдары*

- (a) Қызмет көрсетуші ұйымның басшылығы дайындаған ұйымның жүйесі, бақылау мақсаттары, белгілі бір уақытқа сәйкес әзірленген және орындалғанына байланысты бақылаудың сипаттамасы жайлы аудитордың пікірі; және
- (b) Қызметті ұйымдастыру жүйесі, бақылау мақсаттары, бақылау, белгілі бір бақылау мақсаттарына жетуді әзірлеу сәйкестігінің сипаттамасы бойынша қызмет көрсетуші аудитордың пікіріне қарайтын барабар кепілдемені қамтамасыз ету мақсаты бар аудитордың есептемесі.

Қызмет көрсету ұйымындағы бақылаудың сипаттамасы мен құрылымы бойынша есеп (СОКХС 3402²³ есептің 1 түрі ретінде сілтеме жасалды) (СОКХС 3402 мәнмәтінде) (Report on the description and design of controls at a service organization (referred to in ISAE 3402 as a “type 1 report”)(in the context of ISAE 3402))— Келесілерді қамтитын есеп:

- (a) Қызмет көрсету ұйымының өз жүйесін сипаттауы;
- (b) Қызмет көрсететін ұйымның барлық материалдық тұрғыдан және сәйкес өлшемшарттарға негізделген жазбаша мәлімдемесі:
 - (i) Сипаттама көрсетілген уақытта әзірленген және енгізілген қызмет көрсету ұйымының жүйесін әділ ұсынады;
 - (ii) Ұйымның сипаттамасында көрсетілген ішкі бақылау мақсаттарына қатысты басқару элементтері көрсетілген күннен бастап дұрыс басқарылды; және
- (c) Жоғарыда (b) (i) - (ii) тармақтарындағы мәселелер туралы негізделген сенімділік орнату келісімі қорытындысы беретін қызмет аудиторының сенімділік орнату бойынша есебі.

**Қызмет көрсету ұйымындағы бақылау сипаттамасы, құрылымы және тиімділігі бойынша есеп (ХАС 402 есептің 2 түрі ретінде сілтеме жасалды) (Report on the description, design, and operating effectiveness of controls at a service organization (referred to in ISA 402 as a type 2 report))—* Келесілерді қамтитын есеп:

- (a) Қызмет ұйымының басшылығымен дайындалған қызмет көрсету ұйымы жүйесінің, бақылау мақсаты және онымен байланысты басқару элементтері, олардың құрастырылымы және анықталған күнге немесе анықталған уақыт аралығында жүзеге асуы, кейбір жағдайларда көрсетілген мерзім бойындағы операциялық тиімділігінің сипаттамасы; және
- (b) Келесілерді қамтитын негізделген сенімділік орнату келісімін алу мақсатында қызмет аудиторымен дайындалған есеп:

²³ ХАС 402, *Қызмет көрсету ұйымын пайдаланатын ұйымға қатысты аудит қарастырылымдары*

- (i) Қызмет аудиторының қызмет ұйымының жүйесі, бақылау мақсаттары және қатысты бақылаулары, арнайы бақылау мақсаттарына жету үшін бақылау әзірлемесінің сәйкестігі, және де бақылаудың операциялық тиімділігі сипаттамасына пікірі; және
- (ii) Басқару қызметі аудиторының сынақтар сипаттамасы және олардың нәтижелері.

Қызмет көрсету ұйымындағы бақылау сипаттамасы, құрылымы және тиімділігі бойынша есеп (СОКХС 3402 “есептің 2 түрі» ретінде сілтеме жасалды)(СОКХС 3402 мәнмәтінінде) (Report on the description, design and operating effectiveness of controls at a service organization (referred to in ISAE 3402 as a “type 2 report”)(in the context of ISAE 3402))— Келесілерді қамтитын есеп:

- (a) Қызмет көрсету ұйымының өз жүйесін сипаттауы;
- (b) Қызмет көрсететін ұйымның барлық материалдық тұрғыдан және сәйкес өлшемшарттарға негізделген жазбаша мәлімдемесі:
 - (i) Сипаттама көрсетілген уақытта әзірленген және енгізілген қызмет көрсету ұйымының жүйесін әділ ұсынады;
 - (ii) Арнайы мерзім ішінде сәйкес әзірленген қызмет көрсету ұйымы жүйесінің сипаттамаысында айтылған бақылау мақсаттарына қатысты бақылаулар; және
 - (iii) Арнайы мерзім ішінде тиімді жұмыс істеген қызмет көрсету ұйымы жүйесінің сипаттамаысында айтылған бақылау мақсаттарына қатысты бақылаулар; және
- (iii) Қызмет аудиторының сенімділік орнату бойынша есебі:
 - (i) Жоғарыда (b) (i) - (iii) тармақтарында көрсетілген мәселелер туралы негізделген сенімділік орнату бойынша қорытынды алу; және
 - (ii) Бақылау тесттері сипаттамасын және олардың нәтижелерін қосады.

Жауапты тарап (Responsible party)— бағаланатын негізгі тақырып үшін жауапты тарап(тар).

Сапаны бақылау жөнінде шолу (Review (in relation to quality control))— Орындалған жұмыстың сапасын және басқалар қол жеткізген қорытындыларды бағалау.

Шолу келісімі (Review engagement)— Шолу бойынша келісімнің мақсаты – аудиторға шаралар негізінде аудиторлық қызығушылығын туғызған аспектілердің бар-жоғын анықтауға, қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілері бойынша, қаржылық есептілікті ұсынудың орнатылған тұжырымдамалық негізіне сай дайындалмағанын анықтауға мүмкіндік беру.

Шолу рәсімдері (Review procedures)— Шолу келісімі мақсатына жету үшін жасалған рәсімдер, негізінде ұйым қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу

және қаржылық мәліметтерге байланысты қолданылатын талдама жасау рәсімдері.

* *Тәуекелді бағалау бойынша шаралар (Risk assessment procedures)*— Қаржылық есептілік пен растау деңгейлерінде алаяқтық немесе қателіктер салдарынан болған маңызды бұрмаланулардың тәуекелдерін анықтау және бағалау үшін, ұйым және оның ортасы туралы, оның ішінде ішкі бақылау туралы түсінік алу үшін жүргізілген аудит шаралары.

* *Елеулі бұрмалану тәуекелдігі (Risk of material misstatement)*— Аудитке дейін қаржылық есептілік айтарлықтай бұрмалану қаупі. Бұл растау деңгейінде төменде сипатталған екі құрамдастан тұрады:

- (a) Ажырамас тәуекелдік (Inherent risk)— Кез келген байланысты басқару элементтерін қарастырар алдында жеке немесе басқа да бұрмалаулармен біріктірілген кезде маңызды болуы мүмкін транзакциялар класы, шоттың сальдосы немесе бұрмаланулар туралы ақпараттардың ашықтығы.
- (b) Бақылау тәуекелдік (Control risk)—Бақылау шараларын қарастыруға дейін тікелей немесе басқа ауытқулармен бірлесіп, елеулі болып табылатын бұрмаланушылықтар ашылымдары, бухгалтерлік сальдолар немесе транзакциялар тобы жөніндегі бекіту шалдыққыштығы туралы тәуекелді ішкі бақылауы арқылы ашылмайды, түзетілмейді немесе сақталынып қалады.

Елеулі ауытқулар тәуекелділігі (СОКХС 3000 мәнмәнінде (Қайта қарастырылған))(Risk of material misstatement (in the context of ISAE 3000 (Revised))— Тақырыпқа қатысты ақпарат келісімге дейін елеулі түрде бұрмалану қаупі.

**Іріктеме (Sampling)*—(Аудиторлық іріктеме терминін қараңыз).

* *Іріктеме тәуекелдігі (Sampling risk)*— Іріктемеге негізделген аудиторлық қорытындыға деген қауіп, егер негізгі жиынтық бірдей аудит рәсімінен өткен болса, қорытындыдан өзгеше болуы мүмкін. Іріктеу тәуекелі екі түрлі қате тұжырымдарға әкелуі мүмкін:

- (a) Егер басқару элементтерін сынау жағдайында басқару элементтері олардан гөрі тиімдірек болса немесе егжей-тегжейлерді сынау жағдайында маңызды бұрмалаулар болмайтындығына сенімді болсақ, онда олар іс жүзінде болады. Аудитор, ең алдымен, қате тұжырым түріне қатысты, өйткені ол аудиттің тиімділігіне әсер етеді және аудитордың сәйкес емес пікіріне әкелуі мүмкін.
- (b) Басқару элементтерін сынау жағдайында басқару элементтері іс жүзіндегіге қарағанда тиімді емес немесе бөлшектерді сынау жағдайында маңызды бұрмалаулар орын алса, іс жүзінде олар болмай қалады. Қате тұжырымның бұл түрі аудиттің тиімділігіне әсер етеді, өйткені әдетте бастапқы тұжырымдардың дұрыс еместігін анықтау үшін қосымша жұмыс жүргізілуі мүмкін.

**Іріктеме бірлігі (Sampling unit)*— Негізгі жиынтықты құрайтын жеке бірліктер.

Шолу ауқымы (Scope of a review)— Шолу мақсатына жету үшін нақты жағдайлар кезінде керекті болып келетін шолу рәсімдері.

**Қызмет ететін аудитор (Service auditor)*— Қызмет көрсететін ұйымның өтініші бойынша қызмет ұйымының басқару элементтері туралы сенімділік орнату бойынша есеп беретін аудитор.

Аудитор қызметі (СОКХС 3402 мәнмәтінінде) Service auditor (in the context of ISAE 3402)— Қызмет көрсететін ұйымның өтініші бойынша қызмет ұйымының басқару элементтері туралы сенімділік орнату бойынша есеп беретін тәжірибелі маман.

**Қызмет ететін ұйым (Service organization)*— Қаржы есептілікке байланысты ақпараттық жүйелерінің бір бөлігі ретінде қызмет ететін үшінші жақтың ұйымы (немесе үшінші жақтағы ұйым).

Қызмет ұйымы (СОКХС 3402 мәнмәтінінде) Service organization (in the context of ISAE 3402)— Пайдаланушы ұйымдарға қаржылық есептілікке қатысты ішкі бақылауға қатысты болуы мүмкін қызметтерді ұсынатын үшінші тарап ұйымы (немесе үшінші тарап ұйымының сегменті).

Қызмет ұйымының мәлімдемесі (Service organization's statement)— (В) тармағында айтылған қызмет көрсету ұйымындағы бақылау сипаттамасы, құрылымы және тиімділігі бойынша есеп (2 түрдегі есеп жағдайында) анықтамасы немесе (b) тармағында айтылған қызмет көрсету ұйымындағы бақылаудың сипаттамасы мен құрылымы бойынша есеп (1 түрдегі есеп жағдайында) анықтамасына қатысты жазбаша мәлімдеме.

**Қызмет ететін ұйымның жүйесі (Service organization's system)*— Қызмет ететін аудитордың есебіндегідей қызмет ететін ұйым қолданушыларға айтылмыш қызметтер беруге арналған өңделген, енгізілген және қызмет ететін ұйымменпен қолданылатын рәсімдері және саясаттары.

Қызмет ұйымының жүйесі (немесе жүйе) (СОКХС 3402 мәнмәтінінде) (Service organization's system (or the system)(in the context of ISAE 3402)— Қызмет аудиториның сенімділік Есепте қамтылған қызметтермен пайдаланушы тұлғаларды қамтамасыз ету қызмет ұйымымен әзірленген және жүзеге асырған саясаты мен процедуралары. оның жүйесінің Қызмет ұйымының сипаттамасы сәйкестендіруді қамтиды: қамтылған қызметтер; кезең, немесе сипаттамасы жататын типті 1 есеп, күні, жағдайда; бақылау міндеттері; және басқару элементтерін байланысты.

Маңыздылық (Significance)— Мәнмәтінде алынған мәселенің салыстырмалық маңыздылығы. Мәселенің маңыздылығы кәсіпқой бухгалтер мен оның қарастырылған мәнмәтінінде анықталады. Бұл мысалға кәсіпқой бухгалтер есебін қолданатын адамдардың шешімдеріне қалайша әсер тигізе алатыны туралы болжамды; немесе басқа мысал, ол өкілетті адамдарға қойылған мәселе туралы айту немесе айтпау туралы сұрақ қойылғанда маңызды. Маңыздылық мөлшерлі

және сапалы факторлар – салыстырмалы маңыздылық, зерттелетін затқа ықпалы және болжамды пайдаланушылар мен алушылардың қызығушылығы мәнмәтінінде қарастырылады.

**Маңызды құрамдас бөлім (Significant component)*—Топқа жеке қаржылық маңызды (i) болып табылатын жоба бойынша жұмыс істейтін топ анықтаған құрамдас бөлімі немесе топтық қаржы есептіліктің елеулі бұрмаланулары маңызды тәуекелдігі өзіндік ортасына немесе оқиғаға сәйкес қамтитын (ii) құрамдас бөлім.

**Ішкі бақылаудың маңызды тапшылығы (Significant deficiency in internal control)*—Аудитордың пікірі бойынша басшылыққа лауызымды адамдардың ықпалын бағалау үшін жеткілікті маңыздылығы бар ішкі бақылау тапшылығы немесе тапшылықтарының комбинациясы.

Елеулі нысан (Significant facility)— ЖЖГ шығарындыларының жиынтығына қатысты шығарындылардың жалпы көлеміне қатысты немесе ерекше сипаты немесе елеулі бұрмалаулардың белгілі бір тәуекелдерін тудыратын жағдайларға байланысты өздігінен маңызды аймақ.

**Маңызды тәуекелдік (Significant risk)*—Аудитті өткізу кезінде аса көп назар аударуды керек ететін тәуекелдік.

Түсу (Sink)—Атмосферадағы ЖЖГ жоятын физикалық дене немесе үдеріс.

Кіші ұйым (Smaller entity)— Әдетте келесідей сапалы сипаттамаларға ие ұйым:

- (a) Ұйымға иелік ету мен басқаруының азғана тұлғалардың қолына шоғырлануы (әдетте, бір тұлға - ұйымға иелік ететін жеке немесе заңды тұлға, егер ол меншік иесі тиісті сапалық сипаттамаларға ие болса); және
- (b) Келесі белгілердің біреуі немесе бірнешеуі болуы:
 - (i) Тікелей немесе күрделі емес транзакциялар;
 - (ii) Қарапайым бухгалтерлік есеп;
 - (iii) Аз мөлшердегі бизнес бағыттары және осы бағыттардың аз мөлшердегі өнімдері;
 - (iv) Аз мөлшердегі ішкі бақылау;
 - (v) Басшылықтың кең көлемдегі бақылауға жауапкершілігі бар аз мөлшердегі деңгейлері; немесе
 - (vi) Көптеген міндеттері бар аз көлемдегі қызметкерлер.

Бұл сапалық сипаттамалар толық түрде берілмеген, олар тек кішігірім ұйымдарға ғана қатысты болмауы мүмкін, ал кішігірім ұйымдар осы сипаттамалардың барлығын міндетті түрде көрсете бермейді.

Дереккөз (Source)— Атмосфераға ЖЖГ шығаратын физикалық бірлік немесе процесс.

**Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік (Special purpose financial statements)*— Арнайы мақсаттағы жүйемен дайындалатын қаржылық есептілік.

**Арнайы мақсаттағы жүйе (Special purpose framework)*— Нақты қолданушылардың қаржылық ақпараттық қажеттіліктеріне жауап беретін қаржылық есептілік. Қаржы есептілік жүйесінің әділ ұсынуы немесе сәйкестік жүйесі болуы мүмкін ²⁴

*† *Қызметкерлер (Staff)*— Әріптестерден басқа тәжірибелі мамандар, олардың ішінде фирманың мамандары.

* *Статистикалық іріктеме (Statistical sampling)*— Келесі сипаттамаларға ие іріктеме тәсілдері:

- (a) Іріктеме элементтерін кездейсоқ таңдау; және
- (b) Іріктеу нәтижелерін бағалау үшін ықтималдық теориясын қолдану, оның ішінде іріктеу тәуекелдігін өлшеу.

(A) және (b) сипаттамалары жоқ іріктеу әдісі статистикалық емес іріктеу болып саналады.

**Стратификация (Stratification)*— Негізгі жиынтықты қосалқы жиынтықтарға бөлу процесі, олардың әрқайсысы ұқсас сипаттамалары бар (көбінесе ақшалай құндылықтар) іріктеу бірліктерінің тобы болып табылады.

Маңызды тақырыптық ақпарат (Subject matter information)— Негізгі тақырыпты өлшемшарттар бойынша өлшеуге немесе бағалауға байланысты нәтижелер, яғни негізгі тақырыпқа өлшемшарттарды қолдану нәтижесінде пайда болатын ақпарат.

**Есепті күннен кейінгі жағдайлар (Subsequent events)*— Қаржылық есептіліктің күні және аудитордың есебі күні аралығында пайда болатын жағдайлар және аудиторға аудитордың есебі күнінен кейін жария болған деректер.

**Қосалқы мердігер (Subservice organization)*— Қаржылық есептілікке қатысы бар пайдаланушы ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің бөлігі болып табылатын пайдаланушы ұйымдарға ұсынылатын кейбір қызметтерді орындау үшін басқа қызмет көрсету ұйымы пайдаланатын қызмет көрсету ұйымы.

Қосалқы мердігер (СОКХС 3402 мәнмәнінде) (Subservice organization (in the context of ISAE 3402))— Қаржылық есептілікке қатысты пайдаланушының ішкі бақылауымен байланысты болуы мүмкін пайдаланушы ұйымдарға ұсынылатын кейбір қызметтерді орындау үшін басқа қызмет көрсету ұйымы пайдаланатын қызмет көрсету ұйымы.

**Маңызды тексеру рәсімдері (Substantive procedure)*— Қаржылық есептілікте маңызды ауытқуларды табу үшін аудиторлық дәлелдерді алу мақсатында орындалатын аудит үдерісі. Олар екі түрге бөлінеді:

²⁴ ХАС 200, 13(a) тарауы

- (a) Тесттер бөлшектері (транзакциялар топтар, бухгалтерлік сальдолар және ашылымдар); және
- (b) Маңызды талдау рәсімдері.

**(Аудит дәлелдемелерінің жеткіліктілігі (Sufficiency of audit evidence))*— Аудиторлық дәлелдерді сандық бағалау. Талап етілетін аудиторлық дәлелдердің мөлшері аудитордың маңызды бұрмалаулардың тәуекелдерін бағалауына және сол аудиторлық дәлелдердің сапасына байланысты болады.

Жарамды өлшемшарттар (Suitable criteria)—*(Өлшемшарт терминін қараңыз)*

*†*Сәйкес біліктілігі бар бөгде тұлға (Suitably qualified external person)*— Фирмадан тыс жеке тұлға келісім бойынша серіктес ретінде әрекет ете алатын, мысалы, басқа фирманың серіктесі немесе кәсіби бухгалтерлік органның мүшелері өткен кезеңдер қаржылық ақпараттарына немесе сапаны бақылаудың тиісті қызметтерін ұсынатын ұйымның немесе сенімділікті орнату немесе шолу келісімдері есептеріне тексерулер мен шолулар жүргізе алатын қызметкер (тиісті тәжірибесі бар).

**Жиынтық қаржылық есептілік (ХАС 810(Қайта қарастырылған) мәнмәтінде) (Summary financial statements (in the context of ISA 810(Revised)))*— Қаржылық есептілікке негізделген, бірақ қаржылық есептілікке қарағанда азырақ ақпараты бар тарихи қаржылық ақпарат, дегенмен, ол құрылымдық түрде, қаржылық есептілікте көрсетілгендей, ұйымның белгілі бір уақыт кезеңіндегі экономикалық ресурстарын немесе міндеттемелерін немесе белгілі бір уақыт кезеңінде сол ресурстардағы немесе міндеттемелердегі өзгерістерді білдіреді.²⁵ Мұндай тарихи қаржылық ақпаратты сипаттау үшін әртүрлі құзіреттер әртүрлі терминологияны қолдана алады.

Қосымша ақпарат (Supplementary information)— Әдетте қосымша кестелерде немесе қосымша ескертпелер түрінде ұсынылатын қаржылық есептілікті дайындау үшін пайдаланылатын қаржылық есептіліктің тиісті жүйесі талап етпейтін қаржылық есептілікпен бірге ұсынылатын ақпарат.

Тест (Test)— Рәсімдерді негізгі жиынтықтың кейбір немесе барлық элементтеріне қолдану.

Бақылау құралдарын тексілеу (СОКХС 3402 мәнмәтінде) (Test of controls (in the context of ISAE 3402))— Қызмет ұйымы өзінің жүйесінің сипаттамасында көрсетілген басқару мақсаттарына қол жеткізуде басқару құралдарының жұмыс тиімділігін бағалауға арналған рәсім.

**Бақылау құралдарын тексілеу (Tests of controls)*— Растау деңгейіндегі маңызды бұрмалаушылықтардың алдын алу, анықтау және түзету кезінде басқару құралдарының жұмыс тиімділігін бағалауға арналған аудит рәсімдері.

²⁵ ХАС 200, 13(f) тарауы

**Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар (Those charged with governance)*— Ұйымның стратегиялық бағытын қадағалауға жауапты және ұйымның есеп беруіне байланысты міндеттері бар тұлға(лар) немесе ұйым(дар), (мысалы, сенім білдірілген тұлға). Бұл міндеттерге қаржылық есептіліктің дайындалуын бақылау кіреді. Бірқатар құзіреттердегі кейбір ұйымдарда басқару өкілеттігіне ие адамдарға жеке немесе мемлекеттік сектор ұйымдарыныңілерінің алқалы басқару органының атқарушы мүшелері немесе меншік иесі-менеджер сияқты менеджерлер кіруі мүмкін.²⁶

**Рұқсат етілген бұрмалану (Tolerable misstatement)*— Аудитор белгілеген ақша сомасы, аудитор оған қатысты негізгі жиынтықтағы бұрмалану мөлшері аудитор бекіткен мөлшерден аспайтындығына сенімділіктің тиісті деңгейін алғысы келеді.

**Рұқсат етілген ауытқу мөлшері (Tolerable rate of deviation)*— Аудитор белгілеген ішкі бақылау рәсімдерінен ауытқу деңгейі, аудитор орнатқан ауытқу қарқыны халықтың нақты ауытқу жылдамдығынан аспайтындығына сенімділіктің тиісті деңгейін алуға тырысады. Аудитор оларға қатысты негізгі жиынтықтағы нақты ауытқу мөлшері аудитор бекіткен мөлшерден аспайтындығына сенімділіктің тиісті деңгейін алғысы келеді.

Шығарындылар түрі (Type of emission)— Шығарындылардың көзіне, газ түріне, аймаққа немесе қондырғыға негізделген шығарындыларды топтау.

Түзетілмеген қаржылық ақпарат (Unadjusted financial information)— Жауапты тарап алдын-ала түзетулер қолданатын ұйымның қаржылық ақпараты.

Белгісіздік (Uncertainty)— Нәтижесі болашақ іс-әрекеттерге немесе ұйымның тікелей бақылауында болмайтын, бірақ қаржылық есептілікке әсер етуі мүмкін жағдайлар.

**Түзетілмеген бұрмаланулар (Uncorrected misstatements)*— Аудитор аудит барысында жинаған және түзетілмеген бұрмаланулар.

Бағаланатын негізгі тақырып (Underlying subject matter)— Өлшемшарттарды қолдану арқылы өлшенетін немесе бағаланатын құбылыс.

* *Жетілдірілмеген пікір (Unmodified opinion)*— Қаржылық есептілік барлық қаржылық тұрғыдан қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесінің талаптарына сәйкес дайындалды деген қорытынды жасайтын аудитордың пікірі.²⁷

* *Пайдаланушы аудитор (User auditor)*— Пайдаланушы ұйымның қаржылық есептілігі туралы аудиторлық келісімді жүзеге асыратын аудитор.

²⁶ Басқару құрылымдарының әртүрлілігін талқылауға арналған, see paragraphs ХАС 260 (Қайта қарастырылған) А1–А8 тарауларын қараңыз, *Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен байланыс*.

²⁷ 25-26-тараулар, әділ ұсыну жүйесі және сәйкестік жүйесі жағдайында осы пікірді білдіру үшін қолданылатын тіркестерді қарастырады.

Пайдаланушы аудитор (СОКХС 3402 мәнмәтінде) (User auditor (in the context of ISAE 3402))— Пайдаланушы ұйымның қаржылық есептілігі туралы аудиторлық келісімді жүзеге асыратын аудитор.²⁸

* *Пайдаланушы ұйым (User entity)*— Қызмет көрсететін ұйымды пайдаланатын және қаржылық есептілігіне аудит жүргізілетін ұйым.

Пайдаланушы ұйым (СОКХС 3402 мәнмәтінде) (User entity (in the context of ISAE 3402))— Қызмет көрсету ұйымын қолданатын ұйым.

Өтпелі тесілеу (Walk-through test)— Қаржылық есептілік жүйесі арқылы бірнеше транзакцияларды бақылауды қамтиды.

* *Жазбаша ұсыным (Written representation)*— Басшылықтың кейбір мәселелерді растау немесе басқа аудиторлық дәлелдерді растау үшін аудиторға жазбаша өтініші. Осы тұрғыдағы жазбаша ұсынымдар қаржылық есептілікті, ондағы растамаларды немесе растайтын кітаптар мен жазбаларды қамтымайды.

²⁸ Қызмет көрсету ұйымы жағдайында қосалқы мердігер қызметтерін пайдаланатын қызмет көрсету ұйымының қызмет аудитору пайдаланушы-аудитор болып табылады.

САПАНЫ БАҚЫЛАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТЫ 1
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТТЕРІ МЕН ШОЛУЫН,
ЖӘНЕ БАСҚА ДА СЕНІМДІЛІК ОРНАТУ ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ
ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША КЕЛІСІМДЕРДІ ІСКЕ
АСЫРАТЫН ФИРМАЛАРҒА АРНАЛҒАН САПА
БАҚЫЛАУЫ

(2009 жылдың 15 желтоқсанында күшіне енген)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
СБХС ауқымы	1–3
СБХС Қүзіреті.....	4–9
Күшіне ену күні.....	10
Мақсаты	11
Анықтамалары	12
Талаптары	
Байланысты Талаптар Сәйкестігі және Қолданылуы	13–15
Сапаны Бақылау Жүйесінің Элементі.....	16–17
Фирма Басшылығының Сапа бойынша Жауапкершілігі.....	18–19
Тиісті Әдеп Талаптары	20–25
Клиентпен Қатынастарды және Арнайы Келісімдерді Қабылдау және Жалғастыру	26–28
Қызметкерлер Ресурстары	29–31
Келісімнің Орындалуы	32–47
Мониторинг	48–56
Сапаны Бақылау Жүйесінің Құжаттамасы	57–59
Қолданбалы және Басқа Түсіндірме Материал	
Байланысты Талаптар Сәйкестігі және Қолданылуы	A1
Сапаны Бақылау Жүйесінің Элементтері	A2–A3
Фирма Басшылығының Сапа бойынша Жауапкершілігі.....	A4–A6
Тиісті Әдеп Талаптары	A7–A17

Клиентпен Қатынастарды және Арнайы Келісімдерді	
Қабылдау және Жалғастыру	A18–A23
Қызметкерлер Ресурстары	A24–A31
Келісімнің Орындалуы.....	A32–A63
Мониторинг.....	A64–A72
Сапаны Бақылау Жүйесінің Құжаттамасы.....	A73–A75

Сапаны Бақылау Халықаралық Стандарттары (СБХС) 1 «Қаржылық Есептілік Аудиттері мен Шолуын, және Басқа да Сенімділік Орнату және Ілесне Қызметтер бойынша Келісімдерді Іске асыратын Фирмаларға Арналған Сапа Бақылауы» «Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеттері және Халықаралық Аудит Стандарттарына сай Аудитті Жүргізу» 200 ХАС-ымен бірге қаралуы тиіс.

Кіріспе

СБХС ауқымы

1. Бұл Сапаны Бақылау Халықаралық Стандарты (СБХС) фирманың қаржылық есептілікті аудиттеу мен шолу, және басқа да сенімділік орнату мен ілеспе қызметтер бойынша келісімдеріне арналған сапаны бақылау жүйесі бойынша жауапкершілгін қарастырады. Бұл СБХС тиісті әдеп талаптармен бірге қарастырылуы керек.
2. Халықаралық Аудит және Сенімділік Орнату Стандарттары Кеңесі (ХАСОСК) басқа Мәлімдемелері келісімнің арнайы түрлері үшін сапаны бақылау рәсімдеріне қатысты фирма қызметкерлерінің жауапкершіліктері бойынша қосымша нұсқаулық пен стандарттар ұсынады. Мысалға, ХАС 220,¹ қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезіндегі сапаны бақылау рәсімдерін сипаттайды.
3. Сапаны бақылау жүйесі 11 тармақта қойылған мақсатқа жетуге арналған саясаттардан және сол саясаттармен сәйкестікті мониторингілеу мен іске асыру үшін қажетті рәсімдерден қамтиды.

СБХС Қүзіреті

4. Бұл СБХС барлық кәсіби бухгалтерлер фирмаларына қаржылық есептілікке аудиті және шолу жасау, басқа да сенімділік орнату және ілеспе қызметтер бойынша келісімдерге қатысты қолданылады. Бұл СБХС-ына сәйкес келу үшін жеке фирмамен әзірленген саясаттар мен рәсімдер табиғаты мен ауқымы фирманың көлемі мен қызмет жасау сипаттамалары, және де желі бөлігі болып табылуы секілді әр түрлі ықпалдарға тәуелді болады.
5. Бұл СБХС фирманың СБХС ережелерін ұстану мақсатын және фирманың көрсетілген мақсатқа жетуіне мүмкіндік беретін талаптарды қамтиды. Сонымен қатар, онда 8 тармақта қарастырылған қолдану түріндегі және басқа түсіндірме материалдар түріндегі тиісті нұсқаулықтар, СБХС дұрыс түсінуге қатысты мәнмәтінді құрайтын кіріспе материалдар, анықтамалықтар бар.
6. Мақсаты СБХС талаптары бар мәнмәтін береді және фирмаға мынадай көмек көрсетеді:
 - Не істеу керек екенін түсіну; және
 - Мақсатқа жету үшін көп нәрсе жасау керек пе, жоқ па деген мәселені шешу.
7. Осы СБХС талаптары «қажет» сөзін қолдана отырып көрсетілген.

¹ ХАС 220, *Қаржылық Есептілік Аудиті бойынша Сапаны Бақылау*

8. Қажет болған жағдайда өтінім және басқа түсіндірме материал талаптарды одан әрі түсіндіру және оларды орындау бойынша нұсқаулықты береді. Атап айтқанда:

- Талаптың нені білдіретінін немесе нені көздейтінін дәлірек түсіндіреді; және
- Жағдайларға сәйкес болуы мүмкін саясаттар мен рәсімдердің мысалдарын қамтиды.

Мұндай нұсқаулық талапты қоймаса да, ол талаптарды дұрыс қолдануға қатысты болады. Өтініште және басқа түсіндірме материалдарда осы СБХС-да қарастырылған мәселелер туралы негізгі ақпарат болуы мүмкін. Қажет болған жағдайда, қоғамдық сектордағы аудиторлық ұйымдарға немесе кішігірім фирмаларға қатысты қосымша пікірлер өтінішке және басқа түсіндірме материалдарға енгізілген. Осы қосымша пікірлер осы СБХС талаптарды қолдануға көмектеседі. Алайда олар фирманың осы СБХС талаптарын қолдану және орындау жауапкершілігін шектемейді немесе төмендетпейді.

9. Бұл СБХС «Анықтамалар» айдарымен осы СБХС мақсаттары үшін белгілі бір терминдерге қатысты мағыналардың сипаттамасын қамтиды. Олар осы СБХС-ны дәйекті қолдануға және түсіндіруге көмектесу үшін ұсынылған және заңдарда, реттеулерде немесе басқа жолдарда болсын, басқа мақсаттар үшін белгіленетін анықтамаларды алып тастауға арналмаған. ХАСОСК шығарған Халықаралық Стандарттарға қатысты Терминдер Глоссарийі, осы СБХС-да анықталған терминдерді қоса алғанда, ХБФ жариялаған *Халықаралық Сапаны Бақылауы, Аудит, Шолу, Басқа Да Сенімділік Орнату Және Ілеспе Қызметтер Туралы Халықаралық Мәлімдемелер Нұсқаулығында* көрсетілген. Сондай-ақ, бұл жалпы және дәйекті түсіндіруге және аударуға көмектесетін осы СБХС-да кездесетін басқа терминдердің сипаттамаларын қамтиды.

Күшіне ену күні

10. Бұл СБХС-ына сәйкес Сапаны бақылау жүйесі 2009 жылдың 15 желтоқсанға дейін орнатылуы тиіс.

Мақсаты

11. Фирманың мақсаты - бұл сапаны бақылау жүйесін құру және оны қолдау, оған жеткілікті сенімділік беру:

- (а) Фирма мен оның қызметкерлері кәсіби стандарттарға және қолданылатын заңдық және реттеуші талаптарға сәйкес келеді; және

- (b) Фирма немесе келісім серіктестері шығарған есептер жағдайларға сәйкес келеді.

Анықтамалары

12. Бұл СБХС-да келесі терминдер мынадай мағыналары бар:

- (a) Есеп беру күні – есеп күнін көрсету үшін тәжірибелі маман таңдаған күні.
- (b) Келісім құжаттамасы – Орындалған жұмыс туралы жазбалар, алынған нәтижелер және тәжірибелі маман жасаған қорытындылар (кейде «жұмыс құжаттары» немесе «жұмыс парақтары» сияқты терминдер қолданылады).
- (c) Келісім серіктесі² – Келісім мен оның орындалуы үшін және фирманың атынан шығарылған есеп үшін жауап беретін және қажет болған жағдайда кәсіби, заңгерлік немесе реттеуші органның тиісті өкілеттіктеріне ие серіктес немесе фирмадағы басқа тұлға.
- (d) Келісім сапаны бақылауды шолу – Келісім бойынша жұмыс істейтін топтың жасаған елеулі шешімдерін және олардың есептілікті құрастырғанда қол жеткізген қорытындыларын, есептілікті басып шығарғанға дейін, шыншыл бағалауды қамтамасыз етуге арналған жұмыс. Келісімді орындау сапа бақылауын шолу бағаланатын компаниялардың қаржылық есептілікті тексеруге, сондай-ақ керектік туған кезде фирма келісімді орындау сапасын бақылауын шолу үшін шешімін қабылдаған жағдайда басқа келісімдерге арналған.
- (e) Келісім сапаны бақылау тексеруші – Аудиторлық топпен жасалған тұжырымдар мен қорытындыларды объективті бағалау үшін жеткілікті және тиісті тәжірибесі мен өкілеттігі бар серіктес, фирманың басқа қызметкері, тиісті біліктілігі бар үшінші тарап немесе аудиторлық топ құрамына кірмейтін тұлғалар тобы.
- (f) Келісім бойынша жұмыс істейтін топ – Келісімді жүзеге асыратын барлық серіктестер мен қызметкерлер және келісім бойынша рәсімдерді орындайтын фирма немесе желілік фирмамен қабылданған кез келген жеке тұлғалар. Оған фирма немесе желілік фирма тартатын қабылдаған аудитордың сыртқы сарапшысы кірмейді. «Келісім тобы» термині сыртқы аудитор ХАС 610 (Қайта қарастырылған 2013) талаптарына сәйкес болған

² «Келісім серіктесі», «серіктес» және «фирма» оның қоғамдық сектордағы баламаларына сілтеме ретінде оқылуы керек.

кезде, аудиторлық келісімге тікелей көмек көрсететін клиенттің ішкі аудит функциясындағы тұлғаларды да қоспайды³.

- (g) Фирма – Жеке кәсіпкер, серіктестік немесе корпорация немесе кәсіби бухгалтерлердің басқа ұйымы.
- (h) Тексеріс – Аяқталған келісімдерге қатысты фирманың сапаны бақылау саясаты мен рәсімдеріне келісім топтарының сәйкестік дәлелдемелерін қамтамасыз етуге арналған рәсімдер.
- (i) Бағаланатын ұйым – Акциялары, үлестік немесе борыштық құралдары танылған биржада немесе баға белгілеу тізіміне енгізілген немесе танылған биржаның немесе басқа ұқсас ұйымның ережелеріне сәйкес сатуға ұсынылатын ұйым.
- (j) Мониторинг – Фирманың сапаны бақылау жүйесін ескеру және бағалауға, оның ішінде істелген келісімдерді іріктеп тексеруге, сапаны бақылау жүйесі тиімді жұмыс істейтін жөніндегі ақпараттың дұрыстығын қисынды растауға арналған процесс.
- (k) Желілік фирма – Желіге тиесілі фирма немесе ұйым.
- (l) Желі - Үлкен құрылым:
 - (i) Бірлесіп қызмет етуге мақсат қою; және
 - (ii) Пайда немесе шығынды бөлісіге нақты мақсат қойған немесе ортақ бақылауды немесе басшылықты, ортақ сапаны бақылау саясатын және процедуралар ортақ бизнес стратегиясын, ортақ брэнд-атаудың қолданысы, немесе ресурстардың үлкен бөлігін бөлісетін үлкен құрылым.
- (m) *Серіктес* – Аудиторлық ұйымға кәсіби қызметтер көрсету бойынша міндеттер жүктеуге құқығы бар кез келген жеке тұлға.
- (n) Қызметкерлер – Серіктестер мен қызметкерлер.
- (o) Кәсіптік стандарттар – ХАКСБ Келісім стандарттары, ХАКСБ-ның *Халықаралық сапа бақылауына, аудитке, шолуға, басқа сенімділік орнату терге, және ілеспе қызметтер мәлімдемелеріне алғы сөзінде* анықталған, және қатысты этикалық талаптар.
- (p) Негізделген сенімділік орнату – СБХС мәнмәтінінде жоғары, бірақ абсолютті емес сенімділік деңгейі.

³ ХАС 610 (Қайта қарастырылған 2013), *Ішкі Аудиторлар Қызметін Қолдану*, тікелей көмекті пайдалануға шектеу қояды. Сондай-ақ, сыртқы аудитордың ішкі аудиторлардан тікелей көмек алуына заңмен немесе нормативтік актілермен тиым салынуы мүмкін екенін мойындайды. Сондықтан тікелей көмектерді пайдалану рұқсат етілген жағдайлармен шектеледі.

- (q) Тиісті әдеп талаптары – келісім тобы мен келісім сапаны бақылау шолушы бағынатын әдеп талаптары, ол өзіне әдетте Бухгалтерлерге арналған Халықаралық Әдеп Стандарттары Кеңесінің *Кәсіби Бухгалтерлер үшін Әдеп Кодексінің* (БХӘСК Кодексі) А және Ә Бөлімдері мен қаталырақ болып келетін ұлттық талаптарды қосады.
- (r) Қызметкерлер – Әріптестерден басқа тәжірибелі мамандар, олардың ішінде фирманың мамандары.
- (s) Сәйкес біліктілігі бар бөгде тұлға – Фирмадан тыс жеке тұлға келісім бойынша серіктес ретінде әрекет ете алатын, мысалы, басқа фирманың серіктесі немесе кәсіби бухгалтерлік органның мүшелері өткен кезеңдер қаржылық ақпараттарына немесе сапаны бақылаудың тиісті қызметтерін ұсынатын ұйымның немесе сенімділікті орнату немесе шолу келісімдері есептеріне тексерулер мен шолулар жүргізе алатын қызметкер (тиісті тәжірибесі бар).

Талаптары

Байланысты Талаптар Сәйкестігі және Қолданылуы

- 13. Фирманың сапаны бақылау жүйесін құруға және қолдауға жауапты фирманың қызметкерлері осы СБХС мәтінін, оның қолданылуын және басқа түсіндірме материалдарын қоса, оның мақсатын түсініп, оның талаптарын дұрыс қолдана білуі керек.
- 14. Фирма осы СБХС-тың әрбір талабын орындайды, егер фирма жағдайында бұл талап қаржылық есептілітерге аудит және шолу жасау, сенімділік орнату және ілеспе қызметтерге бойынша келісімдерге байланысты қызметтерге қатысты болмаса. (Сілт: Тарм. А1)
- 15. Талаптар фирманың осы СБХС-да көрсетілген мақсатқа жетуіне мүмкіндік беру үшін жасалынған. Сондықтан талаптарды дұрыс қолдану мақсатқа жету үшін жеткілікті негіз болады деп күтеді. Алайда, жағдайлар әр түрлі болғандықтан және барлық осындай жағдайларды болжау мүмкін болмайтындықтан, фирма аталған мақсатқа жету үшін осы СБХС талап ететін жағдайлардан басқа, фирмадан саясат пен рәсімдерді жасауды талап ететін нақты мәселелер немесе жағдайлар бар-жоқтығын қарастыруы керек.

Сапаны Бақылау Жүйесінің Элементтері

- 16. Фирма келесі элементтердің әрқайсысына қатысты саясаттар мен рәсімдерді қамтитын сапаны бақылау жүйесін құруы және жүргізуі керек:
 - (a) Фирмадағы сапа үшін көшбасшылық жауапкершілік.

- (b) Тиісті әдеп талаптары.
 - (c) Клиенттермен қарым-қатынасты және нақты келісімдерді қабылдау және жалғастыру.
 - (d) Қызметкер ресурстары
 - (e) Келісімді орындау.
 - (f) Мониторинг.
17. Фирма өзінің саясаты мен рәсімдерін құжаттайды және оларды фирма қызметкерлеріне жеткізеді. (Сілт: Тарм. А2-А3)

Фирма Басшылығының Сапа бойынша Жауапкершілігі

18. Фирма келісімдерді орындау барысында сапаның маңызды екенін мақұлдайтын ішкі мәдениетті ілгерілетуге бағытталған саясатты және рәсімдерді бекітуі керек. Мұндай саясат пен рәсімдер фирманың бірінші басшысын (немесе оған баламалы) немесе қажет болған жағдайда фирманың басқарушы серіктестері кеңесінен (немесе оның баламаларынан) фирманың сапаны бақылау жүйесі үшін түпкілікті жауапкершілікті талап етуі керек. (Сілт: Тарм. А4-А5)
19. Фирма мынадай саясаттар мен рәсімдер енгізеді: фирманың бас директорымен немесе әріптестердің фирмалық кеңесімен тағайындалған және сапаны бақылау фирманың жүйесіне жауапкершілігі бар кез-келген адам немесе адамдар лайықты тәжірибелік қабілеттілікке мен маңызды өкілеттікке ие болуы тиіс. (Сілт: Тарм. А6)

Тиісті Әдеп Талаптары

20. Фирма фирма мен оның қызметкерлері тиісті әдеп талаптарына сай екендігіне негізделген сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған саясат пен рәсімдерді белгілейді. (Сілт: Тарм. А7-А10)

Тәуелсіздігі

21. Фирма, фирманың қызметкерлері және, керектік туған кезде, тәуелсіздік талаптарына бағынатын басқа адамдар (желілік фирманың қызметкерін қоса алғанда) лайықты әдептану талаптарымен белгіленген тәуелсіздікті растауға негізделген сенімділік беру үшін саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. Саясаттары мен шаралары фирмаға төмендегідей көмек көрсетеді (Сілт: Тарм. А10)
- (a) Өзінің тәуелсіздігіне қойылатын талаптарды өз қызметкерлеріне және мүмкін болған жағдайда оларға бағынатын басқа адамдарға жеткізу; және
 - (b) Тәуелсіздікке қауіп төндіретін жағдайлар мен қатынастарды

анықтаңыз және бағалаңыз және осы қатерлерді жою үшін немесе қауіпсіздік шараларын қолдана отырып оларды қолайлы деңгейге дейін төмендету үшін тиісті рәсімдерді қабылдау, немесе егер қажет болса, заң немесе ереже бойынша алып тастау мүмкін болған жағдайда келісімнен шығу.

22. Мұндай саясат және шаралар талап етеді: (Сілт: Тарм. А10)

- (a) Көрсетілетін қызметтердің ауқымын қоса алғанда, тәуелсіздік талаптарына фирма жалпы ықпалды бағалай алуы үшін, егер мұндай орын алса, келісім бойынша серіктестерден фирмаға клиенттермен келісімдер бойынша лайықты ақпарат беруді;
- (b) Қызметкерлерді тәуелсіздікке қауіп төндіретін жағдайлар және қатынастар туралы фирманы лайықты әрекеттерді қолдануға болатындай кідіртпей хабардар етуді; және
- (c) Төмендегілерді қамтамасыз ету үшін тиісті ақпаратты жинау және тиісті қызметкерлерге жеткізу:
 - (i) Фирма мен оның қызметкерлері тәуелсіздік талаптарын қанағаттандыратындығын анықтай алады;
 - (ii) Фирма тәуелсіздікке қатысты жазбаларын жүргізе және жаңарта алады; және
 - (iii) Фирма рұқсат етілмеген деңгейде тәуелсіздікке қатысты қауіптерге қатысты тиісті шаралар қолдана алады.

23. Фирма тәуелсіздік талаптарының бұзылғандығы туралы ескертілгендігіне және оған осындай жағдайларды шешу үшін тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін негізделген сенімділікті қамтамасыз ету үшін әзірленген саясат пен рәсімдерді орнатуы керек. Саясат пен шаралар келесілерге талаптарды қамтуы тиіс (Сілт: Тарм. А10)

- (a) Тәуелсіздік талаптарымен қамтылғандардың бәрі өздері білген тәуелсіздіктің бұзылуы туралы фирманы кешіктірмей хабардар етуін;
- (b) Фирма аталған саясат пен рәсімдердің анықталған бұзушылықтарын келесілерге тез арада хабардар етуге міндетті:
 - (i) Фирмамен бірге мәселені шешуге тиісті келісім серіктесіне; және
 - (ii) Фирманың басқа да тиісті қызметкерлерге, қажет болған жағдайда желі, желіні және тиісті әрекеттерді жасауды қажет ететін тәуелсіздік талаптарын сай келетіндерге; және

- (с) Қажет болған жағдайда фирманың әрі қарайғы іс-әрекеттерді жасау керектігін анықтайтындай етіп, келісім серіктесімен және 23 (b) (ii) тармақшасында көрсетілген басқа адамдармен жедел байланыс.
- 24. Кем дегенде жыл сайын фирма тиісті әдеп талаптарына сәйкес тәуелсіз болу үшін талап етілетін барлық фирманың қызметкерлерінен тәуелсіздік туралы өзінің саясаты мен рәсімдеріне сәйкестігі туралы жазбаша растау алады. (Сілт: Тарм. А10-А11)
- 25. Тиісінше, фирма мынадай саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс: (Сілт: Тарм. А10)
 - (a) Ұзақ уақыт бойына сенімділік орнату келісімі бойынша бірдей жоғары деңгейдегі қызметкерді қолданған кезде таныс қауіпті қолайлы деңгейге дейін төмендететін қауіпсіздік шараларын анықтау өлшемшарттарын белгілеу; және
 - (b) Бағаланатын ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу үшін, келісім бойынша серіктестің және келісімді орындау сапасын бақылауды қарастыруға жауапты тұлғалардың ауысуын және тиісті жағдайларда әдеп талаптарын сақтай отырып, белгілі бір кезеңнен кейін ротация талаптары бар басқа тұлғаларды сұрастыру. (Сілт: Тарм. А12-А17)

Клиентпен Қатынастарды және Арнайы Келісімдерді Қабылдау және Жалғастыру

- 26. Фирма оның қатынастарды және келісімдерді қабылдағанына және жалғастырғанына негізделген сенімділік беру үшін клиентпен қатынастарды және ерекше келісімдерді қабылдау және қатынастарды жалғастыру бойынша саясат пен рәсімдерді тек мына жағдайларда ғана жасауы тиіс:
 - (a) Келісімді орындауға құзыретті және оны орындау үшін уақыт пен ресурстарды қоса алғанда мүмкіндіктері бар; (Сілт: Тарм. А18, А23)
 - (b) Тиісті әдеп талаптарын орындай алғанда; және
 - (c) Клиенттің тұтастығын қарастырған және клиенттің тұтастығы жоқ деген қорытындыға әкелетін ақпарат болмағанда. (Сілт: Тарм. А19-А20, А23)
- 27. Саясаттар мен рәсімдер мыналарды қамтиды:
 - (a) Фирма жаңа клиентпен келісімді қабылдағанға дейін, қолданыстағы келісімді жалғастыру туралы шешім қабылдаған кезде және қолданыстағы клиентпен жаңа келісімді қабылдау

туралы мәселені қарастырған кезде, қажет деп санайтын ақпаратты алуы тиіс. (Сілт: Тарм. А21, А23)

- (b) Әлеуетті мүдделер қақтығысын анықтау кезінде фирма келісім қабылдау тұрарлық нәрсе ма, жоқ па деген шешімді қабылдауы тиіс.
 - (c) Барлық мәселелер шешілгенде және фирма клиентпен қатынастарды қабылдау немесе жалғастыру туралы шешімді немесе ерекше келісімді қабылдағанда, ол барлық мәселелердің қалай шешілгенін құжаттауы тиіс.
28. Фирма келісімнен бас тартуға алып келетін ақпаратты алғанда, егер осы ақпарат ертеректе қол жетерлік болған болса, клиентпен келісімді және қатынастарды жалғастыру бойынша саясат пен шаралар төмендегілерді қамтуы тиіс:
- (a) Осы жағдайларға қолдануға болатын кәсіби және заңгерлік жауаптылық, фирманың келісімге тағайындаған адамдарына немесе кей жағдайларда реттеуші органдарға есептілікті ұсыну бойынша талаптың бар-жоқтығын зерттеуді қоса алғанда; және
 - (b) Келісімнен немесе клиентпен келісімнен және қатынастардан бас тарту мүмкіншілігі. (Сілт: Тарм. А22-23)

Қызметкер Ресурстары

29. Фирма өзінің құрамы, қабілеті және жеткілікті әдеп қағидаттарды ұстанатын қызметкерлердің жеткілікті екендігіне негізделген сенімділік орнату үшін әзірленген саясат пен рәсімдерді жасауы керек:
- (a) Кәсіби стандарттарға, реттеуші және заңгерлік талаптарға сәйкес келісімді орындау; және
 - (b) Фирмаға немесе келісім бойынша серіктеске жағдайларға лайықты есептерді шығаруға мүмкіндік беру. (Сілт: Тарм. А24-А29)

Келісім топтарын тағайындау

30. Фирма келісім бойынша серіктеске әр келісім бойынша жауаптылықты белгілеп отыруы тиіс. Фирма мыналарды талап ететін саясат пен рәсімдерді жасауы керек:
- (a) Деректер және келісім бойынша серіктестің рөлі клиенттің басты басшылық мүшелеріне және басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға хабарлануы тиіс;
 - (b) Келісім бойынша серіктестің өз рөлін орындауына лайықты қабілеттіліктері, жете білушілігі, өкілеттіктері және уақыты бар

болуы; және

- (с) Келісім бойынша серіктестің жауаптылығы анық айқындалуы және осы серіктеске хабарлануы. (Сілт: Тарм. А30)
31. Фирма қажетті қабілеттіліктері мен жете білушілігі мен уақыты бар лайықты қызметшілерді тағайындауына арналған саясаттар мен рәсімдерді енгізуі тиіс:
- (а) Кәсіби стандарттарға, реттеуші және заңгерлік талаптарға сәйкес келісімді орындауы тиіс; және
 - (б) Фирмаға немесе келісім бойынша серіктеске жағдайларға лайықты есептерді шығаруға мүмкіндік беру. (Сілт: Тарм. А31)

Келісімнің Орындалуы

32. Фирма кәсіби стандарттарға, реттеуші және заңгерлік талаптарға сәйкес келісімдердің орындалып жатқанына және фирма мен келісім бойынша серіктестердің жағдайларға лайықты есептерді шығарғанына негізделген сенімділік беруге арналған саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс:
- (а) Келісімнің орындалу сапасының ұдайлығымен қатысты мәселелер; (Сілт: Тарм. А32-А33)
 - (б) Басқаруға лайықты жауапкершіліктер; және (Сілт: Тарм. А34)
 - (с) Шолуға лайықты жауапкершіліктер. (Сілт: Тарм. А35)
33. Фирманың жауапкершілік саясатына шолу жасау рәсімдері келісім бойынша топтың неғұрлым тәжірибелі мүшелерімен тәжірибесі аз топ мүшелерінің жұмысын қарастыруы негізінде анықталады.

Keңec бepу

34. Фирма негізделген сенімділік беруге арналған саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс:
- (а) Қиын және даулы мәселелер бойынша лайықты кеңестердің берілгеніне;
 - (б) Лайықты кеңестер алуға жеткілікті ресурстарға қол жетерлік екеніне;
 - (с) Кеңестің сипаты мен ауқымының құжатталғанына; және кеңестерден туындайтын қорытындылардың құжатталатынына және орындалатынына; және
 - (д) Кеңестерден туындайтын қорытындылар орындалғанына. (Сілт: Тарм. А36-А40)

Келісім Сапа Бақылауы Шолуы

35. Фирма белгілі бір келісімдер үшін, келісім тобының жасаған маңызды пікірлерін, есепті қалыптастыру кезінде қол жеткен қорытындыларды объективтік түрде бағалайтын сапа бақылау шолуын өткізуді көздейтін саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. Мұндай саясат және шаралар:
- (a) Бағаланатын ұйымның қаржылық есеп барлық аудиттері бойынша сапа бақылау шолуын өткізуді көздеу;
 - (b) Өткен кезеңдер қаржылық ақпараттарының аудиттері мен шолуы және ақпараттың дұрыстығын растау және ілеспелі қызметтер көрсету бойынша өзге де келісімдер бойынша сапа бақылау шолуды өткізу қажеттігін анықтау үшін бағалануы тиіс өлшемдерді белгілеу; (Сілт: Тарм. А41)
 - (c) 35 (b) тармағына сәйкес белгіленген өлшемдерге жауап беретін барлық келісімдер бойынша сапаны бақылауды шолуды көздеуі тиіс.
36. Фирма келісім сапа бақылауы шолуы сипатын, мерзімдерін және ауқымын белгілейтін саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. Мұндай саясаттар пен шаралар келісім сапа бақылауы шолуы аяқталуынан кейін келісім бойынша есеп күнін көрсетуді талап етеді. (Сілт: Тарм. А42-А43)
37. Фирма келісім сапа бақылауы шолуы бойынша саясат пен шаралар жасауы тиіс:
- (a) Келісім бойынша серіктеспен маңызды мәселелерді талқылау;
 - (b) Қаржылық есептілікті немесе басқа зерттеу пәні бойынша ақпарат пен ұсынылған есепті шолу;
 - (c) Маңызды пікірлерге қатысты орындалған жұмысты бейнелейтін және жасалған қорытындыларды қуаттайтын жұмыс құжаттары таңдалу; және
 - (d) Ұсынылған есеп сәйкестігін қарастырғанда және есеп құрастырғанда қол жеткізген қорытындыларды бағалау. (Сілт: Тарм. А44)
38. Бағаланатын ұйым қаржылық есептілік аудиттері бойынша келісім сапа бақылауы шолуы төмендегі зерттеуді қамтиды:
- (a) Белгілі бір келісім бойынша фирманың тәуелсіздікке қатысты келісім бойынша топты бағалау;
 - (b) Пікірдегі келіспеушіліктері бар мәселелер немесе өзге қиын және даулы мәселелер бойынша лайықты кенестер

алынғандығы, сонымен қатар бұл кеңестердің негізінде жасалған қорытындылар; және

- (с) Шолу үшін маңызды пікірлерге қатысты орындалған жұмысты бейнелейтін және жасалған қорытындыларды қуаттайтын жұмыс құжаттары таңдалғандығы. (Сілт: Тарм. А45-А46)

Келісім Сапасын Бақылауды Тексерушілердің Қолайлылық Өлшемшарттары

- 39. Фирманың саясаты мен шаралары келісімді орындау сапасын бақылауын шолушы тағайындауды қарауы тиіс және оның қолдануға тұратынын төмендегі жолмен белгілеу:
 - (а) Қажетті тәжірибе және өкілеттіктерді қоса алғанда рөлді орындауға қажетті техникалық біліктілік (Сілт: Тарм. А47)
 - (б) Келісім сапа бақылауы тексерушісі тексерушінің объективтілігін бұзбай келісім бойынша ала алатын кеңестердің ауқымы. (Сілт: Тарм. А48)
- 40. Фирманың саясаты мен шаралары сапа бақылау келісім тексерушінің объективтілігін қолдау үшін жасалған. (Сілт: Тарм. А49- А51)
- 41. Шыншыл шолу жүргізуге тексерушінің қабілеттігі бұзылғанда фирманың саясаттары мен шаралары бойынша сапа бақылау келісімнің орындалу тексерушіні ауыстыруды көздейді.

Келісім Сапа Бақылауы Шолуы Құжаттамасы

- 42. Фирманың сапа бақылауы келісімінің шолу құжаттамасы бойынша саясаты мен шаралары мынадай құжаттаманы көздеуі тиіс:
 - (а) Фирманың келісім сапа бақылауы шолуы бойынша саясатымен көзделген рәсімдердің орындалуы;
 - (б) Есеп шығарылғанға дейін келісімнің келісім сапа бақылауы шолуы аяқталуы; және
 - (с) Тексерушінің келісім бойынша топ қабылдаған маңызды пікірлер мен қол жеткізген қорытындылар сәйкес келмейді деген пікірді тудыратын шешілмеген мәселелер туралы хабардар болмауы.

Пікірдің айырмашылықтары

43. Фирма келісім тобының мүшелері арасында, кеңесшілермен және қажеттілік кезінде, келісім бойынша серіктеспен және келісімнің орындалу сапасын бақылауды тексерушілердің арасындағы пікірлердегі айырмашылықтарды жою үшін саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. (Сілт: Тарм. А52-А53)
44. Саясаттар мен шаралар мынадай:
 - (a) Жасалған қорытындылар құжатталуы және орындалуы тиіс; және
 - (b) Есеп мәселе шешілгенге дейін жасалмайды

Келісім Құжаттамасы

Келісім бойынша соңғы құжаттарды жинауды аяқтау

45. Фирма келісім бойынша есептер келісілгеннен кейін келісімнің түпкілікті құжаттарын жинауды дер кезінде аяқтау жөнінде келісім бойынша топ үшін саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. (Сілт: Тарм. А54-А55)

Келісім құжаттамасының құпиялылығы, қауіпсіз сақталуы, бүтіндігі, қол жетерлілігі және қалпына келтірілуі

46. Фирма келісім құжаттамасының құпиялылығын, қауіпсіз сақталуын, бүтіндігін, қол жетерлілігін және қалпына келтірілуін қамтамасыз етуге арналған саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. (Сілт: Тарм. А56-А59)

Келісім құжаттамасын сақтауды ұзарту

47. Фирма келісім құжаттамасын сақтауды фирма қажеттіліктеріне жеткілікті немесе заңдар немесе нормативтік актілермен анықталатын кезеңге ұзарту бойынша саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. (Сілт: Тарм. А60-А63)

Мониторинг

Фирманың Сапа Бақылау Саясаттары мен Шараларына Мониторинг Жүргізу

48. Фирма сапа бақылауы жүйесімен негізделген сенімділікті беруге арналған байланысты саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. Мұндай саясаты мен шаралар келесілерді қамтуы тиіс:
 - (a) Кем дегенде, әр бір келісім мүшесі бойынша бір орындалған келісім бойынша келісімді периодты түрде тексеріс жүргізуді қоса алғандағы, сапаны бақылау бойынша фирманың жүйесін толассыз түрде қарастыру мен бағалау;

- (b) Фирма мониторинг процесі үшін жауаптылықты фирмада осы міндетті жүзеге асыруға жеткілікті және лайықты тәжірибесі мен өкілеттіктері бар серіктеске, серіктестерге немесе өзге адамдарға жүктейді; және
- (c) Фирманың сапа бақылау жүйесін мониторингілеуге құзырлы адамдар келісімдер тексерісіне қатыспауы тиіс. (Сілт: Тарм. А64-А68)

Анықталған кемшіліктерді бағалау, хабарлау және жою

- 49. Фирма мониторинг нәтижесінде анықталған кемшіліктердің ықпалын бағалау, сонымен қатар анықтауы тиіс:
 - (a) Олардың кәсіби стандарттарға, реттеуші және заңгерлік талаптарға сәйкес фирма шығарған есептердің жағдайларға сай келетініне негізделген сенімділік беру үшін фирманың сапаны бақылау жүйесінің жеткіліксіздігін көрсетпейтін кемшіліктер болып табылатындығы; немесе
 - (b) Олардың кідіртпей түзейтін әрекеттерді талап ететін жүйелі, қайталанатын немесе өзге де маңызды кемшіліктер болып табылатындығы.
- 50. Фирма келісім бойынша лайықты серіктестерді және өзге де лайықты қызметшілерді мониторинг нәтижесінде анықталған кемшіліктер және лайықты түзейтін әрекеттер бойынша ұсыныстар туралы хабардар етуі тиіс. (Сілт: Тарм. А69)
- 51. Анықталған кемшіліктерді түзетудің тиісті шаралары бойынша ұсыныстарға төмендегілердің біреуі немесе бірнешеуі кіреді:
 - (a) Жеке келісім немесе қызметкерге қатысты лайықты түзетуші әрекеттердің орындалуы;
 - (b) Тренингтер және кәсіби дамыту үшін жауапты адамдарды нәтижелер туралы хабардар ету;
 - (c) Сапаны бақылау саясаты мен шаралардағы өзгертулер; және
 - (d) Фирманың саясаты мен рәсімдерін сақтамағандарға, әсіресе бірнеше рет жасаған адамдарға қатысты тәртіптік шара.
- 52. Егер мониторинг нәтижелері есептің жағдайларға сай келмейтінін немесе рәсімдердің келісім орындалуы барысында назардан тыс қалғанын көрсетсе, онда реттеуші кәсіби стандарттарға және заңгерлік талаптарға сай келу үшін фирма қандай әрекеттерді жасауы тиіс екенін анықтауы керек. Ол сонымен қатар заңгерлік кеңес алу қажеттілігі туралы мәселені қарауы тиіс.

53. Фирма кем дегенде жыл сайын серіктестерге және фирманың басқа тиісті тұлғаларына, оның ішінде фирманың бас атқарушы директорына немесе қажет болған жағдайда серіктестердің басқарушы кеңесіне өзінің сапа бақылау жүйесінің нәтижелерін хабарлайды. Бұл хабарлама фирма мен осы адамдарға олардың белгілі рөлдері мен міндеттеріне сәйкес қажет болған жағдайда жедел және тиісті шаралар қабылдауы үшін жеткілікті болуы керек. Берілетін ақпаратқа мыналар кіреді:
- (a) Жүргізілген мониторинг рәсімдерінің сипаттамасы.
 - (b) Мониторинг рәсімдері негізінде жасалған қорытындылар.
 - (c) Қажет болған жағдайда жүйелік, қайталанатын немесе басқа маңызды кемшіліктердің сипаттамасы және сол кемшіліктерді жою немесе түзету үшін қабылданған шаралар.
54. Кейбір фирмалар фирмалардың желісі бөлігі сияқты жұмыс жасайды және желілік нұсқаулыққа сәйкес мониторинг бойынша кейбір немесе барлық рәсімдерді енгізе алады. Егер фирма желіде осы СБХС сәйкестігі үшін жасалған мониторингтің жалпы саясаты мен шаралары бойынша жұмыс істесе, және фирма мониторингтің мұндай жүйесіне сенсе, онда:
- (a) Желі фирмалардың желісіндегі адамдарға мониторингтің жалпы ауқымы, көлемдері және нәтижелері туралы жылына кем дегенде бір рет хабарлайды; және
 - (b) Қажетті іс-шараларды қабылдау үшін желі дер кезінде сапаны бақылау жүйесіндегі кез-келген кемшіліктер туралы сәйкестігі фирма немесе фирмаларының желісі ішіндегі тиісті тұлғаларды хабардар ету керек,
- желілік фирмалардағы келісім бойынша серіктестер, егер фирмалар немесе желі басқаша кеңес бермесе, желі ішінде жүргізілген мониторинг процесінің нәтижелеріне сенім артуы үшін.

Шағымдар және Арыздар

55. Фирма өзінің мыналарды дұрыстап шешетініне негізделген сенімділік беруге арналған саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс:
- (a) Фирма орындаған жұмыс кәсіби стандарттарға, реттеуші және заңгерлік талаптарға сай келмейтіні туралы шағымдар мен арыздардың мәселелері; және
 - (b) Фирманың сапаны бақылау жүйесіне сәйкессіздігі туралы арыздардың мәселелері.

Осы процестің бір бөлігі ретінде фирма фирма қызметкеріне кез-келген алаңдаушылықты репрессиядан қорықпай алға жылжытуға мүмкіндік

беретін нақты арналарды орнатуы керек. (Сілт: Тарм. А70)

56. Егер зерттеу нәтижелері фирманың сапа бақылау шаралары мен саясатын жасауда немесе олардың жұмыс жасауындағы кемшіліктерін немесе фирмада сапаны бақылау жүйесіне тұлғаның немесе тұлғалардың сәйкессіздігін көрсетсе, онда фирма 51 тармаққа сәйкес әрекеттерді жасауы тиіс. (Сілт: Тарм. А71-А72)

Сапаны Бақылау Жүйесінің Құжаттамасы

57. Фирма сапаны бақылау жүйесінің әрбір элементінің жұмыс жасауына дәлелдер келтіру үшін лайықты құжаттаманы көздейтін саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс. (Сілт: Тарм. А73-А75)
58. Фирма құжаттаманы фирманың өзінің сапа бақылау жүйесіне сәйкестігін бағалай алуы үшін мониторинг рәсімін орындайтын тұлғаларға жеткілікті уақыт кезеңі ішінде немесе егер мұны заң немесе нормативтік актілер талап етсе, уақыттың ұзақ кезеңі ішінде сақтайды.
59. Фирма шағымдар мен арыздардың құжаттамасын және оларға жауаптарды талап ететін саясат пен рәсімдерді белгілейді.

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Байланысты Талаптар Сәйкестігі және Қолданылуы

Шағын Фирмаларға Арналған Қарастырулар (Сілт: Тарм. 14)

- A1. Бұл СБХС, мысалы, жалғыз маман штатсыз болған жағдайда, маңызды емес талаптарды сақтауға шақырмайды. Осы СБХС талаптары, мысалы, келісім бойынша топқа тиісті қызметкерді тағайындау үшін (31 тармақты қараңыз), жауапкершілікті тексеруге (33 тармақты қараңыз) және фирма ішінде келісім бойынша серіктестерге мониторинг нәтижелерін жыл сайын жеткізу үшін (53 тармақты қараңыз) саясаттар мен рәсімдер қызметкерлер болмаған жағдайда тиісті болып табылмайды.

Сапаны Бақылау Жүйесінің Элементтері (Сілт: Тарм. 17)

- A2. Тұтастай алғанда, фирма қызметкерлеріне жеткізу сапаны бақылау саясаты мен рәсімдері сапаны бақылау саясаты мен рәсімдерінің сипаттамасын және олар қол жеткізуге бағытталған мақсаттарды, сонымен қатар, әр адам сапа үшін жеке жауапкершілік алатындығын және оны орындайтындығы туралы хабарламаны қамтиды. Фирма қызметкерлерін сапаны бақылау мәселелері бойынша өз көзқарастарын немесе алаңдаушылықтарын жеткізуге ынталандыру фирманың сапаны

бақылау жүйесі туралы кері байланыс алудың маңыздылығын мойындайды.

Шағын Фирмаларға Арналған Қарастырулар

- A3. Ірі фирмаларға қарағанда шағын фирмалар үшін саясат пен рәсімдердің құжаттамасы мен байланысы ресмилігі аз және кең болуы мүмкін.

Фирма Басшылығының Сапа бойынша Жауапкершілігі

Сапа Ішкі Мәдениетін Алға Жылжыту (Сілт: Тарм. 18)

- A4. Фирма басшылығы және оның беретін үлгісі фирмада ішкі мәдениетке елеулі әсер етеді. Сапаға бағытталған ішкі мәдениетке дем беру айқын, жүйелі және тұрақты әрекеттерге және фирманың барлық деңгейдегі басшылығынан саясат және сапаны бақылау шараларына ден қоятын және төмендегілерді талап ететін хабарларға байланысты болады:

- (a) Кәсіби стандарттарға және реттеуші және заң талаптарына сәйкес жұмысты орындау; және
- (b) Жағдайларға лайықты есепті шығару.

Мұндай әрекеттер және хабарлар жұмыстардың жоғары сапасын мойындайтын және мадақтайтын мәдениетті алға жылжытады. Олар тренингтерде, кездесулерде, ресми және бейресми келіссөздерде, мақсатты мәлімдеуде, ақпараттық бюллетеньдерде, брифингтерде, меморандумдарда ұсынылуы мүмкін. Олар ішкі құжаттамаға және фирма тренингтер бойынша материалдарына, сонымен қатар фирманың назарын сапа маңыздылығына және оған қалай қол жеткізуге болатынына аудару үшін серіктестерді және қызметшілерді бағалау шараларына қосылады.

- A5. Фирма басшылығына фирманың бизнес стратегиясы әрбір келісімнің орындалуы кезінде сапаны сақтауға бағытталған фирманың негізгі талабы екенін мойындау аса маңызды. Дегенмен:

- (a) Фирманың бағалауды орындау саясаты мен шаралары, өзінің қызметшілеріне қатысты ынталандыру мен жоғарылату (ынталандыру жүйелері қоса алғанда) фирма сапа бойынша негізгі талаптарын ескеріліп, жасалады;
- (b) Фирма өзінің басшылығына жауаптылықты пайдалылық мәселесі орындалатын жұмыстардың сапасын елемейтіндей етіп жүктейді; және
- (c) Фирма құжаттаманы жасау, сапаны бақылауы саясаты мен шараларын қолдау үшін айтарлықтай ресурстарды бөледі.

Фирманың Сапа Бақылау Жүйесіне Операциялық Жауапкершілікті Тағайындау
(Сілт: Тарм. 19)

- А6. Жеткілікті және тиісті тәжірибе мен қабілет фирманың сапаны бақылау жүйесіне жауапты тұлғаға немесе тұлғаларға сапаны бақылау мәселелерін анықтауға және түсінуге және тиісті саясат пен рәсімдерді жасауға мүмкіндік береді. Қажетті орган тұлғаға немесе тұлғаларға осы саясат пен рәсімдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тиісті Әдеп Талаптары

Тиісті Әдеп Талаптарымен Сәйкестік (Сілт: Тарм. 20)

- А7. БХЭСК Кодексі кәсіби әдеп іргелі принциптерін белгілейді, олар мыналарды қамтиды:
- (a) Адалдық;
 - (b) Объективтілік;
 - (c) Кәсіби жете білушілік және лайықты мінез-құлық;
 - (d) Құпиялылық; және
 - (e) Кәсіби мінез-құлық.
- А8. БХЭСК Кодексінің В Бөлімі белгілі бір жағдайларда тиісті концептуалды жүйе қолданылуын сипаттайды. Онда негізгі қағидаттарға сәйкес келетін қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін қажет болуы мүмкін қорғаныс құралдарының мысалдары келтірілген, сондай-ақ қауіп-қатерлерді жою үшін қауіпсіздік шаралары қол жетімді емес жағдайлардың мысалдары келтірілген.
- А9. Тұғырнамалық қағидалар төменгідей күшейтіле алады:
- Фирманың басшылығы;
 - Білім беру және тренингтер;
 - Мониторинг; және
 - Сәйкессіздік бойынша үдеріс.

«Фирма», «Желі» және «Желілік фирма» Анықтамалары (Сілт: Тарм. 20-25)

- А10. Тиісті әдеп талаптарындағы «фирма», «желі» немесе «желілік фирма» анықтамалары осы СБХС-да көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, БХЭСК Кодексі «фирманы» келесідей анықтайды:
- (a) Жеке кәсіпкер, серіктестік немесе кәсіби бухгалтерлер корпорациясы;

- (b) Мұндай тараптарды меншік, басқару немесе басқа тәсілдер арқылы басқаратын ұйым; және
- (c) Меншік, басқару немесе басқа тәсілдер арқылы осындай тараптар бақылайтын кәсіпорын.

БХӘСК Кодексі «желі» және «желілік фирма» анықтамалары бойынша нұсқама ұсынады.

20-25 тармақтарындағы талаптармен салыстырғанда, тиісті әдеп талаптарында қолданылатын анықтамалар бұл әдеп талаптарын түсіндіру қажеттігі себебінен қолданылуы тиіс.

Жазбаша Растаулар (Сілт: Тарм. 24)

- A11. Жазбаша растау қағаз немесе электронды түрде болуы мүмкін. Сәйкес еместігін көрсететін ақпаратқа сәйкес растауды алып, тиісті шараларды қолдана отырып, фирма оның тәуелсіздікке қаншалықты мән беретіндігін көрсетеді және мәселені өз қызметкерлері үшін қол жетімді және көрінетін етеді.

Таныстық Қауіпі (Сілт: Тарм. 25)

- A12. БХӘСК Кодексі ұзақ кезең ішінде сенімділік орнату бойынша аға буын қызметкерді пайдаланудан пайда болатын қауіпін және сондай қауіптерін реттеуге лайықты болуы мүмкін сақтық шараларын талқылайды.

- A13. Қауіп келтіруі бойынша лайықты критерийлер мынадай:

- Келісім сипаты, қоғамдық мүдделері пәні ауқымын қоса алғанда; және
- Келісім бойынша аға буын қызметкердің қызметтері ұзақтығы.

Сақтық шаралары аға буын қызметкерлерді ауыстыруды немесе сапа бақылау келісімді шолу талап етуді қамтиды.

- A14. БХӘСК Кодексі бағаланатын ұйымдардың мәнмәтіндегі байланысы бар қарым-қатынастарын қарастырады. Бұл аудиттер үшін, БХӘСК Кодексі белгіленген кезеңнен кейін әдетте жеті жылда бір рет кем дегенде көкейтесті аудит әріптесін⁴ ауыстыруды талап етеді және лайықты стандарттарды мен нұсқаулықты береді. Ұлттық талаптар айналымның қысқа мерзімдерін белгілеуі мүмкін.

Қоғамдық сектордағы аудит ұйымдарына арнайы қарастырулар

- A15. Заңнамалық шаралар қоғамдық сектор аудиторларының тәуелсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін. Алайда, тәуелсіздікке төнетін қатерлер оны

⁴ БХӘСК Кодексінде анықталғандай

- қорғауға арналған кез-келген заңнамалық шараларға қарамастан сақталуы мүмкін. Сондықтан, 20-25-тармақтарда талап етілетін саясат пен рәсімдерді анықтаған кезде, қоғамдық сектордың аудитору қоғамдық сектордың мандатына қатысты болуы және осы тұрғыда тәуелсіздікке төнетін кез-келген қауіп-қатерге қарсы тұруы мүмкін.
- A16. 25 және A14-тармақтарда аталған бағаланатын ұйымдар қоғамдық секторда кең таралмайды. Сонымен қатар, көлеміне, күрделілігіне немесе қоғамдық қызығушылық аспектілеріне байланысты маңызды, және де мүдделі тараптардың кең ауқымына ие басқа да қоғамдық сектор субъектілері болуы мүмкін. Сондықтан фирма сапаны бақылау саясаты мен рәсімдеріне сүйене отырып, қоғамдық сектор субъектісі сапаны бақылау рәсімдерін кеңейту мақсатында маңызды екенін анықтайтын жағдайлар болуы мүмкін.
- A17. Қоғамдық секторда заңнама келісім бойынша серіктестің жауапкершілігімен аудиторды тағайындау мен өкілеттік мерзімін белгілей алады. Нәтижесінде, бағаланатын ұйымдар үшін қарастырылған жоба бойынша серіктесті ауыстыру талаптарын қатаң орындау мүмкін болмауы мүмкін. A16-тармақта айтылғандай, қоғамдық сектор субъектілері үшін маңызды деп санағанмен, қоғамдық сектордың аудиторлық ұйымдары жоба бойынша серіктестің жауапкершілігін бұру рухына сәйкес саясат пен рәсімдерді жасауы қоғамдық қызығушылық тудыруы мүмкін.

Клиентпен Қатынастарды және Арнайы Келісімдерді Қабылдау және Жалғастыру

Құзіреттілік, Мүмкіндіктер және Ресурстар (Сілт: Тарм. 26(а))

- A18. Жаңа немесе бұрыннан бар клиенттен жаңа келісім алу үшін фирманың құзыреттілігі, мүмкіндіктері мен ресурстарының бар-жоғын қарастыру келісімнің нақты талаптарын және барлық тиісті деңгейлердегі серіктес пен қызметкерлердің профильдерін қарастыруды қамтиды, оның ішінде:
- Фирма қызметкерлерінің тиісті салалар немесе тақырыптар туралы білімі бар;
 - Фирма қызметкерлерінің тиісті нормативтік немесе есептілік талаптары немесе қажетті дағдылар мен білімдерді тиімді алу мүмкіндігі бар;
 - Фирма қажетті құзіреттілік пен мүмкіндіктері бар жеткілікті кадрларға ие;
 - Қажет болған жағдайда дайын сарапшылар;

- Келісімнің сапасын бақылауды қайта қарау үшін өлшемшарттар мен жарамдылық талаптарына жауап беретін тұлғалар қажет болған жағдайда қол жетімді; және
- Фирма есеп беру мерзімі ішінде келісімді орындай алады.

Клиенттің тұтастығы (Сілт: Тарм. 26(с))

A19. Клиенттің тұтастығына қатысты қарастырылуы тиіс мәселелер мынадай:

- Клиенттің бас меншік иелерінің, бас басқарманың, және өкілеттік берілген адамдардың іскерлік абыройы мен түпнұсқалылығы.
- Клиенттің операциялар сипаты, оның ішінде іскерлік дағдылары.
- Клиенттің негізгі иелері, негізгі басшылығы және оны басқаруға жауапты тұлғалар бухгалтерлік есеп стандарттары мен ішкі бақылау ортасын агрессивті түсіндіру сияқты мәселелерге қатынасы туралы ақпарат.
- Клиент фирманың төлемдерін мүмкіндігінше төмен деңгейде ұстап тұруға агрессивті түрде қарамайды.
- Жұмыс көлеміндегі орынсыз шектеудің белгілері.
- Клиенттің ақшаны жылыстатуға немесе басқа қылмыстық әрекеттерге қатысуы мүмкін екендігі туралы нұсқамалар.
- Фирманың болжамды тағайындалу себептері және бұрынғы фирманы қайта тағайындамау.
- Байланысты тараптар іскерлік абыройы мен түпнұсқалылығы.

Фирманың клиенттің тұтастығы туралы білім деңгейі, әдетте, сол клиентпен тұрақты қарым-қатынас аясында өседі.

A20. Фирма алған осындай мәселелер бойынша ақпарат көздеріне мыналар кіруі мүмкін:

- Тиісті әдеп талаптары мен басқа үшінші жақтармен талқылауларға сәйкес кәсіби бухгалтерлік қызметтер бойынша ағымдағы немесе алдағы қызмет көрсетушілер клиентті хабардар етуі қажет.
- Басқа фирмалық қызметкерлерді немесе банкирлерді, заңгерлерді және салалық әріптестер сияқты үшінші тараптарды сұрастыру.
- Тиісті дерекқорларды ілеспе іздестіру.

Клиентпен Қарым-Қатынасты Жалғастыру (Сілт: Тарм. 27(а))

A21. Клиентпен қарым-қатынасты жалғастыру туралы шешім ағымдағы немесе алдыңғы келісімдер барысында туындаған маңызды мәселелерді және олардың қарым-қатынасты жалғастыруға тигізетін әсерін қарастыруды қамтиды. Мысалы, клиент өзінің іскери операцияларын фирманың қажетті тәжірибесі жоқ салада кеңейте бастаған болуы мүмкін.

Бас тарту (Сілт: Тарм. 28)

A22. Келісімнен бас тарту немесе келісіммен бірге клиентпен қарым-қатынастардан бас тарту бойынша саясаттар мен шаралар төменгі қамтитын мәселелерді реттеуі керек:

- Қатысты деректер және жағдайлар негізінде клиенттің басқарушылығының және өкілеттік берілген басшылығының лайықты деңгейімен фирма қабылдауы мүмкін әрекеттерді талқылау.
- Фирма клиенттің басқарушылығының және өкілеттік берілген басшылығының лайықты деңгейімен талқылап келісімнен бас тарту немесе келісіммен бірге клиентпен қарым-қатынастардан бас тарту екендігін, сонымен қатар себептерін анықтай береді.
- Фирмаға нарықта әрекет етуге немесе фирмаға келісімді орындаудан бас тартуға немесе келісім бойынша келісім мен клиент қатынастарына келісімді орындау себептерімен бірге кәсіптік, заңды немесе нормативтік-құқықтық талаптарының бар-жоқтығын зерттеуі қажет.
- Елеулі мағлұматтар, кеңестер, қорытындалыр мен олардың негіздері құжаттауы.

Қоғамдық сектордағы Аудиторлық Ұйымдар Пікірлері (Сілт: Тарм. 26-28)

A23. Қоғамдық секторда аудиторлар заңнамалық рәсімдермен сәйкес тағайындала алады. Осыған сәйкес, 26-28 тармақтарда және A18-A22 тармақтарында көрсетілген клиент арасындағы қарым-қатынастар қабылдануы мен ұдайылығы және арнайы келісімдер лайықсыз бола алмайды. Әйткенмен, көрсетілгендей саясаттар мен шаралар құру тәуекел бағалағанда және есеп беру жауапкершіліктерді орындағанда қоғамдық сектордағы аудиторларға құнды ақпаратты беруі мүмкін.

Қызметкерлер ресурстары (Сілт: Тарм. 29)

A24. Қызметкерлер ресурстарына қатысты фирманың саясат пен рәсімдерімен байланысты кадр сұрақтарына, мысалыға, келесілер жатады:

- Жұмысқа қабылдау.
- Жұмыс нәтижелерін бағалау.
- Қабілеттілік, оның ішінде тапсырма орындау үшін уақыт.
- Жете білушілік.
- Мансапты дамыту.
- Алға жылжу.
- Ынталандыру.
- Қызметшілердің қажеттіліктерін бағалау.

Фирманың жұмысқа қабылдау процесі фирмаға қызметкерлерін таңдауын, фирма жұмыстарын орындауға қажетті қабілеттіліктері мен жете білушілігін дамытуына көмектесетін шараларды қамтиды.

A25. Құзіреттілікті әр түрлі әдістер арқылы дамытуға болады, соның ішінде:

- Кәсіби білім.
- Толассыз кәсіби білім беру, тренингтерді қоса алғанда.
- Жұмыс тәжірибесі.
- Тәжірибелірек қызметшілердің, мысалы, келісім тобының басқа мүшелерінің оқытуы.
- Тәуелсіз болуы тиісті қазметкерге арналған тәуелсіздік білімі.

A26. Фирма қызметшілерінің тұрақты жете білушілігі айтарлықтай дәрежеде қызметшілердің өз білімін және қабілеттіліктерін шыңдап отыруын қамтамасыз ететін толассыз кәсіби білім берудің лайықты деңгейіне байланысты болады. Сайып келгенде, фирма өзінің саясаты мен шараларында барлық деңгейлердегі қызметшілерінің толассыз тренингіге қажеттілікті бөліп көрсетеді және тренинг бойынша ресурстарды береді және қызметшілерге қабілеттіліктері және жете білушілігін дамытуына және шыңдап отыруына мүмкіндік беретін көмегін көрсетеді.

A27. Ішкі техникалық ресурстар және тренинг бойынша ресурстар жоқ болғанда фирма лайықты біліктілігі бар тартылған қолдана алады.

A28. Қызмет нәтижелерін бағалау, өтемақы және көтермелеу рәсімдері біліктілік пен әдеп қағидаларын ұстануды дамыту мен қолдауға лайықты түрде танылады және марапаттайды. Фирманың құзыреттілік пен әдеп қағидаларды ұстануды дамыту мен қолдауындағы қадамдары мыналар:

- Қызметшілерді жұмыс нәтижелері және әдеп принциптеріне

қатысты фирманың болжамдары туралы хабардар етеді;

- Қызметкерлерге орындау, мансапты ілгерілеу мен даму бойынша ақыл-кеңес береді; және
- Қызметшілерге, жауаптылығы үлкен лауазымдарға жоғарылату өзгелерден басқа, орындау сапасына және әдеп принциптерінің сақталуына байланысты екенін және фирманың саясаты және шараларына сәйкессіздік тәртіптік жазаларға апарып соға алатынын түсінуіне көмектеседі.

Шағын Фирмаларға Арнайы Қарастырулар

A29. Фирманың мөлшері мен жағдайлары фирма жұмысының нәтижелерін бағалау процесінің құрылымына әсер етеді. Ұсақ фирмалар, атап айтқанда, өз қызметшілері жұмыс нәтижелерін бағалаудың формалдық кемірек әдістерін қолдана алады.

Келісім бойынша Жұмыс Істейтін Топ Тапсырмасы

Келісім бойынша Серіктестер (Сілт: Тарм. 31)

A30. Саясаттар мен рәсімдер жұмыс және келісім бойынша серіктестер қолжетімділігін мониторингтеу үшін жүйені қосады, сондықтан бұл тұлғалар олардың жауапкершіліктерін сайма-сай босату үшін жеткілікті уақытқа ие болуы керек.

Келісім Топтары (Сілт.Тарм. 31)

A31. Келісім бойынша топты тағайындау кезінде және қадағалаудың қажетті деңгейін анықтау кезінде қаралатын қабілеттіліктер және жете білушілік төмендегілерді қамтиды:

- Лайықты тренинг және қатысу жолымен осындай сипаттағы келісімдерді және олармен практикалық тәжірибе мен қиындығын білу;
- Кәсіби стандарттарды және нормативтік-құқықтық талаптарды білу;
- Лайықты техникалық білім, лайықты ақпараттық технологияларды білу қоса алғанда;
- Клиент жұмыс істейтін лайықты салаларды білу;
- Кәсіби пікір білдіру қабілетін қолдану; және
- Сапаны бақылауы саясаты мен шараларын білу.

Келісімнің Орындалуы

Келісімнің Орындалуы Сапасына қатысты Келісушілік (Сілт: Тарм. 32(a))

A32. Саясат пен рәсімдерді қолдана отырып, фирма келісімнің орындалу сапасына қатысты келісушілікті белгілеуге ұмтылады. Бұл көбінесе қағаз немесе электрондық пішіндегі нұсқаулықтар, бағдарламалар және стандартты құжаттардың басқа нысандары және зерттеу саласы мен мәні бойынша арнайы нұсқаулықтардың материалдары арқылы жүзеге асырылады. Қаралатын материалдар төмендегілерді қамтиды:

- Олардың жұмысының мақсаты туралы білім алуына арналған келісімнің орындалуына қатысты келісім бойынша топқа нұсқау беру.
- Келісім белгіленген стандарттарға сәйкестік үдерісі.
- Келісімді қадағалау, қызметшілерді оқыту процесі.
- Орындалған жұмысты, маңызды пікірлерді және шығарылуы тиісті есептің нысандарын шолу әдістері.
- Орындалған жұмыстың, мерзімдері мен шолу ауқымына лайықты құжаттама.
- Саясат пен рәсімдердің қолданылу процесінің сақталуы.

A33. Топ жұмысы мен тренингтер келісім тобының тәжірибесі аз мүшелеріне орындайтын жұмысының мақсатын түсінуіне көмектесу үшін қажет.

Қадағалау (Сілт: Тарм. 32(b))

A34. Келісім қадағалауы төмендегілерді қамтиды:

- Келісімнің орындалу кезеңдерін қадағалау;
- Келісім тобының кейбір мүшелерінің қабілеттіліктері мен жете білушілігін зерттеу, яғни олардың жұмысты орындауына жеткілікті уақыты бар ма, олар нұсқаулықтарды біле ме және жұмыс келісімді орындауға жоспарланған көзқарасқа сәйкес орындалып жатыр ма;
- Келісім барысында туындайтын маңызды мәселелерді қарау, олардың маңыздылығын зерттеу және жоспарланған көзқарасты лайықты түрлендіру; және
- Келісім барысында жоба бойынша топтың неғұрлым тәжірибелі мүшелерімен кеңесу немесе қарау үшін мәселелерді анықтау

Шолу (Сілт: Тарм. 32(d))

A35. Шолу келесілерді қарастырудан тұрады:

- Жұмыс кәсіби стандарттарға, реттеуші және заңгерлік талаптарға сәйкес орындалды ма;
- Одан арғы қарауға маңызды мәселелер шығарылды ма;
- Лайықты кеңестер берілді ме және қол жеткен нәтижелер құжатталды ма және орындалды ма;
- Орындалған жұмыстың сипатын, мерзімдері мен ауқымын қайта қарау қажет пе;
- Орындалған жұмыс жасалған қорытындыларды қуаттай ма және тиісінше құжатталған ба;
- Алынған дәлелдер есепті растауға сай келе ме; және
- Келісім бойынша рәсімдердің мақсаттарына қол жеткізілді ме.

Кеңес беру (Сілт: Тарм. 34)

A36. Кеңес беру тиісті кәсіби деңгейде, фирманың ішінде немесе одан тыс жерде арнайы мамандандырылған тұлғалармен талқылауды қамтиды.

A37. Кеңестер фирманың лайықты зерттеу ресурстарын, ұжымдық және техникалық тәжірибесін қолданады. Кеңестер кәсіби пікірдің сапаны жақсартуға және қолдануға көмектеседі. Фирма кеңестер күшті тараптар ретінде танылатын және қызметшілердің қиын және даулы мәселелер бойынша кеңес алуын көтермелейтін мәдениетті жасауға ұмтылады.

A38. Басқа мамандармен немесе фирмадан тыс жерде лайықты адамдардан кеңес алуды тиімді кеңестер кеңесшілердің техникалық, әдеп немесе өзге де мәселелер келісім бойынша тек кеңес беру барысында жетілуі мүмкін:

- Ақпараттық кеңес беруге мүмкіндік беретін лайықты фактілермен қамтамасыз етілуін көздейді; және
- Білімі, өтілі және тәжірибесі бар адамдардан кеңес алуды,

сонымен қатар кеңестердің негізінде лайықты құжаттауды және қорытындыларды іске асыруды көздейді.

A39. Басқа мамандардан қиын немесе даулы мәселелер бойынша алынған кеңестерді құжаттауды кеңестер керек болатын адам және кеңесші

үйлестіреді. Құжаттама төмендегілерді білу үшін жеткілікті түрде толық және егжей-тегжейлі болуы тиіс:

- Кеңес керек болған мәселе; және
- Осы шешімдер негізделген, барлық қабылданған шешімлерді қоса алғанда, олардың қалай орындалғаны туралы кеңестің нәтижелері.

Шағын Фирмаларға Арнайы Қарастырулар

A40. Сыртқы кеңес алуға мұқтаж фирма, мысалы, тиісті ішкі ресурстарсыз фирма, ұсынатын кеңес беру қызметтерін пайдалана алады:

- Басқа фирмалар;
- Кәсіби және реттеуші органдары; немесе
- Сапаны бақылау бойынша лайықты қызмет көрсететін коммерциялық ұйымдар көрсететін консалтинг қызметтерін пайдаланып қала алады.

Осындай көрсетілетін қызметтер бойынша келісімге қол қойылғанға дейін фирма сыртқы провайдердің біліктілігінің осы мақсат үшін жеткілікті екеніне көзін жеткізуі тиіс.

Келісімнің орындалу сапасын бақылауды шолу

Келісімнің орындалу сапасын бақылауды шолу өлшемшарттары (Сілт: Тарм. 35(с))

A41. Бағаланатын ұйымдардың қаржылық есептілігі аудиттерінен басқа келісімдерді анықтау кезінде фирманың келісімнің орындалу сапасын бақылауды шолуды өткізу керек болатын қарайтын өлшемдері төмендегілерді қамтиды:

- Келісімнің сипаты, оған қоғамдық мүдденің дәрежесін қоса алғанда.
- Әдеттегіден тыс жағдайларда немесе келісім бойынша немесе келісімдердің сыныбында тәуекелдерді анықтау.
- Заң немесе нормативтік актілерге сәйкес сапа бақылау келісімнің орындау шолуды талап етіле ме.

Келісім сапасын бақылауды шолудың сипаты, мерзімі және көлемі (Сілт: Тарм. 36-37)

A42. Келісім сапасын бақылауды шолудың аяқталғаннан кейін, келісімнің орындалуы бойынша есеп шығарады. Атап айтқанда, есеп шығарылғаннан кейін Келісім сапасын бақылауды шолудың нәтижелерін құжаттау мүмкін.

- A43. Келісім сапасын бақылауды тексерушінің келісімнің орындалуы барысында белгілі бір кезеңдер бойынша келісілген мерзімдерде, маңызды мәселелер есеп шығаруына дейін тексерушілерді қанағаттандыру үшін шешіле алатындай етіп шолу өткізеді.
- A44. Келісімнің сапасын бақылауды шолу деңгейі, басқалармен қатар, келісімнің күрделілігіне, ұйымның бағаланатын ұйым болып табылатындығына және жағдайға сәйкес есеп берілмеу қаупіне байланысты болуы мүмкін. Келісім сапасын бақылауды шолу жоба бойынша серіктестің міндеттерін төмендетпейді.

Бағаланатын Ұйымының Келісім сапасын бақылауды шолуы (Сілт: Тарм. 38)

A45. Бағаланатын ұйымдардың қаржылық есептілігі аудиттерінен ерекшеленетін сапа бақылау келісімнің шолу жағдайларына қарай жоғарыда көрсетілген барлық немесе кейбір мәселелерді қамти алады:

- Келісімнің орындалуы барысында анықталған маңызды тәуекелдер және осы тәуекелдер бойынша жауап әрекеттер.
- Атап айтқанда тәуекелдердің маңыздылығына және мәніне қатысты білдірілген пікірлер.
- Келісімнің орындалуы барысында анықталған түзетілген және түзетілмеген бұрмаланулардың маңыздылығы және таратылуы.
- Басшылық және басқару өкілеттігіне ие тұлғалар қажеттілік кезінде, реттеуші органдары сияқты өзге тараптар хабардар етілуі керек болатын мәселелер.

Бұл мәселелер жағдайларға қарай басқа ұйымдар қаржылық есептілік аудиттерін бақылау шолуға, сонымен қатар қаржылық есептілікті шолуға және сенімділік орнатуға және ілеспе қызметтер бойынша келісімдерге қолданыла алады.

Қоғамдық сектордағы аудиторлық ұйымдарға арнайы қарастырулар

A46. A16 тармағында көрсетілгендей бағаланатын ұйымдар болып табылмай отырса, белгілі бір қоғамдық сектордағы ұйымдар сапа бақылау келісімнің шолуы орындалуына кепілдемелер жасау үшін жеткілікті маңыздылығы бар болуы мүмкін.

Келісім Сапасын Бақылауды Тексерушілердің Қолайлылық Өлшемдері

Жеткілікті және лайықты Техникалық Біліктілік, Тәжірибе мен Өкілеттіктер
(Сілт: Тарм. 39(a))

A47. Жеткілікті және тиісті техникалық сараптама, тәжірибе және өкілеттіктер келісімнің жағдайларына байланысты болады. Мысалы,

бағаланатын ұйым қаржылық есептілігінің аудиті бойынша келісімді орындау сапасын бақылауды тексеруші, жеткілікті және тиісті тәжірибесі бар және бағаланатын ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудиті бойынша аудиторлық келісім бойынша серіктес ретінде әрекет ете алатын тұлға болуы мүмкін.

Келісім Сапасын Бақылауды Тексерушімен Кеңесу (Сілт: Тарм. 39(b))

A48. Келісім бойынша серіктес келісім барысында сапаны бақылауды тексерушімен кеңесуі мүмкін, мысалы, келісім бойынша серіктес қабылдаған шешім келісімді орындау сапасын бақылауды тексеруші үшін қолайлы болатындығын анықтау үшін. Мұндай кеңес келісімнің соңғы кезеңінде пікірлердің арасындағы келіспеушіліктерді анықтауға жол бермейді және келісімді орындау сапасын бақылауды тексерушінің рөлі орындау құқығына нұқсан келтірудің қажеті жоқ. Егер консультациялар сипаты мен ауқымы елеулі болған жағдайда, жоба бойынша топ та, рецензент те шолушының объективтілігін сақтауға қамқорлық жасамаса, рецензенттің объективтілігі бұзылуы мүмкін. Егер бұл мүмкін болмаса, фирмадағы басқа тұлға немесе тиісті біліктілігі бар сыртқы тұлға келісімді орындау сапасын бақылауды тексеруші немесе келісім бойынша кеңесілетін адам рөлін алуға тағайындалуы мүмкін.

Келісім Сапасын Бақылауды Шолушының Объективтілігі (Сілт: Тарм. 40)

A49. Фирманың саясаты мен рәсімдері келісімнің орындалу сапасын бақылауды тексерушінің объективтілігін қолдау үшін жасалған. Мысалы, сапа бақылау келісімнің орындалуын тексеруші:

- Мүмкін болса, жоба бойынша серіктес таңдамайды;
- Қарастыру кезеңінде келісімге басқаша қатыспайды;
- Жоба бойынша топ үшін шешім қабылдамайды; және
- Тексерушінің объективтілігіне қауіп төндіретін басқа пікірлер қарастырылмайды.

Шағын фирмаларға арнайы қарастырулар

A50. Әріптестері аз фирмалар жағдайында, келісім серіктесі келісімді орындау сапасын бақылауды тексерушіні таңдауға қатыспауы мүмкін. Жеке кәсіпқойлар немесе шағын фирмалар келісімнің сапасын бақылауды тексеруді талап ететін келісімдерді анықтаған жағдайда, тиісті біліктілігі бар сыртқы тұлғалармен келісімшарт жасалуы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір жеке кәсіпқой практиктер немесе шағын фирмалар келісімді орындау сапасын бақылауды шолу үшін басқа фирмаларды пайдалануды қалауы мүмкін. Егер фирма тиісті біліктілігі бар сыртқы тұлғалармен келісімшарт жасаса, 39-41-тармақтардағы

талаптар және А47-А48 тармақтардағы нұсқаулар колданылады.

Қоғамдық сектордағы аудиторлық ұйымдарға арнайы қарастырулар

А51. Қоғамдық секторда, заңмен тағайындалған аудитор (мысалға, Бас Аудитор, немесе Бас Аудитордың атынан тағайындалған басқа лайықты біліктілігі бар тартылған адам) келісім бойынша серіктес қоғамдық сектордағы аудиттер үшін жалпы сипаттағы жауапкершілігі бар рөлінің эквивалентін орындауы тиіс. Осыған сәйкес, керек болғанда, келісімнің орындалу сапасын бақылау тексерушінің таңдалуы аудиттеленген субъекттен тәуелсіздік керектілігін және объективті бағалау үшін келісімнің орындалу сапасын бақылау тексерушінің қабілеттілігін қамтиді.

Пікірдің Айырмашылықтары (Сілт: Тарм. 43)

А52. Тиімді рәсімдер пікірлер арасындағы келіспеушіліктерді ертерек анықтауға мүмкіндік береді, одан кейін қабылданатын қадамдар туралы нақты нұсқаулар береді және келіспеушіліктерді шешу және қол жеткізілген тұжырымдарды орындау үшін құжаттаманы талап етеді.

А53. Айырмашылықтарды жою үшін басқа бухгалтер немесе фирмаға немесе кәсіби немесе реттеуші органдар кеңес берілуін қамтиді.

Келісім құжаттамасы

Соңғы Келісім Құжаттарын Жинауды Аяқтау (Сілт: Тарм. 45)

А54. Заң немесе ережелер келісімнің нақты түрлері бойынша келісімнің түпкілікті құжаттарын жинау аяқталатын мерзім белгілей алады. Егер заңда немесе ережеде мұндай мерзім шектеулері болмаса, 45 тармақ фирмандан келісімнің түпкілікті файлдарын жинауды уақтылы аяқтау қажеттілігін көрсететін мерзім белгілеуді талап етеді. Мысалы, аудит жағдайында мұндай мерзім, әдетте, аудиторлық есеп күнінен кейін 60 күннен аспайды.

А55. Егер субъектіні зерттеудің мәні бойынша бір ақпаратқа қатысты екі немесе одан көбірек есеп шығарылған болса, онда фирманың келісімнің соңғы құжатын жинау мерзімдеріне қатысты саясаты және шаралары әр есепті бөлек келісім ретінде қарауы тиіс. Мысалы, фирма топтарды біріктіру мақсатында топтаманың қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есепті және содан соң заңнамалық мақсатта сол қаржылық ақпараттың аудиторлық есебін шығарғанда.

Келісім Құжаттамасының Құпиялылығы, Қауіпсіздігі, Тұтастығы, Қол жетімділігі және Алынуы (Сілт: Тарм. 46)

- A56. Егер клиенттің белгілі бір ақпаратты ашуға уәкілеттік берілмеген болса немесе заңнама, ережелер немесе тиісті әдеп талаптары бойынша жауапкершіліктері болмаса, тиісті әдеп талаптары фирманың қызметкерлеріне келісім құжаттамасындағы ақпараттың құпиялығын әрдайым сақтау міндеттемесін белгілейді.⁵ Нақты заңдар немесе ережелер фирма персоналына клиенттің құпиялығын сақтау бойынша қосымша міндеттемелерді жүктеуі мүмкін, әсіресе жеке сипаттағы мәліметтерге қатысты.
- A57. Егер фирманың рұқсатынсыз құжаттаманың өзгертілуі, толықтырылуы немесе алынып тасталуы немесе егер ол мәңгі-бақи жоғалған немесе зақымдалған болуы мүмкін болса, келісім қағаз, электрондық пішінде немесе басқа сақтау нысандарында құжатталса, негізгі деректердің бүтіндігі, қол жетерлілігі және қалпына келтірілуі тәуекелге ұшырауы мүмкін. Тиісінше, фирма келісім құжаттамасы бойынша лайықты бақылауды жасап енгізуі тиіс:
- Келісім құжаттамасын кімнің қашан жүзеге асырып, өзгертіп немесе тексеруі тиіс екенін анықтау;
 - Келісімнің барлық кезеңдерінде, әсіресе ақпарат келісім тобының ішінде бөлінген немесе Интернет арқылы басқа тараптарға берілген кезде ақпарат бүтіндігін қорғау;
 - Келісім құжаттамасын рұқсатсыз өзгертілуін болдыртпау; және
 - Келісім бойынша топқа және өз міндеттерін дұрыстап орындауы үшін өзге уәкілетті тараптарға келісім құжаттамасына кіруге рұқсат беру.
- A58. Бақылаулар, фирманың құпиялықты сақтау, келісім құжаттамасын қауіпсіз сақтау, бүтіндігі, қол жетерлілігі және қалпына келтірілуі үшін жасай және енгізе алатын бақылаулары мыналарды қамтиды:
- Келісім тобының мүшелерінің электрондық пішінде келісім құжаттамасына рұқсаты жоқ пайдаланушылардың кіруін шектеуге арналған құпиясөздерді қолдануы.
 - Келісім барысындағы лайықты кезеңдерде электрондық пішіндегі келісім құжаттамасына арналған сақтаудың тиісті тегі.
 - Келісімнің бастапқы кезеңінде келісім тобының мүшелері арасында келісім құжаттамасын дұрыстап бөлуге арналған шаралар, келісімнің орындалуы барсында оны өңдеу және келісімнің орындалуының аяқталатын кезеңінде жинау.

⁵ Мысалы, БХӨСК Кодексінің 140.7 және 225.35 Бөлімдерін қараңыз

- Рұқсатты шектейтін және келісім құжаттамасын қағаз пішінінде дұрыстап бөлу және сақтауға мүмкіндік беретін шаралар.

А59. Тәжірибелік себептер бойынша құжаттың түпнұсқалары келісім файлына қосу үшін электронды түрде сканерленуі мүмкін. Мұндай жағдайларда фирманың құжаттаманың тұтастығын, қол жетімділігі мен алынуын қамтамасыз етуге арналған рәсімдері келісім бойынша топтарға мыналарды талап етуі мүмкін:

- Қолтаңбаларды, айқасқан сілтемелер және түсініктемелерді қоса алғанда сканирленген, құжаттама түпнұсқаларының мазмұнын бейнелейтін көшірмелерді жинау;
- Сканерленген көшірмелерді индекстеу мен қажеттілік кезінде оларға қол қоюды қоса алғанда сканирленген көшірмелерді келісім құжатына енгізу; және
- Сканерленген көшірмелерді алуға және басып шығаруға мүмкіндіктің болуы.

Сканерленген түпнұсқа құжаттаманы сақтау үшін фирманың заңды, реттеуші немесе басқа себептері болуы мүмкін.

Келісім Құжаттамасын Сақтауды Ұзарту (Сілт: Тарм.47)

А60. Фирманың келісім құжаттамасын сақтауға деген қажеттілігі және оны сақтау мерзімі келісімнің сипатына және фирманың жағдайына байланысты болады, мысалы, келісім құжаттамасы болашақ келісімдер үшін маңыздылығы бар мәселелерді есепке алу үшін қажет немесе қажет емес болуы. Сақтау мерзімі басқа факторларға байланысты болуы мүмкін, мысалы, жергілікті заңдар немесе ережелер келісімдердің белгілі бір түрлерін сақтаудың нақты мерзімдерін белгілеу немесе белгілемейтіндігі, немесе белгілі бір заңдық немесе реттеуші талаптар болмаған кезде юрисдикцияда жалпы қабылданған сақтау кезеңдерінің бар-жоқтығы.

А61. Аудиторлық келісімдерге қатысты ұзарту кезеңі әдетте аудиторлық есептің күніне дейін немесе ол кешірек шығарылса, топ бойынша аудиторлық есеп күнінен кемінде бес жылды құрайды.

А62. 47 тармақ бойынша фирманың келісім құжаттамасын сақтауды ұзарту үшін қабылдаған шаралары мынадай рәсімдерді қамтиды:

- Сақтап қоюдың кезең ішінде келісім бойынша келісімнің құжаттамасын алуға немесе көз жеткізуге мүмкіншілік береді, әсіресе, негіз жататын технология жетілдірілуі мүмкін немесе уақыт арқылы өзгертіледі;

- Қажеттілік кезінде келісім файлын жинау аяқталғаннан кейін келісім құжаттамасына енгізілген өзгертулердің жазбаларын ұсынады; және
- Уәкілетті сыртқы тараптарына сапаны бақылау мақсатында немесе басқа мақсаттарда ерекше келісімдердің құжаттамасына рұқсат алуына және мүмкіндік береді.

Келісім құжаттамасына меншік құқығы

А63. Егер заңдар немесе нормативтік актілермен өзгеше көзделмесе, келісім құжаттамасы фирма меншігі болып табылады. Фирма өзінің қарауынша, келісім құжаттамасының бөлігін немесе үзінділерін клиенттеріне мұндай ашып көрсетулер орындалған жұмыстардың жарамдылығын кемітпейтін болса, немесе ақпараттың дұрыстығын растау бойынша келісімдер фирма немесе оның қызметшілерінің тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтін жағдайда бере алады.

Мониторинг

Фирманың Сапаны Бақылау Саясаттарын және Рәсімдерін Мониторингтеу
(Сілт: Тарм. 48)

А64. Мониторингтің сапаны бақылау саясаты мен рәсімдеріне сәйкестігінің мақсаты мыналарды бағалауды жүзеге асыру:

- Кәсіби стандарттарды, реттеуші және заңгерлік талаптарды орындау;
- Сапаны бақылау жүйесін жасауға және нәтижелі жұмыс жасауына сәйкестігі; және
- Фирма немесе келісім бойынша серіктес шығарған есептер жағдайларға сай болатындай фирманың сапаны бақылау саясаты мен рәсімдерін қолдануға сәйкестік.

А65. Сапаны бақылау жүйесін тұрақты зерттеу және бағалау мынадай мәселелерді қамтиды:

- Талдау:
 - Кәсіби стандарттарда, реттеуші және заңгерлік талаптардағы өзгертулер, және олардың фирманың саясаты мен рәсімдерінде бейнеленуі;
 - Тәуелсіздік бойынша саясат пен рәсімдерінде сәйкестікті жазбаша растаулар;
 - Толассыз кәсіби білім беру, тренингтерді қоса алғанда; және

- Клиентпен қатынастарды қабылдау мен жалғастырумен байланысты талқылаулар және ерекше келісімдер.
- Білім беру және тренингтер бойынша фирманың саясаты мен рәсімдерін өзгертуді қоса алғанда, жүйеге қатысты қолданылуы қажетті түзейтін әрекеттер мен жетілдіруді анықтау.
- Жүйені білу немесе оған сәйкестік деңгейінде анықталған әлсіз жақтары туралы тиісті қызметшілерді хабардар ету.
- Сапаны бақылау саясаты мен рәсімдеріне дер кезінде қажетті түрлендіру енгізу үшін тиісті қызметшілердің одан кейінгі жұмысы.

А66. Тексеруге циклдер бойынша саясаттар мен рәсімдер кем дегенде әдетте үш жылдан аспайтын циклін қамтиды. Кейбір келісімдерді таңдау мерзімдерін қоса алғанда тексерудің циклін анықтау әдісі көптеген факторларға байланысты болады, олар төмендегілерді қамтиды:

- Фирманың көлемі.
- Офистердің саны және географиялық орналасуы.
- Өткен мониторингтердің нәтижелері.
- Қызметкерлер мен офистердің өкілеттіктерінің деңгейі (мысалы, кейбір офистер өзінің тексеруін өткізуге уәкілетті ме немесе тек қана бас офистердің мұндай құқығы бар ма).
- Ұйымның мен фирманың тәжірибесінің сипаты мен қиындығы.
- Фирма клиентпен және ерекше келісімдермен байланысты тәуекелдер.

А67. Тексеру процесі келісім бойынша топты алдын ала хабарлаусыз таңдалуы мүмкін келісімдерді таңдауды қамтиды. Тексеру ауқымын анықтау кезінде фирма тексерудің тәуелсіз сыртқы бағдарламаларының ауқымы немесе қорытындыларын ескере алады. Бірақ тексерудің тәуелсіз сыртқы бағдарламалары фирма мониторингінің ішкі бағдарламаларын ауыстыра алмайды.

Шағын Фирмаларға арнайы Пікірлер

А68. Шағын фирмалар жағдайында мониторинг шаралары фирманың сапасын бақылау жүйесін өндеуге және енгізуге уәкілетті тұлғалармен орындалуы тиіс. Шағын фирмалар және жеке тексерушілер лайықты біліктілігі бар тартылған тұлғаларды немесе келісімдердің тексеруді және мониторингті өзге шараларын орындау үшін басқа фирмаларды қолдана алады. Олар сонымен қатар мониторингті орындау үшін басқа лайықты ұйымдармен ресурстарды алмасу талаптарды анықтай алады.

Кемшіліктер Хабардар Етілуі (Сілт: Тарм. 50)

- A69. Келісім бойынша лайықты серіктестен ерекшеленетін адамдардың міндеттерін дұрыстап таратуы қажет болатын айқындалу болса да, келісім бойынша лайықты серіктестен ерекшеленетін тұлғаларға айқындалған кемшіліктер туралы есеп беру арнайы келісімдер айқындалуын қамтуы қажет емес.

Шағымдар және Арыздар

Шағымдар және арыздар көздері (Сілт: Тарм. 55)

- A70. Шағымдар мен арыздар (нақты болмайтын жағдайларды қамтымайды) фирманың ішінен немесе одан шығуы мүмкін. Оларды фирманың қызметкерлері, клиенттер немесе басқа үшінші тұлғалар жасай алады. Оларды жоба бойынша топ мүшелері немесе фирманың басқа қызметкерлері қабылдауы мүмкін.

Тергеу Саясаттары мен Рәсімдері (Сілт: Тарм. 56)

- A71. Фирма өзінің мыналарды дұрыстап шешетініне арналған саясат пен рәсімдерді жасауы тиіс:

- Лайықты және жеткілікті тәжірибесіне ие болды ма;
- Фирма ішінде өкілетті болды ма; және
- Келісімге басқаша қатыспады ма.

Керек болғанда, тексеруін қадағалайтын серіктес заң кеңсесін қамти алады.

Шағын Фирмаларға Арнайы Қарастырулар

- A72. Кейбір серіктестері шағын фирмалар жағдайында тергеуді бақылайтын серіктестің келісімге қатыспауы мүмкін емес. Бұл кішігірім фирмалар мен жеке кәсіпқойлар шағымдар мен арыздарды тергеу үшін тиісті біліктілігі бар сыртқы тұлғаның немесе басқа фирманың қызметін пайдалана алады.

Сапаны Бақылау Жүйесінің Құжаттамасы (Сілт: Тарм. 57)

- A73. Құжаттау нысаны мен мазмұнын анықтау кезінде қаралуы тиісті сапаны бақылау жүйесінің әрбір элементінің жұмыс жасауын қуаттайтын факторлар төмендегілерді қамтиды:

- Фирманың мөлшері және офистердің саны.
- Ұйымның және фирманың тәжірибесінің сипаты және қиындығы.

Мысалы, ірі фирмалар мәселелерді құжаттау үшін тәуелсіздікті растау,

нәтижелерді және мониторингілік тексеру нәтижелерін бағалау сияқты осы деректердің электрондық қорын қолдана алады.

А74. Мониторингке қатысты құжаттама, мысалға, төмендегідей болуы мүмкін:

- Мониторинг шаралары, тексерілуі қажет болатын аяқталған келісімдерді таңдауға арналған шараны қоса алғанда.
- Бағалау жазбалары:
 - Кәсіби стандарттарды, реттеуші және заңгерлік талаптарды орындау;
 - Сапаны бақылау жүйесінің лайықты түрде өңделген және тиімді түрде орындалғандығы; және
 - Фирмамен немесе келісім бойынша серіктестермен шығарылған есептер жағдайларға жарамды болуы үшін фирманың сапасын бақылау саясаттары және шараларының лайықты түрде қолданылғандығы.
- Белгіленген кемшіліктерді айқындау, ықпалын бақылау, және қандай да бір жасалуы қажет болатын әрекетті айқындау негізі.

Шағын Фирмаларға Арнайы Қарастырулар

А75. Шағын фирмалар олардың сапаны бақылау жүйелері құжатталуының бейресми әдістерін жазбаларды, бақылау қағазын, және нысандарды қоса алғанда, қолдана алады.

200 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЖАЛПЫ МІНДЕТІ ЖӘНЕ
АУДИТТИҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА САЙ
АУДИТТИ ЖҮРГІЗУ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
ХАС ауқымы	1–2
Қаржылық Есептілік Аудиті.....	3–9
Күшіне Ену Күні	10
Аудитордың жалпы мақсаттары.....	11–12
Анықтамалар	13
Талаптар	
Қаржылық Есептілік Аудитіне Қатысты Әдеп Талаптар.....	14
Кәсіби Скептицизм	15
Кәсіби Пікір.....	16
Жеткілікті Тиісті аудиторлық Дәлелдер және Тәуекелділік	17
ХАС сәйкес Аудитті Жүргізу	18–24
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Қаржылық Есептілік Аудиті.....	A1–A13
Анықтамалар	A14–A15
Қаржылық Есептілік Аудитіне Қатысты Әдеп Талаптар.....	A16–A19
Кәсіби Скептицизм	A20–A24
Кәсіби Пікір.....	A25–A29
Жеткілікті Тиісті аудиторлық Дәлелдер және Тәуекелділік	A30–A54
ХАС сәйкес Аудитті Жүргізу	A55–A78

Кіріспе

ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) ХАС-ға сәйкес қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезіндегі тәуелсіз аудитордың жалпы міндеттерімен қарастырады. Атап айтқанда, ол тәуелсіз аудитордың жалпы мақсаттарын анықтайды және тәуелсіз аудитордың осы мақсаттарға жетуіне мүмкіндік беретін аудиттің мәні мен көлемін түсіндіреді. Ол сонымен қатар ХАС көлемін, өкілеттілігін және құрылымын түсіндіреді және барлық аудиторларға қолданылатын тәуелсіз аудитордың жалпы міндеттерін, оның ішінде ХАС талаптарын орындау бойынша міндеттемелерді белгілейтін талаптарды қамтиды. Тәуелсіз аудитор бұдан әрі «аудитор» деп аталады.
2. ХАС аудитордың қаржылық есептілігінің аудиті аясында жазылған. Олар басқа тарихи қаржылық ақпаратты тексеруге қолданылатын жағдайларда қажет болған жағдайда бейімделуі керек. ХАС аудитордың заңнамада, нормативтік актілерде немесе басқа жолмен, мысалы, құнды қағаздарды көпшілікке ұсынумен байланысты болуы мүмкін міндеттерін қарастырмайды. Мұндай жауапкершілік ХАС-та белгіленген жауапкершіліктен өзгеше болуы мүмкін. Тиісінше, аудитор мұндай жағдайларда ХАС аспектілерін пайдалы деп тапса да, аудитор барлық тиісті заңдық, реттеуші немесе кәсіби міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қаржылық Есептілік Аудиті

3. Аудиттің мақсаты болжалды пайдаланушылардың қаржылық есептілікке деген сенімін арттыру. Бұған аудитордың қолданбалы қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес қаржылық есептіліктің барлық тұрғыдан дайындалғаны туралы пікірін білдіру арқылы қол жеткізіледі. Жалпы мақсаттар шеңберіндегі көп жағдайда қаржылық есептілік әділетті түрде ұсыныла ма, немесе шеңберге сәйкес шынайы және әділ көзқарас беріле ме деген пікір қалыптасады. ХАС және тиісті ідеп талаптарына сәйкес жүргізілген аудит аудиторға осы пікірді қалыптастыруға мүмкіндік береді. (Сілт: Тарм. А1)
4. Аудитке жататын қаржылық есептілік бұл ұйым басшылығы дайындаған, басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың қадағалауымен жасалған есептер. ХАС басшылыққа немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға жауапкершілік жүктемейді және олардың міндеттерін реттейтін заңдар мен нормативтік актілерді жоққа шығармайды. Алайда, ХАС-қа сәйкес аудит басшылық және қажет болған жағдайда басқару өкілеттігіне ие тұлғалар аудитті жүргізу үшін негіз болатын белгілі бір жауапкершілікті мойындайтын негізде өткізіледі. Қаржылық есептілік аудиті басшылықты

немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды жауапкершіліктен босатпайды. (Сілт: Тарм. А2-А11)

5. Аудитордың пікірінің негізі ретінде ХАС аудитордан алаяқтық немесе қателік салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмаланулардың жоқтығы туралы жеткілікті сенімділікті талап етеді. Негізделген сенімділік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі. Ол аудитордың аудиторлық тәуекелділігін төмен деңгейге дейін азайту үшін жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алған кезде алынады (яғни, қаржылық есептілік елеулі түрде бұрмаланған кезде аудитор орынсыз пікір білдіру қаупі). Алайда, негізделген сенімділік сенімділіктің абсолютті деңгейі болып табылмайды, өйткені аудитор қорытынды шығаратын және аудитор пікірі негізделетін көптеген аудит дәлелдемелері нақтылы қорытындыға қарағанда сендіргіштікке әкелетін аудитордың өзіне тән шектеулері бар. (Сілт: Тарм. А30-А54)
6. Маңыздылық түсінігін аудитор жоспарлау кезінде де, аудиторлық тексеруде анықталған бұрмалаулардың әсерін бағалау кезінде де және түзетілмеген бұрмалаулар болған жағдайда да қаржылық есептілікте қолданады.¹ Тұтастай алғанда, бұрмалаулар, егер жіберіп алуларды қоса алғанда, егер олар жеке-жеке немесе жиынтық түрде қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп күтілсе, маңызды болып саналады. Маңыздылық туралы шешімдер айналадағы жағдайларды ескере отырып қабылданады және аудитордың қаржылық есептілікті пайдаланушылардың қаржылық ақпаратқа деген қажеттіліктерін қабылдауы, бұрмалаулардың мөлшері немесе сипаты немесе екеуінің жиынтығы әсер етеді. Аудитордың пікірі тұтастай алғанда қаржылық есептілікке қатысты, сондықтан аудитор тұтастай алғанда қаржылық есептілік үшін маңызды емес бұрмалаушылықтарды анықтауға жауап бермейді.
7. ХАС мақсаттарды, талаптарды және қолдану мен басқа түсіндірме материалдарды қамтиды, олар аудиторға негізделген сенімділікке қол жеткізуге арналған. ХАС аудитордан кәсіби жоспарлауды және аудитті жоспарлау мен орындау барысында кәсіби скептицизмді сақтауды талап етеді, және басқалармен қатар:
 - Ұйымды және оның ортасын, оның ішінде ішкі бақылауды түсінуге негізделген алаяқтық немесе қателіктің салдарынан маңызды бұрмаланулардың қауіптерін анықтау және бағалау.

¹ ХАС 320, *Аудитті Орындау Және Жоспарлаудағы Маңыздылық және* ХАС 450, *Аудиторлық Тексеріс Барысында Анықталған Бұрмалануларды Бағалау*

- Елеулі бұрмаланулар бар болса, жоспарлау және бағаланған тәуекелдерге жарамды жауаптарды беру арқылы тиісті аудиторлық дәлелдерді алу.
 - Алынған аудиторлық дәлелдерден жасалған қорытындылар негізінде қаржылық есептілік бойынша пікірін құру.
8. Аудитор білдірген пікірі нысаны қолданылатын қаржылық есептілік жүйесіне мен қолданыстағы заңнамаға тәуелді болады. (Сілт: Тарм. А12-А13)
9. Аудитор пайдаланушыларға, басшылыққа, басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға немесе ұйымнан тыс тараптарға аудиттен туындайтын мәселелер бойынша басқа да хабарлау мен есеп беру міндеттемелерін жүктей алады. Олар ХАС немесе қолданыстағы заң немесе нормативтік актілерде белгіленуі мүмкін.²

Күшіне Ену Күні

10. Бұл ХАС қаржылық есептілік аудиті үшін 2009 жылдың 15 желтоқсанында немесе сол күнінен кейін заңды күшіне енеді.

Аудитордың Жалпы Мақсаттары

11. Қаржылық есептілік аудитін орындау кезінде, аудитордың жалпы мақсаттары мынадай:
- (a) Қаржылық есептіліктің алаяқтық немесе қателікке байланысты маңызды бұрмаланулардың жоқтығы туралы негізделген сенімділікке ие болу үшін, аудиторға қаржылық есептіліктің барлық материалдық тұрғыда, барлық маңызды жағынан, сәйкес жасалғандығы туралы қолданбалы қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес пікір білдіруге мүмкіндік беру; және
 - (b) Қаржылық есептілік туралы есеп беру және аудитордың қорытындыларына сәйкес ХАС талап еткендей хабарлау.
12. Қаржылық есептіліктің болжалды пайдаланушыларына есеп беру мақсаты үшін негізделген сенімділікті алу және аудиторлық есепте білікті пікір жеткіліксіз болған жағдайда, ХАС аудитордан пікірден немесе келісімнен, егер қолданыстағы заңнамаға немесе ережеге сәйкес шығу мүмкін болса, бас тартуды (немесе шығуды)³ талап етеді.

² Мысалы, ХАС 260 (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілетті Адамдарымен Байланыс*; 240 ХАС, *Қаржылық Есептілік Аудитіндегі Алаяқтыққа Қатысты Аудитордың Жауапкершіліктері*, 44 тармағын қараңыз.

³ Бұл ХАС-та тек «бас тарту» термині қолданылады.

Анықтамалар

13. ХАС бойынша келесі терминдер төмендегі мағыналарды қамтиды:

- (a) Қолданылатын қаржылық есептілік жүйесі – Ұйымның сипатына және қаржылық есептілік мақсатына қарай немесе заңнамамен немесе реттеуші актлермен талап етілетін болса қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылықпен және керек болғанда өкілеттік берілген адамдармен алынған қаржылық есептілік жүйесі.

«Әділ ұсынылу жүйесі» термині жүйелік талаптар сәйкестігін талап ететін қаржы есеп беруін сипаттауға қолданылады және:

- (i) Қаржылық есептілік әділ ұсынылуына жету үшін тікелей немесе жанама түрде, басшылықтың жүйесімен талап етелетіндерден бөлек ашылымдарын беру қажеттілігін қуаттайды; немесе
- (ii) Қаржылық есептілік әділ ұсынылуына жету үшін жанама түрде, басшылықтың жүйелік талаптаранан ауытқуын қажеттілігін қуаттайды. Мынадай ауытқулар тек төтенше сирек кездесетін жағдайларға керек болуы тиіс.

«Сәйкестік жүйесі» термині жүйелік талаптар сәйкестігін талап ететін қаржы есепі беруін сүреттеуге қоладылып, (i) немесе (ii) жоғарыдағы растауларын енгізбейді.

- (b) Аудит дәлелдемесі – аудиторлық қорытынды негізделетін қорытындыларды анықтау процесінде аудитордың алатын ақпараты. Аудиторлық дәлелде бастапқы құжаттар мен қаржылық есептілік негізінде жататын тіркеу жазбалары сонымен қатар басқа жақтан алынған ақпаратты растайтын жазбалар болады. ХАС мақсаттары үшін:

- (i) Аудиторлық дәлелдер жеткіліктігі аудиторлық дәлелдер саны өлшемі болып табылады. Қажетті аудиторлық дәлелдер саны аудитордың елеулі бұрмаланулар тәуекелін бағалауы және сондай аудиторлық дәлелдер сапасы арқылы арқылы өзгертіледі.
- (ii) Аудиторлық дәлелдер сәйкестігі аудиторлық дәлелдер сапасы өлшемі болып табылады; аудиторлық пікірі негізделетін қолдау көрсет барысында сенімділігі мену сәйкестігі болып табылады.

- (c) Аудиторлық тәуекелдік - Қаржылық есептілік елеулі түрде бұрмаланғанда, аудитордың сәйкес емес аудиторлық қорытынды беру тәуекелдігі. Аудиторлық тәуекелдік қаржылық есептіліктің

елеулі бұрмалануы тәуекелдігінің бөлігі және аудитор сондай бұрмалануларды анықтай алмау тәуекелдігі болып келеді.

- (d) Аудитор – «Аудитор» термині аудитті жүзеге асыратын адамды немесе адамдарды, әдетте жоба бойынша әріптесті немесе аудиторлық фирманы немесе керек болғанда фирманы сипаттау үшін қолданылады. ХАС бойынша жоба бойынша әріптес орындауы тиіс болса, «аудитор» емес, «жоба бойынша әріптес» термині қолданылады. «Жоба бойынша әріптес» және «фирма» терминдері керектік туған кезде қоғамдық сектордағы эквивалентер сияқты оқылуы тиіс.
- (e) Анықтай алмау тәуекелдігі – Төменгі деңгейіне дейін аудиторлық тәуекелді төмендетуге арналған аудиторме орындалған шаралардан туындайтын тәуекелдігі жеке болса немесе басқа бұрмаланулармен бірлесіп бар болатын және елеулі болып табылатын бұрмалануларды анықтай аламады.
- (f) Қаржылық есептілік – Ұйымның экономикалық қорлары туралы немесе белгілі бір күндегі міндеттемелері мен белгілі бір уақыт аралағында олардағы өзгерістер жөнінде ақпарат үшін тағайындалған есептік жазбалар негізінде құрылған ескертулер жүзінде қосылып берілетін тарихи қаржылық мәліметті құрылымдық түрде ұсыну. Құрылған ескертулер әдетте елеулі бухгалтерлік саясаттарын тұжырымдамасын және басқа түсіндіру мәліметтерін білдіруі мүмкін. «Қаржылық есептілік» термині әдетте қолданылатын қаржы есеп беруі жүйесі талаптары көздегендей қаржылық есептілік толық пакетін сүреттеуге қолданылып, бірақ жекелеген қаржылық есептілікті сипаттай алады.
- (g) Тарихи қаржылық ақпарат – Өткен мерзімдердегі экономикалық оқиғалар немесе кейінгі уақыт аралағындағы жағдайлар туралы белгілі бір ұйыммен байланысы бар қаржылық шарттарда белгіленген, ұйымның бухгалтерлік жүйесінен бастапқы түрде алынған ақпарат.
- (h) Басшылық – Басшылық аға қызметкерлер мен жоғары басқару қызметін атқаратын басқа адамдардан құралады. Басшылыққа осындай қызметтер атқарса ғана лауазымы адамдар кіреді.
- (i) Бұрмалау – Сوما, топтастыру, көрсетілім немесе есеп берілген қаржылық есептілік бабының ашылып көрсетілуі мен сома, топтастыру, көрсетілім мен бап қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сай келуі тиіс ашып көрсетудің айырмасы. Бұрмалаулар алаяқтық немесе қателерден туындай алады.

Қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда әділ түрде ұсынылатындығы бойынша аудитордың пікірі білдірілген кезде немесе әділ және дұрыс пікірін білдірсе, бұрмалаулар тағы сомаларды өзгерістерді, топтастаруларды, ұсынылуы немесе ашылымдары қамтиды, сонымен қатар аудитордың пікірі бойынша әділ түрде белгілеуі тиісті болатын қаржылық есептілікке керек болып табылады немесе әділ және дұрыс көрініс беруі тиіс.

- (j) Басшылықтың міндеттеріне мен керек болған жағдайда өкілеттік берілген адмдардың мідеттеріне қатысты және аудитті жүргізілуі тиісті болатын шарт – Ұйымбасшылығы мен, керек болса, өкілеттік берілген адамдар ХАС –ына сәйкес аудиттің орындалуына іргелі болап табылатын міндеттері бар болуын қуаттай береді және біледі. Міндеттері мынадай:
- (i) Керектік туған кезде олардың әділ ұсынылуын қосылып, қолданылатын қаржы есеп беруі жүйесімен сәйкес қаржылық есептілікті даярлау;
 - (ii) Басшылық сияқты және керек болғанда өкілеттік берілген адамдар сияқты ішкі бақылау алаяқтық немесе қате себебімен елеулі бұрмалаулардан бос болатын қаржылық есептілікті даярлауға рұқсат етуі керек; және
 - (iii) Аудитор келесі берілуі тиіс:
 - a. Басшылық және өкілеттік берілген адамдар білетін және қаржылық есептілікті, оның ішінде жазуларын, құжаттарын, және басқа мәселелерін, даярлауға қатысты барлық ақпаратқа рұқсат алу;
 - b. Аудит мақсатында аудитор басшылықтан және өкілеттік берілген адамдардан сұра алатын қосымша ақпарат; және
 - c. Аудитор қарауынша аудиторлық дәлелдерді алуы керектігін қарастырып ұйымдагі адамдарға шектеумелі рұқсат алу.

Әділ ұсынылу жүйесі жағдайында, (i) пункті «қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес қаржылық есептілікті даярлауға және ұсынуға арналған» немесе «қаржылық есептілік жүйесіне *сәйкес әділ және адал көрініс беретін* қаржылық есептілікті даярлауға арналған» сияқты ауыстырыла алады.

«Басшылықтың міндеттеріне мен керек болған жағдайда өкілеттік берілген адмдардың мідеттеріне қатысты және аудитті жүргізілуі тиісті болатын шарт» «шарт» деген терминге ауыстырыла алады.

- (к) Кәсіби пікір – Аудиттің, бухгалтерлік және Әдеп стандарттары мәнмәтіндегі, аудит бойынша келісімдер жағдайларына жарамды әрекеттер бағдары бойынша қабылдау мәнмәтіндегі тиісті тренинг, білім, және тәжірибе қолданылуы.
- (l) Кәсіби скептицизм – Алаяқтық немесе қате себебімен ықтимал бұрмалауларды және аудиторлық дәлелдерді сынап бағалауларды айқындалуы мүмкін болатын жағдайларға күдіктілі болып, сұраулы ой-пікірін қамтитын мінез-құлық.
- (m) Негізделген сенімділік – қаржылық есептілік аудиті мәнмәтіндегі сапа бақылауы мәнмәтіндегі.
- (n) Елеулі бұрмалау тәуекелдігі – Аудитке дейін қаржылық есептілік елеулі түрде бұрмаланғанда тәуекелі. Растау деңгейі сияқты бейнеленгендей екі құрамдас бөлімдерден тұрады:
 - (i) Бөлінбейтін тәуекелдік – кез келген байланысты бақылауларға дейін әлі жеке әлі басқа бұрмалаулармен бөлісіп елеулі мүмкін болатын бұрмалаулар ашылымдары, немесе сальдолар, транзакция тобы бойынша растау қабілеттілігі.
 - (ii) Бақылау тәуекелдігі – кез келген байланысты бақылауларға дейін әлі жеке әлі басқа бұрмалаулармен бөлісіп елеулі мүмкін болатын бұрмалаулар ашылымдары, немесе сальдолар, транзакция тобы бойынша растау қабілеттілігіндегі бұрмалау тәуекелін уақыт негізінде ұйымның ішкі бақылауы алдын алмайды немесе анықтамайды, түзітпейді.
- (o) Басқару өкілеттігіне ие тұлғалар – Ұйымның стратегиялық бағдарын қадағалауға уәкілетті және ұйымның жауапкершілікке міндетті адам (адамдар) немесе ұйым (ұйымдар) (мысалға, корпоративті сенім берілген ұйым). Кейбір ұйымдарде, өкілеттік берілген аға буын қазметкерлерін, мысалға жеке немесе қоғамдық сектордағы басқарма кеңесі атқарушы мүшелері немесе иесін қамтиды.

Талаптар

Қаржылық Есептілік Аудитіне Қатысты Әдептану Талаптар

14. Аудитор тәуелсіздікке, аудиторлық келісімдерге қатысты тиісті әдептану талаптарды сақтауы тиіс. (Сілт: Тарм. А16-А19)

Кәсіби Скептицизм

15. Аудитор, қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалануына әкелуі мүмкін жағдайлардың болуын назарға ала отырып аудитті кәсіби скептицизмнің белгілі бір үлесімен жоспарлауы тиіс. (Сілт: Тарм. А20-А24)

Кәсіби Пікір

16. Аудитор, қаржылық есептілік аудитін орындау және жоспарлау кезінде кәсіби пікірін қолданады. (Сілт: Тарм. А25-А29)

Жеткілікті Тиісті Аудит Дәлелдемелері және Тәуекелділік

17. Аудитор, дұрыс сенімділік алу мақсатында, қолдануға жарайтын төмендегі деңгейіне дейін аудиторлық тәуекелдікті төмендету үшін жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді алады және аудитордың пікірлерін негізделеніп тиісті қорытындыларды жасай алады. (Сілт: Тарм. А30-А54)

ХАС сәйкес аудитті жүргізу

Аудитке қатысты ХАС-ке сай келу

18. Аудитор, аудитке сай келетін ХАС стандарттарына сәйкес келетін болады. ХАС қолданылатын болса және ХАС реттейтін оқиғалар қолданылса, ХАС аудитке қатысы бар. (Сілт: Тарм. А55-А59)
19. Аудитор мақсаттарын білу және талаптарын тиісті түрде қолдану үшін ХАС түгел мәтіні туралы, басқа түсіндіру мәліметтерін қоса алғанда, біледі. (Сілт: Тарм. А60-А68)
Аудит бойынша Келісімдердегі Өзгерістерді Қабылдау	14-17
Келісімді Қабылдау бойынша Қосымша Қарастырулар	18-21
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
ХАС ауқымы	A1
Аудит Алғышарттары.....	A2-A21
Аудит Келісімдер Шарттарымен Келісу	A22-A29
Тізбектік Аудиттер	A30
Аудит бойынша Келісімдердегі Өзгерістерді Қабылдау	A31-A35
Келісімді Қабылдау бойынша Қосымша Қарастырулар	A36-A39
Қосымша 1: Аудит бойынша Келісім-Хат Мысалы	
Қосымша 2: Жалпы Сипаттағы Жүйелер Қолданылуын Белгілеу	

Аудит келісімінің шарттарымен келісу 210 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Халықаралық Аудит стандарттарына Аудитті Жүргізу ХАС 200 стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) басшылықпен және қажет болған жағдайда басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен аудиторлық келісім шарттарын келісу кезіндегі аудитордың жауапкершілігін қарастырады. Бұл сондай-ақ ұйымбасшылығы және өкілетті тұлғалар жауапкершіліктері бар болатын аудиттің алғышарттары болуын анықтайды. ХАС 220¹ аудитордың бақылауы ішіндегі келісім қабылдануы аспектілерімен қамтылған. (Сілт: Тарм. А1)

Күшіне Ену Күні

2. Бұл ХАС 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап немесе осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

3. Аудитордың мақсаты орындалуы тиісті негізі келісілгеннен кейінгі жағдайларда да аудиторлық келісімді қабылдау немесе жалғастыру:
 - (a) Аудит алғышарттары қол жетерлік пе; және
 - (b) Аудитор және басшылық немесе өкілеттік берілген адамдар аудиторлық келісім шартын жалпы сипаттағы білуін растау.

Анықтамалары

4. ХАС стандарттары мақсаттарында, келесі термин мынадай мағынасы бар:

Аудит алғышарттары – басшылық қаржылық есептілік дайындалуы кезінде қолданылатын қаржылық есептілік жүйесін қабылдауы ұйымбасшылығы және керек болғанда, өкілетті тұлғалар аудит орындалуы тиісті шарт бойынша келісулері.²
5. ХАС мақсатында, бұл «басшылық» терминіне сілтеме «басшылық және керек болғанда өкілеттік берілген тұлғалар» ретінде оқылуы тиіс.

¹ ХАС 220, *Қаржылық есептілік Аудитінің Сапасын Бақылау*

² ХАС 200, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы міндеті және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына сай аудитті жүргізу*, 13 тармақ

Талаптары

Аудит Алғышарттары

6. Аудит жүргізуге міндетті ережелер бар ме кенін білу үшін, аудитор:
- (a) Қаржылық есептілікті дайындауда қолданылуы тиісті қаржылық есептілік жүйесі қолданылатын ба; және (Сілт: Тарм. А2-А10)
 - (b) Басшылық жауапкершіліктерін білу және растау бойынша келісулерін алу (Сілт: Тарм. А11-А14, А21)
 - (i) Қолданылатын қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес қаржылық есептілікті дайындау, лайықты әділ ұсынылуы; (Сілт: Тарм. А15)
 - (ii) Басшылық белгілейтіндей сондай ішкі бақылау алаяқтық немесе қате себебімен елеулі бұрмалаулардан бос болатын қаржылық есептілікті дайындау қамтамасыз етуі тиіс; және (Сілт: Тарм. А16-А19)
 - (iii) Аудит келесі берілуі тиіс:
 - a. Қаржылық есептілікті, оның ішінде жазуларды, құжаттаманы және басқа мәліметтерді, дайындауға қатысы бар болуы туралы басшылық білуі тиіс барлық ақпаратқа кіруді рұқсат алу;
 - b. Аудит мақсаты үшін басшылықтан аудитор сұрауы мүмкін қосымша ақпарат; және
 - c. Аудитор аудиторлық дәлелдерді ашу керектігін белгілейтін ұйымның ішіндегі адамдарға кіруді шектеусіз емес рұқсат алу.

Аудиторлық Келісімді Қабылдауға дейін Ауқым бойынша Шектеулер

7. Басшылық немесе өкілеттік берілген адамдар ұсынылған аудиторлық келісім ішіндегі аудитордың жұмысына шектеулерді салып, аудитор аудитордың қаржылық есептілік бойынша пікірлерінен бас тартуы мүмкіндігіне сенсе, аудитор ол шектеулі келісімді аудиторлық келісім сияқты қабылдамайды, заңнама немесе нормативті актілер талап еткенше.

Аудиторлық Келісімді Қабылдауға Әсері Тигізетін Басқа Деректер

8. Егер аудит алғышарттары қол жетерлік болмаса, аудитор басшылықпен мәселені талқылайды. Заңнама немесе нормативті актілер:
- (a) Егер аудитор пікірі бойынша қаржылық есептілік дайындалуы кезінде қолданылуы тиісті қаржылық есептілік жүйесі лайықсыз болса, өзгеден бөтен 19 тармаққа берілсе; немесе
 - (b) Егер 6(b) тармаққа қатысы бар келісім алынған болмаса.

Аудит Келісімдер Шарттарымен Келісу

9. Аудитор мен басшылық немесе өкілеттік берілген адамдар келісім шарттары бойынша келісулері тиіс. (Сілт: Тарм. А22)
10. 11 тармақты есептеп, келісімге қол жеткен шараларды аудит бойынша келісім хат түрінде құжаттап немесе келісімнің басқа түрінде көрсету керек: (Сілт: Тарм. А23-А27)
 - (a) Қаржылық есеп беру аудитінің мақсаты және масштабы;
 - (b) Аудитордың жауапкершілігі;
 - (c) Басшылықтың жауапкершілігі;
 - (d) Қаржылық есеп беру дайындау үшін қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесін дайындау; және
 - (e) Аудитор шығаратын кез-келген есептердің күтілетін нысаны мен мазмұнына сілтеме; және (Сілт: Тарм. А24)
 - (f) Есептің күтілетін нысаны мен мазмұнынан өзгеше болуы мүмкін жағдайлар болуы мүмкін екендігі туралы мәлімдеме.
11. Егер заңнама немесе реттеуші актілер 10 тармаққа қатысы бар аудиторлық келісім шарттарын жан-жақты белгілей қалса, 6(b) тармақта көрсетілгендей басшылық жауапкершіліктерін қуаттайды; сол сипаттағы заңнама қолданылады деген фактті қоспағанда, аудитор келісім-хат түрінде оларды құжаттауы қажет емес. (Сілт: Тарм. А23, А28-А29)
12. Егер заңнама немесе реттеуші актілер 6(b) тармаққа көрсетілгендерге тән басшылықтың жауапкершіліктерін белгілей қалса, аудиторлық пікірінше анау тармаққа көрсетілгендерге тән болатын жауапкершіліктерін қамтитын заңнаманы немесе реттеуші актілерді белгілеуі мүмкін. Сондай-ақ тән жауапкершіліктер жағдайларында да аудитор оларды келісім-хат түрінде сипаттау үшін заңнама немесе реттеуші актілер тұжырымын пайдалануы мүмкін. Заңнамада немесе реттеуші актілерде көрсетілген жауапкершіліктер жағдайларында да келісім-хат 6(b) тармақтағы сипатаманы пайдалынады. (Сілт: Тарм. А28)

Тізбектік Аудиттер

13. Тізбектік аудиттерді жүргізген жағдайда, аудитор келісім шарттарын қайта қарастыру қажеттілігін және ұйымға келісімнің әрекеттегі жағдайлары туралы еске салу қажеттілігі бар-жоғын шешуі керек. (Сілт: Тарм. А28)

Аудит бойынша Келісімдердегі Өзгерістерді Қабылдау

14. Дұрыс дәлелдемесі жоқ болса, аудитор аудиторлық келісім шартына өзгерістер енгізуге көнбеу керек. (Сілт: Тарм. А231-А33)
15. Егер аудитор аудиторлық келісім аяқталуына дейін растау аудиторлық

келісімді төмен деңгейін беретін келісімге өзгертуі керек болса, аудитор қажеттілігі бар-жоғын шешуі керек. (Сілт: Тарм. А34-А35)

16. Егер аудиторлық келісім шарты өзгерілсе, аудитор және басшылық келісулері тиіс және келісім-хат түрінде немесе жазба келісім басқа сәйкесті келісім жаңа шартын құжаттауы тиіс.
17. Егер аудитордың аудиторлық келісім шартын өзгерту мүмкіндігі болмаса және басшылық оған бастапқы аудиторлық келісімді жалғастыруға рұқсат етпесе, аудитор:
 - (a) Заңнамаға немесе реттеуші актілерге сәйкес мүмкін болғанда аудиторлық келісімнен бас тартуы керек; және
 - (b) Өкілеттік берілген адамдарға, басқа тараптарға, иелерге немесе реттеуші орындарға жағдайлар туралы есеп беру бойынша не шартты не өзге міндеттемесінің қажеттілігі бар-жоғын шешуі керек.

Келісімді Қабылдау бойынша Қосымша Қарастырулар

Заңнамамен немесе Реттеуші Актілермен Толықтырылған Қаржылық Есеп Беру Стандарттары

18. Егер мойындалған стандарттарды орнатушы ұйыммен белгіленген қаржылық есеп беру стандарттары заңнамамен немесе реттеуші актілермен толықтырылса, аудитор қаржылық есеп беру стандарттар және қосымша талаптар арасындағы дау-жанжалдар бар-жоғын анықтайды. Егер сондай дау-жанжалдар бар болса, аудитор және басшылық қосымша талаптардың сипатын талқылауы мен келісулері тиіс:
 - (a) Қосымша талаптар қаржылық есептіліктегі қосымша ашылымдар арқылы сәйкесті болуы мүмкін; немесе
 - (b) Қаржылық есептіліктегі қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесінің сипаты түзетілуі мүмкін.

Егер бір де жоғарғы көрсетілген әрекеттер мүмкін болмаса, аудитор аудитордың пікіріне ХАС 705³ стандартына сәйкес өзгерту қажеттілігін бар-жоғын шешуі тиіс. (Сілт: Тарм. А36)

Заңнамамен немесе Реттеуші Актілермен белгіленген Қаржылық Есеп Беру Жүйесі—Әсер Тигізетін Өзге Мәселелер

19. Егер аудитор заңнамамен немесе реттеуші актілермен белгіленген қаржылық есеп беру жүйесі сәйкессіздігі туралы шешім қабылдаса, бірақ аудитор заңнамамен немесе реттеуші актілермен белгіленген екені бойынша фактін қоспағанда, аудитор аудиторлық келісімді мына жағдайлардың бар болуында ғана қабылдай алады. (Сілт: Тарм. А37)
 - (a) Ұйымбасшылығы қаржылық есептіліктің бұрмалаушылықтарын

³ ХАС 705, *Тәуелсіз Аудитор Баяндамасындағы кейбір Көзқарастарға жасалған Өзгертулер*

болдырмауы тиісті қаржылық есептіліктегі қосымша ашылымдар беру бойынша келісуі тиіс; және

- (b) Бұл аудиторлық келісім шарты ішінде мойындалады:
 - (i) Қосымша ашылымдарға қолданушылардың назарын салып, қаржылық есептілік бойынша аудитордың есебі ХАС 706⁴ сәйкес түсіндірмелік тармақтарды қамтиды; және
 - (ii) Егер аудитор заңнамаға немесе реттеуші актілерге сәйкес «барлық елеулі қатынастарда әділ ұсыну» немесе «әділ және адал көріністі беру» фразаларын пайдаланып аудитордың пікірін білдіруіне сұралатын болса, қаржылық есептілік бойынша аудитордың пікірі сондай фразаларды енгізбейді.

20. Егер 19 тармаққа көрсетілген шарттар қол жетерлік болмаса және аудитор заңнамаға немесе реттеуші актілерге сәйкес аудиторлық келісімді қабылдауға сұралатын болса, аудитор:

- (a) Аудитордың есебі бойынша қаржылық есеп берудің көрінуе жалған сипаты әсерін бағалауы тиіс; және
- (b) Аудиторлық келісім ішіндегі бұл мәселеге сәйкесті сілтемені қамтуы тиіс.

Заңнамамен немесе Реттеуші Актілермен көзделген Аудитордың Есебі

21. Кейбір жағдайларда, лайықты юрисдикция заңнамасы немесе реттеуші актілері ХАС талаптарынан елеулі түрде ерекшеленетін жағдайлардағы немесе нысандағы аудитордың есебі тұжырымын көздейді. Бұл жағдайларда, аудитор мынаны бағалайды:

- (a) Қолданушылар қаржылық есептілік аудитінен алынған ақылға қонымды сенімділікті дұрыс түсінді ме, дұрыс түсінген болса,
- (b) Аудиторлық қорытындыдағы қосымша түсіндірулер дұрыс емес түсіну мүмкіндігін азайта ала ма.⁵

Егер аудитордың есебіндегі қосымша түсіндіру ықтимал қате түсінуді жеңілдете алмайды деп аудитор қорытынды жасаса, заңнамамен немесе реттеуші актілермен талап етілмегенше, аудитор келісімді қабылдамайды. Сондай заңнамаға немесе реттеуші актілерге сәйкес жүргізілетін аудит ХАС стандарттарына сәйкес келмейді. Сондай-ақ, аудитордың есебіндегі ХАС⁶ стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудитке кез-келген сілтемені қамти алмайды. (Сілт: Тарм. А38-А39)

⁴ ХАС 706 (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитор Баяндамасындағы Түсініктеме тармақтары*

⁵ ISA 706 (Қайта қарастырылған)

⁶ ХАС 700 (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Бойынша Пікір Қалыптастыру және Есеп жүргізу*, 43 тармағын қараңыз



Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

ХАС ауқымы (Сілт: Тарм. 1)

- A1. Лайықты әдептану талаптары, тәуелсіздік және кәсіби құзырет сияқты қанағаттандырылғандығы бойынша кәсіби бухгалтер шешім қабылдағаннан кейін және келісім белгілі бір сипаттары⁷ бар болса, аудиторлық келісімдерді қамтитын ақпараттың дұрыстығын растау бойынша келісімдерді қолданылуға болады. Аудиторлық келісімді қабылдау мәнмәтіндегі әдептану талаптарына қатысы бар және аудитордың бақылауында болатын аудитордың жауапкершіліктері ХАС 220⁸ стандартына байланысы бар. Бұл ХАС аудитор және ұйымның басшылығы келісулері тиісті және ұйымның бақылауында ішіндегі мәселелерге (алғышарттарға) қатысы бар.

Аудит Алғышарттары

Қаржылық Есеп Беру Жүйесі (Сілт: Тарм. 6(a))

- A2. Ақпараттың дұрыстығын растау бойынша келісім қабылдалуы алғышарты мынадай: ақпараттың дұрыстығын растауды сипаттауға қатысты өлшемдер мақсатты қолданушыларға қол жетерлік және жарайтын болуы тиіс.⁹ Өлшемдер ұсыну және ашу бастапқы көрсеткіштерін қоса алғанда, зерттеу пәндерін бағалауға және өлшеуге қолданылатын бастапқы көрсеткіштері болып табылады. Сәйкесті өлшемдер зерттеу пәндерін кәсіби пікір ішінде тоқтаусыз бағалау мен өлшеуді қамтамасыз етеді. ХАС стандарттары жағдайларында да қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесі аудитор қаржылық есептілік аудитінде қолданатын және соның ішінде керек болғанда олардың әділ ұсынылуына қолданылатын өлшемдерді көздейді.
- A3. Қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі болмаса, басшылық қаржылық есеп беру дайындауға сәйкесетін негізі жоқ және аудитор қаржылық есептілік аудиттеуге сәйкесті өлшемдер жоқ. Көптеген жағдайларда А8-А9 тармақтарда көрсетілгендей аудитор пікірі бойынша қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі қолданылады.

Қаржылық Есептілік Жүйесі Қолданылауын Шешу

- A4. Қаржылық есеп беруді дайындауда қолданылуы тиісті қаржылық есептілік жүйесі қолданысын аудитордың шешуіне қатысы бар фактілер мынады:
- ұйымның сипаты (мысалға, кәсіпорын, қоғамдық сектордағы ұйым немесе коммерциялық емес ұйым);

⁷ Ақпараттың Дұрыстығын Растау бойынша Келісімдердің Халықаралық Жүйесі, 17 тармақ

⁸ ХАС 220, 9-11 тармақтар

⁹ Ақпараттың Дұрыстығын Растау бойынша Келісімдер Халықаралық Жүйесі, 17 (b)(ii) тармағы.

- Қаржылық есептілік мақсаты (мысалға, қолданушылардың көбі жалпы қаржылық есеп беру қажеттіліктерін немесе арнайы қолданушылар қаржылық есеп беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға дайындалады);
- Қаржылық есептілік сипаты (мысалға, қаржылық есептілік қаржылық есеп беру толық пакеті немесе жеке қаржылық есептілік пе); және
- Заңнама немесе реттеуші актілер қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесін көздей ме.

A5. Қаржылық есептілік көптеген қолданушылары олардың арнайы ақпарат қажеттіліктерін қанағаттандырылатын қаржылық есеп беруін талап етеді. Егер арнайы қолданушылар ақпарат қажеттіліктері қанағаттандырылмаса, қолданушылардың көбіне жалпы сипаттағы қаржылық есептілік қажеттіліктері болуы бар. Қолданушылардың көбі қаржылық есептілік қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес дайындалған қаржылық есептілік жалпы сипаттағы қаржылық есептіліктерді сипаттауға қолданылады.

A6. Кейбір жағдайларда да, қаржылық есептілік арнайы қолданушылар қаржылық ақпарат қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес дайындалған. Сондай қаржылық есептіліктер арнайы сипаттағы қаржылық есептіліктерді сипаттауға қолданылады. Болжамды қолданушылар қаржылық ақпарат қажеттіліктері сондай-ақ қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесін анықтайды. ХАС 800 арнайы қолданушылар қаржылық ақпарат қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қаржылық есептілік жүйесі қолданысын талқылайды.¹⁰

A7. Аудиторлық келісім қабылдалғаннан кейін, жүйесін сәйкессіздігі анықтайтын қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесіндегі жетіспеушіліктер пайда болуы мүмкін. Заңнама немесе реттеуші нұсқаулықтар жүйесі қолданысын анықтай берсе, 19-20 тармақтар қолданылады. Заңнама немесе нұсқаулықтар жүйесі қолданысын анықтай бермес, басшылық басқа сәйкес жүйені қабылдауды шешуі мүмкін. Егер 16 тармақта талап етілгендей солай жасаса, алдағы келісілген шарттары бұдан артық дұрыс болмағандықтан, аудиторлық келісім жаңа шарттары жүйеге өзгерістерді сүреттеу бойынша келісілді.

Жалпы сипаттағы жүйелер

A8. Қазіргі кезде жалпы сипаттағы жүйелер қолданысын бақылауға әлемдік түрде мойындалған мәртебелі негізі және мақсаты орнатылған жоқ. Егер ұйымдар акционерлер көбі көріністерін қарастыру мен ойландыру

¹⁰ ХАС 800 (Қайта қарастырылған), *Ерекше Пікір – Арнайы Мүдделі Құрылымға Сәйкес Тағайындалған Қаржылық Есептердің Аудиті*, 8 Тарм.



әкелетін орнатылған мен ашық үдеріске сәйкес келсе, сондай негіз жоқ болуы кезінде ұйымдар белгілі бір түрлерімен қолданылуы тиісті стандарттарды шығаруы тиісті ұйымдармен орнатылған қаржылық есептілік стандарттары ұйымдар дайындаған жалпы сипаттағы қаржылық есептілікке қолданылуы керекті болып есептіледі. Сондай қаржылық есептілік стандарттарына мысалдар мынадай:

- Халықаралық Бухгалтерлік Стандарттар бойынша Басқармамен шығарылған Халықаралық Қаржы Есеп Стандарттары (ХКЕС);
- Халықаралық Қоғамдық Сектордағы Бухгалтерлік Стандарттар бойынша Басқармамен шығарылған Қоғамдық сектор үшін қаржылық есептіліктің халықаралық Стандарттары (ҚСХКЕС); және
- Егер ұйым акционерлер көбі көріністерін қарастыру мен ойландыру әкелетін орнатылған мен ашық үдеріске сәйкес келсе, мойындалған стандарттарды орнататын ұйыммен белгілі бір юрисдикцияда шығарылған бухгалтерлік қағидалар болып келеді.

Әдетте бұл қаржылық есептілік стандарттары жалпы сипаттағы қаржылық есептілікті дайындауды реттейтін заңнамада немесе нұсқаулықтарда қолданыстағы қаржылық есептілік ретінде қолданылады.

Заңнамамен немесе Нормативті Актілермен Белгіленген Қаржылық Есептілік Жүйелері

- A9. Аудитор 6(а) тармаққа сәйкес қаржылық есептілікті дайындауда қолданылуы тиіс қаржылық есептілік қолданылатындығын шешуі керек. Кейбір юрисдикцияларда ұйымдар белгілі бір түрлері үшін жалпы сипаттағы қаржылық есептілікті дайындауда қолданылуы тиісті қаржылық есептілік жүйелерін белгілеуі мүмкін. Теріс айқындауыштар болмаса, сондай қаржылық есептілік жүйесі ұйымдар дайындайтын жалпы сипаттағы қаржылық есептілікке қолданылады. Егер жүйесі қолданылуы мүмкін болмаса, 19-20 тармақтар қолданылады.

Ұйымдарды белгілейтін немесе қаржылық есептіліктің белгіленген құрылымдары жоқ күзiреттi органдар

- A10. Егер ұйым стандарттарды орнататын ұйым жоқ юрисдикцияда жазылып қойылса немесе қызмет етсе, немесе қайда да қаржылық есептілік жүйесі қолданылуы заңнамамен немесе нормативті актілермен белгіленген жоқ болғанда, басшылық қаржылық есептілікті дайындауда қолданылуы тиісті қаржылық есептілік жүйесін анықтай береді. Сондай-ақ қосымша 2 қаржылық есептілік жүйелері қолданылуы шешу бойынша нұсқаулықты қамтиды.

Басшылықтың Жауапкершіліктері бойынша Келісулер (Сілт: Тарм. 6(b))

- A11. ХАС стандарттарына келетін аудит мына шарт бойынша орындалуы керек: басшылық 6(b) тармаққа көрсетілген жауапкершіліктерін білуі

- және растауы тиіс.¹¹ Белгілі бір юрисдикцияларда да сондай жауапкершіліктері заңнамада немесе нормативті актілерде белгілеуі тиіс. Басқа жағдайларда, сондай жауапкершіліктері заңды сипаттамасы жоқ болуы мүмкін немесе елеусіз болуы мүмкін. ХАС стандарттары сондай жағдайларда заңнаманы немесе нормативті актілерді жіберіп қоймайды. Дегенмен, тәуелсіз аудитор концепциясы қаржылық есептілікті дайындау жөніндегі жауапкершілікке немесе ұйымның байланысты ішкі бақылауына қатысы жоқ аудитордың рөлін және аудитор аудитті орындау үшін ақпаратты алу бойынша сәйкесті біліктілігі бар болуы талап етеді. Атап айтқанда, шарт тәуелсіз аудитті орындауға терең. Қате түсінуді болдырмау үшін келісім 9-12 тармақтарда аудиторлық келісім шарттарын құжаттау және келісу ретінде сондай жауапкершіліктері бар болуы туралы білетін және растайтын басшылық арқылы орындалады.
- A12. Қаржылық есеп беру бойынша жауапкершіліктер басшылық пен өкілеттік берілген адамдар арасында бөлінеді деген тәсіл ұйымның құрылымына мен ресурстарына және кез келген заңнамаға немесе нормативті актілеріне және ұйым басшылығы мен өкілетт тұлғалардың сәйкесті рөлдерге қарай бөлінеді. Бірақ әдетте өкілеттік берілген адамдар басшылықты қадағалай отырып, басшылық орындауға жауапты болады. Кейбір жағдайларда да өкілеттік берілген адамдар қаржылық есептілікті растауға немесе қаржылық есеп беруге қатысты ұйымның ішкі бақылауы бойынша мониторинг жүргізуге жауапты болады немесе жауаптылықты өзіне қабыл алады. Ірі немесе қоғамдық ұйымдарда өкілеттік берілген адамдардың шағын тобы, аудиттің комитеті сияқты, белгілі бір қадағалау бойынша жауапкершіліктермен берілген болуы мүмкін.
- A13. ХАС 580 негізінде аудитор ол белгілі бір жауапкершіліктер орындалған екені бойынша жазба растауларды беруге басшылыққа сұраныс жіберуі тиіс.¹² Басшылықты бұл туралы хабар ету керек: ХАС стандарттар талап ететін жазбаша қайта ұсынулармен бірге сондай жазбаша қайта ұсынулар қабылдалуы күтіледі, және керек болғанда қаржылық есептілікке қатысы бар басқа аудиторлық дәлелдерді қолдауға арналған жазбаша қайта ұсынылуларды немесе қаржылық есептіліктегі бір немесе одан да көп растауларды қоса алғанда.
- A14. Егер басшылық жауапкершіліктерін растамайса немесе жазба қайта ұсынылуларды беруден бас тартса, аудитор сәйкесті жеткілікті аудиторлық дәлелдерді ала алмайды.¹³ Сондай жағдайларда да егер заңнама немесе нормативті актілер талап еткенше, аудитордың аудиторлық келісімді қабылдауы лайықсыз болады. Аудитор аудиторлық келісімді қабылдауы тиіс болғанда аудитор басшылыққа бұл мәселелер

¹¹ ХАС 200, А4 тармағы

¹² ХАС 580, *Жазбаша Ұсыныстар*, 10-11 тармақтары

¹³ ХАС 580, А26 тармағы

маңыздылығын және аудитордың есебі үшін салдарды түсіндіруі қажет болуы мүмкін.

Қаржылық Есептілікті Дайындау (Сілт: Тарм. 6(b)(i))

A15. Қаржылық есептіліктің көпшілікті жүйелері қаржылық есептілік қайта ұсынылуына қатысы бар талаптарды қамтиды; сондай жүйелер жағдайларында қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес қаржылық есептілікті *дайындау ұсынылуын* қамтиды. Әділ ұсынылу жүйесі жағдайында әділ ұсынылу есеп беру мақсаты маңыздылығының келесі мағынасы бар: басшылықпен келісілген шарт әділ ұсынылуға тән сілтемені немесе қаржылық есептіліктің жүйесіне сәйкес «әділ және адал көріністі береді» деп жауапкершілікке сілтемені қамтиды.

Ішкі Бақылау (Сілт: Тарм. 6(b)(ii))

A16. Басшылық алаяқтық немесе қате себебімен елеулі бұрмалаулардан бос болатын қаржылық есептілікті дайындауды қамтамасыз ету қажеттілігін шешкендей сондай ішкі бақылауды қолдайды. Ішкі бақылау, қалай да тиімді болатын болса, ұйымды тек қана ішкі бақылау бөлінбес шектеулері себебімен ұйымның қаржылық есептілік мақсатына жету жөніндегі дұрыс сенімділікпен қамтамасыз етуі мүмкін.¹⁴

A17. ХАС стандарттарына сәйкес жүргізілетін тәуелсіз аудит басшылықпен қаржылық есептілік дайындалуы үшін қажетті болып табылатын ішкі бақылаудың қолданысын ауыстырмайды. Атап айтқанда, аудитор басшылық ішкі бақылауға қатысты жауапкершіліктерін білуі мен растауы тиіс деп басшылықтың келісуін алуы тиіс. Бірақ, 6(b)(ii) тармаққа сай жоба бойынша ұйым басшылығымен қолданылатын ішкі бақылау мақсатына жетуді немесе кемшіліктерді анықтай алмайды деп мағынасы жоқ.

A18. Басшылық қандай да бір ішкі бақылау қаржылық есептілікті дайындауды қамтамасыз етуі қажеттілігін шешуі керек. «Ішкі бақылау» термині ішкі орта сияқты сипатталуы мүмкін компоненттердегі қызметтер кең ауқымын; ұйымның тәуекелдік бағалауын; ақпарат жүйесін, қаржылық есептілікке және хабарлауға қатысы бар байланысты бизнес үдерістерін қоса алғанда; бақылау іс-шараларын; және бақылаулар мониторингін қамтиды. Дегенмен, бұл бөлім белгілі бір ұйым ішкі бақылауын қалай да өңдеуі, енгізуі мен қолдауы мүмкіндігін немесе ол қалай да кез-келген компоненттің топтастыруы мүмкіндігін сипаттауға қолданылып жүрмейді.¹⁵ Ұйымның ішкі бақылауы (сонымен қатар, бухгалтерлік кітаптар мен жазулар, немесе есеп-қисап жүйелері) басшылықтың қажеттіліктерін, бизнес қиындығын, ұйым бейімді болып табылатын

¹⁴ ХАС 315 (Қайта қарастырылған), *Субъектіні Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмалаулардың Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*, А53 тармағы

¹⁵ ХАС 315 (Қайта қарастырылған), А58 тармағы және Қосымша 1.

тәуекелдіктер сипатын, және байланысты заңдарды немесе нормативті актілерді сүреттеуге қолданылады.

- A19. Кейбір юрисдикцияларда, заңнама немесе нормативті актілер бухгалтерлік кітаптар мен жазулар, немесе бухгалтерлік жүйелері сәйкестігі бойынша басшылықтың жауапкершілігін сүреттеуі мүмкін. Кейбір жағдайларда, жалпы тәжірибе бір жағынан бухгалтерлік кітаптар мен жазулар немесе бухгалтерлік жүйелер арасындағы айырмашылықтарды және екінші жағынан ішкі бақылауды немесе бақылауларды ескере отырады. Бухгалтерлік кітаптар мен жазулар немесе бухгалтерлік жүйелер А18 тармақта баяндалғандай ішкі бақылау интегралді бөлімі болғандықтан, бір емес сілтеме 6(b)(ii) тармақта басшылықтың жауапкершіліктерін сипаттауға қолданылады. Аудитор қате түсінуді болдырмау мақсатында басшылықты жауапкершіліктің ауқымы туралы хабардар етуі керек.

Шағын Ұйымдарға байланысты Ой-Пікірлер (Сілт: Тарм. 6(b))

- A20. Аудитор аудиттің мақсаты үшін басшылықтан сұрай алатын қосымша ақпарат, қажет болған жағдайда, ХАС 720 (Қайта қарастырылған) сәйкес басқа ақпаратқа қатысты мәселелерді қамтуы мүмкін. Егер аудитор аудиторлық есеп күнінен кейін басқа ақпаратты алуды жоспарлаған болса, аудиторлық келісімнің шарттары басқа ақпаратқа қатысты аудитордың жауапкершілігін мойындауы мүмкін, егер қолданылатын болса, аудитор аудиторлық есеп күнінен кейін алынған басқа ақпаратта басқа ақпаратты маңызды бұрмалаушылық бар деп тұжырымдайтын жағдайда орынды немесе қажет болатын іс-әрекеттер.

Шағын Ұйымдарға Қатысты Қарастырулар (Сілт: Тарм. 6 (b))

- A21. Аудиторлық келісімнің шарттарын келісудің мақсаттарының бірі басшылық пен аудитордың тиісті міндеттері туралы түсінбеушілікке жол бермеу болып табылады. Мысалы, үшінші тарап қаржылық есептілікті дайындауға көмектескен кезде, басшылыққа қаржылық есептілікті қолданылатын қаржылық есептілік шеңберіне сәйкес дайындау оның жауапкершілігі болып қалатынын еске салу пайдалы болуы мүмкін.

Аудиторлық Келісімдер Шарттарымен Келісу

Аудиторлық Келісім Шарттары туралы Келісін Жүру (Сілт: Тарм. 9)

- A22. Ұйымүшін аудиторлық келісім шарттары туралы келісулер бойынша басшылық пен өкілеттік берілген адамдардың рөлдері ұйымның басқару құрылымына және байланысты заңнамаға немесе нормативті актілерге тәуелді болып отыр.

*Аудиторлық Келісім Хат немесе Жазба Келісім Басқа Нысаны*¹⁶ (Сілт: Тарм. 10-11)

A23. Аудитке қатысты қате түсінулерді болдырмауға көмектесу үшін аудит басталуына дейін аудитор аудиторлық келісім хатты жіберуі тиіс екені ұйыммен аудитор мүдделері болып есептіледі. Кейбір елдерде, дегенмен, аудит мақсаты мен ауқымы және басшылық пен аудитор жауапкершіліктері заңнамамен лайықты түрде орнатылуы мүмкін; олар 10 тармаққа баяндалған мәселелерді анықтайды. Сондай жағдайларда 11 аудиторға байланыста заңнама немесе нормативті актілер қолданылуына және 6(b) көрсетілгендей басшылық жауапкершілігі туралы білуіне қатысты дерекке тек сілтемені келісім хатқа енгізуге рұқсат берсе де, аудитор 10 та баяндалған мәселелерді келісім хатқа басшылық ақпараты үшін енгізу лайықтылығын қарастыра алады.

Аудиторлық Келісім Хат Нысаны мен Мазмұны

A24. Аудиторлық келісім хат нысаны мен мазмұны әрбір ұйым үшін ерекшелене алады. Аудитордың жауапкершіліктері бойынша аудиторлық келісім хаттарға енгізілген ақпарат ХАС стандартына 200 негізделуі мүмкін.¹⁷ Бұл ХАС 6(b) және 12 тармақтары басшылықтың жауапкершіліктерін сипаттауға қатысы бар. 10 тармақпен талап етілген мәселелерге қосылып, аудиторлық келісім хат сілтеме мындарға жасауы мүмкін:

- Аудиттің ауқымын өндеу, қолданыстағы заңнамаға, нормативті актілерге, ХАС стандарттарына және аудитор қатысы бар болуы кәсіби ұйымдар әдептану және басқа мәлімдемелерін қоса алғанда.
- Аудиторлық келісім нәтижелері туралы басқа хабарлау нысаны.
- 701 ХАС сәйкес аудитордың аудиторлық есепте аудитордың негізгі мәселелерін хабарлауы туралы талабы.¹⁸
- Аудит лайықты түрде жоспарланған және ХАС стандарттарына сәйкес орындалған болса да, ішкі бақылау бөлінбес шектеулері қосылып, аудиттің бөлінбес шектеулері болғандықтан, елеулі бұрмалау анықтай алмау сөзсіз тәуекелдігі болуы мүмкіндігі туралы дерек.
- Аудитті жоспарлау мен орындауға қатысы бар келісімдер, аудиттің жасағы құрамын қоса алғанда.

¹⁶ Келесі тармақтарда аудиторлық келісім хатына кез келген сілтеме аудиторлық келісім хатына немесе жазбаша келісімнің басқа қолайлы формасына сілтеме ретінде қабылдануы керек.

¹⁷ ХАС 200, 3-9 тармақтар

¹⁸ ХАС 701, Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Аудиттің Негізгі Мәселелеріне Хабарлау

- Ұйымбасшылығының жазбаша ұсыныстарды беруіне қауіптер (А13 тармағын қараңыз).
 - Басшылық қаржылық есептілікті дайындауға қатысты барлық ақпаратқа, оның ішінде басшылықтың ашуға қатысты ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ететініне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
 - Қаржылық есептіліктің жобасын, оның ішінде оларды дайындауға қатысты барлық ақпаратты, оның ішінде және одан тыс жалпы немесе қосалқы кітаптан алынған (ашуды дайындауға байланысты барлық ақпаратты) аудиторға ұсынуға басшылықтың келісімі және бар болған жағдайда аудитор ұсынылған кестеге сәйкес аудиторлық тексеруді аяқтауға мүмкіндік беру үшін басқа ақпарат.¹⁹
 - Қаржылық есептілікке әсер етуі мүмкін фактілер туралы аудиторды ақпараттандыру туралы басшылықтың аудиторлық есеп күнінен бастап қаржылық есептілік шығарылған күнге дейінгі кезең ішінде басшылыққа мәлім болатын келісімі.
 - Сыйақы есептелетін негіз және кез-келген есеп айырысу келісімі.
 - Басшылықтың аудиторлық келісім хатының алынғанын растау және онда көрсетілген келісім шарттарымен келісу туралы сұранысы.
- A25. Егер аудитордан аудиттің негізгі мәселелері туралы хабарласу талап етілмесе, аудиторға аудиторлық келісім шарттарында аудитордың есебінде және кейбір заңдылықтарда аудитордың негізгі мәселелерін байланыстыру мүмкіндігі туралы сілтеме жасау пайдалы болуы мүмкін. аудиторға мүмкіндігінің сақталуы үшін осындай мүмкіндіктің сілтемесін қосу қажет.
- A26. Керек болғанда, келесі тармақтар аудиторлық келісім хатта жасалуы мүмкін:
- Аудиттің кейбір аспектілерінде өзге аудиторларды және сарапшыларды тарату бойынша келісімдер.
 - Ішкі аудиторлар мен ұйымның басқа қызметкерлері шақырылуына қатысты келісім.
 - Егер сондай болса, бастапқы аудит жағдайында, алдағы аудитор жасауы тиісті келісімдер.
 - Ұйымның шегінен тыс тиісті органға анықталған немесе заңнама мен нормативтік актілердің сәйкес келмеуі туралы есеп беруді қарастыратын заңнама, ережелер немесе тиісті әдеп талаптары бойынша аудитордың міндеттеріне сілтеме және сипаттама.

¹⁹ ХАС 720 (Қайта қарастырылған) *Аудитордың Басқа Ақпаратқа Қатысты Міндеттері*

- Сондай мүмкіндік бар болса, кез-келген аудитордың міндетін шектеу.
- Аудитор мен ұйым арасындағы кез-келген кейінгі сілтеме.
- Басқа тараптарға аудиторлық жұмыс құжаттарын беру бойынша кез-келген міндеттер.

Аудиторлық келісім хатқа мысалы 1 қосымшада көрсетілген

Құрамдас Бөлімдерінің Аудиті

A27. Бас компанияның аудитору тағы басқамен құрамдас бөлім аудитор болғанда, құрамдас бөлімге жеке аудиторлық келісім хатты жіберу қажеттілігін шешуге әсер тигізетін факторларды қамтиды:

- Кім компонентті аудиторды тағайындаған;
- Жеке аудитордың есебі құрамдас бөлім бойынша шығарылуы тиіс болды ма;
- Аудитке тағайындарға қатысы бар заңды талаптар;
- Бас компанияның меншігі деңгейі; және
- Бас компаниядан компонентті басшылықтың тәуелсіздігі деңгейі.

Заңнамамен немесе Нормативті Актілермен Көзделген Басшылықтың Жауапкерліктері (Сілт: Тарм. 11-12)

A28. Егер аудитор A22 және A27 тармақтарда көрсетілген жағдайларда да аудиторлық келісім хатқа аудиторлық келісім белгілі бір шарттарын құжаттауы қажет емес екені бойынша шешім қабылдаса, аудитор 11 тармаққа сәйкес 6(b) тармақта көрсетілген жауапкершіліктері бар болуын біледі және растайды деп басшылықтан жазбаша келісім алуы тиіс. Бірақ 12 тармаққа сәйкес сондай жазбаша келісім заң немесе реттеуші акті тұжырымы бар болуы мүмкін, егер заңнама немесе реттеуші актілер басшылық үшін 6(b) тармақта баяндалған жауапкершілікке қарсы баламалы жауапкершілікті енгізеді. Бухгалтерлік кәсіп, аудиттің стандарттарын орнатушы, немесе юрисдикцияда аудиторлық реттеуші заңнамадағы немесе реттеуші актілердегі сипаттамы эквивалентті болуына немесе болмауына берілген нұсқаулық бар.

Қоғамдық сектордағы ұйымдарды арнайы қарастыру

A29. Қоғамдық сектордағы аудиттер қызметтерін реттейтін заңнама немесе нормативті актілер жалпы алғанда қоғамдық сектордағы аудитор таңайындалуына рұқсат береді және қоғамдық сектордағы аудитордың жауапкершіліктерін және әдетте құзыреттерін, ұйымның жазуларына мен басқа ақпаратына кіруді рұқсат етілуіне қатысы бар құзыреті қосылып, белгілейді. Заңнама немесе нормативті актілер аудиторлық келісім шарттарын егжей-тегжейлеп анықтап қалса, қоғамдық сектордағы

аудитор 11 тармаққа сай аудиторлық келісім-хат шығарылуы артықшылығы бар болуын қарастыра алады.

Тізбектік Аудиттер (Сілт:Тарм. 13)

A30. Аудитор әр кезеңге жаңа келісім-хат жібермеуі шешімін қабылдайды. Бірақ мына факторлар жаңа хат құруға негіз бола алады:

- Клиент аудиттің мақсаты мен масштабын дұрыс түсінбеудің кез келген нышаны.
- Аудиторлық келісімнің кез келген қайта қарастырылған немесе арнайы шарттары.
- Ұйымның жоғарғы басшылығының құрамындағы ағымдағы өзгерістер.
- Меншік құқығындағы маңызды өзгерістер.
- Ұйымжұмысының сипатындағы немесе масштабындағы елеулі өзгерістер.
- Заң талаптар және нормативтік - құқықтық актілер.
- Қаржылық есептілікті дайындаудағы өзгерістер.
- Басқа есеп беру талаптарындағы өзгерістер.

Аудит бойынша Келісімдердегі Өзгерістерді Қабылдау

Аудиторлық Келісім Шарттарындағы өзгерістерді Қабылдау (Сілт: Тарм. 14)

A31. Клиенттің аудиторға келісімді өзгерту туралы өтініші қызмет көрсетуге қажеттілігіне ықпал ететін жағдайлардың өзгерісінен, бастапқы сұралған аудит сипатын немесе ілеспе қызмет сипатын дұрыс түсінбеуден немесе келісім ауқымының ұйымбасшылығы қойған, болмаса жағдайларға байланысты болған шектелуінен туындауы мүмкін. 14 тармақпен талап етілгендей аудитор өтінішке берілген себепті, оның ішінде келісім ауқымының шектелуінің жүзеге асырылуын мұқият қарастырады.

A32. Ұйымталабына немесе бастапқыда сұралған қызмет сипатын дұрыс түсінбегенге ықпал ететін жағдайлардың өзгерісі әдетте келісімдегі шартты өзгерту өтінішінің дұрыс себептері ретінде қарастырды.

A33. Және керісінше, өзгерту дұрыс деп қарастырылмайды, егер ол анық емес немесе қанағаттанарлық емес ақпаратқа қатысы болса. Оған мысал, аудитор дебиторлық қарызға қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер ала алмайды, ал клиент аудит бойынша келісім шартын өзгертуді сұрайды және ережесі бар аудиторлық пікірді немесе пікір айтудан бастартуды болдырмас үшін оны шолу жүргізумен ауыстыруды өтінеді.

Шолуға немесе Ілеспе Қызметке Өзгеріске Өтініш (Сілт: Тарм. 15)



- A34. Аудит бойынша келісімді ілеспе қызметке және шолуға өзгерту келісіміне дейін ХАС-на сәйкес аудитті жүргізуге шақырылған аудиторға, А31-А33 тармақтардағы мәселелерге қоса алғанда, мұндай өзгертудің кез келген заңды немесе келісімді нәтижелерін қосымша қарастыруы керек.
- A35. Егер аудитор аудиторлық келісім шолуға немесе ілеспе қызметке өзгертілуі тиіс деген қорытындыға келсе, өзгерістер күнінде орындалған аудиттің жұмысы қайта құрылған келісімге сай болады; бірақ, орындалуы тиісті жұмыс және шығарылуы тиісті есеп қайта құрылған келісімге сай келетін болады. Есеп беруді түсіну үшін, оған мыналарға сілтеме қосылмайды:
- (a) бастапқы аудиторлық келісімге; немесе
 - (b) бастапқы келісім кезінде орындалатын кез келген шаралар, қоспағанда, орындалған шараларды орындау бойынша келісімге өзгертулерді және орын орындалған шараларға сілтеме есеп берудің қарапайым элементі болып табылады.

Келісімді Қабылдау бойынша Қосымша Қарастырулар

Заңнамамен немесе Нормативті-Құқықтық Талаптармен Анықталған Қаржылық Есептілік Стандарттары (Сілт: Тарм. 18)

- A36. Кейбір жағдайларда, заңнама немесе нормативті-құқықтық талаптар қаржылық есеп беру стандарттарын мойындалған немесе анықталған стандартты орнатушы ұйым арқылы қаржылық есептілікте дайындауға қатысы бар қосымша талаптармен толықтыра алады. Анау юрисдикцияларда, қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесі ХАС –ын қолдану мақсатында анықталған қаржылық есеп беру жүйесін және сондай қосымша талаптарды қамтиды, егер олар анықталған қаржылық есеп беру жүйесімен қақтығысқа келмесе. Мысалға, заңнама немесе нормативті-құқықтық актілер, қаржылық есептілік стандарттармен талап етілгендерге қосылып, ашылымдарды белгілей отыратын жағдайда да, немесе қаржылық есеп беру стандарттары ішінде жасалуы мүмкін қолданыстағы таңдаулары қатарын тарылтайтын жағдайда да, бұл болуы мүмкін.²⁰

Заңнама немесе Нормативті-Құқықтық Талаптар Анықтаған Қаржылық Есеп Жүйесі—Басқа Ықпал Тигізетін Мәселелерді Қарастыру (Сілт: Тарм. 19)

- A37. Заңнама немесе нормативті-құқықтық актілер бойынша аудитордың пікірінің тұжырымы «барлық елеулі қатынастарда, әділ түрде ұсыну» немесе «әділ және адал көріністі беру» деген сөздер қолдануы тиіс, егер заңнамамен немесе нормативті-құқықтық актілермен белгіленген қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесі өзге түрде сәйкес емес

²⁰ ХАС 700 (Қайта қарастырылған), 15 тармақ, қаржылық есептілік лайықты түрде қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесін сипаттайды немесе суреттейді деген талапты қосады.

болатын екен деген аудитор қорытындыға келсе. Мына жағдайда да, белгіленген тұжырымы шарттары ХАС талаптарынан елеулі түрде ерекшеленеді (21 тармақты қараңыз).

Заңнамамен немесе Нормативті-Құқықтық Талаптармен Анықталған Аудитордың Есебі (Сілт: Тарм. 21)

А38. Аудитор аудитке қатысы бар ХАС барлығына сәйкес келгенше, аудитор ХАС –ына сәйкестікті ауыстырмайды деген ХАС талап етеді.²¹ Егер заңнама немесе нормативті-құқықтық актілер ХАС талаптарынан елеулі түрде ерекшеленетін насанындағы немесе жағдайларындағы аудитордың есебі тұжырымын немесе құрылымын белгілей отырса және аудитор аудитордың есебіндегі қосымша түсіндіру ықтимал дұрыс түсінбеуді жеңілдету мүмкін емес деген қорытындыларға келсе, аудитор аудит ХАС –ына сәйкес емес орындалатын екені бойынша мәлімдемені аудитордың есебінде енгізуді қарастыруы тиіс. Аудитор ХАС –ына сәйкес орындалатын аудитті сипаттауға рұқсат етілмесе де, аудитор ХАС –ын, сонымен қатар аудитордың есебін реттейтін ХАС-ын, тиісті деңгейге дейін қолдануға мадақталады.

Қоғамдық Сектордағы Ұйымдарға Тән Ой-пікірлер

А39. Қоғамдық секторда арнайы талаптар аудиттің мандатын реттейтін заңнама ішінде бар болуы мүмкін; мысалға, аудитор тікелей түрде министрге, заң шығарушы өкіметке, немесе, егер ұйымаудиттің көлемін шектеуге тырысса, клиенттерге хабарлауы тиіс.

²¹ ХАС 200, 20 тармағы

1 Қосымша

(Сілт: Тарм. А24-А26)

Аудит бойынша Келісім-хат Мысалы

Келесі Халықаралық Қаржы Есеп Стандарттарына сәйкес дайындалған жалпы сипаттағы қаржылық есептілік аудиті үшін аудит бойынша келісім-хатқа мысалы. Бұл хат ХАС-да көрсетілген қарастыруларға сай нұсқау ретінде пайдалануды және жеке талаптар мен жағдайларға сәйкес өзгереді. Бұл жеке талаптарға және жағдайларға сәйкес өзгереді. Бұл Қаржылық есеп беру кезіндегі қаржылық есептілік аудитін сипаттауға құрылған және, егер тізбектік аудиттерге қолданылуы күтілсе, жетілдірулерін талап етеді (бұл ХАС 13 тармақтарын қараңыз). Кез-келген келісім-хат лайықты екен деген заңды кеңесті іздеуі тиісті болуы мүмкін.

ABC компанияның директорлар кеңесіне немесе ұйымның жоғарғы басшылығының тиісті өкіліне:¹

[Аудиттің мақсаты мен масштабы]

Сіз² бізге аудит 20X1 жылғы 31 желтоқсанындағы ABC компанияның бухгалтерлік баланс жүргізуге және де оған байланысты табыстар мен шығындар жөнінде, көрсетілген күнде аяқталатын есеп беру жылындағы ақша қозғалысы туралы есеп беруді және маңызды бухгалтерлік саясаттар мен басқа түсіндірмелі ақпарат туралы есеп беруді жүргізуге өтініш жасадыңыз. Біз бұл келісімді қабылдап, түсінгенімізді растауға қуаныштымыз. Аудитті қаржылық есеп беру бойынша пікір білдіру мақсатында жүргіземіз.

Біздің аудитіміздің мақсаты қаржылық есептіліктің алаяқтық немесе қателікке байланысты маңызды бұрмаланулардың жоқтығы туралы негізделген сенімділікке ие болу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығару болып табылады. Негізделген сенімділік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргізілген аудит әрдайым маңызды бұрмалануларды анықтайтындығына кепілдік емес. Бұрмаланулар алаяқтықтан немесе қателіктен туындауы мүмкін, егер жеке немесе жиынтықта олар осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп күтілсе, маңызды болып саналады.

¹ Байланысты юрисдикцияны қоса алғанда, келісім жағдайларына тән болуы мүмкін хаттағы сілтемелер және хат алушылар. Байланысты адамдарға сілтеме маңызды болып табылады – А22 тармақты қараңыз.

² Бұл хатта «өкілеттік берілген тұлғалар», «сіз», «біз», және «аудитор» деген сілтемелер жағдайларға тән болғандықтай қолданылатын немесе өзгертілетін болады.

[Аудитордың жауапкершіліктері]

Біз аудитті ХАС сәйкес жүргіземіз. Бұл стандарттар біздің этикалық талаптарды сақтауымызды талап етеді. ХАС сәйкес аудиттің бөлігі ретінде біз кәсіби тұрғыдан пайымдаймыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Біз сонымен қатар:

- Алаяқтық немесе қателік салдарынан қаржылық есептіліктің бұрмалануы тәуекелдерін анықтау және бағалау, сол тәуекелдерге жауап беретін аудиторлық шараларды жасау, біздің пікірімізге негіз болатын жеткілікті және лайықты аудиторлық дәлелдерді алу. Алаяқтықтан туындайтын маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау қаупі қателіктің салдарынан туындайтын қателіктерге қарағанда жоғары, өйткені алаяқтық сөз байласу, қолдан жасау, қасақана жіберіп алулар, бұрмалаушылықтар немесе ішкі бақылауды жоққа шығаруы мүмкін.
- Ұйымның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру үшін емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық шараларды жасау үшін аудитке қатысты ішкі бақылау туралы түсінік алу.³ Аудит барысында анықталған қаржылық есептілік аудитіне қатысты ішкі бақылаудағы кез келген маңызды кемшіліктер туралы жазу.
- Пайдаланылған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулар мен тиісті ашулардың негізділігін бағалау.
- Менеджменттің бухгалтерлік есеп жүргізу негіздерін және алынған аудиторлық дәлелдерге сүйене отырып, оқиғалардың немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік Қоғамның болашақтағы қызметін жалғастыра беру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін бе, жоқ па деген қорытындыға келу. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі тиісті ашып көрсетулерге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ашулар жеткіліксіз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз аудитордың есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның тоқтаусыз қызмет етуді тоқтатуына себеп болуы мүмкін.
- Қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, құрылымын және мазмұнын, оның ішінде ашып көрсетулерді, сондай-ақ қаржылық есептіліктің негізгі операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынуға қол жеткізетіндігін көрсететіндігін бағалау.

Аудиттің ішкі шектеулерімен бірге, ішкі бақылаудың бөлінбейтін шектеулеріне байланысты, аудиттің ХАС сәйкес жоспарланған және орындалғанына

³ Бұл үкім тиісті жағдайларда аудитордың қаржылық есептілік аудитімен бірге ішкі бақылаудың тиімділігі туралы қорытынды беруге міндеттілігі болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

қарамастан, кейбір маңызды бұрмалаушылықтардың анықталмауы мүмкін болатын қауіп бар.

[Басшылықтың жауапкершіліктері мен қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесінің анықталуы (мынау мысалдың мақсаттары үшін, заңнама мен нормативті-құқықтық актілер тиісті жағдайларға тән жауапкершіліктерді белгілеп отырмайды деп аудитор анықтаған жоқ; бұл ХАС 6(b) тармақтарындағы сипаттама қолданылады).]

Біз аудитте бұл жауапкершілікті қабылдап, түсінгенін растау негізінде [басшылық, немесе керек болғанда өкілеттік берілген тұлғалар]⁴ жүргіземіз:

- (a) Халықаралық Қаржы Есеп Стандарттарына Сәйкес қаржылық есептілік әділ түрде ұсынылсын және дайындалсын;⁵
- (b) Сондай ішкі бақылау [басшылық] сияқты алаяқтық немесе қате себебімен елеулі ауытқулар көзге түспей қалған қаржылық есептілікті даярлауды қамтамасыз ету қажеттілігін шешім қабылдайды; және
- (c) Бізге келесіні беруіңіз керек:⁶
 - (i) Басшылық түсініп, жазуларды, құжаттаманы және басқа мәліметтерді қоса алғанда, қаржылық есептілікті даярлауға тән барлық ақпаратқа кіруді рұқсат етілсін;
 - (ii) Аудит мақсатында басшылыққа өтінішімізді жібереміз деген қосымша ақпарат; және
 - (iii) Біз аудиторлық дәлелдерді аулымыз қажеттілігін шешім қабылдап отырмыз деп ұйымның ішіндегі тұлғаларға шектеулі емес түрде кіруді рұқсат етілсін.

Біз аудиторлық үдерістің бір бөлігі ретінде ұйымбасшылығынан және керек болғанда, өкілеттік тұлғалардан аудитке қатысты ұсынулар бойынша жазбаша түрде растауды сұраймыз.

Біз аудит барысында сіздердің қызметкерлеріңізбен тығыз ынтымақтастыққа қуаныштымыз.

[Басқа тән ақпарат]

[Басқа ақпаратты, гонорарлар бойынша келісімдерді, есеп-шоттарды шығару бойынша келісімдерді және керек болғанда, басқа тән шарттарды енгізіп қосыңыз.]

⁴ Жағдайларға тән терминологияны қолдану.

⁵ Немесе, керек болғанда, «Халықаралық Қаржы Есептілігінің Стандарттарына сәйкес әділ және адал көріністі беретін қаржылық есептілікті даярлау».

⁶ Қосылуы мүмкін басшылықтың міндеттеріне қатысты басқа мәселелердің мысалдары үшін А24 тармағын қараңыз.



[Есеп беру]

[Аудитордың есебінің күтілген нысанына және мазмұнына тән сілтемені енгізіңіз]

Біздің есебіміз нысаны және мазмұны біздің аудиторлық ақпарат мәнмәтінде қайта қарастырылуын қажет етуі мүмкін.

Берілген хаттың көшірмесін біз жүргізген қаржы есебінің аудитінің шартына қатысты түсінгеніңізге сай растауыңыз ретінде қол қойып, қайтаруыңызды өтінеміз.

XYZ & Co

ABC компаниясының атынан расталды

(қолы)

.....

Аты – жөні, лауазымы

Күні

2 Қосымша

(Сілт: Тарм. А10)

Жалпыға арналған негіздің қолданылуының анықтамасы

Заңнамамен немесе Нормативті-Құқықтық Актілермен Белгіленген Қаржылық Есеп Беру Жүйелері жоқ немесе Стандарттау бойынша Мойындалған және Расталған Ұйымы жоқ Жалпы Сипаттағы Жүйелердің Заңды Құзырлы Аймақтардың Қолданысын Шешу

1. Бұл ХАС А10 тармағында белгіленгендей, ұйымстандарттау бойынша мойындалған немесе расталған ұйымы жоқ юрисдикцияда жазылып қойылатын болса немесе қызмет етсе, немесе қаржылық есеп беру жүйесі қолданысы заңнамада немесе нормативті-құқықтық актілерде көрсетілген жоқ болса, басшылық қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесін анықтайды. Әдетте, сондай юрисдикциялардағы тәжірибесі бұл ХАС А8 тармақтарында сипатталған ұйымдардың біреуімен белгіленген қаржылық есеп беру стандарттарын қолдану.
2. Керісінше, анау юрисдикцияда қызмет ететін белгілі бір ұйымдар дайындаған жалпы сипаттағы қаржылық есептілік үшін қаржылық есептілік беру жүйесі ретінде әдеттегідей мойындалған белгілі бір юрисдикциядағы бухгалтерлік келісім-шарттар жасалуы тиіс. Сондай қаржылық есеп беру жүйесі қолданылғанда, бұл ХАС 6(b) тармағына сәйкес аудитор бухгалтерлік келісім-шарттар коллективтік түрде жалпы сипаттағы қаржылық есептілік үшін қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесін құруы мүмкін екені қажеттілігін шешімін қабылдауы тиіс. Бухгалтерлік келісім-шарттар кеңінен белгілі бір юрисдикцияда қолданылатын болғанда, анау юрисдикциядағы бухгалтерлік кәсіп аудиторлардың атынан қаржылық есеп беру жүйелері қолданысын қарастыруы мүмкін. Керісінше, аудитор бухгалтерлік келісім-шарттар әдеттегідей қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйелері көрсететін нышадары бар-жоғын қарастыру (3 тармақты қараңыз) арқылы немесе бухгалтерлік келісім-шарттарды қолданылатын болып есептілетін (төмен 4 тармақты қараңыз) ағымдағы қаржылық есеп беру жүйесінің талаптарымен салыстыру арқылы шешім қабылдай алады.
3. Кәдімгідей, қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйелері болжамды қолданушылар үшін пайдалы қаржылық есептіліктегі ақпаратқа ықпал тигізетін келесі нышандарды көрсетіп жатыр:
 - (a) Әдетте бұл қажеттіліктер қаржылық лауызымды, қаржылық қызметті және бизнес ұйымның ақша қозғалысын ұсыну арқылы қанағаттандырылады. Қаржылық есептіліктегі ақпарат ұйымның сипатына және қаржылық есептіліктердің мақсатына тән деген сәйкестік. Мысалға, жалпы сипаттағы қаржылық

есептіліктерді дайындайтын бизнес ұйымжағдайларында, сәйкестік экономикалық шешімдер қабылдау кезінде жалпы қаржылық ақпаратқа қолданушылардың көбі қажеттіліктерін қанағаттандыруы қажет ақпарат ретінде бағаланады.

- (b) Көзге түсіп қалған қаржылық есептіліктерге негізделетін қорытындыларға ықпал тигізіп алуы мүмкін болатын транзакциялар және жағдайлар, бастапқы сальдолар және ашылымдар толықтығы.
 - (c) Қаржылық есептіліктегі ақпарат сенімділігі:
 - (i) Керек болғанда, олардың заңды нысанын емес, жағдайлар мен транзакциялар экономикалық мағынасын сипаттап отыр; және
 - (ii) Сол сияқты жағдайларда қолданылғанда, дұрыс түрде тоқтаусыз бағалау, өлшеу, ұсыну және ашу деген нәтижелері.
 - (d) Жалған қаржылық есептіліктегі ақпаратқа үлес қосу деген бейтараптылық.
 - (e) Қаржылық есептіліктегі ақпарат анық және жан-жақты және елеулі түрде бөлек түсіндірілуі жоқ деген түсініктілік.
4. Аудитор қолданыстағы болып есептелетін ағымдағы қаржылық есеп беру жүйесінің талаптарын бухгалтерлік келісім-шарттармен салыстыруды шешім қабылдай алады. Мысалға, аудитор бухгалтерлік келісім-шарттарды ХҚЕС-ымен салыстыруы мүмкін. Шағын ұйымның аудиті болса, аудитор бухгалтерлік келісім-шарттарды стандарттау бойынша мойындалған немесе расталған ұйыммен сондай ұйымдар үшін дамытылған қаржылық есеп беру жүйесімен салыстыруын шешім қабылдай алады. Аудитор сондай салыстырғанда және айырмашылықтар анықтағанда, қаржылық есептілікті даярлау кезінде енгізілген бухгалтерлік келісім-шарттар қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесі бола ма деген шешім айырмашылықтар себептерін қарастыруды қамтиды, және бухгалтерлік келісім-шарттар қолданысы немесе қаржылық есептіліктегі қаржылық есеп беру жүйесінің сипаттамасы жасанды қаржылық есептілікке ықпал етуі мүмкін болды ма деген шешім бар.
5. Жеке артық көрулерге сәйкес келу үшін дамытылған бухгалтерлік келісім-шарттар жинағы жалпы сипаттағы қаржылық есептіліктерге арналған қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйелері емес. Бұл толығымен белгілі бір заңды құзырлы аймақтарда дайындаушылар және қолданушылар назарына салғанша, сол сияқты сәйкестік жүйесі қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесі болмайды.

220 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІНІҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Сапаны Бақылау Жүйесі және Келісім Топтарының Рөлі	2–4
Күшіне Ену Күні	5
Мақсаты	6
Анықтамалар	7
Талаптар	
Аудиттің Сапасы үшін Басшылықтың Жауапкершілігі	8
Тиісті Әдеп Талаптары	9–11
Клиентпен Қарым-қатынасты Қабылдау мен Жалғастыру және Аудит Келісімдері	12–13
Келісім Топтарын Тағайындау	14
Келісім Тиімділігі	15–22
Мониторинг	23
Құжаттама	24–25
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Сапаны Бақылау Жүйесі және Келісім Топтарының Рөлі	A1–A2
Аудиттің Сапасы үшін Басшылықтың Жауапкершілігі	A3
Тиісті Әдеп Талаптары	A4–A7
Клиентпен Қарым-қатынасты Қабылдау мен Жалғастыру және Аудит Келісімдері	A8–A10
Келісім Топтарын Тағайындау	A11–A13
Келісім Тиімділігі	A14–A33

Мониторинг.....	A34–A36
Құжаттама	A37

Қаржылық Есептілік Аудитінің Сапасын Бақылау 220 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы міндеті және Халықаралық Аудит Стандарттарына сай Аудитті Жүргізу 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС Ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) қаржылық есептілік аудитінің сапасын бақылау шараларына қатысы бар аудитордың жауапкершіліктері туралы мәлімдейді. Бұл сондай-ақ керек болғанда келісім сапаны бақылау тексерушісінің жауапкершілігін анықтайды. Бұл ХАС тиісті әдеп талаптарымен бірге оқылуы тиіс.

Сапаны Бақылау Жүйесі және Келісім Топтарының Рөлі

2. Сапаны бақылау жүйелері, саясаттар және шаралар аудит фирмасының жауапкершілігі болып есептеледі. 1 СБХС-ына сәйкес фирма бұл негізделген сенімділік беру үшін сапаны бақылау жүйесін қолдауға және орнатуға міндетті:
 - (a) Фирма қызметкерлері кәсіби стандарттарға және қолданыстағы заң мен реттеуші талаптарға сәйкес келуі тиіс; және
 - (b) Фирмамен немесе келісім бойынша серіктестермен шығарылған есептер жағдайларға тән.¹

Бұл ХАС фирманың 1 СБХС-ына немесе кем дегенде талап ететін ұлттық талаптарға сәйкес келуіне негізделетін. (Сілт: Тарм. А1)

3. Фирманың сапасын бақылау жүйесі мәнмәтіні ішінде, келісім бойыншатоптар аудиторлық келісімге қолданылатын сапаны бақылау шараларды енгізуге және тәуелсіздікке қатысы бар фирманың сапасын бақылау жүйесінің бір бөлігі қызмет етуін қамтамасыз ету үшін фирманы өзіне тән ақпаратпен қамтамасыз етуге жауапты.
4. Фирма немесе басқа тараптар берген ақпарат өзге жүйені қамтамасыз еткенше, келісім бойынша топтар фирманың сапасын бақылау жүйесіне сүйенуге құқығы бар. (Сілт: Тарм. А2)

Күшіне Ену Күні

5. Бұл ХАС 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап немесе осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

6. Аудитордың мақсаты – аудиторға негізделген сенімділік беретін келісім деңгейінде сапаны бақылау шараларын ендіру:

¹ 1 СБХС, *Қаржылық ақпараттың аудиттері мен шолуын, ақпараттың дұрыстығын растау және ілеспелі қызметтер көрсету бойынша Келісімдер*, 11 тармақ

- (a) Аудитор кәсіби стандарттарға және қолданыстағы заңды және реттеуші талаптарға сәйкес келеді; және
- (b) Шығарылған аудитордың есебі жағдайларға тән.

Анықтамалар

7. ХАС-ы мақсаттарында, келесі шарттардың төмендегі мағынасы бар:
- (a) Келісім серіктесі² – келісім және оны орындау, сонымен қатар фирманың атынан шығарылған есеп бойынша жауапкершілікке, керектік туған кезде кәсіби, заң шығарушы немесе реттеуші органмен берілген лауазымға ие серіктес немесе фирманың басқа мүшелері.
 - (b) Келісімді орындау сапасын бақылауын шолу – келісім бойынша жұмыс істейтін топтың жасаған елеулі шешімдерін және олардың есептілікті құрастырғанда қол жеткізген қорытындыларын, есептілікті басып шығарғанға дейін, шыншыл бағалауды қамтамасыз етуге арналған жұмыс. Келісімді орындау сапасын бақылауын шолу үдерісі тек қана бағаланатын ұйымдар қаржылық есептілігі аудиттеріне және сондай болса, фирма анықтаған аудиторлық келісімдерге арналған.
 - (c) Келісімді орындау сапасын бақылауын тексеруші – есепті құру кезінде әріптес, фирмадан тыс адам; сәйкес біліктілікке ие сыртқы мамандар немесе сол адамдардан құрылған сәйкес тәжірибесі мен лауазымы бар топ.
 - (d) Келісім тобы – фирмамен жобада жұмыс істеу үшін шақырылған сарапшылар және жобаны орындаушы барлық қызметкерлер немесе келісім бойынша аудиторлық шараларды орындаушы желілік фирма.³ Бұл фирмамен немесе желілік фирмамен шақырылған аудитордың сыртқы сарапшысын шығарып алып тастайды ХАС 610 (2013 жылы қайта қарастырылған).⁴
 - (e) Фирма – Жеке тәжірибеленетін бухгалтер, кәсіпқой бухгалтерлердің бірлестігі немесе акционерлік қоғамы немесе басқа кәсіпорындары.

² «Келісім серіктесі», «әріптес» және «фирма», керек болғанда, қоғамдық сектордағы эквиваленттерді сипаттау үшін оқылуы тиіс.

³ 620 ХАС, *Аудиторлық Сарапшының Қызметін Пайдалану*, 6 (a) тармақ, «аудитордың сарапшысы» терминін анықтайды.

⁴ 610 ХАС (2013 жылы қайта қарастырылған), *Ішкі аудиторлардың жұмысын қолдану*, тікелей қатысуға шектеулер орнатады. Заң немесе нормативті акт бойынша сыртқы аудиторға ішкі аудиторлардың тікелей қатысуын қолдануға тиым салынуы мүмкін. Осылайша, тікелей қатысуды қолдануға рұқсат берілуі мүмкін, бірақ шектеулері бар.

- (f) Инспекциялау – аяқталған аудиторлық келісімдерге қатысы бар, фирманың сапасын бақылау саясаттарымен және шараларымен бірге, келісім бойынша топ сәйкестік бойынша дәлелдерді беруіне арналған шаралар.
- (g) Бағаланатын ұйым – үлестік немесе қарыздық құнды қағаздары танылған қор биржасында бағаланса немесе олар бойынша сауда танылған қор биржасының немесе басқа сәйкес органның ережелері бойынша жасалатын ұйым.
- (h) Мониторинг – сапаны бақылау бойынша фирманың жүйесін әрдайым бағалай отырып, оның сапаны бақылау жүйесінің дұрыстығы жөнінде сенімді болу үшін таңдаулы аяқталған келісімдерді ұдайы түрде бақылауға қатысты үдеріс.
- (i) Желілік фирма - желіге бағынатын фирма немесе кәсіпорын.
- (j) Желі - Үлкен құрылым:
 - (i) Бірлесіп қызмет етуге мақсаты қойған үлкен құрылым, және
 - (ii) Пайда немесе шығынды бөлісуге нақты мақсат қойған немесе ортақ иелікті, бақылауды немесе басшылықты, ортақ сапаны бақылау саясатын және процедураларын, ортақ бизнес стратегиясын, ортақ брэнд-атаудың қолданысы, немесе кәсіби ресурстардың үлкен бөлігін бөлісетін үлкен құрылым.
- (k) Серіктес – Кәсіптік қызмет көрсету кезінде фирманың атынан іс жүргізе алатын адам.
- (l) Қызметкерлер – Серіктестер мен жұмысшылар.
- (m) Кәсіптік стандарттар – Аудиттің Халықаралық Стандарттары (ХАС-ы) және байланысты Әдепталары.
- (n) Тиісті Әдеп талаптары – Әдетте Бухгалтерлер Халықаралық Стандарттары *Кәсіби Бухгалтерлердің Әдеп Кодексі А және В* бөлемдерін қамтитын, келісім бойынша топ және келісім сапасын бақылау шолушы бағанатын әдеп талаптары. *Бухгалтерлер (БХӘСК Кодексі)* – шамалы қатал ұлттық стандарттар қосылып, қаржылық есептілік аудитіне қатысы бар.
- (o) Қызметкерлер – Серіктестерден басқа кәсіпқойлар, фирмамен шақырылған сарапшыларды қоса алғанда.
- (p) Тиісті біліктілікті меңгеруге сәйкес шақырылған адам – келісім бойынша серіктес ретінде қызмет атқара алатын қабілеттілік пен құзырлыққа ие арнайы шақырылған адам, мысалға, серіктес

немесе басқа фирма не мүшелері тарихи қаржылық ақпаратты шолу жасауға немесе аудит жүргізуге құқығы бар (тиісті тәжірибесі бар) бухгалтерлердің кәсіптік мекемесінің қызметкері.

Талаптары

Аудиттің Сапасы үшін Басшылықтың Жауапкершілігі

8. Келісім бойынша әріптес орындауға тағайындалған әрбір аудиторлық келісім ортақ иелікті сапасына жауапты болады. (Сілт: Тарм. А3)

Тиісті Әдеп Талаптары

9. Аудиторлық келісімді орындау барысында, келісім бойыншасеріктес пен келісім бойыншабасқа мүшелерге қатысты мәселелер бойынша бақылаулар мен сауалнамалар жүргізу қажеттілігі пайда болуы мүмкін. (Сілт: Тарм. А4-А5)
10. Егер келісім бойыншаәріптестің назарын фирманың жүйелері бойынша немесе басқа жолдармен анықталған фактілер өзіне тартса және бұл жайлар келісім бойыншаөптің мүшелері әдептану талаптарды орындамайтынын көрсетсе, фирманың басқа өкілетті адамдарымен кеңесіп алған әріптес, қолға алуға тиіс әрекеттерді анықтайды. (Сілт: Тарм. А5)

Тәуелсіздік

11. Келісім бойыншаәріптес, аудиторлық келісімге қатысты қолданылатын тәуелсіздік талаптарына сәйкестік бойынша қорытынды жасауы қажет. Келісім бойыншаәріптестің міндеті: (Сілт: Тарм. А5)
 - (a) Фирмадан тиісті ақпаратты алып және фирмалар жүйесінен қажет болғанда тәуелсіздікке қатер тудыратын қатынастар мен жағдайларды бағалауы қажет;
 - (b) Егер бар болатын болса, бұзушылықтар туралы ақпаратты бағалап, олардың аудиторлық келісімге тәуелсіздік қатерін тудыруын анықтау үшін тәуелсіздік бойынша фирманың саясаты мен рәсімдерін белгілеуі тиіс; және
 - (c) Бұл қателерді жою үшін тиісті әрекеттерді немесе олардың мүмкін болатын қателерді жоюы немесе ең төменгі деңгейге дейін түсіру үшін қорғаныс шараларын қолдануы қажет. Келісім бойыншасеріктес одан әргі тиісті әрекеттерді анықтау мақсатымен мәселені шеше алмаса, шұғыл түрде фирма алдында есеп беруі керек. (Сілт: Тарм. А6-А7)

Клиентпен Қарым-қатынасты Қабылдау мен Жалғастыру және Аудит Келісімдері

12. Келісім бойынша әріптес, клиентпен және өзіне тән аудиторлық келісіммен қарым- қатынасты қабылдау және жалғастыруға қатысты шаралардың орындалып жатқанын және олар бойынша қол жеткен қорытындылар пайда болған жағдайларға сәйкес келетініне көз жеткізуі қажет. (Сілт: Тарм. А8-А10)
13. Егер келісім бойынша әріптес, фирманың аудиторлық келісімінен ауытқуына әсер етуі мүмкін ақпаратты алғанда, егер бұл ақпаратқа ертеректе қол жетімді болса, келісім бойыншасеріктес бұл ақпарат туралы шұғыл түрде фирмаға хабарлап, келісім бойынша фирма мен әріптестің тиісті шаралар қолдануына алғышарт жасауы керек. (Сілт: Тарм. А10)

Келісім Топтарын Тағайындау

14. Тұтас алғанда, келісім бойыншатоп және келісім бойыншатоптың бөлігі емес аудитордың сарапшылары тиісті қабілеттілігі мен құзырлылығы бар:
 - (a) Кәсіби стандарттарға және қолданыстағы реттеуші талаптарына сәйкес аудиторлық келісімді орындау; және
 - (b) Шығарылуы тиісті жағдайларға тән аудитордың есебін қамтамасыз ету. (Сілт: Тарм. А11-А13)

Келісім Тиімділігі

Бақылау, Қадағалау және Орындау

15. Келісім бойыншасеріктес төмендегі жайлар бойынша бағыттайды:
 - (a) Кәсіптік стандарттар, реттеуші және заңдық талаптарға сәйкес аудиторлық келісімдерді бақылау, қадағалау және орындау; және (Сілт: Тарм. А14-А16, А21)
 - (b) Аудитор есебінің жағдайларға сәйкес келуі.

Шолулар

16. Келісім бойынша әріптес фирманың шолу саясаты мен шарасына сәйкес орындалып жеткен шолуларға жауапты. (Сілт: Тарм. А17-А18, А21)
17. Аудиторлық есепті шығаруға дейін келісім бойынша әріптес, қол жетерлік қорытындыларды растау үшін аудиторлық дәлелдер тиісті әрі жеткілікті ме дегенге көз жеткізіп алуы қажет және келісім бойыншатоппен аудиторлық құжатты шолу жолымен есепті шығару. (Сілт: Тарм. А19-А21)

Keңестер

18. Келісім бойынша әріптестің міндеті:
- (a) Қиын және даулы мәселелерге қатысты келісім бойынша топқа тиісті кеңестер бергендігі үшін жауапкершілік шегуі керек;
 - (b) Фирманың ішкі немесе сыртқы аясы шегіндегі тиісті деңгейде келісімді орындау барысында, топ шегінде және келісім бойынша топ арасында келісім бойынша топтың мүшелері келісімді орындау барысында тиісті кеңестер алғанына көз жеткізу қажет;
 - (c) Берілген кеңестердің сипаты мен мөлшері, сондай-ақ осындай кеңестердің негізінде жасалған қорытындылар, кеңес беруші тарап жағынан келістірілетініне көз жеткізу керек; және
 - (d) Кеңестер негізінде жасалған қорытындылардың жүзеге асыруының тексеруі қажет. (Сілт: Тарм. А22-А23)

Келісімді Орындау Сапасын Бақылау Тексеру

19. Бағаланатын ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне және сондай болса, фирма келісімді орындау сапасын бақылау талап етілгенін шешіп қалған өзге аудиторлық келісімдерге қатысты келісім бойыншасеріктес төмендегі жайларды жүзеге асыруы қажет:
- (a) Келісімді орындау сапасын бақылауды тексеретін адамның тағайындалғанын анықтауы қажет;
 - (b) Келісімді орындау сапасын бақылауды тексерушімен бірге, келісімді орындау сапасын бақылауды тексеру барысында анықталған мәселелерді қоса алғанда, аудиторлық келісім барысында туындаған маңызды мәселелерді талқылау; және
 - (c) Келісімді орындау сапасын бақылауды тексеру аяқталғанға дейін, аудиторлық есепті жарияламай қоя тұру. (Сілт: Тарм. А24-А26)
20. Келісімді орындау сапасын бақылауды тексеруші төмендегі объективті бағаны және аудитордың есебін түйіндеу кезінде қол жеткізілген қорытындыларды біріктіруі тиіс:
- (a) Келісім бойынша командамен бірге жасаған маңызды мәселелерді талқылау;
 - (b) Қаржылық есептілікті және ұсынылған аудитордың есебін тексеру;

- (с) Келісім бойыншатоп жасаған тиісті пікірлерге және қол жеткізілген қорытындыларға қатысты таңдалған аудиторлық құжаттаманы тексеру; және
 - (д) Аудитордың есебін түйіндеу кезінде қол жеткізілген қорытындыларды бағалау мен ұсынылған аудитордың есебі сәйкес келетінін қарастыру. (Сілт: Тарм. А27-А29, А31-А33)
21. Бағаланатын ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне қатысты келісімді орындау сапасын бақылауын тексеруші келісімді орындау сапасын бақылауын тексеру барысында төмендегі жайларды жүзеге асыруы қажет:
- (а) Өзіне тән аудиторлық келісімге қатысты фирманың тәуелсіздігін келісім бойыншакоманданың бағалауы;
 - (б) Пікірлер бойынша алауыздық туындайтын немесе басқа қиын да даулы мәселелер бойынша, сондай-ақ осы кеңес берулерге негізделген мәселелер бойынша тиісті кеңестер алынды ма деген мәселе; және
 - (с) Тексеру үшін таңдалған аудиторлық құжаттар, маңызды талқыларға қатысты орындалған жұмыстарды қамтиды ма және олар қол жеткізілген қорытындыларды қуаттай ма. (Сілт: Тарм. А30-А33)

Пікірдегі айырмашылық

22. Егер келісім бойыншатопта кеңесшімен, келісім бойыншаәріптеспен және келісім сапасын тексерушімен арада пікірлер бойынша алауыздық пайда болса, келісім бойыншатоп пікірлердегі алауыздықты жою үшін фирманың саясатын ұстанып, рәсімдерді орындауы тиіс.

Мониторинг

23. Тиімді сапаны бақылау жүйесі фирмалар сапаны бақылау жүйесіне қатысты саясат пен рәсімдер сәйкес келетін, барабар, тиімді және әрекет етуші тәжірибеге сәйкес келетін, негізделгенсенімділік беруге арналған саясат пен рәсімдерді жасап шығуды қамтиды. Келісім бойыншаәріптес, фирманың соңғы ақпаратында және қажет болғанда басқа фирмалар жүйесі тарқататын, қуатталатын мониторинг үдерісінің нәтижесін қарастырады. (Сілт: Тарм. А34-А36)

Құжаттама

24. Аудитор аудиторлық құжаттарға төмендегіні енгізуі тиіс:⁵

⁵ 230 ХАС, *Аудит Құжаттамасы*, 8-11 және А6 тармақтар.

- (a) Байланысты Әдеп талаптарына сәйкестікке қатысты анықталған мәселелер және олар қалай да шешілді.
 - (b) Аудиторлық келісімге қолданылатын тәуелсіздік талаптарына сәйкестікке негізділген қорытындылар және бұл қорытындыларды қуаттайтын фирмамен тиісті талқылар.
 - (c) Клиентпен және өзіне тән аудиторлық келісіммен қарым-қатынасты қабылдау және жалғастыру дегеніне қатысты қол жеткізілген қорытындылар.
 - (d) Берілген кеңестердің сипаты мен мөлшері, сондай-ақ осындай кеңестердің негізінде жасалған қорытындылар, кеңес беруші тарап жағынан келістірілетініне көз жеткізу керек. (Сілт: Тарм. А37)
25. Келісімді орындау сапасын бақылауын тексеруші тексеріліп жүретін аудиторлық келісімге қатысы бар құжаттауы тиіс:
- (a) Фирманың саясатына сәйкес келісімді орындау сапасын бақылауды тексеру бойынша шаралар орындалды ма;
 - (b) Келісімді сапасын бақылауды тексеру аудиторлық есепті шығарғанда немесе шығарғанға дейін аяқталды ма; және
 - (c) Тексеруші қол жеткізілген қорытындылар және келісім бойынша топпен жасаған үлкен талқылар тексеруші сенетініне ықпал етуі мүмкін кез келген шешілмеген мәселелерді білмей-ақ қояды.

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Сапаны Бақылау Жүйесі және Келісім бойынша Жұмыс Істейтін Топтар Рөлдері (Сілт: Тарм. 2)

- A1. СБХС 1, немесе шамалы қатаң болып табылатын ұлттық талаптар аудиторлық келісімдерге қатысы бар сапасын бақылау жүйесін қолдау және енгізу бойынша фирманың жауапкершіліктерін қарастырады. Сапаны бақылау жүйесі келесі элементтерді реттейтін саясатты мен шараны қамтиды:
- Фирманың шегіндегі сапағы қатысты басқарушылық бойынша жауапкершіліктер;
 - Байланысты Әдеп талаптар;
 - Клиентпен және өзіне тән аудиторлық келісімдермен қарым-қатынасты қабылдау және жалғастыру;

- Адами ресурстар;
- Келісімді орындау; және
- Мониторинг.

Аудиторлық келісімдерге қатысы бар сапасын бақылау жүйесін қолдау және енгізу бойынша фирманың жауапкершіліктеріне қатысы бар ұлттық талаптар кем дегенде 1 СБХС сияқты қатаң болып есептеледі, олар бұл тармақта сипатталып отыратын барлық элементтерді реттей отырып, 1 СБХС-ында баяндалған талаптардың мақсаттарына жетіп жататын міндеттерді фирмаға салғанда.

Фирманың Сапаны Бақылау Жүйесіне Негіздеу (Сілт: Тарм. 4)

A2. Фирма немесе басқа тараптар берген ақпарат басқаша болмасаа, келісім бойынша топ если есть синоним, можно ли заменить? фирманың сапаны бақылау жүйесіне негіздеу қажет. Мәселен:

- Оларды жұмысқа қабылдау және ресми тренинг арқылы қызметкерлер құзыреттері.
- Тәуелсіздік бойынша байланысты ақпаратты жинақтау мен хабарлау арқылы тәуелсіздік.
- Қабылдау және жалғастыру жүйелері арқылы клиентпен келісімдермен қарым-қатынасты қолдау.
- Мониторинг үдерісі арқылы қолданыстағы заңды шығарушы және реттеуші талаптарға сәйкес келу.

Аудиттің Сапасы үшін Басшылықтың Жауапкершілігі (Сілт: Тарм. 8)

A3. Әрбір аудиторлық келісім ортақ сапасына қатысты жауапкершіліктерді қабылдау барысында, келісім бойыншасеріктес әрекеттері мен келісім бойыншатоп мүшелерін хабарландырулардың назары мынаған аударылады:

- (a) Аудит сапасының маңыздылығы:
 - (i) Кәсіптік стандарттарға, реттеуші мен заңдық талаптарға сәйкес келетін жұмыстарды атқару;
 - (ii) Фирманың сапаны бақылау бойынша шаралары мен саясатына сәйкестік;
 - (iii) Қалыптасқан жағдайға сәйкес келетін аудиторлық есепті шығару; және
 - (iv) Айыптаудан қорқпай қауіптенулерді көрсету келісім бойыншатоптың қабілеттілігі; және
- (b) Аудиторлық келісімді орындау кезінде, сапа негізсалушы фактор

болып есептеледі.

Тиісті Әдеп Талаптары

Тиісті Әдеп Талаптарына Сәйкестік (Сілт: Тарм. 9)

- А4. БХӘСК Кодексі төмендегі жайлар кіретін кәсіптік әдептің тұғырлы принциптерін бекітеді:
- (a) Тұтастық;
 - (b) Объективтілік;
 - (c) Кәсіптік күзіреттілік және алдын алушылық;
 - (d) Құпияны жарияламаушылық; және
 - (e) Кәсіптік мінез-құлық.

«Фирма», «Желі» және «Желілік фирма» терминдері (Сілт: Тарм. 9-11)

- А5. Тиісті Әдеп талаптардағы «Фирма», «Желі» және «Желілік фирма» терминдері ХАС –ымен анықталғандардан ерекшеленуі мүмкін. Мәселен, БХӘСК Кодексі «фирма» терминін төмендегідей анықтай береді:
- (a) Жеке тәжірибеленетін бухгалтер, кәсіпқой бухгалтерлердің бірлестігі немесе акционерлік қоғамы;
 - (b) Осындай тараптарды иелік құқығы, басшылық немесе басқа жолдар арқылы бақылайтын кәсіпорын; және
 - (c) Осындай тараптармен иелік құқығы, басшылық немесе басқа жолдар арқылы бақыланатын кәсіпорын.

Тағы басқамен, БХӘСК Кодексі «желі» және «желілік фирма» терминдеріне қатысы бар нұсқаулық береді.

9-11 тармақтар талаптарына сәйкес келу барысында, байланысты Әдеп талаптарындағы қолданылатын анықтамалар Әдеп талаптарын түсіндіру мақсатында қолданылады.

Тәуелсіздік Қатерін Тудыруы (Сілт: Тарм. 11(c))

- А6. Келісім бойынша әріптес, аудиторлық келісімге қатысты, сақтандыру шараларын қолдану жолымен жою немесе оны ең төменгі деңгейге дейін түсіру мүмкін емес тәуелсіздік қатерін анықтауы мүмкін. Мұндай жағдайда, 11(b) тармаққа сәйкес, келісім бойынша әріптес, қызмет немесе мүддеге төнген қатерді біріктіруі мүмкін сәйкес әрекетті немесе аудиторлық келісімнен бас тартуға байланысты тиісті әрекетті анықтау үшін фирмамен кеңеседі.

Қоғамдық Сектордағы Ұйымдарға Арнайы Қарастырулар

А7. Занды сақтандыру шаралары қоғамдық сектордағы аудиторлар тәуелсіздікке қатысты сақтандыру шаралары беруі мүмкін. Бірақ, заңды аудитор атынан мемлеке сектор адиттерін орындап жататын қоғамдық сектордағы аудиторлар немесе аудиторлық фирмалар белгілі бір юрисликциядағы мандат шарттарына тәуелді болып, 11 тармақ мән мәтіндегі сәйкестікті алға жылжыту үшін олардың тәсілін қолдауы қажет. Қоғамдық сектор аудиторының мандаты келісімнен ауытқуды рұқсат еткен жоқ болғанда да, егер олар жеке секторда болмаса, аудиторға ауытқуына әкелуі мүмкін болып, туындаған жағдайлар бойынша бұқаралық есеп арқылы ашылымды қамтуі мүмкін.

Клиентпен Қарым-қатынасты Қабылдау мен Жалғастыру және Аудит Келісімдері (Сілт: Тарм. 12)

А8. 1 СБХС бойынша фирма, жаңа клиентпен келісімді қабылдауға дейін, ағымдағы келісімді жалғастыру қажеттілігін шешім қабылдау кезінде, және ағымдағы клиентпен қол қойылған жаңы келісімді қарастыру барысында, қажетті болып табылатын ақпаратты алуы тиіс.⁶ Сол сияқты ақпарат келісім бойынша әріптеске клиентпен және өзіне тән аудиторлық келісіммен қарым-қатынасты қабылдау және жалғастыруға қатысты қол жеткізілген қорытындылар сәйкес келетін екенін шешім қабылдауға көмектеседі:

- Негізгі меншік иелерінің, негізгі басқарушылардың және ұйымды басқаруға өкілетті адамдардың тұтастығы;
- Аудиторлық келісімді орындау үшін келісім бойынша команда құзырлы ма және ол қажетті ресурс пен уақытқа ие ме;
- Келісім бойынша команда мен фирма әдептану талаптарын орындай ма екен; және
- Ағымдағы немесе алдағы аудиторлық келісімдер барысында туындайтын маңызды зор мәселелер және қарым-қатынастарды жалғастыру үшін олардың мәні.

А9. Заңдар, нормативтік актілер немесе тиісті әдеп талаптары аудитордан келісімді қабылдағанға дейін, алдыңғы аудитордан, алдыңғы аудитордың пікірінше аудитор келісімді қабылдау-қабылдамау туралы шешім қабылдаған кезде хабардар болуы керек кез-келген фактілер мен жағдайларға қатысты белгілі ақпаратты ұсынуды талап етуі мүмкін.⁷ Кейбір жағдайларда, бұрынғы мұрағатшы ұсынылған құқық мирасқор

⁶ 1 СБХС, 27(а) тармақ

⁷ Мысалы, БХӘСК Кодексінің 210.14 бөлімін қараңыз.

аудитордың талабы бойынша, ұсынылған мұрагер-аудитордан анықталған немесе күдікті сәйкессіздіктерге қатысты заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес емес ақпарат туралы ақпарат сұрауы мүмкін. Мысалы, алдыңғы аудитор анықталған немесе күдікті заңдар мен ережелерді сақтамау салдарынан келісімнен бас тартқан жағдайда, БХӘСК Кодексі алдыңғы мұрагерден ұсынылған мұрагер-аудитордың талабы бойынша барлық осындай фактілерді және басқа жағдайларды қамтамасыз етуді талап етеді. ұсынылған құқық мирасқоры аудитордың тағайындауды қабылдау туралы шешім қабылдағанға дейін білуі қажет болатын сәйкессіздік туралы ақпарат.⁸

Қоғамдық Сектордағы Ұйымдарды Арнайы Қарастыру (Сілт: Тарм. 12-13)

A10. Қоғамдық секторда, аудиторлар заңды талаптарға сәйкес тағайындалуы мүмкін. Осыған сәйкес, 12, 13, А8 және А9 тармақтарда баялғандай, клиентпен және өзіне тән аудиторлық келісіммен қарым-қатынасты қабылдау және жалғастыруға талаптар және талқылардың біреулері сәйкес келмеуі мүмкін. Алайды, жиналған ақпарат нәтижелері қоғамдық сектор аудиторлары үшін бағалау және есеп беру міндеттерін орындауға көмектесе алады.

Келісім Топтарын Тағайындау (Сілт: Тарм. 14)

A11. Келісім бойынша топ, есеп-қисап немесе аудиттің мамандырылған саласындағы біліктілікті пайдаланып, қажет болған жағдай да, фирма шақырса немесе тағайындаса, келісім бойынша аудиторлық шараларды орындайтын тұлғаны ескеруі тиіс. Бірақ, сол сияқты біліктілікке ие тұлға келісім бойыншатоптың мүшесі емес, егер анау тұлғаның шақырылуы тек кеңестерді қамтыса. Кеңестер 18, А22 және А23 тармақтарда қаралады.

A12. Жалпы келісім бойынша топтан күтілетін тиісті күзiреттiлiктер мен мүмкiндiктердi қарастырған кезде, келiсiм бойынша серiктес топтың мәселелерiн ескеруi мүмкiн:

- Тренинг пен оған қатысу арқылы ұқсас сипат пен күрделiлiкке толы аудиторлық келiсiмге қатысты бiлiм мен iс жүзiндегi тәжiрибе.
- Кәсiптiк стандарттарды, реттеушi мен заңдық талаптарды бiлу.
- Тиiстi ақпараттық технология бiлiмiн қоса алғанда, сәйкес келетiн техникалық бiлiм.
- Клиент жұмыс iстейтiн тиiстi саланы жақсы бiлу.
- Кәсiптiк талқыны қолдануға қабiлеттiлiк.

⁸ Мысалы, БХӘСК Кодексiнiң 225.31 бөлiмiн қараңыз.

- Сапаны бақылау бойынша фирманың саясаты мен рәсімін білу.

Қоғамдық Сектордағы Ұйымдарды Арнайы Қарастырулар

A13. Қоғамдық секторда, қосымша тиісті құзырет белгілі бір юрисдикцияда аудиттің мандаты шарттарын бөлісіп таратуға қажетті болып табылатын біліктіліктерді қамтуы мүмкін. Сондай құзырет қолданыстағы есеп беру бойынша келісімдерді білуді, заң шығарушы немесе реттеуші орындар алдында немесе қоғамдық мүдде мақсатында есеп беруді қоса алғанда, қамтуы тиіс. Қоғамдық сектор аудиті кең масштабы, мәселен, аудитті орындау кейбір аспектілерін немесе заң, нормативті-құқықтық актілер немесе басқа орынға сәйкестікті күрделі бағалауды, алаяқтық пен жемқорлық фактілерін анықтап, алдын алуды қамтуы мүмкін.

Келісім Тиімділігі

Бақылау, Қадағалау және Орындау (Сілт: Тарм. 15(a))

A14. Келісім бойынша әріптес, аудиторлық келісімді келісім бойыншакоманданы құлақтандыра отырып төмендегі жайлар бойынша бағыттайды:

- Олардың жауапкершілігі, байланысты Әдепталарына сәйкес келу, кәсіптік скептицизм қолданып ХАС 200⁹ талап ететіндей аудитті жоспарлау да орындау қажеттіліктерін қоса алғанда.
- Аудиторлық келісімді жүргізуге бірнеше серіктестер қатысатын кездегі тиісті серіктестердің жауапкершіліктері.
- Орындалуы тиісті жұмыстың мақсаттары.
- Ұйым іскерлігінің сипаты.
- Тәуекелді қажет ететін мәселелер.
- Туындауы мүмкін мәселелер.
- Келісімді орындау бойынша ұсақ бөлшектерді жүзеге асыру.

Келісім бойынша команданың мүшелері топтың барынша тәжірибелі адамдарымен мәселені талқылай алады. Келісім бойынша топтың аясында ақпараттандыруға тиісті процес болуы тиіс.

A15. Тиісті топтық жұмыс пен тренинг, келісім бойынша топтың орындалатын жұмыстың мақсатын айқын түсіну үшін барынша тәжірибелі мүшелермен өзара бірге әрекеттесіп, жұмыс істеуі керек.

A16. Қадағалауға төмендегі жайлар кіреді:

⁹ 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу*, 15 тармақ

- Аудиторлық келісімді орындауды бақылап отыру.
- Келісім бойыншатоптың жекелеген мүшелері өз жұмыстарын орындау үшін уақыттарының жетімділігін, сондай-ақ құзырлылығы мен қабілеттерін тексеру, аудиторлық келісімді орындау барысында жоспарланған әрекеттерге сәйкес, олардың нұсқаумен қаншалықты таныс екендіктерін тексеру.
- Жоспарланған әрекеттердің тиісті жетілдірілуі мен олардың маңыздылығын есепке ала отырып, аудиторлық келісім барысында пайда болатын маңызды мәселелерді қарастыру.
- Кеңес беруді қажет ететін мәселелерді анықтау немесе келісімді орындау барысында оларды келісім бойыншатоптың барынша тәжірибелі мүшесі қарастыруы қажет.

Шолулар

Шолуға Жауапкерлілігі (Сілт: Тарм. 16)

A17. 1 СБХС бойынша, фирманың шолу бойынша жауапкерлішігіне қатысты саясаты мен шаралары келісім бойыншакоманданың барынша тәжірибесі бар мүшелері, команданың тәжірибесі аз мүшелері орындаған жұмысты тексеруге негізделеді.¹⁰

A18. Шолу қарастыратын мәселелер:

- Атқарылған жұмыстардың кәсіптік стандарттар, реттеуші және заңдық талаптарға сәйкес орындалды ма;
- Одан әрі қарастыру үшін маңызды мәселелер анықталды ма;
- Тиісті кеңестер алынды ма және қол жеткізілген қорытындылар құжаттандырылып жүзеге асырылды ма;
- Орындалған жұмыстың көлемі, мерзімі мен сипатын қарастыру қажеттілігі бар ма;
- Орындалған жұмыс қол жеткізілген қорытындыларды қуаттай ма және ол тиісті жолдармен құжаттандырылды ма;
- Алынған дәлелдер аудиторлық есепті растау үшін жеткілікті және тиісті болып табыла ма; және
- Келісім бойынша рәсімдер мақсатына қол жеткізілді ме.

Келісім Бойынша Әріптестің Орындалған Жұмысты Шолуы (Сілт: Тарм. 17)

¹⁰ СБХС 1, 33 тармақ

A19. Аудиторлық есепті шығарғанға дейін келісім бойыншасеріктес келісімді орындаудың тиісті кезеңдері барысында дәл өз уақытында шолулар жасап отырып, маңызды мәселелерді шешуі тиіс:

- Талқылардың маңызды салалары, олардың ішінде келісімді орындау барысында анықталған даулы да қиын мәселелер;
- Елеулі тәуекелдіктер; және
- Келісім бойыншаәріптес маңызды болып есептейтін басқа салалар.

Келісім бойынша әріптес барлық аудиторлық құжаттарды шолуы қажет емес пе, шолуы мүмкін бе. Дегенмен, ХАС 230 талап ететін, келісім бойыншаәріптес шолулар деңгейін және мерзімдерін құжаттауы тиіс.¹¹

A20. Келісімді орындау барысында, аудитті қабылдайтын келісім бойыншасеріктес A18 тармаққа сәйкес, келісім бойыншаәріптестің жауапкершіліктерін қабылдау үшін әріптестің ауысу датасындағы орындалған жұмысқа шолу жасауы тиіс.

Есеп немесе Аудиттің Мамандандырылған Саласында Тәжірибесі бар Келісім бойынша Топ Мүшесінің Пайдаланылған жеріне Қатысты Қарастырулар (Сілт: Тарм. 15-17)

A21. Бухгалтерлік немесе аудиттің арнаулы саласындағы тәжірибесі бар келісім бойыншатоптың мүшесі қолданылған кезде, келісім бойыншатоп мүшесі жұмысын бақылау, қадағалау мен шолу төмендегі жайлардан тұрады:

- Мүше жұмысының сипаты, масштабы мен мақсаттары туралы келісулері; және мүшесі мен келісім бойыншатоптың басқа мүшелері арада ақпараттандыру ауқымы, мерзімдері мен сипатын және өзіне тән рөлдерін талқылау.
- Мүше жұмысының сәйкестігін бағалау, сондай-ақ анау мүшесінің мәлеметтері немесе қорытындылары дұрыстығы және тиімділігі және олардың аудиторлық дәлелдеріне сәйкестігін талқылау.

Кеңестер (Сілт: Тарм. 18)

A22. Фирманың аясы ішінде немесе сыртындағы тиімді кеңес берулері, техникалық және басқа мәселелер қол жеткізілуі мүмкін:

- Ақтарауаттық кеңес беру үшін кеңесшіге барлық тиісті қажет фактілердің бәрі де берілді; және
- Тиісті білімді меңгерген және жеткілікті біліктілік пен тәжірибеге ие тұлға.

¹¹ 230 ХАС, 9(с) тармақ

- A23. Мәселен, фирма ішінде тиісті ішкі мүмкіндіктер жеткіліксіз болғанда, келісім бойыншатоптың фирмадан тыс жерде кеңес алуына қажеттілік тууы мүмкін. Олар басқа фирмалар, кәсіптік және реттеуші органдар немесе сапаны бақылау бойынша тиісті қызмет көрсететін коммерциялық ұйымдардың консалтингтік қызметтерін пайдалана алады.

Келісімді Сапасын Бақылауға Шолу

Аудиторлық Есепті Шығарғанға Дейін Келісімді Орындау Сапасын Бақылауды Тексеруді Аяқтау (Сілт: Тарм. 19(с))

- A24. ХАС 700 (Қайта қарастырылған) бойынша аудиторлық есеп, аудитор тиісті лайықты дәлелдерді алғанына қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық пікір негізделуі тиіс күнінен бұрын, шығарылуы тиіс.¹² Бағаланатын ұйымдардың қаржылық есептілік аудиті кейбір жағдайларында немесе келісімді орындау сапасын бақылауға қатысы бар критерийлерге сәйкес келгенде, сол сияқты шолу аудиторға тиісті дәлелдер алынғандарды шешуге көмектеседі.
- A25. Келісімнің орындалу сапасын бақылауды тексеру аудиторлық есепті шығарған күніне дейін немесе күнінде келісімді орындау барысында тиісті кезеңдері дәл өз уақытында елеулі мәселелерді тексеруші қанағаттандыру үшін шұғыл түрде шешуді қамтамасыз етеді.
- A26. Келісімнің орындалу сапасын бақылауды тексерудің аяқталуы келісімнің орындалу сапасын бақылауды тексеруші 20-21 тармақтардағы талаптарды аяқтауы және қажет болған жағдайда 22 тармаққа сәйкестік болып табылады. Шолуды құжаттау түпкілікті аудиторлық файл жинағы бөлігі ретінде аудиторлық есепті шығарғаннан кейін аяқталуы мүмкін. ХАС 230 талаптар және осыған сәйкес нұсқаулықты анықтап отыр.¹³

Келісімді Орындау Сапасын Бақылауды Тексеру Сипаты, Деңгейі Және Мерзімдері (Сілт: Тарм. 20)

- A27. Егер келісімді орындаудың бастапқы кезеңінде, келісімді орындау сапасын бақылауды тексеру қажет сияқты болып көрінбесе, келісім бойыншасеріктес осындай тексеруді қажет ететін жағдайлардағы өзгерістердің барысын мұқият қадағалап отыруы тиіс.
- A28. Егер ұйым бағаланатын ұйым болса, тексеру көлемі аудиторлық келісімнің күрделілігі мен туындаған жағдайлар бойынша аудиторлық

¹² 700 ХАС (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Бойынша Пікір Қалыптастыру және Есеп жүргізу*, 49 тармақ

¹³ 230 ХАС, 14-16 тармақтар



есептің сәйкес келмеушілік тәуекеліне тәуелді болады. Тексеру келісім бойынша әріптестің тартуы тиіс жауапкершілігін кемітпейді.

A29. 701 ХАС¹⁴ қолданылған кезде, келісім бойынша топ аудиторлық есепті қалыптастыру кезінде қол жеткізген қорытындылар мыналарды анықтайды:

- Аудитордың есебіне енгізілетін негізгі аудит мәселелері;
- Егер бар болса, 701 ХАС 14 тармағына сәйкес аудитордың есебінде хабарланбайтын негізгі аудит мәселелері; және
- Егер қолдануға болатын болса, ұйым мен аудиттің деректері мен жағдайларына қарай аудитор есебінде хабарлайтындай маңызды аудиторлық мәселелер жоқ.

Сонымен қатар, 20 (b) тармағына сәйкес ұсынылған аудитордың есебін қайта қарау негізгі аудит мәселелері бойынша бөлімге енгізілетін ұсынылған тұжырымдаманы қарастыруды қамтиды.

Бағаланатын Ұйымдардың Келісім Сапасын Бақылауды Шолу (Сілт: Тарм. 21)

A30. Бағаланатын ұйымның қаржылық есептілік аудиті бойынша, келісімді орындау сапасын бақылауды тексеру төмендегі жайларды зерттеуді біріктіреді:

- ХАС 315 (Қайта қарастырылған)¹⁵ сәйкес келісімді орындау барысында анықталған елеулі тәуекелдер және ХАС 330¹⁶ сәйкес, бағаланған тәуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдер, ХАС 240¹⁷ сәйкес алаяқтық тәуекеліне келісім бойынша топтың қолға алған әрекеттері мен бағалауы қоса алғанда.
- Атап айтқанда, тәуекелдердің елеулілігі мен маңыздылығына қатысты жасалған талқылар.
- Аудит барысында анықталған түзелген және түзелмеген шептердің біркелкі болмауы және маңыздылығы.
- Басшылықты және басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды хабардар етудің қажеттілігін қарастыратын мәселелер туралы және, қажет болған, реттеуші органдар сияқты басқа тараптардың болуы.

¹⁴ 701 ХАС, Аудитор Есебінде Негізгі Аудиторлық Мәселелер Туралы Хабарлау

¹⁵ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Фирма Мен Оның Саласын Түсіну Және Маңызды Бұрмалаулар Тәуекелділігін Бағалау*

¹⁶ 330 ХАС, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап ретіндегі Аудиторлық Шаралар*

¹⁷ 240 ХАС, *Қаржылық Есептіліктің Аудитін Жүргізу Кезіндегі Алаяқтыққа Қатысты Аудитордың Жауапкершілігі*

Бұл мәселелер, жағдайларға тәуелді болып, басқа субъекттер қаржылық есептілік аудитіне қатысы бар келісімді орындау сапасын бақылауды шолуға қолданылуы мүмкін.

Шағын Ұйымдарға Арнайы Қарастырулар (Сілт: Тарм. 20-21)

A31. Бағаланатын ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне қосымша, келісімді орындау сапасын бақылауды шолу, келісімді орындау сапасын бақылауды тексеру келісімді орындау сапасын бақылауды шолуға бағындыратын фирмамен анықталған критерийлерге, сәйкес келетін аудиторлық келісімдерге арналған. Кейбір жағдайларда, фирманың еш аудиторлық келісімі сол сияқты шолуға жататын болар көрсеткіштерге сәйкес келуі мүмкін.

Қоғамдық Сектордағы Ұйымдарға Арнайы Қарастырулар (Сілт: Тарм. 20-21)

A32. Қоғамдық секторда, заңмен тағайындалған аудитор (мәселен, Бас Аудитор, немесе Бас Аудитор атынан тағайындалған басқа тиісті біліктілікке ие тұлға) қоғамдық сектор аудиттері бойынша жалпы сипаттағы жауапкершілігі бар келісім бойынша әріптес сияқты баламалы рөлді атқаруы мүмкін. Сондай жағдайларда, қажет болса, келісімді орындау сапасын бақылауды шолушы таңдалуы тәуелсіздікке аудиттелген ұйымның қажеттілігін қарастыру мен шыншыл бағалауды қамтамасыз етуге тексерушінің қабілеттілігін қамтиды.

A33. 21 және A30 тармақтарда баяндалғандай бағаланатын ұйымдар қоғамдық секторда барабар емес. Атап айтқанда, мөлшер, күрделілік, немесе қоғамдық мүдделер, сонымен қатар акционерлер көбіне қарай маңызы бар басқа қоғамдық сектор субъекттері бар болуы мүмкін. Мысалдар қоғамдық бірлестіктер және қалалық өндіріс орындарын қамтиды. Қоғамдық сектор ішіндегі тоқтаусыз жетілдірулер маңызды субъекттер жаңа түрлері пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Маңыздылық анықталуы негізделетін тұрақты адал критерийлер жоқ. Әйтсе де, қоғамдық сектор аудиторлары, келісімді орындау сапасын бақылау тексеру қызмет ететіндігін қамтамасыз ету үшін, қандай субъекттер елеулі маңыздылығы бар болуы мүмкіндігін бағалайды.

Мониторинг (Сілт: Тарм. 23)

A34. СБХС 1, фирмалар сапаны бақылау жүйесіне қатысты саясат пен рәсімдер сәйкес келетін, барабар, тиімді және әрекет етуші тәжірибеге сәйкес келетін, негізделген сенімділік беруге арналған мониторинг үдерісін жасап шығуды қарастырады.¹⁸

¹⁸ СБХС 1, 48 тармақ



- A35. Аудиторлық келісімде ықпал етуі мүмкін фирманың жүйесіндегі кемшіліктерді қарастыру барысында, келісім бойынша әріптес, әріптестің пікірі бойынша аудит мәнмәтінде жетімді болатын жағдайды түзету үшін фирманың қолға алынған әрекеттеріне қатысы бар болуы мүмкін.
- A36. Фирманың сапасын бақылау жүйесіндегі кемшіліктер, белгілі бір аудиторлық келісімдер, кәсіптік стандарттар, реттеуші және заңдық талаптарға сәйкес орындалмағанын немесе аудиторлық есептің сәйкес келмеушілігін көрсетпейді.

Құжаттама

Keңестерге қатысты құжаттар (Сілт: Тарм. 24(d))

- A37. Тиісті түрде толық және жан-жақты болып табылатын даулы да қиын мәселелерді қамтитын басқа мамандардан кеңес алғанына қатысты құжаттар төмендегі түсіністікке үлес қоса береді:
- Кеңес негізделетін мәселе; және
 - Кеңестер нәтижелері, қабылданған кез келген шешімдер, анау шешімдер негізі және олар қалай орындалғанын қоса алғанда.

230 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ АУДИТ ҚҰЖАТТАМАСЫ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанында немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Аудиторлық Құжаттардың Сипаты мен Мақсаты	2–3
Күшіне Ену Күні	4
Мақсаты	5
Анықтамалар	6
Талаптары	
Аудит Құжаттамасын Уақытында Даярлау	7
Орындалған Аудиторлық Рәсімдер мен Алынған Аудит Дәлелдемесі бойынша Құжаттар	8–13
Соңғы Аудит Құжатының Жинағы	14–16
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Аудит Құжаттамасын Уақытында Даярлау	A1
Орындалған Аудиторлық Рәсімдер мен Алынған Аудит Дәлелдемесі бойынша Құжаттар	A2–A20
Соңғы Аудит Құжатының Жинағы	A21–A24
Қосымша: Өзге ХАС-тағы Аудит Құжаттамасына Қойылатын Ерекше Талаптар	

Аудит Құжаттамасы 230 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы міндеті және Халықаралық Аудит Стандарттарына сай Аудитті Жүргізу 200 ХАС бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандартының (ХАС) қаржылық есептілік аудиті үшін аудит құжаттамасын даярлауға қатысты аудитордың жауапкершілігіне мәлімдейді. Қосымшада зерттеудің белгілі бір тақырыбы үшін ерекше болып келетін құжаттарға қатысты талаптар мен нұсқаулықтары бар өзге ХАС-тар тізімделген. Өзге ХАС-ның ерекше құжаттарға қатысы бар талаптары бұл ХАС қолданысын кемітпейді. Заңдар мен нормативтік актілерде құжаттарға қатысты қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

Аудиторлық Құжаттардың Сипаты мен Мақсаты

2. Бұл ХАС талаптар және өзге байланысты ерекше талаптарына сәйкес келетін аудиторлық құжаттар:
 - (a) аудитордың жалпы сипаттағы мақсаттарына жету бойынша тұжырымдаманың аудиторлық негіздемесі туралы дәлелдеме;¹ және
 - (b) Аудит ХАС-қа және бекітілген заңдық және құқықтық, реттеуші талаптарға сәйкес жүргізілген деген дәлелдемелер.
3. Осы мақсаттарға толықтыру ретінде аудиторлық құжаттар құрамына төмендегілер кіретін кейбір өзге мақсаттарға қол жеткізудің құралы болып табылады:
 - Аудиторлық команданың аудитті жоспарлауы мен орындауына ықпалын тигізу;
 - Қадағалау үшін жауапты болып табылатын аудиторлық команданың мүшелеріне аудиторлық жұмыстарды бағыттап отыру мен бақылап отыруға, сондай-ақ олардың шолу бойынша жауапкершілігін 220 ХАС² сәйкес орындауына ықпал ету;
 - Келісім тобының өз жұмысына деген жауапкершілігін қамтамасыз ету;
 - Келешектегі аудиттер үшін өзінің мағыналығын сақтайтын мәселелер жөніндегі жазбаларды сақтап қою;

¹ ХАС 200, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы міндеті және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына сай аудитті жүргізу*, 11 тармақ

² ХАС 220, *Қаржылық Есептілік Аудитінің Сапасын Бақылау*, 15-17 тармақтар

- 1 СБХС-ы³ және кем дегенде қатаң болып келетін ұлттық талаптарға сәйкес сапаны бақылауға шолу мен тексеру жүргізілуін қамтамасыз ету;⁴ және
- Заңдық, құқықтық, реттеуші және өзге талаптарға сәйкес сыртқы инспекциялауды жүргізуін қамтамасыз ету.

Күшіне Ену Күні

4. Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанында немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді.

Мақсаты

5. Аудитор аудиторлық құжаттарды дер кезінде әзірлеп қоюға тиіс, оларда төмендегідей ақпарат ұсынылады:
 - (a) Аудиторлық есепке негіздеме беру үшін жеткілікті және соған сәйкес болатындай жазбалар; және
 - (b) Аудит ХАС-қа және бекітілген заңдық және құқықтық, реттеуші талаптарға сәйкес жүргізілген деген дәлелдемелер.

Анықтамалар

6. Осы ХАС-та:
 - (a) «Аудиторлық құжаттар» – жүргізілген аудиторлық рәсімдердің, аудитордың қол жетерлік аудиторлық дәлелдемелерінің, қорытындылардың жазбалары (кейде жұмыстық құжаттар термині қолданылады).
 - (b) Аудиторлық файл — Құжатты және электронды түрде аудиторлық жазбалардың папкалары немесе басқа ақпараттық сақтаушылары.
 - (c) «Тәжірибелі аудитор» төмендегі мәселелерді жеткілікті дәрежеде түсініп білетін тұлға:
 - (i) аудит процесін;
 - (ii) ХАС пен қолданылатын заңнамалық талаптар;
 - (iii) бизнес-ортаны; және

³ СБХС 1, *Қаржылық ақпараттың аудиттері мен шолуын, ақпараттың дұрыстығын растау және ілеспелі қызметтер көрсету бойынша өзге де келісімдерді орындайтын фирмалардың сапасын бақылау*, 32-33, 35-38 және 48 тармақтар.

⁴ 220 ХАС, 2 тармақ

- (iv) субъектінің саласымен қатысты аудиторлық және қаржылық есеп мәселелерін.

Талаптары

Аудит Құжаттамасын Уақытында Даярлау

7. Аудитор аудит құжаттамасын уақытында даярлайды. (Сілт: Тарм. А1)

Орындалған Аудиторлық Рәсімдер мен Алынған Аудит Дәлелдемесі бойынша Құжаттар

Аудиторлық құжаттардың нысаны, мазмұны

8. Аудитор аудиторлық құжаттарды тәжірибелі аудитор бұрында аудитпен қатысы болмағанның өзінде оларды түсіне алатындай етіп әзірлеуі тиіс: (Сілт: Тарм. А2-А5, А16-А17)
- (a) ХАС-қа, бекітілген заңдық және құқықтық, реттеуші талаптарға сәйкес түрде орындалған аудиторлық рәсімдердің сипаты, мерзімі мен ауқымы; (Сілт: Тарм. А6-А7)
 - (b) Аудиторлық рәсімдердің нәтижелері және алынған аудиторлық дәлелдемелер; және
 - (c) аудит барысында туындайтын елеулі мәселелер, және соларға негізделумен жасалған қорытындылар. (Сілт: Тарм. А8-А11)
9. Аудиторлық құжаттардың нысаны, мазмұны мен ауқымы төмендегі факторларға байланысты болып келеді:
- (a) өздерін орындау қажет болатын аудиторлық рәсімдердің сипаты; (Сілт: Тарм. А12)
 - (b) аудитті кім орындады және сондай жұмыс аяқталған күні; және
 - (c) аудитке қатысы бар орындалған жұмысты және сондай шолу күні мен деңгейін кім тексерген. (Сілт: Тарм. А13)
10. Аудитор басшылық және қажет болған жағдайда, өкілеттік берілген тұлғалармен елеулі мәселелер талқыларды құжаттауы тиіс, талқыланған елеулі мәселелер сипаты және қашан да және кім де талқалағанын қоса алғанда. (Сілт: Тарм. А14)
11. Егер аудитор елеулі мәселеге қатысты аудитордың соңғы қорытындысына сәйкес келмейтін ақпаратты анықтаған болса, аудитор қалай да сәйкессіздіктерді реттейтін екенін құжаттауы тиіс. (Сілт: Тарм. А15)

Тиісті Талаптан Ауытқу

12. Сирек кездесетін жағдайларда, аудитор ХАС-тағы байланысты талаптан ауытқу қажеттілігін шешім қабылдаса, аудитор баламалы аудиторлық

рәсімдер анау талаптың мақсатына қалай жеткені және ауытқу себептерін құжаттауы тиіс. (Сілт: Тарм. А18-А19)

Аудиторлық Есеп Шығарған Күнінен бастап Тудыратын Мәселелер

13. Аудитордың жаңа немесе қосымша шараларды орындауын ескеретін немесе жаңаша қорытындыларды тудырған, аудиторлық есеп беру күнінен кейін туындайтын айрықша жағдайларда төмендегілерді құжаттауы тиіс: (Сілт: Тарм. А20)
- (a) туындаған жағдайлар;
 - (b) жаңа немесе қосымша орындалған аудиторлық шаралар, алынған аудиторлық дәлелдемелер және жасалған қорытындылар және соларға негізделумен аудиторлық есепке тигізетін әсері; және
 - (c) қашан және кім аудиторлық құжаттамаға нәтижелетін өзгерістер жүргізген, және қажет болса, қашан және кім тексерген.

Соңғы Аудит Құжатының Жинағы

14. Аудиторлық есеп беру күнінен кейінгі соңғы аудиторлық файлды жинақтау ісін аяқтау өзіне жаңа аудиторлық шараларды орындау немесе жаңадан қорытынды шығару ісі жатпайтын әкімшіліктік процесс болып келеді. (Сілт: Тарм. А21-А22)
15. Соңғы аудиторлық файлды жинақтау жұмысын аяқтағаннан кейін аудитор сақтау мерзімі аяқталғанша аудиторлық құжаттаманы жоймауы немесе алып қоймауы тиіс. (Сілт: Тарм. А23)
16. 13 тармақта баяндалғаннан бөлек жағдайларда, егер аудитор соңғы аудиторлық файлды жинақтағаннан кейін қолданыстағы аудиторлық құжаттаманы түрлендіріп немесе жаңа аудиторлық құжаттаманы қосуды қажет деп санаса, аудитор түрлендірулердің немесе толықтырулардың сипатына байланыссыз төмендегі мәліметтерді құжаттап қоюы тиіс: (Сілт: Тарм. А24)
- (a) оларды жүзеге асырудың ерекше ұстанымдары; және
 - (b) қашан және кім жүргізген, және қажет болса, қашан және кім тексерген.



Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Аудит Құжаттамасын Уақытында Даярлау (Сілт: Тарм. 7)

- A1. Аудиторлық есеп шығарғанға дейін, тиісті аудиторлық құжаттама дер кезінде даярлап отыру аудиттің сапасын жақсарту және алынған аудиторлық дәлелдемені және қол жеткізген тиімді түрде шолу және бағалауға көмектеседі. Аудит жұмысы орындап жатқаннан кейін дайындалған құжаттар сол сияқты жұмыс орындаған уақытындағы дайындалған құжаттамадан шамалы дәл болуы мүмкін.

Орындалған Аудиторлық Рәсімдер мен Алынған Аудит Дәлелдемесі бойынша Құжаттар

Аудит Құжаттамасының Нысаны, Мазмұны Мен Ауқымы (Сілт: Тарм. 8)

- A2. Аудиторлық құжаттардың нысаны, мазмұны мен ауқымы төмендегі факторларға байланысты болып келеді:

- Субъектінің мөлшері мен күрделілігі.
- Өздерін орындау қажет болатын аудиторлық рәсімдердің сипаты.
- Елеулі дәрежедегі бұрмаланулардың анықталған тәуекелдері.
- Алынған аудиторлық дәлелдемелердің елеулілігі.
- Анықталған айрықшалардың сипаты мен ауқымы.
- Өзін орындалған жұмыс құжаттамасының немесе алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде әлі құрастыру мүмкін болмайтын қорытындыны немесе қорытындыға арналған негізді құжат түрінде рәсімдеудің қажеттігі.
- Қолданылатын аудиторлық әдіснама мен әдістер.

- A3. Аудиторлық құжаттар қағаз, электронды немесе өзге түрдегі тасымалдауыштарда берілген деректер түрінде ұсынылуы мүмкін. Мәселен:

- Аудиторлық бағдарламалар.
- Талдаулар.
- Мәселелердің меморандумдары.
- Елеулі мәселелерге қатысты шолулар.
- Растау құжаттары мен ұсынымдар.
- Бақылау парақтары.
- Елеулі мәселелер бойынша корреспонденция (е-mail қоса алғанда).

Аудитор аудиторлық құжаттама бөлігі ретінде субъектінің жазулардың

көшірмесін (мәселен, елеулі және айрықша келісімдер мен келісім-хаттарды қоса алғанда) қамтуы мүмкін. Алайда, аудиторлық құжаттама субъектінің бухгалтерлік жазуларды негіздемесін бола алмайды.

- A4. Аудитор, әдетте, аудиторлық құжаттардан өзінде қате немесе алалаушылық пікірлер көрсетілген жұмыстық құжаттар мен қаржылық есептің, ескертулердің алмастырылған жобаларын, типографиялық немесе өткен қателер түзетілген құжаттардың бұрынғы көшірмелерін, сондай-ақ құжаттардың дубликаттарын алып тастайды.
- A5. Аудитордың ауызша түсініктемелері өздерін жеке алғанда аудитор орындаған жұмыстардың немесе аудитор жасаған қорытындылардың тиісті негіздемесі бола алмайды, сөйтсе де олар аудиторлық құжаттамада берілген ақпаратты түсіндіру немесе соған түсініктеме беруге арнап пайдаланылуы мүмкін.

ХАС-на Сәйкестік бойынша Құжаттама (Сілт: Тарм. 8(a))

- A6. Негізінде, бұл ХАС талаптарына сәйкестік жағдайларға өзіне тән және тиісті болып табылатын аудиторлық құжаттамаға негізделуі мүмкін. Өзге ХАС-тары анау ХАС айрықша жағдайларындағы бұл ХАС қолданысын айқындауды көздейтін құжаттамаға қатысты айрықша талаптарды қамтиды. Бұл ХАС қолданысы құжаттамаға қатысты айрықша талаптармен шектелмейді. Сонымен қатар, кез келген белгілі бір ХАС-тағы құжаттамаға қатысты талаптардың жоқ болуы бұл ХАС сәйкес келу негізінде дайындалған сол сияқты құжаттама жоқ болуын алып қоймайды.
- A7. Аудиторлық құжаттама аудит ХАС сәйкес келетін бойынша дәлелдемелерді береді. Алайда, аудитор аудиттегі әрбір талқыланған мәселе немесе тартылған кәсіптік ой-пікірлерді құжаттау немесе қолданудың қажеттілігі жоқ. Осыған сәйкес аудитор жеке алғанда (мәселен, бақылау жөніндегі құжаттама сияқты) сәйкестік аудиторлық файлдағы құжаттармен көрсетілген мәселелерді құжаттауы керек емес. Мәселен:
- Тиісті түрде құжатталған аудит жоспарының бар болуы аудитор аудитті жоспарлағанды көрсетеді.
 - Аудиторлық файлдағы қол қойылған келісім-хат бар болуы аудитор басшылық және қажет болғанда өкілеттікке ие тұлғалармен аудиторлық келісім шарттары бойынша келісулерін көрсетеді.
 - Қаржылық есептілік бойынша тиісті түрде білікті пікірді қамтитын аудиторлық есеп аудитор ХАС-мен белгіленген жағдайларда білікті пікірді білдіру үшін талапқа сәйкес келетінді көрсетеді.

- Аудит барысында жалпы алғанда қолданылатын талаптар бар болғанда, аудиторлық файл аясы шегінде сәйкестігі көрсетілуі мүмкін бірқатар әдістер бар болуы мүмкін:
 - Мысалға, аудитордың кәсіптік скептицизм құжаттаған ешбір тәсіл жоқ. Сөйтсе де, аудиторлық құжаттар ХАС сәйкес аудитор кәсіптік скептицизм көрсетуі бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етуі мүмкін. Сол сияқты дәлелдер аудитордың өтініштеріне қайтарған жауаптарды растауға арнап орындалған шараларды қамтуы мүмкін.
 - Similarly Ұқсас, келісім бойынша әріптес ХАС сәйкес аудитті орындау, қадағалау мен бақылауға қатысты жауапкершілікке ие болатындығы аудиторлық құжаттама аясы шегіндегі бірқатар тәсілдер арқылы көрсетілуі мүмкін. Бұл келісім бойынша әріптестің аудит аспектілеріне уақытша қатысуы, сонымен қатар ХАС 315 (қайта қаралған) бойынша талап етілетін топтың талқыларын қамтуы мүмкін.⁵

Елеулі Мәселелер және Байланысты Елеулі Кәсіптік Талқылауларға Қатысты Құжаттама (Сілт: Тарм. 8(с))

А8. Фактілер мен жағдайларға тура талдау жүргізуді қажет ететін мәселенің елеулігін анықтау кезінде. Елеулі мәселелерге басқаларымен қатар келесі мәселелер жатады:

- Шын мәніндегі дәреженің тәуекелдерін тудыратын мәселелер (ХАС 315 (Қайта қарастырылған) сәйкес).⁶
- Қаржылық ақпарат бұрмаланған болуы мүмкін екендігін (а), аудитордың елеулі бұрмаланулардың тәуекелдеріне (b) бұрын берген бағасын және аудитордың сол тәуекелдерге қатысты жасаған әрекетін қайта қараудың қажеттігін көрсететін аудиторлық рәсімдердің нәтижелері.
- Аудитордың қажетті аудиторлық рәсімдерді орындауы кезінде шын мәніндегі дәреженің қиындықтарын тудыруы мүмкін жағдайлар.
- Аудиторлық есеп немесе Түсіндірмелік тармақтардың өзгеруіне әкелуі мүмкін қорытындылар.

⁵ ХАС 315 (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмалаулардың Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*, 10 тармақ.

⁶ ХАС 315 (Қайта қарастырылған), 4(е) тармақ.

- A9. Елеулі мәселелер бойынша аудиторлық құжаттаманың нысаны, мазмұны мен ауқымын анықтау кезіндегі маңызды фактор жұмысты орындау мен нәтижелерге баға беру барысында орындалып жататын кәсіптік пікірдің ауқымы болып табылады. Қажет болғанда, кәсіптік талқылауларға қатысты құжаттама аудитордың қорытындыларын түсіндіру мен талқылаулар сапасын күшейтуге арнап қызмет көрсетеді. Сол сияқты мәселелер аудиторлық құжаттамаға шолу бойынша жауапты тұлғалар белгілі бір қоғамдық мүддесі бар, тоқтайсыз елеулікке қатысты мәселелерді қарастыру кезінде кейінгі аудиттерді орындайтын тұлғаларды (мәселен, бухгалтерлік бағаларға ретроспективті түрінде шолуды орындау кезінде) қоса алғанда.
- A10. 8 тармаққа сәйкес кәсіптік пікірді пайдалануға қатысты аудиторлық құжаттама дайындау лайықтылығы бар жағдайлардың кей мысалдары мәселелер мен пікірлер шын мәніндегі болатын төмендегілерден тұрады:
- Талап аудитор факторлар немесе белгілі бір ақпаратты «қарастырады» және қарастыру белгілі бір келісім мәнмәтінде елеулі болуын берген жағдайда, аудитордың қорытынды негіздемесі.
 - Өзіне тән талқылаулар бойынша салалар сәйкестігі бойынша аудитордың қорытынды негіздемесі (мысалға, елеулі бухгалтерлік бағалар сәйкестігі).
 - Кейінгі тексеру (сарапшы тиісті түрде немесе растауғы қатысты шаралар қолданылуы сияқты) аудитор құжат анық болуына сендіруіне әсерін тигізетін аудит барысында анықталған жағдайларға жауаптарға қолға алынғанда, құжаттың нақтылығы бойынша аудитордың қорытынды негіздемесі.
 - 701 ХАС⁷ қолданылған кезде, аудитордың аудиттің негізгі мәселелерін немесе аудиторға хабарлауы қажет мәселелердің болмауы туралы шешімі.
- A11. Аудитор аудит барысында аудиторлық құжаттардың (аяқталу меморандумы сияқты белгілі) бір бөлігі ретінде – анықталған мәнді мәселелерді және олардың қалайша шешілгендігін сипаттайтын немесе өзінде дәл сондай ақпарат берілген басқа байланысқан растаушы аудиторлық құжаттамаға қатысты айқаспалы сілтемелері бар шолуды әзірлеп, сақтап қоюды жөн деп көруі мүмкін. Бұл шолулар аудиторлық құжаттарды тексеру мен инспекциялау жұмысының, көбінесе үлкен және күрделі аудиттердің тиімді жүргізілуін қамтамасыз етуі мүмкін. Мұндай шолуды әзірлеген аудиторға осындай елеулі мәселелерді зерттеп шығуға

⁷ ХАС 701, *Тәуелсіз Аудитордың Есебінде Аудиттің Негізгі Мәселелерін Хабарлау*

көмектесуі мүмкін. Сондай-ақ, бұл аудиторға орындалған аудиторлық шаралар мен жасалған қорытындылардың шеңберінде аудитор жете алмайтын ХАС кез-келген жеке сәйкесті мақсаты бар ма, жоқ па деп қарастыруға көмектеседі, яғни бұл аудиторға аудитордың жалпы сипаттағы мақсаттарына жетуге кедергі жасайды.

Тестілеуге жататын ерекше сипаттағы баптар немесе мәселелерді және дайындаушы мен шолушының баптары немесе мәселелерін анықтау (Сілт: Тарм. 9)

A12. Белгілеуші сипаттамаларды құжат түрінде ресімдеу ісі бірнеше мақсаттарға арналған. Мысалы, ол аудиторлық командаға өз жұмысына жауапкершілікте болып және айрықшалар мен сәйкессіздіктерді қарастырып шығуға мүмкіндік береді. Белгілеуші сипаттамалар аудиторлық шара мен тестіленетін баптың немесе мәселенің сипатына қарай өзгеріп отырады. Мысалы:

- Субъекті шығарған сатып алуға тапсырысты егжей-тегжейлі тестілеу кезінде аудитор сатып алуға тапсырыстардың күні мен бірегей нөмірлері бойынша тестілеуге арнап құжаттарды таңдап алуы тиіс.
- Белгілі бір сомадан асатын, таңдап алуды немесе барлық баптарға шолу жүргізуді қажет ететін рәсімдерді орындаған кезде осы тұжырымдамалықтан аудитор рәсімнің ауқымын құжат түрінде ресімдеп, жиынтығын (мысалы, тізілімдегі белгілі бір сомадан асатын барлық журналдық жазбаларды) анықтауы мүмкін.
- Құжаттардың жиынтығының арасынан жүйелі түрде таңдап алуды қажет ететін шараларды орындау кезінде аудитор таңдалып алынған құжаттардың дереккөзі, басталған күні мен іріктелу аралығына қарай бөліп қоюы мүмкін (мысалы, 11 сәуір мен 30 қыркүйек мерзімі аралығындағы тиеу құжаттарының жинағынан тиеу есептерін 12345 нөміріндегі есептен бастап әрбір 125-ші есепті таңдап алумен жүйелі түрде іріктеп алу).
- Ерекше сипаттағы субъект қызметкерлерінің арасында сауалнама жүргізуді қажет ететін шараларды орындау кезінде аудитор сауалнамалардың күнін, субъект қызметкерлерінің есімдері мен лауазымдарын құжат түрінде ресімдеп қоюы мүмкін.
- Бақылау жөнінде шараларды орындау кезінде аудитор бақыланатын процесті немесе зерттеу затын, тиісті тұлғаларды, оларды жауапкершіліктерін, бақылаудың қайда және қашан жүргізілгенін құжат түрінде ресімдеп қоюы мүмкін.

A13. Аудитор 220 ХАС бойынша аудиторлық құжаттама арқылы орындалған аудит жұмысын атқаруы тиіс.⁸ Кім орындалған аудит жұмысына шолғанын құжаттауы тиіс екені бойынша талап шолудың дәлелдемесін қамтитын әрбір арнайы кез келген құжаттың қажеттілігін есептемейді. Талап қандай аудит жұмысы орындалды, кім сол сияқты жұмысқа шолуды жүргізген, және қашан ол жұмыс шығарып алынғанға қатысты құжаттауды қамтиды.

Аудитор елеулі мәселелерді басшылармен, өкілеттік берілген және өзге тұлғалармен талқылауларды құжаттап отыруы тиіс. (Сілт: Тарм. 10)

A14. Құжаттама аудитор дайындаған жазбалармен шектелмейді, яғни бұл құжаттамаға басқа тиісті жазулардан тұрады, мысалы, субъект қызметкерлері дайындаған мен аудитормен келісілген отырыстардың протоколдары. Аудитор елеулі мәселелерді талқылай алатын басқа тұлғаларға субъектінің басқа қызметкерлері және сыртқы тараптар, мысалы, субъектіне кәсіптік кеңес беретін тұлғалар жатады.

Қарама-қайшылықтарды немесе келіспеушілікті қалайша жойғандығы туралы құжаттауы (Сілт: Тарм. 11)

A15. Аудитордың қарама-қайшылықтарды немесе келіспеушілікті қалайша жойғандығы туралы құжаттамада қате немесе алмастырылған құжаттардың сақталуы бойынша талап.

Шағын Ұйымдарға Арнайы Қарастырулар (Сілт. Тарм. 8)

A16. Шағын кәсіпорынның аудиті бойынша аудиторлық құжаттама, әдетте, ірі кәсіпорынның аудитімен салыстырғанда шамалы ауқымды болады. Атап айтқанда, келісім бойынша әріптес барлық аудиторлық жұмысты орындайтын аудит жағдайында, құжаттама келісім бойынша топтың мүшелерін хабардар ету немесе оларға нұсқау беру мақсатымен емес, немесе топтың басқа мүшелерінің шолуы бойынша дәлелдер беру мақсатымен емес құжатталуы мүмкін мәселелерді анықтамайды (мысалы, топтың талқылауларына немесе қадағалауына қатысты мәселелер болмайды). Дегенмен, тәжірибелі аудитор түсіне алатын аудиторлық құжаттама дайындау үшін келісім бойынша әріптес 8 тармақ жөнінде елемеуге талапқа сәйкес келеді, себебі аудиторлық құжаттама реттеуші немесе басқа мақсаттар үшін сыртқы тараптардың шолуына жатуы ықтимал.

A17. Аудиторлық құжаттама дайындалғанда, Шағын субъектінің аудитору, қажет болған жағдайда, қосымша жұмыс құжаттарына айқын сілтемелері

⁸ 220 ХАС, 17 тармақ.

бар аудиттің әр түрлі аспектілерін жекелеген құжатқа жазып алу пайдалы мен тиімді болып есептеледі. Шағын субъектінің аудиті қосылып құжатталуы мүмкін мәселелердің мысалдары субъектінің және оның ішкі бақылауын білу, жалпы сипаттағы аудиторлық стратегия мен аудиторлық жоспар, ХАС 320⁹ сәйкес анықталған елеулілік, бағаланған тәуекелдіктер, аудит барысында елеулі мәселелер, мен қол жеткізген қорытындыларды қамтиды.

Тиісті Талаптардан Ауытқаулар (Сілт: Тарм. 12)

- A18. ХАС-тағы негізгі ұстанымдар аудиторға аудиттің жалпы мақсаттарына және ХАС-тағы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етуге арнап әзірленген. Соған сәйкес, аудитор айрықша жағдайларды есепке алмағанда, ХАС-ары аудиттің жағдайларына қатысты қажетті әрбір ұстанымды орындауы тиіс.
- A19. Құжаттама талабы тек қана жағдайларға өзіне тән талаптарға қолданылады. Талап тек төмендегі жағдайларға ғана сәйкес емес¹⁰:
- (a) Бүкіл ХАС сәйкес емес (мысалға, егер субъекті ішкі аудиттің қызметі жоқ болса, ештеңе ХАС 610 (2013 жылы қайта қаралған)¹¹ сәйкес келмейді); немесе
 - (b) Талап шартты болып табылады, бірақ шарт жоқ (мысалға, сәйкес тиісті аудиторлық дәлелдемені алуға қабілетсіздігі бар болғанда, аудитордың пікірін жетілдіруге қатысты талап, сәйкес тиісті аудиторлық дәлелдеме, және сол сияқты қабілетсіздік жоқ қой).

Аудиторлық Есеп шығарған күнінен бастап туындайтын Мәселелер (Сілт: Тарм. 13)

- A20. Айрықша жағдайларға мысалдар, аудитор аудиторлық есеп шығарған күнінен бастап білген дереккөздер, сол күнінде белгілі болатын және сол күнінде белгілі болса, қаржылық есептілік өзгергені немесе аудитор аудиторлық есепте пікірін өгертуге ықпал ететін деректерді қосып алады.¹² Аудиторлық құжаттамаға нәтижелі өзгерістер 220 ХАС¹³ сай шолу жөніндегі талаптарға сәйкес текесеріледі.

⁹ 320 ХАС, *Аудитті Орындау Және Жоспарлаудағы Маңыздылық*.

¹⁰ 200 ХАС, 22 тармақ

¹¹ ХАС 610 (2013 жылы қайта қаралған), *Ішкі Аудиторлардың Жұмысын Пайдалану*.

¹² 560 ХАС, *Кейінгі Жағдайлар*, 14 тармақ

¹³ 220 ХАС, 16 тармақ

Соңғы Аудит Құжатының Жинағы (Сілт: Тарм. 14-16)

- A21. 1 СБХС-те (немесе, кем дегенде, қатаң болып табылатын талаптар) фирмалардың аудиторлық файлды жинақтау жұмысын дер кезінде жинақтауына арналған саясат пен шараларды әзірлеуі ескерілген.¹⁴ Әдетте аудиторлық есеп беру күнінен кейін 60 күн мерзім ескерілген, сол уақыт ішінде соңғы аудиторлық файлды жинақтау ісін аяқтау қажет.¹⁵
- A22. Аудиторлық есеп беру күнінен кейінгі соңғы аудиторлық файлды жинақтау ісін аяқтау өзіне жаңа аудиторлық шараларды орындау немесе жаңадан қорытынды шығару ісі жатпайтын әкімшіліктік процесс болып келеді. Аудиторлық құжаттамаға файлды соңғы жинақтау барысында әкімшілік сипатқа ие болатын өзгертулер енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгертулердің мысалдарына төмендегілер жатады:
- Алмастырылған құжаттаманың алынып қойылуы немесе жойылуы.
 - Жұмыстық құжаттарға қатысты қиылысқан сілтемелерді сұрыптау, іріктеу және құрастыру.
 - Файлды жинақтау процесіне жататын аяқтау жөніндегі бақылау парағына қол қою.
 - Аудитор аудиторлық есеп беру күніне дейін алған, аудиторлық команданың тиісті мүшелерімен келісілген аудиторлық дәлелдемелерді құжаттау.
- A23. 1 СБХС-та (немесе, кем дегенде, қатаң болып табылатын талаптар) фирмалардың келісімнің құжаттамасын сақтау жөніндегі саясат пен шараларды әзірлеуі ескерілген.¹⁶ Аудиторлық келісімдер бойынша сақтау мерзімі аудиторлық есеп берудің күнінен, немесе күні кешірек белгіленсе топтың аудиторлық есеп беру күнінен бастап кем дегенде бес жылды құрайды.¹⁷
- A24. Соңғы аудиторлық файлды жинақтау ісін аяқтағаннан кейін, аудитор жаңа аудиторлық құжаттама қосылу немесе ағымдағы аудиторлық құжаттаманы жетілдіру қажет болып санатын жағдайға мысалы ішкі немесе сыртқы тараптармен орындалған мониторинг инспекциялауы барысында алынған ескертпелерден туындайтын аудиторлық құжаттаманы түсіндіруі қажет.

¹⁴ 1 СБХС, А54 тармақ

¹⁵ 1 СБХС, А54 тармақ

¹⁶ 1 СБХС, 47 тармақ

¹⁷ 1 СБХС, А61 тармақ

Қосымша

(Сілт: Тарм. 1)

Өзге ХАС-тағы Аудит Құжаттамасына Қойылатын Ерекше Талаптар

Бұл қосымша құжаттаманың нақты талаптарын қамтитын басқа ХАС тармақтарын анықтайды. Бұл тізім ХАС-тағы талаптарды және соған сәйкес өтінімді және басқа түсіндірме материалдарды қарастырудың орнын баспайды.

- ХАС 210, *Аудит келісімінің шарттарымен келісу* – 10-12 тармақтар;
- ХАС 220, *Қаржылық Есептілік Аудитінің Сапасын Бақылау* –24- 25 тармақтар;
- ХАС 240, *Қаржылық Есептіліктің Аудитін Жүргізу Кезіндегі Алаяқтыққа Қатысты Аудитордың Жауапкершілігі* –44-47 тармақтар;
- ХАС 250 (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Аудиті Кезінде Заңдар Мен Нормативтік Актілерді Қарастыру* – 29 тармақ;
- ХАС 260 (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым Қатынас* – 23 тармақ;
- ХАС 300, *Қаржылық Есептіліктің Аудитін Жоспарлау* – 12 тармақ;
- ХАС 315 (Қайта қарастырылған), *Субъектіні Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмалаулардың Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау* –32 тармақ;
- ХАС 320, *Аудитті Орындау Және Жоспарлаудағы Маңыздылық* –14 тармақ;
- ХАС 330, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге жауап ретіндегі Аудиторлық Шаралар* – 28-30 тармақ;
- ХАС 450, *Аудиторлық Тексеріс Барысында Анықталған Бұрмалануларды Бағалау* –15 тармақ;
- ХАС 540, *Әділ құнның бухгалтерлік бағалауын қоса, бухгалтерлік бағалаудың аудиті және ілеспелі ақпаратты ашып көрсету* –23 тармақ;
- ХАС 550, *Байланысты тараптар* –28 тармақ;
- ХАС 600, *Ерекше пікір - қаржылық есептілік тобының аудиттері (Бірлескен аудиторлар жұмысын қоса)*–50 тармақ.
- ХАС 610 (2013 жылы қайта қарастырылған), *Ішкі Аудиторлардың Жұмысын Пайдалану»* –36-37 тармақ.
- ХАС 720 (Қайта қарастырылған), *Басқа Ақпаратқа Қатысты Аудитордың Міндеттері* – 25 тармақ.

240 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ АУДИТІН ЖҮРГІЗУ
КЕЗІНДЕГІ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАТЫСТЫ АУДИТОРДЫҢ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Алаяқтықтың Сипаттамасы	2–3
Алаяқтықтың Алдын Алу Және Анықтау Үшін Жауапкершілік	4–9
Күшіне Ену Күні	10
Мақсаттары	11
Анықтамалары	12
Талаптары	
Кәсіби Скептицизм	13–15
Келісім Тобы арасындағы Талқылаулар	16
Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Қызметтер	17–25
Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Тәуекелін Анықтау мен Оларға Баға Беру	26–28
Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Жауап	29–34
Аудит Дәлелдемелеріне Баға Беру	35–38
Аудитордың Келісім бойынша Жұмысын Жалғастыра Алмауы	39
Жазбаша Ұсынымдар	40
Басшылықпен және Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас	41–43
Алаяқтық туралы Ұйымнан Тыс Тиісті Құзырлы Органға Хабарлау ...	44
Құжаттама	45–48

Қолданбалы және Басқа Түсіндірме Материал

Алаяқтықтың Сипаттамасы	A1–A5
Алаяқтықтың Алдын Алу Және Анықтау Үшін Жауапкершілік	A6–A7
Кәсіби Скептицизм	A8–A10
Келісім Тобы арасындағы Талқылаулар	A11–A12
Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Қызметтер	A13–A28
Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Тәуекелін Анықтау мен Оларға Баға Беру	A29–A33
Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Жауап	A34–A49
Аудит Дәлелдемелеріне Баға Беру	A50–A54
Аудитордың Келісім бойынша Жұмысын Жалғастыра Алмауы	A55–A58
Жазбаша Ұсынымдар	A59–A60
Басшылықпен және Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас	A61–A66
Алаяқтық туралы Ұйымнан Тыс Тиісті Құзырлы Органға Хабарлау ...	A67–A69
1-қосымша: Алаяқтық Тәуекелі Факторларының Мысалдары	
2-қосымша. Алаяқтықтың Салдарынан Туындаған Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдерін Жою үшін Мүмкін Аудиторлық Рәсімдердің Мысалдары	
3-қосымша. Алаяқтықтың Орын Алу Ықтималдығын Көрсететін Жағдайлардың Мысалдары	

Қаржылық Есептіліктің Аудитін Жүргізу Кезіндегі Алаяқтыққа Қатысты Аудитордың Жауапкершілігі 240 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС), Тәуелсіз Аудитордың Жалпы міндеті және Халықаралық Аудит Стандарттарына сай Аудитті Жүргізу 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандартының (ХАС) мақсаты – қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу кезіндегі аудитордың алаяқтыққа қатысты жауапкершілігі жөніндегі және 315 ХАС (Қайта қарастырылған)¹ мен 330 ХАС², елеулі бұрмаланулар тәуекелдеріне қатысы аудиторлық шараларда көрсетілген стандарттар мен нұсқаулықтарды қолдану стандарттарын белгілеу мен нұсқаулықты ұсыну.

Алаяқтықтың Сипаттамасы

2. Қаржылық есептіліктегі бұрмаланулар алаяқтықтың немесе қателіктің орын алуы себептерінен туындауы мүмкін. Алаяқтықты қателіктен айырудың факторы - қаржылық есептіліктегі бұрмалануларды тудыратын алдын-ала ойластырылған немесе алдын-ала ойластырылмаған әрекет.
3. Алаяқтық ауқымды заңдық анықтама болғанымен, осы ХАС-ның мақсатында аудитор қаржылық есептілікте елеулі бұрмалануларды тудыратын алаяқтықты қарастырады. Алдын-ала ойластырылған бұрмаланудың екі түрі аудиторға қатысты салыстырмалы болып табылады: бұрмаланған қаржылық есептіліктен туындайтын бұрмаланулар және активтерді заңсыз пайдаланудан туындайтын бұрмаланулар. Аудиторлар алаяқтықтың іс-жүзінде пайда болуына заңдық анықтама бермейді немесе айрықша жағдайларда береді. (Сілт: Тарм. А1-А7)

Алаяқтықтың Алдын Алу Және Анықтау Үшін Жауапкершілік

4. Алдын алу мен анықтау жөніндегі негізгі жауапкершілік басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға да, басшылыққа да жүктеледі. Басшылықтың басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың қадағалауымен алаяқтықтың алдын-алуға қатысты анық көзқарас болғаны маңызды, бұл алаяқтықтың орын алу мүмкіндігін азайтуы мүмкін және ол алаяқтық үшін жазалауға қатысты да анық көзқарасты ұстануы тиіс, бұл тұлғаларды артынша алаяқтықтың анықталуы мен жазалануының ықтималдығы себептерінен оны жасамауға көндіруі мүмкін. Бұған адалдық пен мінез-құлық мәдениеті жатады. Негізгі құндылықтарға негізделген мұндай мәдениетті басшылық пен басқару өкілеттігіне ие тұлғалар көрсетуі тиіс. Басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды қадағалау жөніндегі міндеттемелерін орындау кезінде қаржылық есептілік үдерісін бақылауларды елемей немесе аналитиктердің ұйым табыстылығы туралы білімдеріне әсер ету мақсатымен табыстарды айлашарғылау талпыныстары деген тәрізді

¹ ХАС 315 (Қайта қарастырылған), *Ұйым Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмаланулардың Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*.

² ХАС 330, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге жауап ретіндегі Аудиторлық Шаралар*.

қаржылық есептіліктің ұсынылуы процесіне өзге түрде баламасыз әсер ету жөніндегі потенциалды мүмкіндіктерін зерттейді.

Аудитордың міндеттері

5. Аудитті ХАС-қа сәйкес жүргізіп отырған аудитор қаржылық есептілікте тұтастай алғанда алаяқтықпен немесе қатемен туындалған елеулі бұрмаланулар жоқ деген саналы түрдегі сенімділікке ие болуы тиіс. Аудиттің бөлінбес шектеулері себебімен, қаржылық есептіліктегі елеулі бұрмаланулар анықтай алмау тәуекелдігі бар, аудит ХАС сәйкес тиісті түрде орындалды, жоспарланды³
6. 200 ХАС-да⁴ белгіленгендей бөлінбес шектеулер ықтимал әсері алаяқтықпен туындайтын бұрмаланулар жағдайында елеулі ретте маңызы бар. Алаяқтықпен туындайтын бұрмалануларды анықтай алмау тәуекелі қателікпен туындайтын бұрмалануларды анықтай алмау тәуекелдігінен маңызы зор. Оның себебі, оларды, сонымен қатар бұрмаланулар, транзакцияларды жазып қоюға қасақана қабілетсіздігі, немесе аудиторға беретін ойластырылған дұрыс емес қайта ұсынуларды жасыруға арналған алаяқтық бұрмаланған мен әбден ойланған жоспарларды қамтуы мүмкін. Сөз байласу кезінде жасырушылыққа қатысты сол сияқты күштерін анықтай алу жеңіл емес. Сөз байласу, аудиторды, шындықта жалған болғанда, аудиторлық дәлелдеме шын болуына сендіруі мүмкін. Алаяқтықты анықтай алмауға қатысы бар аудитордың қабілеттілігі факторлар, мысалға бұзушының тәжірибелілігі, манипуляция жиілігі мен деңгейі, тарататылған тұлғалардың еңбек тәжіребесі, жекелеген айла-шарғы сомалары өзіне тән мөлшеріне тәуелді болып отыр. Аудитор алаяқтыққа қатысты ықтимал мүмкіндіктерін анықтай алуға қабелетті болған кезінде, аудиторға талқыланатын салалардағы бұрмаланулар, мәселен, бухгалтерлік бағалар алаяқтықпен немесе қатемен туындайтын болды ма деген қажеттілігін анықтау қиын болады.
7. Осыған сәйкес, басшылық бұрмалануларынан туындайтын елеулі бұрмалануларды анықтай алмауға қатысты аудитордың тәуекелі қызметкерінің тәуекелдігінен артығырақ, себебі басшылық әдетте тікелей немесе жанама түрде бухгалтерлік жазуларға әсерін тигізу, алаяқтықпен туындаған қаржылық есептілікті көрсету, немесе басқа қызметкерлермен жасаған іспетті алаяқтықтар жойылуға арналған бақылау шараларын елемеге ие болып отыр.
8. Ақылға қонымды сенімділікті бергенде, аудитор аудит барысында, басшылық бақылауларды елемеге мүмкіндікті қарастырып және қате анықтай алуға жарамды болып табылатын аудиторлық шаралар

³ ХАС 200, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы міндеті және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына сай Аудитті Жүргізу*, А53-А54 тармақтар

⁴ ХАС 200, А53 тармақ

алаяқтықты анықтау кезінде сәйкесті емес болуы мүмкін дереккөзін қуаттай, кәсіби салқынқандықты сақтап қоюға жауапты болады. Бұл ХАС-дағы талаптары аудиторға алаяқтықпен туындайтын елеулі бұрмалануларды анықтау мен оларға баға беру барысында мен сол сияқты бұрмалану анықтай алу үшін шараларды әзірлеу барысында көмектесуге арналған.

9. Аудитор заңмен, нормативтік актілермен немесе тиісті әдеп талаптарымен, ұйымның заңдармен және нормативтік актілермен, соның ішінде алаяқтықпен қоса, осы және басқа ХАС-тан өзгеше болуы мүмкін немесе одан тыс болуы мүмкін қосымша жауапкершіліктерге ие болуы мүмкін, мысалы: (Сілт: Тарм. А6)
- (a) Заңдар мен нормативтік актілерге анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздікке жауап, соның ішінде басшылықпен және басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен нақты қарым-қатынасқа қатысты талаптарға жауап беру, олардың сәйкессіздіктерге жауаптарының дұрыстығын бағалау және әрі қарайғы әрекеттердің қажеттілігін анықтау;
 - (b) Заңдар мен нормативтік актілерге анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздікті басқа аудиторларға хабарлау (мысалы, топтық қаржылық есептілік аудиті кезінде); және
 - (c) Заңдар мен нормативтік актілерге анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздікке қатысты құжаттамаға талаптары.

Қосымша міндеттемелерді орындау осы және басқа ХАС сәйкес аудитордың жұмысына қатысты қосымша ақпаратты ұсынуы мүмкін (мысалы, басшылықтың немесе қажет болған жағдайда басқару өкілеттігіне ие тұлғалар тұтастығы туралы).

Күшіне ену Күні

10. Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты бұл ХАС 2009 жылдың 15 желтоқсанда немесе сол күнінен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді.*

Мақсаттары

11. Аудитордың мақсаттары мынадай:
- (a) Алаяқтық себебімен қаржылық есептілік елеулі бұрмаланулар тәуекелдіктеріне баға беру мен анықтау;
 - (b) Тиісті қолға алынған жауаптарды әзірлеу мен енгізу арқылы елеулі бұрмалау тәуекелдіктері туралы тиісті аудиторлық дәлелдеме алу; және

- (с) Аудит барысында анықталған алаяқтыққа немесе белгіленген алаяқтыққа сәйкесті түрде жауаптар қайтару.

Анықтамалары

12. ХАС Мақсаттары үшін төмендегі терминдер келесідей мағыналарға ие:
- (а) Алаяқтық – Басшылық арасындағы бір немесе бірнеше лауазымды адамдардың, қызметкерлердің немесе үшінші жақтардың заңсыз артықшылық алу үшін әдейі жасаған әрекеттері.
- (б) Алаяқтық тәуекелдік факторы – Алаяқтықты жасауға мүмкіндік беретін немесе алаяқтықты жасауға қысым немесе ынталандырманы белгілейтін жағдайлар немесе оқиғалар.

Талаптары

Кәсіби скептицизм

13. 200⁵ ХАС-қа сәйкес аудитор бүкіл аудит бойы өзінің ұйымның басшылығы мен басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың адалдығына қатысты өткендегі тәжірибесіне қарамастан алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланудың орын алу мүмкіндігін мойындай отырып, кәсіби салқынқандықты сақтауы тиіс. (Сілт: Тарм. А8- А98)
14. Егер аудитордың басқаша ойлайтындай себептері болмаса, ол әдетте жазбалар мен құжаттарды түпнұсқа ретінде қабылдайды. Алайда егер аудит барысында анықталған жағдайлар аудиторды құжат шынайы болмауы мүмкін немесе құжаттағы шарттар өзгертілген деген ойға итермелесе, аудитор оларды барынша егжей-тегжейлі түрде зерттеп шығуы тиіс (Сілт: Тарм. А10)
15. Басшылықтың немес басқаруға өкілеттік берілген тұлғалардың өтініштеріне қайтарылған жауаптар сәйкессіз болса, аудитор ол сәкессіздіктерді егжей-тегжейлі түрде зерттеп шығуы тиіс.

Келісім Тобы арасындағы Талқылаулар

16. 315 ХАС (Қайта қарастырылған) келісім бойынша серіктес талқылауға қатыспаған келісім бойынша топ мүшелерін хабардар ету қажет болатын мәселелерді қарастырып шығуы тиіс.⁶ Талқылау барысында ұйымның қаржылық есеп алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың әсеріне түскендігіне көбірек тоқталу керек. Талқылау ұйым қаржылық есептіліктің алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың әсеріне қалайша және қай жерінде түсуі мүмкін екендігі туралы өз пікірімен бөлісуге мүмкіндік береді. Талқылау топ мүшелерінің басшылықтың және

⁵ ХАС 200, 15 тармақ

⁶ ХАС 315 (Қайта қарастырылған), 10 тармақ

басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың адалдығы мен әдептілігі туралы пікірін ескермей скептицизммен жүргізілуі тиіс. (Сілт: Тарм. А11-А12)

Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Қызметтер

17. 315 ХАС (Қайта қарастырылған)⁷ сәйкес ұйым және оның ішкі бақылауын қоса алғандағы оның ортасы туралы ақпарат алу үшін аудитор 17-24 тармақтарға сәйкес тәуекелге баға беру жөніндегі шараларды орындауы тиіс. Бұл ретте аудитор алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтауға арнап қолданылатын ақпаратты алуға арналған келесі шараларды орындауы тиіс.

Ұйым Ішіндегі Басшылық және Басқалар

18. Аудитор басшылықтан келесілерге қатысты сұрастырулар жүргізуі қажет:
- (a) Басшылықтың қаржылық есептілік алаяқтықтың орын алуы себебімен елеулі түрде бұрмалануы мүмкін деген тәуекеліне баға беруі, сондай баға берулер сипаты, ауқымы мен жиілігін қоса алғанда; (Сілт: Тарм. А13-А14)
 - (b) Басшылықтың ұйымдағы алаяқтықтың тәуекелін, соның ішінде басшылық анықтаған алаяқтықтың барлық ерекше тәуекелін, немесе өздеріне қатысты алаяқтықтық тәуекелінің туындау ықтималдығы орын алып отырған сальдо-шоттар, әрекеттер тобын қоса алғанда анықтау мен оған әрекет ету процесі; (Сілт: Тарм. А15)
 - (c) Басшылықты ұйымдағы алаяқтықтың тәуекелін анықтау мен оған үн қату процесі туралы хабардар ету, егер оны басқару өкілеттігіне ие тұлғалар жүргізсе; және
 - (d) Басшылықтың қызметкерлерді бизнес-тәжірибе мен әдептілік мінез-құлқы туралы хабардар ету, егер ол жүргізілсе.
19. Аудитор басшылықты, ішкі аудитті немесе ұйым шеңберіндегі өзге тұлғаларды олардың ұйымға әсерін тигізетін нақты немесе күдік тудыратын алаяқтықтар туралы білетін-білмейтіндігін анықтау үшін солардан сауалнама алуы тиіс. (Сілт: Тарм. А16-А18)
20. Аудитор басшылықты, ішкі аудитті немесе ұйым шеңберіндегі өзге тұлғаларды олардың ұйымға әсерін тигізетін нақты немесе күдік тудыратын алаяқтықтар туралы біледі ме, жоқ па деп анықтау және алаяқтыққа қатысы бар тәуекелдіктер жөніндегі көзқарастарды алу үшін солардан сауалнама алуы тиіс. (Сілт: Тарм. А19)

7 ХАС 315 (Қайта қарастырылған), 5-24 тармақтар

Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалар

21. Аудитор басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың басшылықтың ұйымдағы⁸ алаяқтық тәуекелдеріне қалай әсер етіп және әрекет ететіндігінен қалай қадағалайтындығы туралы және басқарманың сол тәуекелдерді жұмсартуға арнап белгілеген ішкі бақылауы туралы ақпарат алуы тиіс. (Сілт: Тарм. А20-А22)
22. Егер басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың барлығы ұйымды басқаруға қатыспаса, аудитор басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды ұйымға ұйымға әсер ететін кез-келген нақты, күдікті немесе болжалды алаяқтық туралы қандай ақпаратқа ие екендіктерін анықтау үшін сұрастырады. Бұл сұраулар басшылықтың сұраныстарына жауаптарды растау үшін ішінара жасалды.

Анықталған Әдеттен тыс немесе Күтпеген Қатынастар

23. Өкілетті тұлғалар мен ұйым басшылығының міндеттері кәсіпорынды басқаруға қатысып отырғанша, аудитор күдікті алаяқтық өкілетті тұлғалардың жұмысына ықпал етеді деп ақпарат алуғы сұраныс жібереді.

Басқа ақпарат

24. Аудитор алынған өзге ақпараттың алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекелін көрсететін-көрсетпейтіндігін қарастырып шығуы тиіс. (Сілт: Тарм. А23)

Алаяқтық Тәуекел Факторларына Баға беру

25. Аудитор басқа тәуекелдікке баға беру жөніндегі ақпарат бір немесе одан да көп алаяқтық тәуекелдікке қатысты факторы бар болуына көрсететін-көрсететіндігіне баға береді. Алаяқтық тәуекелдікке қатысты факторы әдейі алаяқтық бар болуын көрсетпеуі мүмкін болса, олар әдетте алаяқтықтар пайда болған жағдайларда жетімді болды және алаяқтықпен туындайтын елеулі түрдегі тәуекелдіктерін көрсетуі мүмкін. (Сілт: Тарм. А24-А28)

Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Тәуекелін Анықтау мен Оларға Баға Беру

26. 315 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес елеулі бұрмаланулар тәуекелін қаржылық есептілік деңгейінде және әрекеттер тобы, шоттардың сальдосы мен ашуға арнап анықтау мен оларға баға беру кезінде аудитор алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтап, баға беруі тиіс.⁹

⁸ ХАС 260 (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас*, 13 тармақ

⁹ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 25 тармақ

27. Алаяқтық себептерімен жіберілген елеулі түрдегі бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдер анықтау мен бағалау орын алуы кезінде, аудитор кірісті анықтап отырудағы алаяқтыққа тәуекелдіктері бар жорамалға негізделіп, кірістің қандай түрлері, кірістер әрекеттері немесе растаулар сол сияқты тәуекелдіктерге ықпал тигізетін-тигізбейтіндігіне баға береді. 48 тармақ болжам келісім жағдайына қолданылмайтын және осыған сәйкес алаяқтықпен туындаған елеулі түрдегі бұрмаланулар тәуекелдігі ретінде кірісті растауды анықтаған еместігін талап етілген құжаттаманы анықтап қояды. (Сілт: Тарм. А29-А31)
28. Аудитор алаяқтық себебімен елеулі түрдегі тәуекелдіктер ретінде және соған сәйкес болып қалған деңгейіндегі елеулі түрдегі бұрмалануларға қатысты тәуекелдіктерді жойып; аудитор ұйымның байланысты бақылауларды біледі, сондай тәуекелдіктерге өзіне тән бақылау қызметтерін қоса алғандығы. (Сілт: Тарм. А32-А33)

Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Жауап

Жалпы Сипаттағы Шаралар

29. ХАС 330 сәйкес, аудитор қаржылық есептілік деңгейіндегі алаяқтықпен туындалған елеулі түрдегі бұрмаланулар бағаланған тәуекелдеріне қолға алынған жалпы сипаттағы шараларды анықтауы тиіс.¹⁰ (Сілт: Тарм. А34)
30. Алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекелдеріне қатысты қаржылық есептілік деңгейіндегі жалпы көзқарасты белгілеу кезінде аудитор төмендегі әрекеттерді орындауы тиіс:
- (a) Өздеріне келісімдер бойынша елеулі жауапкершілік жүктелген тұлғалардың білімі, дағдылары мен қабілеті, аудитордың осы келісім бойынша алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекеліне ескере отырып, қызметкерлерді тағайындау мен қадағалау (Сілт: Тарм. А35-А36)
 - (b) Аудитор басшылықтың есептік саясатты, әсіресе субъективті баға берумен және күрделі әрекеттермен байланысты болып келетін баптарын таңдап алуы мен қолдануын қарастырып шығуы тиіс; және
 - (c) Аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімі мен ауқымын таңдап алу кезінде болжамсыздық элементін енгізуі. (Сілт: Тарм. А37)

Растау Деңгейінде Алаяқтықпен Туындаған Маңызды Бұрмалаушылықтардың Тәуекелдеріне Жауап Беретін Аудиторлық Рәсімдер

31. 330 ХАС сәйкес тұжырымдар деңгейіндегі алаяқтықпен туындалған

¹⁰ ХАС 330, 5 тармақ

елеулі бұрмаланулардың бағаланған тәуекеліне қатысты аудиторлық әдіске аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімі мен ауқымын өзгертулер жатуы мүмкін.¹¹ (Сілт: Тарм. А38-А41)

Басқаруды Бақылауды Алмастырумен Байланысты Тәуекелдерге Жауап Беретін Аудиторлық Рәсімдер

32. Басшылық алаяқтық жасауға ыңғайлы болатын жағдайда болады, себебі басшылықтың есептік жазбаларды тікелей немесе жанама түрде айлашарғылау немесе басқа жағдайларда тиімді әрекет ететін бақылауларды елемеу жолымен бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсыну қабілеті бар. Басшылықтың бақылауларды елемеу тәуекелінің деңгейі ұйымға байланысты болғанымен, соған қарамастан тәуекел барлық ұйымдарда орын алады. Сол сияқты елемеу пайда болуы мүмкін алдын ала болжалған жол себебімен, бұл алаяқтықпен туындайтын елеулі түрдегі бұрмаланулар тәуекелі, соған сәйкес елеулі түрдегі тәуекелі.
33. Басқару элементтерін ауыстыру тәуекелдерін аудиторлық бағалауға қарамастан, аудитор аудиторлық шараларды әзірлейді және орындайды:
- (a) Басты кітапта көрсетілген журналдық жазбалардың, және қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде жасалған өзге түрдегі түзетпелердің сәйкестігін тестілеу. Аудитор төменде көрсетілген түрдегідей әзірлеп, орындауы тиіс:
 - (i) Қаржылық есептілікті ұсыну процесіне қатысатын тұлғалардан журналдық жазбалар мен өзге де түзетпелерді өңдеумен байланысты болып келетін сәйкес емес немесе әдеттен тыс әрекеттер туралы сауалнама алуы тиіс;
 - (ii) Есеп беру кезеңі соңында енгізілген журналдық жазбалар мен өзге түрдегі түзетпелерді іріктеп алуы тиіс; және
 - (iii) Есеп беру кезеңі барысында журналдық жазбалар мен өзге түрдегі түзетпелер қажеттілігін қарастыруы тиіс. (Сілт: Тарм. А42-А45)
 - (b) Бұрмалануларды тудыруы мүмкін алдын-ала қалыптасу жөнінде тексеруі тиіс. Аудитор төменде көрсетілген түрдегідей әзірлеп, орындауы тиіс:
 - (i) Бухгалтерлік баға берулер жеке түрдегі сенімді болса да, қаржылық есептілікке енгізілген бухгалтерлік баға беру кезінде басқару өкілеттігіне ие тұлғалар қабылдаған пікірлер мен көретулер ұйымның басшылығы бөлігі ретінде алаяқтықпен туындаған елеулі бұрмалану тәуекелін көрсетуі мүмкін ықтимал әділетсіздікті анықтай ма деп бағалау. Егер

¹¹ ХАС 330, 6 тармақ

аудитор басшылық тарапынан бухгалтерлік баға берулерге қатысты мүмкін болар алалаушылығын анықтаса, аудитор алалаушылыққа себеп болып табылған жағдайлардың алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулары тәуекелдерін тудыра ма, соған баға беруі тиіс; және

- (ii) Былтырғы жылдың қаржылық есептілігінде көрсетілген елеулі бухгалтерлік баға берулерімен байланысты болып келетін басшылықтың ой-пікірі мен алалаушылықтардың ретроспективтік шолуын жасауы тиіс. (Сілт: Тарм. А46-А48)
 - (c) Кәсіпорынның әдеттегі шаруашылығынан тыс немесе кәсіпорынды білу мен оның ортасы және аудит барысында алынған басқа ақпараттан тыс шын мәніндегі әрекеттер бойынша аудитор олардың алаяқтықпен туындаған қаржылық есептілікті немесе активтерді зансыз ұрлауды жасыру туралы әрекеттер жөніндегі бизнес-тұжырымдама бағалау қажет. (Сілт: Тарм. А49)
34. Аудитор басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың бақылауларды айналып кетулеріне қатысты анықталған тәуекелдіктерге жауап әрекет қайтару үшін айрықша түрдегі жоғарыда сипатталған аудиторлық шараларды толтыру ретінде өзге аудиторлық шараларды орындауы қажет деп шешім қабылдауы тиіс (соған сай 33 тармақтағы талаптарға сай келуге арнап дамытылған шаралар бөлігі ретінде қамтылған жоқ басшылықтың бақылауларды айналып кетуінің айрықша қосымша тәуекелдіктері бола алады).

Аудит Дәлелдемелеріне Баға Беру (Сілт: Тарм. А50)

35. Аудитор аудиттің соңына қарсы немесе сол датаға жақын уақытта жүргізілген аналитикалық шаралардың бүкіл қаржылық есептіліктің аудитордың бизнес туралы білімімен сәйкес келетіндігі туралы жалпы қорытындыны қалыптастыру кезінде алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланудың қуатталмаған тәуекелін көрсетіп отыр ма, соны қарастыруы тиіс. (Сілт: Тарм. А51)
36. Аудитор аудиттің соңына қарсы немесе сол датаға жақын уақытта жүргізілген аналитикалық шаралардың бүкіл қаржылық есептіліктің аудитордың бизнес туралы білімімен сәйкес келетіндігі туралы жалпы қорытындыны қалыптастыру кезінде алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланудың қуатталмаған тәуекелін көрсетіп отыр ма, соны қарастыруы тиіс. (Сілт: Тарм. А52)
37. Егер аудитор не елеулі не елеулі емес болып келетін ауытқуларды тауып алса, және аудитор ауытқулар алаяқтық нәтижесінде пайда болуы мүмкін және ашылық қатысқан болса деп сенуге себебі бар болса, аудитор алаяқтықпен туындаған елеулі бұрмаланулар тәуекелдеріне және бағаланған тәуекелдіктерге орындалуы тиіс әрекеттерге қатысты

аудиторлық шаралардың сипаты, мерзімі мен деңгейіне тигізген әсеріне қайталап баға беруі тиіс. Аудитор тағы басқамен жағдайлар немесе жағдайлардан бұрын алынған дәлелдеме сенімділігіне қайта қарау кезінде қызметкерлер, басқарау өкілеттігіне ие тұлғалар немесе үшінші жақтарды қатыстырып отыратын сөз байлам ықтималдығын көрсетсе деп қарастырып шығуы тиіс. (Сілт: Тарм. А53)

38. Егер аудитор қаржылық есептілік алаяқтық себебімен елеулі түрде бұрмаланса деп санаса немесе қорытынды жасауға қабілетті болмаса, аудитор аудиттің салдарына баға беруі тиіс. (Сілт: Тарм. А54)

Аудитордың Келісім бойынша Жұмысын Жалғастыра Алмауы

39. Егер алаяқтық немесе күдікті алаяқтық себебінен туындаған бұрмаланудың нәтижесінде аудитор аудитті жүргізу қабілетіне күмән келтіретін айрықша жағдайларға кез болса, аудитор төмендегі әрекеттерді орындауы тиіс:

- (a) Аудиторға сол аудиторды тағайындаған тұлғаға немесе тұлғаларға немесе кейбір жағдайда реттеуші органға есеп беруді ұсыну талабының орын алуын анықтауды қоса алғанда осы жағдайларда қолданылатын кәсіби және заңдық жауапкершілікті қарастырып шығуы тиіс;
- (b) Қызметтерді көрсетуді тоқтату мүмкіндігін қарастыруы тиіс; және
- (c) Егер де аудитор қызмет көрсетуін тоқтатса:
 - (i) Басшылықтың тиісті деңгейімен және басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен аудитордың қызмет көрсетуді тоқтатқаны мен оның себептерін талқылауы тиіс; және
 - (ii) Аудиторды тағайындаған тұлғаға немесе тұлғаларға немесе кейбір жағдайларда реттеуші органға аудитордың қызмет көрсетуді тоқтатуы мен оның себептері туралы есеп беруді ұсыну бойынша кәсіби немесе заңдық талаптың бар-жоғын қарастыруы тиіс. (Сілт: Тарм. А55-А58)

Жазбаша Ұсынымдар

40. Аудитор басшылық және, қажет болған жағдайда, басқару өкілеттігіне ие тұлғалардан төмендегі жайлар туралы жазбаша түрдегі есеп беруді ұсынуды қарастырып шығуы қажет:
- (a) Олар алаяқтықты болдырмау мен анықтау үшін ішкі бақылауды әзірлеу, енгізу және қолдауға қатысты жауапкершілігін қуаттай береді;
 - (b) Олар аудиторды, алаяқтық нәтижесінде қаржылық есептілік елеулі түрде бұрмалануы мүмкін екені туралы басшылықтың

тәуекелге баға беруі нәтижелері туралы хабардар еткен;

- (с) Олар кәсіпорынға әсерін тигізетін күдік алаяқтық немесе алаяқтық туралы хабардар еткен:
 - (i) Басшылық;
 - (ii) Ішкі бақылауда елеулі жайғасымдарға ие болатын қызметкерлер; немесе
 - (iii) Егер алаяқтық қаржылық есептілікке елеусіз әсерін тигізетін болса, өзге тұлғалардың; және
- (d) Олар қызметкерлер, алдағы қызметкерлер, талдаушылар, реттеушілер немесе өзге тұлғалар хабар берген ұйымның қаржылық есептілігіне әсерін тигізетін алаяқтық немесе күдікті алаяқтық туралы аудиторды хабардар етуі қажет. (Сілт: Тарм. А59-А60)

Басшылықпен және Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас

- 41. Егер аудитор алаяқтықты анықтаған болса немесе алаяқтықтың болуы мүмкін екендігі туралы ақпаратты алған болса, аудитор бұл мәселелер туралы, егер заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынбаса, міндеттеріне қатысты мәселелерде алаяқтықты алдын-алу және анықтау бойынша жауапкершілігі бар тұлғаларды ақпараттандыру үшін тиісті басшылыққа уақытында хабарлауы тиіс. (Сілт: Тарм. А61-А62)
- 42. Егер аудитор алаяқтықты төмендегілердің қатысуымен анықтаса:
 - (a) басшылықтың;
 - (b) ішкі бақылауда елеулі жайғасымдарға ие болатын қызметкерлердің; немесе
 - (c) егер алаяқтық қаржылық есептілікке елеусіз әсерін тигізетін болса, өзге тұлғалардың,

аудитор бұл мәселелерді басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға уақтылы хабарлауы керек. Егер аудитор басшылыққа қатысты алаяқтыққа күмәнданса, аудитор бұл күдіктерді басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға баяндайды және олармен аудитті аяқтауға қажетті аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдері мен көлемін талқылайды. Басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен мұндай байланыс, егер байланысқа заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынбаған болса, қажет болып табылады. (Сілт: Тарм. А61, А63-А65)

- 43. Егер заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынбаса, аудитор алаяқтықпен байланысты кез келген басқа мәселелерді басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, аудитордың пікірінше олардың

жауапкершілігіне қатысы бар, хабаралуы тиіс. (Сілт: Тарм. А61, А66)

Алаяқтық туралы Ұйымнан Тыс Тиісті Құзырлы Органға Хабарлау

44. Егер аудитор алаяқтықты анықтаған болса немесе күдіктенсе, аудитор заңның, нормативтік актілердің немесе тиісті әдеп талаптарының сәйкестігін анықтауы керек: (Сілт: Тарм. А67-А69)
- (a) Аудитордан ұйымнан тыс тиісті органға есеп беруін талап ету.
 - (b) Жағдайларға сәйкес ұйымнан тыс тиісті органға есеп беру мүмкін болатын жауапкершілікті белгілеу.

Құжаттама

45. Аудитордың ұйым мен оның ортасы туралы білімі мен аудитордың елеулі бұрмаланулар тәуекеліне баға беруі туралы құжаттамаға¹² 315 ХАС (Қайта қарастырылған)¹³ сәйкес төмендегілер енгізілуі тиіс
- (a) Келісім бойынша топ мүшелерінің арасында ұйымның қаржылық есеп алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың әсеріне түсуіне қатысты қабылданған елеулі шешімдері; және
 - (b) Қаржылық есептілік деңгейі мен тұжырымдар деңгейіндегі алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың анықталған және бағаланған тәуекелдері.
46. Елеулі бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдеріне қатысты аудиторлық тұрғының құжаттамасына 330 ХАС¹⁴ сәйкес төмендегілер енгізілуі тиіс
- (a) Қаржылық есептілік деңгейіндегі алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдеріне қатысты жалпы тұрғы және аудиторлық шаралардың сипаты, мерзімі мен ауқымы, сондай-ақ осы шаралардың тұжырымдар деңгейіндегі, алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдерімен байланыстары; және
 - (b) Басшылықтың бақылауларды елемей тәуекелдеріне қатысты әзірленген шараларды қоса алғанда, аудиторлық шаралардың нәтижелері.
47. Аудитор басшылықты, басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды, реттеуші органдар мен өзге тұлғаларды алаяқтық туралы хабарда еткендігін құжаттауы тиіс.
48. Егер аудитор табысты растаумен қатысты алаяқтықпен туындалған елеулі

¹² ХАС 230, *Аудит Құжаттамасы*, 8-11 тармақтар және А6 тармағы

¹³ ХАС 315 (Қайта қаралған), 32 тармақ

¹⁴ ХАС 330, 28 тармақ

бұрмаланулардың тәуекелі орын алуда деген болжам келісімнің бұл жағдайларына қатысты қолдануға келмейді деген қорытындыға келсе, аудитор мұндай қорытындының негіздемесін құжаттауы тиіс.

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Алаяқтықтың сипаттамасы (Сілт: Тарм. 3)

- A1. Алаяқтық, бұрмаланған қаржылық есептілік немесе активтерді заңсыз пайдалануда ынталандыру немесе қысым жасау, оны және әрекеттерді тиімді ету мүмкіндігі, негіздеу ескерілген. Мысалы:
- Қаржылық есептілік бұрмалануына ынталандыру немесе қысым орын алуы мүмкін, егер басшылық күтілген кірістерге немесе қаржылық нәтижеге (мүмкіндігінше іске аспайтын) жету үшін ұйымның сыртындағы немесе ішіндегі көздерінің әсеріне түскен болса – атап айтқанда, басшылықтың қаржылық мақсаттарға жету қабілетімен туындайтын салдары елеулі болуы мүмкін. Осыған сәйкес, тұлғалар активтерді заңсыз пайдалануға ынталандырылуы мүмкін, мәселен, себебі тұлғалардың қаражаты асып тұр.
 - Мысалға, тұлға ішкі бақылаудағы айрықша жетіспеушіліктер туралы білімі бар немесе сенімділік жайғасымға ие болғанымен, әрекеттерді тиімді ету мүмкіндігі орын алуы мүмкін, егер тұлға ішкі бақылауды елемеге сенсе.
 - Тұлғалар алаяқтық әрекетті жасауды негіздеуі мүмкін. Кейбір тұлғалар әділетсіз әрекетті қасақана түрде жасауға мүмкіндік беретін мінез-құлақ, жайғасымдар, немесе әдептік бағалықтар жиынтығы бар. Бірақ, өзге жолдар арқылы әділ тұлғалар, оларға тиісті түрде әсерін тигізетін ортасындағы алаяқтық әрекетін жасауы мүмкін.
- A2. Қаржылық есеп беру жалған қаржылық есептілікті қолданушыларды алдау үшін қаржылық есептіліктегі сомалардан немесе ашып көрсетулерден құралған әдейі бұрмалануларды қамтиды. Бұл басшылықтың қаржылық есептілікті пайдаланушыларды алдау үшін олардың ұйымның қызметі мен кірістілігі туралы түсініктеріне әсер ету арқылы табысты басқаруға бағытталған күш-жігерінен туындауы мүмкін. Мұндай кірістерді басқару ұсақ іс-әрекеттерден немесе басшылықтың жорамалдар мен пікірлердегі өзгертулерді орынсыз түзетуден басталуы мүмкін. Қысымдар мен ынталандыру бұл әрекеттерді қаржылық есептіліктің жалған болуына әкеп соқтыратын деңгейге дейін арттыруы мүмкін. Мұндай жағдай нарықтық күтулерді қанағаттандыру қысымына немесе тиімділікке негізделген өтемақыны ұлғайтуға деген ұмтылысқа

байланысты басшылық қаржылық есептілікті елеулі бұрмалау арқылы жалған қаржылық есептілікке әкелетін позицияларды қасақана қабылдаған кезде орын алуы мүмкін. Кейбір ұйымдарда басшылық салықты азайту үшін кірісті айтарлықтай мөлшерде азайтуға немесе банктік қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін кірісті көбейтуге түрткі болуы мүмкін.

- A3. Бұрмаланған қаржылық есеп беру төмендегі арқылы аяқталуы мүмкін:
- Манипуляция, бұрмалау (оның ішінде боямалық), немесе есептік жазулар немесе қаржылық есептілік дайындалған қосымша құжаттарды өзгеріп жіберу.
 - Жағдайлар, әрекеттер немесе басқа елеулі ақпарат бойынша қаржылық есептілікті дұрыс емес ұсыну, немесе қасақана түрдегі жетімсіздігі.
 - Ұсыну немесе ашу сомалары, топтастыруы, сипатына қатысты есептік тұғырларды қасақана түрде дұрыс емес қолдану.
- A4. Бұрмаланған қаржылық есеп беру әдетте өзгеше түрде тиімді қызмет көрсететінде орын алуы мүмкін басшылықтың бақылаулар елемеуін қамтиды. Алаяқтық басшылықпен осындай әдістерді қолдана отырып басқару элементтерін ауыстыру арқылы жасалуы мүмкін:
- Қызметтік нәтижелерді айла-шарғылау немесе мақсаттарға жету үшін есептік, кезең соғына жақын жазбаларды қоса алғанда, жалған журналдық жазуларды жазып қою.
 - Тиісті емес түрде түзетпелер сальдоларға баға беру үшін қолданылатын пікірлеріне өзгерту.
 - Есептік кезеңде пайда болған әрекеттер мен жағдайлар бойынша қаржылық есептілікте растауды кешіктіру, алға жылжыту, одан да айрылып қалу.
 - Қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі талап ететін жарияламау, жасыру немесе бұрмалау, немесе әділ ұсынуға қол жеткізу үшін қажет.
 - Қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға әсер етуі мүмкін фактілерді жасыру.
 - Қаржылық жайғасымды дұрыс емес қайта ұсыну үшін құрылған күрделі әрекеттер немесе ұйым қаржылық қызметке қатысу.
 - Елеулі мен әдетте тыс әрекеттерге қатысты жазулар мен шарттарды өзгеріп жату.
- A5. Активтерді заңсыз пайдалануға кәсіпорынның активтерін ұрлау кіреді және әдетте Шағын мен елеусіз сомаларға қатысты қызметкерлер арқылы

бұрмаланады. Алайда басшылық сонымен қатар өздерінің заңсыз қолданылуын, оларды анықтау қиын болатындай түрде бұрмалап көрсету немесе жасырып қалу мүмкіндігі көбірек болып келетін активтерді заңсыз пайдалануға қатысуы мүмкін. Активтерді дұрыс пайдаланбау әртүрлі сипатқа ие болуы мүмкін, мысалы:

- Ысырап қылу (мысалы, дебиторлық берешекті заңсыз түрде жинақтау немесе жабық шоттардағы түсімдерді жеке банкілік шоттарға аудару);
- Жеке активтерді немесе зерделік меншікті ұрлау (мысалы, қорларды жеке пайдалануға немесе сатуға арнап ұрлау, метал қалдықтарын қайта сатуға арнап ұрлау, бәсекелеспен төлем үшін технологиялық деректерді ашу туралы сөз байласу);
- Кәсіпорынға алынбаған тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге мәжбүр ету (мысалы, жалған жеткізушілерге төлемдер, сатушылар ұйымның сатып алушы агенттеріне бағаны көтеру, жалған қызметкерлерге төлемдер үшін төлеген қайтарымдары).
- Ұйымның активтерін жеке пайдалануға арнап пайдалану (мысалы, ұйымның активтерін жеке қарыз немесе байланысты тарапқа қарыз беру үшін кепіл ретінде пайдалану).

Активтердің заңсыз қолданылуына көбінесе активтердің жоғалу немесе олардың тиісті бекітусіз өтелім ретінде қолданылу фактісін жасырып қалу мақсатымен қате немесе жалған түрдегі жазбалар немесе құжаттар ілеспеленіп жүреді.

Алаяқтықтың Алдын Алу Және Анықтау Үшін Жауапкершілік

Аудитордың Жауапкершіліктері (Сілт: Тарм. 9)

- А6. Заң, нормативтік актілер немесе тиісті әдеп талаптары аудитордан қосымша рәсімдерді орындауды және одан әрі әрекеттерді талап етуі мүмкін. Мысалы, Бухгалтерлердің Халықаралық Әдеп Стандарттары Кеңесі шығарған *Кәсіби Бухгалтерлердің Әдеп Кодексі* (БХӘСК Кодексі) аудитордан заңдар мен нормативтік актілерге анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздікке қатысты шаралар қабылдауды және одан әрі әрекет ету қажеттілігін анықтайды. Мұндай қадамдар заң және нормативтік актілерге анықталған және күдік тудыратын сәйкессіздікті топ ішіндегі басқа аудиторларға, топтық келісім серіктесін, құрамдас аудиторды немесе топтың құрамында топ қаржылық есебіне аудит жүргізуден басқа мақсатта жұмыс жасайтын басқа да аудиторларды қоса алғанда, хабарлауды қамтиды.¹⁵

¹⁵ Мысалы, БХӘСК Кодексінің 225.21-225.22 бөлімдерін қараңыз.

Қоғамдық Сектор Ұйымдарына Арнайы Қарастырулар

А7. Қоғамдық сектор аудиторының алаяқтыққа қатысты міндеттері заңнама, нормативтік акт немесе қоғамдық сектор ұйымдарына қолданылатын басқа да өкілеттіліктерінің салдары болуы мүмкін немесе аудитордың мандатында бөлек қарастырылады. Сәйкесінше, қоғамдық сектордың аудиторының жауапкершілігі қаржылық есептіліктің бұрмалануы тәуекелдерін қарастырумен шектеліп қалмай, сонымен бірге алаяқтық тәуекелдерін қарастыруға кең жауапкершілікті қамтуы мүмкін.

Кәсіби Скептицизм (Сілт: Тарм. 13-15)

А8. Кәсіби скептицизм алаяқтықтан туындаған елеулі бұрмаланулардың бар-жоқтығына қатысты алынған ақпарат пен аудиторлық дәлелдемелерді ұдайы зерттеуді ескереді. Өзірлеуге қатысты бақылауларды және қажет болса олардың орындалуын қарастыруды қоса алғанда аудиторлық дәлелдеме ретінде қолданылатын ақпараттың сенімділігін қарастыруы тиіс. Алаяқтықтың сипатының салдарынан аудитордың кәсіби скептицизмді сақтауы алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекелін қарастыру кезінде өте маңызды болып табылады.

А9. Алайда аудитор ұйымның басшылығы мен басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың адалдығына қатысты өткендегі тәжірибесін толығымен елеусіз қалдыра алмағанымен, кәсіби скептицизмді сақтаған өте маңызды болып табылады, себебі жағдайлар өзгеруі мүмкін.

А10. ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудитте егер аудитор оқытылмаған болса немесе дұрыстығын растау жөніндегі сарапшы болып табылмаса құжаттардың түпнұсқалығын растау жағдайда ескерілген.¹⁶ Алайда егер аудит барысында анықталған жағдайлар аудиторды құжат шынайы болмауы мүмкін немесе құжаттағы шарттар өзгертілген деген ойға итермелесе, аудитор оларды барынша егжей-тегжейлі түрде зерттеп шығуы тиіс:

- Аудитор тікелей үшінші жақтан алынған растауы тиіс.
- Аудитор құжаттардың түпнұсқалығын анықтау үшін сарапшылардың жұмысын пайдалануы тиіс.

Келісім Тобы арасындағы Талқылаулар (Сілт: Тарм. 16)

А11. Келісім бойынша топ мүшелері ұйымның қаржылық есеп алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың әсеріне түскендегін талқылауы тиіс:

¹⁶ ХАС 200, А49 тармақ

- Талқылау топтың одан да тәжірибелі мүшелеріне қаржылық есептіліктің алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың әсеріне қалайша және қай жерінде түсуі мүмкін екендігі туралы өз пікірімен бөлісуге мүмкінді береді.
- Ол аудиторға сол сияқты әсеріне түсуге қатысты әрекеттерді белгілеп және топ мүшелерінің қайсысы белгілі түрдегі аудиторлық шараларды орындайтындығын белгілеуге мүмкіндік береді.
- Ол аудиторға аудиторлық шаралар нәтижелерінің келісім бойынша топ мүшелерінің арасында қалай бөлістірілетінін және аудитордың көңілін аулауы мүмкін алаяқтық туралы көретулерге қалай әрекет ету керек екендігін белгілеуге мүмкіндік береді.

A12. Талқылауға әдетте төмендегілер кіреді:

- Келісім бойынша топ мүшелерінің арасында ұйымның қаржылық есептілігі (жеке мәлімдемелер мен ақпаратты ашып көрсетуді қоса) алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың әсеріне қалайша және қай жерінде түсуі мүмкін екендігі туралы, басшылықтың қаржылық есептілікті қалайша бұрмалауы және соны қалайша жасыруы мүмкін екендігі туралы және ұйымның активтері қалайша заңсыз түрде иемделуі мүмкін екендігі туралы пікір алмасу;
- Бұрмаланған қаржылық есептіліктің бұрмалануына әкеп соқтыруы мүмкін табыстардың айлашарғылануын және басшылықтың табыстарды айлашарғылауға арнап ұстануы мүмкін тәжірибесін көрсететін жағдайларды қарастыру;
- Басшылық ашылатын мәселелерді дұрыс түсінуге кедергі келтіретін түрдегі ақпаратты ашуға тырысуы мүмкін қауіп-қатерді қарастыру (мысалы, тым көп емес ақпарат қосу немесе түсініксіз немесе анық емес тіл қолдану арқылы).
- Ұйымға әсерін тигізетін және алаяқтық жасау, алаяқтық жасауға мүмкіндік беру мақсатымен басшылыққа немесе өзге тұлғаларға арнап стимул тудыратын немесе соларға қысым көрсететін, сондай-ақ басшылық пен өзге тұлғаларға алаяқтықтың жасалуын оңтандыруға мүмкіндік беретін сыртқы және ішкі факторларды қарастыру;
- Басшылықтың заңсыз пайдалануға түскен қолма-қол ақша мен өзге түрдегі активтерге қолы жететін қызметкерлерді қадағалау ісіне қатысуын қарастыру;
- Басшылықтың немесе қызметкерлердің мінез-құлқы немесе өмір сүру мәнеріндегі келісім бойынша топтың көңілін аулаған әдеттен тыс немесе түсініксіз өзгерістерді қарастыру;

- Бүкіл аудит барысында алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалану мүмкіндігіне қатысты тиісті көңіл-күйді сақтап отырудың маңыздылығын басып айту;
 - Өздері туындаған жағдайда алаяқтықтың орын алу мүмкіндігін көрсетуі мүмкін жағдайлардың түрлерін қарастыру;
 - Болжамсыздық элементінің өздерін орындау қажет болатын аудиторлық шаралардың сипатына, мерзімі мен ауқымына қалай енгізілуі мүмкін екендігін қарастыру;
 - Ұйымның қаржылық есеп алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың әсеріне түсу мәселесін шешу үшін және басқасына қарағанда барынша тиімдірек шараларды анықтау үшін таңдалып алынуы мүмкін аудиторлық шараларды қарастыру;
 - Аудитордың көңілін өзіне аударған алаяқтық туралы көрсетулердің барлығын қарастыру;
- Басшылықтың бақылауды елеусіз қалдыру тәуекелін қарастыру.

Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Қызметтер

Басшылық сұраныстары

Басшылықтың Алаяқтықпен Туындаған Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелін Бағалауы (Сілт: Тарм. 18 (а))

A13. Басшылық ұйымның ішкі бақылауына және ұйымның қаржылық есептілігін дайындауға жауапкершілік алады. Тиісінше, аудитор басшылықтың алаяқтық тәуекелі мен оны болдырмау және анықтау үшін қолданылатын бақылауды жеке бағалауы туралы басшылыққа сұрақ қоюы орынды. Мұндай басшылықтың осындай тәуекел мен бақылауды бағалау сипаты, дәрежесі мен жиілігі әр түрлі болады. Кейбір ұйымдарда басшылық жыл сайын немесе тұрақты мониторингтің бөлігі ретінде егжей-тегжейлі бағалау жүргізе алады. Басқа ұйымдарда басшылықтың бағалауы аз құрылымдалған және сирек болуы мүмкін. Менеджментті бағалау сипаты, көлемі мен жиілігі аудитордың ұйымның бақылау ортасын түсінуіне байланысты. Мысалы, басшылықтың алаяқтық тәуекелін бағалаған жоқ екендігі кейбір жағдайларда басшылықтың ішкі бақылауда маңызды рөл атқармайтындығын көрсетуі мүмкін.

Шағын ұйымдарды арнайы қарастырулар

A14. Кейбір ұйымдарда, көбінесе Шағын ұйымдарда, басшылықтың баға беруі қызметкердің немесе активтерді заңсыз пайдалану тәуекелдерін басып отыр.

Басшылықтың ұйымдағы алаяқтық тәуекелдерін қалай анықтап және қалай әрекет ететіндігі туралы үдеріс (Сілт: Тарм. 18(ә))

- A15. Бөлімшелері әр түрлі жерлерде орналасқан компанияларға қатысты аудитор өндірістік бөлімшелердің немесе бизнес-сегменттердің мониторингісінің әр түрлі деңгейлерін қамти алады. Басшылық алаяқтық тәуекелінің орын алу ықтималдығы көбірек болып келетін өндірістік бөлімшелер немесе бизнес-сегменттер бойынша сұрату жасауы тиіс.

Басшылықты, ұйым шеңберіндегі өзге тұлғаларды сұрату (Сілт: Тарм. 19)

- A16. Аудитор қызметкерлердің алаяқтығынан туындаған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануларының тәуекеліне қатысты пайдалы ақпаратты беруі мүмкін. Мұндай сауалнамалар басшылықтың алаяқтығынан туындап отырған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмаланулары тәуекеліне қатысты пайдалы ақпарат бере алмайды. Мұндай сауалнама аудиторға өзін басқаша түрде хабарлау мүмкін болмайтын ақпаратты хабарлау мүмкіндік беруі мүмкін.

- A17. Өздеріне аудиторлар алаяқтықтың орын алуы немесе соған қатысты күдік туралы сұратулар жібере алатын ұйым шеңберіндегі өзге тұлғаларға төмендегілер жатады:

- Қаржылық есептілікті ұсыну процесіне тікелей қатыспайтын өндіріс қызметкерлері;
- Уәкілеттік деңгейі әртүрлі болып келетін қызметкер;
- Ауыр немесе әдеттен тыс әрекеттерді орындауға, өңдеуден өткізу мен көрсетуге қатысатын қызметкерлер, сондай-ақ осындай қызметкерлерді қадағалайтын немесе солардың мониторингін жүргізетін тұлғалар;
- Ішкі заңды қызметкер;
- Әдептану жөніндегі аға қызметкер немесе соған баламалы жайғасымды алып отырған тұлға;
- Алаяқтық туралы көрсетулермен байланысты мәселелерді шешуге қатысатын тұлға немесе тұлғалар.

- A18. Басшылық әдетте алаяқтықты болдырмау мен анықтау жөніндегі ең жақсысы жайғасымға ие болып келеді. Басшылардың сұратуларға арналған жауаптарына баға беру кезінде аудитор басшылықтың алаяқтық жасау үшін тиімді жайғасымға ие болатындығын мойындаумен кәсіби салқынқандықты сақтауы тиіс.

Ішкі Бақылауы Туралы Ақпарат Алу (Сілт: Тарм. 20)

- A19. 315 ХАС (Қайта қарастырылған) мен 610 ХАС (2013 жылы Қайта қарастырылған) талаптарды бекітіп, ішкі аудит қызметі бар болып келетін

анау ұйымдардың аудиторлары бойынша нұсқалықты қамтамасыз етіп отырады.¹⁷ Алаяқтыққа қатысты ХАС талаптарын орындау кезінде аудитор төмендегіні енгізіп айрықша ішкі аудит шараларын талап етуі мүмкін. Мысалы:

- Ішкі аудиторлардың жыл бойы алаяқтықты анықтау жөніндегі орындаған шараларды.
- Басқару өкілеттігіне ие тұлғалар анау шаралар салдарынан кез-келген сұратуларға қанағат етерліктей жауап берген бе.

Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалардың Қалай Қадағалайтындығы Туралы Ақпарат Алу (Сілт: Тарм. 21)

- A20. Ұйымның басқару өкілеттігіне ие тұлғалары тәуекелдердің мониторинг жүйелерін, қаржылық бақылау мен заңдарға сәйкес болуына қатысты қадағалау үшін жауапкершілікте болады. Көптеген елдерде корпоративтік басқару тәжірибесі жеткілікті дәрежеде жақсы әзірленген және басқару өкілеттігіне ие тұлғалар ұйымның алаяқтық тәуекелдері мен ішкі бақылауға баға беруін қадағалауда белсенді роль атқарады. Басқару өкілеттігіне ие тұлғалар мен басқарманың жауапкершілігі елге және ұйымға байланысты өзгеріп отыратындықтан, аудитордың тиісті қызметкерлер жүргізетін қадағалау туралы ақпарат алу үшін олардың жауапкершілігін білгені өте маңызды.¹⁸
- A21. Басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың қадағалайтыны туралы білгені ұйым басшылығы алаяқтығы тәуекелінің әсеріне түскендігі, ішкі бақылаудың сәйкестігі, басқарманың құзырлығы мен адалдығы туралы ақпаратты беруі мүмкін. Аудитор бұл ақпаратты кездесулерге қатысу тәрізді шараларды орындау арқылы алуы мүмкін, аталмыш кездесулерде талқылаулар жүргізіліп, кездесулердің хаттамалары қарастырылады немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалардан жауап алынады.

Шағын Ұйымдарды Арнайы Қарастыру

- A22. Басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға көбінесе субъектіні басқаруға қатысты болып табылады. Басқару өкілеттігіне ие тұлғалар ол дәл сондай қызметтерді орындап, басқарма рөлін атқарған жағдайда, бұл көбінесе шағын компанияларға қатысты болып табылады. Бұл жағдайларда, басқармадан тыс қадағалау жоқ болғандықтан, әдеттегідей аудитор ешқандай әрекет жасамайды.

¹⁷ ХАС 315 (Қайта қарастырылған), 6(а) және 23 тармақ, және 610 ХАС (2013 жылы қайта қарастырылған), *Ішкі Аудиторлардың Жұмысын Пайдалану*.

¹⁸ ХАС 260 (Қайта қарастырылған), А1-А8 тармақтар, ұйымның басқару құрылымы дұрыс анықталмаған кезде аудитордың кіммен сөйлесетінін талқылау.

Басқа Ақпаратты Қарастыру (Сілт: Тарм. 24)

A23. Аналитикалық шараларды қолданумен алынған ақпаратқа толықтыру ретінде аудитор ұйым мен оның ортасы туралы өзге алынған ақпаратты қарастырып шығуы тиіс, ол алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекелін анықтау кезінде пайдалы болуы мүмкін. Келісім бойынша мүшелердің арасындағы талқылау осындай тәуекелдерді анықтау кезінде көмегін тигізетін ақпаратты ұсынуы мүмкін. Сонымен қатар, клиентпен қатынастарды қабылдау мен оларды ұзарту жөніндегі аудиторлық шаралардан және ұйымға арнап орындалған өзге келісімдерден алынған тәжірибеден алынған ақпарат, мысалы, аралық қаржылық ақпаратқа шолу жасау жөніндегі келісімдер алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекелін анықтау кезінде көмегін тидіруі мүмкін.

Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Тәуекеліне Баға Беру (Сілт: Тарм. 25)

A24. Алаяқтық жасырылған деген факті әдетте оны анықтауды қиындатады. Алайда аудитор алаяқтық жасау немесе алаяқтық жасау мүмкіндігін ұсыну мақсатындағы стимулдың немесе қысым көрсетудің орын алғандығын көрсететін жағдайларды (нашар істеу әрекеттерінің қауіп факторлары) белгілеуі мүмкін. Мысалы:

- Қосымша капиталдық қаржыландыруға ие болу үшін үшінші жақтардың талаптарын орындау қажеттігі алаяқтық жасау мақсатындағы қысымды тудыруы мүмкін;
- Мүмкін емес табысқа қол жеткізу кезіндегі елеулі бонустарды ұсыну алаяқтық жасау мақсатындағы стимулды тудыруы мүмкін; және
- Бақыланатын орта тиімсіздігі алаяқтық тудыруы мүмкін.

A25. Тәуекелдер факторлары міндетті түрде алаяқтықтың орын алып отырғандығын көрсетпегінімен, олар алаяқтық жасалған жағдайларда жиі түрде орын алып жатады. Алаяқтық тәуекелі факторларының маңыздылығы өзгеріп отыруы мүмкін. Соған сәйкес, аудитор алаяқтық тәуекелі факторларының орын алғандығын және ол алаяқтықпен туындалған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмаланулар тәуекеліне баға беру кезінде ескерілуі тиіс пе соны анықтау кезінде кәсіби скептицизмді сақтайды.

A26. Бұрмаланған қаржылық есептілік пен активтерді заңсыз пайдалануға жататын алаяқтық тәуекелі факторларының мысалдары осы 1-Қосымшасында келтірілген. Тәуекелдер факторларының бұл мысалдары әдетте алаяқтықтың орын алуы кезінде орын алатын үш жағдайдың негізінде жіктеленеді:

- Алаяқтық жасау мақсатымен стимул жасау немесе қысым көрсету;

- Алаяқтық әрекетті оңтайландыру мүмкіндігі; және
- Алаяқтық әрекетті негіздеу бойынша қабілеті.

Алаяқтық әрекеттің оңтайландырылу мүмкіндігін көрсететін факторлар аудитордың бақылауына түспеуі де мүмкін. Алайда аудитор мұндай ақпараттың орын алғандығы туралы білуі мүмкін. 1-Қосымшада сипатталған алаяқтық тәуекелінің факторлары аудитордың алдында кездесетін жағдайлардың көптеген нұсқаулары қамтылған, олар тек мысал болып қана табылады және өзге де тәуекел факторлары болуы мүмкін.

A27. Ұйым меншігінің көлемі, күрделілігі мен сипаттамалары алаяқтық тәуекелінің факторларын қарастыруға әртүрлі әсер етеді. Мысалы, объект ірі болған жағдайда аудитор әдетте басшылықтың сәйкес емес түрдегі мінез-құлқы факторлары болуы мүмкін:

- Басқару өкілеттігіне ие тұлғалар тиімділігін.
- Ішкі аудиттің тиімділігін.
- Ресми мінез-құлқы кодексінің орын алуы мен орындалуы.

Оның үстіне, бизнес-сегмент деңгейіндегі алаяқтық тәуекелдігіне қатысты факторлар бүкіл кәсіпорынның деңгейіндегі орынды өзгеше ақпаратты ұсынуы мүмкін.

Шағын Ұйымдарға Арнайы Қарастырулар

A28. Кәсіпорын шағын болып табылатын жағдайда осы факторлардың кейбірі немесе барлығы тиімсіз немесе маңыздылығы төмен болуы мүмкін. Мысалы, шағын кәсіпорында мінез-құлқы кодексінің жазбаша нұсқасы болмауы да мүмкін, алайда ауызша нысандағы хабарлаулар мен басшылық көрсеткен үлгі арқылы адалдық пен әдептік мінез-құлқының маңыздылығын көрсететін мәдениет орнатылуы мүмкін. Бір адамнан құралатын басшылық шағын ұйымда әдетте басшылықтың ішкі бақылауға немесе қаржылық есептіліктің ұсынылу процесіне өздігінен әсер ете алмайтындығы дегенді білдірмейді. Кейбір кәсіпорындарда басшылықтың бекіту қажеттігі әлсіз бақылаулардың орнын толтырып қызметкерлердің алаяқтық жасау тәуекелін азайтады. Алайда жалғыз адамнан құралатын басшылық потенциалды әлсіз тарап болып табылуы мүмкін, себебі басшылық бақылауларды айналып өтуі мүмкін.

Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Тәуекелін Анықтау мен Оларға Баға Беру

Табыстарды Растаудағы Алаяқтықтың Тәуекелдері (Сілт: Тарм. 276)

A29. Бұрмаланған қаржылық есептіліктің ұсынылуымен туындалған елеулі түрдегі бұрмаланулар көбінесе табысты дер кезінде қуаттамау немесе жалған табыстарды көрсетудің немесе табыстарды азайтудың салдарынан.

Бұл, мысалы, кірістерді кейінгі кезеңге дұрыс емес ауыстыру арқылы түсімдерді азайтудан туындауы мүмкін.

- A30. Табыстарды растаудағы алаяқтық тәуекелдіктері әртүрлі ұйымдарда кез болуы мүмкін. Листинг кәсіпорындары жағдайында тиіссіз табастарды растау арқылы қысым немесе стимул көрсетілуі мүмкін, мысалы, жылдағы табыстар өседі немесе пайда ретінде өлшенеді. Осыған сәйкес, мәселен, қолма қолға сатулар арқылы табыстардың елеулі бөлігін құрып отыратын ұйымдар табыстарды растаудағы алаяқтық тәуекелдіктері зорлау болуы мүмкін.
- A31. Табыстарды растаудағы алаяқтық тәуекелдіктері бар болжамын айналып отыру мүмкін. Мысалы, аудитор, қарапайым табыстар әрекеті, мысалға, жекелеген жалдама мүліктен алынған лизинг табыстары болған жағдайы болып келетін табыстарды растаудағы алаяқтық тәуекелдіктері орын алуы деп санайды.

Алаяқтық пен кәсіпорынның байланысқан бақылауын түсіну себебімен елеулі бұрмалаулардың тәуекелін анықтау мен бағалау (Сілт: Тарм. 28)

- A32. Басқару өкілеттігіне ие тұлғалар орындалуына таңдап алынған бақылаулар сипаты, ауқымы, сонымен қатар қолға алуға арнап таңдалған тәуекелдіктерінің сипаты мен ауқымы туралы пікірін жасауы мүмкін.¹⁹ Алаяқтықты болдырмау мен анықтау кезінде ұйым басшылығы алаяқтықпен туындаған қаржылық есептілік елеулі түрде бұрмаланғанына қатысты тәуекелдіктерді қарыстырып шығуы тиіс. Бұл қарастыру бөлігі ретінде, басқару өкілеттігіне ие тұлғалар алаяқтықпен туындалған елеулі түрдегі тәуекелдерін азайтуға қатысты белгілі бір бақылауды енгізіп қолдау үнемді болмауын шешім қабылдауы мүмкін.
- A33. Оның үстіне, аудитор алаяқтықты болдырмау мен анықтау үшін басқарма әзірленіп қолдаған бақылаулары туралы білуі тиіс екендігі маңызды болып табылады. Аудитор сол арқылы білуі мүмкін, мысалы, басқарма саналы түрде жауапкершіліктер жинақтауы тапшылығымен қатысты тәуекелдіктер қабылдайды. Бұл білімнен алынған ақпарат қаржылық есептілік алаяқтықпен туындалған елеулі түрдегі бұрмаланулары бар болуы мүмкін аудитордың тәуекелдіктерге баға беруіне әсерін тигізуі мүмкін алаяқтық тәуекелі факторларын анықтауда пайдалы болуы мүмкін.

Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Жауап

Жалпы Көзқарастар (Сілт: Тарм. 29)

- A34. Алаяқтықтың салдарынан туындаған маңызды бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдерін жоюға жалпы жауаптарды анықтау, әдетте,

¹⁹ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), А55 тармақ

аудиттің жалпы деңгейі жоғары кәсіби скептицизмді қалай көрсететінін қарастыруды қамтиды, мысалы:

- Елеулі түрдегі әрекеттерді растау үшін өзін тексеру қажет болатын құжаттаманың сипаты мен ауқымын таңдап алу кезіндегі аса жоғары сезімталдық.
- Елеулі мәселелерге қатысты түсініктемелерді немесе ұсынымдарды басшылықтың аса жоғары дәрежедегі растау қажеттігі.

Өзгеше жоспарланған айрықша шаралардан бөлек жалпы көретулерді қамтиді; бұл көретулер 30 тармақта тізімделіп, төменде талқыланған мәселелерді қамтиды.

Қызметкерлерді Тағайындау мен Қадағалау (Сілт: Тарм. 30(а))

- A35. Аудитор құқық бұзушылықтарды тергеу сарапшылары мен ақпараттық технологиялар бойынша сарапшылардың ерекше дағдылары мен білімі бар қосымша тұлғаларды тағайындаумен немесе одан да тәжірибелі қызметкерлерді тағайындаумен туындалған елеулі бұрмаланулардың анықталған тәуекелдеріне әрекет етуі тиіс.
- A36. Қадағалаудың ауқымы аудитордың алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекелдеріне қатысты берген бағасын және жұмысты жүргізіп жатқан келісім бойынша топ мүшелерінің біліктілігін көрсетеді.

Аудиторлық Шараларды Таңдауда Болжамсыздық (Сілт: Тарм. 30(б))

- A37. Әдетте келісімдер бойынша орындалатын аудиторлық шараларды білетін ұйым шеңберіндегі тұлғаларда бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсынуды жасырып қалуға мүмкіндіктері көбірек болады. Осылайша, аудитор қажетті аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімі мен ауқымын таңдап алуға болжамсыздық элементін енгізуі тиіс. Осыған мысалы:
- Өздерінің елеулі болуы немесе тәуекелдігі себептерінен басқаша түрде тестіленген таңдалып алынған сальдо шоттар мен тұжырымдар жөніндегі әдістерін пайдалану.
 - Болжамдармен салыстырғандағы аудиторлық шаралардың мерзімдерін түзетпелеу.
 - Таңдап алу мен орындаудың түрлі әдістерін пайдалану.
 - Алдын ала ескертпей-ақ орналастырудың түрлі жерлерінде немесе орналастырудың түрлі жерлерінде аудиторлық шараларын орындау.

Растау Деңгейінде Алаяқтықпен Туындаған Маңызды Бұрмалаушылықтардың Тәуекелдеріне Жауап Беретін Аудиторлық Процедуралар (Сілт: Тарм. 31)

- A38. Тұжырымдар деңгейіндегі алаяқтықпен туындалған елеулі

бұрмаланулардың бағаланған тәуекеліне қатысты аудиторлық әдіске аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімі мен ауқымын келесі түрдегі өзгертулер жатуы мүмкін:

- Орындалатын аудиторлық шаралардың сипаты неғұрлым сенімді және орынды аудиторлық дәлелдерді алу үшін немесе қосымша растама ақпарат алу үшін өзгертілуі керек. Бұл орындалатын аудиторлық шаралардың түріне де, олардың үйлесіміне де әсер етуі мүмкін. Мысалға:
 - Белгілі түрдегі активтерді жеке қадағалау немесе инспекциялау аса маңызды болуы мүмкін немесе аудитор елеулі есептерде немесе электрондық әрекеттер файлдарында көрсетілген деректердің дәлелдемелерін жинақтауларды пайдалануды таңдауы мүмкін.
 - Аудитор қосымша растаушы ақпаратты алуға арналған шараларды әзірлеуі мүмкін. Мысалы, егер аудитор басшылықтың табыстар бойынша болжамдарға ие болу мақсатында қысым көріп отырғандығын, басшылықтың сатуларды өздерінде табысты растау ескерілмеген шарттар көрсетілген келісімдерге қол қою немесе шоттарды жеткізуге дейін ұсыну арқылы асырып көрсеткендігін анықтаса. Мұндай жағдайда аудитор мысалы, сыртқы растауларды берешектердің сомаларын растау үшін ғана емес, сондай-ақ қайтару датасын, құқығын және жеткізу мерзімін қоса алғанда келісімдердің шарттарын растау үшін де әзірлеуі мүмкін. Сонымен қатар, аудитор осы сыртқы растауларды ұйымның қаржылық емес қызметкерінен сату жөніндегі келісімдер мен жеткізу шарттарындағы өзгертулерге қатысты сауалнама алумен толықтыруды тиімді деп көруі мүмкін
- Шын мәніндегі шаралардың мерзімін түрлендіру қажет болуы мүмкін. Аудитор шын мәніндегі тестілеу кезеңнің соңына немесе сол күнге жақын уақытта жүргізу алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдеріне қатысты барынша тиімді болады деген қорытындыға келуі мүмкін. Аудитор қасақана бұрмалаулар немесе айлашарғылаудың осы тәуекелдері кезінде аудиторлық қорытындылардың күшін сақтау мерзімінің аралық датадан кезеңнің соңына дейін ұзартуға арналған аудиторлық шаралар тиімсіз болуы мүмкін деген қорытынды жасауы мүмкін. Және керісінше, қасақана бұрмалау, мысалы, табысты тиісті түрде қуаттамау себебінен болған бұрмалау аудиторлық кезеңде жасалуы мүмкін және аудитор бұдан бұрын аралық немесе бүкіл есептік кезең барысында туындаған әрекеттерге қатысты шын мәніндегі шараларды қолдануды таңдап алуы мүмкін.

- Қолданылған шаралардың ауқымы алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекелдерінің бағасын көрсетеді. Мысалы, іріктеп алудың ауқымын арттыру немесе одан да толық болып келетін аналитикалық шараларды орындау қажет болуы мүмкін. Сонымен қатар электрондық әрекеттер мен шоттар файлдарының одан да кең түрдегі тестілеуін жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер негізгі электрондық файлдардың арасынан әрекеттерді таңдап алуға, ерекше сипаттамаларға ие болатын әрекеттерді сұрыптауға немесе іріктеп алудың орнына бүкіл жиынтығын тестілеуге арнап қолданылуы мүмкін.
- A39. Егер аудитор қор санына әсерін тигізетін алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекелін анықтаса, қор жөніндегі есептік жазбаларды тексеру, өздеріне түгендеуді жүргізу барысында немесе содан кейін ерекше көңіл бөлу керек болатын орналасу немесе баптарды анықтау кезінде көмегін тигізуі мүмкін. Мұндай тексеру орналастырудың белгілі бір жерлерінде немесе алдын ала ескертпей-ақ түгендеуді бақылауға алу немесе орналастырудың барлық жерлерінде бір датаға қатысты түгендеуді жүргізу туралы шешімге әкелуі мүмкін.
- A40. Аудитор кейбір шоттар мен тұжырымдарға, соның ішінде активтің бағалануын, ерекше сипаттағы әрекеттермен (бизнес сегментін сатып алу, қайта құрылымдау немесе сату деген тәрізді) және өзге түрдегі елеулі есептелген міндеттемелермен (зейнетақылық және еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі өзге түрдегі сыйақылар немесе қоршаған ортаны қалпына келтіру туралы міндеттемелерге) байланысты болып келетін баға берулерді қоса алғанда кейбір шоттар мен тұжырымдарға әсерін тигізетін бұрмаланумен туындалған елеулі бұрмаланудың тәуекелін анықтауы мүмкін. Тәуекел қайталанған баға берулерге қатысты көретулерді елеулі түрдегі өзгерістермен байланысты. Ұйым мен оның ортасы туралы деректер алу кезінде жинақталған ақпарат аудиторға басшылықтың осындай баға берулерінің ақылға қонымдылығына баға беру мен ой-пікірлер мен қателерді қабылдау кезінде көмегін тигізуі мүмкін. Өткен кезеңдерде қолданылған басшылықтың соған ұқсас ой-пікірі мен қателердің ретроспективті шолуы да басшылықтың берген бағасын қуаттайтын ой-пікірлер мен қателердің ақылға қонымды екендігі туралы деректер беруі мүмкін.
- A41. Алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдеріне қатысты орын алуы мүмкін аудиторлық шаралардың мысалдары осы 2- Қосымшасында, оның болжамсыздық элементін егізіп, келтірілген. Қосымшаға бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсыну, табыстарды қуаттаудан туындайтын бұрмаланған қаржылық есептілік мен активтерді заңсыз пайдаланудан туындайтын елеулі бұрмаланулар тәуекелдеріне аудиторлық баға беруге қатысты тәсілдердің мысалдары енгізілген.

*Басшылықтың Бақылауды Елемеуімен Байланысты Тәуекелдерге Жауап Беретін
Аудиторлық Рәсімдер*

Журналдық жазбалар мен өзге түрдегі түзетпелер (Сілт: Тарм. 33(а))

- A42. Алаяқтықпен туындалған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмаланулары көбінесе қаржылық есептілікті ұсыну барысында жыл барысында немесе жыл соңында сәйкес емес немесе бекітілмеген журналдық жазбаларды ұсыну немесе қаржылық есептілікті көрсетіліген және ресми журналдық жазбаларда көрсетілмеген сомаларды түзетпелеу, мысалы, біріктіруші түзетпелер енгізу мен қайта жіктемелеу жолымен айлашарғылаудың себептерінен туындап жатады.
- A43. Автоматтандырылған үдерістер мен бақылаулар ойластырылмаған қате тәуекелін азайтуы мүмкін, бірақ жеке тұлғалар сондай автоматтандырылған үдерістерді тиісті емес түрде елемеуі мүмкін. Оның үстіне, журналдық жазбаларда көрсетілмеген бақылауларды түзетпелеуге аудитордың елеулі түрдегі бұрмаланулар тәуекелдіктерін қарастырып шығуы маңызды болып табылады, мысалы, басты кітапқа немесе қаржылық есептілік жүйесіне автоматты түрде енгізіліп келетін сомаларды өзгертулер арқылы. Осылайша, АТ ақпаратты автоматты түрде беру үшін қолданылса, ақпараттық жүйелерге сол сияқты араласудың көрінетін дәлелдеме аз немесе жоқ болуы мүмкін.
- A44. Тесттерге арнап журналдық жазбалар мен өзге түзетпелерді белгілеу, таңдап алу, сондай-ақ таңдалған баптар бойынша растауды тексерудің тиісті әдісін белгілеу мақсатымен аудитор төмендегілерді қарастырып шығуы тиіс:
- *Алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекеліне баға беру* – аудитордың алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекеліне баға беру кезінде алынған алаяқтық тәуекелі факторлары мен өзге түрдегі ақпараттың орын алуы аудиторға тестілеуге арнап журналдық жазбалар мен өзге де түзетпелердің ерекше топтарын белгілеуге көмегін тигізуі мүмкін.
 - *Журналдық жазбалар мен өзге де түзетпелерге қатысты енгізілген бақылаулар* – журналдық жазбалар мен өзге де түзетпелердің әзірленуі мен көрсетілуіне қатысты бақылаудың тиімді жүргізілуі аудитор бақылаулардың тиімді жүргізілуін тестілеген деген шартпен шын мәніндегі тесттердің ауқымын азайтуы мүмкін.
 - *Ұйымның қаржылық есептілігін ұсыну процесі мен алынуы мүмкін дәлелдемелердің сипаты* – көптеген ұйымдар үшін әрекеттерді әдеттегі өндеуден өткізу ісі қолмен орындалатын және автоматтық шаралардың үйлесімін ескеруі мүмкін.

- *Бұрмаланған журналдық жазбалардың немесе өзге де түзетпелердің сипаттамалары* – сәйкес келмейтін журналдық жазбалар немесе өзге түзетпелер көбінесе бірегей белгілеуші сипаттамаларға ие болады. Мұндай сипаттамаларға (а) байланыспаған, әдеттен тыс немесе сирек қолданылатын шоттар бойынша жазбалар, (ә) әдетте журналдық жазбаларды орындаумен айналыспайтын тұлғалар жасаған жазбалар, (б) кезеңнің соңында көрсетілген немесе өздерін түсіндіру немесе сипаттап беру мүмкін болмайтын жазбалар, (в) қаржылық есептілікті әзірлегенге дейін немесе соны барысында жүзеге асырылған жазбалар енуі мүмкін.
- *Шоттардың сипаты мен күрделілігі* – сәйкес келмейтін журналдық жазбалар немесе түзетпелер өздерінде (а) күрделі немесе сипаты бойынша әдеттен тыс болып келетін әрекеттері бар, (ә) кезеңнің соңына қатысты елеулі баға берулер мен түзетпелері бар, (б) бұрында бұрмалануларға түскен, (в) дер кезінде салыстырылмаған немесе салыстырылмаған айырмалары бар, (г) фирма ішіндегі әрекеттері бар, (ғ) алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланудың анықталған тәуекелімен өзгеше түрде байланысқан шоттарға қатысты қолданылуы мүмкін. Бөлімшелері әртүрлі жерлерде орналасқан немесе бірнеше сегменті бар ұйымдардың аудиті кезінде осы бөлімшелерден немесе құраушылардан журналдық жазбаларды тандап алу қажеттігін қарастыру қажет.
- *Әдеттегі іс-әрекеттен тыс жүргізілген журналдық жазбалар немесе өзге де түзетпелер* – стандарттан тыс журналдық жазбалар, мысалы, ай сайынғы сатулар, сатып алу және қолма-қол ақша төлеу тәрізді қайталанып тұратын журналдық жазбалармен салыстырғанда ішкі бақылаумен қамтылмауы да мүмкін.

A45. Аудитор журналдық жазбалар мен өзге де түзетпелерді тесттердің сипатын, мерзімі мен ауқымын белгілеу кезінде кәсіби ой-пікірді қолдануы тиіс. Бұрмаланған журналдық жазбалар мен өзге түзетпелер көбінесе есептік кезеңнің соңында жүргізілетін болғандықтан, аудитор 33(а)(ii) тармаққа сәйкес әдетте, сол кезеңде жүргізілген журналдық жазбалар мен өзге де түзетпелерді тандап алады. Алайда алаяқтықпен туындалған қаржылық есептіліктің елеулі түрдегі бұрмаланулары бүкіл кезең бойы туындауы мүмкін болғандықтан және алаяқтықты жасырып қалуға арналған елеулі әрекеттер жасалуы мүмкін болатындықтан, аудитор 33(а)(iii) тармаққа сәйкес журналдық жазбалар мен өзге де түзетпелерді тестілеудің қажеттігін қарастырып шығуы тиіс.

Бухгалтерлік Баға Берулер (Сілт: Тарм. 33(ә))

A46. Қаржылық есептілікті әзірлеуде ұйым басшылығы елеулі бухгалтерлік бағалауға әсер ететін ой-пікірлер немесе қателер үшін, және осындай бағалаудың орындылуына қатысты тұрақты мониторинг орындау үшін

жауапкершілікте болады. Есеп берудің кезеңдерінің екі немесе одан да көбі бойынша табыстарды түзетуге немесе кәсіпорынның шаруашылығы мен пайдалылығына қатысты қолданушылардың пайымдауына ықпал ету арқылы қаржылық есептілікті қолданушыларды алдау үшін белгіленген табыстардың деңгейіне жету үшін соны, мысалы, ұқсас жолдармен жеткізуге болады.

- A47. Былтырғы жылдың қаржылық есептілігінде көрсетілген елеулі бухгалтерлік баға берулерімен байланысты болып келетін аудитордың кәсіптік ой-пікірі мен алалаушылықтардың ретроспективтік шолуын жасауы тиіс. Бұл ретроспективті шолудың мақсаты кейбір басшылық мүшелерінің мүмкін болар алалаушылығын көрсететін белгілерді анықтауға негізделген және аудиторлардың былтырғы жылдың сол кезде қол жеткілікті болған ақпаратқа негізделген кәсіби ой-пікіріне күмән келтірмейді.
- A48. 540 ХАС²⁰ ретроспективті шолуды белгіледі. Мұндай шолу өткен кезеңгі баға беру үдерісі тиімділігіне қатысты ақпаратты алу үшін тәуекелдікке баға беру шаралары, табыстар бойынша аудиторлық дәлелдеме, немесе, қажет болғанда, ағымдағы кезеңгі бухгалтерлік баға беруге қатысты өткен есептік баға берулерге кейінгі қайта баға беру, және баға беру болжамсыздығы сияқты қаржылық есептілікте ашылуы тиіс мәселелерге қатысы бар аудиторлық дәлелдеме ретінде жүргізілуі мүмкін. Тәжірибесі бар аудитор бұл ХАС сәйкес басшылықтың ой-пікірлері мен алаяқтықпен туындайтын елеулі түрдегі бұрмаланулар тәуекелін көрсетуі мүмкін жалған сенімдер бойынша көретулеріне шолуға баға беруді 540 ХАС-пен талап етілетін шолумен бірге орындалуы мүмкін.

Елеулі Әрекеттерді Бизнес Негіздемелеу (Сілт: Тар. 33(б))

- A49. Ұйымның әдеттегі іс-әрекетінен тыс жатқан елеулі әрекеттерді, немесе басқаша қарағанда әдеттен тыс болып келетін әрекеттерді бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсыну немесе активтерді заңсыз пайдалануды көрсету үшін әрекеттерді орындау мүмкіндігі ескерілген бе соны қарастыру:
- Мұндай әрекеттің түрі тым күрделі болып табыла ма (мысалы, біріктірілген топтың немесе байланыспаған үшінші жақтардың шеңберінде бірнеше ұйымдардың қатысуымен орындалатын әрекеттер).
 - Басшылық мұндай әрекеттердің сипаты мен есебін ұйымның басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен талқыланды ма және мұндай талқылау тиісті түрде ресімделген бе.

²⁰ ХАС 540, Әділ Құнның Бухгалтерлік Бағалауын Қоса, Бухгалтерлік Бағалаудың Аудиті Және Ілеспелі Ақпаратты Ашып Көрсету, 9 тармақ

- Басшылық әрекеттің есебіне мұндай әрекетті экономикалық негіздемеуге қарағанда көбірек көңіл бөле ме.
- Ерекше арналымдағы ұйымдарді қоса алғанда, біріктірілмеген байланысқан тараптардың қатысуымен жүргізілген әрекеттерді ұйымның басқару өкілеттігіне ие тұлғалары тиісті түрде тексеріп және бекіткен бе.
- Әрекетте бұрын анықталған байланысқан тараптар немесе өздерінде мұндай әрекеттерді аудиттен өтіп жатқан ұйым тарапынан көмексіз жүргізетіндей қаржылық ресурстары жоқ тараптар қатысқан ба.

Аудит Дәлелдемелеріне Баға Беру (Сілт: Тарм. 35-38)

A50. 330 ХАС-қа сәйкес аудитор, жүргізілген аудиторлық шаралар мен алынған аудиторлық дәлелдемелерге сүйене отырып, тұжырымдар деңгейіндегі елеулі бұрмаланулардың тәуекеліне берілген бағаның сәкестігін бағалауы тиіс.²¹ Бұл бағалау негізінде аудиторлық пікірінше сандық сипатқа ие болып келеді. Мұндай баға беру алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекелі туралы және қосымша немесе өзге түрдегі аудиторлық шараларды орындаудың қажеттігі туралы қосымша ақпаратты беруі мүмкін. 3-қосымша алаяқтық көрсетілуі мүмкін жағдайларға қатысты мысалдар бар.

Жалпы Қорытынды Жасау Кезінде Аудит Аяқталғанға Дейін Орындалатын Талдамалық Рәсімдер (Сілт: Тарм. 35)

A51. Қандай беталыстар мен қатынастардың алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекелін көрсетуі мүмкін екендігі туралы анықтамада кәсіби ой-пікірді қолдану ескерілген. Жылдың соңына қатысты табыстар мен пайданың әдеттен тыс өзара байланыстары әсіресе маңызды болып табылады. Оларға мысалы есептік кезеңнің соңғы бірнеше аптасына қатысты көрсетілген әдеттен тыс мөлшерде ірі болып келетін табыс сомалары немесе әдеттен тыс әрекеттер; немесе әрекеттерден түскен ақша ағымдарымен сәйкес келмейтін пайда кіруі мүмкін.

Анықталған Бұрмалануларды Қарастыруы (Сілт: Тарм. 36-38)

- A52. Әрекетті негіздемеу немесе осындай жасау мүмкіндігі, алаяқтық туған кезі жекелеген оқиға болмауы мүмкін. Алаяқтық бұрмалануға қысым жасау немесе стимул көрсетуі мүмкін бе, соны қарастыруы тиіс.
- A53. Анықталған бұрмаланулар салдары жағдайларға тәуелді болады. Мысала, жоғарғы буындағы басшылықтың қатысуымен жасалған алаяқтықтың орын алуын көрсетуі мүмкін бе, басқаша түрдегі елеулі болып келетін

²¹ ХАС 330, 25 тармақ

алаяқтық елеулі болуы мүмкін. Аудитор сонымен қатар бұрында алынған дәлелдемелердің сенімділігін де қайта қарастырып шығуы тиіс, себебі жасалған ұсынымдардың толықтығы мен шүбәсіздігі, есептік жазбалар мен құжаттаманың түпнұсқалығына қатысты күмәнданулар туындауы мүмкін. Қайта қарастыру кезінде қызметкерлердің, басшылықтың немесе үшінші жақтардың қатысуымен сөз байламның орын алу мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

- A54. 450 ХАС²² және 700 ХАС²³ (Қайта қарастырылған) бұрмаланулар және аудиторлық есеп беруге тигізетін әсеріне баға беру мен олардың біркелкі болуға баға беру бойынша нұсқаулықты ұсынады.

Аудитордың Келісім бойынша Жұмысын Жалғастыра Алмауы (Сілт: Тарм.39)

- A55. Аудитордың аудитті жүргізу қабілетіне күмән келтіретін айрықша жағдайларға кез болса, аудитор төмендегі әрекеттерді орындауы тиіс:

- Ұйым аудитор тіпті алаяқтық қаржылық есептілікке қатысты елеусіз болып табылғанның өзінде, осы жағдайларда өздерін орындау қажет деп санаған алаяқтыққа қатысты тиісті әрекеттерді қабылдаса;
- Аудитордың алаяқтықпен туындаған елеулі бұрмалануларды қарастыруы мен аудиторлық тестілердің нәтижелері елеулі алаяқтықтың елеулі тәуекелдігі көрсетілген болса; немесе
- Аудитордың басшылықтың немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың біліктілігі мен адалдығына қатысты елеулі түрдегі күмәнданулары болса.

- A56. Туындап жатуы мүмкін жағдайлардың сан-алуандығының себептерінен қызмет көрсетуді қашан тоқтату керектігін анық сипаттау мүмкін болмайды. Аудитордың тұжырымына әсерін тигізетін факторларға басшылықтың немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалар мүшелерінің қатысу зардаптары (бұлар басшылықтың ұсынымдарының сенімділігіне әсерін тигізуі мүмкін) және аудиторға оның ұйыммен бірге үнемі түрде әсер етеді.

- A57. Мұндай жағдайда аудитордың кәсіби және заңдық жауапкершілігі туындайды және бұл жауапкершілік елге байланысты өзгеріп отырады. Кей елдерде, мысалы, аудитор аудиторды тағайындаған тұлғаға немесе тұлғаларға, немесе кейбір жағдайда реттеуші орынның алдында есеп беру немесе өтініш ұсынуға құққа ие болу немесе соны ұсынуға міндетті

²² ХАС 450, *Аудит Барысында Анықталған Бұрмалаушылықтарды Бағалау*

²³ ХАС 700 (Қайта қарастырылған), *Пікір Қалыптастыру Және Қаржылық Есептілік Туралы Есеп беру*

болуы мүмкін. Жағдайлардың айрықша сипаты мен заңдық талаптарды қарастыру қажеттігін ескерумен аудитор қызмет көрсетуді тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде және акционерлерге, реттеуші және құқық қорғау органдары мен өзге тұлғаларға есеп беруді ұсыну ықтималдығын қоса алғанда, тиісті әрекеттерді белгілеу кезінде заңдық кеңес алуы тиіс.²⁴

Қоғамдық Сектор Ұйымдарына Арнайы Қарастырулар

А58. Көптеген жағдайларда мемлекет секторында қызмет көрсетуді тоқтату мүмкіндігі жауапкершіліктің сипатына немесе мемлекет мүддесінің мәселелері сипатының себептеріне байланыс тиімсіз болуы мүмкін.

Жазбаша Ұсынымдар (Сілт: Тарм. 40)

А59. 580 ХАС²⁵ Басшылықтың ұсынымдары аудит кезінде басшылықтан тиісті ұсынымдарды алу жөнінде нұсқаулықты ұсынады. Аса маңыздысы, басшылық ұйымның көлеміне байланыссыз өзінің қаржылық есептілікке қатысты жауапкершілігін растау ретінде алаяқтықтың алдын-алу мен анықтауға арнап әзірленіп, енгізілген ішкі бақылауға қатысты өз жауапкершілігін растауы тиіс.

А60. Аудитор алаяқтықпен туындалған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануларын анықтау кезінде оның алдында кездесетін алаяқтықтың сипаты мен қиындықтардың себебіне байланысты аудитордың басшылықтан соңғысының аудиторға нәтижесін ашқандығын қуаттайтын жазбаша ұсынымдар туралы білім алғаны маңызды:

- (a) Алаяқтықпен туындалған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмаланулар тәуекеліне баға берудің нәтижесі; және
- (b) Кәсіпорынға әсер ететін күдікті немесе жарияланған алаяқтықтарды білу.

²⁴ БХӘСК Кодексі бар аудиторды алмастыратын аудитормен байланыс туралы нұсқаулық береді.

²⁵ ХАС 580, *Жазбаша Ұсынымдар*

Басшылықпен және Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас (Сілт: Тарм. 41–43)

А61. Кейбір заңнамаларда заң немесе ережелер нормативтік актілер кейбір мәселелер бойынша аудитордың басшылықпен және өкілеттік берілген адамдармен байланысын шектеуі мүмкін. Заң немесе ережелер тиісті органның нақты немесе күдікті, заңсыз әрекетке қатысты тергеуге нұқсан келтіретін, мысалы, аудитордан алаяқтық туралы хабарлауды талап еткен кезде хабарлауға немесе басқа әрекетке нақты тыйым салуы мүмкін. Заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы заңнамаға сәйкес тиісті орган. Мұндай жағдайда аудитор қарастыратын мәселелер күрделі болуы мүмкін және аудитор заңгерлік кеңес алуды орынды деп санайды.

Басшылықпен Қарым-қатынас (Сілт: Тарм. 41)

А62. Аудитор алаяқтықтың орын алуы немесе мүмкін болар орын алуы туралы дәлелдемелерді алған кезде, тіпті ол мәселе елеусіз деп танылғанның өзінде (мысалы, ұйымдық құрылымның төменгі деңгейіне жататын қызметкердің елеусіз мөлшердегі ысырабы), бұл жөнінде басшылықтың мүмкіндігінше тиісті деңгейін хабардар еткен аса маңызды болады. Басшылықтың қай деңгейін хабардар ету керектігін анықтау кәсіби ой-пікір мәселесі болып табылады және сөз байламның ықтималдығы, күдікті алаяқтықтың сипаты мен көлемі тәрізді факторларға байланысты болады. Әдетте басшылықтың тиісті деңгейі ретінде алаяқтықтың жасалғандығына күдікті болып табылатын тұлғаның деңгейінен бір деңгей жоғары тұрған басшылық есептеледі.

Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас (Сілт: Тарм. 42)

А63. Аудитордың басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды ауызша немесе жазбаша түрде хабардар етуі мүмкін. 260 ХАС (Қайта қарастырылған) бойынша аудитке қатысты мәселелер туралы басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды хабардар ету аудитор жазбаша немесе ауызша түрде қарастыруға тиіс болатын факторларды белгілейді.²⁶ Аға басшылықтың қатысуымен жасалған алаяқтықтың немесе қаржылық есептілікте елеулі түрдегі бұрмалануларды тудыратын алаяқтықтың сипатының және сезілу себебіне орай аудитор мұндай мәселелер жөнінде мүмкіндігінше есеп беріп, есеп беруді жазбаша түрде ұсынудың қажеттігін қарастырып шығуы тиіс.

А64. Кейбір жағдайларда, аудиттің бастапқы кезеңінде аудитор басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен өзінің аудит барысында білген және елеулі бұрмалануларды тудырмайтын, басшылықтан басқа қызметкерлердің қатысуымен жасалған алаяқтық туралы хабардар етудің сипаты мен мерзімдеріне қатысты өзара түсіністікке қол жеткізуі тиіс. Егер аудитор басшылық қатысқан алаяқтыққа күдіктенсе, аудитор бұл күдіктер туралы

²⁶ ХАС 260 (Қайта қарастырылған), А38 тармақ

басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды хабардар етілкісі келеді. Аудиттің бастапқы кезеңінде аудитор басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен сол туралы хабардар етудің сипаты мен мерзімдеріне қатысты өзара түсіністікке қол жеткізуі тиіс деген хабардар ету үджерісі көмек көрсетіледі.

А65. Айрықша жағдайларда, егер басшылықтың немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың адалдығы күмән тудырса, аудитор өзінің бұдан арғы әрекеттерін белгілеу үшін заңдық кеңес алуы тиіс.

Алаяқтыққа Қатысты Басқа Мәселелер (Сілт: Тарм. 43)

А66. Басқару өкілеттігіне ие тұлғаларымен талқылау қажет болатын алаяқтықпен байланысты өзге бұл мәселелерге төмендегілер жатуы мүмкін:

- Алаяқтықтың алдын-алу мен анықтауға арналған қолданыстағы бақылаулардың, сондай-ақ қаржылық есептіліктің елеулі бұрмаланулар тәуекелінің сипаты, ауқымы және басшылықтың оларға баға беруінің жиілігі туралы мәселелер.
- Басшылықтың ішкі бақылаудың анықталған елеулі әлсіз жақтарына тиісті түрде әрекет етуге қабілетсіздігі.
- Аудитордың басшылықтың біліктілігі мен адалдығына қатысты мәселелерді қоса алғанда, ұйымның бақылау ортасына баға беруі.
- Басшылық жасаған әрекеттер бұрмаланған қаржылық есептіліктің ұсынылғандығын, мысалы, басшылықтың жалған есептік саясатын таңдап алу мен қолдануын көрсетуі мүмкін, бұл басшылықтың қаржылық есептіліктің пайдаланушыларын олардың ұйымның табыстылығы туралы біліміне әсер ету арқылы жаңылыстыру үшін табыстарды айлашарғылау әрекеттерін көрсетуі мүмкін.
- Ұйымның әдеттегі іс-әрекетінен тыс жатқан әрекеттердің бекітілуінің баламалығы мен толықтығы мәселелері.

Алаяқтық туралы Ұйымнан Тыс Тиісті Құзырлы Органға Хабарлау
(Сілт: Тарм.44)

А67. ХАС 250 (Қайта қарастырылған)²⁷ аудитордың есептіліктің ұйымның шегінен тыс жерде тиісті органға сәйкестендірілген немесе заңнамаға сәйкес келмейтіндігі туралы анықталғанына, аудитордың міндетін ескеруді қоса, талап етілетініне немесе сәйкес еместігі туралы анықтамалық нұсқаулық береді. құпиялылық.

²⁷ ХАС 250 (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Аудитіндегі Заңдар Мен Нормативтік Актілерді Қарастыру*, А28-А34 тармақтары



- А68. 44 тармақта талап етілетін анықтауға күрделі ойлар мен кәсіби пікірлер кіруі мүмкін. Тиісінше, аудитор ішкі (мысалы, фирманың немесе желілік фирманың ішінде) немесе реттеушімен немесе кәсіби органмен құпия негізде консультациялар жүргізуді қарастыруы мүмкін (заңмен немесе ережелермен тыйым салынбаған немесе құпиялылық міндетін бұзған жағдайларды қоспағанда). Аудитор сонымен қатар, аудитордың нұсқаларын және кез-келген нақты іс-әрекеттің кәсіби немесе заңды салдарын түсіну үшін заңгерлік кеңес алуды қарастыруы мүмкін.

Қоғамдық Сектордағы Ұйымдарды Арнайы Қарастырулар

- А69. Мемлекеттік секторда аудиторлық тексеру барысында анықталған немесе анықталмаған алаяқтық туралы хабарлауға қойылатын талаптар аудиторлық мандаттың немесе тиісті заңның, реттеудің немесе басқа органның нақты ережелеріне бағынуы мүмкін.

1-қосымша

(Сілт: Тарм. А26)

Алаяқтық Тәуекелі Факторларының Мысалдары

Осы Қосымшада тізімделген алаяқтық тәуекелдерінің факторлары өздеріне аудитор әртүрлі жағдайларда кез болуы мүмкін факторлардың мысалдары болып табылады. Аудитордың тәжірибесінде кездестіретін екі түрдегі алаяқтыққа қатысты болып келетін мысалдар жеке түрде көрсетілген, атап айтқанда, бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсыну және активтерді заңсыз пайдалану. Алаяқтықтың осы екі түрінің әрқайсысы бойынша тәуекелдік факторлары әдетте алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалану пайда болған кезде орын алатын үш шарттың негізінде жіктеленеді: (а) ынталандыру/қысым көрсету, (ә) мүмкіндіктер, (б) қатынасы/оңтайландыру. Тәуекел факторлары әртүрлі жағдайларға қатысты болғанымен, олар тек мысал ғана болып табылады және соған сәйкес аудитор тәуекелдің қосымша немесе өзге факторларын белгілей алады. Бұл мысалдардың барлығы бірдей барлық жағдайда қолдануға лайықты бола бермейді, кейбіреуінің елеулігі ұйымдардың көлемі мен меншіктің немесе жағдайлардың түрлі сипаттамаларына байланысты болады. Тәуекел факторларының мысалдарын келтірудің тәртібі олардың маңыздылығын немесе туындау жиілігін көрсетпейді.

Бұрмаланған Қаржылық Есептілікті Ұсыну Кезінде Туындайтын Бұрмалануларға Жататын Тәуекел Факторлары

Төменде бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсыну кезінде туындайтын бұрмалануларға жататын тәуекел факторларының мысалдары келтірілген.

Ынталандыру/Қысым көрсету

Қаржылық тұрақтылыққа немесе табыстылыққа экономикалық, салалық немесе өндірістік төменде келтірілген (немесе білдірілген) жағдайлар әсерін тигізеді:

- Табыстың азаюымен сүйемелденетін бәсекелестік пен нарықтың толыққандығының жоғары деңгейі.
- Жиі түрдегі өзгерістерге түсуі, мысалы, технологиядағы өзгерістер, өнімнің ескіруі, пайыздық ставкалар.
- Не салада, не тұтастай экономика бойынша сұраныстың азаюы және банкроттықтардың көбеюі.
- Банкроттық, сатып алу құқығынан айырылу немесе қастық жұтылу қауіпін тудыратын өндірістік залалдар.
- Табыстың артуы туралы бір мезгілде жариялаумен әрекеттік іс-әрекеттен туындалатын ақша ағынының тұрақты теріс ағыны.

- Дәл сол саланың басқа компанияларымен салыстырғандағы жылдам өсім немесе әдеттен тыс табыстылық.
- Жаңа бухгалтерлік, заңнамалық немесе реттеуші талаптар.

Үшінші жақтың талаптарын орындау үшін басшылыққа төмендегі себептермен қатты қысым жасалады:

- Табыстылықты немесе инвестициялық аналитиктердің үрдістері, институттық инвесторлардың, елеулі несиегерлердің және өзге сыртқы тараптардың, соның ішінде мысалы, басшылықтың тым оңтайлы пресс-релиздерінің немесе жыл сайынғы есептіліктері арқылы қалыптастырған күтулерін (көбінесе ақиқатқа сәйкес келмейтін немесе агрессивтік болып табылатын күтулерді) қоса алғандағы күтуі.
- Бәсекелестік қабілетін сақтап қалу үшін қосымша қарыздық немесе капиталдық қаржыландыруды алудың, соның ішінде негізгі ғылыми-зерттеу немесе капиталдық шығындарды қаржыландыруды қоса алғандағы қажеттігі.
- Биржаның листингілік талаптарына, қарызды өтеу немесе қарыздық келісімдердің өзге шарттарына сәйкес келудің шектеулі қабілеті.
- Жабылмаған әрекеттер бойынша қанағаттандырылғысыз қаржылық нәтижелерді ұсынудың болжамдалатын немесе іс-жүзіндегі жағымсыз әсері, мысалы, бизнестің бірігуі немесе келісімшартты сыйақылар.

Қол жеткілікті ақпарат басшылықтың немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың қаржылық жағдайына келесі себептер бойынша ұйымның қаржылық нәтижелері қауіп тудыруы мүмкін екендігін көрсетеді:

- Ұйымға қатысты елеулі қаржылық қызығушылық.
- Олардың сыйақысының едәуір бөлігі (мысалы, бонустар, акцияларға қатысты опциондар және нәтижелер бойынша төлемдер) акциялардың бағасы бойынша агрессивтік мақсаттарға қол жеткізуіге, өндірістік нәтижелерге, қаржылық жағдайға немесе ақшалай ағындарға байланысты болып келеді.¹
- Ұйымның қарыздарына қатысты жеке кепілдіктер.

Өкілетті тұлғалар анықтаған қаржылық мақсаттарға, сонымен қоса сатуларға немесе пайдалылыққа қатысты стимул мақсаттарына көз жеткізу үшін ұйым басшылығына немесе операциялық қызметкерлерге тым қысым көрсетіледі.

¹ Басшылықтың ынталандыру жоспарлары, тіпті қатысты бухгалтерлік есептер мен қызметтер жалпы алғанда кәсіпорынға маңызды болмаса да, тек кәсіпорынның нақты бухгалтерлік есептеріне немесе таңдалған қызметтеріне қатысты мақсаттарға жетудің қажеттілігі пайда болуы мүмкін.

Мүмкіндіктер

Кәсіпорын саласы немесе өнідірісінің сипаты төмендегі себептермен бұрмаланған қаржылық ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді:

- Әдеттегі іс-әрекеттен тыс жататын байланысқан тараптармен немесе аудиттелмеген немесе өзге фирмамен бірге аудитті орындауға байланысты ұйымдармен елеулі әрекеттер.
- Күшті қаржылық жағдайы немесе саланың белгілі бір секторында басымдылыққа ие болу қабілеті, бұл ұйымға жеткізушілерге немесе тапсырыс берушілерге сәйкес келмейтін немесе делдалдардың қатысуымен шарттарды орындауға мәжбүрлеуге мүмкіндік береді.
- Субъективтік ой-пікірлерді немесе өздерін қуаттап беру қиынға түсетін белгісіздіктерді қолданумен елеулі баға берулерге негізделетін активтер, міндеттемелер, табыстар немесе шығындар.
- Елеулі, әдеттен тыс немесе күрделі әрекеттер, әсіресе кезеңнің соңына қарсы жүргізілген, «мазмұнының нысаннан асу» мәселелерін қозғайтын әрекеттер.
- Өздерінде түрлі бизнес орта мен мәдениет орын алатын юрисдикциялардағы шектесіп жатқан аймақтарда орналасатын немесе жүзеге асырылатын елеулі өндірістік қуаттылықтар.
- Іскерлік делдалдарды негізсіз пайдалану.
- Елеулі банкілік шоттар немесе өздері бойынша анық негіздеме жоқ салықтық аймақтардағы филиалдар мен еншілес компаниялар.

Басшылықтың келесі себептермен мониторингті тиімсіз түрде жүргізуі:

- Орнын толтырушы бақылауы жоқ бір адамнан немесе Шағын топтан құралған басшылық (ұйымның иеленушісі басқармайтын ұйымдарда).
- Басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың қаржылық есептілікті ұсыну процесі мен ішкі бақылауды тиімсіз қадағалауы.

Басшылықтың келесі себептермен мониторингті тиімсіз түрде жүргізуі:

- Орнын толтырушы бақылауы жоқ бір адамнан немесе Шағын топтан құралған басшылық (ұйымның иеленушісі басқармайтын ұйымдарда).
- Әдеттен тыс ұйымдардың немесе әдеттен басқару функцияларының қатысуымен тым күрделі ұйымдық құрылым.
- Жоғары буындағы басшылықтың, заңгер кеңесшілерінің немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың тұрақтамауы.

Ішкі бақылаудың құраушылары келесі себептермен жеткіліксіз болады:

- Автоматтық бақылауларды және аралық қаржылық есептілікті ұсынуға (сыртқы пайдаланушылар үшін есептілік қажет болғанда) қатысты бақылауларды қоса алғанда, бақылаулардың сәйкес келмейтін мониторингісі.
- Үлкен дәрежедегі жылыстау немесе бухгалтерияға тиімсіз қызметкерлерді жалдау, ішкі аудит немесе ішкі технологиялар бөлімшесі.
- Нәтижесіз бухгалтерлік есеп және ақпараттық жүйелер, сонымен бірге ішкі бақылаудың елеулі әлсіздіктерімен бірге жүретін жағдайлар.

Қатынасы/Оңтайландыру

- Басшылықтың ұйымның әдептану құндылықтарын немесе стандарттарын тиімсіз хабардар ету, енгізу немесе нығайту немесе сәйкес келмейтін әдептану құндылықтары немесе стандарттар туралы хабардар ету.
- Қаржылық емес басшылықтың есептік саясатты таңдау мен елеулі бағалауларды белгілеуге шектен тыс артық мөлшерде қатысуы/абайсыздығы.
- Құнды қағаздар бойынша заңдарды немесе өзге де заңнамалық және нормативтік актілерді бұзудың, алаяқтық немесе заңнамалық және нормативтік актілердің бұзылғаны туралы көрсетумен ұйымға қарсы, оның жоғары басшылығы немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға қарсы ізденулердің тарихы.
- Басшылықтың акцияларға қатысты бағаларды немесе табыстардың белгілі бір деңгейін ұстап тұру немесе арттыруға шектен тыс қызығушылық білдіруі.
- Басшылықтың агрессивтік немесе мүмкін болмайтын болжамдарға қол жеткізу үшін аналитиктерді, несиелерлерді және өзге де үшінші жақты қатыстыру тәжірибесі.
- Басшылықтың ішкі бақылаудағы белгілі елеулі бұрмалануларды дер кезінде түзетуге деген қабілетсіздігі.
- Басшылықтың салықтық мақсатпен табысты азайту мақсатымен сәйкес емес әдістерді қолдануға мүдделі болуы.
- Жоғары басшылықтың тұрақсыз моральдік рухы.
- Басқарушы-иегер жеке және іскерлік әрекеттердің арасын бөлмейді.
- Акционерлердің және меншіктің жабық құрылымы ұйымдарінің арасындағы даулар.
- Елеулік негізінде мөлшерлі немесе тиіссіз есептілікті дәлелдеу үшін ұйым басшылығының күштерін қайталау.

- Басшылық пен ағымдағы немесе бұрынғы аудитордың арасындағы шиеленіскен қатынастар, мысалы:
 - Ағымдағы немесе бұрынғы аудитормен бухгалтерлік есеп, аудит немесе есептілік мәселелері бойынша жиі дауласулар.
 - Аудиторға қатысты қойылатын талаптар мысалы, аудитті аяқтау немесе аудиторлық есеп беруді шығаруға қатысты негізсіз уақыттық шектеулер.
 - Аудитордың тұлғаларына немесе ақпаратқа қол жеткізуін немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды тиімді хабардар ету қабілетін шектейтін, аудиторға қатысты ресми немесе бейресми шектеулер.
 - Басшылықтың аудиторлармен мәселелерді шешу кезіндегі басымдылық мінез-құлқы, әсіресе аудиторлық жұмыстың ауқымына немесе аудиттің келісімі бойынша тағайындалған немесе кеңес беретін қызметкерді таңдап алу немесе қайта тағайындау.

Активтерді Заңсыз Пайдалану Себебінен Туындайтын Бұрмаланулардың Себебінен Пайда Болатын Тәуекел Факторлары

Активтерді заңсыз пайдалану себебінен туындайтын бұрмалануларға қатысты болып келетін тәуекел факторлары да әдетте алаяқтық туындаған кезде орын алатын үш шарт бойынша жіктеленеді: стимулдар/қысым жасау, мүмкіндік, мінез-құлқы/оңтайландыру. Бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсыну кезінде туындаған бұрмалауларға қатысты болып келетін кейбір тәуекелдіктерге қатысты факторлар активтерді заңсыз пайдалану себебімен туындаған бұрмалауда орын алуы мүмкін. Мысалы, басшылық жүргізетін тиімсіз мониторинг, және ішкі бақылаудың әлсіз жақтары не бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсыну себебінен, не активтерді заңсыз пайдалану себебінен туындайтын бұрмаланулар орын алған кезде де орын алуы мүмкін. Төменіректе активтерді заңсыз пайдалану себебінен туындайтын бұрмалануларға қатысты тәуекел факторларының мысалдары келтірілген.

Инталандыру/Қысым

Жеке қаржылық міндеттемелер басшылыққа немесе қызметкерлерге активтерді заңсыз пайдалану мақсатымен тоналуға ақшалай қаражаттарға ұрланған немесе өзге түрдегі активтерге қол жеткізумен қысым көрсетуі мүмкін.

Кәсіпорын мен ұрлауға сезгіш ақшалай қаражатқа немесе басқа активтерге рұқсат берілген қызметкерлердің арасындағы теріс қатынастар бұл қызметкерлерді осы активтерді ұрлауға уәждеуі мүмкін. Мысалы, қолайсыз қатынастар төмендегілермен туындауы мүмкін:

- Қызметкерлердің белгілі немесе күтіліп отырған қысқаруы.
- Қызметкерлерге өтемақы немесе сыйақы беру жоспарларында соңғы немесе күтіліп отырған өзгерістер.

- Күткенге сәйкес келмейтін марапаттау, өтемақылау немесе басқа түрдегі сыйақылау.

Мүмкіндіктер

Белгілі түрдегі сипаттамалар немесе жағдайлар активтердің заңсыз пайдалануға ұрынған арттыруы мүмкін. Мысалы, активтерді заңсыз пайдалану мүмкіндігі төмендегі жағдайларда арта бастайды:

- Кассасындағы ақшалай қаражаттардың ірі сомаларының немесе қолда бар ақша қаражатымен амалдардың бар болуы.
- Қорлардағы материалдық құндылықтар өлшемі бойынша Шағын болып келеді, құны жоғары немесе жоғары сұранысқа ие.
- Жеңіл айырбасталатын активтер, мысалы, ұсынушыға арналған облигациялар, алмастар немесе компьютерлік чиптер.
- Көлемі Шағын, оңай өткерілетін немесе меншіктілігі анық сәйкестендірілмеген ұзақ мерзімдік активтердің бар болуы.

Активтерге қатысты сәйкес келмейтін ішкі бақылау сол активтерді заңсыз пайдалануға ұрынуын арттыруы мүмкін. Мысалы, активтерді заңсыз пайдалану келесі себептермен туындауы мүмкін:

- Міндеттемелердің сәйкес келмейтін түрде үлестірілуі немесе тәуелсіз тексерулер.
- Жоғары басшылықтың іссапарларға және басқа да шығындар сияқты шығыстарына жеткіліксіз бақылау.
- Басшылықтың активтерге қатысты жауапкершілікте болатын қызметкерлерді сәйкес емес түрде қадағалау, мысалы, қашықтағы бөлімшелерді сәйкес келмейтін қадағалау немесе мониторингілеу.
- Активтерге қол жеткізуі бар жайғасымдарға үміткерлерді сәйкес емес түрде тексеру.
- Активтерге қатысты жазбаларды сәйкес емес түрде сақтау.
- Әрекеттерді бекітудің сәйкес келмейтін жүйесі (мысалы, сатып алу кезінде).
- Қолма-қол ақшаға, инвестицияларға, қорлар немесе негізгі құралдарға қатысты сәйкес келмейтін физикалық қорғау шаралары.
- Активтерді толық және дер кезінде салыстырулардың жеткіліксіздігі.
- Әрекеттерді дер кезіндегі және сәйкес келетін түрде құжаттаудың жеткіліксіздігі, мысалы, сатылған тауарларды қайтаруды есепке алу.
- Басты бақылау қызметтерін орындайтын қызметкерлерге арналған міндетті еңбек демалысының жоқтығы.

- Басшылықтың ақпараттық технологияларды сәйкес емес түрде білуі, бұл ақпараттық технологиялар бөлімшелерінің қызметкерлеріне активтерді заңсыз пайдалануға мүмкіндік береді.
- Компьютерлік жүйедегі оқиғалар хаттамасын бақылауды/шолуды қоса алғанда, автоматтандырылған жазбаларға қол жеткізудің сәйкес емес түрдегі бақылаулары.

Қатынастар/Оңтайландыру

- Мониторингінің қажеттігі немесе активтерді заңсыз пайдаланумен байланысты болып келетін тәуекелдерді азайтуды қабылдамау.
- Әрекеттегі бақылауларды елемеумен активтерді заңсыз пайдалануға қатысты ішкі бақылауды қабылдамау немесе ішкі бақылаудың белгілі кемшіліктерін жоюдың мүмкін еместігі немесе сәтсіз әрекеті.
- Ұйымның қанағаттанбауын немесе оның қызметкерге көзқарасын көрсететін мінез-құлық.
- Активтерді заңсыз пайдалану көрсетуі мүмкін мінез-құлқындағы немесе өмір сүру мәнеріндегі өзгерістер.
- Елеусіз тонауларға жол берілуі.

2-қосымша

(Сілт: Тарм. А41)

Алаяқтықпен Туындалған Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Қатысты Аудиторлық Шаралардың Мысалы

Төменде бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсыну мен активтерді заңсыз пайдалану себептерінен алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдеріне қатысты мүмкін болары аудиторлық шаралардың мысалдары келтірілген. Бұл шаралар түрлі жағдайларды қозғағанымен, олар тек мысал болып қана табылады және соған сәйкес әрбір жағдайда тиімді немесе қажетті бола алмайды. Тәуекел факторларының мысалдарын ұсынудың тәртібі оларды маңыздылығын көрсетпейді.

Тұжырымдар Деңгейінде Қарастыру

Алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекеліне аудиторлық баға беруге қатысты ерекше тұрғы алаяқтық тәуекелі факторларының түрлері немесе үйлесімдеріне немесе көрсетілген жағдайларға, шоттардың сальдосына, олар әсер етуі мүмкін әрекеттердің топтарына және тұжырымдарға байланысты өзгеріп отырады.

Төменде тәсілдердің мысалдары келтірілген:

- Бөлімшелерді аралау немесе белгілі түрдегі кенеттік сипаттағы тестілерді орындау. Мысалы, бөлімшелерде аудитордың қатысуы алдынала хабарланбаған жағдайдағы түгендеуді бақылау немесе белгілі бір датаға қатысты ақшаны кенеттен түгендеу.
- Түгендеудің аяқталу датасы мен есептік кезеңнің соңының арасындағы кезеңде сальдоны айлашаңғылау тәуекелін азайту мақсатымен түгендеуді есептік кезеңнің соңына қарсы немесе кезеңнің соңына жақын уақытта жүргізу талабы.
- Ағымдағы жылы аудиторлық тәсілді өзгерту. Мысалы, жазбаша растауларды жөнiлтуге, ұйым шеңберіндегі белгілі бір тарапқа растауға сұратулар жіберуге толықтыру ретінде жеткізушілермен және тапсырыс берушілермен ауызша байланыс жасау немесе қосымша немесе өзге түрдегі ақпаратты іздестіру.
- Тоқсанның соңына немесе жылдың соңына қатысты түзетпелеу жазбаларына егжей-тегжейлі шолу жасау және сипаты немесе сомасы бойынша әдеттен тыс болып келетін барлық анықталған түзетпелерді зерттеу.

- Елеулі және әдеттен тыс әрекеттер бойынша, көбінесе жылдың соңына қатысты немесе соған жақын уақытта туындайтын әрекеттер бойынша байланысқан тараптардың мүмкіндіктері мен әрекеттің орындалуын қамтамасыз ететін қаржылық ресурстардың көзін зерттеу.
- Шын мәніндегі аналитикалық шараларды егжей-тегжейлі ақпаратты пайдалана отырып орындау. Мысалы, бөлімшелер бойынша, бизнестің бағыттары немесе айлары бойынша сатулар мен сатулардың өзіндік құнын аудиторлар күткен үміттермен салыстыру.
- Өздерінде алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекелі анықталған тәлімдерде жұмыс істейтін қызметкерден олардың тәуекелдер мен тиісті бақылаулар бойынша пікіріне ие болу мақсатымен олардан интервью алу.
- Егер бір және одан көп еншілес компаниялардың, бөлімшелердің, филиалдардың қаржылық есептілігі басқа аудиторлармен аудиттелетін болса, сол аудиторлармен сол құраушылардың арасындағы әрекеттердің себептеріне байланысты, алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулар тәуекелдеріне қатысты орындау қажет болатын жұмыс ауқымын талқылау.
- Егер де сарапшылардың жұмысы өзі бойынша алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың жоғары тәуекелі орын алатын қаржылық есептіліктің белгілі бір бабына қатысты елеулі бола бастаса, қорытындылардың негізделгендігін анықтау және сол мақсаттарға арнап басқа сарапшыны тарту мақсатымен сарапшылардың бір немесе бірнеше жіберулеріне жататын қосымша шараларды, әдістерді немесе қорытындыларды орындау.
- Аудиттелген қаржылық есептіліктің алдындағы кезеңнің басына қатысты баланстың таңдалып алынған баптарына талдау жүргізуге арнап аудиторлық шараларды жүргізу, бухгалтерлік баға берулер мен ой-пікірлер жөніндегі кейбір мәселелердің, мысалы, тауарды қайтаруға қатысты резервтің қаншалықты қаралғаны мен ақталғаны.
- Шоттар бойынша шараларды орындау немесе аралық кезеңдерге қатысты орындалған салыстыруды қарастыру ісін қоса алғанда, ұйым әзірлеген өзге түрдегі салыстыру.
- Тұжырымдамалықтағы ауытқуларды тестілеуге арналған деректерді анықтау тәрізді компьютер көмегін қолданатын тәсілдерді орындау.
- Компьютермен жасалған есептердің және операциялардың дұрыстығын тестілеу.
- Аудиттелетін ұйымнан тыс көздерден қосымша аудиторлық дәлелдемелерді іздестіру.

Ерекше Тұрғы – Бұрмаланған Қаржылық Есептілікті Ұсынудан Туындайтын Бұрмалаулар

Бұрмаланған қаржылық есептілікті ұсынудан туындаған елеулі бұрмаланулар тәуекеліне аудиторлық бағалауға қатысты тұрғылардың мысалдары төменде келтірілген:

Табысты Растау

- Егжей-тегжейлі ақпаратты қолдана отырып, табысқа қатысты шын мәніндегі аналитикалық шараларды орындау мысалы, есептік кезең барысындағы айлар бойынша, өнім бойынша немесе бизнес сегменттер бойынша көрсетілген табысты өткен кезеңдердің салыстырмалы көрсеткіштерімен салыстыру. Компьютер көмегімен жасалатын аудит тәсілдерінің табыстардың немесе әрекеттердің арасындағы әдеттен тыс немесе күптеген байланыстарды анықтау кезінде пайдасы тиюі мүмкін.
- Жеткізушілердің келісімшарттың белгілі шарттарын растауы және қосымша келісімдердің болмауы, себебі есепке алуға мұндай шарттар немесе келісімдер әсерін тигізуі мүмкін, ал жеңілдіктерді немесе солар жататын кезеңді негіздемеу көбінесе тиісті түрде ресімделмей жатады. Мысалы, қабылдау өлшемдері, жеткізу мен төлеу шарттары, жеткізушілер бойынша келешек немесе тұрақты міндеттемелердің болмауы, өнімді қайтару құқығы, қайта сатудың кепілді бағасы, доғару мен қайтаруға қатысты резервтер көбінесе осындай міндеттемелерге жатады.
- Субъектінің қызметкерлерінен маркетинг пен сату немесе ішкі заң кеңесшісінен кезеңнің соңына жақын сату немесе тиеуге қатысты және олардың сол әрекеттермен байланысты барлық әдеттен тыс жағдайлар туралы білімдері бойынша сауалнама алу.
- Кезеңнің соңында бір немесе одан да көп бөлімшелерде тауарлардың тиелуі немесе тиелуге даярланып жатқан тауарларды (немесе өңделуін күтіп жатқан қайтарым) бақылау мақсатымен тікелей соларға барып қатысу және сатулар мен ТМҚ бойынша өзге алдын кесу шараларын орындау.
- Табыс жөніндегі әрекеттерге қатысты бастама көтеріліп, өңдеуден өткізіліп және электрондық түрде көрсетілетін жағдайда, бақылауларды табыстар бойынша көрсетілген әрекеттің пайда болуына және оның тиісті түрде көрсетілгендігіне қатысты сенімділіктің ұсынылуын анықтау мақсатымен тестілеу.

Түгендеу Саны

- Ұйымның босалқысы бойынша жазбаларын орналасуын немесе түгендеу кезінде немесе содан кейін арнайы көзқарасты қажет ететін баптарды анықтау мақсатымен тексеру.

- Белгілі түрдегі бөлімшелерде түгендеуді алдын-ала хабарлау берусіз бақылау немесе барлық бөлімшелерді түгендеуді бір датаға арнап жүргізу.
- Түгендеу мен есептік кезең соңының арасындағы кезең ішіндегі айлашарғылаудың тәуекелін азайту мақсатымен түгендеуді есептік кезеңнің соңында немесе соған жақын уақытта жүргізу.
- Түгендеуді бақылау барысында қосымша шараларды орындау, мысалы, қораптардағы баптарды одан да толық түрде тексеру, тауарларды топтастыру (мысалы, көз байлау түріндегі қоймаластыру) немесе таңбалау әдісі. Иіс майлар немесе химия дәрі-дәрмектері тәрізді сұйықтардың сапасы (мысалы, тазалығы, сорты немесе концентрациясы). Сарапшылардың жұмысы да қажет болуы мүмкін.
- Ағымдағы кезеңге қатысты санын ТМҚ-ның класы немесе категориясы бойынша, орналасуы немесе өзге критерийлер бойынша өткен кезеңдермен салыстыру, немесе түгендеуге қатысты санды ағымдағы жазбалармен салыстыру.
- Компьютер көмегімен жасалатын аудит тәсілдерді түгендеуді компиляциялауды тестілеу үшін пайдалану – мысалы, кодтардың бақылауларын тестілеу үшін кодтық таңба бойынша сұрыптау немесе баптардың жазылмай кету немесе қайталану мүмкіндігін тестілеу үшін баптардың сериялық нөмірлері бойынша сұрыптау.

Басшылықтың баға беруі

- Өзін басшылықтың берген бағасымен салыстыру үшін тәуелсіз баға беруге арнап сарапшыларды пайдалану.
- Басшылықтың баға беруге қатысты өз жоспарларын орындау қабілеті мен ниетін растау үшін басшылықтан тыс тұлғалар мен бухгалтериядан сауалнама алу ісін кеңейту.

Ерекше Тұрғы – Активтерді Заңсыз Пайдаланудан Туындаған Бұрмаланулар

Түрлі жағдайлар түрлі тәсілдерді қолдануға мәжбүр етеді. Әдетте, активтерді заңсыз пайдалану себебінен алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалану тәуекеліне қатысты аудиторлық тәсіл шоттар мен әрекеттер тобының белгілі түрдегі сальдосын қозғайды. Жоғарыда екі санатта көрсетілген кейбір аудиторлық тәсілдер осы жағдайларда қолданылуы мүмкін болса да, жұмыстардың ауқымы заңсыз пайдаланудың анықталған тәуекелі туралы ерекше сипаттағы ақпаратқа байланысты болады.

Активтерді заңсыз пайдаланудан туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекеліне аудиторлық баға беруге қатысты тәсілдердің мысалдары төменде келтірілген:

- Ақшалай қаражаттарды немесе құнды қағаздарды жылдың соңында немесе сол күнге жақын арада түгендеу.
- Тікелей жеткізушілердің аудиттеліп отырған кезеңге қатысты шот бойынша ақпарат (соның ішінде несиелік меморандумдар және тауарлардың қайтарылуын, төленген күнін) растауы.
- Шығынға жазылған шоттардың қалпына келтірілуін талдау.
- Босалқыдағы жетіспеушіліктердің орнына немесе өнімнің түріне қарай талдау.
- Босалқы бойынша негізгі коэффициенттерді салалық нормалармен салыстыру.
- Қорларды үздіксіз есепке алу жүйесіндегі ТМҚ бойынша ағымдағы жазбаларды азайтуды растаушы құжаттамасына шолу жасау.
- Қызметкерлердің мекен-жайы немесе телефон нөмірінің сәйкес келуін анықтау мақсатымен компьютерге енгізілген жеткізушілердің тізімін қызметкерлердің тізімімен салыстыру.
- Қайталанатын мекен-жайларды, қызметкерлерді сәйкестендіру немесе салық органдарының нөмірлерін немесе банктік шоттарды анықтау үшін жалақы туралы жазбалардың компьютерлік іздеуін жүргізу.
- Іс-әрекеті бойынша дәлелдемелер қалмаған немесе аз қалған тұлғалардың жеке ісіне шолу жасау, мысалы, нәтижелерге жеткіліксіз баға беру.
- Әдеттен тыс шарттар немесе үрдістердің бар болуына қатысты және қайтару кезіндегі жеңілдіктерді талдау.
- Келісімшарттардың ерекше сипаттағы баптарын үшінші жақтардың растауы.
- Келісімшарттардың оларда көрсетілген шарттарға сәйкес орындалғандығы туралы дәлелдемелерді алу.
- Ірі және әдеттен тыс шығындардың дұрыстығына шолу жүргізу.

- Жоғары басшылық пен байланысқан тараптарға қарыздар бойынша сальдолардың бекітілуіне шолу жүргізу.
- Жоғары басшылық ұсынған шығындар бойынша есеп берулердің деңгейі мен дұрыстығына шолу жүргізу.

3-қосымша

(Сілт: Тарм. А50)

Алаяқтықтың Орын Алу Мүмкіндігін Көрсететін Жағдайлардың Мысалдары

Төменде алаяқтықтан туындайтын қаржылық есептіліктің елеулі түрде бұрмалану мүмкіндігін көрсетуі мүмкін жағдайлардың мысалдары келтірілген.

Төмендегілерді қоса алғанда, есептік жазбалардағы ауытқулар:

- Толық және дер кезінде көрсетілмеген немесе сомаға, есептік кезеңге, жіктелеу немесе ұйымның саясатына қатысты тиісті түрде көрсетілмеген әрекеттер.
- Қуатталмаған немесе бекітілмеген сальдо немесе әрекеттер.
- Қаржылық нәтижелерге елеулі әсерін тигізетін соңғы минутада жүргізілетін түзетпелер.
- Қызметкерлердің олардың өз міндеттемелерін орындау үшін қажет болатын жүйелер мен жазбаларға қол жеткізе алатындығын дәлелдеу.
- Аудитордың алған алаяқтықтың ықтимал жағдайлары ескертулер мен шағымдар.

Төмендегілерін қоса алғанда, жанжалдасушы немесе еленбей кеткен дәлелдемелер:

- Еленбей кеткен құжаттар.
- Өзгертілген құжаттар.
- Көшірме түрінде ұсынылған немесе электрондық түрде тапсырылған құжаттардың түпнұсқаларының, осы түпнұсқалардың орын алуы ойластырылған жағдайдағы қол жеткіліксіздігі.
- Салыстыру бойынша елеулі түсіндірмеленбеген баптар.
- Баланстағы, маңызды қаржылық коэффициенттердің беталыстарындағы немесе өзара байланыстардағы әдеттен тыс өзгерістер, мысалы, дебиторлық берешектің табысқа қарағанда жылдам өсуі.

- Сауалнама алу немесе аналитикалық шаралардың нәтижесіндегі басшылықтың немесе қызметкерлердің келісілмеген, көмескі немесе шындыққа сәйкес келмейтін жауаптары.
- Басшылықтың жазбалары мен растаудағы жауаптардың арасындағы әдеттен тыс ауытқулар.
- Несиелік жазбалардың немесе дебиторлық берешек шоттарының өзге де түзетпелерінің үлкен саны.
- Дебиторлық берешектің қосалқы шоттары мен бақылау шотының арасындағы немесе дебиторлардың растауы мен дебиторлық берешектің қосалқы шоттарының арасындағы түсіндірілмеген немесе жеткілікті дәрежеде түсіндірілмеген айырмашылықтар.
- Өтелген чектер ұйымға банкілік үзінді көшірмесімен бірге қайтарылуы тиіс болатын елеусіз қалған немесе мүлде жоқ чектер.
- Елеусіз қалған ТМҚ немесе елеулі сомаларға қатысты жеке активтер.
- Құжаттарды сақтау жөніндегі кәсіпорынның саясаты немесе шараларымен келіспейтін қол жеткіліксіз немесе елеусіз қалған электрондық дәлелдемелер.
- Күткен нәтижелермен салыстырғанда қуатауларға қатысты шектен тыс немесе жеткіліксіз шаралар.
- Бұрын ендірілген негізгі жүйелердің әзірленуі, өзгертулер бойынша бағдарламаларды және ағымдағы жылдағы жүйелерді өзгерту мен ендіру бойынша қызметті тестілеу туралы дәлелдемелерді ұсынуға қабілетсіздігі.

Төмендегілерін қоса алғанда, аудитордың және басшылықтың арасындағы мәселелік немесе әдеттен тыс қарым-қатынастар:

- Аудиторлық дәлелдемелерді алудың қажеттілігі бар белгілі бір қызметкерлерге, тапсырыс берушілерге, жеткізушілерге немесе өзге тұлғаларға жазбаларды, өндірістік қуаттылықтарды қол жеткізуді ұсынудан бас тарту.
- Басшылық тарапынан күрделі немесе даулы мәселелерді шешу мақсатымен мерзімі бойынша негізсіз болып келетін қысым жасау.
- Басшылық тарапынан аудитке қатысты шағымданулар немесе көбінесе аудиторлық дәлелдемелерге сандық аудиторлық баға беруге байланысты немесе басшылықпен потенциалды келіспеушіліктерді шешу кезінде келісім бойынша топ мүшелерін қорқыту.
- Қажет етілетін ақпаратты әдеттен тыс кешіктіріп беру.
- Аудиторға аудиттің автоматтандырылған тәсілінің көмегімен тестілеу үшін негізгі электрондық файлдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету.

- Қауіпсіздікті, әрекет етуді қамтамасыз ету қызметкерлері мен жүйелік әзірлемелер жөніндегі қызметкерлерді қоса алғанда, қызметкерлерге негізгі ат пен құрал-жабдықты қол жеткізуді ұсынудан бас тарту.
- Барынша толықтығы мен түсініктілігіне қол жеткізу мақсатымен қаржылық есептілікке ашуларды қосуға немесе оларды қайта қарауға ниетінің болмауы.
- Ішкі бақылаудың әлсіз жақтары бойынша мәселелерді дер кезінде шешуге ниетінің болауы.

Басқа

- Басшылықтың аудиторға басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен көзбе-көз түрде кездесуге рұқсат беруге ниетінің болмауы.
- Салалық нормаларға сәйкес келмейтін есептік саясат.
- Жағдайлардың өзгеруімен негіздемеленбеген бухгалтерлік баға берулердегі жиі түрдегі өзгертулер.
- Ұйымның мінез-құлқы кодексінен ауытқуларының шыдауға болатын шегі.

**250 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ
(ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН)**

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ КЕЗІНДЕ ЗАҢДАР МЕН
НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІ ҚАРАСТЫРУ**

(2017 жылдың 15 Желтоқсанынан немесе одан кейінгі кезеңдердегі қаржылық есептіліктер аудиттеріне қатысты күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Заңдар мен Нормативтік Актілердің Күші	2
Заңдар және Нормативтік Актілерге Сәйкестік бойынша Жауапкершілік	3–9
Күшіне Ену Күні	10
Мақсаттары	11
Анықтама	12
Талаптары	
Аудитордың Заңдар және Нормативтік Актілерге Сәйкестікті Қарастыруы	13–18
Сәйкессіздік Анықталған немесе Күдік Тудырған Кездегі Аудит Рәсімдері	19–22
Анықталған немесе Күдік Тудырған Сәйкессіздік туралы Есеп Беру және Хабарлау	23–29
Құжаттама	30
Қолданбалы және Басқа Түсіндірме Материал	
Заңдар және Нормативтік Актілерге Сәйкестік бойынша Жауапкершілік	A1–A8
Анықтама	A9–A10
Аудитордың Заңдар және Нормативтік Актілерге Сәйкестікті Қарастыруы	A11–A16
Сәйкессіздік Анықталған немесе Күдік Тудырған Кездегі Аудит Рәсімдері	A17–A25

Анықталған немесе Күдік Тудырған Сәйкессіздік туралы Есеп Беру және Хабарлау	A26–A34
Құжаттама	A35-A36

«Қаржылық Есептілік Аудиті Кезінде Заңдар Мен Нормативтік Актілерді Қарастыру» 250 (Қайта қарастырылған) Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) «Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу» 200 ХАС-мен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Халықаралық Аудит Стандартының (ХАС) қаржылық есептілік аудиті кезінде аудитордың заңдар және нормативтік актілерді қарастыру бойынша жауапкершілігіне қатысты болып табылады. Бұл ХАС аудитор арнайы заңдармен немесе ережелермен сәйкестік туралы жеке тексеруге және есеп беруге арнайы тартылған сенімділік орнату бойынша басқа келісімдерге қолданылмайды.

Заңдар мен Нормативтік Актілердің Күші

2. Заңдар мен нормативтік актілер қаржылық есептілікке әсер етуі бойынша елеулі ерекшеленеді. Ұйымға қолданылатын заңдар мен нормативтік актілер нормативтік-құқықтық базаны құрайды. Кейбір заңдардың немесе нормативтік актілердің ережелері қаржылық есептілікке тікелей әсер етеді, өйткені олар есептелген сомалар мен ұйымның қаржылық есептілігіндегі ашып көрсетулерді анықтайды. Басқа заңдар мен нормативтік актілерді басшылық орындауы керек немесе ұйымға өз ісін жүргізуге рұқсат етілген, бірақ ұйымның қаржылық есептілігіне тікелей әсер етпейтін ережелерді белгілеуі керек. Кейбір ұйымдар қатаң реттелетін салаларда жұмыс істейді (мысалы, банктер және химиялық компаниялар). Басқалары тек бизнестің жұмыс аспектілеріне қатысты көптеген заңдар мен нормативтік актілерге бағынады (мысалы, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты сақтау, жұмысқа орналасудың бірдей мүмкіндігі). Заңдар мен нормативтік актілерді сақтамау айыппұлдарға, сот процестеріне немесе қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін басқа да зардаптарға әкелуі мүмкін.

Заң және Нормативтік Актілерге Сәйкестік бойынша Жауапкершілік (Сілт: Тарм. А1-А8)

3. Басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың қадағалауымен ұйымның қызметін заңдар мен нормативтік актілердің ережелеріне сәйкес жүргізілуін, оның ішінде ұйымның қаржылық есептілігінде есептік сомалар мен ақпаратты ашуды анықтайтын заңдар мен нормативтік актілер ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Аудитордың Жауапкершілігі

4. Бұл ХАС талаптары аудиторға заңдар немесе нормативтік актілерге сай келуінен туындайтын елеулі бұрмалануларды анықтау кезінде көмектесуге аранап әзірленген. Алайда, аудитор сәйкессіздіктердің алдын алуға жауап бермейді және барлық заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес келмейтіндігін анықтай алмайды.

5. Аудитор қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателікке байланысты маңызды бұрмаланулардың болмауына негізделген сенімділікті алуға жауап береді.¹ Қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезінде аудитор қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны ескереді. Аудиттің өзіне тән шектеулеріне байланысты, аудит ХАС сәйкес жоспарланған және жүргізілген болса да, қаржылық есептіліктегі кейбір маңызды бұрмаланулар анықталмауы мүмкін.² Заңдар мен нормативтік актілер мәнінде туындайтын шектеулердің аудитордың маңызды бұрмалаушылықтарды анықтау қабілетіне тигізетін әсері келесідей себептерге байланысты үлкен:

- Ұйым қызметінің аспектілерімен байланысқан көптеген заң және нормативтік актілердің болуы, олар әдетте қаржылық есептілікке елеулі әсер етпейді және де бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерімен қамтылмайды.
- Сәйкессіздікке жасыруға бағытталған әрекет жатады, мысалы жасырын келісіп алу, құжаттарды қасақана дұрыс толтырмау, операцияларды тіркеуді қасақана жүргізбеу немесе аудиторға берілетін ақпаратты қасақана теріс көрсету.
- Әрекеттің сәйкессіздік болып табылуы немесе табылмауы, ол ең соңында, сот немесе басқа тиісті сот органымен шешілетін мәселе.

Әдетте, бұдан әрі жойылған сәйкессіздік қаржылық есептілікте көрінетін оқиғалар мен транзакциялардан туындайды, аудитордың бұл туралы хабардар болу немесе бұзушылықты мойындау мүмкіндігі аз болады.

6. Бұл ХАС екі санаттағы заңдар мен нормативтік актілердің сақталуына қатысты аудитордың міндеттерін келесідей ажыратады: (Сілт: Тарм. А6, А12–А13)

- (a) Жалпыға бірдей танылған осы заңдар мен нормативтік актілер ережелері салықтық және зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдар мен нормативтік құжаттар сияқты қаржылық есептілікте маңызды сомаларды анықтауға және ашуға тікелей әсер етеді (14 тармақты қараңыз) (Сілт: Тарм. А12); және
- (b) Қаржылық есептіліктегі ашылымдар мен сомаларды анықтауға тікелей әсерін тигізбейтін басқа заңдар мен нормативтік актілер; бірақ соған сәйкестік ұйымның бизнес өзін жалғастыруға қабілеті, немесе елеулі айыппұлдарды айналып кету үшін бизнестік жұмыс аспектілеріне тұғырлы (мысалы, іскерлік

¹ 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті және Аудиттің Халықаралық Стандартына Сай Аудитті Жүргізу*, 5 тармақ

² 200 ХАС, А53-А54 тармақтар

лицензия шарттарына сай келуі, реттеуші өтеу қабілеттілігі жөніндегі талаптарға сай келуі, немесе экологиялық нормативтік актілерге сәйкес келуі) болуы мүмкін; сол сияқты заңдар мен нормативтік актілерге сай келмеуі қаржылық есептілікке елеулі түрдегі әсерін тигізуі мүмкін (15 тармақты қараңыз) (Сілт: Тарм. А13).

7. Бұл ХАС-та ерекшеленетін талаптар заңдар мен нормативтік актілердің жоғарыдағы санаттарының әр қайсысы үшін бекітілген. 6(a) тармаққа сипатталған санат ескерілуімен аудитордың жауапкершілігі анау заңдар мен нормативтік актілер ережелеріне сай келуіне қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдемелерді алу болуы тиіс. 6(b) тармақта сипатталған санат ескерілуімен аудитордың жауапкершілігі қаржылық есептілікке елеулі түрдегі әсерін тигізуі мүмкін заңдар мен нормативтік актілерге сай келмеуін анықтауға көмектесуге арнап дамытылған белгілі бір аудиторлық әрекеттерді орындаумен шектелген.
8. Қаржылық есептілік бойынша пікірін құру мақсатымен қолданылатын басқа аудиторлық шаралар аудитордың сәйкессіздік кездерін назарына салуы мүмкін. Осылайша, аудитор ХАС сәйкес бұған байланысты мүмкіндікке күмән келтіруі тиіс. ХАС 200,³ бойынша аудитор аудит ұйым қызметі заң және нормативтік актілерге сәйкес еместігін шарттар мен жағдайларды анықтайтынын мойындай келе, аудитті кәсіби скептицизм тұрғысынан жоспарлап жүргізу тиіс.
9. Аудитор заңға, нормативтік актілерге немесе тиісті әдеп талаптарына сәйкес ұйымның осы ХАС-тан өзгеше немесе одан тыс болуы мүмкін заңдарға және нормативтік актілерге сәйкес келмеуі мүмкін, мысалы: (Сілт: Тарм. А8)
 - (a) Анықталған немесе күдік тудыратын заңдар мен нормативтік актілерге, соның ішінде басшылықпен және басқару өкілеттігіне ие адамдармен нақты қарым-қатынасқа қатысты талаптарға жауап беру, олардың сәйкессіздіктерге жауаптарының орындылығын бағалау және әрі қарайғы іс-әрекеттердің қажеттілігін анықтау;
 - (b) Анықталған немесе күдік тудыратын заңдар мен нормативтік актілерді басқа аудиторларға хабарлау (мысалы, топтық қаржылық есептілік аудитінде); және
 - (c) Анықталған немесе күдік тудыратын заңдар мен нормативтік актілердің сәйкес келмеуі туралы құжаттамаға қойылатын талаптар.

³ 200 ХАС, 15 тармақ

Қосымша міндеттемелерді орындау осы және басқа ХАС сәйкес аудитордың жұмысына қатысты қосымша ақпаратты ұсынуы мүмкін (мысалы, басқарудың тұтастығы туралы немесе қажет болған жағдайда басқару өкілеттігіне ие тұлғалар).

Күшіне Ену Күні

10. 2017 жылдың 15 Желтоқсанынан немесе одан кейінгі кезеңдердегі қаржылық есептіліктер аудиттеріне қатысты күшіне енеді.

Мақсаттары

11. Аудитордың мақсаттарына төмендегілер кіреді:
 - (a) Қаржылық есептіліктегі ашылымдар мен сомаларды анықтауға тікелей әсерін тигізіп жалпы сипаттағы мойындалған заңдар мен нормативтік актілер ережелеріне сай келуіне қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдемелерді алу;
 - (b) Қаржылық есептілікке елеулі түрдегі әсерін тигізуі мүмкін заңдар мен нормативтік актілерге сай келмеуі кез болуын анықтауға көмектесуге арнап әзірленген айрықша аудиторлық шараларды орындау; және
 - (c) Аудит барысында анықталған заңнама мен нормативті-құқықтық актілерге сәйкес келмейтін немесе күмәнданған жағдайда тиісті түрде әрекет ету.

Анықтамалары

12. Осы ХАС мақсаттары үшін келесі термин төменде көрсетілген мағынаға ие:

Сәйкессіздік – ұйымның немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың, басшылықтың немесе ұйымның басшылығымен жұмыс істейтін немесе оның басшылығымен жұмыс істейтін басқа да тұлғалардың, қолданыстағы заңдарға немесе нормативтік актілерге қайшы келетін, қасақана немесе абайсызда жасалған әрекеттері Сәйкессіздік ұйымның іскери қызметіне қатысты жеке теріс қылықтарды қамтымайды. (Сілт: Тарм. А9–А10)

Талаптары

Аудитордың Заңдар және Нормативтік Актілерге Сәйкестікті Қарастыруы

13. 315 ХАС⁴ (Қайта қарастырылған) сай ұйымы мен оның ортасын түсінік алу бөлігі ретінде, аудиторға әдетте мыналар қажет:

⁴ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Субъектіні Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмалаулардың Тәуекелділігін Анықтау мен Бағалау*, 11 тармақ

- (a) Ұйым және саланың бизнесіне қатысты заңды мен реттеуші жүйе немесе ұйым жұмыс істейтін сектор; және
 - (b) Ұйым осы жүйеге қалай сәйкес келеді. (Сілт: Тарм. А7)
14. Аудитор қаржылық есептіліктегі ашылымдар мен сомаларды анықтауға тікелей әсерін тигізіп жалпы сипаттағы мойындалған заңдар мен нормативтік актілер ережелеріне сай келуіне қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдемелерді алуы тиіс. (Сілт: Тарм. А12)
15. Аудитор қаржылық есептілікке елеулі түрдегі әсерін тигізуі мүмкін заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес келмеуі кез болуын анықтауға көмектесуге арнап әзірленген айрықша аудиторлық шараларды орындауы тиіс: (Сілт: Тарм. А13-А14)
- (a) Ұйым сол сияқты заңдар мен нормативтік актілерге сай келе ме, осыған сәйкес басшылық және қажет болғанда басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды сұрату; және
 - (b) Қажет болғанда, лицензия беретін немесе реттеуші органмен құжаттама тексерісу.
16. Аудит кезінде аудитор өзге қолданылған аудиторлық шаралар өздері заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес еместік немесе күдікті сәйкес еместік туындауы мүмкіндігіне күмәні туғызуы тиіс. (Сілт: Тарм. А15)
17. Аудитор басшылық және қажет болғанда басқару өкілеттігіне ие тұлғалардан аудитор қаржылық есеп беруді дайындау кезінде әсер тигізулері тиісті заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес еместік немесе күдікті сәйкес еместікке қатысты белгілі жағдайларының барлығы туралы білгені жөніндегі жазбаша түрдегі ұсынымдарды берулерін сұрауы тиіс. (Сілт: Тарм. А16)
18. Анықталған немесе күдікті сәйкес еместік жоқ болғанда, аудитор ұйымның заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес келуіне қатысты емес, тек қана 13-17 тармақтарда көрсетілген аудиторлық шараларды орындауы қажет.

Сәйкессіздік Анықталған немесе Күдік Тудырған Кездегі Аудит Рәсімдері

19. Егер аудитор заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес еместік немесе күдікті сәйкес еместік жөніндегі кездерге қатысты ақпарат туралы білсе, аудитор төмендегілерді орындауы қажет: (Сілт: Тарм. А17-А18)
- (a) Әрекет сипаты мен әрекет орындалып жатқан жағдайлар туралы білім алуы тиіс; және
 - (b) Қаржылық есептілік түскен ықтимал әсеріне баға беруге қатысты егжей-тегжейлі ақпарат туралы білуі қажет. (Сілт: Тарм. А19)

20. Егер аудитор сәйкессіздік болуы мүмкін деп күдіктесе, аудитор, егер заңдармен немесе нормативтік актілермен тыйым салынбаса, тиісті басқару деңгейімен және қажет болған жағдайда басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен мәселені талқылайды. Егер басшылық немесе, қажет болған жағдайда, басқаруға өкілетті тұлғалар субъектінің заңдар мен нормативтік актілерге сәйкестігін растайтын жеткілікті ақпарат ұсынбаса және аудитордың пікірі бойынша сәйкес келмейтіндіктің салдары қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылса, аудитор заңгерлік кеңес алу қажеттілігін қарастыру тиіс. (Сілт: Тарм. А20-А22)
21. Егер күдікті сәйкес еместік бойынша жеткілікті ақпарат алынбауы мүмкін болар, аудитор аудитордың пікірінше жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерге қол жеткізбеуі әсеріне баға беруі тиіс.
22. Аудитор аудитордың басқа аспектілерге қатысты анықталған немесе күмәнданған сәйкестіктің салдарын, оның ішінде аудитордың тәуекелдерін бағалауды және жазбаша ұсынымдардың дұрыстығын бағалайды және тиісті шаралар қолданады. (Сілт: Тарм. А23-А25)

Анықталған немесе Күдік Тудырған Сәйкессіздік туралы Есеп беру және Хабарлау

Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғаларға Анықталған және Күдік Тудырған Сәйкессіздік туралы Хабарлау

23. Егер басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың барлығы ұйымды басқаруға қатыспаса және сәйкесінше, аудитор хабарлаған сәйкестікке күмәнданатын мәселелер туралы білмесе,⁵ аудитор, егер заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынбаса, басқару барысында өкілеттік берілген адамдармен, аудит барысында аудитордың назарына келетін заңдар мен нормативтік актілерді сақтамауға қатысты мәселелермен, егер мәселелер анық болмайтын жағдайларды қоспағанда, хабарлауы тиіс.
24. Егер аудитор пікірінше 22 тармақта белгілеген сәйкес еместік қасақана және елеулі түрде болады деп санаса, аудитор басқару өкілеттігіне ие тұлғаларды қысқаша мерзімдер ішінде сол туралы хабардар етеді.
25. Егер аудитор басшылық немесе басқару өкілеттігіне ие тұлғалар қатысканына күмән тудырса, аудитор қажет болған кезде ұйымдағы басқарманың келесі жоғары деңгейін, мысалы аудит жөніндегі комитет немесе қадағалаушы кеңесті осы мәселе туралы хабардар етуі тиіс. Жоғары басқарама жоқ болмаса, немесе, егер аудитор хабардар ету мүмкін емес бола алмайды деп немесе кімге есеп беруге күмән тудырса, аудитор заңды кеңесті алу қажетті болып санайды.

⁵ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым Қатынас*, 13 тармақ

*Анықталған немесе Күдік Тудыратын Сәйкессіздіктің Аудитордың Есебіне
Біқтимал Салдары (Сілт: Тарм. А26-А27)*

26. Егер аудитор анықталған және күдік тудыратын сәйкессіздік қаржылық есептілікке елеулі ықпал етті және қаржылық есептілікте лайықты түрде көрсетілген жоқ деген қорытындыға келсе, аудитор 705 ХАС (Қайта қарастырылған) бойынша кәсіптік пікірін немесе қаржылық есептілікке қатысты теріс пікірін көрсетуі тиіс.⁶
27. Егер өкілетті тұлғалар қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін сәйкес еместік пайда болды ма, жоқ па деп бағалау туралы аудиторға лайықты аудиторлық дәлелді алуға жол бермесе, аудитор кәсіптік пікір айтуы тиіс немесе 705 ХАС (Қайта қарастырылған)⁷ бойынша аудит ауқымын шектеу негізінде қаржылық есептілік туралы пікірді айтудан бас тартуы мүмкін.
28. Егер аудитор ұйым басшылығы немесе өкілетті тұлғалардан басқа жағдайлармен салынған шектеулер себебімен сәйкес еместіктің пайда болуына-болмауына анықтай алмаса, онда ол 705 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес аудиторлық пікірге әсер бағалауы қажет.

*Ұйымнан тыс Тиісті Органға Анықталған немесе Күдік Тудыратын
Сәйкессіздік Туралы Хабарлау*

29. Егер аудитор заңдар мен нормативтік актілерге сәйкессіздікті анықтаса немесе күдікті болса, аудитор заңдар, нормативтік актілердің немесе тиісті әдеп талаптарының бар-жоғын анықтауы керек: (Сілт: Тарм. А28-А34)
 - (a) Аудитордан ұйымнан тыс тиісті органға есеп беруін талап ету.
 - (b) Жағдайларға сәйкес ұйымнан тыс тиісті органға есеп беру мүмкін болатын жауапкершілікті белгілеу.

Құжаттама

30. Аудитор заңдар мен нормативтік актілерге анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздікті аудиторлық құжаттамаға⁸ қосуы тиіс және: (Сілт: Тарм. А35-А36)
 - (a) Орындалған аудиторлық рәсімдер, маңызды кәсіби пікірлер және олар бойынша жасалған қорытындылар; және
 - (b) Басшылықтың, басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың және басқалардың бұзушылықтарымен байланысты маңызды

⁶ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитор Баяндамасындағы кейбір Көзқарастарға жасалған Өзгертулер*, 7-8 тармақтар

⁷ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), 7 және 9 тармақтар

⁸ 230 ХАС, *Аудиторлық құжаттама*, 8-11 тармақтар, және А6

мәселелерді талқылау, соның ішінде басшылық және тиісті жағдайларда басқаруға өкілетті адамдар бұл мәселеге қалай жауап бергені туралы.

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Заңдар және Нормативтік Актілерге Сәйкестік бойынша Жауапкершілік (Сілт: Тарм. 3-9)

- A1. Басшылық басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға қадағалаумен ұйымның әрекеттері заңдар мен нормативтік актілерге сай жүргізіліп жатуына жауапкершілікте болады. Заңдар мен нормативтік актілер ұйымның қаржылық есептілігіне өзге жолдармен әсерін тигізуі мүмкін, мысалы: тікелей түрде олар қаржылық есептілікте ұйым талап ететін айрықша ашылымдарға әсер тигізуі мүмкін немесе қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесін белгілеуі мүмкін. Олар сонымен қатар ұйымға қатысты белгілі бір заңды құқықтар мен міндеттемелерді белгілеуі мүмкін. Бұл құқықтар мен міндеттемелер кейбіреулері ұйымның қаржылық есептілігінде рәсімделеді. Сонымен қатар, заңдар мен нормативтік актілер сәйкессіздік жағдайында айыппұл салуы мүмкін.
- A2. Төменде заңдар мен нормативтік актілердің бұзылуын болдырмауға және анықтауға көмектесу үшін ұйым қолдана алатын саясат пен рәсімдер түрлерінің мысалдары келтірілген:
- Заңды талаптарды мониторингтеу және жұмыс рәсімдері осы талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізу.
 - Ішкі бақылаудың тиісті жүйелерін құру және пайдалану.
 - Орындау кодексін дамыту, жария ету мен оған сәйкес келу.
 - Қызметкерлер жеткілікті түрде оқытылған және орындау кодексін түсінгенін қамтамасыз ету.
 - Орындау кодексімен сәйкестікке қатысты мониторинг және сәйкес келмеуіне қабілетті емес қызметкерлерді жауапкершілікке тарту.
 - Заңды талаптарды мониторингілеуге көмектесу үшін заңды кеңес берушілерді шақыру.
 - Ұйым белгілі бір салада орындауға тиісті маңызды заңдар мен нормативтік актілердің тізілімін және шағымдар жазбасын жүргізу.

Ірі ұйымдарда бұл саясаттар мен шаралар төмендегілерді тиісті жауапкершіліктерге тарату арқылы толтырылуы мүмкін:

- Ішкі аудит қызметі арқылы.
- Аудит жөніндегі комитет арқылы.
- Сәйкестік қызметі.

Аудитордың Жауапкершілігі

- А3. Ұйым заңдар мен нормативтік актілерге сәйкессіздік қаржылық есептіліктің елеулі түрдегі бұрмалануларына әкеп соқтыруы мүмкін. Сәйкестіктің болмауы, маңыздылығына қарамастан, аудиттің басқа аспектілеріне әсер етуі мүмкін, мысалы, аудитор басшылықтың, басқару өкілеттігіне ие тұлғалар мен қызметкерлердің тұтастығын қарастырады.
- А4. Әрекеттің заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес келмейтіндігі сот немесе басқа тиісті төрелік орган анықтайтын мәселе, бұл әдетте аудитордың кәсіби құзыретіне кірмейді. Бірақ аудитордың тренингі, тәжірибесі мен ұйымды мен саласын немесе секторын жақсы түсінігі аудитордың назарына түскен кейбір әрекеттер заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес келмеуі мүмкіндігін растауға негіздемесін қамтамасыз етуі мүмкін.
- А5. Айрықша заңды талаптарға сәйкес аудитор қаржылық есептілік аудиті бөлігі ретінде ұйым заңдар мен нормативтік актілер белгілі бір талаптарына сәйкес келетін-келмейтіндігі бойынша есеп беруі тиіс. Бұл жағдайларда 700⁹ ХАС (Қайта қарастырылған) немесе 800¹⁰ ХАС (Қайта қарастырылған) мақсаты – аудит жөніндегі жауапкершіліктер аудитордың есебінде қалайша рәсімделеді. Осыған сәйкес, есеп беруге айрықша заңды талаптары бар; аудит жоспарына заңдар мен нормативтік актілер бұл ережелеріне сәйкестік бойынша тиісті тестілер кіруі тиіс.

Заңдар мен Нормативтік Актілер Санаттары (Сілт: Тарм. 6)

- А6. Ұйымның сипаты мен жағдайлары тиісті заңдар мен нормативтік актілердің 6 (а) немесе 6 (b) тармақтарында сипатталған заңдар мен нормативтік актілер санатына жататындығына әсер етуі мүмкін. 6-тармақта сипатталған санаттарға қосылуы мүмкін заңдар мен нормативтік актілердің мысалдары мыналарды қарастырады:
- Алаяқтық, жемқорлық және парақорлық.
 - Ақшаны жылыстату, терроризмді қаржыландыру және

⁹ 700 ХАС (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Бойынша Пікір Қалыптастыру және Есеп жүргізу*, 43 тармақ.

¹⁰ 800 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ерекше Пікір – Арнайы Мүдделі Құрылымға Сәйкес Тағайындалған Қаржылық Есептердің Аудиті*, 11 тармақ

қылмыстық жолмен алынған кірістер.

- Бағалы қағаздар нарығы және сауда.
- Банктік және басқа қаржылық өнімдер мен қызметтер.
- Деректерді қорғау.
- Салық және зейнетақы міндеттемелері мен төлемдері.
- Қоршаған ортаны қорғау.
- Қоғамдық денсаулық сақтау және қауіпсіздік.

Қоғамдық Сектор Ұйымдарына Арнайы Қарастырулар

А7. Қоғамдық секторда қаржылық есептілік аудитіне қатысы бар болуы мүмкін немесе ұйымның әрекеттеріне қатысты аспектілерге дейін кеңейтуі мүмкін заңдар мен нормативтік актілерді қарастыруға қатысты аудит жөніндегі қосымша жауапкершіліктері бар.

Заңмен, Нормативтік Актілермен немесе Тиісті Әдеп Талаптарымен Белгіленген Қосымша Жауапкершіліктер (Сілт: Тарм. 9)

А8. Заң, нормативтік актілер немесе тиісті әдеп талаптары аудитордан қосымша рәсімдерді орындауды және одан кейінгі әрекеттерді талап етуі мүмкін. Мысалы, Бухгалтерлердің Халықаралық Әдеп Стандарттары Кеңесі ұсынған *Кәсіби Бухгалтерлердің Әдеп Кодексі* (БХӘСК Кодексі) аудитордан заңдар мен нормативтік актілерге анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздікке қатысты шаралар қабылдауды және одан кейінгі әрекеттер қажеттігін анықтауды талап етеді. Мұндай қадамдар топтың басқа аудиторларына, соның ішінде келісім тобының серіктесіне, құрамдас аудиторларға немесе топтық қаржылық есептілік аудитінен бөлек мақсаттағы топтық құрамдасы болып жұмыс істейтін басқа аудиторларына, анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздіктер туралы хабарлауды қамтуы мүмкін.¹¹

Анықтама (Сілт: Тарм. 12)

А9. Заңдар мен нормативтік актілерге сәйкессіздік әрекеттеріне ұйыммен немесе оның атынан немесе басқару өкілеттігі бар тұлғалармен, басшылықпен немесе ұйымда жұмыс істейтін немесе оның басшылығымен жұмыс жасайтын басқа тұлғалармен жасалған мәмілелер кіреді.

А10. Сәйкессіздік, сонымен қатар, ұйымның іскери қызметіне қатысты жеке заңсыздықты қамтиды, мысалы, негізгі басқару лауазымындағы адамның, жеке тұлға ретінде, ұйым жеткізушісінен пара алуы және

¹¹ Мысалы, БХӘСК Кодексінің 225.21-225.22 бөлімдерін қараңыз.

ұйымға қызмет немесе келісім-шарт ұсыну үшін жеткізушіні кепілдік бере отырып тағайындауы.

Аудитордың Заңдар және Нормативтік Актілерге Сәйкестікті Қарастыруы

Құқықтық және Реттеуші Жүйе туралы Түсінік Алу (Сілт: Тарм. 13)

A11. Заңды және нормативтік актілер туралы жалпы түсінік алу үшін, әдетте аудиторға төмендегілер қажеттілікті көрсетеді:

- Ұйым және саланың бизнесі, заң мен басқа сыртқы факторлары туралы аудитордың білімін пайдалану;
- Қаржылық есептілікте елеулі сомалар мен ашуларды анықтауға ықпалы бар деп білетін заң және нормативтік актілер туралы білім жаңарту;
- Басшылықтан ұйым қызметіне түбегейлі ықпал ететін заңдар немесе нормативтік актілер туралы сұрау жүргізу;
- Басшылықтан ұйымның қызметі заң және нормативтік актілерге сәйкестігіне қатысты саясат пен шаралар туралы сұрау жүргізу; және
- Басшылықпен сот шағымдары мен санкцияларын анықтау, бағалау және есепке алу үшін қабылданған саясатты немесе шараларды талқылау.

Қаржылық Есептілікте Елеулі Сомаларды Анықтауға және Ашуға Тікелей Әсер ететін Заңдар мен Нормативтік Актілер (Сілт: Тарм. 6 және 14)

A12. Мұндай заңдар мен нормативтік актілер ұйыміге және жалпы салаға белгілі болуы керек; олар қаржы есебін жария (6(а) тармақта белгіленген) етуде жиі қарастырылуы тиіс. Бұл мысалы:

- Қаржылық есептіліктің формасы мен мазмұнына;
- Ерекше салалық қаржылық есеп беруге қатысты мәселелер;
- Қоғамдық келісім-шарт бойынша операцияларды есепке алуға; немесе
- Кіріс салығын немесе зейнетпен қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарды санау немесе тану.

Бұл заңдар мен нормативтік актілердегі кейбір ережелер қаржылық есептілікте айрықша растауларға тікелей түрде қатысы бар (мысалы, кіріс салығы бойынша ережелер толықтығы) болуы мүмкін; басқа ережелер тұтастай алғанда қаржылық есептілікке (мысалы, қаржылық есептілік толық пакетін құрайтын қажетті болып келетін есептіліктер) тікелей түрде қатысты. 14 тармақтағы талаптың мақсаты – аудитор

заңдар мен нормативтік актілер тиісті түрдегі ережелеріне сәйкес қаржылық есептілікте ашылымдарды растауға қатысты тиісті жеткілікті аудиторлық дәлелді алынуы тиіс.

Сондай-ақ заңдар мен нормативтік актілер басқа ережелері мен басқа заңдар мен ережелерге сәйкессіздік айыппұл, ұйымның сот шешімдері немесе қаржылық есептілік үшін қосымша қаражатты қажет ететін басқа салаға ықтимал ықпал етуі мүмкін. Бірақ 6(a) тармақта көрсетілгендей қаржылық есептілікке түбегейлі ықпалы жоқтығын қарастырылмауы қажет).

Сәйкессіздікті Анықтау Рәсімдері - Басқа Заңдар мен Нормативтік Актілер (Сілт: Тарм. 6 және 15)

A13. Ұйым әрекеттеріне түбегейлі ықпалы бар болғанымен заң мен нормативтік актілер аудитордың назарына түсетінін ескеруі керек (6(b) тармақта сәйкес). Осылайша қызметтің белгілі бір заңдарға және нормативтік актілерге сәйкес келмеуі ұйым қызметін тоқтатуы мүмкін немесе ұйым қызметінің үздіксіз қызметіне¹² күдік туғызуы мүмкін. Мысалы мұндай ықпал қызметтің ұйым лицензиясындағы немесе қызметті жүргізуге басқа рұқсатындағы талаптарға сәйкес еместігі кезінде мүмкін болады (мысалы, банк үшін-капитал немесе инвестициялар бойынша талаптарға сәйкессіздік). Ұйым қызмет ететін аспектілеріне ең бастысымен қатысы бар көптеген өзге заң мен нормативтік актілері бар. Бұл актілер мен заңдар әдетте қаржылық есептілікке ықпалы жоқ және қаржылық есептілікке қатысы бар ұйымның ақпараттық жүйелерімен қамтылған жоқ.

A14. Өзге заң мен нормативтік актілерге қатысы бар қаржылық есептілік салдарлары ұйымның әрекеттеріне тәуелді болып ерекшеленуі мүмкін болғандықтан, 15 тармақта көрсетілген аудиторлық шаралар қаржылық есептілікке елеулі түрдегі ықпалы бар болуы мүмкін заң мен нормативтік актілерге сәйкес еместік анықталғаны аудитордың назарына түсіруін ескеруі қажет.

Сәйкессіздіктің Басқа Аудит Рәсімдері арқылы Аудитордың Назарына Ілігуі (Сілт: Тарм. 16)

A15. Қаржылық есептілік бойынша пікір құруға қолданылатын аудиторлық шаралар заң мен нормативтік актілерге сәйкес еместік немесе күдікті сәйкес еместік туралы аудитордың назарына түсіруі мүмкін. Мысалға, сондай аудиторлық шаралар төмендегілерді қамтуы мүмкін:

- Хаттамаларды оқу;

¹² ХАС 570 (Қайта қарастырылған), *Үздіксіз Қызмет* қараңыз.

- Ұйым басшылығы мен ішкі немесе сыртқы заңды кеңес берушімен сот шешімдері, шағымдар мен баға берулерін талқылау; және
- Әрекеттер, сальдолар немесе ашылымдардың топтары егжей тегжейлі шын мәніндегі тестілеу.

Жазбаша Ұсынымдар (Сілт: Тарм. 17)

A16. Заң мен нормативтік актілердің қаржылық есептілікке ықпалы болғанымен, жазбаша ұсынымдар ықпалдары қаржылық есептілікке тигізетін елеулі түрдегі ықпалы бар болуы мүмкін деген заң мен нормативтік актілерге анықталған немесе күдікті сәйкес еместік туралы басшылықтың біліміне қатысты қажетті аудиторлық дәлелдемені қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, жазбаша түрдегі ұсыным өздері тиісті жеткілікті аудиторлық дәлелдемені қамтамасыз етпей, сондай-ақ, аудитор алуы қажет басқа аудиторлық дәлелдеме сипаты мен ауқымына ықпалын тигізбейді.¹³

Сәйкессіздік Анықталған немесе Күдік Тудырған Кездегі Аудиторлық Рәсімдер

Заңдар мен Нормативтік Актілерге Сәйкессіздік Белгілері (Сілт: Тарм. 19)

A17. Аудитор заңдар мен нормативтік актілерге сәйкессіздік туралы ақпараттан 13-17-тармақтардағы рәсімдерді орындау нәтижесінен бөлек жағдайларда хабардар болуы мүмкін (мысалы, аудиторға хабарлаушының сәйкессіздігі туралы ескертілген кезде).

A18. Егер аудитор келесі мәселелердің бар екендігі туралы немесе ақпарат туралы хабардар болса, бұл заңдар мен нормативтік актілерге сәйкессіздіктің белгісі болуы мүмкін:

- Қоғамдық ведомствалар мен реттеуші ұйымдар жүргізетін тексеру, айыппұл немесе өсімақы төлеу.
- Көрсетілмеген қызмет үшін төлеу немесе кеңес берушілерге, байланысты жақтарға, жұмыскерлерге немесе қоғамдық қызметкерлерге заемдар беру.
- Делдалдарға сатқаны үшін комиссиялық сыйақы немесе гонорарлар, олар әдетте ұйым төлейтін берілген салада немесе берілген қызмет үшін сомалармен салыстырғанда өте көп.
- Өте жоғарғы бағамен немесе нарық бағасынан өте төмен бағамен сатып алулар.

¹³ 580 ХАС, *Жазбаша Ұсынымдар*, 4 тармақ

- Нақты ақшамен ерекше төлемдер, ұстаушы төленетін касса чектері түріндегі сатып алулар немесе нөмірлік банк шоттарына аударулар.
- Жеңілдік салық салу аймағында тіркелген комиссиялар мен ерекше опциялар.
- Тауар мен қызметтің шыққан елінен басқа елге тауарлар мен төлемдер жасау.
- Тиісті валюта айырбастау құжаттарынсыз төлемдер жасау.
- Адекватты аудиторлық ізді немесе жеткілікті дәлелді қасақана немесе кездейсоқ қамтамасыз етпейтін бухгалтерлік есептің болуы.
- Санкцияланбаған немесе дұрыс тіркелмеген опциялар.
- Бұқаралық ақпарат құралдарындағы түсініктемелер.

Аудитордың Баға беруіне Қатысты Мәселелер (Сілт: Тарм. 19(b))

A19. Қаржылық есептілікке мүмкін ықпалды бағалаған кезде, аудитор мынаны қарастырады:

- Анықталған немесе күдік тудыратын қаржылық есептілік туралы заңдар мен нормативтік актілерді сақтамаудың ықтимал қаржылық салдары, мысалы, айыппұлдар, өсімпұлдар, залалдар, активтерді экспроприациялау қаупі, операцияларды мәжбүрлі түрде тоқтату және сот процестері.
- Потенциал қаржы зардаптарын ашу қажеттілігін.
- Потенциал қаржы зардаптары қаржылық есептілікте көрсетілген дәл және тура ұсынысқа күдік туғызатындай тым қатты болуы мүмкін.

Аудит Рәсімдері және Анықталған немесе Күдік тудыратын Сәйкессіздіктер туралы Басшылыққа және Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғаларға хабарлау (Сілт: Тарм. 20)

A20. Аудитор күдік тудыратын сәйкессіздіктерді басшылықтың тиісті деңгейімен және, қажет болған жағдайда, басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен талқылауы тиіс, өйткені олар қосымша аудиторлық дәлелдемелер ұсына алуы мүмкін. Мысалы, аудитор басшылықтың және қажет болған жағдайда басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың заңдар мен нормативтік актілерге сәйкессіздігіне әкелген мәмілелер мен оқиғаларға қатысты фактілер мен жағдайларды бірдей түсінетіндігін растауы мүмкін.

A21. Алайда, кейбір заңнамаларда заң немесе нормативтік актілер кейбір мәселелер бойынша аудитордың басшылықпен және өкілеттік берілген

адамдармен байланысын шектеуі мүмкін. Заң немесе нормативтік актілер тиісті органның нақты немесе күдікті, заңсыз әрекетке, соның ішінде ұйымды ескертуге, тергеуге кедергі келтіретін хабарлауға немесе басқа әрекетке арнайы тыйым салуы мүмкін, мысалы, аудитордан заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы заңнамаға сәйкес тиісті органға анықталған немесе сәйкес келмеуі туралы есеп беру қажет болған кезде. Мұндай жағдайда аудитор қарастыратын мәселелер күрделі болуы мүмкін және аудитор заңгерлік кеңес алуды орынды деп санайды.

- A22. Егер ұйым басшылығы және басқару өкілеттігіне ие тұлғаларымен аудиторға нақты түрде сәйкес келеуі жөнінде қанағаттанарлық жеткілікті ақпарат бермесе, аудитор берілген жағдайда заң және нормативтік актілерін қолдануға, сонымен қатар алаяқтық мүмкіндігі мен қаржылық есептілікке ықпал етуіне қатысты ұйым ішіндегі немесе сыртындағы заңгерлермен ақылдасуы тиіс. Егер ұйымның заң кеңесшісімен кеңесу орынды болмаса немесе аудитор заң кеңесшісінің пікірімен қанағаттанбаса, аудитор фирманың, желілік фирманың ішіндегі басқа қызметкерлерімен, кәсіпқоймен немесе заңға немесе нормативтік актілерге қайшы келетіндігі туралы, соның ішінде алаяқтық, мүмкін болатын құқықтық салдар және аудитор қандай шаралар қолданатындығы туралы аудитордың заңды кеңесшісімен құпия негізде кеңес алу орынды деп санауы мүмкін.

*Анықталған немесе Күдік Тудыратын Сәйкессіздіктің Салдарын Бағалау
(Сілт: Тарм. 22)*

- A23. 22 тармақта талап етілгендей, аудитор аудиттің басқа аспектілеріне, соның ішінде аудитордың тәуекелдерін бағалауға және жазбаша ұсынымдардың дұрыстығына қатысты анықталған немесе күдікті сәйкессіздіктердің салдарын бағалайды. Анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздік салдары қылмыс пен жасырудың ара қатынасына байланысты болады, егер нақты бақылау іс-әрекеті үшін акт болса және басқару ұйымы жұмыс істесе немесе оның басшылығымен жұмыс істесе, жеке тұлға деңгейіне қатысты болады, әсіресе ұйым ішіндегі ең жоғарғы органның қатысуымен байланысты. 9 тармақта айтылғандай, аудитордың заңға, нормативтік актілерге немесе тиісті әдеп талаптарына сәйкестігі 22 тармаққа сәйкес аудитордың міндеттеріне қатысты қосымша ақпаратты ұсынуы мүмкін.
- A24. Аудитордың басшылықтан алынған жазбаша ұсынымдардың сенімділігі туралы анықталған немесе күдік тудыратын сәйкессіздіктің салдарын бағалауы мүмкін жағдайлардың мысалдары және, мүмкін болған жағдайда, басқару өкілеттігіне ие тұлғалар мыналарды қамтиды:

- A3. Аудитор кәсіпорынның басшылығымен аудит келісімін орындау мен атқару үшін аудитті жоспарлау элементтерін талқылауы мүмкін (мысалы, жоспарланған аудит шараларын кәсіпорын қызметкерлерінің жұмысына сәйкестендіруі). Әдетте, осындай талқылаулар орын алса да, аудит жалпы стратегиясы мен аудит жоспары аудитордың жауапкершілігінде болады. Аудит жалпы стратегиясы немесе аудит жоспарына енгізілген мәселелерді талқылау кезінде, аудитор аудиттің тиімділігін сақтауды қарастыруы тиіс. Мысалы, аудиторлық шараларды болжауға болса, басшылықпен егжей-тегжейлі аудиторлық шаралардың сипаты мен мерзімдерін талқылау аудиторлық шараларды аудиттің тиімділігі беделін түсіруге болады.

Жоба бойынша Топтың Шешуші Мүшелерінің Қатысуы (Сілт: Тарм.5)

- A4. Аудитті жоспарлауға жоба бойынша әріптес мен басқа шешуші мүшелерінің қатысуы тәжірибелері мен біліміне сүйенеді. Жоспарлау

үдерісінің сәйкестігі мен тиістігі арттыра береді.⁸

Келісім бойынша Алдын-ала Жұмыстары (Сілт: Тарм.6)

- A5. Ағымдағы аудит бойынша келісімнің басында 6 тармақта көрсетілген алдын-ала шараларды орындау аудиторға жоспарлауға және аудит бойынша келісімді орындауға аудитордың қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін жағдайларды немесе оқиғаларды анықтауға және бағалауға көмектеседі.
- A6. Бұл келісім бойынша алдын-ала шараларды орындау аудиторға аудит бойынша келісімді жоспарлауға мүмкіншілік береді. Мысалы:
- Аудитор тәуелсіздікті сақтауы керек және келісімді орындай алатын мүмкіндіктері болуы керек.
 - Басшылық адалдығында күрделілік болмауы қажет.
 - Келісім шарттары бойынша клиентпен түсінбеушіліктің б.
- A7. Аудитордың клиентпен қарым- қатынас және талаптарды, оның ішінде тәуелсіздікті қарастыруы жаңа шарттар мен өзгерістердің пайда болуына қарай бүкіл аудит келісімі барысында қаралады. Ағымдағы аудиттің келісімі басында клиентпен қарым-қатынас және талаптар бойынша бастапқы шараларды орындау (тәуелсіздікке карағанда) аудиттің ағымдағы келісімі бойынша шын мәніндегі шаралар орындалғанға дейін аяқталатын болып табылады. Аудиттің келісімін жалғастыруымен сол сияқты бастарқы шаралар әдетте алдағы аудит аяқталғаннан кейін (немесе байланысты) қысқаша мерзімдер ішінде пайда болуы мүмкін.

Қызметті Жоспарлау

Аудиттің жалпы сипаттағы стратегиясы (Сілт: Тарм.7–8)

- A8. Аудиттің жалпы сипаттағы стратегиясы төмендегілерді нақты көрсетеді және аудитордың тәуекелдерді бағалау шараларының аяқталуына бағынышты болатын мәселелер:
- Аудиттің арнайы баптары бойынша ресурстар мен тәжірибелері бар топ мүшелерін қатыстыру немесе күрделі мәселелер бойынша сарапшыларды тарту;
 - Аудиттің арнайы баптары бойынша ресурстарды бөлуге, түгендеуге тағайындалатын топ мүшелерінің материалдарының

⁸ 315 ХАС (Қайта қарастырылған) 10 тармағы қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалаулары жөнінде жоба бойынша топ мүшелерімен талқылауға нұсқауды береді. 240 ХАС 15 тармағы *Алаяқтық себептері бойынша Қаржылық Есептіліктің Маңызды Бұрмалауларға ұшырауы жөніндегі нұсқауды береді.*

орналасқан жері бойынша, басқа аудиторлар жұмысына тәуекелдік бойынша аймақтарды бөлу үшін сағаттарға қатысты аудиттің бюджеттеу;

- Ресурстарды аралықты аудит фазасы мен есеп беру мерзімдері орын алуы; және
- Ресурстарды басқару, бағыттау және бақылау жүргізіледі, мысалы брифинг немесе дебрифинг өткізу, жоба бойынша әріптес пен басшылықты шолу қалай өткізуі тиіс (мысалы, жұмыс орнында немесе жұмыс орнынан тыс) және сапа бақылау келісімді шолу аяқталуы керек пе, аяқталмауы керек пе.

A9. Бұл қосымшада аудиттің жалпы стратегиясын белгілеу бойынша көрсетулерге мысалдар тізімділген.

A10. Аудиттің жалпы стратегиясын жасау аяқталғаннан кейін аудитор аудиттің әртүрлі мәселелерін қарастыруға арналған маңызды жоспарын дайындауды қолға алуы керек, егер аудитордың ресурстарды тиісті түрде пайдалануы арқылы аудиттің мақсаттарына жету қажеттілігін ескеріп. Аудиторлық жалпы сипаттағы стратегиясы және егжей-тегжейлі түрде жоспарлау аудиторлық дискретті немесе кезекті кезең болып саналмайды, және бұл екі процесс бір бірімен міндетті түрде бөлеу немесе бір ізді процестер емес, бірақ өзара тығыз байланысты, себебі, біріне енгізілген өзгерістер басқасының кезекті өзгерістеріне әкелуі мүмкін.

Шағын кәсіпорындарды қарастыру

A11. Шағын кәсіпорындар аудитінде аудитті Шағын топ жүргізеді. Шағын кәсіпорындар аудитінде жоба бойынша серіктес (жеке тәжірибесі бар кәсіби бухгалтер) және бір жобаның мүшесі (немесе жоба бойынша топтың мүшелері бар болшуынсыз) қатысады. Шағын кәсіпорынның жасағы мүшелері бір-бірінің жұмысын үйлестіруге және хабарлауға көмек береді. Шағын кәсіпорын үшін аудиттің жалпы стратегиясын жасау онша қиын процесс емес; ол субъектінің көлемі мен аудиттің күрделілігіне байланысты. Мысалы, егер бұл меморандум 8 тармақтағы мәселерді көрсетсе, алдыңғы аудиттің аяқталуы бойынша және аяқталған аудит мәселелерінің атап көрсетілуімен жұмыс құжаттары негізінде дайындалған қысқа меморандум аудиттің ағымдағы келісімін жасауға негіз болады.

Аудит жоспары (Сілт: Тарм.9)

A12. Аудит жоспары аудиттің жалпы стратегиясына қарағанда жоба бойынша команда мүшелері орындайтын аудиторлық шаралардың сипатынан, мерзімдері мен ауқымынан тұрады. Келісім бойынша аудитті жоспары дамытылып отыратынымен, шаралар бойынша жоспарлау аудит барысында жүргізіледі. Мысалы, тәуекелділікті бағалау жөніндегі

аудиторлық шаралар аудиттің бастапқы кезеңінде жүзеге асады. Бірақ арнайы аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдері мен ауқымын жоспарлау нәтижелерге байланысты болады. Сондай-ақ аудитор операциялардың кейбір кластары, сальдо шоттары мен аудиттің маңызды жоспарының аяқталуына дейін ашулар бойынша аудиторлық шаралардың орындалуын бастауы мүмкін.

- A13. Жоспарланған тәуекелдерді бағалау рәсімдерінің сипатын, мерзімдерін және көлемін, сондай-ақ олардың ашылуына қатысты аудиторлық шараларды анықтау ақпараттың кең спектрі мен сол ашып көрсетулерде қамтылуы мүмкін егжей-тегжейлі деңгей тұрғысынан маңызды. Бұдан басқа, кейбір ашып көрсетулер жалпы және қосалқы кітаптардың сыртынан алынған ақпараттан тұруы мүмкін, олар бағаланатын тәуекелдерге және оларды шешуге арналған аудиторлық шаралардың сипатына, мерзімі мен көлеміне де әсер етуі мүмкін.
- A14. Ашып көрсету аудиттің басында қарау аудиторға ақпаратты ашуға тиісті уақыт бөлуге және жоспарлау, транзакциялар, оқиғалар және шоттардағы қалдықтар сияқты қарастыруға көмектеседі. Мерзімінен бұрын қарау аудиторға аудиттің әсерін анықтауға көмектеседі:
- Субъектінің ортасының, қаржылық жағдайының немесе қызметіндегі өзгерістердің нәтижесінде талап етілетін маңызды жаңа немесе Қайта қарастырылған ақпарат (мысалы, бизнесті айтарлықтай біріктіру нәтижесінде пайда болған сегменттерді сәйкестендіру және сараланым туралы ақпаратты ұсыну);
 - Қаржылық есептіліктің қолданыстағы жүйесін өзгерту нәтижесінде туындайтын маңызды жаңа немесе Қайта қарастырылған ақпарат;
 - Нақты ашумен байланысты аудиторлық процедураларға көмектесу үшін аудиторлық сарапшыны тарту қажеттілігі (мысалы, зейнетақыға немесе басқа да зейнетақы төлемдеріне қатысты ашулар); және
 - Ашып көрсетуге қатысты мәселелер аудитор басқару өкілеттігіне ие адамдармен талқылауды қалауы мүмкін.⁹

Аудит барысында жоспарлауға өзгерістер енгізу (Сілт: Тарм.10)

- A15. Аудитор делелдемелерінде күтпеген өзгерістер мен жағдайлар, аудиторға аудиттің жалпы стратегиясы мен жоспарын және соған сәйкес аудиторлық шаралардың сипаты, мерзімдері мен ауқымын модификациялаудың қажеттілігін білдіреді. Аудитор жоспарлау кезіндегі ақпараттан ерекшеленетін ақпаратқа назарын аударуы керек. Мысалы, бақылау тиімділігін тестілеу арқылы аудиторлық дәлелдерге қарама-қайшылықты аудиторлық дәлелдер алуы мүмкін.

⁹ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалармен Байланыс*, А13 тармақ

Бағыттау, бақылау және шолу (Сілт: Тарм.11)

A16. Жоба бойынша топтың мүшелерінің сипаты, мерзімі мен ауқымы мен олардың жұмысын шолу көптеген факторларға байланысты. Мысалы:

- Ол субъектінің күрделілігі мен көлеміне.
- Аудит баптарына.
- Маңызды бұрмалаулар тәуекелділігіне (мысалы, аудиттің баптарына қарай маңызды бұрмалаулар тәуекелдігін арттыру әдетте бақыттау ауқымы мен мерзімдерін арттыру мен топтың мүшелерін бақылау мен олардың жұмысының егжей-тегжейлі түрде қарастырады).
- Аудиторлық жұмыс орындайтын персоналдың біліктілігіне.

220 ХАС аудиторлық жұмысты бағыттау, бақылау және шолу бойынша нұсқаулықтан тұрады.¹⁰

Шағын кәсіпорындарды қарастыру

A17. Егер аудитті толығымен жоба бойынша әріптес жүргізсе, жоба бойынша топтың мүшелеріне қадағалауға мен шолуға, сонымен қоса олардың жұмысына шолуға қатысты сұрақтар туындамайды. Осыған сай, жұмыстың барлық аспектілерін жекеше түрде орындап жатқан жоба бойынша әріптес барлық елеулі мәселелерді біледі. Ұқсас тұлға жалпы аудит тағы орындаған жағдайда, аудит барысында жасалған қорытындылардың тиістілігі бойынша шыншыл көзқарасты қалыптастыру практикалық мәселелерді көрсетеді. Егер әсіресе күрделі немесе әдеттен тыс мәселелер қарастырылса, және аудит бір кәсіби тұлғамен жүргізілсе, басқа тиісті түрде тәжірибелі аудиторлар немесе аудитордың кәсіптік орынының кеңесі алынған жөн.

Құжаттама (Сілт: Тарм.12)

A18. Аудиттің жалпы стратегиясын құжаттауда команда мүшелерін ақпараттауға қажетті барлық шешімдер қамтылуы керек. Мысалы аудитор аудиттің жүргізудің жалпы ауқымына, уақытына және жасалуына қатысты маңызды шешімдерді болатын, меморандум нұсқасында аудиттің жалпы стратегиясын жалпылауы мүмкін.

A19. Аудит жоспарын құжаттау аудиторлық шаралар мен тәуекелділікті анықтау шараларының жоспарланған сипатын, мерзімдері мен ауқымын көрсетуге жеткілікті болып саналады. Аудит жоспарын құжаттау олардың орыдалуына дейін бекітілей мен шолу алатын аудиторлық шараларды

¹⁰ 220 ХАС, 15-17 тармақтар

жоспарлауды құжаттауға көмектеседі. Аудитор аудиттің стандарттық бағдарламаларын немесе тексеру тізімдерін пайдалана алады.

- A20. Аудиттің бастапқы жоспарланған жалпы стратегиясы және аудиттің жоспарындағы маңызды өзгерістерді құжаттау, аудиторлық шаралар жоспарланған сипаты, уақыты мен ауқымындағы өзгерістері кезіндегі аудитор әрекеті мен жалпы стратегия мен аудиттің жоспарын аудитке сәйкестендіру аудиторлық шараларды түсіндіруден тұрады. Бұл аудит барысында пайда болатын шын мәніндегі өзгерістерге тиісті түрдегі аудитор жауаптарын көрсетеді.

Шағын кәсіпорындарды қарастыру

- A21. A11 тармақта көрсетілгендей, тиісті қысқа меморандум шағын мекеменің аудит стратегиясының құжаттық рәсімдеуіне қызмет етуі мүмкін. Аудит жоспарын жасау кезінде, азғана тиісті бақылау шаралары туралы ескертпелерден шығатын, стандартты аудиторлық бағдарламалар немесе бақылау тізімі (A19 тармағын қараңыз) қолданылуы мүмкін, өз кезегінде шағын мекемелерде ондай болуы да мүмкін, егер мұндай бағдарламалар немесе тізімдер аудитордың қаупін қоса алғандағы, аудиторлық тапсырманың нақты жағдайларымен қолданылатын болса.

Бастапқы Аудиторлық Келісімдер бойынша Қосымша Қарастыру (Сілт: Тарм.13)

- A22. Аудитті жоспарлау мақсаты бастапқы аудит үшін және жалғаспалы аудит үшін біреу ғана. Бірақ бастапқы аудитте аудитор, аудитордың әдетте қайта пайда болатын келісімдерді жоспарлау кезінде қарастырылатын кәсіпорынмен тәжірибеге ие болмауынан, жоспарлау жұмысының көлемін ұлғайтады. Алдыңғы аудиттің келісімі бойынша аудитор аудиттің жалпы стратегиясы мен жоспарын жасауда мынадай қосымша сұрақтарды қарайды:

- Егер заң және нормативтік актілер қарсы болмаса, алдыңғы аудитормен әрекеттесу, мысалы жұмыс құжаттарын шолу.
- Басшылықпен талқыланған барлық негізгі мәселелер (бухгалтерлік принциптер немесе стандарттарды қолдану) және осы мәселелер туралы басқару өкілеттігіне ие тұлғалар және осы мәселелерге қатысты аудиторлық жалпы сипаттағы стратегия мен аудиторлық жоспарға әсер.
- Алғашқы сальдоға қатысты жеткілікті және сәйкес аудиторлық дәлелдер алуға қажет жоспарланған аудиторлық шаралар.¹¹

¹¹ 510 ХАС, *Бастапқы Аудиторлық Келісімдер- Алғашқы Теңгерім*.

- Бастапқы аудиттің келісімдері бойынша фирманың сапаны бақылау жүйесімен басқа шаралар (мысалы, фирманың сапаны бақылау жүйесі бойынша басқа әріптес немесе аға қызметкер шын мәніндегі аудиторлық шараларды орындау бастауына дейін аудиттің жалпы стратегиясын шолу немесе есептер шығарылуына дейін есептерді шолуға қатысады).

Қосымша

(Сілт: Тарм.7–8, А8–А11)

Аудиттің Жалпы Стратегиясын Жасауда Аудитормен Қарастырылатын Сұрақтардың Мысалдары

Бұл қосымша аудиттің жалпы стратегиясын жасауда қолданылатын сұрақтардан тұрады. Мұндай сұрақтардың көпшілігі аудитор жасаған аудиттің бөлшекті жоспарлауына әсер етеді. Берілген сұрақтар көптеген келісімдерге қолданылатын әртүрлі мәселелерді қамтиды. Алайда төменде берілген сұрақтардың кейбіреуі басқа ХАС-да қаралуы мүмкін, сұрақтардың барлығы аудиттің барлық келісім шартына қатысты қолданылмайды, және бұл сұрақтар белгілі бір тәртіппен қолданылады.

Аудиторлық Келісімнің Ауқымы

- Аудитке жататын қаржылық ақпарат дайындалған қаржылық есептіліктің тұжырымдама негізі, басқа қаржылық есеп беру жүйесіне сәйкестендіру кез келген қажеттілігін қоса алғанда.
- Есеп берудің салалық талаптары, мысалы, салалық реттеуші органдардың есептері.
- Субъект компоненттерінің саны мен орнын қосып алғанда аудитті қамту.
- Топтың жинақталуын айқындайтын негізгі компания мен оның компоненттері арасындағы бақылау қатынастарының сипаты.
- Басқа аудиторлар орындайтын аудит компоненттерінің ауқымы.
- Арнайы біліктілікті ескере отырып аудитке жататын бизнес сегменттерінің сипаты.
- Аудитке жататын қаржылық ақпаратты ауыстыру қажеттілігінің есеп беру валютасы.
- Топтасу мақсатындағы аудитке қосымша ретінде жекелеген қаржылық есептіліктің міндетті аудитінің қажеттілігі.
- Ішкі аудиторлардың қызметіне қол жеткізуі және олардың жұмысына сенім білдіруінің ауқымы.
- Қызмет көрсететін ұйымдарды қолдану және олар қолданатын бақылаулардың дайындалуы мен қызмет көрсетуіне байланысты аудиторлық дәлелдер.

- Алдыңғы аудиттен алынған аудиторлық дәлелдер күтілген қолданылуы, мысалы, тәуекелдікке баға берулер мен бақылауларды тестілеуге қатысты аудиторлық дәлелдер.
- АКТ қолдануы мен мәліметтерге қол жеткізу арқылы аудиторлық шаралардың ақпаратты технологиясына әсер ету.
- Аудиторлық жұмыстың жоспарланған ауқымы мен мерзімін аралықты қаржылық ақпаратқа шолумен және осындай шолу барысында алынған ақпарат аудитіне әсермен салыстыру.
- Персонал құрамы мен клиент ақпаратына қол жеткізу.

Ақпараттық Үдеріс Пен Аудиторлық Мерзімдер, Есеп Берудің Мақсаты

- Есеп беру кестесі, аралықты және соңғы кезең.
- Аудиторлық жұмыстың сипатын, мерзімдері мен ауқымын талқылау үшін басшылықпен және басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен кездесулер ұйымдастыру.
- Басшылықпен және басқару өкілеттігіне ие тұлғалармен және шығарылатын есептердің күтілетін типтері мен мерзімдерін және басқа хабарларды, жазбаша және ауызша, аудитордың есебімен, басшылық хаттарымен, басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға хабарлауларды қоса, талқылау.
- Келісім кезіндегі аудит жұмысы күйі бойынша күтілетін хабарлауларды басшылықпен талқылау.
- Аудиторлар компоненттерін есеп берудің типтері мен мерзімдері және аудит компоненттеріне байланысты басқа мәліметтермен таныстыру.
- Команда кездесулерінің сипаты мен кестесін есепке алғандағы жоба бойынша топ мүшелерінің арасында ақпараттаудың сипаты мен мерзімдер.
- Аудитке байланысты туындаған заңдық және келісімшарттық міндеттерді есептегендегі үшінші жақтарға мәліметтерді болуын тексеру.

Маңызды Факторлар, Алдын-Ала Келісу Жұмыстары Және Басқа Келісімдер Бойынша Алған Білім

- 320 ХАС¹ сәйкес маңыздылықты белгілеу және қажет болғанда:
 - 600 ХАС² бойынша компоненттердің маңыздылық деңгейін анықтау және аудиторларға хабарлау.

¹ 320 ХАС, *Аудитті Орындау Және Жоспарлаудағы Маңыздылық*

² 600 ХАС, *Ерекше пікір - қаржылық есептілік тобының аудиттері (Бірлескен аудиторлар жұмысын қоса) 21-23 және 40(с) тармақтар*

- Маңызды құрамдас бөлімдер мен әрекеттер бойынша маңызды топтарды алдын-ала айқындау.
- Маңызды бұрмалаулардың тәуекелділігінің жоғарғы деңгейіндегі аудиттің баптарын алдын ала айқындау.
- Қаржылық есептілік деңгейіндегі маңызды бұрмалаулардың бағаланған тәуекелділігінің бағытқа, қадағалауға және шолуға әсері.
- Жобаға скептицизммен қарау және топ мүшелеріне таныстыру әдісі және аудиторлық дәлелдерді жинау мен бағалаудың кәсіби талқылауын қолдану.
- Анықталған кемшіліктер сипаты мен әрекетін есептегендегі ішкі бақылау қызметінің тиімділігін бағалау бойынша өткен аудиттердің қорытындылары.
- Фирма субъектісінің басқа қызметтерін көрсететіне жауапты қызметкерлерді қоса, аудитке әсерін тигізуі мүмкін мәселелерді талқылау.
- Басшылықтың жарамды ішкі бақылау жоспарына және жүзеге асырылуын сақтауына дәлелдері, сонымен бірге, осындай ішкі бақылаудың тиісті құжаттамаларының дәлелдері.
- Қаржылық есептіліктің қолданыстағы шеңберіндегі өзгерістер, мысалы, жаңа немесе Қайта қарастырылған ашулар болуы мүмкін бухгалтерлік есеп стандарттарындағы өзгерістер.
- Аудитор ішкі бақылауға сенуді айқындайтын операциялар мөлшері.
- Бизнестің табысты қызметінде субъект шеңберіндегі ішкі бақылаудың маңызы.
- Процесс (рәсімдер) басшылығы жалпы және қосалқы кітаптардың сыртынан алынған ақпаратты қамтитын ашуды қоса алғанда, қолданылатын қаржылық есеп беру жүйесі талап ететін ақпаратты ашуға және дайындауға қолданылады.
- Субъектіге әсер ететін маңызды бизнес дайындаулары, ақпараттық технология мен бизнес процестеріндегі, негізгі басшылықтағы өзгерістер және сатып алулар, ұйымдардың қосылуы мен инвестициялар мен активтерді алу.
- Маңызды салалық дайындаулар, салалық нормативтік актілердегі өзгерістер, есеп берудегі жаңа талаптар.
- Кәсіпорынға әсер ететін заңдық ортаның өзгерістері сияқты, басқа да маңызды дамытулар.

Ресурстардың Сипаты, Мерзімдері мен Деңгейі

- Елеулі түрдегі бұрмалаулардың жоғары тәуекелдігі болуы мүмкін баптары бойынша жоба бойынша топты таңдау (қажет болғанда, келісім сапасын

бақылауды шолушы) және мүшелері аудиттің жұмысына тағайындау, сонымен қатар тиісті түрде тәжірибелі топтың мүшелерін тағайындау.

- Маңызды бұрмалаулар деңгейі жоғары тәуекелділіктің барлық баптары бойынша уақыт бюджетін қарастыру арқылы келісім бюджеті.

**315 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ
(ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН)**

**ҰЙЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРТАСЫН БІЛУ НЕГІЗІНДЕ ЕЛЕУЛІ
БҰРМАЛАНУЛАР ТӘУЕКЕЛДЕРІН
АНЫҚТАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2013 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

Тармақ

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы	1
Күшіне Ену Күні	2
Мақсаты	3
Анықтамалары	4

Талаптары

Тәуекелдікті Бағалау бойынша Шаралар және Тиісті Қызметтер.....	5–10
Ұйым Және Оның Сыртқы Ортасы Туралы Қажетті Түсінік, Ұйымның Ішкі Бақылауы.....	11–24
Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелдерін Анықтау және Бағалау.....	25–31
Құжаттама.....	32

Қолданбалы және Басқа Түсіндірме Материал

Тәуекелділікті Бағалау бойынша Шаралар және Тиісті Қызметтер.....	A1–A24
Ұйым Және Оның Сыртқы Ортасы Туралы Қажетті Түсінік, Ұйымның Ішкі Бақылауы.....	A25–A121
Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелдерін Анықтау және Бағалау.....	A122–A152
Құжаттама.....	A153–A156

1 - қосымша: Ішкі Бақылаудың Құрамдас Бөлімдері

2 - қосымша: Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелділігін Көрсететін Шарттар Мен Жағдайлар

Ұйым және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелдіктерін Анықтау және Бағалау 315 (Қайта қарастырылған) Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы міндеті және Халықаралық Аудит Стандарттарына сай Аудитті Жүргізу 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Халықаралық Аудит Стандартының (ХАС) ұйым мен оның ортасын, оның ішінде ішкі бақылауды түсіну арқылы қаржылық есептілікте елеулі бұрмаланулардың тәуекелдерін анықтауға және бағалауға арналған аудитордың жауапкершілігін қарастырады.

Күшіне Ену Күні

2. 2013 жылғы 15 желтоқсаннан бастап немесе осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

3. Аудитордың міндеті - алаяқтық немесе қателіктің салдарынан қаржылық есептілік пен растау деңгейлерінде, ұйым және оның ортасын, оның ішінде ішкі бақылауды түсіну арқылы елеулі бұрмаланулардың тәуекелдерін, компанияның ішкі бақылауын қоса алғанда, анықтау және бағалау, сол арқылы елеулі бұрмаланулардың бағаланған тәуекелдеріне жауаптарды әзірлеу және енгізуге негіз қалайды.

Анықтамалары

4. Бұл ХАС мақсатымен төмендегі мағыналары бар терминдерді басшылыққа алу:
 - (a) Бекітулер – Қаржылық есептілікте анық немесе өзге түрдегі басшылықтың ұсынуы, аудитор орын алуы мүмкін бұрмаланулардың әр түрлі түрлерін қарастыру үшін пайдаланады.
 - (b) Іскерлік тәуекелдік – Ұйымның мақсатқа жету және стратегияларын орындауға қабілетіне кері әсер етуі мүмкін шын мәніндегі жағдайлар, оқиғалар, әрекеттер немесе әрекетсіздер немесе сәйкес емес түрде мақсаттар мен стратегияларды белгілеуден туындайтын тәуекелдік.
 - (c) Ішкі бақылау – Қаржылық есептіліктің сенімділігіне, әрекеттердің тиімділігі мен тиістілігіне, сонымен қоса қолданыстағы заңнама мен нормативтік актілерге сәйкестікке қатысты ұйымның мақсаттарына жету бойынша ақпараттың дұрыстығын растау үшін басқару өкілеттігіне ие тұлғалар, басшылық пен басқа персонал қуаттайтын ішкі бақылау. «Бақылау» термині ішкі бақылаудың құрамдас бөлімдерінің бірі немесе одан да көп кез келген аспектілері сипаттауға қолданылады.

- (d) Тәуекелділікті бағалау бойынша рәсімдер – Ұйым пен оның сыртқы ортасын түсіну үшін жасалған рәсімдер, оған қаржылық есептілік пен бекіту деңгейінде елеулі бұрмаланушылық тәуекелдігін бағалау үшін ішкі бақылау кіреді.
- (e) Елеулі тәуекелдік – Аудитті өткізу кезінде аса көп назар аударуды керек ететін тәуекелдік.

Талаптары

Тәуекелдікті Бағалау бойынша Шаралар және Тиісті Қызметтер

- 5. Аудитор қаржылық есептілікте және бекіту деңгейіндегі елеулі бұрмалаушылық тәуекелдіктерін анықтау мен бағалау негізін қамтамасыз ету үшін тәуекелдікті бағалау шараларын орындауы тиіс. Тәуекелдікті бағалау шаралары өздері аудитор пікірі негіздемесін беретін жеткілікті және лайықты аудиторлық дәлелдерді қамтамасыз етпейді. (Сілт: Тарм. А1-А5)
- 6. Тәуекелдікті бағалау шаралары мынадай болуы мүмкін:
 - (a) Басқару сұратуы, жеке тұлғаларға байланысты ішкі аудиторлық міндетті (егер ол бар болған жағдайда), және басқа да кәсіпорындарда материалдары тәуекелділікті табуға көмектесе алатын мәлімдемелер табу. (Сілт: Тарм. А6–А13)
 - (b) Талдамалық шаралар. (Сілт: Тарм. А14-А17)
 - (c) Байқау және тексеру. (Сілт: Тарм. А18)
- 7. Аудитор клиентінен қабылдауы немесе жалғастыруына қатысты үдерістен алынған ақпарат елеулі елеулі бұрмаланулар тәуекелділігін анықтауға сәйкес болуын тексеруі қажет.
- 8. Келісім серіктесі ұйым үшін басқа келісімдерді орындағанда, әріптес алынған ақпарат негізінде елеулі бұрмаланулар тәуекелділігін анықтауға көмектесетін басқа да шараларды қарастырады.
- 9. Егер аудитор ұйыммен алдыңғы аудитте орындалған аудиторлық ақпараттармен аудитордың алдыңғы тәжірибесінен алған ақпаратты қолданғысы келсе, онда аудитор ағымдағы кезеңге әсер етуі мүмкін алдыңғы аудиттен бері пайда өзгерістер болғандығын тексеруі қажет. (Сілт: Тарм. А19-А20)
- 10. Келісім серіктесі пен басқа шешуші мүшелері ұйымның қаржылық есептілігі елеулі бұрмалауға сезгіштігі мен ұйымның деректері мен жағдайларына қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесінің қолданылуын талқылауы қажет. Келісім серіктесі талқылауға шақырылмаған келісім бойынша топтың мүшелерінен қандай мәселелер туралы ақпарат алатынын шешуі тиіс. (Сілт: Тарм. А21-А24)

Ұйым Және Оның Сыртқы Ортасы Туралы Қажетті Түсінік, Ұйымның Ішкі Бақылауы

Ұйым және Оның Сыртқы Ортасы

11. Аудитордың фирмасы мен оның ортасын білуі келесі аспектілерді білуден тұрады:

(a) Қаржылық есептіліктің тұжырымдамасы негізінің сыртқы факторлары мен нормативтік акті салалары; (Сілт: Тарм. А25-А30)

(b) Фирма сипаты, оның ішінде:

i. әрекеттері;

ii. меншігі мен басқару құрылымдары;

iii. фирма жасайтын және жоспарлап отыратын инвестициялар типтері мен арнаулы ұйымдардегі инвестициялары; және

iv. ұйым құрылымдалатын жол және оның қаржыландырылуы

фирма қалай ұйымдастырылғаны мен аудиторға қаржылық есептілікте күтілген әрекеттердің сыныптары, шоттық сальдолар мен ашуларды түсіну үшін несиелендірілуі туралы білім (Сілт: Тарм. А31-А35)

(c) Ұйымның бухгалтерлік саясаттарды таңдауы мен қолдануы, сондағы өзгерістер себептері. Аудитор фирмасының бухгалтерлік саясаттары қызметін қолданыстағы қаржылық есеп беру жүйесімен қатысты салада қолданылатын бухгалтерлік саясаттарға сәйкес келуін тексеруі қажет. (Сілт: Тарм. А36)

(d) Мақсаттар мен стратегиялар, олармен байланысты қаржылық есептілікте елеулі бұрмаланулар тудыратын бизнес тәуекелділіктері. (Сілт: Тарм. А37-А43)

(e) Ұйымның қаржы қорытындыларын бағалау мен шолу. (Сілт: Тарм. А44-А49)

Ұйымның Ішкі Бақылауы

12. Аудитор аудитке қатысты ішкі бақылау туралы білім алуы тиіс. Алайда аудитке қатысты көптеген бақылаулар қаржылық есептілікке қатысы бар болуы мүмкін. Қаржылық есептілікпен байланысты барлық бақылау емес аудитке қатысы жоқ. Аудитор бақылау жеке немесе тұтастай алғанда аудитке қатысы бар болуы туралы кәсіптік білім алуы қажет. (Сілт: Тарм. А50-А73))

Ішкі Бақылауларды Түсінудің Сипаты мен Ауқымы

13. Аудитке қатысы бар, басқару әдістерінің түсінігін алғанда, аудитор басқару әдістерінің әрлендірмесін бағалап, олар қосымша рәсімдерге қосылғандығын бақылайды. (Сілт: Тарм. А74–А76)

Ішкі Бақылаудың Құрамдас Бөлімдері

Бақыланатын орта

14. Аудитор бақыланатын орта туралы білім алуы қажет. Бұл білім алудың бір бөлігі ретінде ол мыналарды бағалауы қажет:
- (a) Басшылық басқару өкілеттігіне ие тұлғалар қадағалауымен адалдық пен мінез-құлқы бойынша мәдениетті құраған мен қолдаған; және
 - (b) Бақылау ортасы элементтеріндегі күштер ұжымдық түрде ішкі бақылау басқа құрамдастарына қатысты тиісті негіздеме қамтамасыз етеді. Сонымен қатар басқа құрамдас бөлімдер бақылау ортасындағы кемшіліктер бұл басқа құрамдас бөлімдерді шегеріп тиісті негіздеме қамтамасыз етеді. (Сілт: Тарм. А77-А87)

Ұйымның тәуекелдікті бағалау үдерісі

15. Аудитор ұйымның келесілер үшін процесстерә бар-жоғынтүсінуі керек:
- (a) Қаржылық есеп беру мақсаттары өздеріне тән бизнес-тәуекелдіктерді айқындауы қажет;
 - (b) Тәуекелдіктер маңыздылығын бағалауы қажет;
 - (c) Олардың пайда болуының мүмкіндігін бағалау; және
 - (d) Бұл тәуекелдіктерді жою үшін мәселелерді шешуі қажет. (Сілт: Тарм. А88)
16. Егер ұйым сол сияқты үдерісті енгізген болса («ұйымның тәуекелдікті бағалау үдерісі» термині), аудитор сол туралы ақпарат пен нәтижелері туралы білуі тиіс. Егер аудитор басшылық анықтауға қабілетті болмаған елеулі бұрмалау тәуекелдіктерін айқындаса, аудитор осыған ұқсас негізгі тәуекелдік болуын бағалауы қажет. Сол сияқты тәуекелдік болса, аудитор үдеріс тәуекелдікті айқындауға қабілеті болмау себебін түсінуі керек, ұйым тәуекелдікті бағалау үдерісіне карағанда ішкі бақылаудағы шын мәніндегі кемшіліктер болуын анықтауы керек, үдеріс жағдайлар өздеріне сәйкес келуін бағалауы қажет.
17. Егер ұйым сол сияқты үдеріс айқандай алмаса немесе арнаулы үдерісі жоқ болса, аудитор қаржылық есеп беру мақсаттарына қатысты бизнес-

тәуекелдіктің айқындалғандығы және олар қалай жойылғандығын талқылауы қажет. Аудитор құжатталған тәуекелдікті бағалау үдерісі болмауы жағдайларға байланысты бағалауы тиіс, немесе ішкі бақылаудағы шын мәніндегі кемшілікті көрсететін-көрсетпейтіндігін айқындауы қажет. (Сілт: Тарм. А89)

Қаржылық есеп берудің жүйесі және хабарлауға қатысты ақпараттық жүйе мен байланысты бизнес-үдерістер

18. Аудитор қаржылық есеп беру жүйесі мен хабарлауға қатысты ақпараттық жүйе мен байланысты бизнес-үдерістер, төмендегі аймақтарды қоса, келесілер туралы білуі тиіс: (Сілт: Тарм. А90-А92 және А95-А96)

- (a) Ұйымның қаржылық есептілік үшін шын мәні бар операцияларындағы әрекеттердің сыныптары;
- (b) Әрекеттер басталған, құжатталған, өңдеуден өткізілген, қажетті түзетілген, бас бухгалтерлік кітапқа енгізілген және қаржылық есептілік есебіне алынған ақпараттық технологиялар мен қол жүйелері шеңберіндегі үдерістер;
- (c) Сәйкес бухгалтерлік жазулар, көмекші ақпарат пен әрекеттерді бастау, құжаттау, өңдеуден өткізу мен есепке алуға қолданылатын қаржылық есептіліктегі арнаулы шоттар; бұл жөнсіз ақпаратты түзету және ақпараттың бас бухгалтерлік кітапқа енгізілу тәсілін қамтиды. Жазулардың қол немесе электрондық нысаны бар болуы мүмкін;
- (d) Ақпараттық қаржылық есептілік үшін шын мәні бар әрекеттерге қарамастан жүйе жағдайларды қалай қамтуы қажет;
- (e) Ұйымның қаржылық есептілігін, бухгалтерлік баға берулер мен ашулар дайындауға қолданылатын қаржылық есеп беру үдерісі; және
- (f) Журналдық жазуларды бақылаулары, қайталанбайтын, әдеттен тыс әрекеттер немесе өзгертулерді құжаттауға қолданылатын стандарттық емес журналдық жазулар. (Сілт: Тарм. А93-А94)

Қаржылық есептілікке қатысты ақпараттық жүйені түсіну жалпы және қосалқы кітаптардың ішінен немесе одан алынған қаржылық есептілікте ашылған ақпаратқа қатысты осы жүйенің тиісті аспектілерін қамтуы керек.

19. Аудитор ұйым қалай қаржылық есеп беру рөлдері, жауапкершіліктері мен қаржылық есеп беруге қатысты шын мәніндегі мәселелер туралы ақпарат беруінің жолдары туралы білуі тиіс: (Сілт: Тарм. А97-А98)

- (a) Басшылық пен басқару өкілеттігіне ие тұлғалардың байланысуы;



және

- (b) Сыртқы хабарлау, мысалы реттеуші орындарға хабарлау.

Аудитке қатысты бақылау қызметтері

20. Аудитор аудитордың пікірі бойынша бекіту деңгейінде елеулі бұрмалау тәуекелдігін бағалау мен бағаланған тәуекелдіктер бойынша бұдан әрі аудиторлық шараларды дамытуды түсінуін қажет ететін аудит болып саналатын аудитке қатысты бақылау қызметтері туралы білуі қажет. Аудит мақсатымен аудитор әрекеттердің әр бір шын мәніндегі сыныбы, шоттық баланс пен қаржылық есептіліктегі немесе өздеріне қатысы әрбір бекітудегі ашып көрсетулерге барлық бақылау қызметтері туралы білуі қажет емес. (Сілт: Тарм. А99-А106)
21. Аудитор ұйымның АТ барысында туындайтын тәуекелділіктерді қалай қабылдайтынын білуі керек. (Сілт: Тарм. А107-А109)

Бақылау мониторингі

22. Аудитор қаржылық есептіліктің ішкі бақылауының мониторингі үшін ұйым пайдаланатын барлық негізгі қызмет түрін, сонымен бірге, аудитке байланысты бақылау қызметтеріне қатыстылары және кәсіпорын өз бақылау қызметтеріне түзету әрекеттерін қалай бастайтындығын қоса алғанда, білуі керек. (Сілт: Тарм. А110-А112)
23. Егер ұйымның ішкі бақылау бар болса,¹аудитор ішкі бақылаудың аудитке қатыстылары бар-жоқтығы туралы білім алуы қажет, ішкі бақылауға жауапкершілігі сипаты және ішкі бақылау өнеркәсіптің ұйымдастыру құрылымына қалай жарайтыны және орындалған немесе орындалуы тиіс қызметтер. (Сілт: Тарм. А113-А120)
24. Аудитор ұйымның мониторингі барысында қолданылатын ақпарат көздері және мұндай мониторингі негізінде ақпарат мақсаты үшін тиісті түрде лайықты болатынын басшылық қарастыратыны туралы білуі қажет. (Сілт: Тарм. А121)

Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелдерін Анықтау және Бағалау

25. Аудитор маңызды бұрмалау тәуекелдігін төмендегі жағдайларға сәйкес анықтау мен бағалауы тиіс:
- (a) қаржылық есептілік деңгейі; және (Сілт: Тарм. А122-А125)
- (b) әрекеттер сыныптары, шоттық баланстар мен ашуларға арналған бекіту деңгейі; (Сілт: Тарм. А126-А131)

бұдан әрі аудиторлық шараларды дайындап атқаруға негіз салады.

¹ 610 ХАС (Қайта қарастырылған 2013), *Ішкі Аудиторлардың Жұмысын Пайдалану*,14(а) тармақ, “ішкі аудит функциялары” ХАС мақсатында терминін анықтайды.

26. Бұл мақсатпен аудитор:

- (a) Ұйым мен оның ортасы туралы білуге қатысты бүкіл үдеріс барысында тәуекелдіктер, тәуекелдіктерге қатысты бақылауларға, және әрекеттердің сыныптары, шоттық баланстар қаржылық есептіліктегі ашуларды (мұндай ашудың сандық немесе сапалық аспектілерін қоса) қарастыру арқылы анықтауы тиіс; (Сілт: Тарм. А132–А136)
- (b) Анықталған тәуекелдіктерді бағалау. Олар тұтастай алғанда қаржылық есептілікке анық қатысы бар-жоқтығы мен көптеген бекітулерге ықтимал әсері ететін-етпейтініне баға беру;
- (c) Аудитор тестілерді жүргізісі келетін сәйкес бақылауларды ескере отырып, бекіту деңгейінде басқаша болатынына қатысты анықталған тәуекелдіктерді анықтау; (Сілт: Тарм. А137-А139)
- (d) Бұрмалаудың ықтималдығын қарастыру, көпшілікті бұрмалаулардың ықтималдығын қоса алғандағы, және ықтимал бұрмалаудың елеулі бұрмалауды туындауы мүмкін болар жиілік мәні бар-жоғын қарастыру. (Сілт: Тарм. А140)

Ерекше Сипаттағы Аудит Қарастыруларын Қажет Ететін Тәуекелдіктер

27. 25 тармақта көрсетілген тәуекелдікті бағалау бөлігі ретінде анықталған тәуекелдіктер біреуі аудитордың пікірі бойынша шын мәніндегі тәуекелдік болып саналатындығын аудитор шешуі тиіс. Пікірін көрсету кезінде аудитор тәуекелдікке қатысты анықталған бақылаулардың әсерлерін алып тастауы тиіс.

28. Тәуекелдіктер шын мәніндегі тәуекелдіктер болып саналатын-саналмайтындығы бойынша пікірін көрсету кезінде, аудитор кем дегенде төмендегі жайларды қарастыруы қажет:

- (a) Тәуекелдік алаяқтық тәуекелдігі бола ма;
- (b) Тәуекелдік соңғы шын мәніндегі бухгалтерлік және өзге дамытуларға байланысы бар ма және соған сәйкес арнаулы назар аудару қажет пе;
- (c) Әрекеттердік күрделілігі;
- (d) Тәуекелдік байланысқан тараптармен шын мәніндегі әрекеттерді қамти ма;
- (e) Тәуекелдікке қатысты қаржылық есептілікті өлшеудегі шыншылдығының деңгейі, атап айтқанда белгісіздікті өлшеу көптеген ауқымын қамтитын өлшеулер; және
- (f) Тәуекелдік ұйым үшін бизнес әдеттен тыс бағдары сыртындағы шын мәніндегі әрекеттерді немесе әдеттен тыс болуы мүмкіндігін

қамти ма. (Сілт: Тарм. А141-А145)

29. Егер аудитор шын мәніндегі тәуекелдігі бар болуын айқындаса, аудитор тәуекелдікке қатысты ұйымның бақылаулары, бақылау қызметтерін білуі қажет. (Сілт: Тарм. А146-А148)

Шын Мәніндегі Шаралар Жеке Өздері Жеткілікті Мен Тиісті Аудиторлық Дәлелдемені Қамсыздандырмайтын Тәуекелдіктер

30. Кейбір тәуекелдіктер жағдайында, аудитор тек қана елеулі шаралардан жеткілікті мен тиісті аудиторлық дәлелдемені алу мүмкін емес немесе ыңғайлы еместігі туралы пікірі жасауы мүмкін. Кейбір тәуекелдіктер сипаттамалары әдетте адами аз қатысуымен немесе қатысуынсыз жоғары автоматтандырылған өндеуді қамтамасыз ететін әрекеттер немесе шоттық баланстар кәдімгі мен шын мәніндегі сыныптарын жөнсіз немесе толық емес түрде құжаттауға қатысы бар. Мұндай жағдайларда, ұйымның тәуекелдіктерді бақылаулары аудитке қатысы бар. Сонымен қатар, аудитор білуі тиіс. (Сілт: Тарм. А149-А151)

Тәуекелдіктерді Бағалауды Тексеру

31. Бекіту деңгейінде елеулі бұрмалаулардың тәуекелдіктеріне аудиторлық баға беру аудит барысында өзгеруі мүмкін, себебі қосымша аудиторлық дәлелдер алынады. Аудитор бұдан әрі аудиторлық шараларды орындаудан аудиторлық дәлелдеме алған жағдайда, немесе егер жаңа ақпарат алынған болса, бұл ақпарат аудитормен әдетте бағалауға негізделетін аудиторлық дәлелдерге сәйкес емес болса, аудитор бағалауға қайта қарауы мен соған сәйкес бұдан әрі аудиторлық шараларды жетілдіруі тиіс. (Сілт: Тарм. А152)

Құжаттама

32. Аудитор құжаттауы қажет:²
- (a) 10 тармаққа сәйкес келісім бойынша топпен талқылауын, сондай-ақ қол жеткен елеулі шешімдерді;
 - (b) 11 тармақта сипатталған мекеменің әрбір жақтарын түсінудің маңызды құрауыштары және оның айналасы, және 14-24 тармақта көрсетілген оның ішкі бақылау жүйесінің әрбір құрауыштары; мұндай түсінік алынған ақпарат көзі; және де тәуекелділік бағалау шараларын орындау;
 - (c) 25 тармаққа сәйкес қаржылық есептілік деңгейіндегі және бекітулер деңгейіндегі анықталған және бағаланған елеулі бұрмаланулар тәуекелділігі; және

² 230 ХАС, *Аудиторлық құжаттама*, 8-11 тармақтар және А6 тармақ

- (d) 27-30 тармақтарға сәйкес бағаланған, анықталған тәуекелділіктер мен байланысқан бақылауларды. (Сілт: Тарм. А153-А156)

Қолданбалы және Басқа Түсіндірме Материал

Тәуекелділікті Бағалау бойынша Шаралар және Тиісті Қызметтер (Сілт: Тарм. 5)

- A1. Ұйым пен оның ортасы, ішкі бақылауы туралы білім аудит барысындағы ақпаратты жинау, жаңарту және талдаудың тұрақты және динамикалық процесі («ұйымды білу» деген термин сияқты сипатталады) болып табылады. Бұл білім кепілдемелер құрылымын белгілейді, оның шеңберінде аудитор аудитті жоспарлайды және аудит барысында кәсіби көзқарасын білдіреді, мысалы:
- Қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелдігін бағалау;
 - 320 ХАС сәйкес маңыздылықты белгілеу;³
 - Есептік саясатты таңдау мен қолдану сәйкестілігін, сондай-ақ қаржылық есептілік ашуларының бара-барлығын қарастыру;
 - Аудиттің арнайы қаралуы қажет болуы мүмкін қаржылық есептіліктегі сомалар мен ашып көрсетулерге қатысты бағыттарды анықтау, мысалы: байланысты тараптармен жасалатын операциялар немесе басшылықтың ұйымның қызметін әрі қарай жалғастыру қабілетін бағалауы; немесе мәмілелердің іскерлік мақсатын қарастыру кезінде;
 - Талдамалық шараларды орындауға қажет жобаларды әзірлеу;
 - Елеулі бұрмалау бағаланған тәуекелдігіне жауап қайтару, сонымен қатар жеткілікті мен тиісті аудиторлық дәлелдер алуға қажет болатын бұдан әрі аудиторлық шараларды әзірлеу мен атқару;
 - Болжамдардың және басшылықтың ауызша немесе жазбаша ұсынымдарының орындылығы сияқты, алынған аудиторлық дәлелдердің жеткіліктілігі мен сәйкестілігін анықтау.
- A2. Себебі мұндай шараларды орындау барысында алынған ақпаратты аудитор елеулі бұрмалау тәуекелдігін бағалауды қолдау үшін аудиторлық дәлел ретінде пайдаланады. Сондай-ақ сол сияқты шаралар елеулі шаралар немесе бақылау тестілеу сияқты жоспарланған жоқ

³ 320 ХАС, *Аудитті Орындау Және Жоспарлаудағы Маңыздылық*

болса да, аудитор операциялар сыныбы, қалдық шоттары және ашулар және байланысты растаулар бақылау операциялық тиімділігіне байланысты аудиторлық дәлелдер алады. Аудитор мәні бойынша шаралар немесе бақылау тестерінің орындалуын тәуекелділікті бағалау шараларымен бір мезгілде орындауды таңдайды, себебі бұлардың бірлесуі тиімді болып келеді.

- A3. Аудитор ұйым пен оның ортасын, ішкі бақылауы туралы білуге қажет ауқымды анықтау үшін кәсіби көзқарасты қолданады. Ұйым пен оның саласы туралы білу ХАС-на сәйкес аудиттің орындалуының маңызды аспектісі болып табылады. Аудиторға қажетті жалпы түсіну тереңдігі басшылықтың кәсіпорынды басқаруда иеленіп отырғанынан аз болады.
- A4. Баға берілуі қажет болатын тәуекелдіктер қателер немесе алаяқтықпен туындайтын тәуекелдіктер қамтиды. Тәуекелдіктер екеуі бұл ХАС-та көрсетілген. Мысалы, алаяқтық тудырған елеулі бұрмаланулар тәуекелдігін анықтауға қажет болатын ақпаратты алу үшін тәуекелдікті бағалау шаралары мен байланысты қызметтерге қатысты талаптар мен нұсқау 240 ХАС-та берілген деп алаяқтық шын мәні болып шығады.⁴
- A5. Аталған бөлімде аудитор ұйым туралы білу барысында (11-24 тармақтарды қараңыз) ұйым пен оның саласының аспектілерін, сондай-ақ бта көрсетілген елеулі бұрмаланулар тәуекелділігін анықтауға қажетті шараларын зерттейді. Сондай-ақ аудитор алынған ақпарат негізінде елеулі бұрмаланулар тәуекелділігін анықтауға көмектесетін басқа да шараларды қарастырады. Мысалы:
- Аудитор сыртқы көздерден алынған ақпарат, мысалы аналитиктер, банктер мен рейтингілік агенттіктер есебі, сауда және экономикалық журналдар, заң және қаржылық баспасөз материалдары ұйым туралы ақпарат алуы қажет.
 - Аудитор ұйымның сыртқы заң кеңесшісінің сұрау жүргізуі немесе ұйымға қызмет көрсетуді сараптау мүмкіндігін қарайды.

Менеджмент, ішкі аудит қызметі және ұйым ішіндегі басқа да сұрақтар
(Сілт: Тарм. 6(a))

- A6. Аудиторлық сұраумен алынған мәліметтің көбісі қаржы есеп-қисап басқармасының жауапты тұлғаларынан алынған. Егер кәсіпорында басқа міндеттердің бар болуы, сонымен қатар мәлімет іші аудиторлық сұраныс арқылы алынады.
- A7. Алайда сұрау арқылы аудиторға қажет ақпараттың көпшілігі қаржылық есептілікке жауапты басшылықтан алынады. Ұйымның басқа қызметкерлерінен: өндірістік және ішкі аудит мамандарынан,

⁴ 240 ХАС, *Қаржылық Есептіліктің Аудитін Жүргізу Кезіндегі Алаяқтыққа Қатысты Аудитордың Жауапкершілігі*, 13-25 тармақтар

жауапкершілік деңгейі әртүрлі мамандардан алынатын сұраулар елеулі бұрмаланулар тәуекелділігін анықтауда пайдалы болады. Мысалы:

- Басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға бағытталған сұраулар, қаржылық есептілік дайындалған ортаны білуге. ХАС 260⁵ (Қайта қарастырылған) ішкі аудит мамандарына бағытталған сұраулар, олар жыл бойына ішкі бақылау тиімділігі мен үлгі жобасына қатысты аудиторлық шаралармен басшылық шаралардан алынған мәліметтерге қандай қызмет көрсеткенін анықтауда.
- Жалпы сипаттағы және ерекше сипаттағы операцияларды есепке алу, өңдеуге қатысқан қызметкерлерге сұрау жүргізу, олар аудиторға есеп саясатының белгілі бір баптарын қолдану мен таңдау сәйкестілігін анықтауда.
- Ішкі заң кеңесшісіне бағытталған сұраулар сот дауларына, заңнама мен нормативтік актілерге сәйкестікке, ұйымға әсерететін алаяқтық немесе күдікті алаяқтыққа, кепілдіктерге, сатылған облигацияларға, әріптестер мен келісімдерге және келісімшарттарына қатысты мәселелер туралы ақпарат береді.
- Маркетинг бөлімінің мамандарына бағытталған сұраулар ұйымның маркетингтік стратегиясындағы, сатулар бағыттарындағы, немесе клиенттермен келісім-шарттардағы өзгерістерді білуге көмек береді.
- Тәуекелділік басқармасына жіберілген сұраныс (немесе сондай рөл атқарушы), операциялық және реттеу тәуекелділік мәліметті ұсына алады, олар қаржы есеп-қисапқа әсер етеді.
- Ақпараттық жүйе қызметкерлеріне жіберілген сұраныс, жүйені өзгерістер туралы мәлімет бере алады, немесе ақпараттық жүйе тәуекелділікті басқара алмауын дәлелдейді.

A8. Ұйым ортасымен түсінігін алу тоқтаусыз, серіпті үдеріс болғандықтан, аудиторлық сұраныстар аудиторлық тапсырма бойынша болады.

Ішкі Аудит Міндеті Бойынша Сұраныс

A9. Егер ұйымның ішкі аудит міндеті болса, сәйкесінше тұлғалардың сұранысын функция шегінде, ақпаратты бере алады, ол аудиторға мәннің түсінігі мен ортасын қабылдауға, сонымен қатар анықтау мен бағалау тәуекелге мәнді бұрмалау қаржылық есептеме деңгейінде және бекіту деңгейінде пайдалы. Өз жұмыстарын атқара отырып, ішкі аудит міндеті, ұйым қызметін көрсетуді және бизнес тәуекелді алған сияқты,

⁵ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілеттілігіне ие Тұлғалармен Қарым-қатынас*, 4(b) тармақ

сонымен қатар оның жұмысына қарай тұжырым жасай алады, олар бақылау мен тәуекелдің жетіспеушілік тұжырымы сияқты, аудитордың кәсіпорынмен түсініміне, аудитордың тәуекел есебіне немесе басқада аудитор аспектісіне үлкен салым сала алады. Аудиторлық сауалдар ішкі аудит міндетінің түрі, мерзімін немесе дәрежесін төмендетуі үшін қолдану неме қолданбауы үшін жасалған, аудиторлық процедура орындалуы тиіс.⁶ Ерекше тапсырмасы бар сауалдар сұрақтар жайында ішкі аудит міндеті басқаруға мүмкіндігі бар және өзінің тәуекел міндетінің есептеу процесінің қорытындысы болуы мүмкін.

- A10. Аудиторлық сұрауларына жауап негізделген болса, онда ол ұйымның қаржылық есептілікті және аудиторлық үшін маңызды болуы мүмкін нәтижелері көрінеді, аудитор ішкі аудит қызметінің есептерін байланысты оқып, ол тиісті қарастыра алады. Тиісті болуы мүмкін ішкі аудит қызметінің есептерінің мысалдары, басқару немесе ішкі аудиттің атқаратын қызметінің емтихандарының нәтижелерін сипаттайтын, басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға дайындалды, сол функцияның стратегиясы және жоспарлау құжаттары мен есептерді қамтиды.
- A11. Сонымен қатар, ХАС 240⁷ сәйкес, ішкі аудит функциясы кез келген нақты, немесе күдікті алаяқтық туралы аудиторға ақпаратты қамтамасыз етеді, аудитор алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекеліне аудиторлық сәйкестендіру назарға қабылдайды.
- A12. Анықтамалар жасалған ішкі аудит функциясы тұлғалармен мұндай бас ішкі аудит атқарушы ретінде, аудитордың пікірі бойынша, тиісті білім, тәжірибелері мен билік жүргізу міндеті тапсырылғандарға немесе жағдайларға байланысты, функциясы шегінде басқа да мамандар көмектесе алады. Сонымен қатар, аудитор ол тиісті аталған тұлғалар мерзімді кездесулер бар болуы мүмкін деп санайды.

Қоғамдық сектор ұйымдарін ерекше түрде қарастыру (Сілт: Тарм. 6(a))

- A13. Қоғамдық сектор ұйымдарінің аудиторлар жиі қолданылатын заңдар мен ережелерге сәйкес ішкі бақылау және сақталуын ескере отырып, қосымша міндеттері болады. Ішкі аудит қызметі тиісті адамдардың анықтамалар қолданыстағы заңдарға және ережелерге қаржылық есептілігін ішкі бақылаудағы кемшіліктерінің қаупті болуы материалдық сақтамаған қаупін анықтау аудиторларда көмек болады.

Талдамалық үдеріс (Сілт: Тарм. 6(b))

⁶ Тиісті талаптар 610 ХАС (2013 жылы қайта қарастырылған) жүргізіледі.

⁷ 240 ХАС, 20 тармақ

- A14. Тәуекелдерді бағалау рәсімдері ретінде орындалған талдамалы шаралардан аудитор бейхабар болады және бағаланған тәуекелдерге жауаптарды әзірлеу, енгізу үшін негізгі қамтамасыз ету мақсатында туындалған елеулі бұрмаланулардың тәуекелін бағалау көмек алатын ұйымның аспектілерін анықтауы мүмкін. Тәуекелдерді бағалау рәсімдері ретінде орындалған талдамалы шаралар, мысалы, сату және сатылған тауарларды кеңістік немесе көлемін сату шаршы көлемі арасындағы қарым-қатынастарды, екі қаржылық және қаржылық емес ақпаратты қамтуы мүмкін.
- A15. Талдамалық рәсімдер аудит салаларындағы мәселелерді көрсететін ерекше операциялар мен оқиғалардың болуы, сомаларды, коэффициенттер мен трендтерді тануда көмек алады. Ерекше немесе күтпеген қатынастарда алаяқтық туындағанда, елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтау маңызды болады, бұрмалаулар әсіресе тәуекелдерді аудитор көмектесуі мүмкін.
- A16. Алайда, мұндай талдамалық рәсімдер (тәуекелдерді бағалау рәсімдерін негізінде орындалған талдамалы шаралар жағдайы болуы мүмкін) жоғары деңгейде біріктірілген деректерді пайдаланады. Осы талдамалық шаралардың нәтижелері ғана тәуекелді болуы туралы кең бастапқы көрсетуді қамтамасыз етеді. Тиісінше, мұндай жағдайларда, талдамалық рәсімдердің нәтижелерімен бірге елеулі тәуекелді анықтау кезінде жиналған өзге де ақпаратты қарап түсіну үшін аудиторды көмек талдамалық рәсімдердің нәтижелерін бағалау мүмкін.

Шағын Ұйымдарды Қарастыру

- A17. Кейбір Шағын кәсіпорындар талдамалы шаралары мақсаттарымен қолданыла алатын аралықты немесе айлық қаржылық ақпарат болмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда, аудитті жоспарлау немесе сұрау арқылы біраз ақпаратты алу мақсаттарымен аудитор шектеулі талдау шараларын атқара алса да, аудитор ұйым қаржылық есептілігі бойынша ерте жобаға қол жеткізуі кезінде елеулі бұрмалау тәуекелдіктерін анықтау мен бағалауға қажет болатын талдау шараларын орындауды жоспарлауы қажеттілігі пайда болуы мүмкін.

Байқау Мен Тексеру (Сілт: Тарм. 6(c))

- A18. Байқау және тексеру басшылық пен қызметкерлер сұрауларын толықтырады, сондай-ақ ұйым пен оның саласы туралы ақпаратты береді. Бұл аудиторлық шараларға мыналар кіреді:
- Фирма қызметін және жұмыстарын бақылау.
 - Құжаттарды зерттеу (бизнес-жоспарлар мен стратегиялар) ішкі бақылау туралы жазбалар мен нұсқаулар.
 - Басшылықтың дайындаған (тоқсандық есеп берулер,

аралықты қаржылық есеп берулер) және басқаруға өкілетті тұлғалардың (директорлар кеңесінің жиналастарының хаттамасы сияқты) есеп берулерді зерттеу;

- Кәсіпорынның ғимараттарына және зауыт ғимараттарына бару.

Өткен Кезеңдерден Алынған Ақпарат (Сілт: Тарм. 9)

A19. Аудитордың ұйыммен және алдыңғы аудиттер кезінде орындалған аудиторлық шараларға қатысты алдыңғы тәжірибесі сол сияқты мәселелер туралы ақпарат беруі мүмкін. Мысалы:

- Өткен аудит барысындағы бұрмалаулар, олардың уақытында түзетілуі.
- Ұйым пен оның ортасы сипаты, сондай-ақ ұйымның ішкі бақылауы (ішкі бақылаудағы кемшіліктер).
- Алдыңғы кезеңнен бастап ұйым пен оның саласындағы шын мәніндегі өзгерістер; сондай-ақ мұндай өзгерістер аудиторға елеулі бұрмалау тәуекелдігін анықтау мен бағалау үшін ұйым туралы жеткілікті білім алуына көмектесе алады.
- Аудитор қажетті аудиторлық шараларды орындауда қиындықтарға тап болған кезде, мысалы, олардың күрделілігіне байланысты транзакциялар мен басқа оқиғалардың немесе шоттардағы қалдықтардың (және онымен байланысты ақпаратты ашу) нақты түрлері.

A20. Егер аудитор ағымдағы аудит мақсаттарымен ақпаратты қолданғысы келсе, аудитор алдыңғы кезеңдерде алынған ақпарат сәйкестігін тексеруі қажет. Оның себебі бақылау ортасындағы өзгерістер, мысалы, алдыңғы жылда алынған ақпарат сәйкестігіне әсер етуі мүмкін. Сондай ақпараттың сәйкестігіне әсер етуі мүмкін өзгерістер пайда болғанын анықтау үшін аудитор сұраулар жүргізуі мүмкін, сондай-ақ басқа тиісті аудиторлық шаралар, мысалы, сәйкесті жүйелерді жіті зерттеуді орындай алады.

Келісім тобы арасындағы талқылау (Сілт: Тарм. 10)

A21. Келісім бойынша топ мүшелері ұйымның қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануларға қатыстылығын талқылауы қажет. Оның мақсаты:

- Талқылау келісім бойынша топтың тәжірибелі мүшелерінің ұйым туралы білімдерімен бөлісуіне мүмкіндік береді.
- Топ мүшелеріне ұйымға қатысты бизнес тәуекелділігі туралы ақпаратпен пікір алмасуға жәрдемдеседі топ мүшелеріне ұйымға қатысты бизнес тәуекелділігі туралы ақпаратпен пікір алмасуға жәрдемдеседі, ұйымның қаржылық есебінің алаяқтық тудыратын

елеулі бұрмалануларға қатыстылығына ерекше назар аударылады.

- Келісім бойынша топтың мүшелеріне оларды тағайындауға ерекше салалардағы қаржылық есептілік елеулі бұрмалануларының мүмкіндігі туралы жақсы білуге, сондай-ақ мүшелері орындайтын аудиторлық шаралар нәтижесі аудиттің басқа аспектілеріне, кейінгі аудиторлық шараларының сипаты, мерзімі мен деңгейіне қалай әсер ететуі мүмкіндігі туралы білуге жәрдемдеседі.
- Топ мүшелері ұйымға елеулі бұрмалау тәуекелдігін бағалауға немесе бұл тәуекелдіктерді жою үшін орындалған аудиторлық шараларға әсер етуі мүмкін аудит барысында жаңа ақпаратпен пікір алмасуының негізін қамтамасыз етеді.

240 ХАС топ мүшелері алаяқтық тәуекелі туралы талқылауы бойынша бұдан әрі талаптар мен нұсқау ұсынады.⁸

A22. 10 тармақта талап етілген келісім бойынша топтың талқылауының бөлігі ретінде, қаржылық есептіліктің қолданыстағы құрылымын ашып көрсетуге қойылатын талаптарды қарастыру, ашуға қатысты маңызды бұрмаланулардың қаупі болуы мүмкін аудиттің басында анықтауға көмектеседі. Келісім бойынша топ талқылауы мүмкін мысалдарға мыналар кіреді:

- Елеулі жаңа немесе қайта қаралған ашуларға әкелуі мүмкін қаржылық есептіліктің талаптары;
- Ұйым ортасындағы, қаржылық жай-күйіндегі немесе елеулі жаңа немесе қайта қаралған ашуларға әкелуі мүмкін қызмет, мысалы, тексерілетін кезеңдегі бизнесті айтарлықтай біріктіру;
- Бұрын жеткілікті аудиторлық дәлелдерді алу қиын болған болуы мүмкін ақпаратты ашу; және
- Күрделі мәселелер туралы, оның ішінде қандай ақпаратты ашуға қатысты басшылықтың маңызды пікірімен байланысты ақпаратты ашу.

- Жүргізілген аудиторлық шаралардың нәтижесі, сонымен бірге алаяқтық немесе қателер сияқты мағыналы жағдайлардың аудиторлық дәлелдері;
- Қол жетерлік ақпараттардың сенімділігі және ақпарат алу көздері;
- Аудиторлық дәлелдердің сенімділігі;
- Ішкі бақылауға қоса ұйым және оның ортасы жайлы мағлұмат болу.

Құжаттама (Сілт: Тарм. 28)

А63. Аудиторлық құжаттаманың нысаны мен көлемі кәсіби пікірге жатады және ұйымның сипаты, мөлшері мен күрделілігі және оның ішкі бақылауы, ұйымнан ақпараттың қол жетімділігі және аудитте қолданылатын аудит әдістемесі мен технологиясы әсер етеді.

⁷ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 31 тармақ

402 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН
ПАЙДАЛАНАТЫН ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСТЫ
АУДИТ ҚАРАСТЫРУЛАРЫ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы.....	1–5
Күшіне ену күні.....	6
Мақсаты	7
Анықтамалары	8
Талаптары	
Ішкі Бақылауды Қоса Алғандағы Қызмет Көрсетуші Ұйымдар Көрсететін Қызметтер Түсінігін Алу.....	9–14
Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Жауап Беру	15–17
Қосалқы мердігер қызметтерін қоспайтын 1 үлгідегі және 2 үлгідегі есептер	18
Қызмет Көрсетуші Ұйым Қызметтеріне Қатысты Алаяқтық, Заңдар Мен Нормативтік Актілерге Сәйкессіздік Және Түзетілмеген Бұрмаланулар	19
Пайдаланушы Аудитордың Есеп Беруі	20–22
Қолданбалы және басқа түсіндірме материал	
Ішкі Бақылауды Қоса Алғандағы Қызмет Көрсетуші Ұйымдар Көрсететін Қызметтер Түсінігін Алу	A1–A23
Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Жауап Беру	A24–A39
Қосалқы мердігер қызметтерін қоспайтын 1 үлгідегі және 2 үлгідегі есептер	A40
Қызмет Көрсетуші Ұйым Қызметтеріне Қатысты Алаяқтық, Заңдар Мен Нормативтік Актілерге Сәйкессіздік Және Түзетілмеген Бұрмаланулар	A41
Пайдаланушы Аудитордың Есеп Беруі	A42–A44

Қызмет Көрсетуші Ұйымдардың Қызметін Пайдаланатын Ұйымдарға Қатысты Аудит Қарастырулары, 402 Халықаралық Аудиттің Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеттері Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу, 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) пайдаланушы ұйым бір немесе бірнеше қызмет көрсетуші ұйымдардың қызметтерін пайдаланған кезде пайдаланушы аудитордың жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді алуы бойынша жауапкершілігін қамтиды. Атап айтқанда, ол пайдаланушы аудитор пайдаланушы ұйым туралы, оның ішінде аудитке қатысты ішкі бақылау туралы, елеулі бұрмаланулардың тәуекелдерін анықтауға және бағалауға, сондай-ақ осы тәуекелдерге жауап беретін келесі аудиторлық шараларды жобалауға және орындауға жеткілікті түсінік алуда 315 ХАС¹ (Қайта қарастырылған) және 330 ХАС² қолдану тәсілдерін кеңейтеді
2. Көптеген ұйымдар, ұйымның басшылығымен белгілі бір тапсырманы орындаудан бастап, ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерін немесе функцияларын ауыстыруға дейінгі, мысалы, салықты сақтау функциясы сияқты қызметтерді ұсынатын ұйымдарға, бизнесінің сыртқы аспектілерін ұсынады. Мұндай ұйымдар ұсынатын көптеген қызметтер ұйымның іскери операцияларының құрамдас бөлігі болып табылады; дегенмен, бұл қызметтердің барлығы аудитке қатысты бола бермейді.
3. Бұл қызметтер және оларды бақылау қолданушы мекемелермен байланысты процестерінің, қаржылық есептілікпен байланысты бизнес-процестің бөлігі болғанда, қызмет көрсетуші ұйымдармен көрсетілетін қызметтер қолданушы мекемелердің қаржылық есеп аудитіне қатысты. Қызмет көрсетуші ұйымдағы көпшілікті бақылау қаржылық есептілікке қатысы болуы ықтимал. Соған қарамастан аудитке қатысты басқа бақылау болуы ықтимал. Мысалы, активтерді сақтап қоюдың қауіпсіздігі бақылануы ықтимал. Қызмет көрсетуші ұйымның қызметі қолданушы мекемелердің ақпараттық жүйесінің, сонымен қоса қаржылық есеппен байланысқан бизнес-процестердің бөлігі болып келеді. Бұл қызметтер төмендегілерге әсер етеді:
 - (a) Қолданушы мекемелердің қаржылық есептілігіне маңызды Қолданушының операцияларындағы әрекеттер топтары;
 - (b) Ақпараттық технологиялар (АТ) мен қолмен басқарылатын жүйелердегі шаралар; бұл шаралар арқылы ұйымның әрекеттері инициациялады өтеді, құжатталады, қажетті болатын ретінде

¹ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмаланулардың Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*

² 330 ХАС, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап Ретіндегі Аудиторлық Шаралар*

түзетіледі, бас кітапқа енгізіледі және қаржылық есептілікте көрсетіледі;

- (с) Бухгалтерлік есептің тиісті мәліметтері электронды түрде де, қағаз түрінде де қолданылған, қолданушы мекеменің қаржылық есептемесіндегі дәлелдейтін ақпарат және нақты шоттар, ықпал етуге, есепке, қолданушы мекеменің есебінде операцияларды өңдеу және көрсетуге қолданылатын; және де бұған қате мәліметтерді түзету және ақпаратты негізгі тізімге ауыстыру реті де жатады;
 - (d) Қолданушының ұйымы ақпараттық жүйесі қаржылық есептілікке маңызы бар әрекеттерден басқа да талай жағдайлары мен оқиғаларын қарастырады;
 - (e) Қолданушының қаржылық есептілігін, сондай-ақ шын мәніндегі бухгалтерлік баға берулер мен ашуларды дайындауға қолданылған қаржылық есеп процесі; және
 - (f) Журналдық жазуларды бақылау, сонымен қоса, қайталанбайтын, әдеттен тыс әрекеттер немесе стандартсыз журналдық жазулар немесе түзетулер.
4. Қызметке байланысты қолданушы ұйым аудиторымен орындалуы керек, жұмыстың сипаты мен ауқымы объектінің техникалық көрсеткіштерінің сипаты мен ұйымдастыруына байланысты.
5. Қаржылық институттағы ұйымның шоты, ұйыммен ерекше түрде рұқсат етілген әрекеттер, сонымен қоса банк шотты тексеру әрекеттерін өңдеуі немесе брокер жарна қағаздары әрекеттерін өңдеуі салдарынан, бұл ХАС өңдеумен шектелмеген қаржылық институт көрсететін қызметтерге қолданылмайды. Айтылғанға қосымша, егер жеке мүдделер үлес қосушы алдында есеп берілсе, бұл ХАС басқа ұйымдарда, мысалы серіктестіктерде, бірлестіктерде және қауым ұйымдардағы жеке қаржылық мүдделерден туындайтын әрекеттер аудитіне қолданылмайды.

Күшіне ену күні

6. 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап немесе осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудитіне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

7. Қолданушы ұйымы қызмет көрсетуші ұйымның қызметін пайдаланған кездегі қолданушы-аудитордың мақсаттары:
- (a) Қызмет көрсету бойынша ұйыммен көрсетілетін қызметтердің сипаты мен елеулігі және аудитке қатысты Қолданушы

ұйымының ішкі бақылауына олардың әсері туралы білім алу; яғни бұл білім елеулі бұрмалау тәуекелдігін анықтау мен бағалауға жеткілікті болуы керек; және

- (b) Тәуекелге қатысты аудиторлық шараларды әзірлеуі мен орындауы қажет.

Анықтамалар

8. ХАС мақсатымен, келесі терминдердің төмендегі мағынасы бар:

- (a) Қолданушы нысанының қосымша бақылауы – Өз қызметін ұйымдастыруда қызмет көрсетуші ұйым орындайтын бақылауды заңды қолданушы тұлға енгізеді және бақылау мақсаттарына жету қажет болса, ол өз жүйе сипаттамасында анықталған.
- (b) Қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылауды дамыту мен сипаттау туралы есеп беру (бұл ХАС -та 1 есеп түрі ретінде) – Мазмұнына төмендегілер кіретін есеп:
 - (i) Қызмет көрсетуші ұйымның басшылығы дайындаған, белгілі бір уақытқа сәйкес әзірленген және орындалған қызмет көрсетуші ұйымның жүйесі, бақылау мақсаттары және осылармен байланысты басқару элементтерінің сипаттамасы; және
 - (ii) Қызмет көрсетуді ұйымдастыру жүйесі, бақылау мақсаттары, байланысты бақылау, белгілі бір бақылау мақсаттарына жетуді бақылаудың әзірлеу сәйкестігінің сипаттамасы бойынша қызмет көрсетуші аудитордың пікіріне қарайтын барабар кепілдемені қамтамасыз ету мақсаты бар сервис аудиторының есебі.
- (c) Қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылаудың операциялық тиімділігі, сипаттамасы, дамытылуы бойынша есеп (бұл ХАС -та 2 есеп түрі ретінде) – Мазмұнына төмендегілер кіретін есеп:
 - (i) Қызмет көрсетуші ұйымның басшылығы дайындаған қызмет көрсетуші ұйымның жүйесі, бақылау мақсаттары және осылармен байланысты басқару элементтерінің сипаттамасы, белгілі бір күнінде немесе белгілі бір уақыт барысында оларды әзірлеу мен енгізу және кейбір жағдайда белгілі бір уақыт барысындағы олардың операциялық нәтижелілігі; және
 - (ii) Саналы түрде көрсетілген сенімділік қамтамасыз ету мақсатымен жасалған сервис-аудиторының есебі өз құрамына қосады:

- a. Қызмет көрсетуші ұйым жүйесінің сипаттамасы, бақылау мақсаттары мен байланысты бақылау, арнайы мақсатты басқаруға жету бойынша басқару кезінде топтау кезіндегі жарамдылығы және бақылаудың операциялық тиімділігі бойынша сервис-аудитордың пікірі; және
 - b. Қызмет көрсетуші аудиторының бақылауды тестілеу сипаттамасы және олардың нәтижелері.
- (d) Қызмет көрсетуші аудитор – Қызмет көрсетуші ұйымның сұрауы бойынша қызмет көрсетуші ұйымның бақылауы туралы тұжырымдама есебін беретін аудитор.
 - (e) Қызмет көрсетуші ұйым – қаржылық есепке қатысты бұл ұйымы лердің қаржылық жүйелерінің бөлігі болатын заңды қолданушы тұлғаларға қызмет көрсететін үшінші жақтың ұйымы (немесе үшінші жақтың ұйым сегменті).
 - (f) Қызмет көрсетуші ұйымның жүйесі – аудитордың есебінде көрсетілген заңды қолданушы тұлғаға қызмет көрсету мақсаты бар қызмет көрсетуші ұйым енгізген және қолдайтын саясаты мен шаралары.
 - (f) Шағын қызмет көрсетуші ұйым – қаржылық есептілікке қатысты заңды қолданушы тұлғаның ақпараттық жүйесінің бөлігі болатын Қолданушы ұйымына кейбір қызмет көрсету үшін басқа қызмет көрсетуші ұйымды пайдаланатын қызмет көрсетуші ұйым.
 - (g) Қолданушы аудиторы – заңды қолданушы тұлғаның қаржылық есептілігі бойынша аудит жүргізетін және есеп беретін аудитор.
 - (h) Заңды қолданушы тұлға – Қызмет көрсетуші ұйымның қызметін пайдаланатын және қаржылық есептілік аудитті жүргізетін ұйым.

Талаптары

Ішкі Бақылауды Қоса Алғандағы Қызмет Көрсетуші Ұйымдар Көрсететін Қызметтер Түсінігін Алу

- 9. 315 ХАС -ке³ (Қайта қарастырылған) сай заңды қолданушы тұлға ұйымы туралы білім алуда, заңды қолданушы тұлға аудиторы заңды қолданушы тұлға ұйымының қызмет көрсетуі бойынша ұйымның операцияларын жүргізуде қызмет көрсетуші ұйымның қызметін қалай пайдаланатыны туралы біледі, сонымен қоса: (Сілт: Тарм. А1-А2)

³ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 11 тармақ

- (a) Қызмет көрсетуші ұйым көрсететін қызметтер сипаты мен заңды қолданушы тұлға ұйымына көрсетілетін қызметтер маңызы, сондай-ақ заңды қолданушы тұлға ұйымының ішкі бақылауына әсері; (Сілт: Тарм. А3-А5)
 - (b) Өңделген әрекеттер немесе шоттар немесе қызмет көрсетуші ұйым әсер ететін қаржылық есеп процестерінің сипаты мен маңызы; (Сілт: Тарм. А6)
 - (c) Қызмет көрсетуші ұйым мен заңды қолданушы тұлға ұйымының жұмыстары өзара әрекеттестігінің деңгейі; және (Сілт: Тарм. А7)
 - (d) Заңды қолданушы тұлға ұйымымен қызмет көрсетуші ұйым қатынастарының сипаты, сонымен қоса қызмет көрсетуші атқаратын жұмыстар мен операцияларға қатысты келісімшарты. (Сілт: Тарм. А8-А11)
10. 315 ХАС -ке⁴ (Қайта қарастырылған) сай аудит ішкі бақылау туралы білім алуға заңды қолданушы тұлға аудиторы қызмет көрсетуші көрсететін қызметтерге қатысты заңды қолданушы тұлға ұйымындағы байланысты бақылауды, сонымен қатар қызмет көрсетуші ұйым өндейтін әрекеттерге қолданылатын бақылауды әзірлеу мен енгізуді қарастырады. (Сілт: Тарм. А12-А14)
11. Заңды қолданушы тұлға аудиторы, қызмет көрсетуші ұйым көрсететін қызметтердің сипаты мен маңызы туралы жеткілікті білім және заңды қолданушы тұлға ұйымы аудитке қатысты ішкі бақылауына әсері туралы білім елеулі кемшіліктер тәуекелін анықтау мен бағалау негізін қамтамасыз етуге жеткілікті болғанын қарастырады.
12. Егер заңды қолданушы тұлға аудиторы Қолданушы ұйымынан жеткілікті білім алуға қабілеті болмаса, заңды қолданушы тұлға аудиторы келесі шаралардың бірін немесе бірнешеуінен білім алады:
- (a) Егер қолжетімді болса, 1 немесе 2 үлгі есебін алу;
 - (b) Заңды қолданушы тұлға ұйымы арқылы айрықша ақпарат алу үшін қызмет көрсетуші ұйыммен байланысу;
 - (c) Қызмет көрсетуші ұйымға келіп кету және қызмет көрсетуші ұйымдағы байланысты бақылау бойынша жеткілікті мәліметтерді жеткізетін шараларды орындау; немесе
 - (d) Қызмет көрсетуші ұйымдағы байланысты бақылау бойынша жеткілікті мәліметтерді жеткізетін шараларды орындау үшін басқа аудиторды қолдану.(Сілт: Тарм. А15-А20)

⁴ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 12 тармақ

*Қызмет Көрсету Ұйымының Қолданушы Аудиторының Түсінігін Қолдау
Мақсатында Есеп Берудің 1 Немесе 2 Үлгісін Қолдану*

13. Есептің 1 немесе 2 үлгілері беретін аудиторлық дәлелдердің жеткіліктілігі мен сәйкестігін айқындауда заңды қолданушы тұлға аудиторы келесі ақпарат алуы тиіс:
 - (a) Қызмет көрсетуші ұйым аудиторының кәсіптік құзыреті мен қызмет көрсетуші ұйымнан тәуелсіздігі; және
 - (b) Есептің 1 немесе 2 үлгілері шығарған стандарттардың барабарлығы. (Сілт: Тарм. А 21)
14. Егер Қолданушы аудиторы Қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылауды әзірлеу мен енгізу туралы білуін қолдауға арналған аудиторлық дәлелдер ретінде есептің 1 немесе 2 үлгісін пайдалануды жоспарласа, Қолданушы аудиторы келесі шараларды өткізеді:
 - (a) Қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылаудың сипатталуы мен жоспарлануы заңды қолданушы тұлға аудиторының мақсатына тиісті күнде немесе уақытта болатынын қарастырады;
 - (b) Заңды қолданушы тұлға ұйымы аудит ішкі бақылауы туралы білу үшін есеп беретін дәлелдер жеткіліктілігі мен сәйкестігін бағалайды; және
 - (c) Қызмет көрсетуші ұйыммен анықталған заңды қолданушы тұлға ұйымының қосымша бақылауы Қолданушы ұйымына қатысы бар ма, жоқ па деп қарастырады. Қажет болса, Қолданушы ұйымы мұндай бақылауды әзірледі ме, жоқ па деп білуі қажет. (Сілт: Тарм. А22-А23)

Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Жауап Беру

15. 330 ХАС -ке сәйкес елеулі кемшіліктер бағаланған тәуекеліне қатысты шараларды орындауда, заңды қолданушы тұлға аудиторы:
 - (a) Қаржылық есептілік тұжырымдамасына қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер заңды қолданушы тұлға ұйымындағы жазуларға кол жетерлік па, кол жетерлік емес па; соған байланысты шешім қабылдайды; және, қажет болма,
 - (b) Жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді алуға арналған бұдан әрі аудиторлық шараларды орындайды немесе Қолданушы аудиторы атынан қызмет көрсетуші ұйымда бұл шараларды орындау мақсатымен басқа аудиторды қолдануы тиіс. (Сілт: Тарм. А24-А28)

Бақылау Тесттері

16. Қолданушы аудиторына тәуекелге баға беру кезінде бақылау қызмет көрсетуші ұйымда тиісті түрде жұмыс істейтіні жөніндегі күтуді қосады, қолданушы аудитор келесі шаралардың бірінен немесе бірнешеуінен бақылау нәтижелілігі туралы аудиторлық дәлелдерді жинайды:
- (a) Егер қолжетімді болса 2 үлгі есебін алу;
 - (b) Қызмет көрсетуші ұйымда тиісті бақылау тестерін жүргізу; немесе
 - (c) Қолданушы аудиторы атынан қызмет көрсетуші ұйымда бақылау тестерін жүргізу мақсатымен басқа аудиторды қолдану. (Сілт: Тарм. А29-А30)

Қызмет Көрсету Бойынша Ұйымның Бақылауының Нәтижелілігі Туралы
Аудиторлық Дәлелдер Ретінде Есеп Берудің 2 Үлгісін Пайдалану

17. Егер 16 (a) тармаққа сәйкес қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылау тиісті түрде өткізілетін аудиторлық дәлелдер ретінде есеп берудің 2 үлгісін пайдалануды жоспарласа, қызмет көрсетуші ұйымның аудиторы қолданушы аудиторы тәуекелге баға беруін қолдау мақсатымен бақылау нәтижелілігі бойынша жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді қамтамасыз ете ме, жоқ па деп қолданушы аудиторы шешеді:
- (a) Аудитор қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылау нәтижелілігі, сипаттамасы, жоспарлануы қолданушы аудиторы мақсатымен жеткілікті күнге немесе кезеңге қатысты ма, жоқ па деп шешеді;
 - (b) Қызмет көрсетуші ұйым анықтаған қолданушы ұйымның қосымша бақылауы қолданушы ұйымына қатысы бар ма, жоқ па деп шешеді. Қажет болса, қолданушы ұйымы мұндай бақылау енгізген, орындаған ба, жоқ па деп білуі қажет және керек болса олардың нәтижелілігін тестілейді;
 - (c) Бақылауды тестілеу уақыт кезеңі мен бақылау орындалуынан бері өтіп кеткен мерзімнің дұрыстығын бағалауы керек; және
 - (d) Қызмет көрсетуші ұйымның аудиторы орындаған бақылауды тестілеу және қызмет көрсетуші ұйымның аудиторының есебінде баяндалғандай бақылауды тестілеу нәтижелері қолданушы ұйымының қаржылық есептілігіндегі тұжырымдамаларға сәйкес келеді және қолданушы аудиторы тәуекелін бағалауын қолдау мақсатымен жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдер береді ма, жоқ па деп оны қарастыруы керек. (Сілт: Тарм. А31-А39)

Қосалқы мердігер қызметтерін қоспайтын 1 үлгідегі және 2 үлгідегі есептер

18. Егер қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйымның қызметін, сонымен қоса ұйымының қаржылық есеп аудитіне қатысты қызметін шығарып тастайтын есеп берудің 1 және 2 үлгісін пайдаланғысы келсе, қолданушы аудиторы шағын қызмет көрсетуші ұйымның қызметін қарастыру мақсатымен бұл ХАС талаптарын қолданады. (Сілт: Тарм. А40)

Қызмет Көрсетуші Ұйым Қызметтеріне Қатысты Алаяқтық, Зандар Мен Нормативтік Актілерге Сәйкессіздік Және Түзетілмеген Бұрмаланулар

19. Қызмет көрсетуші ұйым қолданушы ұйымы басшылық алдында есеп берген жоқ немесе қолданушы ұйымы өзге жолдар арқылы алаяқтықты, заң мен нормативтік актілерге сәйкес еместік, немесе қолданушы ұйымының қаржылық есептілігіне әсер ететін түзетілмеген кемшіліктерді білетін-білмейтіндігі туралы сұрайды. Қолданушы аудиторы сондай мәселелер қолданушы аудиторының бұдан әрі аудиторлық шаралардың сипатына, мерзіміне, көлеміне қалай әсер ететінін, сондай-ақ қолданушы аудиторының қорытындысына және аудитордың есебінің әсеріне баға береді. (Сілт: Тарм. А41)

Пайдаланушы Аудитордың Есеп Беруі

20. Егер қолданушы аудиторы қолданушы ұйымының қаржылық есептілігі аудитіне қатысты қызмет көрсетуші ұйымның қызметі бойынша жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді жинауға қабілеті болмаса, онда ол 705⁵ ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес Қолданушы ұйымы аудиторының есебіндегі пікірді түрлендіреді. (Сілт: Тарм. А42)
21. Тек заң немесе нормативтік актілерге сәйкес ғана қолданушы аудиторы оның түрлендірілмеген пікірін қамтитын есебіндегі қызмет көрсетуші аудиторының жұмысын қарастырады. Қажет болса, қолданушы аудиторының есебін ескерту қолданушы аудиторының аудит пікіріне жауапкершілігін кемітпейді. (Сілт: Тарм. А43)
22. Егер қызмет көрсетуші ұйым аудиторы жұмысының сілтемесі қолданушы аудитор пікірінің модификациясын түсінуге қатысты болса, қолданушы аудиторының есебі мұндай сілтемелер қолданушы аудиторға бұл пікірге деген жауапкершілігін кемітпейтіндігін көрсетуі тиіс. (Сілт: Тарм. А44)

⁵ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитор Баяндамасындағы Кейбір Көзқарастарға Жасалған Өзгертулер*, 6 тармақ

Қолданбалы және басқа түсіндірме материал

Ішкі Бақылауды Қоса Алғандағы Қызмет Көрсетуші Ұйымдар Көрсететін Қызметтер Түсінігін Алу

Ақпарат Көздері (Сілт: Тарм. 9)

- A1. Қызмет көрсетуші ұйыммен көрсетілген қызметінің сипаты туралы ақпаратты мынадай әр түрлі көздерден алуға болады:
- Қолданушы үшін нұсқау.
 - Жүйелік шолу.
 - Техникалық нұсқау.
 - Қолданушы ұйымы мен қызмет көрсетуші ұйым арасындағы контракт немесе қызметі деңгейінің келісімі.
 - Қызмет көрсетуші ұйым, ішкі аудиторлар немесе реттеуші орындар қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылау туралы есеп беруі.
 - Қажет болса басшылық хаттарымен қоса қызмет көрсетуші ұйым аудиторының есеп беруі.
- A2. Қолданушы аудиторының қызмет көрсетуші ұйыммен алынған тәжірибесі арқылы алынған мәліметтер, мысалы басқа аудиттің келісімен тәжірибесі арқылы, қызмет көрсетуші ұйыммен көрсетілетін қызметтер сипаты туралы білім алуға пайдалы болып келеді. Егер қызметтер мен қызмет көрсетуші ұйым бұл қызметтерді бақылауы жоғары түрде стандартталса, бұл әсіресе пайдалы болуы ықтимал.

Қызмет Көрсету Бойынша Ұйым Қызметінің Сипаты (Сілт: Тарм. 9(a))

- A3. Қолданушы ұйымы әрекеттерді өндейтін қызмет көрсетуші ұйым сияқты мұндай ұйымды пайдалануы мүмкін және байланысты есеп береді немесе әрекеттерді құжаттайды және қатысты мәліметтерді өндейді. Қызмет көрсететін қызмет көрсетуші ұйымдар мысалы инвестициялайтын, қызметкерлерге жеңілдіктермен қамтамасыз ету жоспары бойынша активтерге қызмет ететін банк сенім білдіретін әрекеттері департаментінен, ипотекамен қамтамасыз ететін банкирлер; қолданушыларға қаржылық және операциялық әрекеттерді өндеуге мүмкіншілік беретін бағдарламалық қосымша мен технологиялар ортасын қамтамасыз ететін қосымшаларды жеткізушілерден тұрады.
- A4. Аудитке қатысты қызмет көрсетуші ұйымның қызметіне мысалдар:
- Қолданушы ұйымының бухгалтерлік жазуларын құжаттау.
 - Активтерді басқару.

- Қолданушы ұйым агенті ретінде әрекеттерді бастамалау, құжаттау немесе өңдеу.

Шағын Ұйымдарды Қарастыру

A5. Шағын ұйымдар кейбір әрекеттерді өңдеуден (мысалы, жалақы салығын өтеу), олардың бухгалтерлік жазуларды құжаттаудан бастап қаржылық есептілікті дайындауға түрленетін сыртқы бухгалтерлік қызметтерін пайдаланады. Өз қаржылық есептілікті⁶ дайындау мақсатымен мұндай қызмет көрсету бойынша ұйым қолданысы Шағын ұйымның басшылығы және қажет болса өкілетті тұлғалардан қаржылық есептілікке жауапкершіліктен алып тастамайды.

Қызмет Көрсетуі Бойынша Ұйым Өңдейтін Әрекеттер Сипаты Мен Маңызы (Сілт: Тарм. 9(b))

A6. Қызмет көрсетуші ұйым қолданушы ұйымының ішкі бақылау жүйелеріне ықпал ететін саясаты мен шараларын орнатып, орындай алады. Бұл саясат пен шаралар кем дегенде жарым-жартылай физикалық, операциялық түрде қолданушы ұйымынан бөлек. Қызмет көрсетуші ұйым бақылауының маңызы мынау ұйым көрсететін қызметтер сипатына, сондай-ақ ол Қолданушы ұйымы үшін өңдейтін әрекеттер сипаты мен маңызына тәуелді. Кейбір жағдайда өңделген әрекеттер мен қызмет көрсетуші ұйым ықпал ететін шоттар қолданушы ұйымының қаржылық есептілігіне мүмкін елеулі емес болар еді. Алайда өңделген әрекеттер сипаты елеулі болуы ықпал және қолданушы аудитормы бұл бақылауды білу жағдайларға қажетті болатынын анықтайды.

Қызмет Көрсету Бойынша Ұйым Мен Қолданушы Ұйымының Жұмыстары Мен Операцияларының Өзара Әрекеттестігінің Деңгейі (Сілт: Тарм. 9(c))

A7. Сондай-ақ қызмет көрсетуші бақылауының маңызы қолданушы ұйымының бақылауына қарай қызмет көрсетуші ұйым мен қолданушы ұйымының жұмыстары мен операциялары өзара әрекетінің деңгейіне тәуелді. Өзара әрекеті Қолданушы ұйымы қызмет көрсетуші ұйым орындайтын өңдеуді бақылауды тиімді түрде іске асыруға қабілеті бар және оны таңдайтын деңгейіне қатысты болып келеді. Сонымен қатар, қолданушы ұйым әрекеттерді мақұлдаса және қызмет көрсетуші ұйым бұл әрекеттерді өңдеп, олар бойынша есепті жүргізген жағдайда, өзара әрекетінің жоғары деңгейі қолданушы ұйымы мен қызмет көрсетуші ұйымының жұмыстары мен операциялары арасында болып келеді. Мұндай жағдайларда қолданушы ұйым ол әрекеттерді тиімді бақылауды іске асыруы үшін бұл тәжірибелік болуы мүмкін. Екінші

⁶ 200 ХАС, Тәуелсіз Аудитор Жалпы Міндеті Және Аудиттің Халықаралық Стандартына Сай Аудитті Жүргізу, 4 және А2-А3 тармақтар

жағынан, қызмет көрсетуші ұйым бастамаласа немесе алдымен мәліметтерді, үдерістерді жинақтаса және қолданушы ұйымының әрекеттері бойынша есепті жүргізсе, онда екі ұйым арасындағы өзара әрекет деңгейі төмен болады. Бұл жағдайларда қолданушы ұйымы өз ұйымындағы әрекеттеріне тиімді бақылау жүргізуге қабілеті жоқ немесе оны қаламауы мүмкін және қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылауға сүйенуі мүмкін.

*Қолданушы Ұйымы Және Қызмет Көрсету Бойынша Ұйым Қатынастарының
Сипаты* (Сілт: Тарм. 9(d))

A8. Қолданушы ұйымы мен қызмет көрсетуші арасындағы қызмет деңгейінің келісімі немесе контракт төмендегі мәселелерді қарастырады:

- Қолданушы ұйымы беретін ақпарат пен қызмет көрсетуші ұйым атқаратын жұмыстарға қатысты әрекеттерді өндеуге жауапкершілікті қарастырады;
- Құжатталуды қажетті ететін жазулар нысаны бойынша реттеуші орындауға қатысты талаптардың қолданысы немесе оларға қол жеткізу;
- Қажет болса, орындауға қабілеті болмаған жағдайда қолданушы ұйымына берілетін өтемақы;
- Қызмет көрсетуші өз бақылауы туралы есеп бере ме, жоқ па; керек болса, мұндай есеп есеп берудің 1 немесе 2 үлгісіне жата ма, жоқ па;
- Қолданушы ұйымының аудиторы қызмет көрсетуші ұйым қолдайтын қолданушы ұйымының бухгалтерлік жазуларына қол жеткізуге құқығы бар ма, жоқ па, аудитті жіргізуге қажетті болатын басқа ақпаратқа қол жеткізуге бола ма, жоқ па деп аудитор анықтайды; және
- Келісім қолданушы ұйымының аудиторы мен қызмет көрсетуші ұйымның аудиторы арасындағы тікелей қатынастарға мүмкіншілік береді ме, жоқ па.

A9. Қызмет көрсетуші ұйым мен қолданушы ұйымы және қызмет көрсетуші ұйым мен қызмет көрсетуші ұйымның аудитор арасындағы тікелей қатынастары бар. Бұл қатынастар әсіресе қолданушы ұйымының аудиторы мен қызмет көрсетуші аудиторы арасындағы тікелей қатынастарын қажет себебімен орнатпайды. Қолданушы аудитор мен қызмет көрсетуші аудитор арасындағы тікелей қатынастар болмаса, онда олар арасындағы қатынастар әдетте қолданушы ұйымы мен қызмет көрсетуші ұйым арқылы орнатылады. Сонымен қоса,

байланысты әдептану мен құпиялылық ой-пікірлерді есептегенімен, тікелей қатынастар қолданушы аудиторы мен қызмет көрсетуші арасында орнатылады. Қолданушы аудиторы өз атынан шараларды іске асыру үшін қызмет көрсетуші аудиторды пайдаланады. Мысалы:

- (а) Қызмет көрсетуші ұйымда бақылауды тестілеу; немесе
- (б) Қолданушы ұйымының қаржылық есептілік әрекеттері мен қызмет көрсетуші ұйым жүргізетін баланстарға қатысты елеулі шаралар.

Қоғамдық Сектор Ұйымдарын Қарастыру

A10. Жалпы алғанда қоғамдық сектор аудиторларының орнатылған заңнамаға сай рұқсат етуге кең құқықтары бар. Алайда, рұқсат етуге кең құқықтар жетімді болмаған жағдай болуы мүмкін, мысалы, қызмет көрсетуші ұйым әр түрлі күзіретте орналасқан жағдайы кездесе алады. Мұндай жағдайларда, қоғамдық сектор аудиторы рұқсат етуге сәйкесті құқықтарды иеленуге болатын-болмайтынын анықтау үшін өзге күзіретте әрекет еткен заңнама жөнінде түсінік алуы тиіс болуы мүмкін. Сондай-ақ, қоғамдық сектор аудиторы қолданушы ұйымына қолданушы ұйымы мен қызмет көрсетуші ұйым арасындағы кез-келген контракттылы келісімдерге кіруге рұқсат алуға құқықтарды біріктіруге өтініш жібереді.

A11. Қоғамдық сектор аудиторы бақылауды тестілеуді жүргізу немесе заң, құқықтық актілер немесе басқа өкілетті орынға сәйкес келуге қатысты маңызды шаралар орындау мақсатымен басқа аудиторды қолдана алады.

Қызмет Көрсету Ұйымында Көрсетілетін Қызметтерді Бақылауды Түсіну (Сілт: Тарм. 10)

A12. Қолданушы ұйымы қолданушы ұйымының аудиторы тестілеуі мүмкін, және қолданушы бақылауы кейбір немесе барлық байланысты тұжырымдама үшін қызмет көрсету бойынша ұйымның бақылауына қарамастан, тиімді түрде жұмыс істегені бойынша қорытындыға мүмкіншілік беретін қызмет көрсету бойынша ұйымның қызметін бақылауды енгізеді. Егер қолданушы ұйымы өз жалақы әрекеттерін өңдеу мақсатымен қызмет көрсетуші ұйымды шақырса, қолданушы ұйымы елеулі кемшіліктерді болдырмау немесе анықтауы мүмкін болар жалақы туралы ақпаратты тапсыру мен алуды бақылауды енгізеді. Бұл бақылау келесі мәселелерден тұрады:

- Мәліметтер өңделгеннен кейін, қызмет көрсетуші ұйым тапсырған мәліметтер қызмет көрсетуші ұйымнан алынған ақпарат туралы есептермен салыстыру.



- Кеңсе дәлдігі үшін жалақының сомаларының үлгісін қайта санау және дұрыстығы үшін жалақының жалпы сомасын қайта шолу.
- A13. Осыған орай қолданушы аудиторы аудитор жалақы әрекеттеріне қатысты тұжырымдама жасау үшін қолданушының бақылауы тиімді түрде жұмыс істейтіні туралы қорытындыға келуге негізін беретін жалақыны өңдеуді қолданушы бақылауын тестілеуді жүргізеді.
- A14. 315 ХАС -ке⁷ сай (Қайта қарастырылған), кейбір тәуекелге қатысын қоса алғанымен, қолданушы аудиторы тек елеулі шаралардан ғана жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдерді жинау қолайлы емес екендігі туралы пікірін білдіреді. Мұндай тәуекелдіктер әрекеттердің регламенттік және маңызды топтары сипаттамалары әдетте аз немесе қолданушымен араласумен жоғары автоматты өңделуді қамтамасыз ететін шот сальдосы туралы дұрыс емес немесе толық емес құжаттау. Бұл автоматты өңдеу сипаттамалары әсіресе қолданушы ұйымы қызмет көрсетуші ұйымының қызметін пайдаланған жағдайға қатысты болып келеді. Осыған орай, қолданушы ұйымы тәуекелді бақылауы аудитке қатысты, және қолданушы аудиторы бұл ХАС -тың 9 және 10 тармақтарына сәйкес сондай бақылауды білуі және бағалауы қажет.

Қолданушы Ұйымы Жеткілікті Ақпаратпен Қамтамасыз Ете Алмайтын Жағдайындағы Кейінгі шаралар (Сілт: Тарм. 12)

- A15. Қолданушы мекеменің аудиторының шешімін пайдалануына қатысты елеулі кемшіліктер тәуекелін айқындау мен бағалауға негіз салуды қажет ететін ақпарат алу мақсатымен 12 тармаққа сәйкес жеке немесе бірлескенде қандай шараларды іске асыру бойынша пікірі келесі мәселелердің бқыпалына түседі:
- Қолданушы мен қызмет көрсетуші ұйымның көлемі;
 - Қолданушы ұйымындағы әрекеттердің күрделілігі, қызмет көрсетуші ұйым қызметінің күрделілігі;
 - Қызмет көрсетуші ұйымның орналасуы (мысалы, егер қызмет көрсетуші ұйым алыс жерде орналасқан болса, қолданушы аудиторы өз атынан қызмет көрсетуші ұйымында шараларды өткізу үшін басқа аудиторды қолдану шешімін қабылдауы мүмкін);
 - Қолданушы аудиторына жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді алуға шара(лар) мүмкіншілік береді ма, жоқ па; және
 - Қолданушы ұйымы мен қызмет көрсетуші ұйымы арасындағы қатынастар сипаты.

⁷ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 30 тармақ

- A16. Қызмет көрсетуші ұйым өз бақылау сипаттамасы мен әзірленуі (есеп берудің 1-ші үлгісі) немесе өз бақылау мен олардың нәтижелілігі (есеп берудің 2-ші үлгісі) туралы есеп берумен айналыса алады. Есеп берудің 1-ші немесе 2-ші үлгісі Ақпараттың дұрыстығын растау тапсырмалары бойынша халықаралық стандарты (ККХС) 3402⁸ немесе рұқсат етілген немесе мойындалған стандартты орнататын ұйым бекіткен стандарттарға сәйкес шығарылады (оларды А түрі немесе В түрі есептері ретінде айқындауы мүмкін).
- A17. Есеп берудің 1-ші немесе 2-ші үлгілері қол жетімділігі әдетте қызмет көрсетуші мен қолданушы ұйымы арасындағы контракт мұндай қызмет көрсетушінің есеп беруін қамтиды ма, жоқ па деп соған тәуелді болады. Сонымен қатар, қызмет көрсетуші ұйым тәжірибелік себебімен қолданушы ұйымына жетімді есептің 1-ші немесе 2-ші үлгісін таңдауы ықтимал. Алайда, кейбір жағдайларда, есептің 1-ші немесе 2-ші үлгісі қолданушы ұйымына қолжетімді болмауы да мүмкін.
- A18. Кейбір жағдайларда қолданушы ұйымы бір немесе одан да көп шын мәніндегі бизнес бөлімшелерін немесе функцияларын, мысалы, өзінің жалпы салығын жоспарлау мен сәйкестік функцияларын немесе қаржы мен есеп-қисап немесе басқару жауапкершілігіне бір немесе одан да көп өзге ұйымдарды қолданады. Қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылау туралы есеп беру бұл жағдайға жетімді болмағанымен, қызмет көрсетуші ұйымға келіп-кету қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылауды танып-білуіне қатысты өте тиімді шара болуы мүмкін, себебі қызмет көрсетуші ұйымның басшылығы мен қолданушы ұйымының өзара әрекеті болуы мүмкін.
- A19. Басқа аудитор қызмет көрсетуші ұйымына байланысты бақылауы туралы қажет болатын ақпаратты беретін шараларды орындауға шақырылады. Егер есеп берудің 1-ші немесе 2-ші үлгісі шығарылса, қолданушы аудиторы бұл шараларды атқару үшін қызмет көрсетуші аудиторды таратады, себебі қызмет көрсетуші аудитордың қызмет көрсетуші ұйыммен қатынастары бар. Қолданушы аудиторы басқа аудитордың жұмысын пайдаланып 600 ХАС -тағы⁹ нұсқауды пайдалы деп санауы мүмкін, өйткені бұл нұсқау басқа аудиторды білуге (әсіресе аудитордың тәуелсіздігі және кәсіптік құзыреті), мұндай жұмыс сипатын, мерзімін, ауқымын жоспарлаудағы және алынған аудиторлық

⁸ ККХС 3402, *Қызмет Көрсетуші Ұйымындағы Бақылау Ақпаратының Дұрыстығын Растау Бойынша Есеп*

⁹ 600 ХАС , *Ерекше Пікір - Қаржылық Есептілік Тобының Аудитортері (Бірлескен Аудиторлар Жұмысын Қоса)*, 2 тармағында: «Аудитор жағдайларға қажетті болатын стандарт ретінде бұл бейімделген, аудитор топтық қаржылық есептілік болмайтын қаржылық есептілік аудитіне басқа аудиторларды шақырған жағдайда пайдалы болып келетін ХАС -ты пайдаланады...» 600 ХАС -тың 19 тармағын да қараңыз.

ақпарат жеткіліктілігі мен сәйкестігін бағалаудағы басқа аудитордың жұмысына қатысы бар.

- A20. Қолданушы ұйымы қаржылық есептілікке қатысты қолданушы ұйымының қаржылық ақпараттық жүйесінің бөлігі болатын, қолданушы ұйымына көрсетілетін кейбір қызмет көрсету үшін шағын қызмет көрсетуші ұйымның жұмысын пайдаланатын қызмет көрсетуші ұйымды таратады. Шағын қызмет көрсетуші ұйым қызмет көрсетуші ұйымнан жеке ұйым болуы мүмкін немесе қызмет көрсетуші ұйымға қатысты болуы мүмкін. Қолданушы аудитору шағын қызмет көрсетуші ұйымның бақылауын қарастыруы қажет. Бір немесе бірнеше шағын қызмет көрсетуші ұйым пайдаланылған жағдайда, қолданушы ұйымы мен қызмет көрсетуші ұйымның жұмыстары мен операцияларының өзара әрекеті қолданушы ұйымы, қызмет көрсетуші ұйым, сондай-ақ шағын қызмет көрсетуші ұйымның өзара әрекетін қамту мақсатымен кеңейтіледі. Бұл өзара әрекеттің деңгейі, сонымен қоса қызмет көрсетуші ұйым мен шағын қызмет көрсетуші ұйыммен өңделетін әрекеттер сипаты мен маңызы қолданушы аудиторуна қолданушы ұйымына қатысты қызмет көрсетуші ұйым мен шағын қызмет көрсетуші ұйымның маңызын айқындауды қарастыру үшін ең маңызды факторлары болып табылады.

*Қолданушы Ұйым Аудиторының Қызмет Көрсетуші Ұйымды Білуін Қолдау
Үшін Есеп Берудің 1-Ші Немесе 2-Ші Үлгілері (Сілт: Тарм. 13-14)*

- A21. Қолданушы аудитору қызмет көрсетуші аудитор кәсіптік ұйымына қызмет көрсетуші немесе басқа кәсіби мамандар туралы сұраныс жібереді және қызмет көрсетуші аудитор реттеуші қадағалауға жатады ма, жоқ па деп сол туралы сұрайды. Қызмет көрсетуші аудитор әр түрлі стандарттар қызмет көрсетуші ұйымның бақылауы туралы есеп беруіне қатысты қолданылған құзыретте дағдыланады және қолданушы аудитору стандарттау жөніндегі ұйымнан қызмет көрсетуші аудитор пайдаланатын стандарт туралы ақпарат алады.
- A22. Есеп берудің 1 немесе 2 үлгісі қолданушы ұйым туралы ақпаратты қоса қолданушы аудиторуна сол туралы білуге жәрдемдеседі:
- (a) Қолданушы әрекеттерін өңдеуіне, сонымен қоса шағын қызмет көрсетуші ұйымның қолданылуына ықпал етуі мүмкін қызмет көрсетуші ұйымның бақылауының аспектілері;
 - (b) Қолданушы ұйымының қаржылық есептілігінде кемшіліктер пайда болуы ықтимал әрекеттің пункттерінің шешу мақсатымен қызмет көрсетуші ұйым арқылы елеулі әрекеттер ағымы;
 - (c) Қызмет көрсетуші ұйымның қолданушы ұйымы қаржылық есептілік тұжырымдамасына қатысты бақылау мақсаттары; және

- (d) Қызмет көрсетуші ұйымның бақылауы тиісті түрде әзірленді ма, жоқ па; қолданушы ұйымының қаржылық есептілігіндегі елеулі кемшіліктерге ықпал ететін өңдеу қателерін болдырмау немесе анықтау мақсатымен орындалды ма, жоқ па.

Есеп берудің 1 немесе 2 үлгісі қолданушы аудиторына елеулі кемшіліктер тәуекелін анықтау мен бағалау үшін жеткілікті білім алуға жәрдемдеседі. Алайда есеп берудің 1-ші үлгісіне байланысты бақылау нәтижелілігі туралы ешқандай дәлелдермен қамтамасыз етпейді.

A23. Егер есеп өзге ақпарат көздерінен қосымша ағымдағы ақпаратпен толтырылса, қолданушы ұйымының есеп кезеңінен тыс күніндегі немесе кезеңге қатысты есеп берудің 1 немесе 2 үлгісі қолданушы аудиторына қызмет көрсетуші ұйымда жүргізілген бақылау туралы алдын-ала білім алуға көмек береді. Егер қызмет көрсетуші ұйым бақылауды сипаттауы аудиторлық кезең соңының алдында келетін күніне немесе кезеңіне қатысты болса, қолданушы аудиторы есеп берудің 1 немесе 2 үлгісіндегі ақпаратты жанарту үшін шараларды орындайды, мысалы:

- Өзгерістер туралы білу өкілетіне ие болатын қолданушы ұйымының персоналымен қызмет көрсетуші ұйымдағы өзгерістерді талқылайды;
- Қызмет көрсетуші ұйым шығарған соңғы құжаттар мен корреспонденцияға шолу өткізеді; немесе
- Қызмет көрсетуші ұйымның персоналымен өзгерістерді талқылайды.

Елеулі Бұрмаланулардың Бағаланған Тәуекелдеріне Жауап Беру (Сілт: Тарм. 15)

A24. Қызмет көрсетуші ұйымды пайдалану қолданушы ұйымның елеулі кемшілік тәуекелін ұлғайтады ма, жоқ па деп бұл көрсетілген қызмет сипатына, сонымен қоса бұл қызметті бақылауға тәуелді болады; кейбір жағдайда, қызмет көрсетуші ұйымды пайдалану қолданушы ұйымының елеулі кемшілік тәуекелін төмендетеді, әсіресе, қолданушы ұйымы өзі белгілі бір операцияларды, мысалы операцияларды жалпылау, ықпал ету және өңдеу, немесе қажетті ресурстармен қамтамасыз етілмеген (мысалы, АТ жүйесімен).

A25. Қызмет көрсетуші ұйым, қолданушы бухгалтерлік жазуларының елеулі элементтерін қолдаса, бұл жазуларға тікелей кіруге рұқсат қолданушы аудиторы бұл жазуларды бақылау операцияларына қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдерді жинауы немесе бұл жазулардағы әрекеттері мен баланстарды растау мақсатымен қажетті болады. Бұл жазуларға тікелей кіруге қызмет көрсетуші ұйымдағы жазуларды физикалық

түрде тексеру немесе қолданушы ұйымынан немесе басқа ұйымнан, немесе екеуінен электрондық түрде сақталатын жазулар туралы ақпарат сұратады, қарастырады. Егер жазуларға тікелей кіруге электрондық рұқсат алынса, онда қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйым жауапты болатын қолданушы ұйымының мәліметтерінің толықтығы мен тұтастығын бақылау барабарлығы бойынша дәлелдерді жинайды.

A26. Қолданушы ұйымының атынан қызмет көрсетуші ұйым атқаратын әрекеттер немесе бар активтерді ұсынатын баланстарға қатысты, алынуы қажет аудиторлық дәлелдер сипаты мен көлемін анықтауда қолданушы аудиторы келесі шараларды қарастырады:

(a) қолданушы мекемеде болатын таспа мен құжаттарды тексеру: бұл дәлелдеме көзінің сенімділігі қолданушы мекемеде сақталатын, бухгалтерлік есеп мәліметтерінің және құжаттар дәлелдемесі мінезімен және көлемімен анықталады. Кейбір жағдайларда, қолданушы мекеме нақты операцияларға қатысты оның атынан жүргізілген, тәуелсіз толыққанды есеп немесе құжаттама жүргізуі мүмкін.

(b) Қызмет көрсетуші ұйым ұстайтын жазуларды және құжаттарды зерттеу: қолданушы аудитор қызмет көрсетуші ұйымның жазуларына кіруіне рұқсат қолданушы ұйымы мен қызмет көрсетуші ұйым арасындағы келісімшарттардың бөлігі ретінде саналады. Сонымен қоса, қолданушы мекеменің аудиторы қызмет көрсетуші ұйым ұстайтын қолданушының жазуларына кіруге рұқсат алу үшін басқа аудиторды қолдана алады.

(c) Қызмет көрсетуші ұйымнан баланстар мен әрекеттер туралы тұжырымдама алу: қолданушы ұйымы баланс пен әрекеттерге қатысты тәуелсіз жазуларды ұстаған жағдайда, қолданушы ұйымының жазуларын қуаттайтын қызмет көрсетуші ұйымнан алынған тұжырымдама қарастырылған әрекет пен активтер бар болуына қатысты сенімді аудиторлық дәлелдерді құрастырады. Мысалы, көп қызмет көрсетуші ұйымдар пайдаланылса, инвестициялар жөніндегі директор және кастодиан және мұндай ұйымдар тәуелсіз жазуларды ұстаса, қолданушы аудиторы бұл ақпаратты қолданушы ұйымының тәуелсіз жазуларымен салыстыру үшін баланстарды қуаттайды.

Қолданушы ұйымы тәуелсіз жазуларды ұстамаған жағдайда, қызмет көрсетуші ұйымнан алынған, тұжырымдамалардан алынған ақпарат қызмет көрсетуші ұйым ұстайтын жазуларды көрсететін тек мәлімдеме ғана болады. Сонымен қатар, сол сияқты тұжырымдамалар жеке алынған болса сенімді аудиторлық дәлелдерді құрастырмайды. Соған сәйкес

қолданушы аудиторы тәуелсіз дәлелдеменің баламалы көзінің анықталу мүмкіншілігінің бар-жоқтығын қарастырады.

- (d) Қолданушы ұйымы ұстайтын жазулар туралы есептер немесе қызмет көрсетуші ұйымнан алынған есептерге қатысты аналитикалық шараларды орындау: аналитикалық шаралар тиімділігі тұжырымдамаға тәуелді болуға аз мүмкіншілігі бар және олар қол жетерлік ақпарат деңгейі мен егжей-тегжейінің ықпалына түседі.

A27. Қолданушы мекеменің аудиторларының қызығуына маңыздылық бойынша тексеру шаралары басқа аудитормен жүргізілуі мүмкін. Мұндай тапсырма басқа аудитормен бір жағынан, қолданушы мекеме мен оның аудиторы, басқа жағынан қызмет көрсететін мекеме мен оның аудиторы арасында келісілген процедуралары жүргізуді қосуы мүмкін. Басқа аудитор орындаған шаралардан туындайтын мәліметтер олар жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдерді құрастыратын не құрастырмайтын екені аудитордың назарына аударады. Сонымен қоса, қоғамдық өкілетті орындармен немесе қызмет көрсетуші аудитор сипатындағы маңызы бар белгілінген шараларды орындайтын шартты келісімдермен жүктелетін талаптары бар. Қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйым өңдейтін баланс пен әрекеттерге талап етілетін шараларды қолданылуының нәтижелерін аудиторлық пікір айтуы қажет ететін дәлелдер бөлігі ретінде қолданылады. Мұндай жағдайларда бұл шараларды өткізуге дейін аудиторлық құжаттама немесе қолданушы аудиторға жеткізетін аудиторлық құжаттарға кіруге рұқсат алу туралы келісу қолданушы аудиторы мен қызмет көрсетуші аудиторына пайдалы болуы мүмкін.

A28. Белгілі бір жағдайларда, әсіресе қолданушы ұйымы өз қаржы функциясының кейбірін немесе барлығын қызмет көрсетуші ұйымға жүктеген жағдайда, қолданушы аудиторы аудиторлық дәлелдердің маңызды бөлігі қызмет көрсетуші ұйымда қалатын жағдаймен кез болады. Қолданушы аудиторы немесе басқа аудиторы өз атынан елеулі шараларды қызмет көрсетуші ұйымда орындауы мүмкін. Қызмет көрсетуші аудитор 2-үлгідегі есепті береді және қосымша ретінде қолданушы аудиторы атынан маңызды шараларды орындайды. Басқа аудитордың қатысуы қолданушы аудиторының пікірін қолдауға дұрыс негізін қамтамасыз ету үшін жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдер алуға қолданушы аудиторының жауапкершілігін өзгертпейді. Сонымен қоса, жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алынды ма, жоқ па, және қолданушы аудиторы бұдан әрі маңызды шараларды орындауы қажет пе, жоқ па деп қолданушы аудитордың қарастыруы қолданушы аудиторының басқа аудитор орындаған маңызды шараларды басқару, қадағалау, орындауға қатысуы немесе сол бойынша алынған дәлелдерінен тұрады.

Бақылауды Тестілеу (Сілт: Тарм. 16)

- A29. 330 ХАС -ке¹⁰ сай қолданушы аудиторы кейбір жағдаймен байланысты бақылаудың нәтижелілігі бойынша жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдерді жинау мақсатымен бақылауды тестілеуді әзірлеу мен өткізуі тиіс. Қызмет көрсетуші ұйымның жағдайында бұл талап келесі жағдайларда қолданылады:
- (a) Қолданушы аудиторы елеулі кемшіліктер тәуекелін бағалауы қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылауды тиісті түрде атқаруға қатысты күтулерді қарастырады (елеулі шаралардың сипатын, мерзімін, көлемін анықтауда, қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылауға сүйенуді көздейді); немесе
 - (b) Жеке немесе қолданушы ұйымындағы бақылау нәтижелілігін тестілеумен бірге алғанда елеулі шаралар бекіту деңгейінде жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдерді қамтамасыз етпейді.
- A30. Егер есеп берудің 2 үлгісі қол жетерлік болмаса, қолданушы аудиторы қолданушы ұйымы арқылы қызмет көрсетуші аудиторға байланысты бақылау нәтижелілігін тестілеуді қарастыратын есеп берудің 2 үлгісін беруге шақырылуы туралы ақпарат сұрату үшін қызмет көрсетуші ұйыммен байланысады немесе қолданушы ұйымының аудиторы бақылау нәтижелілігін тестілейтін қызмет көрсетуші ұйымдағы шараларды өткізуге басқа аудиторды таратады. Сонымен қоса, қызмет көрсетуші ұйым келіссе, қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйымға бара алады және байланысты бақылау тесттерін өткізе алады. Қолданушы аудиторының тәуекелді бағалауы басқа аудитордың жұмысы мен қолданушы аудиторының өз шараларымен біріктірілген дәлелдерге негізделеді.

Қызмет Көрсету Бойынша Ұйымның Нәтижелілігі Туралы Аудиторлық Дәлелдеме Ретінде Есеп Берудің 2 Үлгісін Пайдалану (Сілт: Тарм. 17)

- A31. Есеп берудің 2 үлгісі бірнеше әр түрлі қолданушы аудиторының қажеттілігін қанағаттандыруды көздейді; сол себептен, қызмет көрсетуші аудитордың есебінде көрсетілген бақылау тесттері мен нәтижелері қолданушы ұйымның қаржылық есептілігіне маңызды болатын тұжырымдамаларға сай келмейді. Бақылауға сәйкесті тесттері мен нәтижелері қолданушы аудиторының тәуекелді бағалауын қолдау үшін қызмет көрсетуші аудитордың есебі жеткілікті немесе тиісті дәлелдеме береді ма, жоқ па деп бағалайды. Осыған сәйкес қолданушы аудиторы келесі факторларды қарастырады:

¹⁰ 330 ХАС , 8 тармақ

- (a) Бақылау тесттеріне қатысты уақыт кезеңі және бақылау тесттерін орындаудан кейін өтіп кеткен кезең;
- (b) Қызмет көрсетуші аудитордың көлемі және қызметтер мен орындалатын процесстер, сондай-ақ тестілеуден өтетін бақылау, орындалған бақылау, және тестілеуден өтетін бақылау қолданушы ұйымының бақылауына қатысты тәсіл; және
- (c) Бақылаудың тесттерінің нәтижелері және бақылау нәтижелілігі бойынша аудитордың пікірі.
- A32. Кейбір алғышарттарға қатысты нақты тестпен қамтылған кезең неғұрлым қысқа болса, және оны өткізуден кейін көп уақыт өткен болса, онда бұл тест соншама аз аудиторлық дәлелдеме береді. 2-типті есеппен қамтылған кезеңмен қолданушы мекеменің қаржылық есептеме кезеңін салыстырғанда, қолданушы мекеме аудиторы осы 2-типті есеп аз аудиторлық дәлелдеме береді деген шешімге келуі мүмкін, егер 2-типті есеппен қамтылған кезеңнің, және осы есепке қолданушы мекеме аудиторы жобалап отырған кезеңнің көп емес қиылысуы бар болатын болса. Мұндай жағдайда қосымша аудиторлық дәлелдемелер алдыңғы немесе кейінгі кезеңді қамтитын, 2-типті есепте келтірілуі мүмкін. Басқа жағдайларда, қолданушы мекеме аудиторы қызмет көрсететін мекеменің тексеру құралдарының тестін өткізу қажеттігін анықтауы мүмкін, немесе бұл тексеру құралдарының операциянды тиімділігінің жеткілікті аудиторлық дәлелдемелерін жинау мақсатында, мұндай тесттерді жүргізу үшін басқа аудиторды қолдануы мүмкін.
- A33. Қолданушы аудиторы есеп берудің 2 үлгісіне қатысты кезеңнен тыс қызмет көрсетуші ұйымдағы қосымша бақылаудағы шын мәніндегі өзгерістермен байланысты қосымша аудиторлық дәлелдерді жинауы керек немесе орындауға қажет болатын қосымша аудиторлық шараларды шешуі қажет. Қызмет көрсетуші ұйымның есебінде қарастырылатын кезеңнен тыс жұмыс істейтін қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылау туралы мәлімет туралы қандай аудиторлық дәлелдерді жинау керектігін анықтауға байланысты факторларының мысалдары:
- Бекіту деңгейіндегі елеулі кемшіліктер бағаланған тәуекел маңызы;
 - Аралықты кезең барысында тестіленетін белгілі бір бақылау және оларды тестілеуден бері олардағы шын мәніндегі өзгерістер, сондай-ақ ақпараттық жүйедегі, үдерістегі, персоналдағы өзгерістер;
 - Бақылау нәтижелілігі туралы аудиторлық ақпарат алынған деңгейі;

- Қалған кезең ұзақтығы;
 - Қолданушы аудиторы бақылауға сүйенішке негізделетін бұдан әрі шын мәніндегі шараларды орындауды көздейтін деңгейі; және
 - Бақыланатын ортаның тиімділігі мен қолданушы ұйымындағы бақылаудың мониторингі.
- A34. Қосымша аудиторлық дәлелдер, мысалы, қалған кезең аралығында бақылау тесттері арқылы немесе қолданушы ұйымының бақылау мониторингін тестілеу арқылы алынады.
- A35. Егер қызмет көрсетуші аудитордың тестілеу кезеңі толығымен қолданушы ұйымының қаржылық есеп кезеңінен тыс болса, қолданушы аудиторының сондай тестілерге сүйену қабілетіне ие болмайды, себебі қолданушы ұйымының бақылауы нәтижелі болуына қорытындыға келуге қабілеті болмайды, өйткені олар басқа шаралар орындалғанша бақылау нәтижелілігі бойынша қазіргі аудиторлық кезең дәлелдерін қамтамасыз етпейді.
- A36. Кейбір жағдайда қызмет көрсетуші ұйым көрсеткен қызмет белгілі бір бақылау қолданушы ұйымымен орындалады деген жорамалмен әзірленеді. Мысалы, қызмет көрсетуші ұйымға өңдеуге жібергенге дейін қолданушы ұйымы әрекеттерді санкциялау орнына бақылауды өткізетін жорамалы бар қызмет әзірленеді. Мұндай жағдайға қатысты қызмет көрсетуші ұйымның бақылауды сипаттауы қолданушы ұйымы бақылайтын қосымша бақылауды сипаттауын қамтиды. Қолданушы ұйымының қосымша бақылауы қолданушы ұйымына көрсетілетін қызметке сәйкес келетіндігін немесе сәйкес келмейтіндігін қолданушы ұйымының аудиторы қарастырады.
- A37. Егер қолданушы мекеменің аудиторы қызмет көрсетуші мекеменің аудиторының есебі жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдермен қамтамасыз ете алмайды деп санаса, мысалы, егер қызмет көрсетуші мекеменің аудиторының есебі онымен жүргізілген тексеру құралдарының тестін және оның нәтижелерінің сипаттамасы болмайтын болса, қолданушы мекеме аудиторы қызмет көрсетуші мекемемен қолданушы ұйымдастырушылық арқылы қызмет көрсетуші мекемемен хабарласуға, және қызмет көрсетуші мекеменің аудиторымен, осы қызмет көрсетуші мекеменің аудиторының жұмыс көлемі және нәтижесі жөнінде талқылауға мүмкіндік алуға ұсыныс жасау арқылы, қызмет көрсетуші мекеменің аудиторының шаралары және қорытындылары жөнінде өз түсінігін кеңейтуіне болады. Сондай-ақ, егер қолданушы мекеме аудиторы қажет деп табатын болса, онда ол қызмет көрсетуші мекемемен ұйымдастырушылық қолданушы арқылы хабарласуына болады, және қызмет көрсетуші мекеменің

аудиторымен қызмет көрсетуші мекемеде шараларды жүргізуге ұсыныс жасауына болады. Ұқсас ретінде мұндай шаралар қолданушы мекеме аудиторларымен немесе қолданушы мекеме аудиторының ұсынысымен басқа аудитормен жүргізуіне болады.

- A38. Қызмет көрсетуші мекеме аудиторының 2-типті есебі тест нәтижелерін, айырмашылықтарды қоса алғанда, және қолданушы мекеме аудиторының қорытындысына әсер етуі мүмкін басқа да ақпаратты қамтиды. Қызмет көрсетуші мекеме аудиторымен белгіленген айырмашылық немесе 2-типті есептегі қызмет көрсетуші мекеменің аудиторының есебі қызмет көрсетуші мекеме аудиторының мұндай 2-типті есебі бірден, айтарлықтай бұрмалау тәуекелділігін бағалау жоспарында қолданушы мекеменің қаржылық есебінің аудиті үшін бірден пайдалы емес деп айтпайды. Алайда, қызмет көрсетуші мекеме аудиторының 2-типті есебінде модифицирленген пікір айтуға алып келген бұл ескертпелер және сұрақтар қызмет көрсетуші мекеме аудиторымен жүргізілген, тексеру құралдарының тестін бағалау кезінде қолданушы мекеме аудиторымен ескеріледі. Модифицирленген пікірге алып келген, мұндай бұрмалаулар және сұрақтарын зерттеу кезінде, қолданушы мекеме аудиторы мұндай сұрақтарды қызмет көрсетуші мекеме аудиторымен саралай алады. Мұндай ақпараттық қарым қатынас оның қолданушы мекеменің қатысуына байланысты, ол өз кезегінде қызмет көрсетуші мекемемен хабарласып және аудиторлардың қарым қатынасын ақпараттық ұйымдастыруға рұқсат алуы қажет.

Аудит барысында анықталған ішкі бақылаудың бұрмалаушылықтары туралы ақпарат беру

- A39. Қолданушы аудиторы дер кезінде басшылыққа және, керек болса, өкілетті тұлғаларға аудит барысында анықталған елеулі кемшіліктер туралы жазбаша ақпарат береді.¹¹ Сондай-ақ, қолданушы аудиторы дер кезінде жауапкершілігінің қолайлы деңгейіндегі басшылыққа аудит барысында анықталған, қолданушы аудиторының кәсіби пікірі бойынша басшылықтың назарына баға беруге қарай елеулі маңыздылығы бар ішкі бақылаудың басқа кемшіліктері туралы ақпарат береді.¹² Қолданушы ұйымының аудиторы аудит барысында анықтай отырып, қолданушы ұйымының басшылығы мен өкілетті тұлғаларына сол туралы ақпарат беруі мүмкін мәселелер мынадай болады:

¹¹ 265 ХАС , *Ішкі Бақылаудағы Кемшіліктер Туралы Басқару Өкілеттігі Мен Басқаруға Қатысты Тұлғаларға Хабардар Ету*, 9-10 тармақтар

¹² 265 ХАС , 10 тармақ

- Қолданушы ұйымы орындауы мүмкін бақылаудың кез-келген мониторингі, сонымен қоса есеп берудің 1 немесе 2 үлгісін алу нәтижесінде анықталған бақылау;
- Қолданушы ұйымының қосымша бақылауы есеп берудің 1 немесе 2 үлгісін енгізілген және қолданушы ұйымында орындалған жағдайы; және
- Қызмет көрсетуші ұйымда қажетті болатын, бірақ орындалмаған немесе есеп берудің 2 түрінде ерекше көрсетілмеген бақылау.

Қосалқы мердігер қызметтерін қоспайтын 1 үлгідегі және 2 үлгідегі есептер (Сілт: Тарм. 18)

A40. Егер қызмет көрсетуші мекеме қосалқы мердігердің қызметімен пайдаланса, қызмет көрсетуші мекеменің аудиторының аудиторлық қорытындысы қызмет көрсетуші мекеменің қосалқы мердігерінің тиісті мақсатын және тексеру құралдарынан, және қызмет көрсетуші мекеменің жүйесін сипаттау және қызмет көрсетуші мекеменің аудиторының тапсырма көлемінен тұруы мүмкін. Бұл екі есеп дайындаудың тәсілі «қосу тәсілі» және «шығару тәсілі» ретінде белгілі. Егер 1-ші немесе 2-типтің есебі қызмет көрсететін мекеменің қосалқы мердігерлерімен қолданылатын, бақылау құралын қоспайды, ал қызмет көрсететін мекеменің қосалқы мердігерімен ұсынылатын қызметтер қолданушы мекеменің қаржылық есептемесінің аудиті үшін қолданылады, және қолданушы мекеме аудиторы осы ХАС талаптарын қызмет көрсететін мекеменің қосалқы мердігеріне қолдануы қажет. Қызмет көрсетуші мекеменің қосалқы мердігерімен ұсынылатын қызметке қатысты, қолданушы мекеме аудиторымен орындалуы керек жұмыстың мінезі мен көлемі, қолданушы мекемеге мұндай қызметтің мінезі мен маңыздылығына, және де аудит үшін бұл қызметтердің қолданылуына тәуелді. 9 тармақта айтылған талаптарды қолдану, қолданушы мекеме аудиторына қызмет көрсетуші мекеменің қосалқы мердігерінің ықпалын, және де орындау қажет мінезі және көлемін анықтау кезінде көмектеседі.

Қызмет Көрсетуші Ұйым Қызметтеріне Қатысты Алаяқтық, Зандар Мен Нормативтік Актілерге Сәйкессіздік Және Түзетілмеген Бұрмаланулар (Сілт: Тарм. 19)

A41. Қолданушы ұйымымен қол қойылған келісімнің шартына сәйкес шағын қызмет көрсетуші ұйым ықпал етілген қолданушы ұйымына кез келген алаяқтықты, заңдар мен нормативтік актілерді сақтамауды немесе шағын қызмет көрсетуші ұйымның басшылығы немесе қызметкерлеріне жатқызатын түзетілмеген кемшіліктерді ашады. 19 тармаққа сәйкес қолданушы аудиторы қолданушы ұйымынан шағын қызмет көрсетуші ұйым кез келген сол түрдегі мәселелер туралы есеп

берген-есеп бермегені туралы сұрайды және қызмет көрсетуші ұйым есеп берген кез келген мәселелер қолданушы аудиторының бұдан әрі аудиторлық шараларының сипатына, мерзімі мен көлеміне әсер етеді. Белгілі бір жағдайда қолданушы аудиторы бұл баға беруді орындау үшін қосымша ақпарат сұратады және қолданушы ұйымынан қажетті ақпарат алу үшін оның қызмет көрсетуші ұйыммен хабарласуын талап етеді.

Пайдаланушы Аудитордың Есеп Беруі (Сілт: Тарм. 20)

А42. Қолданушы аудиторы қолданушы ұйымының қаржылық есептілігі аудитіне қатысты қызмет көрсетуші ұйым көрсеткен қызметке қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді жинауға қабілеті болмаса, аудиттің көлемін шектеуге болады. Бұл мынадай кездерде болады:

- Қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші ұйым көрсететін қызмет туралы жеткілікті білім алуға қабілеті жоқ және елеулі кемшіліктер тәуекелін анықтау мен бағалауға негізі жоқ;
- Қолданушы аудиторының тәуекелді бағалауы қызмет көрсетуші ұйымдағы бақылау нәтижелі және қолданушы аудиторы бұл бақылау нәтижелілігі туралы жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдер жинауға қабілеті жоқтығын қамтиды; немесе
- Жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдер тек қызмет көрсетуші ұйымның жазуларынан ғана қол жетерлік болады, және қолданушы аудиторы бұл жазуларға кіруге тікелей рұқсат алуға қабілеті жоқ.

Қолданушы мекеме аудиторы кәсіптік пікірін білдереді ме, жоқ па; немесе пікірінен бас тартады ма, жоқ па деп бұл қаржылық есептілікке ықтимал әсер маңызды немесе елеулі болатыны туралы аудитордың қорытындысына тәуелді болады.

Қызмет Көрсетуші Аудитор Жұмысына Сілтеме (Сілт: Тарм. 21-22)

- А43. Кейбір жағдайда заң немесе нормативтік актілерге сай қызмет көрсетуші аудитордың жұмысын, мысалы, қоғамдық сектордағы ашықтық мақсаттарын қолданушы аудиторының есебінде ескеруі қажет. Осындай жағдайларда, мұндай сілтемелерді жасамас бұрын қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші аудиторына келісім білдіруі қажет.
- А44. Қолданушы ұйымы қызмет көрсетуші ұйымды пайдаланатыны жөніндегі факт ХАС -ке сәйкес қолданушы аудиторының пікірін қолдауға, дұрыс негіздеуге қатысты жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдер жинауға қолданушы аудиторының

жауапкершілігін өзгертпейді. Сонымен қоса, қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші аудитордың есебінде қолданушы ұйымының жетілдірілген қаржылық есептілігі туралы қолданушы аудиторының пікіріне сілтеме отырмайды. Алайда, қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші аудитордың есебіндегі жетілдірілген пікір салдарынан жетілдірілген пікірін білдіргенде, егер солай ескере отыру қолданушы аудиторының жетілдірілген пікірінің себебін түсіндіруге жәрдемдесе қолданушы аудиторына қызмет көрсетуші аудитордың есебін ескере отыруына кедергі жасалмайды. Мұндай жағдайда, ескере отыруға дейін қолданушы аудиторы қызмет көрсетуші аудиторына келісім білдіруі қажет.

450 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ
АУДИТОРЛЫҚ ТЕКСЕРІС БАРЫСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН
БҰРМАЛАНУЛАРДЫ БАҒАЛАУ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Күшіне ену күні	2
Мақсаты	3
Анықтамалары	4
Талаптары	
Анықталған Бұрмалануларды Жинақтау	5
Аудит барысында Анықталған Бұрмалануларды Қарастыру	6–7
Бұрмалануларды Хабарлау және Түзету	8–9
Түзетілмеген Бұрмаланулардың Әсерін Бағалау	10–13
Жазбаша Ұсынымдар	14
Құжаттама	15
Қолданбалы және басқа түсіндірме материал	
Бұрмалаудың Анықтамасы	A1
Анықталған Бұрмалануларды Жинақтау	A2–A6
Аудит барысында Анықталған Бұрмалануларды Қарастыру	A7–A9
Бұрмалануларды Хабарлау және Түзету	A10–A13
Түзетілмеген Бұрмаланулардың Әсерін Бағалау	A14–A28
Жазбаша Ұсынымдар	A29
Құжаттама	A30



Аудиторлық Тексеріс Барысында Анықталған Бұрмалануларды Бағалау 450 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС), Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеттері Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу 200 ХАС стандартының мәнмәтінінде оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) аудитордың жауапкершілігімен аудитке, егер бар болса, қаржылық есептілікке анықталған кемшіліктердің әсерін бағалау үшін аудиторға нұсқау берумен айналысады. Қаржылық есептілік бойынша пікір құрастыруда, 700 ХАС қаржылық есептілік тұтас алғанда елеулі кемшіліктерден бос болатын-болмайтындығы туралы негізделген сенімділік берілген-берілмегендігі туралы қорытындыға келуге аудитордың жауапкершілігін қарастырады. Бұл ХАС-ке сай 700 ХАС (Қайта қарастырылған) туындайтын аудитордың қорытындысы, қажет болса, қаржылық есептілікке түзетілмеген кемшіліктердің әсерін бағалауын ескереді.¹ 320 ХАС² қаржылық есептілік аудитін жоспарлау және жүргізу кезінде елеулілік түсінігін тиісті түрде қолдану жауапкершілігін аудитормен қарастырады.

Күшіне ену күні

2. Бұл ХАС 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап немесе осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудитіне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

3. Аудитордың мақсаты төмендегіні бағалау:
 - (a) Аудит бойынша анықталған кемшіліктердің әсері; және
 - (b) Егер бар болса, қаржылық есептілікке түзетілмеген кемшіліктердің әсері.

Анықтамалары

4. Бұл ХАС мақсаттарына арналған келесі терминдердің мағынасы төменде түсіндірілген:
 - (a) Кемшілік – Сома, топтарстыру, ұсыным немесе есепке алынған қаржылық есептілік бабын ашу және сома, топтарстыру, ұсыным немесе қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес келетін керекті бап үшін ашу арасындағы айырмашылығы. Кемшіліктер алаяқтықтың немесе қателіктің нәтижесінде туындауы мүмкін. (Сілт: Тарм. А1)

¹ 700 ХАС (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Бойынша Пікір Қалыптастыру Және Есеп Жүргізу*, 10-11 тармақтар

² 320 ХАС, *Жоспарлаудағы Маңыздылық Және Аудитті Орындау*

Егер аудитор қаржылық есептілікті барлық елеулі аспектілерде әділ түрде ұсынылды ма, жоқ па немесе әділ және шыншыл көрініс беретіндігі туралы аудитор пікірін білдірсе, онда кемшіліктер бұл сомаларды түзетулерден, ұсынымдардан немесе аудитордың пікірі бойынша қаржылық есептілік шыншыл түрде барлық елеулі қатынастарда ұсынылуы немесе әділ және шыншыл көріністі беретінін қажетті ететін ашылымдардан тұрады.

- (b) Түзетілмеген кемшіліктер – аудит барысында аудитордың жинақтаған және түзетілмеген кемшіліктері.

Талаптары

Анықталған Бұрмалануларды Жинақтау

- 5. Аудитор ашық түрде дәрекілеу кемшіліктерден тыс аудит барысында анықталған кемшіліктерді жинақтайды. (Сілт: Тарм. А2-А6)

Аудит барысында Анықталған Бұрмалануларды Қарастыру

- 6. Аудиттің жалпы стратегиясы мен аудиттің жоспары қайта қаралуы қажет-қажет еместігін аудитор қарастырады, егер:
 - (a) Анықталған кемшіліктер сипаты мен олардың пайда болуының жағдайлары басқа кемшіліктер аудит барысында жинақталған кемшіліктермен біріктіріліп бар болуын анықтайды; немесе (Сілт: Тарм. А7)
 - (b) Аудит барысында жинақталған кемшіліктердің агрегаты 320 ХАС-ке сай белгіленген елеулілікті қолданады. (Сілт: Тарм. А8)
- 7. Егер аудиторың сұрауы бойынша басшылық әрекеттердің топтарын, шот сальдосын немесе ашылымдарды және анықталған түзетілген кемшіліктерді зерттеген болса, аудитор кемшіліктердің қалғандарын айқындау үшін қосымша аудиторлық шараларды орындайды. (Сілт: Тарм. А9)

Бұрмалануларды Хабарлау және Түзету

- 8. Егер заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынбаған болса, аудитор аудит барысында жиналған барлық бұрмаланулар туралы тиісті менеджмент деңгейімен уақтылы хабардар етеді.³ Аудитор басшылықтан осы бұрмалаушылықтарды түзетуді сұрауы қажет. (Сілт: Тарм. А10-А12)

³ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқару Әкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым Қатынас*, 7 тармақ

9. Егер басшылық аудитор ақпарат берген кемшіліктердің кейбірін немесе барлығын түзетуден бас тартса аудитор басшылықтың бас тартуы себептерін біледі және қаржылық есептілікті бағалауда, жалпы алғанда, елеулі кемшіліктердің жоқтығын ескере отырады. (Сілт: Тарм. А13)

Түзетілмеген Бұрмаланулардың Әсерін Бағалау

10. Түзетілмеген кемшіліктердің әсерін бағалауға дейін аудитор елеулілік субъектінің шын қаржылық нәтижелерінің мәнмәтінінде қалатынын растау үшін 320 ХАС-ке сай шешілген елеулілікке қайта қарайды. (Сілт: Тарм. А14-А15)
11. Аудитор түзетілмеген кемшіліктер елеулігі жеке немесе агрегат түрінде алынғандығын анықтауы тиіс. Мұны анықтау үшін аудитор келесі мәселелерді қарастыруы тиіс:
- (a) Әрекеттердің белгілі бір топтарына қатысты кемшіліктердің сипаты мен көлемін, шот сальдосын немесе ашылымдары және жалпы қолданыстағы қаржылық есептілік және олардың пайда болуына қатысты жағдайлар; және (Сілт: Тарм. А16-А22, А24-А25)
 - (b) Әрекеттердің байланысты топтары, шот сальдосы немесе ашылымдар, сонымен қоса тұтас алғанда қаржылық есептілік бойынша алдыңғы кезеңдерге қатысты түзетілмеген кемшіліктердің әсері. (Сілт: Тарм. А23)

Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас

12. Аудитор өкілетті тұлғалармен түзетілген кемшіліктер және заң немесе құқықтық актілерге сай олар жекеше немесе агрегат түрінде алынған аудитордың есебіндегі пікіріне әсер ететіні туралы байланысады.⁴ Аудитордың байланысуы жекеше елеулі, түзетілмеген кемшіліктерді анықтайды. Аудитор түзетілмеген кемшіліктердің түзетілуі туралы сұрайды. (Сілт: Тарм. А26-А28)
13. Сонымен қоса, аудитор өкілетті тұлғалармен әрекеттердің байланысты топтары, шот сальдосы немесе ашылымдар, сондай-ақ тұтас алғанда қаржылық есептілікке қатысты алдыңғы кезеңдерге қатысты түзетілмеген кемшіліктердің әсері туралы байланысады.

Жазбаша Ұсынымдар

14. Егер басшылық және керек болса өкілетті тұлғалар түзетілмеген кемшіліктер жеке немесе агрегат түрінде алынғанда тұтас алғанда қаржылық есептілікке елеулі емес болуына сенсе, аудитор сол туралы

⁴ 3 сілтемені қараңыз.

олардың жазбаша ұсынымына сұранысын жібереді. Сондай баптардың нәтижесі жазбаша ұсынымдарға қосылады. (Сілт: Тарм. А29)

Құжаттама

15. Аудитор аудиторлық құжаттамаға келесі мәселелерді енгізеді:⁵ (Сілт: Тарм. А30)
- (a) Кемшіліктер ашық түрде дәрекілеу болып саналатын сома (5 тармақ);
 - (b) Аудит барысында жинақталған барлық кемшіліктер және олар түзетілген-түзетілмеген мәселесі (5, 8 және 12 тармақтар); және
 - (c) Түзетілмеген кемшіліктер жеке немесе агрегат түрінде елеулі болатын-болмайтыны және бұл қорытынды негізіне қатысты аудитордың қорытындысы (11 тармақ).

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Бұрмалаудың Анықтамасы (Сілт: Тарм. 4(a))

- A1. Бұрмаланулар келесілердің нәтижесінде туындауы мүмкін:
- (a) Қаржылық есептілік дайындалған мәліметтерді жинау немесе өндеудегі дәлсіздіктер;
 - (b) Жеткіліксіз немесе толық емес ашып көрсетулерді қоса алғанда, мөлшерді немесе ашуды, сондай-ақ белгілі бір қаржылық есептілік шеңберіндегі ақпаратты ашу мақсаттарын қанағаттандыру үшін қажетті ақпаратты жіберіп алу;⁶
 - (c) Декреттерді елемей немесе анық бұрмалаудан туындайтын қате бухгалтерлік баға;
 - (d) Аудитор бухгалтерлік баға берулердің жөнсіз болуын қарастыратын және аудитор сәйкессіз деп санайтын бухгалтерлік баға берулер және бухгалтерлік саясаттың таңдалуы мен қолданылуы туралы басшылықтың пікірі.

⁵ 230 ХАС, *Аудиторлық Құжаттама*, 8-11 тармақтар, және А6 тармақ

⁶ Мысалы, Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты 7 (ХҚЕС), *Қаржы Құралдары: Ақпаратты Ашып Көрсету*, 42Е тармағында «сұйым ашып көрсету мақсатын орындау үшін қажет деп санайтын кез-келген қосымша ақпаратты ашып көрсетуі керек ...» делінген.

- (е) Ақпараттың сәйкес емес жіктелуі, жинақталуы немесе бөлінбеуі; және
- (ф) Әділ ұсыну жүйесіне сәйкес дайындалған қаржылық есептілік үшін, нақты негізде талап етілетін ашып көрсетулерден тыс, қаржылық есептіліктің әділ түрде ұсынылуына қол жеткізу үшін қажет ақпаратты ашуды талап етеді.⁷

Алаяқтықтан туындайтын бұрмаланулардың мысалдары 240 ХАС-та көрсетілген.⁸

Анықталған Бұрмалануларды Жинақтау (Сілт: Тарм. 5)

«Анық Мардымсыз»

A2. Осы ХАС 5 тармағы аудитордан анық емес қателіктерден басқа аудиторлық тексеру барысында анықталған бұрмаланулардың жиналуын талап етеді. «Анық мардымсыз» бұл «елеулі емес» сөз тіркесінің басқа мағынасы емес. Анық мардымсыз бұрмаланулар шамаланған мөлшерден мүлде өзгеше (кішігірім) тәртіпте немесе елеулі болып анықталғандарға қарағанда мүлде басқа сипатта болады және жеке-жеке немесе жиынтықта алынғанына және өлшемі, сипаты немесе жағдайларының кез келген өлшемшарты бойынша критерий бойынша бағаланатынына қарамастан айқын емес бұрмаланулар болады. Егер бір немесе бірнеше тармақтар анық мардымсыз екендігіне қатысты белгісіздік туындаса, бұрмаланулар анық мардымсыз емес деп саналады.

Жеке Мәлімдемелердегі Бұрмаланулар

A3. Аудитор төменде жеке есептіліктегі сомалардың бұрмалануы анық болмайтын мөлшерді тағайындауы мүмкін, сондықтан жинақталудың қажеті болмайды, өйткені аудитор мұндай сомалардың жиналуы қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етпейді деп күтеді. Алайда, белгіленген сомадан асатын сомалардың бұрмалануы осы ХАС 5 тармағына сәйкес жинақталады. Сонымен қатар, мөлшерге қатысты бұрмалаулар табиғаттың немесе жағдайдың өлшемдері бойынша шешілген кезде айқын болмауы мүмкін, ал егер жоқ болса, осы ХАС 5 тармағында талап етілгендей жинақталады.

⁷ Мысалы, ХҚЕС қолданушыға белгілі бір операциялардың, басқа оқиғалар мен жағдайлардың ұйымның қаржылық жағдайына және қаржылық көрсеткіштеріне әсерін түсіну үшін ХҚЕС-тегі нақты талаптардың сақталуы жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ұсынуды талап етеді (Халықаралық Бухгалтерлік Есеп Стандарты 1, *Қаржылық есептілікті ұсыну*, 17 (с) тармақ).

⁸ 240 ХАС, *Қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу кезіндегі алаяқтыққа қатысты аудитордың жауапкершілігі*, А1-А7 тармақтар

Ашып Көрсетулердегі Бұрмаланулар

А4. Ашып көрсету кезіндегі бұрмаланушылықтар жеке-жеке немесе жиынтық түрде қабылданғанына қарамастан, өлшемге, сипатқа немесе жағдайға байланысты қандай да бір өлшем бойынша бағаланатыны анық болмауы мүмкін. Анық мардымсыз емес ашып көрсетулердегі бұрмаланулар аудиторға осындай бұрмалаулардың тиісті ашып көрсетулерге және тұтастай қаржылық есептілікке әсерін бағалауға көмектеседі. Осы ХАС-ның А17 тармағында сапалы ашып көрсетулердегі бұрмаланулар елеулі болуы мүмкін мысалдары келтірілген.

Бұрмалануларды Жинақтау

А5. А3 – А4 тармақтарда сипатталғандай жинақталған табиғаты немесе жағдайлары бойынша бұрмаланулар соманы бұрмаланған жағдайда мүмкін болған жағдайда бірге қосыла алмайды. Осыған қарамастан, аудитор осы бұрмалаушылықтарды жеке-жеке және жиынтық түрде (яғни басқа бұрмалаулармен бірге) олардың маңызды екендігін анықтау үшін бағалауы қажет.

А6. Аудиторға аудит барысында жинақталған кемшіліктердің әсерін бағалау басшылық пен өкілетті тұлғаларға кемшіліктер туралы ақпарат беруге жәрдемдесу мақсатымен анық болған кемшіліктерді, субъективті шындықты бұрмалануларді және жоспарлауы шындықты бұрмалануларды қарап ажырату керек.

- Анық болған бұрмалау күмәнсіз болатын кемшіліктер болып табылады.
- Пайымдау бойынша бұрмаланулары - бұл аудитор негізсіз немесе орынсыз деп санайтын қаржылық есептілікте (есеп саясатын таңдау немесе қолдану) тану, өлшеу, ұсыну және жариялауға қатысты басшылықтың пайымдауларынан туындайтын айырмашылықтар.
- Жоспарлау шындықты бұрмаланулар аудитордың тұжырымдамалықтағы кемшіліктерді ең жақсы бағалауы, сонымен қоса түгел тұжырымдамалыққа қатысты аудит баптарында анықталған кемшіліктерді жоспарлау. Жоспарлаудың шындығын бұрмалауды шешу мен нәтижелерін бағалау бойынша нұсқау 530 ХАС-та айтылған.⁹

⁹ 530 ХАС, *Аудиторлық Таңдама*, 14-15 тармақтар

Аудит барысында Анықталған Бұрмалануларды Қарастыру

(Сілт: Тарм. 6-7)

- A7. Кемшілік жеке оқиға болмайды. Басқа кемшіліктер бар болуына қатысты дәлелдер, мысалы аудитордың кемшілік ішкі бақылаудың кемдігінен немесе сәйкессіз жорамал немесе ұйым кеңінен қолданған баға беру тәсілінен туындағанын анықтайтын жағдайдан тұрады.
- A8. Егер аудит барысында жинақталған кемшіліктердің агрегаты 320 ХАС-ке сәйкес белгіленген елеулілікке қатысты болса, аудит барысында жинақталған ықтимал анықталмаған кемшіліктер, кемшіліктер агрегаты түрінде алынғанда, елеулілік шегінен тыс кететін тәуекелдің қолайлы төмен деңгейінен үлкенірек тәуекелді болады. Анықталмаған кемшіліктер таңдама тәуекелдігі және таңдама емес тәуекелдігінің бар болуы себебімен бар болады.¹⁰
- A9. Башылық аудитор анықтаған кемшілік зардаптарын түсініп, әрекеттердің топтарындағы, шот сальдосы немесе ашулардағы анық болған кемшіліктердің сомасын белілеу мақсатымен шараларды орындауы және қаржылық есептілікті тиісті түзетулерді енгізуі үшін аудитор басшылықтан әрекеттердің тобын, шот сальдосын немесе ашылымды зерттеуін сұрайды. Мұндай сұраныс, мысалы, аудитордың түгел тұжырымдамалықтан жасалған аудиттің таңдамасында анықталған кемшіліктерді жоспарлауына негізделеді.

Бұрмалануларды Хабарлау және Түзету (Сілт: Тарм. 8-9)

- A10. Қателіктер туралы басшылықтың тиісті деңгейіне уақтылы хабарлау өте маңызды, өйткені ол басшылыққа транзакциялар, шоттардағы қалдықтар мен ашып көрсетулердің бұрмаланғанын бағалауға, келіспеген жағдайда аудиторды хабардар етуге және қажет болған жағдайда шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Әдетте, басқарудың тиісті деңгейі бұрмалаушылықтарды бағалау және қажетті шаралар қабылдау үшін жауапкершілік пен өкілеттікке ие болады.
- A11. Кейбір заңнамаларда заң немесе нормативтік актілер аудитордың басшылыққа немесе ұйымдағы басқа тұлғаларға кейбір бұрмаланулар туралы хабарлауын шектеуі мүмкін. Заң немесе нормативтік актілер тиісті органның нақты немесе күдікті, заңсыз әрекетке, соның ішінде ұйымды ескертуге, тергеуге кедергі келтіретін хабарлауға немесе басқа әрекетке арнайы тыйым салуы мүмкін, мысалы, аудитордан ақша жылыстатуға қарсы заңнамаға сәйкес тиісті органға анықталған немесе заңнамаға сәйкес келмейтіндігі туралы күмәнданғаны туралы хабарлау қажет болған

¹⁰ 530 ХАС, 5 (с)-(d) тармақ

кезде. Мұндай жағдайда аудитор қарастыратын мәселелер күрделі болуы мүмкін және аудитор заңгерлік кеңес алуды орынды деп санайды.

- A12. Аудитор ақпарат берген кемшіліктерді қоса, басшылық барлық кемшіліктерді түзетуі басшылыққа дәлме-дәл бухгалтерлік кітап пен жазуларды сақтап қоюға мүмкіншілік береді, сондай-ақ алдыңғы кезеңдерге қатысты елеулі емес, түзетілмеген кемшіліктердің кумулятивті әсері салдарынан болашақтағы қаржылық есептіліктің елеулі кемшіліктердің тәуекелін төмендетеді.
- A13. 700 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес аудитор қаржылық есептілік қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінің талаптарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда дайындалғаны мен ұсынылғанын бағалауы қажет. Бұл бағалау субъект бухгалтерлік тәжірибелерінің сандық аспектілерінен, сонымен қоса басшылық түзетулерді енгізбеудің себептеріне әсер ететін басшылықтың пікірлеріндегі¹¹ ықтимал жалған жорамалдар көрсетуінен тұрады.

Түзетілмеген Бұрмаланулардың Әсерін Бағалау (Сілт: Тарм. 10-11)

- A14. Аудитордың 320 ХАС-ке сәйкес елеулілікті бағалауы әдетте субъектінің қаржылық нәтижелеріне негізделеді, өйткені шын қаржылық нәтижелері белгілі болмауы ықтимал. Сөйтсе де, аудитордың түзетілмеген кемшіліктердің әсерін бағалауына дейін аудитор 320 ХАС-ке сәйкес расталған, шын қаржылық нәтижелеріне негізделетін елеулілікті қайта қарастырады.
- A15. 320 ХАС-ке сәйкес аудит ілгерілеген сайын, аудиторға аудит барысында бастапқы кезеңде әр түрлі сома не сомалар анықтауға түрткі болатын ақпарат туралы білуі жағдайы болса, қаржылық есептілікке тұтас алғанда (керек болса, әрекеттердің белгілі топтары, шот сальдосы немесе ашуларға қатысты елеулілік деңгейі немесе деңгейлері) қарай маңызы қайта қаралады.¹² Осылайша, кез келген елеулі қайталап қарау аудитор түзетілмеген кемшіліктердің әсерін бағалауға дейін жасалуы мүмкін. Алайда, егер аудитор 320 ХАС-ке (бұл ХАС-тың 10 тармағын қараңыз) сәйкес белгіленген елеулілікті қайта бағалауы төмен соманы (не сомаларды) туғызады, содан кейін орындау елеулілігі мен бұдан әрі аудиторлық шаралардың сипаты, мерзімі, көлемі аудитордың пікіріне негізін қамтамасыз ету мақсатымен жеткілікті немесе тиісті аудиторлық дәлелдерді жинау үшін қайта қаралады.

¹¹ 700 ХАС (Қайта қарастырылған), 12 тармақ

¹² 320 ХАС, 12 тармақ

- A16. Әр бір жеке кемшілік әрекеттердің байланысты топтарына, шот сальдосына, ашуларға, сондай-ақ оларға қарай маңызының деңгейі керек болса шамадан тыс шеккеніне өз әсерін бағалау үшін қаралады.
- A17. Сонымен қатар, сапалы ашып көрсетудің әрбір жеке бұрмалануы оның тиісті ашып көрсетуге (лерге) әсерін, сондай-ақ тұтастай алғанда оның қаржылық есептілікке әсерін бағалау үшін қарастырылады. Сапалы ашып көрсетудегі бұрмаланудың (-лардың) маңызды қаржылық есептілік жүйесі мен ұйымның нақты жағдайлары тұрғысынан маңызды екендігін анықтау кәсіби пікірлерді қолдануды қажет ететін мәселе болып табылады. Мұндай бұрмалаулар маңызды болуы мүмкін мысалдарға мыналар кіреді:
- Сақтандыру және банктік қызмет ұйымдары үшін капиталды басқару мақсаттары, саясаты және процестері туралы ақпараттың дәл емес немесе толық емес сипаттамасы.
 - Құнын жоғалтуға әкеп соқтырған оқиғалар немесе жағдайлар туралы ақпараттың жіберілмеуі (мысалы, тау-кен жұмыстарын жүргізетін ұйымда металлға немесе тауарға деген сұраныстың ұзақ мерзімді төмендеуі).
 - Қаржылық жағдай туралы есепте, жиынтық кіріс туралы есепте, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есепте немесе ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте маңызды тармаққа қатысты есеп саясатының қате сипаттамасы.
 - Халықаралық сауда қызметін жүзеге асыратын ұйымдағы айырбастау бағамының сезімталдығының жеткіліксіз сипаттамасы.
- A18. Түзетілмеген бұрмаланулардың табиғаты бойынша маңыздылығы бар-жоғын анықтау кезінде, ХАС 11-тармағында талап етілгендей, аудитор түзетілмеген бұрмалаулар сомалар мен ашып көрсетулерде қарастырады. Мұндай бұрмалаулар жеке немесе басқа бұрмалаулармен бірге қабылданған кезде маңызды болып саналуы мүмкін. Мысалы, ақпаратты ашуда анықталған бұрмалауларға байланысты аудитор:
- (a) Анықталған қателер тұрақты немесе кең таралған; немесе
 - (b) Анықталған бұрмалаулардың қатары сол мәселе үшін маңызды және жиынтық түрде қаралуы пайдаланушылардың бұл мәселені түсінуіне әсер етуі мүмкін.

Жинақталған бұрмалануларды қарастыру қаржылық есептілікті бағалау кезінде пайдалы, бұл 700 ХАС (Қайта қарастырылған) 13 (d) тармағына сәйкес, аудитордан қаржылық есептіліктің толық ұсынылуына байланысты ақпаратты енгізумен бұзылған-бұзылмаған деген мәселені қарастыруды талап етеді. маңызды емес немесе ашылған мәселелерді дұрыс түсінуге кедергі келтіреді.

- A19. Егер жеке кемшілік елеулі болып табылса, басқа кемшіліктер есебіне жатқызылмайды. Мысалы, егер табыстың маңызы елеулі түрде бағаланса, табыстарға кемшіліктердің әсері толығымен шығындардың баламалы маңызы асыра бағалануының есебіне жатқызылса да, қаржылық есептілік тұтас алғанда елеулі бұрмаланады. Ұқсас шот сальдосы немесе әрекеттердің топтарының шеңберінде кемшіліктерді дұрыстау мақсатқа сәйкес болады; алайда, елеулі кемшіліктерді дұрыстау қолайлы болуы туралы қорытындыға келуге дейін бұдан әрі кемшіліктер болатын тәуекел қарастырылады.¹³
- A20. Топтастыру кемшілігі елеулі болатынын анықтау сандық көретулерді бағалаудан, сонымен қоса, қарыз немесе басқа шартты келісімдерге топтаптастыру әсерін, жеке баптар немесе аралық нәтижелерге әсерін немесе негізгі көрсеткіштерге әсер бағалаудан тұрады. Бұл басқа кемшіліктерді бағалауда қолданылатын маңызды деңгейін немесе деңгейлерінен тыс болса да, топтастыру кемшілігі тұтас алғанда қаржылық есептілігі мәнмәтінінде елеулі емес екені туралы қорытындыға келетін жағдай болуы мүмкін. Мысалы, жөнсіз топтастыру сомасына байланысты баланс баптарының көлеміне қатысты төмен және жөнсіз топтастыру тұжырымдамасы немесе кез келген негізгі көрсеткіштерге ықпал етпегенде, баланс баптарын жөнсіз топтастыру тұтас алғанда қаржылық есептілік мәнмәтінінде елеулі табыстар болып табылмайды.
- A21. Кейбір жағдайларға қатысты кемшіліктер жағдайында, жеке түрде немесе тұтас алғанда қаржылық есептілікке маңызынан төмен болса да, аудит барысында жиналған өзге кемшіліктермен бірге, аудитор оларды елеулі кемшіліктер ретінде бағалайды. Бағалауға ықпал ететін жағдайлар кемшіліктерге қандай дәрежеде ықпал ететінін қарастырады:
- Реттеуші талаптарға сәйкестікке ықпал етеді;
 - Дебиторлық қарыз немесе басқа шартты талаптарға сәйкестікке ықпал етеді;
 - Қазіргі кезеңнің қаржылық есептілігіне елеулі емес ықпал ететін, сонымен қатар келешектегі кезеңнің қаржылық есептілігіне ықпалы болар-болмас ететін бухгалтерлік саясаттың дұрыс емес таңдалуы немесе қолданылуына қатысты;

¹³ Бухгалтерлік баланс немесе әрекеттердің топтары шеңберіндегі елеулі емес кемшіліктердің санын анықтау себебімен аудитордың бірдей шот сальдосы немесе әрекет тобы үшін елеулі кемшілік тәуекелін қайта бағалау қажеттігі туындауы мүмкін.

- Табыс немесе өзге беталыстардағы өзгерістер, әсіресе жалпы экономикалық және салалық жағдайлардың мәнмәтінідегі өзгерістерді бүркемелейді;
- Субъектінің қаржылық ұстанымдары, операциялар немесе қолма-қол ақша ағымының нәтижелері баға беруіне қолданылатын көрсеткіштерге ықпал етеді;
- Қаржылық есептілікте көрсетілген сегментті ақпаратқа ықпал етеді (мысалы, субъектінің операциялары немесе пайдалылығында маңызды рөлді атқаратындар сияқты шын мәніндегі анықталған субъект бизнесінің басқа бөлігі немесе сегментіне қатысты);
- Басшылықтың өтемақысын арттыру әсері бар, мысалы, бонустар немесе басқа жеңілдіктерді беру талаптары қанағаттандырылатынын қамтамасыз ету;
- Аудиторды қолданушыларға, мысалы, келешектегі табыстарға қатысты белгілі алдыңғы ақпарат берулерді білуіне қатысты елеулілігі;
- Белгілі бір тараптарды тарататын баптарға қатысты (мысалы, әрекеттер бойынша сыртқы тараптар субъектінің басшылығы мүшелеріне қатысы бар);
- Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесімен айрықша түрде талап етілетін, бірақ аудитордың пікірі бойынша қолданушының қаржылық ұстанымын, қаржылық іс әрекет немесе ұйымның қолма-қол ақша ағымын білуіне маңызды ақпаратта жіберілген қателер; немесе
- Аудиттелінген қаржылық есептіліктен (мысалы, «Басшылықтың талқылауы мен талдауы» немесе «Операциялау мен қаржылық шолу» деген құжаттарға енгізілуі тиіс ақпарат) тұратын құжаттарда көрсетілетін, қаржылық есептілік қолданушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуін туғызатын өзге ақпаратқа ықпал етеді. 720 ХАС¹⁴ басқа ақпаратқа қатысты аудитордың міндеттерін қарастырады.

Мұндай жағдайлар тек мысалдар ғана; барлық аудиттерде кездесе бермейді не тізімі толық емес болады. Мұндай кез келген жағдайлардың бар болуы кемшіліктің елеулі болып саналу қорытындысына келуге міндетті емес.

¹⁴ 720 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқа Ақпаратқа Қатысты Аудитордың Міндеттері*

A22. 240 ХАС¹⁵ бұрмалану мөлшері қаржылық есептілік үшін елеулі болмаса да аудиттің басқа аспектілеріне қатысты алаяқтық немесе оның нәтижесі болуы мүмкін бұрмаланулар салдарын қалай қарастыру керек екенін түсіндіреді. Жағдайларға байланысты, ақпаратты ашып көрсетудегі бұрмаланулар алаяқтықтың белгісі болуы мүмкін және, мысалы келесілерден туындауы мүмкін:

- Басшылықтың пайымдауларындағы теріс түсінік нәтижесінде қателесуге алып келетін ашып көрсетулер; немесе
- Қаржылық есептіліктегі мәселелерді дұрыс түсінуге мүмкіндік бермейтін кеңейтілген немесе қайталанбайтын ақпарат.

Транзакциялар, шоттардағы қалдықтар мен ақпаратты ашып көрсету кезіндегі бұрмаланулардың салдарын қарастырған кезде, аудитор ХАС 200¹⁶ сәйкес кәсіби скептицизмді қолданады.

A23. Алдыңғы кезеңге қатысты, елеулі емес, түзетілмеген кемшіліктердің кумулятивті әсері ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілікке елеулі ықпал тигізеді. Аудитордың ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілікке тигізетін сондай түзетілмеген кемшіліктер әсерін бағалаудың әр түрлі қолайлы тәсілдері бар. Ұқсас бағалаудың тәсілін пайдалану кезең өткен сайын реттілікпен қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық Сектордағы Ұйымдарды Қарастыру

A24. Қоғамдық сектор субъектінің аудиті жағдайында, кемшілік елеулі болатынын бағалау заңы, нормативтік актілер немесе басқа өкілетті орындарға сәйкес белгілі бір мәселелер туралы, мысалы алаяқтық туралы есеп беруге аудитордың жауапкершілігінің әсеріне түседі.

A25. Сонымен қатар, қоғамдық мүдде, міндеттер, адалдық пен әсіресе тиімді заңды қадағалауды қамтамасыз ету мәселелері өз сипаты бойынша елеулі болуын бағалауға ықпал етеді. Бұл әсіресе заң, нормативтік актілер немесе өзге реттеуші орындарға сәйкес келетін баптарға арналған.

Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас (Сілт: Тарм. 12)

A26. Егер басшылық пен өкілетті тұлғаға (тұлғаларға) түзетілмеген кемшіліктерді хабарласа, олардың өкілеттік рөлін атқаратын ұқсас тұлғаға (тұлғаларға) олар қайтадан хабарланбауы керек. Аудитор басшылықтың жауапкершіліктеріне ие тұлғаларға хабарлау аудитор өзге жолдармен

¹⁵ 240 ХАС, 36 тармақ

¹⁶ 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеттері Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сәйкес Аудит Жүргізу*, 15 тармақ

олардың өкілеттігіне ие болатын тұлғаларға хабарлайтын тұлғалардың барлығына ақпарат береді.¹⁷

- A27. Жеке елеулі емес, түзетілмеген кемшіліктердің саны көп болғанда, аудитор әрбір жеке түзетілмеген кемшіліктердің бөлшектерін айтқанша түзетілмеген кемшіліктердің саны мен жалпы ақшалай әсері туралы ақпарат бере алады.
- A28. 260 ХАС (Қайта қарастырылған) аудитор сұрайтын жазбаша ұсынымдар туралы аудитордың өкілетті тұлғалармен быйланысуын талап етеді (осы ХАС-тың 14 тармағын қараңыз).¹⁸ Белгілі бір жағдайлардағы көлемі мен сипаты, сондай-ақ келешектегі қаржылық есептілікке қатысты ықтимал зардаптарды ескере отырып, аудитор өкілетті тұлғалармен кемшіліктерді түзетуге қабілетсіздігінің себептерін және зардаптарын талқылай алады.

Жазбаша Ұсынымдар (Сілт: Тарм. 14)

- A29. Қаржылық есептіліктің дайындалуы басшылық пен, керек болса, өкілетті тұлғаларға елеулі кемшіліктерді түзету мақсатымен қаржылық есептіліктегі өзгерістерді енгізуін талап етсе, аудитор олардан түзетілмеген кемшіліктер туралы жазбаша ұсынымдарды беруін талап етеді. Кейбір жағдайда, басшылық пен, керек болса, өкілетті тұлғалар белгілі бір түзетілмеген кемшіліктердің кемшілік болып табылуына күмән келтіруі мүмкін. Осыған орай, олар жазбаша ұсынымдарды «Біз келесі себептен (себептер сипаттамасы) және баптар кемшіліктерге ие екенімен келіспейміз» деген сөзбен толтырғысы келеді. Бұл ұсынымды алуда түзетілмеген кемшіліктердің әсері туралы қорытындысын жасау кезінде аудитордың жауапкершілігін төмендетпейді.

Құжаттама (Сілт: Тарм. 15)

- A30. Түзетілмеген кемшіліктер жөніндегі аудитордың құжаттамасы ескеруі мүмкін:
- (a) Түзетілмеген кемшіліктердің агрегатты әсерін қарастыруды;
 - (b) Әрекеттердің белгілі бір топтары, шот сальдосы немесе, керек болса, ашулар бойынша елеулілік деңгейі немесе трансакциялардың нақты деңгейін бағалауды; және
 - (c) Түзетілмеген бұрмалаушылықтардың әсерін негізгі коэффициенттермен салыстыру, сондай-ақ заңды, реттеуші, шартты талаптарға сәйкестікті (мысалы, борышқорлық міндеттемелер).

¹⁷ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), 13 тармақ

¹⁸ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), 16(c)(ii) тармақ

500 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ

АУДИТТІК ДӘЛЕЛДЕМЕ

(2009 жылдың 15 желтоқсанынан бастап немесе одан кейінгі мерзімдердегі қаржылық есептілік аудиттеріне қолдану құзыретіне ие)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
ХАС ауқымы	1–2
Күшіне енген күні	3
Міндеті	4
Анықтамалар	5
Талаптары	
Жеткілікті Тиісті Аудиттік Дәлелдеме	6
Аудиттік Дәлелдеме Ретінде Қолданылуға Тиісті Ақпарат	7–9
Аудиттік Дәлелдемелерді Алуға үшін Тестілеуге арналған Тармақтарды Таңдау	10
Аудиттік Дәлелдемелер Сенімділігінің Күмәні Немесе Сәйкессіздігі..	11
Қолдану Және Басқа Да Түсіндірме Материал	
Жеткілікті Тиісті Аудиттік Дәлелдеме	A1–A25
Аудиттік Дәлелдеме Ретінде Қолданылуға Тиісті Ақпарат.....	A26–A52
Аудиттік Дәлелдемелерді Алуға Үшін Тестілеуге Арналған Тармақтарды Таңдау.....	A53–A57
Аудиттік Дәлелдемелер Сенімділігінің Күмәні Немесе Сәйкессіздігі..	A58

Аудиттік Дәлелдеме 500 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпылама Міндеттері Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудит Жүргізу 200 ХАС стандарттарымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) қаржылық есептілік аудитінде аудиттік дәлелдемелердің алатын орнын түсіндіреді және аудитор пікірі негізделетін ақылға қонымды қорытындылар жасауға м.мкіндік беретін жеткілікті тиісті аудиттік дәлелдемелер алу үшін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу және орындауға аудитор жауапкершілігін қарастырады.
2. Бұл ХАС аудит барысында алынатын барлық аудиторлық дәлелдерге қолданылады. Басқа ХАС-тар аудиттің ерекше аспектілерін (мысалы, 315 ХАС (Қайта қарастырылған)¹), белгілі бір тақырыпқа қатысты алынған аудиторлық дәлелдер (мысалы, 570 ХАС²), аудиторлық дәлелдер алуға арналған ерекше шаралар (мысалы, 520 ХАС³), сонымен қоса жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алынған екенін бағалауды (200 ХАС⁴ және 330ХАС⁵) қарастырады.

Күшіне ену күні

3. 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап және осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты күшіне енеді.*

Міндеті

4. Аудитордың мақсаты – аудиторға аудиторлық қорытындыларға негізделетін ақылға қонымды қорытындыларды қалыптастыру үшін жеткілікті тиісті аудиттік дәлелдемелерді алу арқылы аудиторлық жұмысты топтау және орындау.

Анықтамалар

5. Бұл ХАС мақсаттарына арналған келесі терминдердің мағынасы төменде түсіндірілген:
 - (а) Бухгалтерлік жазбалары – бастапқы жазбалар мен растаушы жазбалардың жазбалары, мысалы чектер мен қорларды электронды ауыстыру жазбалары; инвойстар; келісімшарттар; жалпы және көмекші кітаптар, қаржылық есептіліктегі журналдық жазуларда көрсетілмеген қаржылық есептіліктегі басқа өзгерістер;

¹ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмалаулардың Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*

² 570 ХАС, *Үздіксіз Қызмет*

³ 520 ХАС, *Талдамалы Рәсімдер*

⁴ 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына Сәй Аудитті Жүргізу*

⁵ 330 ХАС, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап Ретіндегі Аудиторлық Шаралар*

- (b) Тиістілігі (аудиторлық дәлелдерге қатысты) – Аудиторлық дәлелдердің сапасын өлшеу; аудитордың пікіріне негізделген қорытындыларды қалыптастырудағы қатыстылық пен сенімділік.
- (c) Аудиттік дәлелдемелер – аудиторлық нәтижеге негізделетін қорытындыларды тұжырымдау барысында аудитор алатын ақпарат. Аудиттік дәлелдемелерге қаржылық есептілікке жататын және басқа да көздерден ақпарат кіреді.
- (d) Басшылықтың сарапшысы – Есеп-қисап пен аудит саласынан басқа салалық біліктілігіне ие болатын жеке тұлға немесе ұйым, басқа саладағы жұмыс субъектіне қаржылық есептілікті дайындауға жәрдемдесу мақсатымен қолданылады.
- (e) Жеткіліктілігі (аудиторлық дәлелдерге қатысты) – аудиторлық дәлелдердің санын өлшеу. Қажетті аудиторлық дәлелдердің саны аудитордың елеулі кемшіліктер тәуекелін бағалауына, сондай-ақ осындай аудиторлық дәлелдердің сапасына байланысты.

Талаптары

Жеткілікті Тиісті Аудиторлық Дәлел

- 6. Аудитор жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу мақсатымен жағдайларға тән шараларды әзірлеуі мен орындауы керек. (Сілт: Тарм. А1-А25)

Аудиттік Дәлелдеме Ретінде Қолданылуға Тиісті Ақпарат

- 7. Аудиторлық шараларды әзірлеу мен орындауда, аудитор аудиторлық дәлелдер ретінде қолданылуы тиісті ақпараттың релеванттілігі мен сенімділігін қарастырады. (Сілт: Тарм. А26-А34)
- 8. Егер аудиторлық дәлелдер ретінде қолданылатын ақпарат басшылықтың сарапшы жұмысын пайдаланып дайындалған болса, аудитор қажетті деңгейі бойынша аудитордың мақсатымен сарапшысының жұмысы маңызына қарай келесі шараларды өткізуі керек: (Сілт: Тарм. А35-А37)
 - (a) Бұл сарапшының құзыретін, біліктілігі мен шыншылдығын бағалайды; (Сілт: Тарм. А38-А44)
 - (b) Бұл сарапшының жұмысымен танысу; және (Сілт: Тарм. А45-А48)
 - (c) Тиісті растау үшін аудиторлық дәлел ретінде сарапшының жұмысының орындылығын бағалау. (Сілт: Тарм. А49)

9. Ұйым өндіретін ақпаратты пайдалануда, жағдайларда қажетті болатын ақпаратты қоса, аудитор аудитордың мақсатымен ақпарат жеткілікті түрде сенімді болуын бағалайды:
- (a) Ақпараттың дәлме-дәлдігі мен толықтығы туралы аудиторлық дәлел алу; және (Сілт: Тарм. А50-А51)
 - (b) Ақпарат аудитордың мақсаты үшін жеткілікті түрде дәлме-дәл және бөлшекті болуын бағалайды. (Сілт: Тарм. А52)

Аудиттік Дәлелдемелерді Алуға үшін Тестілеуге арналған Тармақтарды Таңдау

10. Бақылауды тестілеу мен бөлшектерді тестілеуді әзірлеуде аудитор аудиторлық шара мақсатына сәйкес келуде тиімді болатын тестілеуге арналған баптарды таңдау тәсілін анықтайды. (Сілт: Тарм. А53-А57)

Аудиттік Дәлелдемелер Сенімділігінің Күмәні Немесе Сәйкессіздігі

11. Егер:
- (a) Бір көзден алынған аудиторлық дәлелдер басқа көзден алынған дәлелге сәйкес келмесе; немесе
 - (b) Аудитор аудиторлық дәлелдер ретінде қолданылуы тиісті ақпараттың сенімділігіне күмән келтірсе,
- аудитор аудиторлық дәлелдерді жетілдірулер немесе толықтырулар мәселесін шешу немесе қажетті болуын анықтайды және керек болса аудиттің басқа мәселелеріне мәселенің әсерін қарастырады. (Сілт: Тарм. А58)

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Жеткілікті Тиісті Аудиттік Дәлелдеме (Сілт: Тарм. 6)

- A1. Аудиторлық дәлелдер аудитордың пікірі мен есебін қолдауы қажет болады. Бұл сипат бойынша кумулятивті және бастапқы кезінде аудит барысында орындалған аудиторлық шаралардан алынған ақпарат болып саналады. Алайда, аудиторлық дәлелдерге алдыңғы аудиттен, өзге көздерден алынған ақпарат (аудитор өзгерістер ағымдағы аудитке өз релеванттілік жатқызуы мүмкін болатын алдыңғы аудиттен бері пайда болғанын анықтайды⁶) немесе Қолданушы қабылдауы мен ұзақтығына

⁶ 315 ХАС (қайта қаралған), 9 тармақ

қатысты фирманың сапасын бақылау кіреді. Кәсіпорын аясының ішіндегі, сыртындағы басқа көздерді толтыру ретінде, кәсіпорынның бухгалтерлік жазулары аудиторлық дәлелдердің маңызды көзі болып табылады. Сонымен қоса, аудиторлық дәлелдер ретінде қолданылуы мүмкін ақпарат басшылықтың сарапшысының жұмысын пайдалану арқылы дайындалған. Аудиторлық дәлелдерге басшылықтың тұжырымдамаларын қуаттайтын ақпарат, сондай-ақ бұл тұжырымдамаларға қайшы келетін кез келген ақпараттан тұрады. Қосымшаға кейбір жағдайларда аудитор ақпараттың болмауын (мысалы, басшылық сұратылатын ұсынымдарды қамтамасыз етуден бас тартуы), сонымен қоса аудиторлық дәлелдерді қалыптастырады.

- A2. Аудиторлық пікір құрастырудағы аудитордың көпшілікті жұмысы аудиторлық дәлелдер алу мен бағалаудан тұрады. Аудиторлық дәлел алуға арналған аудиторлық шараларға инспекциялау, байқау, растау, қайта санау, қайта орындау, әдетте сұрауды толтыру ретінде комбинациялы болатын аналитикалық шаралар кіреді. Сұрау маңызды аудиторлық дәлел қамтамасыз етсе де, кемшілік туралы дәлел берсе деп жеке алынған сұрау әдетте бекіту деңгейіндегі елеулі кемшілік туралы жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелді де, бақылау нәтижелілігін де бере алмайды.
- A3. 200 ХАС-ке⁷ сәйкес, аудитор аудиторлық тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін (қаржылық есептілік елеулі түрде бұрмаланғанда, аудитор сәйкессіз пікірін білдіретін тәуекел) төмендету мақсатымен жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алған жағдайда ақылға қонымды сенімділік алынады.
- A4. Аудиторлық дәлел жеткіліктілігі мен тиістілігі өзара байланысты. Жеткіліктілік - бұл аудиттік дәлелдемелердің сандық шамасы. Қажетті аудиттік дәлелдемелер санына аудитордың бұрмалаулар тәуекелділігін бағалау (тәуекелділік жоғары болса, аудиттік дәлелдемелер де көп мөлшерде қажет) және аудиттік дәлелдемелер сапасы (сапа жоғары болса, дәлелдер азырақ) әсер етеді. Бірақ көбірек аудиттік дәлелдемелерді алу, олардың жетіспейтін санының орнын толтыра алмайды.
- A5. Сәйкестілік болса бұл - аудиторлық дәлелділіктің, олардың нақты бір пайымдауға қатысты релеванттылығының және де олар сенімділіктің сапалық шамасы. Аудиттік дәлелдемелердің сенімділігіне оның қайнар көздері мен сипатына, сондай-ақ аудиторлық қорытынды алынған жекелеген жағдайларға да байланысты болады.
- A6. 330 ХАС-ке сәйкес аудитор жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алынғандығы бойынша қорытынды қалыптастырады.⁸ Аудиторлық

⁷ 200 ХАС, 5 тармақ

⁸ 330 ХАС, 26 тармақ

тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін төмендету мақсатымен, сонымен қоса аудиторға аудитордың пікірін негіздейтін жөн қорытындыларды жалпылауға мүмкіндік беру мақсатымен жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алынды ма, жоқ па деп кәсіптік мәселе болып табылады. 200 ХАС-ына сондай мәселелерді талқылау кіреді, мысалы, аудиторлық шаралар сипаты, қаржылық есеп мерзімдері, табыс пен шығыс балансы. Аудитор жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алынғандығы бойынша кәсіптік пікірін білдірген жағдайда, бұл релевантты факторлар болып табылады.

Аудиттік Дәлелдемелердің Көздері

- A7. Кейбір аудиторлық дәлелдер бухгалтерлік жазулардың тестерін жүргізу арқылы, мысалы, қаржылық есеп үдерісіндегі шараларды талдау, шолу, қайта атқару, сонымен қоса бірдей ақпараттың байланысты типтері мен қолданыстарын салыстыру арқылы алынады. Аудитор сондай аудиторлық дәлел атқаруда бухгалтерлік жазулар ішкі жағынан сәйкесті болады және қаржылық есептілікпен ризаласатынын анықтайды.
- A8. Аудиттік дәлелдемелердің сенімділігіне, оның қайнар көздері мен сипатына, сондай-ақ аудиторлық қорытынды алынған жекелеген жағдайларға да байланысты болады. Мысалы, тәуелсіз ішкі ақпарат көзінен алынған дәлелді өңдеу ішкі жағынан алынатын дәлел, мысалы бухгалтерлік жазулардағы, кездесулер хаттамасы, немесе басшылық ұсынуындағы аудиторлық мәліметтен сенімділігін көтереді.
- A9. Тәуелсіз ішкі ақпарат көзінен алынған дәлелге үшінші жақтардың растаулары; аналитиктар есебі; бәсекелестер бойынша салыстыру мәліметтері жатады (салыстырмалы мәлімет).

Аудиттік Дәлелдеме Алуға Арналған Аудиторлық Шаралар

- A10. 315 ХАС (Қайта қарастырылған) пен 330 ХАС-ке сай пайымды қорытындылары жалпылауға қатысты аудиторлық дәлел келесі шаралар атқаруда орындалады:
 - (a) Тәуекелді бағалау шаралары; және
 - (b) Төмендегі жайларды қамтитын бұдан әрі аудиторлық шаралар:
 - (i) ХАС-тар талап еткенде немесе аудитор таңдауы болған жағдайда бақылау тестері; және
 - (ii) Елеулі шаралар, сонымен қоса бөлшектерді тестілеу мен шын мәніндегі аналитикалық шаралар.
- A11. Аудитор оларды орындаған жағдайларға байланысты А14-А25 төмендегі а көрсетілген аудиторлық шаралар тәуекелді бағалау шаралары, бақылауды тестілеу немесе шын мәніндегі шаралар ретінде қолданылады. 330 ХАС-ке сай алдыңғы аудиттен алынған аудиторлық дәлел, белгілі бір

- жағдайда, аудитор өз тоқтаусыз релеванттілігін орнату мақсатымен аудиторлық шаралар өткізетін тиісті аудиторлық дәлел қамтамасыз етеді.⁹
- A12. Аудиторлық дәлел сипаты мен мерзіміне бухгалтерлік мәліметтердің кейбірі және басқа ақпарат тек қана электронды түрде немесе белгілі бір уақыт кезеңінде қол жетерлі болатын факті әсер етеді. Құжат көздері, мысалы сатып алу тапсырыстары, инвойстар электронды түрде болуы мүмкін. Мысалы, Ұйым электронды сауда немесе мәліметтерді өңдеу жүйесін қолдануы мүмкін.
- A13. Белгілі бір электрондық ақпарат белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін алынуға мүмкін емес, мысалы, егер файлдар өзгертілсе және егер файлдың резервті көшірмесі болмаса. Атап айтқанда, аудитор Ұйымның мәліметтерді сақтап қою саясаты нәтижесінде аудитордың шолуы немесе ақпарат қол жетерлік болған кезеңдегі аудиторлық шараларды орындау мақсатымен кейбір ақпарат сақтап қоюды сұрату керектігін қарастырады.

Инспекциялау

- A14. Инспекциялауға қағаз немесе электронды түрде сыртқы және ішкі жазулар және басқа мәлімет немесе актив физикалық тексерілуі жатады. Жазбалар мен құжаттарды инспекциялау ішкі жазбалар мен құжаттардың, сондай-ақ ішкі жазбалар мен құжаттарға қатысты олардың жүргізілу барысына ішкі бақылау тиімділігіне байланысты сенімділіктің түрлі дәрежесіндегі аудиттік дәлелдемелерін қамтамасыз етеді. Мысалы, пайымдауды дәлелдеу үшін жазбалар мен құжаттарды инспекциялауды – бақылау тестілері ретінде қолданылатын инспекциялау.
- A15. Кейбір құжаттар активтің болуының тікелей аудиторлық дәлелін береді. Мысалы қаржылық құрал болып табылатын акция немесе облигация. Мұндай құжаттарды инспекциялау олардың құны бойынша аудиторлық дәлелді бермейді. Сондай-ақ орындалған келісім-шартты инспекциялау Ұйымның есеп саясатын қолдануы, мысалы, табыстарды растау бойынша аудиторлық дәлелді беруі мүмкін.
- A16. Материалдық активтерді инспекциялау активтер бар екенін растайтын, бірақ Ұйымның міндеттерін және олардың құқығын, немесе активтердің құқығын сенімді емес аудиттік дәлелдемелерді қамтамасыз ете алады. Қордың жеке баптарын инспекциялау әдетте тауар-материалдық құндылықтарды санауды қадағалаумен бірге жүргізіледі.

Қадағалау

- A17. Маңызды басқалар орындайтын процесті немесе шараларды бақылауда. Мысалы, аудитор Ұйым қызметкерлері тауарлы-материалдық қорларды

⁹ 330 ХАС, А35 тармақ

санауын немесе аудиторлық іздер қалдырмайтын тексеру шараларының орындалуын бақылайды. Бақылау процестің немесе шаралардың орындалуының аудиторлық дәлелін білдіреді. Бірақ қадағалау орын алған уақыт кезеңі немесе қадағалаудағы іздер үдерістердің орындалуына әсер ететін факті шек қоймайды. 501 ХАС қараңыз¹⁰, тауар – материалдық құндылықтарды санау жөніндегі бақылау нұсқаулығы берілген.

Сыртқы Растау

- A18. Сыртқы растау - аудитор үшінші жақтың (қуаттайтын тарап) аудиторуна тікелей жазбаша жауап қайтару ретінде қағаз немесе электронды түрде немесе басқа құралдар арқылы ақпарат алу процесі. Растаулар сальдо шоттарына және олардың компоненттеріне қатысты қолданылады, бұл баптармен шектелмейді. Мысалы аудитор үшінші жақтармен келісім шарттарды немесе операцияларды растауды талап етуі мүмкін. Растауды сұрау үлгісі келісімге өзгерістер енгізілуін білу түрінде жасалған. Сыртқы растау рәсімдері белгілі бір жағдайлардың жоқтығы туралы аудиторлық дәлелдерді алу үшін де қолданылады, мысалы, кірісті тануға әсер етуі мүмкін «қосымша келісімнің» болмауы. Ұсынымдар бойынша нұсқаулық берілген 505 ХАС қараңыз.¹¹

Қайта Санау

- A19. Санау құжаттар мен есеп жазбаларының арифметикалық дәлдігін тексереді. Санау электронды немесе электронды түрде қолданылады.

Қайта Орындау

- A20. Есеп беру аудитордың бастапқыда ұйымның ішкі бақылауының бөлігі ретінде орындалған рәсімдерді немесе басқару элементтерін тәуелсіз орындауын қамтиды.

Талдамалық Рәсімдер

- A21. Қаржылық немесе қаржылық емес ақпарат арасындағы өзара байланысты зерттеу жолымен қаржылық ақпаратты бағалаудан тұрады. Талдау шаралары сондай-ақ басқа келісілмеген байланысты ақпаратпен немесе жобалау сомаларынан ерекшеленетін өзгерістер және өзара байланыстарды білдіреді. Талдау шаралары бойынша нұсқаулық келтірілген 520 ХАС-тегі Талдау шараларын қараңыз.

¹⁰ 501 ХАС, *Аудиттік Дәлелдеме – Таңдалған Элементтерге Арналған Арнайы Түсінік*

¹¹ 505 ХАС, *Сыртқы Растаулар*

Сұраныс

- A22. Сұраныс - бұл хабары бар адамдардан Ұйым аралығында немесе одан тыс қаржылық немесе қаржылық емес ақпарат іздестіру. Сұраныс аудит барысында кеңінен қолданылатын аудиторлық шара және басқа аудиторлық шараларға қосымша болып табылады. Олар ресми жазбаша немесе ресми емес ауызша сұраулар болып бөлінеді. Сұраулардың жауаптарын бағалау сұрау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.
- A23. Сұрауларға жауаптар алу аудиторда бұрын болмаған немесе аудиттік дәлелдемелерді растайтын ақпарат бере алады. Жауаптар балама ретінде аудитор алған басқа ақпараттан ерекшеленетін ақпаратты бере алады. Мысалы, басшылықтың бақылауларды елемей мүмкіндігі. Кейбір жағдайларда сауалдарға жауаптар түрлендіру немесе аудитордың қосымша аудиторлық шараларды орындауы үшін негіздеме беріледі.
- A24. Сұраулар жолымен дәлелдерді растау маңызды болғанымен басшылық пікірін растайтын ақпаратқа қатысты шектеулер болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда басшылықтың активтер немесе міндеттемелер бойынша ниеттердің орындалуына, басшылықтың осы әрекеттерді таңдау себептеріне және басшылықтың осы әрекеттерді орындай алатынына қатысты тарихты білуі басшылықтың ниеттері туралы тиісті ақпаратты бере алады.
- A25. Кейбір сұрақтарға қатысты аудитор басшылықтан жазбаша ұсыныстарды алу қажет деп санауы мүмкін және, керек болса, басшылықтар өкілеттігін бергендерден ауызша сұраулардың жауаптарын растай алады. Келесі сілтемелерді алу үшін 580 ХАС- ты қараңыз.¹²

Аудиттік Дәлелдеме Ретінде Қолданылуға Тиісті Ақпарат

Дұрыстығы Мен Сенімділігі (Сілт: Тарм. 7)

Сыртқы Растаулардың Сұратуларын Әзірлеу (Сілт: Тарм. 7(с))

- A3. Сыртқы растаулардың сұратуларын әзірлеу растаулардың сұратуларына жауап деңгейіне, сонымен аудиттік дәлелдемедің сенімділігіне, сипатына әсер етеді.
- A4. Сыртқы растаулардың сұратуларын әзірлеуде қарастырылатын факторлар:
- Бекітулер.
 - Алаяқтық тәуекелін қоса, елеулі кемшіліктің белгілі бір анықталған тәуекелі.
 - Растаулардың сұратуларын ұйымдастыру мен ұсыну.
 - Аудитке немесе бірдей бір келісімге ие алдыңғы тәжірибе.
 - Ақпарат беру әдісі (мысалы, қағаз немесе электронды немесе басқа түрде).
 - Басшылықтың қуаттайтын тарапқа аудиторға жауап беруге рұқсат беруі. Қуаттайтын тарап басшылықтың рұқсаты бар болғанда жауап береді.
 - Сұратылатын ақпарат растауға немесе қамсыздандыруға көздейтін қуаттайтын тараптың қабілеті (мысалы, жалпы балансқа қарамай жекелеген шот-фактура сомасы).
- A5. Жағымды сыртқы растаулардың сұратулары себебімен растаулардың сұратуларына жауап беретін тарап аудиторға барлық жағдайларда тараптың аталмыш ақпаратқа келісуі арқылы немесе бұл тараптан ақпарат алу арқылы жауап береді. Жағымды растауды сұратуға жауап әдеттегі мақсаты сенімді аудиттік дәлелдеме ұсыну. Алайда, растауды сұратуға жауап беретін тарап бұл ақпараттың дұрыстығын қуаттамай жауап беруі мүмкін. Аудитор бұл тәуекелді растауды сұрату бойынша сома белгілемейтін жағымды растауды сұратуларды пайдалану арқылы төмендетеді, сонымен қоса сомаларды толтыру немесе басқа ақпаратты аяқтауды тараптан сұрайды. Екінші жағынан, «бос» растауды сұратулардың пайдалануы төменірек жауап деңгейлеріне әкеледі, себебі қуаттайтын тарап қосымша күштерін салады.
- A6. Олар жіберілгенге дейін сұратуларға тиісті түрдегі жауаптар қайтарылғанын қарастыруға кейбір немесе барлықтарының шындығын тестілеу жағады.

Растауды Сұратуларына Қатысты Шаралар (Сілт: Тарм. 7(d))

- A7. Аудитор алдыңғы сұратуға жауап барабар уақыт ішінде алынбаған жағдайда қосымша растаудың сұратуларын жібереді. Мысалы, аудитор бастапқы мекен-жайдың дұрыстығын қайта қарастырып шығу қосымша немесе бұдан әрі жауап қайтарады.

Басшылықтың Аудиторға Растау Туралы Сұрау Жіберуіне Рұқсат Беруден Бас Тартуы

Басшылықтың Бас Тартуының Негізділігі (Сілт: Тарм. 8(a))

- A8. Басшылық аудиторға растауды сұратуға жауап қайтаруға рұқсат етуден бас тартуы аудитор алғысы келетін аудиттік дәлелдемеді шектеу болып табылады. Аудитор сондай-ақ осы шектеудің себептерін білуі қажет. Кеңейтілген жалпы себеп заң таласының бар болуы немесе қуаттайтын тараппен тоқтаусыз келіссөздер, мерзімді емес растау әсер ететін шешімдер болып табылады. Аудитор себептердің шындығы мен дұрыстығы бойынша аудиттік дәлелдеме жинауы тиіс, өйткені басшылық аудитор алаяқтық немесе қате көрсетуі мүмкін аудиттік дәлелдемеге қол жеткізуін тоқтатуға тырысады деп тәуекел орын алады.

Елеулі Кемшіліктердің Тәуекелін Бағалаудың Зардаптары (Сілт: Тарм. 8(b))

- A9. Аудитор 8 (b) тармақтағы бағалаудан келесі қорытынды жасайды: бекіту деңгейіндегі елеулі кемшіліктің тәуекелін бағалауды қайта қарастыру мен 315 ХАС-ке (Қайта қарастырылған)¹⁴ сәйкес жоспарланған аудиторлық шаралар жетілдіруді қолайлы деп анықтайды. Мысалы, егер басшылық қуаттамауда сұратулары тиісті болмаса, осы 240 ХАС-ке¹⁵ сәйкес бағалауды талап ететін алаяқтық тәуекелінің факторын анықтайды.

Баламалы Аудиторлық Шаралар (Сілт: Тарм. 8(c))

- A10. Баламалы аудиторлық шаралар осы ХАС-тың A18-A19 баяндалғандай жауап болмауы бойынша тән шараларға ұқсас. Мұндай шаралар сондай-ақ бұл ХАС-тың 8(b) аудитор бағалауының нәтижелерін ескереді.

Сыртқы Растау Рәсімдерінің Нәтижелері

Алынған Жауаптардың Сенімділігі (Сілт: Тарм. 10)

- A11. 500 ХАС-ке сәйкес аудиттік дәлелдеме ұйым сыртындағы көздерден алған болса да, сенімділігіне әсер ететін жағдайлар бар болуы мүмкін.¹⁶ Барлық

¹⁴ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелдігін Анықтау Мен Бағалау*, 31 тармақ

¹⁵ 240 ХАС, 24 тармақ

¹⁶ 500 ХАС, A31 тармақ

жауаптардың қағып әкету, өзгерту немесе алаяқтық тәуекелі бар. Мұндай тәуекел жауап құжат немесе электронды түрінде немесе басқа құралдары арқылы алынады. Жауаптың сенімділігіне күмәнді анықтайтын факторлар келесі болады:

- Аудитор жанама түрде алады; немесе
 - Бастыпқыда көзделген қуаттайтын тараптан болып шықпаған.
- A12. Электронды түрде алынған жауаптар, мысалы, факсимилді немесе электронды пошта арқылы қайтарылған жауаптар сенімділік бойынша тәуекелді қарастырады, себебі респонденттің күйі мен өкілетін анықтау күрделі және өзгертулер анықтауға мүмкін емес. Аудитор мен респондент қолданатын, электронды түрде алынған жауаптарға қауіпсіз органы құрайтын процес бұл тәуекелдіктерді төмендетеді. Егер аудитор мұндай процес қауіпсіз және тиісті түрде бақыланатынына риза болса, байланысты жауаптардың сенімділігі жоғарытылады. Электронды растау процесіне мысалы ақпаратты кодылаудың пайдаланылуы, электронды сандық қолдар, сонымен қоса веб сайттың барабарлығын растау шараларын пайдалану арқылы ақпараттың жіберушісінің бірдейлігін электронды түрде растау жөніндегі әр түрлі әдістемесі жатады.
- A13. Егер қуаттайтын тарап растауды сұратуларға жауаптарды қайтару және үйлестіру мақсатымен үшінші жақты қолданса, аудитор бұл тәуекелді жою үшін шараларды орындайды:
- (a) Жауап тиісті дерекнамадан болмауы мүмкін;
 - (b) Респонденттің жауап қайтаруға өкілеті жоқ болуы мүмкін; және
 - (c) Тапсырыс берудің адалдығы қауіпке ұшыратылуы мүмкін.
- A14. 500 ХАС аудитор аудиттік дәлелдеме ретінде қолданылатын ақпараттың сенімділігіне күмәндарды жою үшін шараларды жетілдіру немесе толтыру керектігін анықтайды.¹⁷ Аудитор қуаттайтын тараппен байланысу арқасында растауды сұратуға жауаптардың көздерін, сипатын айқындайды. Мысалы, қуаттайтын тарап электронды пошта арқылы жауап қайтарғанда, аудитор қуаттайтын тараппен соңғы шынында жауап қайтарған-қайтармағанын растау мәселесі бойынша телефон арқылы хабарласады. Жауап аудиторға жанама қайтарылмаған (мысалы, қуаттайтын тарап аудиторға қарамастан кәсіпорынға жөнсіз жауап қайтарғандықтан), аудитор қуаттайтын тараптан соңғы аудиторға жазбаша түрде жауап қайтаруды сұратады.
- A15. Жекелеген жағдайда растауды сұратуға ауызша жауап сыртқы растау анықтамасына сай келмейді, оның себебі бұл аудиторға тікелей жазбаша

¹⁷ 500 ХАС, 11 тармақ

жауап емес. Алайда, растауды сұратуға ауызша жауап алуда, аудитор жағдайларға байланысты қуаттайтын тараптан аудиторға тікелей жазбаша түрде жауап қайтаруды сұрайды. Егер мұндай жауап алынбаған болса, 12 тармаққа сәйкес аудитор ауызша жауаптағы ақпарат растау үшін басқа аудиттік дәлелдеме жинайды.

- A16. Растауды сұратуға жауап оның қолданылуына қатысты шектеулі тіл қамтиды. Сондай шектеулер аудиттік дәлелдеме сияқты жауаптың сенімділігін заң күшінен айырмайды.

Сенімсіз Жауаптар (Сілт: Тарм. 11)

- A17. Аудитор жауап сенімсіз болуы бойынша қорытындыға келсе, онда ол бекіту деңгейіндегі елеулі кемшіліктің тәуекелін бағалауды, сонымен қоса 315 ХАС-ке (Қайта қарастырылған)¹⁸ сәйкес жоспарланған аудиторлық шараларды жетілдіруді қайта қарастырып шығуды керек етуі мүмкін. Мысалы, сенімсіз жауап 240 ХАС-ке¹⁹ сәйкес бағалауды талап ететін алаяқтық тәуекелінің факторын айқындайды.

Жауаптың Болмауы (Сілт: Тарм. 12)

- A18. Аудитор атқаратын баламалы аудиторлық шаралардың мысалдары:

- Дебиторлық берісі балансы жөніндегі шаралар – ерекше кейінгі қолма-қол түсімдер, тауарларды тиеуге қатысты құжаттама, кезеңнің соңына қатысты сатуларды зерттеу.
- Дебиторлық берісі балансы жөніндегі шаралар – кейінгі ақшалай шығындарды немесе үшінші жақтардан алынған хат-хабардарды, басқа жазуларды, мысалы кіріс жөнелтпе құжатын зерттеу.

- A19. Баламалы аудиторлық шаралардың сипаты мен деңгейіне талас шот пен тұжырымдама ықпал етеді. Растауды сұратуға жауаптың болмауы елеулі кемшіліктің алдыңғы анықталмаған тәуекелін белгілейді. Осыған орай, аудитор бекіту деңгейіндегі елеулі кемшіліктер бағаланған тәуекелін қайта қарастырып, 315 ХАС-ке (Қайта қарастырылған)²⁰ сәйкес жоспарланған аудиторлық шараларды жетілдіреді. Мысалы, растауды сұратуға аздаған жауаптар күтілген жауаптарға қарай немесе үлкен саны 240 ХАС-ке²¹ сәйкес бағалауды талап ететін алдыңғы анықталмаған алаяқтық тәуекелінің факторын анықтайды.

¹⁸ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 31 тармақ

¹⁹ 240 ХАС, 25 тармақ

²⁰ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 31 тармақ

²¹ 240 ХАС, 24 тармақ

Теріс Растауды Сұратуға Жауап Жеткілікті Туісті Аудиттік Дәлелдеме Алу Үшін Керектігі (Сілт: Тарм. 13)

- A20. Белгілі бір жағдайларда, аудитор жеткілікті расталған аудиторлық дәлелдерді алу үшін оң растау сұранысына жауап қажет болған растау деңгейінде маңызды бұрмаланулардың тәуекелін анықтай алады. Мұндай жағдайлар мыналарды қамтуы мүмкін:
- Басшылықтың тұжырымдамасын растауға қол жетімді ақпарат тек ұйым сыртында қол жетімді болады.
 - Ерекше алаяқтық тәуекелінің факторлары оның ішінде басшылықтың бақылауды ескермеуінің тәуекелі немесе сөз байланысудың тәуекелі, бұл тәуекел қызметкерлерді немесе басшылықты таратып, аудиторға ұйымнаналынған дәлелге сүйенуді болдырмайды.

Ерекшеліктер (Сілт: Тарм. 14)

- A21. Растауды сұратуға жауаптарда ескерілген айрықшалар кемшілік немесе қаржылық есептіліктегі ықтимал кемшілікті анықтайды. Кемшілік анықталса, аудитор 240 ХАС-ке сәйкес сондай кемшіліктер алаяқтықты көрсететінін бағалайды.²² Айрықшалар бірдей қуаттайтын тараптан немесе бірдей шоттардан алынған жауаптардың сапасы бойынша нұсқау ұсынады. Олар сондай-ақ кәсіпорынның қаржылық есеп беруді ішкі бақылаудың жетіспеушілік немесе жетіспеушіліктерді қарастырады.
- A22. Кейбір айрықшалар кемшіліктерді көрсетпейді. Мысалы, аудитор растауды сұратуға жауаптардағы ерекшеліктер сыртқы растау шараларының мерзімі, өлшеуі немесе кеңсе қателерінен туындайды деп санауы мүмкін.

Теріс Растаулар (Сілт: Тарм. 15)

- A23. Жағымсыз растауды сұратуға жауап алуға қабілет болмауы айқын түрде қуаттайтын тараптың растауды сұрату алуын немесе сұраныстағы ақпараттың дәлме-дәлдігін растауын анықтамайды. Атап айтқанда, қуаттайтын тараптың жағымсыз растауды сұратуға жауабы жағымды растауды сұратуға жауаппен салыстырғанда шамалы сенімді аудиттік дәлелдеме қамтамасыз етеді. Қуаттайтын тарап сондай-ақ сұратудағы ақпарат оларға арнап алғанда қуаттайтын сұратуға қатысты келіспеушілікті анықтай отырып жауап қайтарады; қуаттайтын тарап өзгеше жауап қайтара алмайды. Мысалы, егер олар олардың шоттағы баланс растауды сұратуда азайтып жібереді деп санаса банк депозиті шотын ұстаушылар жауап қайтарады, бірақ олар баланс көтеріп жіберіледі деп санағанда жауап қайтаруы мүмкін болмайды. Осыған байланысты, банк депозиті шотын ұстаушыға жағымсыз растауға сұраныс

²² 240 ХАС, 35 тармақ



жіберу сондай баланстар азайтып жіберілетінін қарастыруда пайдалы шара болып шығады, бірақ егер аудитор растауда сұратуды көтеріп жіберуге қатысты дәлел жинаса, тиімді болу мүмкін емес.

Алынған Дәлелдемені Бағалау (Сілт: Тарм. 16)

- A24. Жекелеген сыртқы растауды сұратулардың нәтижелерін бағалауда аудитор сондай нәтижелер келесі санаттарға бөледі:
- (a) Растауды сұратудағы ақпаратқа келісімін анықтайтын, тиісті қуаттайтын тараптың жауабы немесе айрықшасыз сұратылған ақпарат беру;
 - (b) Сенімсіз жауап ретінде қарастырылатын жауап;
 - (c) Жауаптың болмауы; немесе
 - (d) Айрықша анықтайтын жауап.
- A25. Аудитордың бағалауы, аудитор орындап жатқан басқа аудиторлық шараларды қоса алғанда, аудиторға жеткілікті тиісті аудиттік дәлелдеме алынды ма, жоқ па, немесе 330 ХАС-ке²³ сәйкес бұдан әрі аудиттік дәлелдеме қажет бола ма, жоқ па, деген қорытындыға келуге көмек береді.

²³ 330 ХАС, 26-27 тармақтар

510 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ БАСТАПҚЫ АУДИТОРЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР - БАСТАПҚЫ САЛЬДОЛАР

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Күшіне ену күні	2
Мақсаты	3
Анықтамалары	4
Талаптары	
Аудиторлық Рәсімдер	5–9
Аудиторлық Қорытындылар Мен Есеп Беру	10–13
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Аудиторлық Рәсімдер	A1–A7
Аудиторлық Қорытындылар Мен Есеп Беру	A8–A9
Қосымша: Жетілдірілген Пікір Бар Аудитордың Есебінің Көрнекіліктері	

Бастапқы Аудиторлық Келісімдер - Бастапқы Сальдолар, 510 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу, 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) бастапқы аудиторлық келісімдегі бастапқы сальдоларға қатысты аудитордың міндеттерін қарастырады. Қаржылық есептіліктің сомасынан басқа, ашылу сальдосына кезеңнің басында болған, мысалы, шартты міндеттемелер мен міндеттемелер сияқты ашып көрсетуді қажет ететін мәселелер кіреді. Қаржылық есептілікте салыстырмалы қаржылық ақпарат болған кезде, 710 ХАС¹ талаптар мен нұсқаулар қолданылады. талаптары мен нұсқауы сондай-ақ қолданылады. 300 ХАС² бастапқы аудит басталғанға дейін қызметке қатысты қосымша талаптар мен нұсқаулықтарды қамтиды.

Күшіне ену күні

2. 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап және осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

3. Бастапқы аудиттің келісімін жүргізуде бастапқы сальдоларға қатысты аудитордың мақсаты келесі туралы жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алады:

- (a) Бастапқы сальдолар ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне елеулі ықпал ететін кемшіліктерді қамтиды; және
- (b) Бастапқы баланста көрсетілген сәйкесті есеп саясаты үнемі ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігінде қолданылады, немесе соған енгізілген өзгерістер тиісті түрде есеп беріледі және қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес ұсынылған және ашылған.

Анықтамалары

4. Бұл ХАС мақсаты келесі терминдер мағыналарымен көрсетілген:

- (a) Бастапқы аудит келісімі – Келісім:
 - (i) Алдыңғы кезеңде қаржылық есептілік аудиті орындалмады; немесе
 - (ii) Алдыңғы кезеңнің қаржылық есептемесі аудитордың көмекшісімен тексерілді.

¹ 710 ХАС, *Салыстырмалы Ақпарат—Сәйкес Көрсеткіштер Және Салыстырмалы Қаржылық Есептілік*

² 300 ХАС, *Қаржылық Есептілік Аудитін Жоспарлау*

- (b) Бастапқы сальдолар – Кезең басындағы шоттар бойынша қалдықтар. Бастапқы сальдолар өткен кезеңнің соңғы сальдоларына негізделеді де өткен кезеңде қолданылған өткен кезең мен есеп саясаты операцияларының ықпалын көрсетеді. Бастапқы кезеңдегі сальдо сондай-ақ кезеңнің басында болған және ашылу тиіс ақпараттардан тұрады, мысалы, шартты және нақты міндеттер.
- (c) Бастамашы аудитор – Кәсіпорынның алдыңғы кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізген және қазіргі аудиторды ауыстырған басқа аудиторлық фирманың аудитору.

Талаптары

Аудиторлық Рәсімдер

Бастапқы Сальдолар

5. Аудитор, керек болса, ең соңғы қаржылық есептілікті және соған байланысты есебін, керек болса, бастапқы сальдоға, оның ішінде ашылымдарға қатысты ақпарат бойынша ақпарат туралы есебін қарастырады.
6. Аудитор бастапқы сальдо ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне елеулі ықпал ететін кемшіліктер бар, жоқ екеніне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел жинайды: (Сілт: Тарм. А1–А2)
 - (a) Аудитор өткен кезеңнің бастапқы сальдо ағымдағы кезеңге дұрыс ауыстырған немесе керек болса қайталап расталған-расталмағанын шешеді;
 - (b) Аудитор бастапқы сальдо тиісті саясаттың қолданысын көрсетеді ме, жоқ па деп сануы керек; және
 - (c) Келесі шаралардың біреуін немесе одан да көбін орындау: (Сілт: Тарм. А3–А7)
 - (i) Өткен жылдағы қаржылық есептілік жөнінде аудит жүргізілген жағдайда, бастапқы балансқа қатысты дәлел алу мақсатымен алдыңғы аудитордың жұмыс құжаттарын шолу;
 - (ii) Соңғы кезеңде атқарылған аудиторлық шаралар бастапқы сальдоға қатысты дәлел береді ме, жоқ па деп баға беру; немесе
 - (iii) Бастапқы сальдоға қатысты дәлел жинау мақсатымен ерекше аудиторлық шаралар орындау.
7. Егер аудитор бастапқы сальдо соңғы кезеңдегі қаржылық есептілікке елеулі ықпал етуі мүмкін болар кемшіліктер қамтитынына қатысты

аудиторлық дәлел алса, онда ол соңғы кезеңдегі қаржылық есептілікке ықпалын шешуге жағдайларға тән шаралар ретінде сондай қосымша аудиторлық шаралар орындауы тиіс. Егер аудитор сондай кемшіліктер соңғы кезеңдегі қаржылық есептілікте орын алуына қатысты қорытындыға келсе, онда ол 450 ХАС-ке³ сәйкес басшылық пен өкілетті тұлғалардың сәйкесті деңгейіне кемшіліктер туралы хабардар етеді.

Есеп Саясат Сәйкестігі

8. Аудитор бастапқы сальдосында көрсетілген есеп саясаты сәйкесті түрде соңғы кезеңдегі қаржылық есептілікке қолданылады ма, жоқ па, және есеп саясатындағы өзгерістер тиісті түрде есепке алынды ма, жоқ па, сонымен қоса адекватты түрде ұсынылды ма, жоқ па қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес ашып көрсетілді ме, жоқ па деп қарастырып шығады.

Алдыңғы Аудитордың Есебіндегі Сәйкесті Ақпарат

9. Егер өткен кезеңдегі қаржылық есептіліктер бойынша алдыңғы аудитор аудит орындаса және пікірдегі өзгерістер орын алса, онда аудитор 315 ХАС-ке (Қайта қарастырылған)⁴ сай соңғы кезеңдегі қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануының тәуекеліне баға беруде жетілдірулерге әкеп соғатын мәселенің ықпалын бағалауы тиіс.

Аудиторлық Қорытындылар Мен Есеп Беру

Бастапқы Сальдолар

10. Егер аудитор бастапқы сальдоға қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алуға қабілеті болмаса, онда ол кәсіптік пікір айтады немесе, керек болса, 705 ХАС-ке⁵ (Қайта қарастырылған) сәйкес қаржылық есептілік бойынша пікір айтудан бас тартады. (Сілт: Тарм. А8)
11. Егер аудитор бастапқы сальдо соңғы кезеңдегі қаржылық есептілікке елеулі ықпал ететін кемшіліктерді қамтиды деп санаса, егер кемшіліктердің ықпалы тиісті түрде есепке алынса немесе адекватты түрде ұсынылса немесе ашылса, онда аудитор кәсіптік пікір айтады немесе, керек болса, 705 ХАС-ке⁵ сәйкес жағымсыз пікір айтады.

Есеп Саясатының Сәйкестігі

12. Егер аудитор келесідей қорытындыласа:

³ 450 ХАС, *Аудиторлық Тексеріс Барысында Анықталған Бұрмалануларды Бағалау*, 8 және 12 тармақтар

⁴ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмаланулардың Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*

⁵ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Пікірді Түрлендіру*

- (a) соңғы кезеңдегі есеп саясаты сәйкессіз түрде қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес бастапқы сальдоға қатысты қолданылса; немесе
 - (b) егер есеп саясатындағы өзгеріс қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес тиісті түрде есеп алынған немесе адекватты түрде ұсынылған немесе ашып көрсетілген болмаса,
- онда аудитор 705 ХАС-ке (Қайта қарастырылған) сәйкес кәсіптік немесе жағымсыз пікір айтады.

Алдыңғы Аудитордың Есебіндегі Пікірді Жетілдіру

13. Егер өткен кезеңдегі қаржылық есептілікке қатысы бар алдыңғы аудитордың пікірі соңғы кезеңдегі қаржылық есептілікке тән мен елеулі болып келетін модификациялауды қамтыса, аудитор 705 ХАС (Қайта қарастырылған) пен 710 ХАС-ке сәйкес соңғы кезеңдегі қаржылық есептілік туралы аудитордың пікірін модификациялайды. (Сілт: Тарм. А9)

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Аудиторлық Рәсімдер

Қоғамдық сектор ұйымдарын қарастыру (Сілт: Тарм. 6)

- A1. Қоғамдық секторда соңғы аудитор алдыңғы аудитордан ала алатын ақпаратты заң немесе реттеуші шектеулер орын алады. Мысалы, егер заңнамаға сай тағайындалған аудитор (мысалы, Бас аудитор, немесе Бас аудитордың атынан тағайындалған басқа тиісті кәсіптік тұлға) өткен уақытта аудитор орындаған қоғамдық сектор кәсіпорыны жекешелендірілсе, заңнамаға сай тағайындалған аудитор жеке сектордағы, жаңадан тағайындалған аудиторға қамтамасыз бере алатын жұмыс құжаттарына немесе өзге ақпаратты қол жеткізудің көлемі құпиялық заңы немесе нормативтік актілерімен шектеліп отырады. Сондай хабарлау шектеліп отыратын жағдайда басқа жолдармен алынуы керек және қажет болса егер жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алына алмаса, аудитордың пікіріне әсерін қарастыру арқылы алынады.
- A2. Егер заңнамаға сәйкес тағайындалған аудитор жеке сектордағы аудиттің фирмасына қоғамдық сектор кәсіпорының аудитін басқаруына тапсырса, және заңнамаға сәйкес тағайындалған аудитор қоғамдық сектор кәсіпорының өткен кезеңдегі қаржылық есептілігі бойынша аудит орындаған фирмадан басқа аудиттің фирмасын

тағайындаса, бұл әдетте заңнамаға сәйкес тағайындалған аудиторға аудитордардағы өзгерістер сияқты қарастырылады. Аутсорсинг келісімінің сипатына байланысты алайда аудиттің келісімі олардың жауапкершіліктерін орындауға жауапкершілігі бар жеке сектор аудиторының келешегінің негізінде бастапқы аудиттің келісімі сияқты қарастырылады. Осыған сәйкес бұл ХАС қолданылады.

Бастапқы Сальдолар (Сілт: Тарм. 6 (с))

- A3. Аудиторлардың бас сальдоларға қатысты алуы тиіс аудиторлық дәлелдердің жеткіліктілігі мен тиістілігі бойынша аудитордың сипаты мен деңгейі мына аспектілерге байланысты:
- Ұйым ұстанатын есеп саясаты.
 - Ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігінің елеулі тәуелкелділігі, әрекеттердің топтары және шоттар сипаты.
 - Ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілікке қатысты бас сальдоларының елеулілігі.
 - Өткен кезеңде қаржылық есептілік аудиті жүргізілді ме, жүргізілмеді ме аудиторлық есеп беру модификацияланды ма.
- A4. Өткен кезеңнің қаржылық есеп аудитін басқа аудитор жүргізгенде, жұмыс істеп жатқан аудитор бұрынғы аудитордың жұмыс құжатына шолу жасау арқылы шоттардың бастапқы сальдоларына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер ала алады. Мұндай жағдайда қазіргі аудитор бұрынғы аудитордың кәсіби жете білушілігін және тәуелсіздігін қарастыруы тиіс.
- A5. Байланысты әдептану мен кәсіби талаптар соңғы аудитор алдыңғы аудиторға ақпарат беруі бойынша нұсқау ұсынады.
- A6. Ағымдағы активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелерге қатысты кейбір аудиторлық дәлелдерді ағымдағы кезеңнің аудиторлық шараларының бір бөлігі ретінде алынуы мүмкін. Мысалы, ағымдағы кезең ішінде кезең басына дебиторлық берешекті (кредиторлық берешекті) өтеу (төлеу) олардың кезең басына бар екеніне, құқығы мен міндеттеріне, толықтылығы мен бағасына кейбір аудиторлық дәлелдер береді. Бірақ тауарлы–материалдық қорлар жағдайында аудиторға кезең басына тауарлы–материалдық қорлардың барын анықтау қиынырақ. Сондықтан әдетте қосымша шаралар қажет, мысалы:
- Тауарлық-материалдық қорларды ағымдық түгендеуді бақылау және кері шотпен тауарлы-материалдық қорлардың бастапқы санын тексеру.
 - Кезең басына тауарлық-материалдық қорлар бірлігінің бағасын тестілеу.

- Сонымен қатар жалпы пайданы және кезең бойынша бөлуді тестілеу.

А7. Ағымдғы активтерден және ұзақ мерзімді міндеттемелерден тыс ұзақ мерзімді активтер және міндеттер үшін, аудитор бастапқы сальдо негізіндегі есеп жазбаларын тексереді. Белгілі бір жағдайда аудитор бастапқы сальдоларды растау, мысалы, негізгі қорлар, инвестициялар және ұзақ мерзімді берешектерді растау мүмкіндігін үшінші жақтардан алады. Басқа жағдайда аудиторға қосымша аудиторлық шараларды орындау қажет болуы мүмкін.

Аудиторлық Қорытындылар Мен Есеп Бery

Бастапқы Сальдолар (Сілт: Тарм. 10)

А8. 705 ХАС-та (Қайта қарастырылған) қаржылық есептілік туралы аудитордың пікірін модификациялауға әкелуі мүмкін жағдайлар, жағдайға тән пікірдің түрі, сонымен қоса аудитордың пікірі модификацияланған жағдайда аудитор есебінің мазмұны бойынша нұсқау ұсынады. Жоғарыда аталған шараларды орындағаннан кейін, аудитор бастапқы сальдоға қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел ала алмаса, аудиторлық есеп беруге мыналар кіруі керек:

- (a) Ескертпесі бар пікір айту немесе пікір айтудан бас тарту; немесе
- (b) Заңнама немесе нормативтік актілер рұқсат етпесе, әрекеттердің нәтижелері, керек болса, ақшалай ағымдары туралы пікір ескертпесі бар пікір немесе кәсіптік пікір немесе қаржылық ұстаным бойынша модификацияланбаған.

Осы Қосымшада аудитордың есептерінің көрнекіліктері көрсетілген.

Алдыңғы Аудитордың Есебіндегі Пікірді Жетілдіру (Сілт: Тарм. 13)

А9. Кейбір жағдайда алдыңғы аудитордың пікірін модификациялау ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігі туралы пікірге тән және елеулі болмауы мүмкін. Бұл мысалы өткен кезеңде ауқымды шектеу орын алған, бірақ ауқым шектеу келтіретін мәселе ағымдағы кезеңде шешілді деген жағдай орын алуы мүмкін.

Қосымша

(Сілт: Тарм. А8)

Жетілдірілген Пікірі Бар Аудитор Есебінің Көрнекіліктері

Ескертпе: Бұл көрнекілікті аудитор есептерінде Пікір бөлімі 700 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес бірінші орынға қойылды, ал Пікір Негіздері бөлімі Пікір бөлімінен кейін орналастырылды. Сондай-ақ, қазіргі аудитордың міндеттері бөліміне енгізілген бірінші және соңғы сөйлемдер енді Пікірді Негіздері бөліміне енгізілді.

Көрнекілік 1:

Осы көрнекі аудиторлық есепті жасау үшін келесі жағдайлар болжанады::

- Әділ ұсыну жүйесін қолдана отырып, бағаланатын ұйымдарды қоспағанда, ұйымның қаржылық есебінің толық жиынтығына аудит жүргізу. Аудит топтық аудит болып табылмайды (мысалы, 600 ХАС¹ қолданылмайды).
- Қаржылық есептілікті ұйым басшылығы Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындайды (жалпы мақсаттар жүйесі).
- Аудиторлық келісімнің шарттары басшылықтың 210 ХАС²-дағы қаржылық есептілік үшін жауапкершілік сипаттамасын көрсетеді.
- Аудитор ағымдағы кезеңнің басында материалдық қорлардың есебін бақылаған жоқ және тауарлы-материалдық қорлардың бастапқы сальдосына қатысты аудиторлық дәлелдерді ала алмады.
- Тауарлы-материалдық қорлардың бастапқы сальдосына қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдерді ала алмаудың ықтимал салдары маңызды болып саналады, бірақ ұйымның қаржылық нәтижелері мен ақша ағындарына әсер етпейді.³
- Жылдың аяғындағы қаржылық жағдайы әділетті түрде ұсынылған.

¹ 600 ХАС, *Арнайы Қарастырулар - Топтық Қаржылық Есептілігінің Аудиті (Құрамдас Аудиторлардың Жұмысын Қоса Алғанда)*

² 210 ХАС, *Аудит Келісімдерінің Шарттарымен Келісу*

³ Егер мүмкін болатын әсер, аудитордың пікірі бойынша, ұйымның қаржылық нәтижелері мен ақша ағындары үшін елеулі және кең таралған болып саналса, аудитор қаржылық нәтижелер мен ақша ағындары туралы пікірден бас тартады.

- Осы нақты заңнамаларда, заңдар мен нормативтік актілер аудиторға қаржылық көрсеткіштер мен ақша ағымдары туралы білікті және қаржылық жағдайға қатысты өзгертілмеген пікір беруге тыйым салады.
- Аудитке қатысты тиісті әдеп талаптары - бұл заңнама талаптары.
- Алынған аудиторлық дәлелдемелерге сүйене отырып, аудитор 570 ХАС (Қайта қарастырылған)⁴ сәйкес ұйымның үздіксіз қызмет ету қабілетіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік жоқ деген қорытындыға келді.
- Аудитор аудиттің негізгі мәселелерін 701 ХАС сәйкес хабарлауды талап етпейді және басқаша шешім қабылдамайды.⁵
- Аудитор барлық басқа ақпаратты аудиторлық есеп шығарылған күнге дейін алған және басқа ақпараттың маңызды бұрмалануын анықтаған жоқ.
- Тиісті сандар ұсынылған және алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі алдыңғы аудитормен тексерілген. Аудиторға заңдарда немесе нормативтік актілерде алдыңғы цифрдағы аудитордың тиісті цифрлар туралы есебіне сілтеме жасауға тыйым салынбаған және ол шешім қабылдаған.
- Қаржылық есептілікті қадағалауға жауапты тұлғалар қаржылық есептілікті дайындауға жауапты адамдардан бөлек болады.
- Қаржылық есептілік аудитінен басқа аудитордың жергілікті заңнамаға сәйкес талап етілетін басқа есеп беру міндеттемелері бар.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

ABC Компаниясы Акционерлеріне [немесе Басқа Тиісті Мекен-жайға]

Қаржылық Есептілік Аудиты Бойынша Есеп⁶

Білікті Пікір

Біз 20X1 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепті және жиынтық кіріс туралы есепті, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есепті және аяқталған жылдың ақшалай қаражаттарының қозғалысы

⁴ 570 ХАС (Қайта қарастырылған), *Үздіксіз Қызмет*

⁵ 701 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Есебінде Аудиттің Негізгі Мәселелеріне Хабарлау*

⁶ «Қаржылық Есептілік Аудиті Туралы Есеп» тақырыпшасы «Басқа Құқықтық Және Реттеуші Талаптар Туралы Есеп» екінші тақырыпшасында қолданылмайтын жағдайларда қажет емес.

туралы есепті және маңызды есеп саясатының қысқаша мазмұнын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерді қамтитын ABC Компаниясының (Компанияның) қаржылық есебіне аудит жүргіздік

Біздің пікірімізше, біздің есептің *Білікті Пікір үшін Негіз* бөлімінде сипатталған мәселенің ықтимал әсерлерін қоспағанда, ілеспе қаржылық есептілік 20X1 жылғы 31 желтоқсандағы Компанияның қаржылық жағдайын және (оның) Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша ағындарын барлық жағынан шынайы түрде көрсетеді (*немесе шынайы және әділ көзқарас береді*).

Білікті Пікір үшін Негіз

Біз компанияның аудитору ретінде 20X1 жылдың 30 маусымында тағайындалдық, осылайша жыл басында материалдық қорлардың есебін жүргізген жоқпыз. Біз 20X0 жылғы 31 желтоқсанда өткізілген тауарлық-материалдық құндылықтардың балама тәсілдерімен қанағаттандыра алмадық. Тауарлы-материалдық қорлардың ашылуы қаржылық нәтижелер мен ақша ағындарын анықтауға кіріскендіктен, біз жиынтық кіріс туралы есепте және операциялық қызметтен таза ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген бір жыл ішіндегі пайдаға қатысты түзетулер қажет болуы мүмкін-қажет еместігін анықтай алмадық.

Біз аудитті Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАСы) сәйкес өткіздік. Біздің осы стандарттар бойынша міндеттеріміз бұдан әрі біздің есебіміздің *Қаржылық Есептілік Аудиті үшін Аудитордың Жауапкершіліктері* бөлімінде сипатталған. Біз [заңнамадағы] қаржылық есептілік аудитіне қатысты этикалық талаптарға сәйкес Компаниядан тәуелсізбіз және осы талаптарға сәйкес басқа да этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер білікті пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты деп санаймыз.

Басқа Мәселе

20X0 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компанияның қаржылық есебіне 20X1 жылдың 31 наурызында осы есептіліктерге жетілдірілмеген пікір білдірген басқа аудитормен аудит жүргізілді.

Басқа Ақпарат [немесе қажет болған жағдайда «Қаржылық Есептіліктен Және Аудиторлық Есептен Басқа Ақпарат» сияқты басқа тақырып]

[720 ХАС (Қайта қарастырылған) көрсетілген есептіліктің талаптарына сәйкес есеп беру - 720 ХАС (Қайта қарастырылған) 2 Қосымшасындағы 1 Көрнекілікті қараңыз.]

Қаржылық Есептіліктер Бойынша Басшылықтың Және Басқаруға Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалардың Міндеттері⁷

[700 ХАС (Қайта қарастырылған)⁸ сәйкес есеп беру – 700 ХАС (Қайта қарастырылған) I Көрнекілікті қараңыз]

Қаржылық Есептілік Аудиті Үшін Аудитордың Міндеттері

[700 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес есеп беру – 700 ХАС (Қайта қарастырылған) I Көрнекілікті қараңыз]

Басқа Заң Мен Нормативтік Талаптар Бойынша Есеп Беру

[700 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес есеп беру – 700 ХАС (Қайта қарастырылған) I Көрнекілікті қараңыз]

[Нақты заңнамаға сәйкес аудиторлық фирма атынан, аудитордың жеке аты немесе екеуінің де қол қоюы]

[Аудитордың Мекен-жайы]

[Күні]

⁷ Осы көрнекі аудиторлық есептерде терминдер мен басқаруға өкілеттік берілген тұлғаларды белгілі бір заңнамадағы заңды база тұрғысынан сәйкес келетін басқа терминмен ауыстыру қажет болуы мүмкін.

⁸ 700 ХАС (Қайта қарастырылған), Қаржылық Есептілік бойынша Пікір Қалыптастыру және Есеп беру

Көрнекілік 2:

Осы көрнекі аудиторлық есепті жасау үшін келесі жағдайлар болжанады:

- Әділ ұсыну жүйесін қолдана отырып, бағаланатын ұйымдарды қоспағанда, ұйымның қаржылық есебінің толық жиынтығына аудит жүргізу. Аудит топтық аудит болып табылмайды (мысалы, 600 ХАС қолданылмайды).
- Қаржылық есептілікті ұйым басшылығы ХҚЕС сәйкес дайындайды (жалпы мақсаттар жүйесі).
- Аудиторлық келісімнің шарттары басшылықтың 210 ХАС-дағы қаржылық есептілік үшін жауапкершілік сипаттамасын көрсетеді.
- Аудитор ағымдағы кезеңнің басында материалдық қорлардың есебін бақылаған жоқ және тауарлы-материалдық қорлардың бастапқы сальдосына қатысты аудиторлық дәлелдерді ала алмады.
- Тауарлы-материалдық қорлардың бастапқы сальдосына қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдерді ала алмаудың ықтимал салдары маңызды болып саналады, бірақ ұйымның қаржылық нәтижелері мен ақша ағындарына әсер етпейді.⁹
- Жылдың аяғындағы қаржылық жағдайы әділетті түрде ұсынылған.
- Қаржылық нәтижеге және ақша қаражатының қозғалысына қатысты және қаржылық жағдайға қатысты түзетілмеген пікір қалыптасқан жағдайда орынды деп саналады.
- Аудитке қатысты тиісті әдеп талаптары - бұл заңнама талаптары.
- Алынған аудиторлық дәлелдемелерге сүйене отырып, аудитор 570 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес ұйымның үздіксіз қызмет ету қабілетіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік жоқ деген қорытындыға келді.
- Аудитор аудиттің негізгі мәселелерін 701 ХАС сәйкес хабарлауды талап етпейді және басқаша шешім қабылдамайды.
- Аудитор барлық басқа ақпаратты аудиторлық есеп шығарылған

⁹ Егер мүмкін болатын әсер, аудитордың пікірі бойынша, ұйымның қаржылық нәтижелері мен ақша ағындары үшін елеулі және кең таралған болып саналса, аудитор қаржылық нәтижелер мен ақша ағындары туралы пікірден бас тартады.

күнге дейін алған және басқа ақпараттың маңызды бұрмалануын анықтаған жоқ.

- Тиісті сандар ұсынылған және алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі алдыңғы аудитормен тексерілген. Аудиторға заңдарда немесе нормативтік актілерде алдыңғы цифрдағы аудитордың тиісті цифрлар туралы есебіне сілтеме жасауға тыйым салынбаған және ол шешім қабылдаған.
- Қаржылық есептілікті қадағалауға жауапты тұлғалар қаржылық есептілікті дайындауға жауапты адамдардан бөлек болады.
- Қаржылық есептілік аудитінен басқа аудитордың жергілікті заңнамаға сәйкес талап етілетін басқа есеп беру міндеттемелері бар.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

ABC Компаниясы Акционерлеріне [немесе Басқа Тиісті Мекен-жайға]

Қаржылық Есептілік Аудиты Бойынша Есеп¹⁰

Пікір

Біз 20X1 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепті және жиынтық кіріс туралы есепті, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есепті және аяқталған жылдың ақшалай қаражаттарының қозғалысы туралы есепті және маңызды есеп саясатының қысқаша мазмұнын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерді қамтитын ABC Компаниясының (Компанияның) қаржылық есебіне аудит жүргіздік

Қаржылық Нәтижелер Мен Ақша Ағындары Туралы Білікті Пікір

Біздің пікірімізше, біздің есебіміздің білікті пікір негіздері бөлімінде сипатталған мәселенің ықтимал әсерлерін қоспағанда, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ХКЕС) сәйкес 20X1 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компанияның қаржылық нәтижелері мен ақша ағындарын жиынтық кіріс туралы ілеспе есеп және ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп барлық маңызды жағынан әділетті ұсынады (немесе шынайы және әділ көзқарас береді).

Қаржылық Жағдай Туралы Пікір

Біздің ойымызша, ілеспе қаржылық жағдай туралы есеп ҚЕХС сәйкес 20X1 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын барлық жағынан (немесе шынайы және әділ көзқараспен) ұсынады.

¹⁰ «Қаржылық Есептілік Аудиті Туралы Есеп» тақырыпшасы «Басқа Құқықтық Және Реттеуші Талаптар Туралы Есеп» екінші тақырыпшасында қолданылмайтын жағдайларда қажет емес.

Қаржылық Нәтижелер Мен Ақша Қаражаттарының Қозғалысы Туралы Білікті Пікір Негіздерін Қосқандағы Пікірлер Негізі

Біз компанияның аудитору ретінде 20X1 жылдың 30 маусымында тағайындалдық, осылайша жыл басында материалдық қорлардың есебін жүргізген жоқпыз. Біз 20X0 жылғы 31 желтоқсанда өткізілген тауарлық-материалдық құндылықтардың балама тәсілдерімен қанағаттандыра алмадық. Тауарлы-материалдық қорлардың ашылуы қаржылық нәтижелер мен ақша ағындарын анықтауға кіріскендіктен, біз жиынтық кіріс туралы есепте және операциялық қызметтен таза ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген бір жыл ішіндегі пайдаға қатысты түзетулер қажет болуы мүмкін-қажет еместігін анықтай алмадық.

Біз аудитті Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАСы) сәйкес өткіздік. Біздің осы стандарттар бойынша міндеттеріміз бұдан әрі біздің есебіміздің Қаржылық Есептілік Аудиті Үшін Аудитордың Жауапкершіліктері бөлімінде сипатталған. Біз [заңнамадағы] қаржылық есептілік аудитіне қатысты этикалық талаптарға сәйкес Компаниядан тәуелсізбіз және осы талаптарға сәйкес басқа да этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер қаржылық жай-күй туралы және қаржылық нәтижелер мен ақша ағындары туралы білікті аудиторлық пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты деп санаймыз.

Басқа Мәселе

20X0 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компанияның қаржылық есебіне 20X1 жылдың 31 наурызында осы есептіліктерге жетілдірілмеген пікір білдірген басқа аудитормен аудит жүргізілді.

Басқа Ақпарат [немесе қажет болған жағдайда «Қаржылық Есептіліктен Және Аудиторлық Есептен Басқа Ақпарат» сияқты басқа тақырып]

[720 ХАС (Қайта қарастырылған) көрсетілген есептіліктің талаптарына сәйкес есеп беру - 720 ХАС (Қайта қарастырылған) 2 Қосымшасындағы 1 Көрнекілікті қараңыз.]

Қаржылық Есептіліктер Бойынша Басшылықтың Және Басқаруға Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалардың Міндеттері¹¹

[700 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес есеп беру – 700 ХАС (Қайта қарастырылған) 1 Көрнекілікті қараңыз]

Қаржылық Есептілік Аудиті Үшін Аудитордың Міндеттері

[700 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес есеп беру – 700 ХАС (Қайта қарастырылған) 1 Көрнекілікті қараңыз]

¹¹ Немесе белгілі бір заңнамадағы құқықтық база тұрғысынан сәйкес келетін басқа да терминдер

Басқа Заң Мен Нормативтік Талаптар Бойынша Есеп Беру

[700 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес есеп беру – 700 ХАС (Қайта қарастырылған) I Көрнекілікті қараңыз]

[Нақты заңнамаға сәйкес аудиторлық фирма атынан, аудитордың жеке аты немесе екеуінің де қол қоюы]

[Аудитордың Мекен-жайы]

[Күні]

520 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ

ТАЛДАМАЛЫ РӘСІМДЕР

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Күшіне ену күні	2
Мақсаты	3
Анықтамалар	4
Талаптары	
Елеулі Талдамалы Рәсімдер	5
Жалпы Қорытынды Жасауға Көмек Беретін Талдамалы Рәсімдер	6
Талдамалы Рәсімдердің Нәтижелерін Зерттеу	7
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Талдамалы Рәсімдердің Анықтамасы	A1–A3
Елеулі Талдамалы Рәсімдер	A4–A16
Жалпы Қорытынды Жасауға Көмек Беретін Талдамалы Рәсімдер	A17–A19
Талдамалы Рәсімдердің Нәтижелерін Зерттеу	A20–A21

Талдамалы Рәсімдер, 520 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу, 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандартында (ХАС-та) аудитордың талдамалы рәсімдерді елеулі рәсімдер («елеулі талдамалы рәсімдер») ретінде қолдануын қарастырады. Сондай-ақ, осы стандартқа аудиттің соңына жақын аудиторға қаржылық есептілік бойынша қорытындыға келуге жәрдемдесетін талдамалы рәсімдерді орындауға аудитордың жауапкершілігі енгізілді. 315 ХАС-ында (Қайта қарастырылған)¹ тәуекелді бағалау рәсімдері ретінде талдамалы рәсімдерді пайдалану белгіленген. 330 ХАС-ында бағаланған тәуекелдіктерге қатысты аудиторлық рәсімдердің сипаты, мерзімі, деңгейі бойынша талаптар мен нұсқау орнатылды.²

Күшіне ену күні

2. 2009 жылғы 15 желтоқсанныан бастап және осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

3. Аудитордың мақсаты:
 - (a) Елеулі талдамалы рәсімдерді пайдалану кезінде сәйкес сенімді аудиторлық дәлел жинау; және
 - (b) Қаржылық есептілік кәсіпорын туралы аудитордың біліміне сәйкес келеді ме, жоқ па, аудиттің соңына таман қаржылық есептілік ұйым туралы аудитордың біліміне сәйкес келу-келмеуі бойынша қорытындыға келуге көмектесетін талдамалы аудиторлық рәсімдер әзірлеп, орындау.

Анықтамалар

4. Осы ХАС мақсаттары үшін, «талдамалы рәсімдер» деген термин қаржылық мәлімет пен қаржылық емес мәлімет шындыққа ұқсайтын қатынастарын талдау арқылы қаржылық ақпаратқа баға берулер болып табылады. Талдамалы рәсімдерге, сондай-ақ, анықталған ауытқулар мен басқа сәйкесті ақпаратқа сәйкес келмейтін немесе елеулі сома арқылы күтілген көрсеткіштерден ерекшеленетін қатынастар себебімен қажетті болып табылатын зерттеу жатады. (Сілт: Тарм. А1-А3)

¹ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйым Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*, 6 (b) тармақ

² 330 ХАС, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап Ретіндегі Аудиторлық Шаралар*, 6 және 18 тармақ

Талаптары

Елеулі Талдамалы Рәсімдер

5. 330 ХАС-ке³ сәйкес, бөлек немесе бөлшектерді тестілеумен біріктірілсе, елеулі рәсімдер ретінде елеулі талдамалы рәсімдерді әзірлеу мен орындауда, аудитор төмендегіні орындайды: (Сілт: Тарм. А4-А5)
 - (a) Бұл тұжырымдамалар бойынша елеулі кемшіліктің бағаланған тәуекелін, керек болса, бөлшектерді тестілеуді қоса, дәл осы тұжырымдар бойынша белгілі бір елеулі талдамалы шараладың мақсатына сәйкестігін анықтау; (Сілт: Тарм. А6-А11)
 - (b) Қол жетерлік ақпараттың қайнар көзін, салыстырылатындығын, сипатын, дұрыстығын, сонымен қоса дайындалған бақылау, аудитордың тіркелген сомалар немесе коэффициенттерді күтулері дамытылатын мәліметтің сенімділігін бағалау; (Сілт: Тарм. А12-А14)
 - (c) Тіркелген сомалар немесе коэффициенттерді күтулерді дамыту және күтулер бөлек алынған немесе басқалармен біріктірілген, қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануына келтіретін кемшіліктерді анықтауға жеткілікті мен дәлме-дәл болуын бағалау; және (Сілт: Тарм. А15)
 - (d) Күтілген көрсеткіштерге қарамастан 7 тармаққа көрсетілгендей бұдан әрі зерттеусіз тіркелген сомалардың кез-келген айырмашылығын белгілеу. (Сілт: Тарм. А16)

Жалпы Қорытынды Жасауға Көмек Беретін Талдамалы Рәсімдер

6. Аудитор аудиттің кезеңіне таман аудиторға қаржылық есептілік аудитордың ұйым туралы біліміне сәйкес келуі бойынша қорытынды жасауға мүмкіншілік беретін талдамалы аудиторлық рәсімдерді әзірлеп, орындауы тиіс. (Сілт: Тарм. А17-А19)

Талдамалы Рәсімдердің Нәтижелерін Зерттеу

7. Егер бұл ХАС-ке сәйкес орындалған талдамалы аудиторлық рәсімдер ауытқуларды немесе өзге қатысты мәліметке сәйкес келмейтін немесе елеулі сома бойынша күтілген көрсеткіштерден ерекшеленетін қатынастарды анықтаса, аудитор бұл ерекшеліктерді зерттеуі тиіс:
 - (a) Аудитор басшылыққа сұрау жүргізуі, басшылықтың жауаптарына тиісті аудиторлық дәлел алуы тиіс; және

³ 330 ХАС, 18 тармақ

- (b) Жағдайлар үшін керек болатын рәсімдер ретінде басқа аудиторлық рәсімдерді орындау. (Сілт: Тарм. А20-А21)

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Талдамалы Рәсімдердің Мағынасы (Сілт: Тарм. 4)

- A1. Талдамалы рәсімдерға ұйымдардың қаржылық ақпараттарын салыстыру кіреді, мысалы:
- Алдыңғы кезеңдегі ақпараттармен салыстыру.
 - Ұйым қызметінің күтілетін нәтижелерімен салыстыру, мысалы, сметалармен немесе болжаулармен, сондай-ақ аудитордың болжамдарымен, мысалы тозуды бағалау.
 - Ұқсас салалық ақпаратпен салыстыру, мысалы, ұйымдардың сатудан түскен табыстарын орташа салалық көрсеткішті дебиторлық берешектер сомасымен немесе осы саладағы көлемі ұқсас басқа кәсіпорындардың көрсеткіштерімен салыстыру.
- A2. Сонымен қатар, талдамалы рәсімдер төмендегідей өзара байланысты қарастырады:
- Ұйым тәжірибесіне негізделген болжам үлгісіне сәйкес келуі тиіс қаржылық ақпарат элементтері арасындағы байланыс (мысалы, жалпы табыстың пайыздық көрсеткіштері).
 - Қаржылық ақпарат пен қаржылық емес сипаттағы сәйкес ақпараттар арасындағы байланыс, мысалы еңбекақы төлемдері шығыстары мен қызметкерлер саны арасындағы байланыс.
- A3. Жоғарыда айтылған рәсімдерді жүзеге асыру үшін қарапайым салыстырулардан бастап күрделі статистикалық әдістер қолданылатын кешенді талдауға дейінгі әр түрлі әдістер қолданылады. Талдамалы рәсімдер жинақтық қаржылық есептілікке; құрамдас бөліктердің (мысалы, еншілес компаниялар, бөлімшелер немесе сегменттер) есептілігіне, және қаржылық ақпараттың жекелеген элементтеріне қолданылады.

Елеулі Талдамалы Рәсімдер (Сілт: Тарм. 5)

- A4. Бекіту деңгейіндегі аудитордың елеулі шараларына бөлшектерді тестілеу, елеулі талдамалы рәсімдер, немесе екеуін бір уақытта пайдалану кіреді. Қандай да бір аудиторлық рәсімдерді қолдану, қандай да бір маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдер шешім қабылдау бекіту деңгейіндегі аудиторлық тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін төмендетуге арнап әзірленген қол жетерлік талдамалы

рәсімдердің күтілген нәтижелілігі мен тиімділігіне қатысты аудитордың пікіріне негізделеді.

- A5. Аудитор басшылықтан маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдерді қолдануды қажет ететін ақпаратқа қол жеткізу мен оның сенімділігі, сонымен қоса ұйымдардың кез-келген талдамалы рәсімдердің нәтижелері туралы сұраныс жібереді. Аудитор мұндай мәлімет тиісті түрде дайындалғанына риза болса, басшылық дайындаған талдамалы мәлімет пайдалану тиімді болып табылады.

Берілген Тұжырымдар Үшін Арнайы Талдамалық Рәсімдердің Жарамдылығы
(Сілт: Тарм. 5(a))

- A6. Маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдер әдетте біраздан кейін болжауға болатын әрекеттердің үлкен санына қолданылады. Маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдерді қолдану деректер арасындағы өзара байланысты күтуге негізделеді және керісінше жағдайларға байланысты көрсететін белгілі бір шарттар болмаған кезде жалғасын табады. Алайда, маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдердің нәтижелеріне сенімділік аудиторлық рәсімдер маңызды бұрмалауларды мүмкін болатын тәуекелдер ретінде өзара байланысты анықтайтын талдамалы рәсімдерді аудиторлық бағалауға байланысты.
- A7. Кейбір жағдайда, тіпті қарапайым болжамдалатын модель талдама шара ретінде тиімді болуы мүмкін. Мысалы, кәсіпорын белгілі бір кезең ішінде белгіленген жалақы ставкасы бойынша қызметкерлердің белгілі саны бар болған кезде, бұл аудиторға дәлме-дәлдіктің жоғары деңгейінде кезеңге қатысты жалпы жалақы шығындарына баға беру үшін осы мәліметті пайдалануға мүмкіншілік береді, сонымен сол аудитор қаржылық есептіліктегі елеулі бапқа қатысты аудиторлық дәлел ала алады, ал жалақы бойынша бөлшектерді тестілеуді жүргізудің керектігін төмендетеді. Тегіс мойындалған сату коэффициенттерін (мысалы, бөлшектеп сату ұйымдары әр түрлі типтері бойынша пайда мөлшері) пайдалану көбінесе белгіленген сомалардың дұрыстығын қолдау мақсатымен дәлел қамтамасыз ету үшін елеулі талдамалы рәсімдерға тиімді түрде қолданылады.
- A8. Талдамалы рәсімдердің әр түрлі типтері растаудың әр түрлі деңгейлерін қамтамасыз етеді. Мысалы, пәтерлерге бөлінген ғимарат жөніндегі жалпы жалдау табысын болжау, жалдау ставкаларын, пәтерлердің санын есепке алатын талдамалы рәсімдер сенімді дәлел ұсына алатын элементтері тиісті бақыланса, бөлшектерді тестілеу арқылы бұдан әрі бақылау қажеттілігін жоя алады. Керісінше, жалпы пайда пайызы есеп айырысулар мен салыстырулар табыс санын растау құралы ретінде шамалы сенімді дәлел бере алады, бірақ басқа аудиторлық шаралармен бірге қолданылса, мықты растауды қамтамасыз етеді.

- A9. Белгілі бір маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдердің мақсатына сәйкестігін айқындауға бекітудің сипаты мен аудитордың елеулі кемшіліктердің тәуекелін бағалауына ықпал етеді. Мысалы, егер Қолданушының тапсырысын бақылау кем болса, онда аудитор дебиторлық берісінің тұжырымдамасы мен маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдерді емес, бөлшектерді тестілеуге сүйенеді.
- A10. Белгілі бір маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдер сондай-ақ, бөлшектерді тестілеу бірдей тұжырымдама бойынша орындалса, елеулі болып табылады. Мысалы, дебиторлық қарыз балансы шоттарын бекітуді бағалауға қатысты аудиторлық дәлел алу кезінде, аудитор дебиторлық қарыз өтелімі мүмкіндігін анықтау үшін кейінгі ақшалай түсімдер жөнінде бөлшектерді тестілеуге қосымшаға Қолданушы шотын төлем мерзімі бойынша бөлуге қатысты талдамалы рәсімдерді қолданады.

Қоғамдық Сектордағы Ұйымдарды Қарастыру

- A11. Кәдімгі іскерлік ұйымдар аудитінде қарастырылатын жекелеген қаржылық есептілік баптары өзара байланысы үнемі емес мемлекеттің аудитіне немесе басқа бизнес емес қоғамдық ұйымдарға тән келмейді; мысалы, көпшілікті қоғамдық сектор ұйымдарының табысы мен шығыны арасында тікелей байланысы төмен болады. Толтыру ретінде, активтерді сатып алу жөніндегі шығындарды капиталдың есебіне жатқызуға болғандықтан, тауырлық материалдық қорларды түгендеу, негізгі қорлар, қаржылық есептілікте ашылған сома жөніндегі шығындар өзара байланысы болмауы мүмкін. Сонымен қоса, салалық мәлімет немесе салыстырмалы мақсаттарға қатысты статистика қоғамдық секторда қол жетерлік болмауы ықтимал. Алайда, басқа өзара байланыстар өзіне тән болуы ықтимал, мысалы, жол құрылысының бір шақырымына қатысты шығындар немесе тозған көлік түрлерімен салыстырылатын сатып алынған көлік түрлері санындағы ауытқулар.

Деректердің Сенімділігі ((Сілт: Тарм. 5(b))

- A12. Деректердің сенімділігіне олардың қайнар көздері мен сипаты әсер етеді, сондай-ақ олар дерек алынған кездегі жағдайға байланысты болады. Маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдерді жасау мақсатында деректер сенімділігін анықтауда аудитор келесі мәселелерді қарастырады:
- (a) Қолжетімді ақпарат көзі. Мысалы, егер ақпарат ұйымдардан басқа тәуелсіз ақпарат көзінен алынатын болса, ол сенімдірек болуы мүмкін;⁴

⁴ 500 ХАС, *Аудит Дәлелдемесі*, А31 тармақ

- (b) Қол жетімді ақпараттың салыстырылатындығы. Мысалы, салалық деректер арнайы өнім өндіретін және оны сататын ұйымдардың деректерімен салыстыру үшін толықтырылуды қажет етуі мүмкін;
 - (c) Қол жетімді ақпараттың сипаты мен қолайлылығы. Мысалы, қол жеткізу міндетті болып саналатын мақсатқа қарағанда бюджет күтілетін нәтижеден артық жасалған ба; және
 - (d) Ақпараттың толықтығын, дәлдігін және шындығын қамтамасыз етуге арналған ақпаратты дайындауды бақылау. Мысалы, бюджетті дайындау, шолу және орындауды бақылау.
- A13. Аудитор маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдерді қолдану кезінде, ұйымдардың ақпаратты дайындау барысында, егер бар болса, бақылау құралдарын тестілеуді қарастырады. Мұндай бақылау құралдарының тиімділігі үшін аудитор ақпараттың сенімділігі мен маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдердің нәтижесіне назар аударады. Қаржылық емес ақпаратты бақылауды басқа да бақылау тесттерімен бірге жүргізуге болады. Мысалы, есеп шоттарға бақылауды орнату кезінде мекеме өнімді данамен сату көрсеткішін бақылауды енгізе алады. Мұндай жағдайда аудитор даналап сату көрсеткіштерін бақылау қызметінің тиімділігін тестілеуді көрсетілген есеп шотты өндеуді бақылау қызметінің тиімділігін тестілеумен бірге жүргізеді. Балама ретінде аудитор ақпарат тестілеуге жататынын-жатпайтындығын қарастырады. 500 ХАС маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдер үшін қолданылуы тиіс ақпарат жөнінде орындалуы тиіс аудиторлық рәсімдерді анықтау бойынша талаптар мен нұсқауды ұсынады.⁵
- A14. A12(a)-A12(d) тармақтардағы мәселелер аудитор ұйымдардың кезең соңындағы қаржылық есептілігіне қатысты маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдер немесе аралықты мерзімдегі рәсімдерді орындау, немесе қалған кезеңге таман маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдерді көздеуіне қарамастан орындалады. ХАС 330 аралықты мерзімде атқарылатын маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдер бойынша талаптар мен нұсқауды ұсынады.⁶

Күтудің Жеткілікті Дәл Болғандығын Бағалау (Сілт: Тарм. 5(c))

- A15. Сенімділіктің қалаған деңгейінде маңызды бұрмалауды анықтау үшін нақты болжам жасау мүмкіндігін бағалау барысында аудитор келесі факторларды қарастырады:

⁵ 500 ХАС, 10 тармақ

⁶ 330 ХАС, 22-23 тармақтар

- Маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдердан күтілетін нәтижелердің дұрыстығы. Мысалы, аудитор әдетте зерттеу немесе жарнама секілді дискрециялық шығыстарды салыстыруға қарағанда жалпы табыстың бір кезеңін екінші кезеңімен салыстыруда үлкен келісімділікті талап етеді.
- Ақпаратты нақтылау мүмкіндігінің деңгейі. Мысалы, маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдер ұйымдардың жалпы қаржылық есептілігіне қолдануға қарағанда қаржылық ақпараттың жекелеген қызмет бөлімшелері немесе ұйымдардың диверсификатталған компоненттерінің қаржылық есептілігін қолдану кезінде тиімді болады.
- Қаржылық және қаржылық емес ақпараттың қол жетімділігі. Мысалы, аудитор маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдерді өңдеу үшін бюджет және болжам секілді қаржылық ақпараттарға қол жетімді ме, сондай-ақ өндірілген және сатылған өнімнің саны сияқты қаржылық емес ақпараттың қол жетімділігін қарастырады. Егер ақпарат қол жетімді болса, аудитор ақпараттың сенімділігін А12-А13 тармақтарына сәйкес қарастырады.

Қабылданатын Күтілетін Шамалардан Есептелген Сомалардың Айырмашылығы (Сілт: Тарм. 5(d))

А16. Маңыздылығы бойынша талдамалы рәсімдерді өңдеу мен орындау барысында аудитор қосымша зерттеусіз қабылдауға болатын болжамнан ауытқу сомасын қарастырады. Бұл қарастыруларға негізінен сенімділіктің қалаған деңгейіндегі маңыздылығы⁷ мен сенімділігі әсер етеді. 330 ХАС-ке сәйкес, аудитордың тәуекелді бағалауы анағұрлым жоғары болса, аудитор соғұрлым сенімді дәлел жинауы тиіс.⁸ Аудитор маңызды бұрмалаулар тәуекелінің артуы себебінен сенімділіктің қажетті деңгейін арттырып, сенімді дәлелдің қалаған деңгейіне жету үшін қосымша зерттеусіз қабылдауға болатын болжамнан ауытқу сомасын төмендетеді.⁹

Жалпы Қорытынды Жасауға Көмек Беретін Талдамалы Рәсімдер (Сілт: Тарм. 6)

А17. 6 тармаққа сәйкес әзірленген, орындалған талдамалы рәсімдердің нәтижелерінен жасалған қорытындылардың мақсаты жеке құрамдас

⁷ 320 ХАС, *Аудитті Орындау Және Жоспарлаудағы Маңыздылық*, А13 тармақ

⁸ 330 ХАС, 7(b) тармақ

⁹ 330 ХАС, А19 тармақ

бөлімдердің қаржылық есептіліктің элементтерінің аудиті барысында қалыптастырылған қорытындыларды жалпылау. Бұл аудиторға аудитордың пікірі негізделетін дұрыс қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді.

- A18. Мұндай талдамалы аудиторлық рәсімдердің нәтижелері елеулі бұрмалаудың алдыңғы кезеңде расталмаған тәуекелін анықтайды. Сондай жағдайларға сәйкес 315 ХАС (Қайта қарастырылған) бойынша аудитор елеулі бұрмалаудың тәуекелін бағалау, атап айтқанда, бұдан әрі жоспарланған аудиторлық рәсімдерді модификациялауды қарастырады.¹⁰
- A19. 6 тармаққа сәйкес орындалған талдамалы рәсімдер тәуекелді бағалау шараларына ұқсас болады.

Талдамалы Рәсімдердің Нәтижелерін Зерттеу (Сілт: Тарм. 7)

- A20. Басшылықтың шараларына қатысты аудиторлық дәлел, аудитордың ұйым пен оның ортасын білуін қоса, рәсімдерді бағалау арқылы, сондай-ақ аудиттің барысында алынған басқа аудиторлық дәлелмен бірге алынуы мүмкін.
- A21. Бұдан әрі аудиторлық дәлел орындау керектігі келесі жағдайда пайда болады: басшылық түсіндіре алмаса, немесе басшылықтың шараларына қатысты алынған аудиторлық дәлелмен бірге дұрыс болмаса.

¹⁰ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 31 тармақ

530 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ

АУДИТОРЛЫҚ ІРІКТЕУ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1–2
Күшіне ену күні	3
Мақсаты	4
Анықтамалары	5
Талаптары	
Іріктеу Құрылымы, Мөлшері Мен Тестілеу Үшін Баптарды Іріктеу ...	6–8
Аудиторлық Рәсімдерді Орындау	9–11
Ауытқулар Мен Бұрмалаулардың Сипаты Мен Себебі	12–13
Бұрмалауларды Жобалау	14
Аудит Іріктемесінің Нәтижелерін Бағалау	15
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Анықтамалары	A1–A3
Іріктеу Құрылымы, Мөлшері Мен Тестілеу Үшін Баптарды Іріктеу ...	A4–A13
Аудиторлық Рәсімдерді Орындау	A14–A16
Ауытқулар Мен Бұрмалаулардың Сипаты Мен Себебі	A17
Бұрмалауларды Жобалау	A18–A20
Аудит Іріктемесінің Нәтижелерін Бағалау	A21–A23
1 Қосымша: Стратификация Және Өлшем Бойынша Іріктеу	
2 Қосымша: Бақылау Тесттерін Жүргізу Үшін Іріктеу Өлшеміне Ықпал Ететін Факторларға Мысалдар	
3 Қосымша: Бөлшектер Тесттерін Жүргізу Үшін Іріктеу Өлшеміне Арналған Факторларға Мысалдар	
4 Қосымша: Сынамаларды Іріктеу Әдістері	

Аудиторлық Іріктеу, 530 Халықаралық Аудит стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу, 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) аудитор аудиторлық рәсімдерді орындау кезінде аудиторлық сынағаларды пайдалануды шешкен кезде қолданылады. Бұл аудитордың үлгіні жобалау және іріктеу кезінде, бақылау және егжей-тегжейлі тестілеу жүргізген кезде және алынған нәтижелер бойынша бағалау кезінде аудитордың статистикалық және статистикалық емес іріктемелерді қолданумен байланысты.
2. Бұл ХАС аудитор аудитордың пікірі негізделген ақылға қонымды қорытындылар жасауға мүмкіншілік беретін аудиторлық шараларды әзірлеу мен орындауға жауапкершіліктер болатын 500 ХАС-ын ¹ толтырады. 500 ХАС аудиторға тестілеу үшін іріктеу бағтарын іріктеуге қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Күшіне ену күні

3. 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап және осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

4. Аудиттің таңдамасын пайдалану кезінде аудитордың мақсаты таңдама бабы алынған тұжырымдама бойынша қорытынды жасауға сенімді негізін салу.

Анықтамалары

5. Бұл ХАС мақсаты келесі терминдер мағыналарымен көрсетілген:
 - (a) Аудиторлық іріктеу (іріктеу) – таңдаудың барлық бірліктерін іріктеу процесіне қатыса алатындай шоттар сальдосы немесе операциялар сыныптары аралығында 100%-дан аспайтын қатынаста аудиторлық шараларды қолданудан тұрады.
 - (b) Бас тұжырымдамалық – аудитор қорытынды шығару үшін іріктеу жүргізетін мәліметтердің толық жиынтығы.
 - (c) Іріктеу тәуекелділігі – аудитордың таңдауға негізделген қорытындысын сондай-ақ аудиторлық шараларды таңдаудың барлық жиынтығына қолданғанда жасалған қорытындысынан айыру мүмкіншілігіне орай туындайды. Іріктеу тәуекелділігінің екі түрі бар:

¹ 500 ХАС, *Аудиттік Дәлелдеме*

- (i) Аудитордың бақылау тәуекелділігі нақты тәуекелділіктен төмен екеніне бақылау тесті жағдайында немесе іс жүзінде болса да маңызына қарай тест жағдайында елеулі қатенің болмауы туралы қорытынды жасау тәуекелділігі. Бұл тәуекелділік аудит тиімділігіне ықпал етіп, тиісті емес аудиторлық қорытынды құру ықтималдылығын арттырады; және
 - (ii) Аудиторлық бақылау тәуекелділігі нақты тәуекелділіктен жоғары болуы (бақылау тесті жағдайында) немесе іс жүзінде болмаса да (маңызына қарай тест жағдайында) елеулі қатенің болуы туралы қорытынды жасау тәуекелділігі. Бұл тәуекелділік аудит ұтымдылығына ықпал етіп, бастапқы қорытындылардың дұрыс еместігінің орнату үшін, қосымша жұмыстың қажеттілігіне әкеледі.
- (d) Іріктеуді қолданудан тыс тәуелділік – іріктеу өлшеміне байланыспаған қандай да бір себеп бойынша аудитордың қате қорытынды құрылуына әкелетін факторлардан туындайды. (Сілт: Тарм. А1)
- (e) Аномальды қате – кейбір сәйкестендірілетін жағдайларды қоспағанда қайталанбайтын оғаш жағдайдан туындайтын қатені білдіреді, яғни осы бас тұжырымдамалықтың қайта ұсынылатын қатесі болып табылады.
- (f) Іріктеу бірлігі – жинақты құрайтын бөлек баптар. (Сілт: Тарм. А2)
- (g) Статистикалық іріктеу – төмендегідей сипаттамалары бар іріктеу жүргізуге кез келген амалды білдіреді:
- (i) Іріктеу үшін баптарды кездейсоқ іріктеу; және
 - (ii) Іріктеу нәтижелерін бағалау үшін, оның ішінде іріктеу тәуекелділігін өлшеу үшін ықтималдылық теориясын қолдану.
- және (ii) сипаттамалары жоқ таңдауды жүргізуге статистикалық емес амал іріктеу ретінде қарастырылады.
- (h) Стратификация – бас тұжырымдамалықты кіші тұжырымдамалықтарға бөлу процесі, олардың әрқайсысы ұқсас сипаттамалары бар (жиі ақшалай құны) іріктеу бірліктерінің тобы.
- (i) Жол берілетін қате – аудитор ол белгілеген ақшалай құнын тұжырымдамалықтағы іс жүзіндегі сенімділік аспайтын

сенімділіктің қолайлы деңгейін алуға тырысатын ақшалай құн.
(Сілт: Тарм. А3)

- (j) Ауытқу жол берілетін деңгейі – Аудитор белгілеген ақшалай құнын тұжырымдамалықтағы іс жүзіндегі ауытқу жол берілетін деңгейі аспайтын сенімділіктің қолайлы деңгейін алуға тырысатын ауытқу жолы берілетін деңгей.

Талаптары

Іріктеу Құрылымы, Мөлшері Мен Тестілеу Үшін Баптарды Іріктеу

6. Аудиторлық таңдауды әзірлеуде, аудитор аудиторлық шаралардың мақсатын мен тұжырымдамалық атрибуттарын қарастыруы тиіс. (Сілт: Тарм. А4-А9)
7. Демек, аудитор іріктеу тәуекелін қолайлы төмен деңгейге дейін төмендету үшін іріктеу құрылымын қарастыруы тиіс. (Сілт: Тарм. А10-А11)
8. Аудитор тұжырымдамалықтағы әр қайсы іріктеу бірлігі іріктеуге мүмкіншілік бар іріктеу үшін бірліктерді іріктеу қажет. (Сілт: Тарм. А12-А13)

Аудиторлық Рәсімдерді Орындау

9. Аудитор мақсатқа тән болатын, таңдалған әр қайсы бап бойынша аудиторлық шараларды орындауы тиіс.
10. Егер аудиторлық шара таңдалған бапқа қолданылмаса, аудитор алмастырылатын бап бойынша аудиторлық шара орындауы қажет. (Сілт: Тарм. А14)
11. Егер аудитор таңдалған бап бойынша әзірленген аудиторлық шараларды орындай алмаса, немесе тиісті баламалы шараларды орындай алмаса, онда ол, бақылау тестілеу жағдайы болса, белгіленген бақылаудан ауытқу ретінде немесе, бөлшектерді тестілеу жағдайы болса, кемшілік ретінде қарастырады. (Сілт: Тарм. А15-А16)

Ауытқулар Мен Бұрмалаулардың Сипаты Мен Себебі

12. Аудитор анықталған кез-келген ауытқулар немесе кемшіліктердің сипатын және себебін қарастырып шығып, аудиторлық шараның мақсатына немесе аудиттің басқа салаларына ықтимал әсерін бағалайды. (Сілт: Тарм. А17)
13. Тым сирек кездесетін жағдайда, аудитор іріктеу жүзінде ашылған кемшілік немесе ауытқу аномальды болады деп санаған жағдайда, онда ол кемшілік немесе ауытқу тұжырымдамалықта көрсетілмегеніне қатысты белгісіздіктің жоғары деңгейін алуы керек. Аудитор кемшілік

немесе ауытқу тұжырымдамалықтың қалдығына әсер етпейтін жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу үшін қосымша аудиторлық шараларды орындау арқылы белгісіздіктің осы деңгейін ала алады.

Бұрмалауларды Жобалау

14. Бөлшектерді тестілеу үшін аудитор тұжырымдамалық таңдауында табылған кемшіліктерді болжауы тиіс. (Сілт: Тарм. А18-А20)

Аудит Іріктемесінің Нәтижелерін Бағалау

15. Аудитор келесіні бағалау қажет:
- (a) Іріктеудің нәтижелерін бағалау қажет; және (Сілт: Тарм. А21-А22)
 - (b) Аудиттің іріктеуі тестілеуден өткен тұжырымдамалық бойынша сенімді негізін салғанын бағалауы қажет. (Сілт: Тарм. А23)

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Анықтамалары

Іріктеме Емес Тәуекелділігі (Сілт: Тарм. 5(d))

- A1. Іріктеме емес тәуекелдігі тиіссіз аудиторлық шараларды пайдалануды немесе аудиторлық дәлел қате түсіндіру мен кемшілік немесе ауытқуларды мойындауға қабілетсіздігін қарастырады.

Іріктеу Бірлігі (Сілт: Тарм. 5(e))

- A2. Мысалы, депозит бланкысына аударылған чектер, банк көшірмесінен несиелік кредиттік жазбалар, сату бойынша шот-фактуралар, дебиторлық берешек сальдосы немесе ақша бірліктері.

Жол Берілетін Қате (Сілт: Тарм. 5(f))

- A3. Таңдауды әзірлеуде аудитор жекелеген елеулі емес кемшіліктердің агрегаты қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануына әкеліп, ықтимал анықталмаған кемшіліктер үшін шек қоятын тәуекелді жою үшін жол берілетін кемшілікті анықтайды. Жол жіберілетін қате 320 ХАС² көрсететіндей белгілі бір іріктеу шарасына орындау маңыздылығының қолданысы болып саналады. Жол жіберілетін қате ұқсас сома немесе орындау маңыздылығынан төмен болатын сомалар болуы мүмкін.

² 320 ХАС, *Аудитті Орындау Және Жоспарлаудағы Маңыздылық*, 9 тармақ

Іріктеу Құрылымы, Мөлшері Мен Тестілеу Үшін Баптарды Іріктеу

Іріктеу дизайны (Сілт: Тарм. 6)

- A4. Аудиттің таңдамасы аудиторға таңдама баптары алынған тұжырымдамалыққа қатысты қорытынды жасауға немесе жасауға көмектесуге таңдалған баптардың кейбір сипаты бойынша аудиторлық дәлел алуға және бағалауға мүмкіншілік береді. Аудиттің таңдамасы статистикалық емес, статистикалық дискретизация арқылы қолданылады.
- A5. Аудиттің таңдамасын әзірлеуде аудитор қол жеткізілуі тиіс мақсат пен аудиторлық шараларды қисандастыруды қарастырады. Аудиторлық дәлел мен ықтимал ауытқу немесе аудитке қатысты бұрмалауды туғызатын жағдайлардың сипатын қарастыру аудиторға ауытқу немесе кемшілікті не құрастыру мен іріктеу үшін қандай тұжырымдамалықты қолдануға жәрдемдеседі. 500 ХАС 10 тармағының талаптарына сәйкес келу үшін аудиторлық таңдауда, аудитор аудиторлық таңдауға негізделетін тұжырымдамалық толық болуына қатысты дәлел алу үшін аудиторлық шараларды орындауы тиіс.
- A6. Аудитордың аудиторлық шараның мақсатын қарастыруы 6 тармаққа сәйкес анық білім қамтиды: аудиторлық шараның мақсатына тән болатын барлық және тек қана жағдайлар ауытқулар немесе кемшіліктерді болжауға енгізілген ауытқу немесе кемшіліктің мағынасы туралы білім қамтылған. Мысалы, дебиторлық қарыздың бар болуына қатысты бөлшектерді тестілеуде, сол сияқты растау секілді, растау күніне дейін енгізілген, бірақ күнінен кейін қолданушы алған оның төлемдері кемшілік болып саналмайды. Сондай-ақ, қолданушы шоттары арасындағы қате таратылым жалпы дебиторлық шоттар балансына әсер етеді. Осыған сәйкес, бұл аудиттің басқа салаларына, мысалы күдікті қарыздар резервтерінің барлығы немесе алаяқтық тәуекеліне әсерін етсе де, бұл осы белгілі бір аудиторлық шараның іріктеу нәтижелерін бағалауда кемшілік секілді қарастырудың қажеті жоқ.
- A7. Тұжырымдамалықтың сипаттамаларын қарастыруда, бөлшектерді тестілеу үшін аудитор аудитордың сәйкесті бақылау туралы білімі немесе тұжырымдамалықтан алынған баптардың аз санын зерттеуі негізінде ауытқу күтілген деңгейін бағалауы тиіс. Бұл бағалаудың мақсаты аудиторлық таңдауды әзірлеу мен іріктеу мөлшерін анықтау. Мысалы, егер ауытқу күтілген деңгейі тым жоғары болса, аудитор әдетте бақылау тестемеуды шешім қабылдайды. Атап айтқанда, бөлшектерді тестілеу үшін, аудитор тұжырымдамалықта күтілген кемшілікті бақалайды. Егер күтілген кемшілік жоғары болса, үлкен іріктеу мөлшерін 100% зерттеу немесе пайдалану бөлшектерді тестілеуде қолайлы болады.

- A8. Іріктеу баптары жасалған тұжырымдамалықтың сипаттамаларын қарастыруда аудитор стратификация немесе құн өлшелген керек екенін анықтайды. 1 қосымша стратификация мен құн өлшелген іріктеуді бұдан әрі талқылайды.
- A9. Статистикалық немесе статистикалық емес амал пайдалануды шешімі аудитордың пікір мәселесі болып табылады; іріктеу өлшемі статистикалық пен статистикалық емес амалдарын ажырату үшін нағыз критерий болып саналмайды.

Іріктеу Өлшемі (Сілт: Тарм. 7)

- A10. Іріктеу өлшеміне аудитор қабылдауға келісетін іріктеу тәуекелділігінің деңгейі әсер етеді. Аудитор қабылдағысы келетін тәуекелділік деңгейі неғұрлым төмен болса, іріктеу өлшемі соғұрлым үлкен болуы керек.
- A11. Іріктеу өлшемі статистикалық мәліметтерге негізделген нысандарды қолдану арқылы анықталады немесе жағдайларға объективті түрде қолданылатын кәсіби пікірді пайдалану жолымен анықталады. 1 және 2 Қосымшаларда іріктеу көлемін анықтауға және демек іріктеу әдісін қолданумен байланысты тәуекелдік деңгейіне әсер ететін түрлі факторлар келтірілген. Жағдайлар ұқсас болса, 2 және 3 Қосымшаларда анықталған факторлар таңда өлшеміне әсері статистикалық немесе статистикалық емес әдістер таңдалғанға қарамастан ұқсас болады.

Тестілеу Үшін Баптарды Іріктеу (Сілт: Тарм. 8)

- A12. Статистикалық таңдауды қолдану барысында іріктеу өлшемі ықтималдылық теориясы негізінде анықталады. Статистикалық емес таңдауды қолдану барысында іріктеу өлшемі кәсіби пікір негізінде анықталады. Іріктеу мақсаты іріктеу баптары таңдап алынған тұжырымдамалық бойынша қорытынды жасауға дұрыс негізін салу болғанымен аудитор жиынытыққа әдеттегідей сипаттамалары бар іріктеу баптарын іріктеу арқылы алынған қате пікір алдын алу үшін көрсетілім іріктеу бабын іріктеуі қажет.
- A13. Іріктеу баптарын іріктеу негізгі әдістеріне кездейсоқ іріктеуді пайдалану, жүйелі іріктеу мен ойланылмаған іріктеу жатады. Бұл әдістердің әр қайсысы 4 Қосымшада көрсетілген.

Аудиторлық Рәсімдерді Орындау (Сілт: Тарм. 10-11)

- A14. Егер таңдап алынған бап аудиторлық шараны қолдануға тура келмесе, бұл шара әдетте салыстырмалы бапқа қатысты орындалады. Мысалы төлемдерді санкциялауға қатысты дәлелдерді тексеру кезінде жойылған чек таңдап алынады. Егер аудитор чек бұрын жойылғанына әрі ол қате емес екеніне көзі жетсе, тиісті таңдап алынған алмастыратын чек тексеріледі.



- A15. Бірақ кейде, аудитор таңдап алынған бапқа қатысты жоспарланған аудиторлық шараларды қолдана алмайды, мысалы берілетін бап бойынша құжаттардың жоғалуына орай.
- A16. Егер осы элемент бойынша жарамды баламалық аудиторлық шараларды орындау мүмкін болмаса, онда бұл элементті аудитор әдетте қате ретінде қарастырады. Оң растау туралы өтінішке ешбір жауап алынбаған жағдайдағы кейінгі түсімдерді тексеру баламалық жарамды аудиторлық шаралардың мысалы бола алады.

Ауытқулар Мен Бұрмалаулардың Сипаты Мен Себебі (Сілт: Тарм. 12)

- A17. Анықталған қателерді талдағанда, аудитор олардың көпшілігінің ортақ ерекшеліктері бар екенін байқауы мүмкін, мысалы, операциялар түрі, өнімнің ассортименты, немесе уақыт кезеңі. Мұндай жағдайларда аудитор ортақ ерекшеліктері бар барлық баптар жиынтығын сәйкестендіруге шешім қабылданды. Сонымен қатар мұндай қателер қасақана қателер болуы мүмкін және алаяқтықты көрсетеді.

Бұрмалауларды Жобалау (Сілт: Тарм. 14)

- A18. Аудитор тұжырымдамалық үшін жалпы қатені болжайды, мақсаты – қате шамасы туралы терең түсінік алу және бұл шаманы мүмкін қатемен салыстыру.
- A19. Егер қате аномальды болады деп анықталса, онда іріктеу қатесін тұжырымдамалыққа болжағанда, ол алынып тастауы мүмкін. Кез келген мұндай қатенің әрекетін, егер ол түзетілмеген болса, аномальды емес қателерді болжауды қосымша қарастыру керек.
- A20. Бақылау тесттеріне қатысты қателерді дәл болжау талап етілмейді, себебі таңдауда қателердің пайда болу коэффициенті жалпы тұжырымдамалықтағы қателердің болжамданатын коэффициенті болып табылады. 330³ ХАС аудитор сүйенетін бақылаудың қатесі анықталған жағдай бойынша нұсқау ұсынады.

Аудит Іріктемесінің Нәтижелерін Бағалау (Сілт: Тарм. 15)

- A21. Бақылау тесттерімен жағдайларда, егер бастапқы бағалауды растайтын қосымша дәлел алынбаса, таңдаудағы дәлелдің өте жоғары коэффициенті бақылау тәуекелділігінің бағаланған деңгейінің артуына әкелуі мүмкін. Бөлшектерді тесттілеу жағдайларында, таңдаудағы қатенің тым жоғары сомасы аудиторға мынандай қорытынды жасауға алып келеді: егер елеулі қателердің болмауына қандай да бір қосымша дәлелдер болмаса, шоттар сальдосы немесе операциялар сыныптары елеулі ауытқыған.

³ 330 ХАС, Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап Ретіндегі Аудиторлық Шаралар, 17 тармақ

- A22. Егжей-тегжейлерді тексеру кезінде болжамды бұрмалаулар және аномалды бұрмалаулар, егер бар болса, аудитордың популяциядағы бұрмалауларды ең жақсы бағалауы болып табылады. Егер болжанатын бұрмалаулар мен аномалды бұрмалаулар, егер бар болса, жол берілмейтін бұрмаланулардан асып кетсе, үлгі сынақтан өткен популяция туралы тұжырым жасау үшін орынды негіз бермейді. Болжалды бұрмаланулар мен аномалды бұрмалауларға жол берілмейтін бұрмаланулар неғұрлым жақын болса, популяциядағы нақты бұрмаланулар жол берілмейтін бұрмаланулардан асып кету ықтималдығы жоғары. Егер болжамды бұрмалаулар аудиторлық үлгіні анықтау үшін пайдаланылған бұрмалауларға қатысты күткеннен үлкен болса, аудитор популяциядағы нақты бұрмалаулардың жол берілмейтін бұрмаланулардан асып кетуі мүмкін іріктеме алу қаупі бар деген қорытындыға келуі мүмкін. Басқа аудиторлық шаралардың нәтижелерін қарастыру аудиторға популяциядағы нақты бұрмаланулардың жол берілмейтін бұрмаланулардан асып кету қаупін бағалауға көмектеседі және қосымша аудиторлық дәлелдер алынған жағдайда тәуекел азайтылуы мүмкін.
- A23. Егер іріктеу нәтижелерін бағалау тұжырымдамалықтың тиісті өзіне тән ерекшеліктерінің бастапқы бағасы қайта қарастырылуы керек болса, аудитор мыналарды істей алады:
- Ұйым басшылығын орнатылған қателерді және келесі қателердің болу мүмкіншілігін зерттеуді сұрау алады және қажетті түзетулер жасайды; немесе
 - Бұдан әрі аудиторлық шаралар сипаты, мерзімі, деңгейіндегі өзгерістер енгізеді. Мысалы, бақылау тесттерімен жағдайда, аудитор іріктеу өлшемін арттырып, балама бақылауды тесттей алады немесе оған байланысты маңызына қарай шараларды түрлендіреді.

1 қосымша

(Сілт: Тарм. А8)

Стратификация Және Өлшем Бойынша Іріктеу

Іріктеу үшін тұжырымдамалықтың сипаттамаларын қарастыруда аудитор стратификация немесе құн анықталған іріктеу керектігін анықтауы мүмкін. Бұл қосымшада аудиторға стратификация мен құн анықталған іріктеу әдістемесін пайдалану бойынша нұсқау ұсынады.

Стратификация

1. Аудитор сәйкестендірілетін сипаттамалары бар үзілмелі кіші мүшеліктерге бөлу жолымен бас тұжырымдамалықты стратификациялауды жүргізсе, аудиттің ұтымдылығын арттыруға болады. Стратификацияның мақсаты - әрбір бөлек страта ішінде баптардың ауытқуын кеміту, және осылайша іріктеу өлшемін ол бойынша тәуекелділікті пропорционал арттырусыз кемітуге мүмкіншілік беру.
2. Бөлшектерді тестілеу шараларын орындағанда, тұжырымдамалық жиі ақшалай құнымен стратификацияланады. Бұл аудиторлық күшті көтеруге байланысты болған ең жоғары әлеует ақша қатесі бар ең жоғары құнды бапты қарастыруға бағыттауға мүмкіндік береді. Осылайша тұжырымдамалық қателердің ең жоғарғы тәуекелділігін көрсететін белгілі бір ерекшеліктерге сай стратификациялануы мүмкін, мысалы, дебиторлық берешектің бағасын тесттегенде, шоттар сальдосы өтеу мерзімі бойынша стратификациялануы мүмкін.
3. Бір қабат аумағында іріктеу баптары қолданылатын шаралар нәтижелері тек берілген қабатты құрайтын баптарға ғана жатқызылады. Бүкіл тұжырымдама бойынша қорытынды құру үшін, аудитор берілген тұжырымдамалықты құрайтын кез келген басқа қабатқа қатысты тәуекелділікті ескеруі тиіс. Мысалы, баптар жиынтығының 20%-ын шоттар сальдосы құнының 90%-ын құруы мүмкін. Аудитор осы баптар бойынша таңдауды тексеруге шешім қабылдай алады. Аудитор берілген іріктеу нәтижелерін бағалайды және қалған 10%-ынан бөлек құнның 90%-ы бойынша қорытынды жасайды (бұл – 10 %-ке қатысты қосымша іріктеу пайдаланылады немесе дәлелдерді жинаудың басқа құралдары да қолданылады немесе бұл 10% елеулі емес ретінде қарастырылады).
4. Егер әрекеттердің тобы немесе шот сальдосы стратаға бөлінсе, онда кемшілік әр страта бойынша жеке болжамдалады. Әр страта бойынша болжамдалатын кемшіліктер содан кейін әрекеттердің жалпы тобына немесе шот сальдосына кемшіліктердің ықтимал әсерін бағалауда біріктіріледі.

Өлшем бойынша Іріктеу

5. Бөлшектерді тестілеуді орындаған кезде, тұжырымдамалықты құрайтын іріктеу бірліктерін ақшалай бірліктері ретінде анықтау тиімді болады. Іріктеп болған соң, нақты ақша бірліктерінің жиынтығынан (мысалы, дебиторлық берешек бойынша сальдо) аудитор нақты элементтерді тексеруге кіріседі, мысалы, бөлек шоттар сальдосы, оларға берілетін ақша бірліктері кіреді. Іріктеу элементтерін анықтау үшін мұндай амал аудиторлық күш құны жоғарырақ элементтерді қарастыруға бағытталады, себебі мұндай бірліктердің іріктеліп алынуға мүмкіншілігі көп, бұл іріктеу өлшемінің кемуіне әкелуі мүмкін. Бұл амал таңдаудағы элементтерді іріктеудің жүйелі тәсілімен бірлесе қолданылады (4-қосымшада көрсетілген) және таңдауды орындау үшін мәліметтерді іріктеу үшін пайдаланылатын жағдайда өте тиімді.

2 қосымша

(Сілт: Тарм. А11)

Бақылау Тесттерін Жүргізу Үшін Іріктеу Өлшеміне Ықпал Ететін Факторларға Мысалдар

Төменде аудитор бақылау тесттерін жүргізу үшін іріктеу өлшемін анықтаған кезде қарастыратын факторлар келтірілген. Бірге қарастырылуы тиісті осы факторлар аудитордың ішкі бақылау құралдарының тестілердің сипатын немесе мерзімдерін өзгертпеуі немесе өзгеше жолмен бағаланған тәуекелдердің ықпалымен негізіделген шараларға қатысты амалды түрлендірмеуі тиіс екенін көздейді.

ФАКТОР	ІРІКТЕУ ӨЛШЕМІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ	
1. Аудитордың тәуекелдерді бағалауына байланысты бақылаудың тиісті элементтерін қарастыратын деңгейінің артуы	Көбірек Арттыру	аудитор, бақылаулардың жұмыс тиімділігі төмен болған сайын, аудитордың бұрмалану қаупін бағалау неғұрлым төмен болады және іріктеменің өлшемі неғұрлым үлкен болуы керек. Егер аудитордың растау деңгейінде маңызды бұрмаланулардың қаупін бағалауы бақылаудың жұмыс тиімділігін күтуді қамтыса, аудитор бақылау тесттерін жүргізуге міндетті. Қалған нәрселер тең болған сайын, аудитор тәуекелдерді бағалауда бақылаудың тиімділігіне неғұрлым көбірек тәуелді болса, аудитордың бақылауды тексерудің дәрежесі соғұрлым жоғары болады (сәйкесінше іріктеудің мөлшері ұлғайтылады).
2. Ауытқудың жол берілетін дәрежесінің жоғарылауы	Кему	ауытқудың мүмкін болатын дәрежесі іріктелген өлшемнің үлкен болуы

ФАКТОР	ІРІКТЕУ ӨЛШЕМІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ	
		керек.жоғары болуы керек.
<p>3. Тестіленетін қауымдалыстың күтілген ауытқу дәрежесінің артуы</p>	<p>Арту</p>	<p>аудитор күтіп отырған ауытқу коэффициенті неғұрлым жоғары болса, іріктеу өлшемі соғұрлым үлкен болуы керек, бұл аудиторға ауытқудың нақты коэффициенттерін ақылға қонымды бағалауға мүмкіндік береді. Аудитордың күтілетін қате коэффициенттерін қарастыруға қатысы бар қолданушы бизнесін түсіну (атап айтқанда, ішкі бақылау жүйелерін түсіну үшін орындалатын шаралар), қызметкерлері құрамындағы немесе ішкі бақылау жүйелеріндегі өзгерістер, бұрынғы кезеңдерде қолданылған аудиторлық шаралар нәтижелері; және басқа да аудиторлық шаралар нәтижелерінің факторлары. Күтілетін қателердің жоғары коэффициенті болса, ол бақылау тәуекелділігінің аз ғана кемуіне кепілдік береді.</p>
<p>4. Тұжырымдамалықтағы ауытқудың нағыз деңгейі ауытқуда жол берілетін деңгейінен аспайтын, аудитор жеткісі келетін сенімділік деңгейінің артуы</p>	<p>Арту</p>	<p>аудитордың іріктеу нәтижелері іс жүзінде тұжырымдамалыққа қателерді таратудың нақты саласының көрсеткіштері болып табылуына қатысты сенімділік дәрежесі жоғары болса, іріктеу өлшемі</p>



ФАКТОР	ІРІКТЕУ ӨЛШЕМІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ	
		соғұрлым жоғары болуы керек.
5. Тұжырымдамалықтағы іріктеу элементтер санының артуы	Елеулі емес әсер	Ірі тұжырымдамалықтарға келсек, олардың нақты өлшемі іріктеу өлшеміне шамалы ғана ықпал етеді. Бірақ кішігірім тұжырымдамалықтарға қатысты аудиторлық іріктеу жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алудың баламалы тәсілдерімен салыстырғанда онша тиімді тәсіл емес.

Бөлшектер Тесттерін Жүргізу Үшін Іріктеу Өлшеміне Арналған Факторларға Мысалдар

Төменде аудитор бөлшектерді тесттерін жүргізу үшін іріктеу өлшемін анықтаған кезде қарастыратын факторлар келтірілген. Бірге қарастырылуы тиісті осы факторлар аудитордың бақылау құралдарының тестілердің сипатын немесе мерзімдерін өзгертпеуі немесе өзгеше жолмен бағаланған тәуекелдердің ықпалымен негізінен шараларға қатысты амалды түрлендірмеуі тиіс екенін көздейді.

ФАКТОР	ІРІКТЕУ ӨЛШЕМІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУІ	
<p>1. Маңызды бұрмалаудың тәуекелінде аудиторлық бағалаудың артуы</p>	<p>Арту</p>	<p>Маңызды бұрмалау тәуекелін аудиторлық бағалау неғұрлым жоғары болса, іріктеу өлшемі соғұрлым үлкен болуы керек. Маңызды бұрмалау тәуекелін аудиторлық бағалауға бақылаудың ажырамас тәуекелі мен құралдарының тәуекелі әсер етеді. Мысалы, егер аудитор бақылау тесттерін жүргізбесе, тәуекелді аудиторлық бағалау ішкі бақылаудың операциялық тиімділігі үшін белгілі бір бекітуге қатысы бар төмендетуге болмайды. Демек, аудиторлық тәуекелділікті мүмкін болатын төмен деңгейге кеміту үшін, аудитор анықталмаудың төмен тәуекелділігі алу керек және маңызына қарай тесттерге неғұрлым көп жүгінуі қажет. Аудитор бөлшектерді тесттерінен неғұрлым көп</p>



ФАКТОР	ІРІКТЕУ ӨЛШЕМІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУІ	
2. Белгілі бір пайымды растауға бағытталған маңызына қарай басқа аудиторлық шараларды пайдалануды арттыру	Кему	Аудитор белгілі бір тұжырымдамалыққа қатысты анықталмау тәуекелділігін мүмкін деңгейге дейін кеміту үшін маңызына қарай басқа шараларға неғұрлым көп жүгінсе (түбегейлі тесттер немесе талдау шаралары), соғұрлым таңдаудың аз сенімділік талап етіледі және тиісінше іріктеу өлшемі аз болады.
3. Тұжырымдамалықтағы ауытқудың нағыз деңгейі ауытқу жол берілетін деңгейін аспайтын, аудитор жеткісі келетін сенімділіктің деңгейінің артуы	Арту	Аудитордың іріктеу нәтижелері іс жүзінде тұжырымдамалыққа қателерді таратудың нақты саласының көрсеткіштері болып табылуына қатысты сенімділік дәрежесі жоғары болса, іріктеу өлшемі соғұрлым жоғары болуы керек.
4. Бас тұжырымдамалықта іріктеу элементтерінің саны	Кему	Аудитор қабылдауғы келісетін жалпы қате неғұрлым төмен болса, іріктеу өлшемі соғұрлым үлкен болуы керек.
5. Аудитор бас тұжырымдамалықта анықтағысы келетін қатесінің сомасы	Арту	Аудитор тұжырымдамалықта анықтаймын деген қателер сомасы неғұрлым көп болса, іріктеу өлшемі соғұрлым үлкен болуы керек, бұл бас тұжырымдамалықта қателердің нақты сомасына қатысты ақылға сыйар баға беруге мүмкіндік береді. Аудитордың қателірінің күтілетін сомасын қарастыруға қатысты

ФАКТОР	ІРІКТЕУ ӨЛШЕМІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУІ	
<p>6. Керек болса, тұжырымдамалықтың стратификациясы</p>	<p>Кему</p>	<p>Стратификация бас тұжырымдамалықтағы элементтердің ақшалай өлшемінде кең диапазон болған кезде қолданылатын тұжырымдамалықты страттарға топтастыру пайдалы болуы мүмкін. Тұжырымдамалық тиісті стратификацияланған жағдайда, страта ішінен іріктеу өлшемінің жалпы шамасы бүкіл тұжырымдамалықтан таңдаудың бір элементі алынған кездегі таңдаудың өлшемінен аз болады.</p>
<p>7. Тұжырымдамалықта іріктеу элементтерінің саны</p>	<p>Елеулі емес әсер</p>	<p>Ірі тұжырымдамалықтарға келетін болсақ, олардың нақты өлшемі іріктеу өлшеміне айтарлықтай ықпал етпейді: демек, кіші тұжырымдамалықтарға қатысты аудиторлық іріктеу жетерлік тиісті аудиторлық дәлелдер алудың балама тәсілдерін салыстырғанда аса тиімді емес. (Бірақ ақша элементтерін таңдауды пайдаланғанда, егер бақылау елеуліліктің пропорционал артуымен өтелмесе бас тұжырымдамалықтың ақшалай құндығы артуы іріктеу өлшемін арттырады)</p>



4 қосымша

(Сілт: Тарм. А13)

Сынамаларды Іріктеу Әдістері

Үлгілерді таңдаудың көптеген әдістері бар. Негізгі әдістер келесілер:

- (a) Кездойсоқ сандарды (немесе кездейсоқ сандар кестесінің компьютерленген генераторын пайдалану арқылы) пайдалану.
- (b) Жүйелі іріктеу, бұл кезде тұжырымдамалықтағы іріктеу бірліктерінің саны іріктеу өлшеміне бөлінеді, нәтижеде іріктеу интервалы анықталады, мысалы 50 элемент. Осылайша, алғашқы 50 ішіндегі санақты бастау нүктесін анықтағаннан кейін, әрбір 50-ші іріктеу өлшемі содан кейін таңдалынады. Санақ нүктесі еркін таңдалғанмен, іріктеу кездейсоқ болады, егер кездейсоқ сандардың компьютерленген генераторы немесе кездейсоқ сандар кестесі пайдаланылады. Жүйелі іріктеуді пайдаланған кезде, аудитор іріктеу бірліктері тұжырымдамалықта іріктеу интервалы тұжырымдамалықтың белгілі бір сұлбасымен беттесетіндей етіп құрылымдалынбаған екенін анықтауы тиіс.
- (c) Ақшалай элементтерді іріктеу оның іріктеу өлшемі, таңдауы мен бағалау нәтижелері ақшалай элементтерге қатысты қорытындыларды жалпылауға әкелетін құн негізінде анықталған таңдаудың түрі (1 Қосымшада көрсетілген секілді) болып саналады.
- (d) Еркін іріктеуде аудитор құрылымдық тәсілдерге сүйенбей-ақ таңдауды іріктейді. Соған қарамастан, ешбір құралымдық амалдар пайдаланбаса да, аудитор әділетсіз қараудан немесе болжаудан аулақ болуы керек (мысалы, орнын анықтауы қиын баптардан аулақ болу) немесе беттегі бірінші немесе соңғы жазбаларды әрқашан іріктеу немесе әрқашан аулақ болу; осылайша іріктеу тұжырымдамалықтарының барлық бірліктері іріктелінетіндей болуы керек. Статистикалық іріктеу жасағанда жүйесіз іріктеу қолданылмайды.
- (e) Топтап іріктеу бас тұжырымдамалықтан іргелес элементтер топтарын іріктеумен байланысты. Топтап іріктеу әдетте аудиторлық таңдауға пайдаланыла алмайды, өйткені тұжырымдамалықтың көбі былайша құрастырылған – кезекпен орналасқан баптарда бір-біріне қатысты ұқсас ерекшеліктері болады, бірақ тұжырымдамалықтың басқа жерінде орналасқан баптарға қатысты басқа ерекшеліктері болуы керек. Кейбір жағдайларда элементтер тобын тексеру тиісті аудиторлық шара болуы мүмкін, бірақ аудитор таңдауға сүйене отырып, бас тұжырымдамалыққа қатысты сенімді қорытынды жасағысы келсе, бұл әдіс сирек жағдайда

іріктелген тұжырымдамалықты қалыптастырудың дұрыс әдісі болып табылады.

540 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ
ӘДІЛ ҚҰННЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЫН ҚОСА,
БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУДЫҢ АУДИТІ ЖӘНЕ
ІЛЕСПЕЛІ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Бухгалтерлік Бағалаудың Сипаты	2–4
Күшіне ену күні	5
Мақсаты	6
Анықтамалары	7
Талаптары	
Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Әрекеттер	8–9
Елеулі Бұрмаланудың Тәуекелін Анықтау Және Бағалау	10–11
Елеулі Бұрмаланудың Бағаланған Тәуекеліне Қатысты Рәсімдер ...	12–14
Елеулі Тәуекелдердің Алдын Алу Үшін Бұдан Әрі Жасалатын Қосымша Рәсімдер	15–17
Бухгалтерлік Есептің Негізділігіне Баға Беру Және Қателіктерді Анықтау	18
Бухгалтерлік Бағалауға Қатысты Ашып Көрсетулер	19–20
Басшылықтың Ықтимал Жалған Сенімдерінің Көрсеткіштері	21
Жазбаша Ұсынымдар	22
Құжаттама	23
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Бухгалтерлік Бағалаудың Сипаты	A1–A11
Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Әрекеттер	A12–A44
Елеулі Бұрмаланудың Тәуекелін Анықтау Және Бағалау	A45–A51



Елеулі Бұрмаланудың Бағаланған Тәуекеліне Қатысты Рәсімдер ...	A52–A101
Елеулі Тәуекелдердің Алдын Алу Үшін Бұдан Әрі Жасалатын Қосымша Рәсімдер.....	A102–A115
Бухгалтерлік Есептің Негізділігіне Баға Беру Және Қателіктерді Анықтау	A116–A119
Бухгалтерлік Бағалауға Қатысты Ашып Көрсетулер	A120–A123
Басшылықтың Біқтимал Жалған Сенімдерінің Көрсеткіштері	A124–A125
Жазбаша Ұсынымдар	A126–A127
Құжаттама	A128
Қосымша: Әділ Құнды Бағалау Және Қаржылық Есептіліктің Өртүрлі Жүйелеріндегі Ашып Көрсетулер	

Әділ Құнның Бухгалтерлік Бағалауын Қоса, Бухгалтерлік Бағалаудың Аудиті Және Ілеспелі Ақпаратты Ашып Көрсету, 540 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу, 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) бухгалтерлік бағалауларға, оның ішінде әділ құнды есепке алу бағалауларына және қаржылық есептілік аудитіндегі тиісті ашылуларға қатысты аудитор жауапкершілігін қарастырады. Әсіресе бұл стандарт 315ХАС (Қайта қарастырылған)¹ және 330 ХАС² және өзге ХАС-тарын бухгалтерлік бағалауға қалай қолдану тәсіліне таратылады. Сондай-ақ, осы стандарт жеке бухгалтерлік бағалаудың бұрмалануы мен басшылықтың ықтимал жалған сенімдерінің көрсеткіштері бойынша нұсқау ұсынады.

Бухгалтерлік Бағалаудың Сипаты

2. Кейбір қаржылық есептілік баптарын анық өлшеуге болмайды, бірақ тек қана баға беруге болады. Бұл ХАС мақсаты болғанымен, сондай қаржылық есептілік баптары бухгалтерлік бағалау секілді қаралады. Басшылыққа қол жетерлік ақпараттың сипаты мен сенімділігі бухгалтерлік бағалауды қолдау үшін кеңінен ерекшеленеді; бұл факті бухгалтерлік бағалаумен байланысты белгісіздік бағалаудың деңгейіне әсер етеді. Белгісіздік бағалаудың деңгейі өз кезегінше бухгалтерлік бағалаудың елеулі бұрмаланудың тәуекеліне, ойластырылған немесе ойластырылмаған басшылықтың жалған сенімдеріне олардың ұшыратылуына ықпал етеді. (Сілт: Тарм. А1-А11)
3. Бухгалтерлік бағалауды өлшеу мақсаты қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі мен есеп берілетін қаржылық бапқа тәуелді болады. Кейбір бухгалтерлік бағалаулар үшін өлшеу мақсаты әрекеттердің бірі немесе одан да көбінің нәтижесін, бухгалтерлік бағалаудың керектігін туғызатын жағдайларды болжау. Басқа бухгалтерлік бағалаулар үшін, көпшілікті әділ құн негізінде анықталған бағалауды қоса, өлшеу мақсаты әр түрлі болып, ағымдағы әрекет немесе өлшеу күнінде кең таратылған жағдайлар негізінде қаржылық есептіліктің құны шеңберінде білдірілген, мысалы, актив немесе міндеттің белгілі бір түрі бойынша бағаланған нарықтық баға. Мысалы, қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі білімі бар, белгілі өткен немесе келешектегі күніндегі әрекетті өңдеумен салыстырғанда, тәуелсіз тараптар қол қойған келісімге мүддесі бар тараптар арасындағы жорамал ағымдағы әрекетіне негізделетін әділ құнды бағалауды талап етеді (кейбір жағдайда «нарыққа қатысушылар» немесе оның баламасы).³

¹ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*

² 330 ХАС, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап Ретіндегі Аудиторлық Шаралар*

³ Әділ құнның әр түрлі мағынасы қаржылық есептілік жүйелері арасында орын алуы мүмкін.

4. Бухгалтерлік бағалаудың нәтижесі мен қаржылық есептілікте бастапқыда мойындалған немесе ашып көрсетілген сома айырмасы қаржылық есептіліктің бұрмалануын көрсету керек емес. Бұл әділ құн негізінде анықталған бухгалтерлік бағалау жағдайына қатысты, себебі кезкелген бақыланатын нәтижеге өлшеу қаржылық есептілік мақсаты үшін бағаланған күнінен кейінгі жағдайлар ықпал етеді.

Күшіне ену күні

5. 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап және осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есептілік аудиторіне қатысты күшіне енеді.

Мақсаты

6. Аудитордың мақсаты келесілер бойынша жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу:
 - (a) Бухгалтерлік бағалау, сонымен қоса қаржылық есептілік бойынша, әділ құн негізінде анықталған бухгалтерлік бағалау бойынша мойындалған немесе ашып көрсетілген дәлел алу қажет; және
 - (b) Қаржылық есептіліктің лайықты ашып көрсетулері бойынша қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі шеңберінде дәлел алу қажет.

Анықтамалары

7. Бұл ХАС мақсаты болғанымен, келесі терминдер қолданылады:
 - (a) Бухгалтерлік бағалау – Өлшеу дәлме дәл құралдарының жоқтығы жағдайында ақшалай соманың жуық нәтижесі. Белгісіздікті бағалау орын алса, осы термин әділ құн негізінде өлшелген сомаға, сонымен қатар бағалауды талап ететін өзге сомаларға қолданылады. Бұл ХАС тек бухгалтерлік бағалауды, сондай-ақ, әділ құн негізіндегі өлшеуді анықтаса, «әділ құн негізінде анықталған бағалау» деген термин пайдаланылады.
 - (b) Аудитордың нүктелі бағалауы немесе аудитордың диапазоны – Басшылықтың нүктелі бағалауына баға беруге қолдану үшін аудиторлық дәлелден алынған сома немесе сомалардың диапазоны.
 - (c) Белгісіздікті бағалау – Бухгалтерлік бағалау мен байланысты ашылардың өз өлшеуіндегі дәлме-дәлдігі бөлінбес жетіспеушілігіне ұшыратылуы.
 - (d) Басшылықтың жалған сенімі – Ақпаратты дайындауда басшылықтың бейтараптылығының жетіспеушілігі.
 - (e) Басшылықтың нүктелі бағалау – Басшылық бухгалтерлік бағалау секілді қаржылық есептілікте мойындау немесе ашып көрсету үшін таңдалған сома.

- (f) Бухгалтерлік бағалаудың нәтижесі – Бастапқы әрекет, жағдайды реттеуден нәтижеленетін нағыз ақшалай сома.

Талаптары

Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Әрекеттер

8. 315 ХАС-ке (Қайта қарастырылған)⁴ сәйкес ұйым пен оның ортасын, сонымен қоса ұйымның ішкі бақылауын білу үшін тәуекелді бағалау шаралары мен байланысты іс-шараларын орындау кезінде аудитор бухгалтерлік бағалау үшін елеулі бұрмалау тәуекелін анықтау мен бағалауға негізін орнату үшін төмендегі мәселелер бойынша білім жинауы тиіс: (Сілт: Тарм. А12)
- (a) Бухгалтерлік бағалауға, сонымен қоса байланысты іс-шараларға қатысты қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінің талаптары. (Сілт: Тарм. А13-А15)
 - (b) Басшылық қаржылық есептілікте мойындалған немесе ашып көрсетілген бухгалтерлік бағалау керектігін туғызуы мүмкін осы әрекеттерді, жағдайларды қалай анықтайды. Осы білім алу кезінде аудитор басшылыққа жаңа бухгалтерлік бағалауды туғызатын немесе ағымдағы бухгалтерлік қайта қарастыратын жағдайлардағы өзгерістер туралы сұрау жүргізеді. (Сілт: Тарм. А16-А21)
 - (c) Басшылық бухгалтерлік бағалауды және олар негізделетін мәліметтерді қалай жинайды: (Сілт: Тарм. А22-А23)
 - (i) Егер моделге қолданылса, бухгалтерлік бағалауға қолданылатын әдіс; (Сілт: Тарм. А24-А26)
 - (ii) Байланысты бақылау; (Сілт: Тарм. А27-А28)
 - (iii) Басшылық сарапшыны пайдаланды ма, жоқ па; (Сілт: Тарм. А29-А30)
 - (iv) Бухгалтерлік бағалау негізінде жататын пікірлер; (Сілт: Тарм. А31-А36)
 - (v) Өткен кезеңнен бастап бухгалтерлік бағалаудың әдісіндегі өзгерістер енгізілді ме, жоқ па, және егер енгізілсе, олардың енгізілу себебі; және (Сілт: Тарм. А37)
 - (vi) Егер жағдай болса, және басшылық белгісіздікті бағалаудың әсерін қалай бағалайды. (Сілт: Тарм. А38)
9. Аудитор өткен кезеңнің қаржылық есептілігіне енгізілген бухгалтерлік бағалаудың нәтижелерін немесе, керек болса, ағымдағы кезең мақсаты

⁴ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 5-6 және 11-12 тармақтар

үшін олардың кейінгі қайта қарастырылуына шолу жүргізеді. Аудиторлық шолуы сипаты мен ауқымына бухгалтерлік бағалау сипаты жатады, сондай-ақ, шолу нәтижесінде алынған ақпарат ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне енгізілген бухгалтерлік бағалау елеулі бұрмалануының тәуекелін анықтауға және бағалауға тән екені ескеріледі. Алайда, шолудың мақсаты уақытта қол жетерлік ақпаратқа негізделетін өткен кезеңдерде жасалған қорытындыларға күмән келтіру мақсаты емес. (Сілт: Тарм. А39-А44)

Елеулі Бұрмаланудың Тәуекелін Анықтау Және Бағалау

10. Елеулі кемшіліктің тәуекелін анықтау мен бағалау кезінде, 315 ХАС (Қайта қарастырылған)⁵ бойынша аудитор бухгалтерлік бағалаумен байланысты белгісіздікті бағалаудың деңгейін бағалайды. (Сілт: Тарм. А45-А46)
11. Аудитор аудитордың пікірі бойынша белгісіздікке жоғары баға беру ретінде анықталған кейбір бухгалтерлік бағалау елеулі тәуекелдерді туғызады ма, жоқ па деп анықтайды. (Сілт: Тарм. А47-А51)

Елеулі Бұрмаланудың Бағаланған Тәуекеліне Қатысты Рәсімдер

12. Елеулі бұрмалау тәуекелі негізінде, аудитор келесіні орындауы қажет: (Сілт: Тарм. А52)
 - (a) Басшылық бухгалтерлік бағалауға қатысты қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінің талаптарын тиісті түрде қолданды ма, жоқ па деп санау керек; және (Сілт: Тарм. А53-А56)
 - (b) Бухгалтерлік бағалау әдістері қолайлы ма, емес пе, және сәйкесті түрде қолданылды ма, жоқ па, және керек болса, өткен кезеңнен бастап енгізілген бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер немесе олардың әдісіндегі өзгерістер жағдайға байланысты ма, жоқ па деп санау керек. (Сілт: Тарм. А57-А58)
13. Елеулі бұрмалау бағаланған тәуекеліне тиіс шараларды қолдану кезінде аудитор 330ХАС⁶ сәйкес бухгалтерлік бағалаудың сипатын ескергенімен төмендегілердің бірін немесе одан да көбін орындау қажет: (Сілт: Тарм. А59-А61)
 - (a) Аудитор аудитордың есебі күнінде пайда болатын жағдайлар бухгалтерлік бағалауға қатысты аудиторлық дәлел қамтамасыз етуіне шешім қабылдау керек. (Сілт: Тарм. А62-А67)

⁵ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 25 тармақ

⁶ 330 ХАС, 5 тармақ

- (b) Аудитор басшылық бухгалтерлік баға қалай береді және мәліметтерді қалай алады деп тесттер жүргізеді. Аудитор келесіні бағалауы қажет: (Сілт: Тарм. А68-А70)
 - (i) Қолданылған өлшеу әдісі жағдайларына қатысты; және (Сілт: Тарм. А71-А76)
 - (ii) Басшылық қолданған қорытындылар қолданыстағы қаржылық есеп жүйесін өлшеу мақсатына сәйкес келеді. (Сілт: Тарм. А77-А83)
 - (c) Тиісті маңыздылығы бар шараларды қоса, басшылық бухгалтерлік бағалар қалай беретінін бақылау операциялық нәтижелілігін тестілеу керек. (Сілт: Тарм. А84-А86)
 - (d) Басшылықтың нүктелі бағалауын анықтау мен нүктелі бағалауды дамыту. Осы мақсатқа: (Сілт: Тарм. А87-А91)
 - (i) Егер аудитор басшылықтың қорытындыларынан немесе әдістерінен ерекшеленетін қорытындыларды немесе әдістерді қолданса, онда ол, аудитордың нүктелі бағасы немесе диапазонына байланысты ауыспалы мөлшерлерін қосса, соны белгілеу және кез келген елеулі айрықшаларды бағалау үшін басшылықтың жеткілікті қорытындыларын немесе әдістерін білуі қажет. (Сілт: Тарм. А92)
 - (ii) Егер аудитор диапазонын қолдану тиімді екеніне қатысты қорытындыларға келсе, аудитор жетімді аудиторлық дәлел негізінде, диапазон шеңберіндегі барлық нәтижелер сенімді болғанша, диапазонды кемітеді. (Сілт: Тарм. А93-А95)
14. 12 тармақта анықталған мәселелерді анықтау кезінде немесе 13 тармақта сәйкес елеулі бұрмалауға бағаланған тәуекеліне шараларды қолдану кезінде аудитор бухгалтерлік бағалаудың біріне немесе көбіне қатысты мамандандырылған біліктіліктер жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алуға талап етілгенін анықтайды. (Сілт: Тарм. А96-А101)

Елеулі Тәуекелдердің Алдын Алу Үшін Бұдан Әрі Жасалатын Қосымша Рәсімдер

Бағалау Белгісіздігі

15. Елеулі тәуекелдікке әкелетін бухгалтерлік бағалау мақсаты үшін 330 ХАС⁷ талаптарына сәйкес орындалған басқа елеулі шараларға қосымша, аудитор төмендегіні бағалауы тиіс: (Сілт: Тарм. А102)

⁷ 330 ХАС, 18 тармақ

- (a) Басшылық баламалы қорытындыларды немесе нәтижелерді қалай анықтайды, және олардан қай себептен бас тартты немесе басшылық бухгалтерлік бағалауда белгісіздікке қалай өзгеше баға береді. (Сілт: Тарм. А103-А106)
 - (b) Басшылық қолданатын елеулі қорытындылар дұрыс па, жоқ па. (Сілт: Тарм. А107-А109)
 - (c) Басшылық қолданатын елеулі қорытындылар немесе қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінің тиісті қолданылуының дұрыстығы бар болса, басшылықтың мақсаты белгілі бір іс-әрекетті орындау. (Сілт: Тарм. А110)
16. Егер аудитордың пікірі бойынша басшылық елеулі тәуекелдікті туғызатын бухгалтерлік бағалау бойынша белгісіздікті бағалаудың зардаптарын тиіссіз анықтаса, онда аудитор, жағдай болса, бухгалтерлік бағалаудың дұрыстығын бағалаудың шеңберін дамытады. (Сілт: Тарм. А111-А112)

Мойындау Мен Өлшеу Өлшемшарттары

17. Елеулі тәуекелдікті туғызатын бухгалтерлік бағалау мақсаты үшін аудитор төмендегі жайлар бойынша жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алуы тиіс:
- (a) Басшылық қаржылық есептілікте бухгалтерлік бағалауды мойындау, немесе мойындамауға шешім қабылдау; және (Сілт: Тарм. А113-А114)
 - (b) Бухгалтерлік бағалауға таңдалған өлшеу негізі, (Сілт: Тарм. А115) қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінің талаптарына сәйкес келеді.

Бухгалтерлік Есептің Негізділігіне Баға Беру Және Қателіктерді Анықтау

18. Аудитор аудиторлық дәлел негізінде қаржылық есептіліктегі бухгалтерлік бағалау қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес келе ме, жоқ па, немесе бұрмаланды ма, жоқ па деп санауы қажет. (Сілт: Тарм. А116-А119)

Бухгалтерлік Бағалауға Қатысты Ашып Көрсетулер

19. Аудитор бухгалтерлік бағалауға қатысты қаржылық есептіліктегі ашып көрсетулер қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінің талаптарына сәйкес келеді ме, жоқ па деген жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алуы қажет. (Сілт: Тарм. А120-А121)
20. Елеулі тәуекелге әкелетін бухгалтерлік бағалау мақсатымен, аудитор сондай-ақ қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінің шеңберінде қаржылық есептіліктегі белгісіздікті бағалауды ашудың барабарлығын қарастыруы тиіс. (Сілт: Тарм. А122-А123)

Басшылықтың Ықтимал Жалған Сенімдерінің Көрсеткіштері

21. Аудитор ықтимал басшылықтың жалған сенімдерінің көрсеткіштерінің бар-жоқтығын анықтау үшін бухгалтерлік бағалау кезінде басшылық айтқан пікірлер мен шешімдерді қарастыруы тиіс. Басшылықтың ықтимал жалған сенімдерінің көрсеткіштері өздері жекелеген бухгалтерлік бағалаудың дұрыстығы бойынша қорытынды жасау мақсатымен кемшіліктерді ескере отырмайды. (Сілт: Тарм. А124-А125)

Жазбаша Ұсынымдар

22. Аудитор басшылық пен керек болса өкілетті тұлғалардан бухгалтерлік бағалау бойынша жасалған елеулі қорытындыларға сәйкес келуіне сенетін және сәйкес екеніне қатысты жазбаша ұсыныстарды сұрайды. (Сілт: Тарм. А126-А127)

Құжаттама

23. Аудитор төмендегілерді аудиторлық құжаттамаға енгізуі тиіс:⁸
- (a) Бухгалтерлік бағалаудың дұрыстығы бойынша аудиторлық қорытындыларға негізін және елеулі тәуекелдіктерге әкелетін олардың ашылуы енгізеді; және
 - (b) Керек болса, басшылықтың ықтимал жалған сенімдерінің көрсеткіштері. (Сілт: Тарм. А128)

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Бухгалтерлік Бағалаудың Сипаты (Сілт: Тарм. 2)

- A1. Искерлік қызметтердегі белгісіздік болғандықтан кейбір қаржылық баптар тек қана бағалана алады. Атап айтқанда, активтің белгілі бір сипаттамалары, міндет немесе меншікті капиталдың құрамдас бөлімі немесе қаржылық есеп жүйесімен белгіленген өлшеу әдісі қаржылық бапты бағалау керектігін тудырады. Басқа қаржылық есеп жүйелері шамалы белгілі болғанымен, кейбір қаржылық есеп жүйесі өлшеу белгілі бір әдістері мен қаржылық есептілікке енгізілуін талап ететін ашуларды қарастырады. Бұл ХАС қосымшасында әр түрлі қаржылық есеп жүйесі бойынша әділ құнды өлшеу мен ашуларды анықтайды.

⁸ 230 ХАС, *Аудит Құжаттамасы*, 8-11 және А6 тармақтар

- A2. Атап айтқанда, кейбір бухгалтерлік бағалау белгісіздікті төмен деңгейде бағалауды анықтай отырып, елеулі бұрмалау төмен тәуекелін тудырады. Мысалы:
- Кәсіпорындарда пайда болатын, күрделі емес іскерлік қызметтерге қатыстыратын бухгалтерлік бағалау.
 - Жиі берілген және кәдімгі әрекеттерге қатысы бар болғанымен жанартылған бухгалтерлік бағалау.
 - Шығарылған пайыз ставкасы күні немесе биржалық бағалы қағаздардың бағамы секілді қол жетерлік мәліметтерден алынған бухгалтерлік бағалау. Әділ құн негізінде бухгалтерлік бағалау шеңберінде «елеулі» ретінде сипатталатын сондай мәлімет.
 - Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесімен белгіленген өлшеу әдісі орын алса, әділ құн негізінде анықталған бухгалтерлік бағалау қарапайым және әділ құн негізінде өлшеуді талап ететін актив немесе міндетке қолданылады.
 - Бухгалтерлік бағалауды өлшеуге қолданылатын модел белгі немесе кеңінен мойындалған жағдайда әділ құн негізінде анықталған бухгалтерлік бағалау, егер моделге қатысты қорытындылар немесе мәліметтер бақыланатын болса.
- A3. Алайда, кейбір бухгалтерлік бағалау үшін, әсіресе олар елеулі қорытындыларға негізделетін жағдайда, белгісіздік жоғары деңгейде өлшенеді. Мысалы:
- Сот процесінің нәтижесіне қатысты бухгалтерлік бағалау.
 - Биржада сатылмайтын туынды қаржылық құралдарға қатысты әділ құн негізінде анықталған бухгалтерлік бағалау.
 - Жоғары мамандандырылған ұйым әзірлеген немесе нарықта байқалмайтын болжам немесе бастапқы деректер қолданылатын әділ құнды есепке алу бағалары.
А92. Аудитор нүктелі бағалауды немесе диапазонды іске асырса және басшылық қолданған басқалардан ерекшеленетін қорытындыларды немесе әдісті қолданса, 13(d)(i) тармаққа сәйкес аудитор бухгалтерлік бағалауға басшылық қолданатын қорытындылар немесе әдіс туралы жеткілікті білім алады. Бұл ақпарат аудиторға аудитордың тиісті нүктелі баға беруге немесе диапазонға сәйкес келуі мүмкін мәліметтерді қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, бұл аудиторға басшылықтың нүктелі бағалауынан кез келген елеулі айрмасын түсінуге, бағалауға жәрдемдеседі. Мысалы, айырма туындауы мүмкін, егер аудитор басшылық қолданатын қорытындыларымен салыстырғанда әр түрлі, бірақ маңызы бірдей қорытындыларды пайдаланса. Бұл бухгалтерлік бағалау белгілі бір қорытындыларға жоғары дәрежеде сезгіштігін және соған сәйкес белгісіздікті жоғары бағалауға жататынын көрсетіп, бухгалтерлік бағалау елеулі тәуекелдік болуы мүмкін. Балама ретінде айырма басшылық жіберілген нағыз қате нәтижесінде туындауы мүмкін. Жағдайларға байланысты аудитор басшылығымен қорытындылары мен олардың пәрменділігіне негізін және керек болса бухгалтерлік бағалауға қолданылатын амалдағы айрмысан талқылау бойынша қорытындылар жасау бойынша пайдалы болып санауы ықтимал.

Диапазонды Қысқарту (Сілт: Тарм. 13(d)(ii))

А93. Аудитор басшылықтың нүктелі бағалауын (аудитордың диапазоны) барабарлығын бағалау үшін диапазон пайдалану тиістілігін санаса, онда 13(d)(ii) бұл диапазон барлық ықтимал нәтижелерге қарамастан барлық «тиісті нәтижелерді» біріктіруін талап етеді. Диапазонға, бұл пайдалы болса, барлық ықтимал нәтижелерді қамтитын диапазон емес, себебі диапазон аудиттің мақсаты үшін тиімді болу үшін тым кең болады. Аудитордың диапазоны пайдалы және тиісті болады, егер бұл аудиторға бухгалтерлік бағалау елеулі бұрмалануы бойынша қорытынды жалпылауға жеткілікті түрде қысқа болса.

- A94. Әдетте, орындау маңызына тең болу немесе орындау маңызынан аз болу үшін қысқартылған диапазон басшылықтың нүктелі бағалауы барабарлығын белгілеуге тиісті емес. Алайда, әсіресе белгілі емес салаларда бұл мұндай сомдан төмен болатын диапазонды қысқартпауы ықтимал. Бұл бухгалтерлік бағалауды мойындау да айналып кетпеуіне қажеті жоқ. Бұл алайда бухгалтерлік бағалаумен байланысты белгісіздікті бағалау немесе елеулі тәуекелді тудыратынының анықтайды. Елеулі тәуекелге қатысты қосымша шаралар A102-A115 тармақтарда көрсетілген.
- A95. Диапазон шеңберіндегі барлық нәтижелер барабар болып табылатын ұстанымға диапазонды қысқартуға келесі жолдармен көз жетуі мүмкін:
- (a) Диапазоннан аудитордың пікірі бойынша пайда болмауы мүмкін диапазонның шегіндегі анау нәтижелерді болдырмау; және
 - (b) Қол жетерлік аудиторлық дәлел негізінде диапазонды қысқартуды жалғастыру, аудитор диапазон шеңберіндегі барлық нәтижелерге тиісті болып санағанша. Сирек кез болатын жағдайда аудитор диапазонды қысқарта алады, аудиторлық дәлел нүктелі бағалауды анықтағанша.

Мамандандырылған Біліктілік Керектігін Қарастыру (Сілт: Тарм. 14)

- A96. Аудитті жоспарлау кезінде аудитор аудиттің келісімін орындауға қажетті болатын ресурстар сипатын, мерзімі, деңгейін растауы тиіс.²⁰ Бұл қажеттілік ретінде мамандандырылған біліктілігіне ие болатын тұлғалардың қатысуын анықтайды. Қосымшаға 220 ХАС сәйкес жоба бойынша немесе әріптес жоба бойынша топ пен топтың бөлігі болмайтын аудитордың сыртқы сарапшылары аудиттің келісімін орындауға коллективті түрде тиісті құзыретіне немесе қабілетіне ие болатынын қарастыруы қажет.²¹ Бухгалтерлік бағалау аудиті барысында аудитор аудитордың тәжірибесі мен келісім жағдайлары шеңберінде бухгалтерлік бағалау бір немесе көпшілікті аспектілерде қолданылуы тиіс тәжірибелі біліктілік немесе дағды қажеттілігін анықтауы мүмкін.
- A97. Аудитор тәжірибелі біліктілік немесе дағды керектігін қарастыруына ықпал ететін мәселелерге мысалдар:
- Белгілі бір бизнес немесе сала негізіне жататын актив, міндеттеме немесе меншікті капиталдың құрамдас бөлімдерінің сипаты (мысалы, минералды кен орны, ауылшаруышылық активтері, күрделі қаржылық құралдар).

²⁰ 300 ХАС, *Қаржылық Есептілік Аудитін Жоспарлау*, 8(е) тармақ

²¹ 220 ХАС, *Қаржылық Есептілік Аудитінің Сапасын Бақылау*, 14 тармақ

- Белгісіздікті бағалаудың жоғары деңгейі.
- Күрделі есеп айырысулар немесе ерекше модел қолданылғанда, мысалы әділ құн есептеу кезінде, бақыланатын нарық жоқ.
- Бухгалтерлік бағалауға қатысты қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінің талаптары мен күрделілігі, сонымен қоса ерекшеленетініне түсіндіруге жататын салалар орын алса, немесе тәжірибеге сәйкес болмаса немесе дамытып отыратын болса.
- Аудитордың бағаланған тәуекелге қатысты шараларды орындауы мақсатты болатын шаралар.

A98. Бухгалтерлік бағалау көпшілігі болғанымен, белгісіздікті бағалау жағдайы болса да, тәжірибелі біліктілік немесе дағды талап етілуі болмуы ықтимал. Мысалы, аудиторға күдікті қарыздар бойынша резервтерді бағалауға керек болар еді-ау тәжірибелі біліктілік немесе дағды талап етіліп отырған ықтимал.

A99. Алайда, қарастырылып шығатын мәселе есеп пен аудиттен тыс салада болған жағдайда, аудитор тәжірибелі біліктілігіне ие болмауы мүмкін және бұл аудитордың сарапшысынан алуы қажет. 620 ХАС²² аудитордың сарапшысын шақыру мен аудитордың сарапшысы жұмысын пайдалану кезіндегі керектігін анықтау бойынша нұсқау ұсынады.

A100. Бұдан әрі кейбір жағдайда аудиторлық есеп немесе аудит белгілі бір салаларына сәйкес келетін тәжірибелі біліктілік немесе дағдысын алу керектігін қарастыруы мүмкін. Мұндай біліктілікке ие тұлғалар аудитордың фирмасымен таратылады немесе аудитордың фирмасынан тыс сыртқы ұйыммен шақырылады. Мұндай тұлғалар келісім бойынша аудиторлық шаралар орындаған жағдайда, олар жоба бойынша топтың бір бөлігі болып, 220 ХАС талаптарына бағынышты.

A101. Аудитор сарапшысымен немесе басқа тұлғалармен тәжірибесіне қарай аудитор олардың жұмысы аудиттің мақсатына сәйкес келуін белгілеуге шақырылған тұлғалармен қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі талаптары секілді мәселелерді талқылау керектігін анықтауы ықтимал.

Елеулі Тәуекелдердің Алдын Алу Үшін Бұдан Әрі Жасалатын Қосымша Рәсімдер (Сілт: Тарм. 15)

A102. Елеулі тәуекелге әкелетін бухгалтерлік бағалау аудит барысында аудитордың бұдан әрі маңызына қарай шараларын бағалауға шоғырланды:

²² 620 ХАС, *Аудитор Сарапшысының Еңбегін Қолдану*

- (a) Басшылық бухгалтерлік бағалау бойынша белгісіздікті бағалау ықпалын қалай бағалайды және қаржылық есептіліктегі бухгалтерлік бағалауды мойындау сәйкестігіне ықпалын қалай бағалайды; және
- (b) Байланысты ашып көрсетулер барабарлығы.

Белгісіздікті Бағалау

Басшылықпен Белгісіздіктің Бағалауын Қарастыру (Сілт: Тарм. 15(a))

- A103. Басшылық жағдайларға қарай әдістер саны арқылы бухгалтерлік бағалау баламалы қорытындыларын немесе нәтижелерін бағалауы мүмкін. Бір ықтимал әдіс мақсаты сезгіштікті талдау. Бухгалтерлік бағалаудың ақшалай сомасы әр түрлі қорытындыларға қалай қатысы бар екені қарастырылады. Әділ құн негізінде өлшенген бухгалтерлік бағалау үшін түрлендірме орын алады, себебі әр түрлі нарық қатысушылары әр түрлі қорытындыларды пайдаланады. Сезгіштікті талдау көбінесе басшылық нәтижелер диапазоны секілді сипаттайтын нәтижелер сценарийлері санын, мысалы, «пессимистік» және «оптимистік» сценарийлерді дамытуға әкеле алады.
- A104. Сезгіштікті талдау бухгалтерлік бағалау белгілі бір қорытындылардағы өзгерістерге сезгіш болмайтынын көрсетеді. Балама ретінде, бұл бухгалтерлік содан кейін аудитордың назарына түскен қорытындылар бірін немесе одан да көбіне сезгіштігін көрсетуі мүмкін.
- A105. Бұл бағалау белгісіздігін шешудің белгілі бір әдісі (мысалы, сезімталдықты талдау) басқасына қарағанда анағұрлым қолайлы немесе басшылықтың балама жорамалдар мен нәтижелерді қарастыруы кең құжаттамамен расталған егжей-тегжейлі процедуралар арқылы жүргізілуі керек дегенді білдірмейді. Бұл басшылық бағалаудың белгісіздігі бухгалтерлік бағалауға қалай әсер ететінін анықтады ма, оны жасаудың нақты тәсілін емес. Тиісінше, егер басшылық балама жорамалдар мен нәтижелерді қарастырмаған болса, аудитор басшылықпен талқылап, есептік бағалауға белгісіздік әсерін қалай шешкенін қолдауды сұрауы мүмкін.

Шағын Ұйымдарды Арнайы Қарастыру

- A106. Ұсақ кәсіпорындар белгісіздікті бағалау үшін қарапайым құралдарды пайдалануы ықтимал. Аудитор қол жетерлік құжаттамаға қадағалауын толтыру ретінде аудитор басшылыққа сауал жүргізу арқылы сол туралы қосымша аудиторлық дәлел жинауы мүмкін. Қосымшаға басшылықтың баламалы нәтижелерді қарастыруға қатысты немесе өзгеше бухгалтерлік бағалаудың белгісіздігін бағалауға қатысты сараптамасы болмауы мүмкін. Мұндай жағдайда, аудитор басшылыққа үдерісті немесе әр түрлі әдістер немесе сол бойынша құжаттама туралы ақпарат береді. Алайда, бұл

қаржылық есептілікті дайындауға басшылық жауапкершілігін өзгертпейді.

Елеулі Қорытындылар (Сілт: Тарм. 15(b))

A107. Бухгалтерлік бағалауға қолданылатын қорытынды елеулі болады, егер қорытынды тиісті өзгерту бухгалтерлік бағалауды өлшеуге елеулі ықпал етсе болар еді.

A108. Басшылық біліктілігінен алынған елеулі қорытындыларды қолдау стратегиялық талдау мен тәуекелді басқаруға қатысты басшылықтың ұзаққа созылған процесінен алынуы ықтимал. Тіпті ресми орнатылған үдеріс болса да, мысалы Шағын ұйымдар үшін аудитор сауал арқылы және басшылықпен талқылау арқылы басқа аудиторлық шаралармен бірге жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу үшін қорытындыларды бағалай алады.

A109. Басшылық жасаған қорытындыларды бағалау кезіндегі аудитордың қарастыруы A77–A83 тармақтарында көрсетілген.

Басшылық Ниеті Мен Қабілеті (Сілт: Тарм. 15(c))

A110. Басшылық жасаған қорытындыларға қатысты аудитордың қарастыруы және басшылықтың ниеті мен қабілеті A13 және A80 тармақтарында көрсетілген.

Ауқымды Дамыту (Сілт: Тарм. 16)

A111. Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық ол елеулі тәуекелдіктерді тудыратын бухгалтерлік бағалауға белгісіздікті бағалаудың ықпалын адекватты қарастыруына риза болуы мүмкін. Кейбір жағдайда алайда аудитор басшылықтың күштерін адекватты емес күштер ретінде анықтауы ықтимал. Бұл мына жағдайда орын алады:

- Жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел аудитор басшылық белгісіздікті бағалау ықпалын қалай анықтайтыны екенін бағалауы арқылы алдына алмайды.
- Бұдан қарай бухгалтерлік бағалаумен байланысты белгісіздікті бағалаудың деңгейін қарастыруға қажет, мысалы, аудитор бірдей жағдайларда бірдей бухгалтерлік бағалау нәтижелеріндегі кең вариациясын білетін жағдайы орын алады.
- Басқа аудиторлық дәлел алына алмайды, мысалы аудитордың есебі шығарылған күнінде пайда болатын жағдайларға шолу арқылы.
- Бухгалтерлік бағалау кезінде басшылықтың жалған сенімдерінің көрсетілуі.

A112. Бұл мақсат үшін диапазонды анықтаудағы аудитордың қарастыруы A87- A95 тармақта баяндалған.

Мойындау Мен Өлшеу Өлшемиарттары

Қаржылық Есептіліктегі Бухгалтерлік Бағалауды Мойындау (Сілт: Тарм. 17(а))

- A113. Басшылық қаржылық есептіліктегі бухгалтерлік бағалауды мойындаса, аудитордың бағалану ортасы бухгалтерлік бағалауды өлшеу қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі мойындау критерийлеріне сәйкес келуіне қатысты.
- A114. Танылмаған бухгалтерлік бағалауларға қатысты аудиторлық бағалаудың мәні қолданылатын қаржылық есеп беру жүйесін тану критерийлерінің шынымен орындалғанына байланысты болады. Тіпті бухгалтерлік бағалау мойындалмаған және аудитор бұл тәсіл орынды деп тұжырымдайтын болса да, қаржылық есептіліктің ескертпелеріндегі жағдайларды ашып көрсету қажеттілігі туындауы мүмкін. Қажет болған жағдайда, аудитор сонымен қатар жоғары бағалау белгісіздігі ретінде анықталған бухгалтерлік бағалау 701 ХАС²³ сәйкес аудиторлық есепте хабарлануы тиіс негізгі аудиторлық мәселе болып табылатындығын немесе баса назар аударуды қажет деп санауы мүмкін. Аудитордың есебіндегі маңызды тармақтың (қараңыз: 706 ХАС (Қайта қарастырылған))²⁴. Егер мәселе аудиттің негізгі мәселесі болып табылса, 706 ХАС (Қайта қарастырылған) аудитордың есебіне «Материяға баса назар» тармағын енгізуге тыйым салады. 706 ХАС сондай тармақтар жөнінде талаптар мен нұсқаулар ұсынады.²⁵

Бухгалтерлік Бағалау Бойынша Басшылықтың Жалған Сенімдері
(Сілт: Тарм.17(b))

- A115. Әділ құн негізінде анықталған бағалауға қатысты кейбір қаржылық есеп жүйелерінде әділ құн өлшеу мен ашуды талап етуге немесе рұқсат етуге алдын ала жағдай ретінде сенімді өлшенеді. Кейбір жағдайда, бұл кедергі өтеуге болады, мысалы өлшеу бойынша тиісті әдіс немесе негізі болмаған жағдайда. Кейбір жағдайда аудитордың қарастыру ортасы басшылық қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі бойынша әділ құн пайдалануға қатысты кедергіні өтеуге басшылықтың негізі тиісті болуына бөлінеді.

²³ 701 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Есебінде Аудиттің Негізгі Мәселелеріне Хабарлау*

²⁴ 706 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитордың Есебіндегі Маңызды Тармақтар Мен Басқа Да Тармақтарға Баса Назар Аудару*

²⁵ 706 ХАС (Қайта қарастырылған), 8(b) тармақ

Бухгалтерлік Есептің Негізділігіне Баға Беру Және Қателіктерді Анықтау
(Сілт: Тарм. 18)

A116. Алынған аудиторлық дәлел негізінде аудитор басшылықтың дәлел нүктелі бағалауынан ерекшелентіні бағалауды көрсететінін білдіреді. Аудиторлық дәлел нүктелі бағалауды көрсетсе, аудитордың нүктелі бағалауы мен басшылықтың нүктелі бағалауының айырмасы кемшілікті құрастырады. Аудитор аудитордың диапазонын пайдалану жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел қамтамасыз етуге қатысты қорытынды жасаса, аудитордың диапазонынан тыс болатын басшылық нүктелі бағалауын аудиторлық дәлел қуатталатын еді. Осыған сәйкес кемшілігі кем дегенде басшылықтың нүктелі бағалауы мен аудитордың диапазоны ең жақын нүктесінің айырмасы болып саналады.

A117. Басшылық жағдайлардағы өзгерістері бар болатын субъективтік бағалауға негізінде өткен кезең бойынша бухгалтерлік бағалауға немесе соған сәйкес келетін әдіске өзгерістер енгізіген болса, онда аудитор бухгалтерлік бағалау басшылықтың еркін өзгерістер нәтижесінде бұрмалануы бойынша аудиторлық дәлел негізіндегі қорытындыларды жалпылауы қажет немесе басшылықтың ықтимал жалған сенімдері көрсетілу ретінде қарастыруы мүмкін (A124-A125 тармақтарды қараңыз).

A118. 450 ХАС²⁶ аудитор қаржылық етептіліктің елеулі бұрмалану ықпалын бағалау мақсатымен бұрмалауды ажыратып тану бойынша нұсқау береді. Бухгалтерлік бағалауға сәйкес алаяқтық немесе қателерден туындаған кемшілік мына жағдайларда туындайды:

- Күдікті емес кемшіліктер (нағыз кемшіліктер).
- Аудитордың пікірі бойынша жөнсіз болатын бухгалтерлік бағалауға қатысты басшылықтың пікірлерінен туындайтын айрымалар немесе аудитордың пікірі бойынша тиіссіз болатын есеп саясатының таңдалуы немесе қолданысы (пікірлерге тәуелді болатын кемшіліктер).
- Талдамалы баптар алынған бүкіл тұжырымдамалық бойынша аудиттің талдамалы баптарында анықталған бұрмалаудың болжауын қоса, басшылықтың тұжырымдамалықтағы бұрмалауға ең жақсы баға беруі (болжанған бұрмалау).

Бухгалтерлік бағалауға байланысты кейбір жағдайларда бұрмалау жекелеген анықтауды күрделі немесе мүмкін емес істеткізіп бұл жағдайлар біріктірілуі нәтижесінде туындай алады.

²⁶ 450 ХАС, *Аудиторлық Тексеріс Барысында Анықталған Бұрмалануларды Бағалау*

A119. Бухгалтерлік бағалау дұрыстығын бағалау және қаржылық есептіліктегі жазуларға енгізілген байланысты ашуларды бағалау, қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі талап етсе немесе еркін ашылса, қаржылық есептілікте мойындалған бухгалтерлік бағалауды аудиттеу кезінде қолданылған көрсетулердің бірдей түрлерін қарастырады.

Бухгалтерлік Бағалауға Қатысты Ашып Көрсетулер

Қолданыстағы Қаржылық Есеп Жүйесіне Сәйкес Келетін Ашып Көрсетулер
(Сілт: Тарм. 19)

A120. Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес келетін қаржылық есептілікті көрсету елеулі мәселелерді адекватты түрде ашуды анықтайды. Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі бухгалтерлік бағалауға қатысты ашыламдарға кіруге рұқсат етеді немесе белгілейді, сонымен қоса кейбір кәсіпорындар қаржылық есептілік жазуларындағы қосымша ақпарат еркін ашады. Бұл ашылымдардың мысалдары:

- Қолданылған жорамалдар.
- Қолданылатын бағалау әдісі, кез-келген қолданыстағы үлгі.
- Бағалау әдісін таңдауға негіз.
- Өткен кезеңдегі бағалау әдісіндегі кез-келген өзгерістердің ықпалы.
- Белгісіздікті бағалау қайнар көздері мен зардаптары.

Мұндай ашып көрсетулер қаржылық есептілікте мойындалған немесе ашылған бухгалтерлік бағалауды біліп қою кезінде қолданушыларға тән болады, және жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел ашылымдар қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес келуі бойынша алынуы қажет.

A121. Кейбір жағдайда, қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі белгісіздіктер жөнінде белгілі бір ашылымдарды талап етуі мүмкін. Мысал кейбір қаржылық есеп жүйесі келесіні белгілейді:

- Негізгі көретулер және активтер және міндеттеме сомасына елеулі түзетулерді әкелетін белгісіздікті бағалау жөніндегі басқа қайнар көздерін ашу. Кейбір талаптар «Белгісіздікті Бағалаудың Негізгі Қайнар Көздері» немесе «Сыншыл Бухгалтерлік Бағалау» секілді терминдерді пайдалану арқылы сипатталуы мүмкін.
- Бқтимал нәтижелер диапазонын ашып көрсету және диапазонды анықтауда қолданылатын қорытындыларды ашып көрсету.
- Ұйымның қаржылық ұстанымы мен қызметі үшін әділ құн негізіндегі бухгалтерлік бағалау маңызына қарай ақпаратты ашып көрсету.

- Сандық ашылымдар, мысалы, тәуекелге шалдыққыштығы және олардың туындауының себебі, тәуекелді басқару және тәуекелді өлшеуге арнап қолданылатын әдісі бойынша ұйымның мақсаты, саясаты мен шаралары, бұл сандық тұжырымдаманың өткен кезеңінен бастап енгізілген кез-келген өзгерістер.
- Сандық ашылымдар, мысалы, ұйымның негізгі басшылығы қызметкерлеріне іштей беретін ақпарат негізінде ұйым тәуекелге тап болған деңгейі, сонымен қоса кредит тәуекелі, төлемпаздық тәуекелі мен нарық тәуекелі.

Елеулі Тәуекелді Тудыратын Бухгалтерлік Бағалау Үшін Белгісіздік Бағалаудың Ашылу Тәуекелі (Сілт: Тарм. 20)

A122. Елеулі тәуекелді тудыратын бухгалтерлік бағалаумен байланысты, ашып көрсетулер қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес келетін жағдайда, аудитор бухгалтерлік бағалау үшін белгісіздікті бағалаудың ашылуы қарастырылатын жағдайлар мен фактілерге тән болмауы туралы қорытындыға келеді. Бухгалтерлік бағалаудың ықтимал нәтижелер диапазонының маңызына қарай арттырылған сайын, аудитор соншама белгісіздікті бағалаудың ашылуы барабарлығын бағалауы маңызын артырады (A94 тармақтағы ақпаратқа қараңыз).

A123. Кейбір жағдайларда аудитор қаржылық есептіліктің ескертпелерінде бағалаудың белгісіздігіне қатысты жағдайларды сипаттауға басшылықты ынталандыруды орынды деп санай алады. 705 ХАС²⁷ (Қайта қарастырылған) аудитор басшылықтың қаржылық есептіліктегі бағалаудың белгісіздігі туралы ақпаратты ашуы жеткіліксіз немесе жаңылыстырады деп санайтын кезде, аудитордың пікіріне ықпал етуі туралы нұсқаулық береді.

Басшылықтың Ықтимал Жалған Сенімдерінің Көрсеткіштері (Сілт: Тарм. 21)

A124. Аудит барысында аудитор басшылықтың ықтимал жалған сенімдері көрсетуіне әкелуі мүмкін пікірлер мен шешімдер туралы ақпарат алуы мүмкін. Мұндай көрсеткіштер аудитордың тәуекелді бағалауы мен байланысты шаралардың тиісті қалғаны бойынша аудитор қорытындысына ықпал етуі мүмкін, және аудитор аудиттің қалдық зардаптарын қарастыруы керек. Атап айтқанда, олар аудитор тұтас алғанда қаржылық есептілік 700 ХАС²⁸ (Қайта қарастырылған) баяндағандай елеулі бұрмалаудан бос болуын анықтауына ықпал етеді.

²⁷ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитордың Есебіндегі Пікірді Жетілдіру*

²⁸ 700 ХАС (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Бойынша Пікір Қалыптастыру Және Есеп Беру*

А125. Бухгалтерлік бағалауға басшылықтың ықтимал жалған сенімдерінің көрсеткіштеріне мысалдар:

- Бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер немесе әдістер, басшылық жағдайлардағы өзгерістер енгізілгені бойынша субъективтік пікір айтса.
- Олар бақыланатын нарық көретулеріне сәйкес келмесе, әділ құн негізіндегі бухгалтерлік бағалау бойынша ұйымның өз көрсетулерін пайдалану.
- Басшылықтың мақсатына қолайлы болатын нүктелі бағалауды беретін маңызына қарай көретулерді таңдау немесе жалпылау.
- Нүктелі бағалауды таңдау оптимизм немесе пессимизм бабын көрсетуі мүмкін.

Жазбаша Ұсынымдар (Сілт: Тарм. 22)

А126. 580 ХАС²⁹ жазбаша ұсынымдар қолданылуы көрсетілген. Белгісіздікті бағалау сипатына, маңызына, деңгейіне қарай, қаржылық есептілікте мойындалған немесе ашылған бухгалтерлік бағалауға қатысты жазбаша ұсыныстар келесі ұсынымдарды қамтуы мүмкін:

- Өлшеу процесі тиістілігіне қарай ұсынымдар, сонымен қоса басшылық бухгалтерлік бағалауда қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі аясына байланысты көретулер мен моделдер, және процестер қолданысына сәйкестігі.
- Көретулер басшылықтың ұйымның атынан бухгалтерлік, бағалау мен ашып көрсетулер орын алса, басшылықтың белгілі бір іс-әрекет қолға алуға ниеті мен қабілетін тиісті түрде көрсету екеніне қатысты ұсынымдар.
- Бухгалтерлік бағалауға қатысты ашып көрсетулер қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес толық пен тиіс болады.
- Кейінгі жағдайлар бухгалтерлік бағалауды және қаржылық есептіліктегі ашуларды түзетуді талап етеді.

А127. Қаржылық есептілікте мойындалмаған немесе ашылмаған бухгалтерлік бағалау үшін ұсынымдардың сондай-ақ келесі мысалдары бар:

- Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі критерийлерін мойындауға немесе ашуға сәйкес келеді деп шешуіне басшылық қолданған негізінің тиістілігі (А114 қараңыз).

²⁹ 580 ХАС, *Жазбаша Ұсынымдар*

- Әділ құн негізінде мойындалмаған немесе ашылмаған бухгалтерлік бағалау үшін ұйымның қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінде баяндалған әділ құнды пайдалануға қатысты жорамалдан жеңіл шығу үшін басшылық қолданатын негізгі тиістілігі (А115 қараңыз).

Құжаттама (Сілт: Тарм. 23)

А128. Аудит барысында анықталған басшылықтың ықтимал жалған сенімдері көрсеткіштері жөніндегі құжаттама аудиторға аудитордың тәуекелді бағалау мен байланысты шаралары тиісті қалғанын қарастыруға, тұтас алғанда қаржылық есептілік елеулі бұрмалаудан бос боуын анықтауға жәрдемдеседі. Басшылықтың ықтимал жалған сенімдері көрсеткіштері туралы ақпарат алу үшін А125 қараңыз.

Қосымша

(Сілт: Тарм. А1)

Әділ Құнды Бағалау Және Қаржылық Есептіліктің Әртүрлі Жүйелеріндегі Ашып Көрсетулер

Бұл қосымша мақсаты тек қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес әділ құн өлшеу мен ашып көрсетулер бойынша жалпы талқылауда қамтамасыз ету ғана.

1. Әр түрлі қаржылық есеп жүйелері қаржылық есептілік жөнінде әділ құн өлшеулер мен ашулардың көпшілігін талап етеді немесе олардың қолданылуына рұқсат етеді. Олар сондай-ақ активтерді және міндеттемелерді өлшеу немесе байланысты ашып көрсетулер негізінде олар қамтамасыз ететін нұсқау деңгейі бойынша ерекшеленеді. Кейбір қаржылық есеп жүйелері нормативті нұсқау ұсынады, басқалар жалпы нұсқау ұсынады, ал кейбіреулердің нұсқауы мүлде жоқ. Қосымша ретінде, әділ құн бойынша белгілі бір салалық өлшеу және ашып көрсетулер тәжірибесі орын алады.
2. Әділ құн анықтамалары қаржылық есеп жүйелері арасында ерекшеленуі мүмкін, немесе белгілі бір жүйе аясына қарай әр түрлі активтер, міндеттемелер немесе ашып көрсетулер бойынша ерекшеленеді. Мысалы, Қаржы Есеп Халықаралық Стандарты (ҚЕХС) 39¹ «актив өзгере алса болар сома, немесе біліктілігі бар, мүддесін көрсететін тараптар арасында тәуелсіз тараптар қол қойған келісім бойынша бөленген міндеттеме» ретінде әділ құнды белгілейді. Әділ құн тұжырымдамасында әдетте өткен немесе келешектегі күндеріне қарамастан ағымдағы әрекет қарастырылады. Атап айтқанда, әділ құнды өлшеу процесінің мақсаты әрекет пайда болар еді-ау өлшенген бағасын табу. Атап айтқанда, әр түрлі қаржылық есеп жүйелері «ұйымға тән құн», «пайдаланудағы құн» терминдері немесе бірдей терминдерді пайдаланады, бірақ бұл ХАС-андағы әділ құн тұжырымдамасына жатады.
3. Қаржылық есеп жүйелері біраздан кейін өзгеше пайда болатын әділ құн өлшеудегі өзгерістерді анықтайды. Мысалы, белгілі бір қаржылық есеп жүйесіне сәйкес белгілі бір активтер немесе міндеттемелер әділ құнын өлшеудегі өзгерістердің тікелей ұйымда көрсетілуі тиіс, себебі мұндай өзгерістер басқа жүйесі сәйкес табыста көрсетіледі. Кейбір жағдайда әділ құны есептеу қажеттігін анықтау немесе оның қолданылуы тәсілін анықтауға белгілі бір активтер немесе міндеттемелер жөнінде іс-әрекет беталысын орындауға басшылықтың ниеті ықпал етеді.

¹ 39 ҚЕХС, *Қаржылық Құралдар: Мойындау Мен Өлшеу*

4. Әр түрлі қаржылық есеп жүйелері белгілі бір әділ құнды өлшеулер мен ашуларды талап етуі мүмкін және оларды басқа-басқа деңгейлерде белгілеуі немесе оларға көз жеткізуге рұқсат етуі мүмкін. Қаржылық есеп жүйелердің мысалдары:
 - Өлшеуді белгілеу, қаржылық есептілікке енгізілген белгілі бір ақпаратты көрсету мен ашу талаптары немесе қосымша ақпарат ретінде ақпаратты көрсету талабы;
 - Ұйымның қалауынша немесе, белгілі бір критерийлер сәйкестіндірілсе, әділ құнды пайдалану арқылы белгілі бір өлшеулерге кіруге рұқсат еткізу;
 - Әділ құнды анықтау жөніндегі белгілі бір әдісті белгілеу, мысалы, тәуелсіз бағалау арқылы немесе дисконтталған ақшалай қозғалысын пайдаланудың белгілі бір жолдары арқылы;
 - Кейбір баламалы әдістер арасындағы әділ құнды анықтау әдісті таңдауға рұқсат ету (таңдама критерийлерін қаржылық есеп жүйесі қамтамасыз ете алады немесе ете алмайды); немесе
 - Дәстүр немесе тәжіреби, мысалы салалық тәжіреби арқылы анық болатындарға қарамастан әділ құнды өлшеу немесе әділ құнды ашып көрсету бойынша нұсқаудың болмауы.
5. Кейбір қаржылық есеп жүйелерінде әділ құнды өлшеулер немесе ашуларды талап етуге немесе рұқсат етуге алдын-ала шарт секілді активтер немесе міндеттемелер негізінде сенімді түрде өлшене алатынын анықтайды. Кейбір жағдайда, актив немесе міндеттеменің белсенді нарықта белгіленген нарық бағасы болмаса және сол туралы басқа әдістер анық түрде сәйкессіз немесе істен шыққан болса, бұл көрсетуді айналып кетуге болады. Кейбір қаржылық есеп жүйелері белгіленген бағалар мен белсенді нарықтарға негізделген анық түрдегі «бақыланатын кіріспе мәліметтер» және нарық қатысушылары пайдаланатына қатысты көретулер бойынша ұйымның өз қорытындысын анықтайтын «бақыланбайтын кіріспе мәліметтерді» қарастыратын әділ құндардан бастап әділ құнды бағалауға қолданылуы үшін кіріспе мәліметтерді анықтайтын әділ құн иерархиясын белгілеуі мүмкін.
6. Кейбір қаржылық есеп жүйелері бағалау жөніндегі ақпаратқа немесе белгілі бір актив немесе міндеттемеге бірегей болатын басқа көрсетулерге белгілі бір түзетулерді енгізуді талап етеді. Мысалы, инвестициялар меншігін есептеу бойынша бағаланған нарық бағасына түзетулер енгізілуі керек, мысалы сату бойынша бағаланған және жабылған шығындарға түзетулер, меншік күйі мен орналасуына және басқа мәселелерге қатысты түзетулер. Егер белгілі бір актив жөніндегі нарық белсенді нарық болып табылса, шығарылған баға кесулер әділ құнды анағұрлым тиісті өлшеуге келу үшін түзетілуі немесе өзгертілуі

ықтимал. Мысалы, нарықтық белгіленген бағалар әділ құнды көрсетпеуі мүмкін, егер нарықтың жиі емес белсенділігі болмаса, нарық дұрыстап әзірленбесе, немесе баптар аз сандары сатуға арналған баптар жалпы санына қарай сатылса. Атап айтқанда, мұндай нарық бағасы сондай түзетулер немесе өзгертулерді енгізу үшін қажетті болып саналады. Нарықтық ақпарат баламалы қайнар көздері түзетулер немесе өзгертулерді енгізу үшін қажетті болуы мүмкін. Соған сәйкес, кейбір жағдайларда, қол қойылған қосымша келісім (мысалы, қосымша келісім қарыз инвестицияларына арналған) әділ құн немесе актив немесе міндеттеме ықтимал бұрмалануын анықтауға қажетті болуы мүмкін.

7. Көпшілікті қаржылық есеп жүйелерінде әділ құнды өлшеу тұжырымдамасы ұйым тоқтаусыз өз қызметін оның әрекеттері шкаласын елеулі жасыру, болдырмауға немесе теріс шарттар бойынша әрекет қолға алуға ниеті немесе керектігінсіз жалғастырады деп көрсету бар болады. Осыған орай, мұндай жағдайда, әділ құн ұйым мәжбүр әрекет, мәжбүр жойдыру немесе аса төмен бағаларда сатуға қатысты алатын немесе төлетін болар сома болып саналмайды. Екінші жағынан, жалпы экономикалық жағдайлар немесе белгілі бір салдарға тән экономикалық жағдайлар нарық төлемпаздығы болмауына әкелуі мүмкін, ықтимал елеулі түрде төмендетілген бағалар жөнінде болжануы тиіс әділ құнды талап етеді. Ұйым алайда өз активтер мен міндеттемелерінің әділ құнын анықтау кезінде өз ағымдағы экономикалық немесе операциялық жағдайларды қарастыруы керек болуы мүмкін, егер аз қаржылық есеп жүйесі белгілесе, және мұндай жүйе олардың қолданылуы тәсілін белгілемеуі мүмкін. Мысалы, басшылықтың өзіне тән бизнес-мақсатқа сәйкес келу үшін қарқынды негізінде активтер басқару жөніндегі жоспарлауы актив әділ құнын анықтауға тән болуы мүмкін.

Әділ Құнды Өлшеу Басымдылығы

8. Әділ құн негізіндегі өлшеулер мен ашып көрсетулер қаржылық есептілікте басым бола бастайды. Әділ құн пайда болады немесе бірнеше жолдар арқылы қаржылық есептілікті анықтауға, сонымен қоса әділ құн негізіндегі өлшеуге ықпал етеді. Мысалы:
 - Белгілі бір активтер немесе міндеттемелер, мысалы нарықта сатып алынатын бағалы қағаздар немесе қаржылық құралға сәйкес міндетін қарастыру жөніндегі кезеңін «нарыққа байлаулы».
 - Меншікті капитал белгілі бір құрамдас бөлімдері, мысалы, иеленуші шығарушының қарапайым бағалы қағаздарына конверсиялайтын құнды қағаз секілді белгілі бір қаржылық құралдарды мойындау, растау, ашуды есептеу жағдайында.
 - Бизнес-комбинацияда сатып алынған белгілі бір активтер немесе міндеттемелер. Мысалы, бизнес-комбинация түріндегі ұйым сатып

алынуынан туындайтын гудвил бастапқы анықталуы әдетте сатып алынған материалдық емес активтер мен міндеттемерерді әділ құн негізінде өлшеуге негізделеді.

- Бір мезгіл негізі бойынша әділ құнға бейімдендірілген белгілі бір активтер немесе міндеттемелер. Кейбір қаржылық есеп жүйелері актив бұрмалануын анықтау бір бөлігі ретінде актив немесе актив тобына бейімдендірілуді санау үшін әділ құнды өлшеуді талап етеді. Мысалы, белгіленген жұмыс істейтін ұйым немесе есеп беруші бөлімшенің әділ құны негізіндегі бизнес-комбинацияда сатып алынған гудвилды бұрмалау тесттері орын алады. Олардың құны құжатталған гудвилды салыстыру үшін гудвилды алу мақсатымен ұйым немесе бөлімшенің активтер мен міндеттемелер топтары арасында біркелкі түрде таратылады.
- Активтер мен міндеттемелердің біріктірілуі. Кейбір жағдайда актив немесе міндеттеме класын немесе тобын өлшеу сол сияқты класы немесе тобы бойынша жекелеген активтер немесе міндеттемелердің кейбіреулерінің әділ құнын біріктіруді талап етеді. Мысалы, ұйымның қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес диверсификацияланған қарыз жиынтығын өлшеу тұжырымдамалықты құрастыратын қарыз кейбір жиынтығы әділ құнын анықтау негізінде анықталады.
- Қаржылық есептілік жазуларындағы ашып көрсетілген ақпарат немесе қосымша ақпарат көрсетілген, бірақ қаржылық есептілікте мойындалмаған ақпарат.

550 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Байланысқан Тарап Қатынастары Мен Әрекеттерінің Сипаты	2
Аудитор Жауапкершілігі.....	3–7
Күшіне ену күні	8
Мақсаты	9
Анықтамалары	10
Талаптары	
Тәуекелдерді Бағалау Рәсімдері Және Олармен Байланысты Іс-Шаралар	11–17
Байланысқан Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерімен Байланысты Елеулі Бұрмалану Тәуекелдерін Анықтау Және Бағалау	18–19
Байланысқан Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерімен Байланысты Елеулі Бұрмалану Тәуекеліне Қатысты Шаралар.....	20–24
Анықталған Байланысты Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерін Есепке Алу Мен Ашып Көрсетуді Бағалау	25
Жазбаша Ұсынымдар	26
Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас	27
Құжаттама	28
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Аудитор Жауапкершілігі	A1–A3
Байланысты Тарап Анықтамасы	A4–A7
Тәуекелдерді Бағалау Рәсімдері Және Олармен Байланысты Іс-Шаралар	A8–A28
Байланысқан Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерімен Байланысты Елеулі Бұрмалану Тәуекелдерін Анықтау Және Бағалау	A29–A30

Байланысқан Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерімен Байланысты Елеулі Бұрмалану Тәуекеліне Қатысты Шаралар	A31–A45
Анықталған Байланысты Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерін Есепке Алу Мен Ашып Көрсетуді Бағалау	A46–A47
Жазбаша Ұсынымдар	A48–A49
Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас	A50

Байланысты Тараптар, 550 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу, 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандартының (ХАС) мақсаты қаржы есеп аудиті жөніндегі байланысқан тараптың қатынастары мен әрекеті бойынша аудитордың жауапкершілігін қарастыру. Атап айтқанда, бұл стандарт 315 ХАС (Қайта қарастырылған)¹, 330 ХАС² және 240 ХАС³ байланысқан тарап қатынастары мен әрекетімен байланысты елеулі бұрмалау тәуекеліне қатысты қолданылуына кеңейтеді.

Байланысқан Тарап Қатынастары Мен Әрекеттерінің Сипаты

2. Байланысты тараптармен жасалатын көптеген мәмілелер қалыпты жұмыс барысында орындалады. Мұндай жағдайларда олар байланысты емес тараптармен жасалған осындай операцияларға қарағанда қаржылық есептіліктің бұрмалануының жоғары қаупіне ие болмайды. Алайда, байланысты тараптармен қатынастар мен мәмілелердің сипаты, кейбір жағдайларда, өзара байланысты емес тараптармен жүргізілген операцияларға қарағанда, қаржылық есептіліктің бұрмалануының жоғары қаупін тудыруы мүмкін. Мысалы:
 - Байланысты тараптар қатынастар мен құрылымдардың ауқымды және күрделі шеңбері арқылы, байланысты тараптармен жасалатын операциялардың күрделілігін сәйкесінше арттыра отырып жұмыс жасай алады.
 - Ақпараттық жүйелер ұйым мен оның байланысты тараптары арасындағы операциялар мен өтелмеген қалдықтарды сәйкестендіру немесе жинақтау кезінде тиімсіз болуы мүмкін.
 - Байланысқан тарап әрекеті әдеттегі нарық шарт пен жағдайына сәйкес жүргізілмеуі мүмкін; мысалға, кейбір байланысқан тарап әрекеті пікір алмастырусыз жүргізілуі мүмкін.

Аудитордың Жауапкершілігі

3. Байланысқан тарапта бір-біріне тәуелсіз болмағандықтан, көпшілікті қаржылық есеп жүйелері қаржылық есептілікті қолданушыларға олардың сипатын, қаржылық есептілікке нағыз немесе ықтимал ықпалдарын түсінуге жәрдемдесу үшін байланысқан қатынастары, әрекеттері мен

¹ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмаланулар Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*

² 330 ХАС, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап Ретіндегі Аудиторлық Шаралар*

³ 240 ХАС, *Қаржылық Есептіліктің Аудитін Жүргізу Кезіндегі Алаяқтыққа Қатысты Аудитордың Жауапкершілігі*

- баланстары үшін белгілі бір ашулар мен көрсетулер жөніндегі талаптарды белгілейді. Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі мұндай талаптарды анықтаса, ұйым аудитордың жүйе талаптарына сәйкес байланысқан тарап қатынастарын, әрекеттерін немесе баланстарын тиісті түрде ашып көрсетуге қабілетсіздігінен туындайтын елеулі бұрмалау тәуекелін анықтап бағалау мен соған шараларды қолға алу үшін аудиторлық шараларды орындауға жауапкершілігі бар.
4. Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесінде ең кем немесе байланысқан талаптары көрсетілсе де, аудитор осыған қарамай оларға әрекеттер мен қатынастар қаржылық есептілікке ықпал ететін бойынша қорытындыларды жасай алу үшін ұйымның байланысқан тарабы қатынастары мен әрекетін білуі қажет: (Сілт: Тарм. А1)
- (a) Әділ ашып көрсетуге жету (әділ көрсетілім жүйелеріне арналған); немесе (Сілт: Тарм. А2)
- (b) Жалған емес (сәйкестік жүйесіне арналған). (Сілт: Тарм. А3)
5. Қосымшаға ұйымның байланысқан тарабы қатынастары мен әрекетін білу 240 ХАС-ке⁴ сәйкес аудитордың бір немесе одан көп алаяқтық тәуекеліне қатысты факторлар бар болуын бағалауына өзіне тән, өйткені алаяқтық байланысқан тараптармен жеңіл іске асырылады.
6. Аудиттің бөлінбес шектеулеріне қарай, қаржы есептіліктің кейбір елеулі бұрмалануларын анықтай алуға қатысты болмай қалмайтын тәуекел орын алады, аудит ХАС сәйкес тиісті түрде жоспарланса және орындалмаса.⁵ Байланысқан тараптар аясында елеулі бұрмалау анықтауға аудитордың қабілетіне бөлінбес шектеулерінің ықтимал ықпалдары сондай себептер үшін сонша жоғары болады:
- Басшылық барлық байланысқан тарап қатынастары мен әрекеттерінің бар болуын білуі мүмкін, әсіресе егер қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі байланысқан тарап талаптарын белгілемесе.
 - Байланысқан тарап қатынастары сөз байласу, жасырушылық немесе басшылық қолының қимылы үшін жоғары мүмкіншілікті көрсетуі мүмкін.
7. 200 ХАС-ке⁶ сәйкес кәсіптік күмәншылдықпен аудитті жоспарлап орындау елеулі маңызы бар, егер ашылмаған байланысқан тарап қатынастары мен әрекеті жөніндегі ықтималдық орын алса. Бұл ХАС талаптары аудиторға

⁴ 240 ХАС, 25 тармақ

⁵ 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу*, А53–А54 тармақтар

⁶ 200 ХАС, 15 тармақ

байланысқан тарап қатынастары мен әрекетімен байланысқан елеулі бұрмалау тәуекелін анықтау мен бағалауға, бағаланған тәуекелдіктерге аудиторлық шараларды әзірлеуге жәрдемдесуге әзірленді.

Күшіне ену күні

8. 2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап немесе осы күннен кейінгі кезеңдегі қаржылық есепке қатысты күшіне енеді.*

Мақсаты

9. Аудитордың мақсаты:
 - (a) Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі байланысқан тарап талаптарын белгілеуіне қарамастан байланысқан тарап қатынастары мен әрекеттерін алу. Мысалы:
 - (i) Алаяқтық тәуекелі факторларын мойындау, керек болса, алаяқтықтан туындайтын елеулі бұрмалау тәуекелін анықтау мен бағалауға тән болатын байланысқан тарап қатынастары мен әрекеттерінен туындайтын алаяқтық тәуекел факторларын мойындау; және
 - (ii) Алынған аудиторлық дәлел негізінде қаржылық есептілікке қатынастар мен әрекеттер ықпалы бойынша қорытындылар жалпылау:
 - а. Әділ ашып көрсетуге жету (әділ көрсетілім жүйелеріне арналған); немесе
 - ә. Жалған емес (сәйкестік жүйесіне арналған).
 - (b) Толтыру ретінде қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі байланысқан тарап талаптарын анықтаса, байланысқан тарап қатынастары мен әрекеттері тиісті түрде анықталған, жүйеге сәйкес қаржылық есептілікте есепке алынғаны мен ашылғаны туралы жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу.

Анықтамалары

10. Бұл ХАС мақсаты келесі терминдер мағыналарымен көрсетілген:
 - (a) Тәуелсіз тараптар арасындағы келісім – байланыспағаны мен бір-бірінен тәуелсіздік ретінде жұмыс істейтін және өз мүдделерін көздейтін мүддесі көрсететін сатушы мен мүддесі көрсететін сатып алушы арасында сондай шарт пен жағдай бойынша жүргізілетін әрекет.
 - (b) Байланысқан тарап – тарап: (Сілт: Тарм. А4-А7)

- (i) Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі көрсеткендей байланысқан тарап; немесе
- (ii) Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі ең кем немесе байланыспаған тарап талаптарын анықтаса:
 - а. Тікелей немесе жанама түрде бір немесе одан да көп дәнекер арқылы есеп беруші ұйымын бақылауды орындайтын немесе елеулі ықпал ететін тұлға немесе басқа ұйым;
 - ә. Тікелей немесе жанама түрде бір немесе одан да көп дәнекер арқылы есеп беруші ұйымды бақылайтын немесе елеулі ықпал ететін басқа ұйым; немесе
 - б. Есеп беруші ұйымның жалпы бақылауында болатын басқа ұйым:
 - i. Жалпы бақылау меншігі;
 - ii. Жақын отбасы мүшелері болып саналатын иегерлер; немесе
 - iii. Жалпы негізгі басшылық.

Алайда, мемлекет жалпы бақылауында ұйымдар (ұлттық, аймақтық немесе жергілікті мемлекет) олар, елеулі әрекеттерді қолға алғанша немесе бір-бірімен елеулі деңгейі бойынша ресурстарды бөлгенше, байланысқан секілді болып саналмайды.

Талаптары

Тәуекелдерді Бағалау Рәсімдері Және Олармен Байланысты Іс-Шаралар

11. 315 ХАС (Қайта қарастырылған) пен 240 ХАС-ке сәйкес тәуекелді бағалау шаралары мен байланысты операциялардың бір бөлігі ретінде,⁷ аудитор байланысқан тарап қатынастары мен әрекетімен байланысқан елеулі тәуекелін анықтауға тән болатын ақпарат алу үшін 12-17 тармақтарда көрсетілген аудиторлық шаралар мен байланысты операцияларды қолға алуы тиіс. (Сілт: Тарм. А8)

Ұйымның Байланысқан Тарап Қатынастары Мен Әрекеттерін Түсіну

12. 315 ХАС (Қайта қарастырылған) және 240 ХАС келісім бойынша топтың талқылауы⁸ алаяқтық немесе қате себебімен ұйымның байланысқан

⁷ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 5 тармақ; 240 ХАС, 17 тармақ

⁸ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 10 тармақ; 240 ХАС, 16 тармақ



қатынастары мен әрекеттерінен туындауы мүмкін елеулі бұрмалауға қаржылық есептіліктің сезгіштігін ерекше қарастыруды анықтайды. (Сілт: Тарм. А9-А10)

13. Аудиторға төмендегілер бойынша басшылыққа сұрау жүргізуі тиіс:
 - (a) Ұйымның байланысқан тараптарын, өткен кезеңнен бастап енгізілген өзгерістерді белгілеу; (Сілт: Тарм. А11-А14)
 - (b) Ұйым пен бұл байланысқан тараптар арасындағы қатынастардың сипаты; және
 - (c) Ұйым кезең ішінде байланысқан тараптармен кез-келген әрекеттерге кірді ме, жоқ па, және, керек болса, әрекеттердің түрі мен мақсаты.

14. Аудитор басшылыққа және ұйымның ішіндегі басқаларға сұрау жүргізеді, сондай-ақ, керек болса, басшылық орнатқан бақылау туралы білім алуға тиісті болып саналатын тәуекелді бағалау басқа аудиторлық шараларын орындауы тиіс: (Сілт: Тарм. А15-А20)
 - (a) Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес байланысқан тараптар қатынастары мен әрекеттерін анықтау, есепке алу, ашып көрсету;
 - (b) Байланысқан тараптар қол қойған келісімдер мен елеулі әрекеттерді санкциялау мен растау; және (Сілт: Тарм. А21)
 - (c) Бизнес әдеттегі курсы сыртындағы елеулі әрекеттер мен келісімдерді санкциялау мен растау.

Құжаттама Немесе Жазуларды Шолу Кезінде Байланысқан Тараптардың Ақпаратына Қатысты Қырағылық Көрсету

15. Аудит барысында аудитор жазуларды немесе құжаттарды тексеру кезінде басшылық өткен уақытта анықтамаған немесе аудиторға көрсетпеген және байланысқан тараптардың қатынастары немесе әрекеттерінің бар болуын анықтауы мүмкін келісімдер мен басқа ақпаратқа қырағылық көрсетеді. (Сілт: Тарм. А22-А23)

Атап айтқанда, аудитор басшылық өткен уақытта анықтамаған немесе аудиторға көрсетпей байланысқан тараптардың қатынастары немесе әрекеттерінің бар болуының көрсеткіштеріне қарай келесі құжаттарды зерттеп шығуына міндеттенеді:

- (a) Аудитордың шаралары бір бөлігі ретінде алынған банк пен заң растаулары;
- (b) Акционерлер және өкілетті тұлғалар отырыстарының хаттамасы; және

- (с) Аудитордың пікірі бойынша қажетті ұйымның жағдайларына тән болатын сол сияқты жазулар немесе құжаттар.
16. Егер аудитор 15қа сәйкес аудиторлық шараларды орындау кезінде немесе басқа аудиторлық шаралар арқылы ұйым бизнесі әдеттегі курсынан тыс маңызына қарай әрекеттерді анықтаса, аудитор төмендегілер туралы басшылыққа сұрау жүргізуі тиіс: (Сілт: Тарм. А24-А25)
- (а) Бұл әрекеттердің сипаты; және (Сілт: Тарм. А26)
- (б) Байланысқан тараптарға қатысты ма, жоқ па. (Сілт: Тарм. А27)

Келісім бойынша Топпен Байланысқан Тараптардың Ақпаратын Бөлісу

17. Аудитор келісім бойынша топтың басқа мүшелерімен ұйымның байланысқан тараптары туралы алынған тиісті ақпаратпен бөліседі. (Сілт: Тарм. А28)

Байланысқан Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерімен Байланысты Елеулі Бұрмалану Тәуекелдерін Анықтау Және Бағалау

18. Елеулі бұрмалау тәуекелін анықтау мен бағалау жөніндегі 315 ХАС (Қайта қарастырылған) талаптарына сәйкес келу кезінде⁹ аудитор байланысқан тараптар қатынастары және әрекеттерімен байланысты елеулі бұрмалау тәуекелін анықтауы, бағалауы тиіс, сондай-ақ, бұл тәуекелдер елеулі тәуекелдер болуын анықтауы тиіс. Анықтау кезінде аудитор ұйым бизнесі әдеттегі курсынан сыртында анықталған маңызына қарай байланысқан тараптардың әрекеттерін елеулі тәуекелдерді тудыратын әрекеттер секілді қарастыруы тиіс.
19. Егер аудитор тәуекелді бағалау шараларын және байланысқан тараптарға қатысты байланысты операцияларды орындау кезінде (сонымен қоса басыңқы ықпалы бар байланысқан тараптың бар болуына қатысты жағдайлар) алаяқтық тәуекел факторларын анықтаса, аудитор 240 ХАС сәйкес алаяқтық себебімен елеулі бұрмалау тәуекелін анықтау, бағалау кезінде сондай ақпаратты қарастыруы тиіс. (Сілт: Тарм. А6 және А29-А30)

Байланысқан Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерімен Байланысты Елеулі Бұрмалану Тәуекеліне Қатысты Шаралар

20. 330 ХАС талаптары бір бөлігі ретінде, бұл талаптар бойынша аудитор бағаланған тәуекелге қатысты шараларды орындайды.¹⁰ Аудитор байланысқан тараптар қатынастары және әрекеттерімен байланысты елеулі бұрмалау бағаланған тәуекеліне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу үшін бұдан әрі аудиторлық шараларды әзірлеп

⁹ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 25 тармақ

¹⁰ 330 ХАС, 5-6 тармақтар

орындайды. Бұл аудиторлық шаралар 21-24 тармақтарға сәйкес талаптарды анықтауы тиіс. (Сілт: Тарм. А31-А34)

Алдыңғы Кезеңде Анықталмаған Немесе Ашып Көрсетілмеген Байланысқан Тараптар Немесе Елеулі Байланысқан Тараптың Әрекеттерінің Анықталуы

21. Егер аудитор басшылық алдыңғы кезеңде анықтамаған немесе аудиторға көрсетпеген байланысқан тараптар қатынастары немесе әрекеттері бар болуын болжайтын келісімдерді немесе ақпаратты анықтаса, онда ол негізге алынатын жағдайлар, әрекеттер немесе қатыныстар бар болуын растауын анықтауы тиіс.
22. Егер аудитор байланысқан тараптарды немесе басшылық еткен кезеңде анықтамаған немесе аудиторға көрсетпеген елеулі байланысқан тараптардың әрекеттерін анықтаса, аудитор мыналарды орындауы тиіс:
 - (a) Келісім бойынша топтың басқа мүшелеріне сәйкесті ақпаратты дереу хабарлау; (Сілт: Тарм. А35)
 - (b) Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіндегі байланыс тараптардың талаптарын белгілейді:
 - (i) Аудитордың бұдан әрі бағалауы үшін жаңадан анықталған байланысқан тараптармен барлық әрекеттерді анықтау үшін басшылыққа сұрау жүргізу; және
 - (ii) Ұйым байланысқан тараптардың қатынастары мен әрекеттерін бақылау, байланысқан тараптардың қатынастары немесе әрекеттерін анықтауға немесе ашып көрсетуге мүмкіншілік бере алуы себебі туралы сұрау;
 - (c) Мұндай анықталған байланысқан тараптар немесе елеулі байланысқан тараптардың әрекеттеріне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық шараларды орындау; (Сілт: Тарм. А36)
 - (d) Басқа байланысқан тараптар немесе елеулі байланысқан тараптар әрекеттерінің орын алуы тәуекеліне қайта қарау және қажетті болып саналатын қосымша аудиторлық шараларды орындау; және
 - (e) Егер басшылықтың ашпауы ойластырылған болып табылса (және соған сәйкес алаяқтық себебімен елеулі бұрмалау тәуекелінің көрсетілуі), аудиттің зардаптарын бағалау. (Сілт: Тарм. А37)

Ұйым Бизнесі Әдеттегі Бағыты Сыртында Анықталған Елеулі Байланысқан Тараптардың Әрекеттері

23. Ұйым бизнесі әдеттегі бағыты сыртында анықталған елеулі байланысқан тараптардың әрекеттері үшін аудитор төмендегілерді орындауы тиіс:
 - (a) Негіз болатын келісімдерді зерттеу және, керек болса,

төмендегілерді бағалауы қажет:

- (i) Әрекеттер жөніндегі іскерлік тұжырымдама бойынша олар алаяқтық қаржылық есеп беру немесе активтерді заңсыз пайдалану және жасыру мақсатымен енгізілген;¹¹ (Сілт: Тарм. А38-А39)
 - (ii) Әрекеттер шарты басшылықтың түсіндіруіне сәйкес келеді; және
 - (iii) Әрекеттер қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сай тиісті түрде есеп берілген немесе ашылған; және
- (b) Әрекеттер тиісті санкциялануы мен қуатталуы бойынша аудиторлық дәлел алу. (Сілт: Тарм. А40-А41)

Байланысқан Тараптар Әрекеттері Тәуелсіз Тараптар Қол Қойған Келісімде Басым Болатын Шартқа Тең Болып Орындалады Деп Расталған

24. Егер басшылық қаржылық есептілікте байланысқан тараптар әрекеттері тәуелсіз тараптар қол қойған келісімде басым болатын шартқа тең болып орындалады деп ықпалын қуаттай берсе, аудитор растау бойынша жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алуы қажет. (Сілт: Тарм. А42-А45)

Анықталған Байланысты Тараптар Қатынастары Және Әрекеттерін Есепке Алу Мен Ашып Көрсетуді Бағалау

25. 700 ХАС-ке¹² (Қайта қарастырылған) сәйкес қаржылық есептілік туралы пікір құрастыру кезінде аудитор бағалау қажет: (Сілт: Тарм. А46)
- (a) Анықталған байланысқан тараптар қатынастарының әрекеттері қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес тиісті түрде есеп берілді, ашылды ма, жоқ па; және (Сілт: Тарм. А47)
 - (b) Байланысқан тараптар қатынастары мен әрекеттерінің ықпалдары:
 - (i) Әділ көрсетуге жету үшін, қаржылық есептілікті болдырмау (әділ көрсету жүйесі); немесе
 - (ii) Қаржылық есептілік алаяқтығын тудыру (сәйкестік жүйесі).

Жазбаша Ұсынымдар

26. Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесі байланысқан жақ талаптарын анықтаса, онда аудитор басшылықтан, керек болса, өкілетті тұлғалардан жазбаша ұсынымдарды алуы тиіс, мысалы: (Сілт: Тарм. А48-А49)

¹¹ 240 ХАС, 32(с) тармақ

¹² 700 ХАС (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Бойынша Пікір Қалыптастыру Және Есеп Жүргізу*, 10-15 тармақтар

- (a) Олар аудиторға ұйымның байланысқан тараптарын және барлық байланысқан тарап қатынастары мен әрекеттері туралы ақпарат береді; және
- (b) Олар жүйесі талаптарына сәйкес мұндай қатынастар және әрекеттер туралы тиісті түрде есеп береді, ашады.

Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас

27. Бұл өкілетті тұлғалар барлығы ұйымды басқаруға таратылғанша,¹³ аудитор ұйымның байланысқан тараптарына сәйкес аудит барысында туындайтын мәселелерді өкілетті тұлғаларға хабардар етуі тиіс. (Сілт: Тарм. А50)

Құжаттама

28. Аудитор аудиторлық құжаттамаға анықталған байланысты тараптардың аттарын және байланысқан тараптар қатынастарының сипатын енгізуі тиіс.¹⁴

Қолданбалы және басқа түсіндірме материал

Аудитор Жауапкершілігі

Ең Кем Байланысқан Тараптар Талаптарын Белгілейтін Қаржылық Есеп Жүйесі (Сілт: Тарм. 4)

- A1. Ең кем байланысқан тараптар талаптарын белгілейтін қаржылық есеп жүйесі байланысқан тараптың мағынасын анықтайды, бірақ анықтаманың бұл ХАС 10 (b)(ii) анықтамамен салыстырғанда елеулі тар көлемі бар; сондай талап елеулі аз байланысқан тараптар қатынастары және әрекеттеріне қолданылатын болар еді.

Әділ Ұсыну Жүйелері (Сілт: Тарм. 4(a))

- A2. Әділ көрсету жүйелері шеңберінде,¹⁵ қаржылық есептіліктің байланысқан тараптар және әрекеттер әділ көрсету мақсатына жетуге қабілетті болмауы, егер сондай қатынастар мен әрекеттер экономикалық шындығы қаржылық есептілікте тиісті түрде көрсетілмесе. Мысалға, әділ ұсыну қамтамасыз етілмеуі мүмкін, егер мекеменің мүлік нысанын басқарушы акционерге әділ нарықтық құнынан, мекемеде пайда немесе шығын пайда

¹³ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас*, 13 тармақ

¹⁴ 230 ХАС, *Аудиторлық Құжаттама*, 8-11 және А6 тармақтар

¹⁵ 200 ХАС, 13(a) тармақ, әділ көрсету мен сәйкестік жүйесінің мағынасын белгілейді.

болуын қарастыратын, төмен немесе жоғары бағада сату, ал ол өз кезегінде капиталдың жарнасы немесе қайтару, не болмаса дивиденд төлемі ретінде қарастырылады.

Сәйкестік Жүйесі (Сілт: Тарм. 4(b))

- A2. Кейбір заңдық құзырлы аймақтарда қаржылық есептіліктің толық пакетінің, байланысты жазуларды дайын болғандығын және оны бекіту үдерісіне жауап беретін адамдарды немесе органдарды (мысалы, Директор) заң немесе нормативті актілер анықтайды. Басқа заңдық құзырлы аймақтарда бекіту үдерісі заң немесе нормативті актімен көрсетілмеген және ұйым қаржылық есептілікті дайындау мен бекітуді өзінің басқару жүйесіне сәйкес жүзеге асырады. Кейбір заңдық құзырлы аймақтарда қаржылық есептілікті бұқаралық назарға шығарғанға дейін, акционерлермен қорытындыны бекіту міндетті болып келеді. Бұл заңдық құзырлы аймақтарда оның акционерлермен қорытынды бекітілуі толық аудиторлық дәлелдер алынғандығы туралы шешімге келу үшін аудиторларға қажеті жоқ. ХАС мақсаттарындағы қаржылық есептілікті бекіту күні болып лауазымды адамдар мен органдар қаржылық есептілік толығымен дайын деп хабарлаған күннен бұрынғы күн саналады.

Аудиторлық Есеп Күні (Сілт: Тарм. 5(c))

- A3. Аудиторлық есеп аудитор, жазуларды қоса, қаржылық есептіліктің толық пакетін қамтитын дайындалған мен мойындалған орын қаржылық есептілікке олардың жауапкершілігін бекіткен дәлелді қоса, қаржылық есептілік негізделетін толық та сәйкес аудиторлық дәлелдер алған күннен ерте күнге белгіленбейді. Толық та сәйкес дәлелдер болып қаржылық есептілік дайын болып, оны дайындаған лауазымды адамдар немесе органдар ол бойынша жауапкершілігі туралы жариялағандығы есептеледі.⁹ Сонымен қатар аудиторлық есеп күні 5(b) тар белгіленгендей қаржылық есепті растау күнінен ертерек бола алмайды. Уақыт кезеңі 5(c) тар белгіленгендей аудиторлық есепті шығару күні мен аудиторлық есепті шығару күні арасындағы әкімшілік мәселелер салдарынан өтіп кетуі мүмкін.

Қаржылық Есептілікті Шығару Күні (Сілт: Тарм. 5(d))

- A4. Қаржылық есептілік шығарылған күн жалпы алғанда ұйымның реттеуші ортасына тәуелді болады. Кейбір жағдайда қаржылық есептілікті шығару күні олар реттеуші орындармен құжатталған күні болуы мүмкін. Аудиттеленген қаржылық есептіліктер аудиторлық есепсіз шығарала алмағандықтан, аудиттеленген қаржылық есептілік шығарылған күн тек аудиторлық есепті шығару күнінде немесе күнінен

⁹ 700 ХАС, 41 тармақ. Кейбір жағдайда, заң немесе реттеуші актілер аудиттің аяқталу нүктесін анықтайды.

кешірек ғана емес, бірақ аудиторлық есепті ұйым беретін күнінде немесе күнінен кешірек болуы мүмкін.

Қоғамдық Сектор Ұйымдарын Арнайы Қарастырулар

- A5. Қоғамдық сектор жағдайында қаржылық есептілікті шығару күні аудиттеленген қаржылық есептілікті шығару күні болуы мүмкін, және соған орай аудиторлық есеп заң шығарушы орынға немесе бұқаралық назарға ұсынылады.

Аудиторлық Есеп Беру Күні Мен Қаржылық Есептілік Жарияланған Күні Арасындағы Жағдайлар (Сілт: Тарм. 6-9)

- A6. Тәуекелдің аудиторлық бағалауына байланысты 6 тармақта талап етілген аудиторлық шаралар жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу, сонымен қоса қаржылық есептілікті шығару мен аудиторлық есепті шығару күні аралағындағы бухгалтерлік жазулар немесе әрекеттер тесттерін шолу үшін шараларды анықтайды. 6 және 7 тармақтарға сәйкес келетін аудиторлық шаралардың мақсаты аудитор басқа мақсаттар үшін орындауы мүмкін, кейінгі жағдайлар бойынша дәлелді қамтамасыз етуі мүмкін шараларды толтыру (мысалы, шот сальдосы, қаржылық есептілікті шығару күні, кезең соңына таман жүргізілетін шаралар, дебиторлық қарыздың кейінгі түсімдеріне қатысты шаралар).
- A7. 7 тармақта аудитор 6 тармаққа сәйкес орындалуы тиіс шеңберде белгілі бір аудиторлық шаралар белгіленген. Кейінгі жағдайлар алайда жетімді ақпаратқа тәуелді болып, бухгалтерлік жазулар қаржылық есептілікті шығару күнінен бері дайындалған деңгейге қатысты. Бухгалтерлік жазулар жаңартылмаған жағдайда, атап айтқанда еш аралықты қаржылық есептілік (сыртқы немесе ішкі мақсаттар үшін) дайындалмаған болса, немесе басшылық отырыстары хаттамалары дайындалмаған болса, сәйкесті аудиторлық шаралар, банк үзіндісін қоса, жетімді кітаптар мен жазуларды тексерілуі нысанын қабылдайды. A8 тармақта кейбір аудитор сұрау жүргізу кезінде қарастыратын қосымша мәселелер мысалдары келтірілген.
- A8. 7 тармақта талап етілген аудиторлық шараларды толтыру ретінде, аудитор бұның қажеттілігіне назарын аударады:
- Кәсіпорынның соңғы жетімді бюджетін оқып түсіну, ақшалай қозғалысты болжау, қаржылық есептілікті шығару күнінен кейінгі кезең бойынша басшылықтың басқа сәйкесті есептері;
 - Сот процестері мен шағымдарына қатысты кәсіпорынның заңды кеңесшісіне ауызша немесе жазбаша сұрау жүргізуді ұзарту немесе сұрау жүргізу; немесе
 - Белгілі бір кейінгі жағдайларды қарастыратын жазбаша ұсынымдар басқа аудиторлық дәлелді қолдау керектігін

қарастыру және осыған сәйкес жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу.

Сұрау Жүргізу (Сілт: Тарм. 7(b))

А9. Басшылыққа және керек болса өкілетті тұлғаларға сұрау жүргізу кезінде пайда болған кез келген шын мәніндегі жағдайлар қаржылық есептілікке ықпал ете болар мүмкіндігі бойынша сұрау жүргізу кезінде, аудитор алдыңғы немесе кіріспе мәліметтер негізінде есепке алынған баптар ағымдағы күйі бойынша сұрау жүргізеді, және келесі мәселелер бойынша ерекше сұрау жүргізеді:

- Жаңа потенциал міндеттемелер, қарыздар немесе кепілдемелер ескерілді ме, жоқ па?
- Активтерді сату болды ма немесе жоспарланды ма?
- Жаңа акцияларды немесе облигацияларды шығару болды ма, немесе жоспарланды ма біріктіру немесе жою туралы келісімдер жасалды ма немесе жасалмады ма, капитал өсті ме?
- Қандай да бір активтер мемлекет меншігіне өтті ме немесе мысалы, өрттен немесе су тасқынынан жойылды ма?
- Тәуекелділік облыстарына немесе шартты жағдайларға қатысты қандай да бір өзгерістер болды ма?
- Бухгалтерлік түзетулер енгізілді ме немесе енгізу жоспарда бар ма?
- Қаржылық есептілікте пайдаланылған есепке алу саясатының барабарлығын әлсірететін жағдайлар болды ма немесе болу ықтималдылығы бар ма, бұл жағдай мысалы, егер осындай оқиғалар ағымдағы болжамның заңды күшіне күмән туғызса, туындауы мүмкін.
- Бағалауды өлшеуге қатысты немесе қаржылық есептілікке сай келетін кез келген жағдайлар пайда болды ма, жоқ па.
- Активтерді қалпына келтіруге сәйкес келетін кез келген жағдайлар пайда болды ма, жоқ па?

Хаттамаларды Оқу (Сілт: Тарм. 7(c))

Қоғамдық Сектор Ұйымдарын Арнайы Қарастырулар

А10. Қоғамдық секторда аудитор заңнамаға сәйкес шараларындағы рәсімделген жазуларды оқи алады және рәсімделген жазулар жетімсіз болатын шаралар бойынша мәселелер бойынша сұрау жүргізеді.

Аудиторлық Есеп Беру Күнінен Кейін, Бірақ Қаржылық Есептілік Жарияланғанға Дейін Анықталған Фактілер

Аудиторлық Есеп Күнінен Кейін Алынған Басқа Ақпараттың Салдары (Сілт: Тарм. 10)

A11. Егер аудитор қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық есеп күнінен кейін, бірақ қаржылық есептілік шығарылғанға дейін кез-келген аудиторлық шараларды орындау міндеттемесіне ие болмаса, 720 ХАС (Қайта қарастырылған) аудиторлық есеп күнінен кейін алынған, бірақ қаржылық есептілік шығарылған күнге дейін алынған басқа да ақпаратты қамтуы мүмкін аудиторлық есеп күнінен кейін алынған басқа ақпаратқа қатысты талаптар мен нұсқаулықтарды қамтиды.

Аудиторға Басшылықтың Жауапкершілігі (Сілт: Тарм. 10)

A12. 210 ХАС–ында аудиторлық келісім аудитордың шарты басшылық аудиторлық есепті шығару күнінен бастап қаржылық есептілікті шығару күніне дейінгі кезең ішінде білген қаржылық есептілікке ықпал туралы хабардар ету үшін басшылықтың келісімі көрсетілген.¹⁰

Қос Мерзімдеу (Сілт: Тарм. 12(a))

A13. 12(a) та көрсетілген жағдайда аудитор бұл түзету бойынша шектелген қосымша дата енгізу үшін аудиторлық есепті түзеткенде, басшылық олардың кейінгі түзетуіне дейінгі қаржылық есептілік туралы аудиторлық есепті шығару күні өзгерместен қалады, себебі бұл мерзім оқырманға қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық жұмыс аяқталған уақыты туралы ақпарат береді. Алайда, қосымша мерзімнен кейінгі аудиторлық шаралар қаржылық есептілік кейінгі түзетілуімен шектелді. Төменде сондай қосымша мерзім көрсетілген:

Аудиторлық есепті шығару күні, Y жазуды қоспағанда (Y жазуда белгіленген түзетумен шектелген аудиторлық шаралардың аяқталу күні).

Басшылықтың Қаржылық Есептілікті Түзетпеуі (Сілт: Тарм. 13)

A14. Кейбір заңдық құзырлы аймақтарда басшылық заң, реттеуші актілер, қаржылық есеп жүйесіне сай түзетілген қаржылық есептілікті шығаруы керек болмауы мүмкін. Келесі кезең бойынша қаржылық есептілік болмай қалмайтын әдеттегі жағдай орын алады, егер тиісті ашулар мұндай есептілікте жасалса.

¹⁰ 210 ХАС, *Аудит Келісімінің Шарттарымен Келісу*, А24 тармақ

Қоғамдық Сектор Ұйымдарын Арнайы Қарастырулар

- A15. Қоғамдық секторда басшылық қаржылық есептілікке түзетулерді енгізбей қалатын 13 тармаққа сай қолға алынған іс әрекеттер сондай-ақ заң шығарушы немесе есеп берушідегі иерархиядағы басқа сәйкес орынға жеке түрде қаржылық есептілік пен аудиторлық есеп үшін кейінгі жағдайдың зардаптары туралы есеп береді.

Аудиторлық Есепке Сүйенуді Болдырмау Үшін Қолға Алынған Аудиторлық Шара (Сілт: Тарм. 13(b))

- A16. Аудитор басшылықты қаржылық есепті шығармау туралы хабардар етсе де, басшылық сол сұрауымен келісе ме, аудитор қосымша заң зардаптарын орындауы қажет болмауы ықтимал.
- A17. Басшылық аудитордың қаржылық есептілікті үшінші жақтарға шығармауға қарамастан қаржылық есептілікті шығарса, қаржылық есептілік туралы аудиторлық есепке сүйенуді болдырмау үшін аудиторлық шара аудитордың заң құқықтары мен міндеттеріне қатысты. Атап айтқанда, аудитор заң кеңесін іздеуі мүмкін.

Қаржылық Есепілік Жарияланғаннан Кейін Анықталған Фактілер

Қаржылық есеп шығарылғаннан кейін алынған басқа ақпараттың салдары (Сілт: Тарм. 14)

- A18. Аудитордың есеп беру күнінен кейін алынған басқа ақпаратқа қатысты аудитордың міндеттемелері 720 ХАС (Қайта қарастырылған) қарастырылған. Қаржылық есептілік шығарылғаннан кейін аудитордың қаржылық есептілікке қатысты кез-келген аудиторлық шараларды орындау міндеттемесі болмаса да, 720 ХАС (Қайта қарастырылған) аудиторлық есеп күнінен кейін алынған басқа ақпаратқа қатысты талаптар мен нұсқаулықтарды қамтиды.

Басшылық Қаржылық Есептілікті Түзетпеуі (Сілт: Тарм. 15)

Қоғамдық Сектор Ұйымдарын Арнайы Қарастырулар

- A19. Кейбір заңдық құзырлы аймақтарда қоғамдық сектордағы кәсіпорындар заңға, реттеуші актілерге сай түзетілген қаржылық есептілікті шығаруға рұқсат етілмеуі мүмкін. Осыған орай аудитордың тиісті іс әрекетінің мақсаты тиісті заң орыны алдында есеп беру болуы мүмкін.

Аудиторлық Есепке Сүйенуді Болдырмау Үшін Аудиторлық Іс Шара (Сілт: Тарм. 17)

- A20. Аудитордың пікірі бойынша басшылық немесе өкілетті тұлғалар аудитор сондай сүйенуді болдырмауға арналған шараны қолға алады деп аудиторлық алдыңғы ескертуге қарамастан кәсіпорын алдыңғы

кезеңде шығарған қаржылық есептілік туралы аудиторлық есепке сүйенуді болдырмау үшін қажетті іс әрекеттер қолға алуға қабілеті болмаған жағдайда, аудиторлық шара аудитордың заң құқықтары мен міндеттеріне қатысты. Атап айтқанда, аудитор заң кеңесін іздеуі мүмкін.

570 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ (ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН)

ҮЗДІКСІЗ ҚЫЗМЕТ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2016 жылдың 15 желтоқсанына аяқталатын немесе сол күннен кейінгі кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Осы ХАС ауқымы	1
Бухгалтерлік Есеп Үздіксіз Қызмет Негізі	2
Ұйымның Үздіксіз Қызмет Жалғастыруға Қабілетін Бағалау Жауапкершілігі	3–7
Күшіне ену күні.....	8
Мақсаттары	9
Талаптары	
Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Қызметтер.....	10–11
Басшылық Бағалауына Баға Беру	12–14
Басшылық Бағалауымен Қамтылмайтын Кезең	15
Жағдайлар Мен Шарттарды Анықтаудағы Қосымша Аудиторлық Рәсімдер	16
Аудиторлық Қорытындылар.....	17–20
Аудитор Есебі Үшін Салдарлар	21–24
Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас	25
Қаржылық Есептілікті Бекіту Кезіндегі Елеулі Кідіріс.....	26
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Осы ХАС ауқымы	A1
Бухгалтерлік Есеп Үздіксіз Қызмет Негізі	A2
Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Қызметтер.....	A3–A7
Басшылық Бағалауына Баға Беру	A8–A13
Басшылық Бағалауымен Қамтылмайтын Кезең	A14–A15

Жағдайлар Мен Шарттарды Анықтаудағы Қосымша Аудиторлық Рәсімдер.....	A16–A20
Аудиторлық Қорытындылар.....	A21–A25
Аудитор Есебі Үшін Салдарлар	A26–A35
Қосымша: Үздіксіз Қызметке Қатысты Аудитор Есебінің Көрнекіліктері	

Үздіксіз Қызмет, 570 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) (Қайта қарастырылған) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу, 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықарылық Аудит Стандарты (ХАС) үздіксіз қызметке және аудитор есебі үшін салдарларға қатысты қаржылық есептілік аудитіндегі аудитор жауапкершілігін қарастырады. (Сілт: Тар. А1)

Бухгалтерлік Есеп Үздіксіз Қызмет Негізі

2. Бухгалтерлік есеп үздіксіз қызметі негізінде, қаржылық есептілік ұйым тұрақты қызмет етеді және өзінің қызметін жақын болашақта жалғастырады деген болжаммен дайындалады. Жалпы мақсаттағы қаржылық есептілік бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметін пайдалана отырып дайындалады, ұйым келешекте өз қызметін жалғастыратынына және оның сауданы тоқтатып қою ойы жоқ екені қарастырады. Ерекше сипаттағы қаржылық есептілік бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызмет негізі тиісті болатын қаржылық есеп жүйесіне сәйкес дайындалуы немесе дайындалмауы мүмкін (мысалы, үздіксіз қызмет негізі белгілі бір құзырлы аймақтардағы салық негізінде дайындалған кейбір қаржылық есептіліктерге тән болмайды). Бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызмет принципі пайдалануға тән болса, активтер мен міндеттемелер мына негізде құжатталады: ұйым өз активтерді сата алады және әдеттегі бизнес бағытында өз міндеттерін атқарады. (Сілт: Тарм. А2)

Ұйымның Үздіксіз Қызмет Жалғастыруға Қабілетін Бағалау Жауапкершілігі

3. Кейбір қаржылық есеп жүйесі басшылық үшін ұйымның үздіксіз қызмет жалғастыруына ерекше баға беру жөніндегі анық талапты үздіксіз қызметпен байланысты ашуларға, қарастырылуы тиіс мәселелерге қатысты стандарттарды орнатады. Мысалы, Халықаралық Қаржы Есеп Стандартына (ХҚЕС) 1 сай басшылық үздіксіз қызмет ретінде ұйым қызметін жалғастыруға қабілетін бағалауы тиіс.¹ Үздіксіз қызмет ретінде ұйым қызметін жалғастыруға қабілетін және байланысты қаржылық есептілікті бағалауға қатысты талап заңнама немесе реттеуші актілермен белгіленуі мүмкін.
4. Басқа қаржылық есеп жүйелерінде басшылық үшін үздіксіз қызмет ретінде ұйымның қызметін жалғастыруға қабілетін ерекше түрде бағалауға анық талап жоқ екен. Бірақ 2 тармаққа сәйкес бухгалтерлік есеп негізіндегі үздіксіз қызмет туралы жорамал қаржылық есептілікті даярлауда түбегейлі қағида болатындықтан, ұйым басшылығы ұйым үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, тіпті қаржылық

¹ 1 ХҚЕС, *Қаржылық Есептілікті Ұсыну*, 25-26 тармақтар

есептіліктің тұжырымдамалық негізінде айқын жауапкершілік болмаса да жауапты болады.

5. Ұйым басшылығының үздіксіз қызмет туралы бағалау түсініксіздікке тән жағдайлар мен шарттардың Қолданушытегі нәтижелеріне қатысты белгілі бір уақытқа пікір білдіруі кіреді. Әрі мына факторлар ескеріледі:
 - Өте алыстағы келешекке қатысы бар жағдайлар немесе шарттар нәтижесі туралы пікір шығарғанда, жағдай нәтижесіне байланысты түсініксіздік дәрежесі артады. Сол себептен ұйымның басшысынан бүкіл бар ақпаратты талап етілетін кезеңді көрсетеді.
 - Ұйымның өлшемі мен күрделілігі, оның бизнесінің сипаты мен жағдайы және оған сыртқы факторлардың ықпал ету дәрежесі осының бәрі жағдай нәтижелеріне қатысты ықпал етеді.
 - Келешек туралы кез келген пікір шығару сәтіндегі бар ақпаратқа сүйенеді. Кейінгі жағдайлар пікірге қайшы келуі мүмкін, ол пікір шығарылатын кезде, орынды болатын.

Аудитордың Жауапкершілігі

6. Аудитордың жауапкершілігі – қаржылық есептілікті даярлағанда ұйым басшылығының үздіксіз қызметі туралы жорамалды пайдалану дұрыстығының, оған қатыстығын және оған қорытындысын қарастыру, және де ұйымның қаржылық есептілікке ашып көрсетуі қажет үздіксіз қызметті жалғастыру мүмкіндігіне қатысты аудиттік дәлелдемені туындауына негізделген елеулі түсініксіздік бар, жоғын қарастыру. Аудитор қаржылық есептілікті дайындағанда пайдаланылған қаржылық есептілікті ұсынудың тұжырымдамалық негізіне ұйым басшылығына ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне нақты баға беруіне айқын талап болмаса да, ұйым басшылығының үздіксіз қызмет туралы жорамалды пайдалану барабарлығын қарастырады.
7. 200 ХАС-ке² сәйкес елеулі бұрмалауды анықтай алуға аудитор қабілетін бөлінбес шектеулері ықтимал ықпалдары салдарынан аудитор ұйым өз үздіксіз қызметін тоқтататын кей жағдайларды болжай алмайды. Тиісінше үздіксіз қызметке қатысты елеулі белгісіздікке қандай да бір сілтеменің болмауы аудиторлық қаржылық есептілікте ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне кепіл ретінде қарастырмайды.

² 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу*, А53-А54 тармақтар

Күшіне ену күні

8. 2016 жылдың 15 желтоқсанына аяқталатын немесе сол күннен кейінгі кезеңдерде күшіне енеді.

Мақсаттары

9. Аудитордың мақсаттары:
 - (a) Қаржылық есептілік даярлағанда басшылықтың бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызмет принципін пайдалануының тиістілігіне қатысты және оған қорытындыланатын жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу;
 - (b) Аудиторлық дәлел негіздерінде ұйым басшылығына ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайға, шартқа қатысты елеулі белгісіздік орын алуы жөніндегі қорытындыға келу; және
 - (c) Осы ХАС-ке сай есеп беру.

Талаптары

Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Қызметтер

10. 315 ХАС-ке (Қайта қарастырылған)³ сай талап етілетін тәуекелді бағалау шараларын орындау кезінде аудитор ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайлардың бар екенін қарастыруы тиіс. Осыған сәйкес аудитор басшылық ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыруға алдын ала баға бергенін анықтауы қажет, және: (Сілт: Тарм. А3-А6)
 - (a) Егер сондай баға берілсе, аудитор басшылықпен мынаны талқылайды және басшылық жеке немесе ұжым түрде ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайлардың бар екенін қарастыруы тиіс және оларды жою үшін басшылық жоспарлады ма, жоқ па; немесе
 - (b) Егер сондай баға берілсе, аудитор басшылықпен үздіксіз қызмет туралы жорамалды пайдалану негізін талқылайды және басшылық жеке немесе ұжым түрде ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайлардың бар екенін қарастыруы тиіс.
11. Аудитор ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайлар жөніндегі аудиторлық дәлел алу үшін аудит барысында қырағы қалады. (Сілт: Тарм. А7)

³ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмалаулар Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*, 5 тармақ

Басшылық Бағалауына Баға Беру

12. Аудитор басшылықтың ұйым үздіксіз қызметін жалғастыра алу қабілетін бағалауының ақылға қонымдылығын анықтауы тиіс. (Сілт: Тарм. А8-А10; А12-А13)
13. Аудитор ұйым басшылығы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне сай өз бағалауын орындағанда немесе заң немесе реттеуші актілерге сәйкес ұзақ мерзім анықталса, пайдаланған кезеңін қарастыруы тиіс. Егер 560ХАС⁴ сәйкес басшылықтың ұйым үздіксіз қызметін жалғастыра алу қабілетіне қатысты бағалауы баланс күнінен бастап он екі айдан кемуақытты қамтыса, аудитор ұйым басшылығынан бағалау кезеңінен баланс күнінен бастап он екі айға созуды сұрауы керек. (Сілт: Тарм. А11-А13)
14. Ұйым басшылығының бағалауының ақылға қонымдылығын анықтауда, аудитор бағалау кезінде аудитордың нәтижесінде белгілі болған бүкіл салыстырмалы ақпарат ескерілді ме, жоқ па соны қарастырады.

Басшылық Бағалауымен Қамтылмайтын Кезең

15. Аудит ұйым басшылығынан оның ұйым басшылығы бағалаудың пайдаланылған кезеңінен тыс жағдайды білуі туралы сұрауы керек, бұл жағдайлар ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыруға қатысты айтарлықтай күмән тұғызуы мүмкін. (Сілт: Тарм. А14-А15)

Жағдайлар Мен Шарттарды Анықтаудағы Қосымша Аудиторлық Рәсімдер

16. Егер ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыруға қатысты айтарлықтай күмән тұғызуы мүмкін жағдайлар анықталса, аудитор елеулі белгісіздік бар екенін анықтау үшін қосымша аудиторлық шаралар болашақта (сондай-ақ жалғастыруға ұйымның қабілетіне елеулі күмән тұғызуы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға бұдан әрі «елеулі белгісіздік» деп аталатын) өткізу арқылы, тәуекелдерді төмендетуді қарастыру арқылы жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алуы тиіс. Бұл шаралар төмендегілерді қамтиды: (Сілт: Тарм. А16)
 - (a) Басшылық ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыруға бағалауды орындамаса, басшылыққа өз бағалауды жүргізу туралы сұрау жүргізсе.
 - (b) Ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру жөніндегі келешектегі іс әрекеттер бойынша басшылықтың жоспарына баға беру, осындай жоспарлар нәтижесі жағдайды жақсарта алады ма, жоқ па, және

⁴ 560 ХАС, *Кейінгі Жағдайлар*, 5(а) тармақ

басшылықтың жоспары жағдайларға ықтимал ма, жоқ па. (Сілт: Тарм. А17)

- (с) Ұйым ақшалай қозғалыс болжамын дайындайды ма, жоқ па, және болжамды талдау келешектегі іс әрекеттер жөніндегі басшылықтың жоспарын бағалаудағы жағдайлардың келешектегі нәтижесін қарастырудағы маңызды фактор болып табылады: (Сілт: Тарм. А18-А19)
 - (i) Болжауға тудырған негіз болатын мәліметтердің сенімділігін бағалау; және
 - (ii) Болжам негізіне жататын қорытындыларды адекватты қолдауға шешу.
- (d) Кез келген қосымша фактілер немесе ақпарат басшылық бағалауы күнінен бері жетімді болуын анықтау.
- (e) Басшылықтан және өкілетті тұлғалардан келешектегі келешегі бойынша олардың жоспары мен бұл жоспарлардың жүзеге асырушылығы туралы жазбаша ұсынымдарын сұрайды. (Сілт: Тарм. А20)

Аудиторлық Қорытындылар

17. Аудитор қаржылық есептілікті дайындауда бухгалтерлік есе негіздері үздіксіз қызметін басшылықтың қолдануының орындылығы, оған қорынды жасауы және қатыстылығыға туындайтын жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер бағалауы тиіс.
18. Алынған аудиторлық дәлелдер негізінде, аудитор өз ойы бойынша ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыра алу қабілетіне күмән туғызатын бөлек немесе жағдайлар жиынтығына байланысты түсініксіздік бар, жоғын анықтауы керек. Елеулі түсініксіздік болады, егер оның елеулі ықпал ету жиілігі аудитордың пікірі бойынша түсініксіздік сипаты, зардаптары ашуға тән болады: (Сілт: Тарм. А21-А22)
 - (a) Қаржылық есеп жүйесі мен қаржылық есептіліктің әділ ұсынылуы жағдайында, немесе
 - (b) Сәйкестік жүйесі, қаржылық есептілік алаяқтығын туғызуы мүмкін жағдайда.

Жағдайлар Мен Шарттардың Бар Екендігі Анықталғандағы Және Елеулі Белгісіздігінің Бар Болуындағы Ашып Көрсетулердің Жеткіліктілігі

19. Егер бухгалтерлік есеп негіздеріндегі үздіксіз қызмет туралы жорамалды пайдалануға болатын болса, бірақ елеулі бір түсініксіздік болатын болса, аудитор мына шараларды қарастырады: (Сілт: Тарм. А22-А23)

- (a) Ұйымның күмәнді қызметін жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі күдік туғызатын негізгі жағдайларды, және осы жағдайларға қатысты басшылықтың жоспарларындағы жылдық есептілік барабарлықты ашып көрсетеді ме; және
- (b) Қаржылық есептілік ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі күдік туғызатын жағдайларға байланысты елеулі түсініксіздік бар екенін анық көрсетеді ме және де ол қарапайым қызмет кезінде өз активтерін өткізуге және өз міндеттерін өтеуге қабілетсіз болып қалуы мүмкін.

Оқиғалар Немесе Жағдайлар Анықталған, Бірақ Ешқандай Белгісіздік Болмаған Кезде Ақпаратты Ашудың Дұрыстығы

20. Егер үздіксіз қызметті жалғастыратын ұйымның қабілетіне едәуір күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттар анықталған болса, бірақ аудитор қортындыларынан алынған аудиттік дәлелдемелер бойынша ешқандай елеулі белгісіздік болмаса аудитор қолданылатын қаржылық есеп беру жүйесінің талаптарын ескере отырып, осы қаржылық есеп оқиғаларға немесе жағдайларға қатысты барабар ақпаратты ашып көрсететіндігін бағалауы тиіс. (Сілт: Тарм. А24-А25)

Аудитор Есебі Үшін Салдарлар

Бухгалтерлік Есеп Үздіксіз Қызметі Негіздерін Пайдалану Сәйкес Келмеуі

21. Егер қаржылық есептілік бухгалтерлік есеп үздіксіз қызметі негіздерін қолдана отырып дайындалған болса, бірақ аудит пікірі бойынша басшылық қаржылық есеп дайындауда бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметін қолдануы орынсыз болса, аудитор теріс пікірін білдіруі тиіс. (Сілт: Тарм. А26-А27)

Бухгалтерлік Есеп Үздіксіз Қызметі Негіздерін Пайдалану Сәйкестігі, Бірақ Елеулі Белгісіздіктің Орын Алуы

Қаржылық Есептілікте Маңызды Белгісіздік Туралы Тиісті Түрде Ашып Көрсету

22. Егер қаржылық есептілікте жасалған елеулі белгісіздікті жеткілікті түрде ашып көрсетілген болса, аудитор өзгертілмеген пікір білдіруі тиіс және аудитор есебі "Үздіксіз қызметке қатысты елеулі белгісіздік" деген бөлек бөлімді қосуы керек: (Сілт: Тарм. А28-А31, А34)
- (a) 19 тармақта көрсетілген мәселелерді ашатын қаржылық есептіліктің қосымшасына көңіл аударыңыз; және
 - (b) Аталған оқиғалар мен шарттар елеулі белгісіздік бар деп көрсетілген мемлекеттер ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру

қабілетіне күмән келтіретін және аудитор пікірі осы сұраққа қатысты өзгермейді.

Қаржылық Есептілікте Елеулі Белгісіздік Жеткілікті Түрде Ашып Көрсетілмеген

23. Егер қаржылық есептілікте елеулі белгісіздік туралы жеткілікті ашып көрсету жасалмаған болмаса, аудитор келесілерді орындауы тиіс: (Сілт: Тарм. А32–А34)
- (a) ХАС 705 (қайта қарастырылған)⁵ сәйкес орынды болса білікті пікір немесе теріс пікір білдіруі тиіс; және
 - (b) Аудиторлық есептің Білікті (Жағымсыз) пікірі бөлімі үшін Негізде елеулі белгісіздіктің бар болуы ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне елеулі күмән келтіруі мүмкін және қаржылық есептіліктер бұл мәселені жеткілікті аша алмайды.

Ұйым Басшылығы Өз Бағалауын Жүргізгісі Немесе Созғысы Келмейді

24. Егер ұйым басшылығы аудитор өтініші бойынша өз бағалауын жүргізгісі келмесе немесе бағалауды созғысы келмесе, аудитор аудиторлық есеп үшін зардаптарды анықтауы керек. (Сілт: Тарм. А35)

Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас

25. Барлық өкілетті тұлғалар ұйымды басқаруға қатысқанша,⁶ аудитор барлық өкілетті тұлғаларды ұйымның қызметін жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі күдік туғызатын, анықталған жағдайлар туралы хабардар етуі тиіс. Мұндай өкілетті тұлғалармен байланысу мыналарды қамтиды:
- (a) Жағдайлар немесе шарттар елеулі бір түсініксіздікті құрастырады ма, жоқ па;
 - (b) Бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметін жалғастыру қаржылық есептіліктің дайындалуына, көрсетуіне тән болады ма, жоқ па;
 - (c) Қаржылық есептіліктердегі қатысты ашып көрсетулердің жеткіліктілігі; және
 - (d) Қаржылық есептілікке байланысты ашулардың барлығы.

⁵ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Пікірді Түрлендіру*

⁶ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас*, 13 тармақ

Қаржылық Есептілікті Бекіту Кезіндегі Елеулі Кідіріс

26. Баланс күнінен кейін ұйым басшылығы қаржылық есептілікті қолдануды немесе оған қол қоюды кешіктірсе, аудитор оның себептерін қарастырады. Егер кешіктіру үздіксіз қызмет туралы жорамалға қатысты жағдайларға байланысты болса, аудитор 16 тармақта көрсетілген елеулі түсініксіздікке қатысты аудитордың қорытындысына ықпалы сияқты 18 тармақта көрсетілген қосымша аудиторлық шаралардың орындау қажеттілігін қарастырады.

Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал

Бұл ХАС ауқымы (Сілт: Тарм. 1)

- A1. ХАС 701⁷ аудиторлық есептегі негізгі аудит мәселелерін байланыстыру үшін аудитор жауапкершілігімен мәміле жасайды. ХАС 701 қолданған кезде үздіксіз қызметке қатысты мәселелер аудиттің негізгі мәселелері болып анықтала алатынын бұл ХАС растайды және ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеті елеулі күмән келтіретін шарттар мен оқиғаларға қатысты елеулі белгісіздік табиғаты бойынша аудиттің негізі мәселесі⁸ деп түсіндіреді.

Бухгалтерлік Есеп Үздіксіз Қызметі (Сілт: Тарм.2)

Қоғамдық Сектор Ұйымдарын Қарастыру

- A2. Басшылықтың бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметі туралы жорамалы қоғамдық сектордағы ұйымдарға тән болады. Мысалы, Қоғамдық сектор үшін қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚСҚЕХС) 1 қоғамдық сектордағы ұйымның қызметін жалғастыру қабілеті мәселесін реттейді.⁹ Үздіксіз қызмет тәуекелдері туындауы мүмкін, бірақ қоғамдық сектор ұйымдары пайда алу негізінде жұмыс істейтін, қоғамдық қолдау төмендетілуі немесе жойылуы мүмкін немесе жекешелендіру жағдайларымен шектелмеген. Қоғамдық сектордағы ұйымның қызметін жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі күдік туғызатын жағдайларда қоғамдық сектор ұйымы өз үздіксіз қызметі үшін қаражаты жетіспейтін немесе қоғамдық сектор ұйымы көрсететін қызметіне ықпал ететін саяси шешімдер қабылданған жағдайлар анықталады.

⁷ 701 ХАС, *Тәуелсіз Аудитор Есебінде Негізгі Аудит Мәселелерін Хабарлау*

⁸ 701 ХАС 15 және 41 тармақтарын қараңыз.

⁹ 1 ҚСҚЕХС, *Қаржылық Есептілікті Ұсыну*, 38-41 тармақтар

Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Қызметтер

*Ұйымның Үздіксіз Қызметті Жалғастыру Қабілетіне Елеулі Күмән Келтіруі Мүмкін Шарттар Мен Оқиғалар (Сілт: Тарм. **Error! Reference source not found.**)*

А3. Төменде жағдайлар мен шоттар келтірілген, олар бөлек немесе ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне ерекше күмән туғызуы мүмкін. Бұл тізім толық емес және бір немесе одан да көп ұқсас жағдайлардың болуы елеулі түсініксіздіктің бар екенін барлық кезде білдіре бермейді.

Қаржылық

- Таза міндеттемелердің немесе таза ағымдық міндеттемелердің күйі.
- Жедел қарыздық қаражат, оларды өтеу күнінің мерзімін ұзарту немесе өтеудің реалистік мүмкіншілігінсіз жақындауда, немесе ұзақ мерзімді активтерді қаржыландырудың қысқа мерзімді қарыздарға тәуелділігі.
- Кредиторлар тарапынан көрсетілетін қаржылық қолдаудан бас тарту ерекшеліктері.
- Бастапқы немесе перспективті қаржылық есептілікте көрсетілген теріс операциялық ақша қозғалыстары.
- Маңызды қаржылық кері пропорциялар.
- Операциялық қызметтен болатын елеулі зияндар немесе ақша ағымын генерациялау үшін пайдаланылатын актілер құнының елеулі кемуі.
- Төлемді тоқтату немесе дивидендтер төлеу бойынша қарыз.
- Кредиторлық берешекті мерзімінде төлей алмау.
- Несие келісімдерінің шарттарын орындай алмау.
- Қамтамасыз етушілермен несиеден факт бойынша төлемге есептесу шартындағы өзгерістер.
- Маңызды жаңа өнім жасауға немесе басқа қажетті инвестиция үшін қаржы ала алмау.

Операциялық

- Басшылықтың мақсаты ұйымның қызметін немесе әрекеттерін тоқтату.
- Алмасусыз басқару кілтінен айрылып қалу.

- Негізгі нарықтантан, негізгі клиенттен, франшизден, лицензиядан немесе негізгі қамтамасыз етушіден айрылу.
- Еңбек ресурстарымен болған күрделі жағдай.
- Маңызды материалдар мен ресурстар тапшылығы.
- Аса табысты бәсекелестің пайда болуы.

Басқасы

- Капиталға қатысты талаптарға немесе қаржылық институттар заң немесе қаржы институттары үшін төлем қабілеттілігі немесе өтімділік талаптар секілді нормативтік ережелер талаптарына және сәйкес келмеуі.
- Соттың немесе реттеу органдарының аудитке қарсы істі қарауы, сот шешімін қолайлы шығындарда қанағаттандыру ықтималдылығы аз болатын талаптарға әкелуі мүмкін.
- Үкімет заңында немесе саясатындағы өзгерістер, олар ұйым қызметіне теріс ықпал етеді.
- Олар пайда болған кезінде сақтандырылмаған апаттары.

Мұндай жағдайлардың маңыздылығы басқа факторлармен жұмсартылады. Мысалы, өтеу мерзімінің жақындауына қарай, ұйымның қарызды өтей алмау ықпалы ұйым басшылығының ақша ағымын альтернативті құралмен қолдау жоспарымен өтелуі мүмкін, мысалы, активтерді сату, несие бойынша төлеу мерзімдерін қайта қарау немесе қосымша капиталды пайдалану. Сол сияқты негізгі қамтамасыз етушіні жоғалту немесе қамтамасыз етудің ыңғайлы балаламалық көзімен жұмсартылуы мүмкін.

- A4. 10 тармаққа сәйкес тәуекелді бағалау аудиторға басшылықтың бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметі туралы жорамалды пайдалану маңыздылығын, аудиттің жоспарлауға өз ықпалын анықтауға көмек береді. Бұл шаралар нәтижесінде басшылықпен олардың жоспарларын және кез келген анықталған үздіксіз қызмет мәселелерін шешу туралы дер кезіндегі талқылаулар туындайды.

*Шағын Ұйымдарды Қарастыру (Сілт: Tap. **Error! Reference source not found.**)*

- A5. Ұйымның мөлшері теріс жағдайларға төзуге қабілетіне ықпал етуі мүмкін. Шағын ұйымдар мүмкіншіліктерді тез пайдалана алады, бірақ операцияларды жүзеге асыру үшін резервтер жетіспеушілігі болуы мүмкін.
- A6. Шағын ұйымдарға ерекше сипаттағы сәйкестік жағдайлары банктер және басқа несие берушілер ұйымды қолдауды тоқтатуы мүмкін тәуекелді, сонымен қоса негізгі қамтамасыз етушіні, ірі қолданушыны,

негізгі қызметкерді немесе лицензия, франшиза немесе басқа заңды келісімдер бойынша операциялауға құқығын жоғалту ықтималдығын анықтайды.

Жағдайлар Немесе Шарттар Жөніндегі Аудиторлық Дәлел Аудиті Барысында Қырағылықты Сақтау (Сілт: Тарм. 11)

- A7. 315 ХАС-ке (Қайта қарастырылған) сәйкес аудитор аудиторлық тәуекелді бағалауға қарап, қосымша аудиторлық дәлел аудиторлық тәуекелді бағалауға ықпал ететін аудит барысында алынған бұдан әрі аудиторлық шараларды жетілдіруі тиіс.¹⁰ Егер ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі күдік туғызатын жағдайлар аудиторлық тәуекел бағаланғаннан кейін анықталса, 16 тағы шараларды толтыру ретінде, аудиторлық елеулі бұрмалау тәуекелін бағалау қайта қаралуы керек. Осындай жағдайлардың бар болуы, сондай-ақ бағаланған тәуекелге қатысты аудиторлық бұдан әрі шаралардың сипатына, мерзіміне, деңгейіне ықпал етеді. 330 ХАС¹¹ бұл мәселе жөніндегі нұсқау мен талаптарды ұсынады.

Басшылық Бағалауына Баға Беру

Басшылықтың Бағалауы, Жәрдемші Талдама Және Аудитордың Ақылға Қонымдылығын Анықтау (Сілт: Тарм. 12)

- A8. Басшылықтың ұйымның бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалауы, аудитор басшылықтың үздіксіз қызметі туралы жорамал пайдалануын қарастыруының негізгі бөлігі болып табылады.
- A9. Аудитор басшылықтың талдамасы жетіспеушілігін толықтыруға жауапкершілікте болмайды. Кейбір жағдайда, алайда, басшылықтың бөлшекті талдамасы жетіспеушілігі аудиторға басшылықтың бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметі туралы жорамал пайдалануы жағдайларға тән болатыны бойынша қорытындыға келуге кедергі жасамайды. Мысалы, пайдалы әрекеттердің тарихы болса және қаржылық қорларға рұқсат етілсе, басшылық бөлшекті талдамасы өз бағасын береді. Егер аудитордың басқа аудиторлық шаралары аудиторға басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамал пайдалану жағдайларына сәйкес келуін анықтауға мүмкіншілік беруге жеткілікті болса, осыған сәйкес аудитор басшылықтың дұрыстығын бағалауын бөлшекті бағалау шараларынсыз орындалуы мүмкін.

¹⁰ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 31 тармақ

¹¹ 330 ХАС, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап Ретіндегі Аудиторлық Шаралар*

A10. Басқа жағдайларда басшылықты басшылықтың ұйымның бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызмет жалғастыру қабілетіне баға беруінің ақылға қонымдылығын анықтауда 12 тармақта көрсетілгендей басшылықтың процесін қарастыру, бағалауға негізделетін қорытындылар, басшылықтың келешек шарасының жоспары, басшылықтың жоспарлары жағдайларына тән болуы анықталды.

Басшылықтың Бағалау Кезеңі (Сілт: Тарм. 13)

A11. Басшылықтың бағалауын талап ететін көпшілікті қаржылық есеп жүйелері басшылық барлық жетімді ақпаратты есепке алуы тиіс кезеңді көрсетуді белгілейді.¹²

Шағын Ұйымдарды Қарастыру (Сілт: Тарм. 12-13)

A12. Көп жағдайда шағын ұйымдар басшылығы ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыруға жіті бағалауды дайындамауы мүмкін, бірақ бизнес пен күткен келешектегі болжамдар туралы терең білімге сүйенуі мүмкін. Дегенмен, бұл ХАС-ке сәйкес аудитор басшылықтың ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыруға қабілетін бағалауы керек. Шағын ұйымдар үшін, егер басшылықтың пікір-таластары жеткілікті құжатталған дәлел арқылы қуатталса, ұйым туралы аудиторлық білімге сәйкес келмесе, басшылық ұйымның орта мерзімді мен ұзақ мерзімді қаржыландырылуын талқылауы қажет. Атап айтқанда, басшылыққа өз бағалауын созуға сұрау аудитор үшін 13 тармақтағы талқылаумен шектелуі мүмкін, сауалнама мен көмекші құжаттарды зерттеу меншіктеледі, мысалы, келешектегі жеткізілім үшін алынған тапсырыстар.

A13. Иегер-басқарушылардың толассыз қолдауы әдетте шағын ұйымдардың үздіксіз қызметті жалғастыруға қабілетіне маңызды болады. Шағын ұйымды иегер-басқарушылар үлкен мөлшерде қаржылындырса, бұл қаражат бас тартылмауы мүмкін жағдай орын алады. Мысалы, жағдайдың қиындығында Шағын ұйымның үздіксіз қызметі банктер немесе басқа несие берушілер мүдделері үшін ұйымға несиені бағындыратын иегер-басқарушыға, немесе қосымша ретінде оның жеке активтерімен бірге кепілдеме қамсыздандыру арқылы ұйымға несиені қолдайтын иегер-басқарушыға тәуелді болады. Осыған сәйкес, аудитор иегер-басқарушының заемы немесе кепілдемесіне тәуелді болуы жөніндегі тиісті құжаттық дәлел алуы мүмкін. Ұйым иегер-басқарушының қосымша қолдауына тәуелді болса, аудитор иегер-басқарушының қолдауы және келісімі бойынша міндеттемеге сәйкес келу қабілетінің қонымдылығын анықтайды. Қосымшаға, аудитор

¹² Мысалы, 1 ХАС-ке сәйкес кезең кем дегенде есеп беру кезеңінен бастап он екі ай болуы тиіс, бірақ он екі ай кезеңімен шектелмейді.

қолдауға, иегер-басқарушының ниетіне, біліміне сәйкес келетін шарттарды, жағдайларды жазбаша түрде растауды сұрауы мүмкін.

Басшылық Бағалауымен Қамтылмайтын Кезең (Сілт: Тарм. 15))

A14. 11 тармаққа сәйкес, аудитор белгілі оқиғаларға, күн ілгері белгіленген оқиғаларға, немесе қаржылық есептілікті даярлағанда басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалды пайдалануының тиістілігіне күдікті күмән келтіруі мүмкін, басшылық қолданатын бағалаудан кейін пайда болатын жағдайлардың ықтимал болуының қырағы болып қалады. Жағдай немесе оқиға нәтижесімен байланысты түсіністіксіздіктің деңгейі келешекте жағдайларды немесе оқиғаларды қарастыру кезінде өсетіндіктен, аудитор бұдан әрі шараны қолға алғанына дейін үздіксіз қызмет туралы жорамал мәселесінің маңызы болуы керек. Егер мұндай жағдайлар немесе оқиғалар анықталса, аудитор ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыруға, қабілетін бағалаудың өзі жөніндегі жағдайын немесе оқиғаның елеулі маңызының қонымдылығын анықтау үшін басшылықты өтінуі керек болуы ықтимал. Осыған сәйкес 16 тармақта шаралары қолданылады.

A15. Басшылықтың өтінішіне қарамай аудитор 13 тармақта көрсетілгендей қаржылық есептілікті шығару күнінен бастап кем дегенде он екі ай болатын, басшылық бағалаған кезеңнен тыс ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайларды немесе оқиғаларды анықтау үшін басқа аудиторлық шараларды орындауға жауапты болмайды.

Жағдайлар Мен Шарттарды Анықтаудағы Қосымша Аудиторлық Рәсімдер (Сілт: Тарм. 16)

A16. 16 тармақтағы талапқа сай келетін аудиторлық шаралар мыналарды қамтиды:

- Ұйым басшылығымен ақша ағымы, пайда және басқа салыстырмалы мәселелерге қатысты болжамдарды талдау және талқылау.
- Кәсіпорынның соңғы, қол жетімді, аралық қаржылық есептіліктерін талдау және талқылау.
- Қарыз міндеттемелері мен несие келісімдерінің жағдайларына шолу жасау және олардың біреуінің бұзылуын анықтау..
- Акционерлер жиналысының, директорлар кеңесінің және маңызды комитет кеңесінің хаттамаларымен қаржы қиыншылықтарына сілтеме жасау үшін танысу.
- Ұйым заңгерлерінен сот талаптары және ұйым басшылығының олардың нәтижелеріне қатысты бағалауының ақылға

қонымдылығы туралы ақпарат алу және олардың қаржы зардаптарын бағалау.

- Байланысқан және үшінші жақтармен қаржылай қамтуды қолдау үшін келісімдердің бар екенін, олардың заңды екенін және жүзеге асыруға мәжбүрлі екенін растау, сонымен қатар ондай жақтардың қосымша қаражат беруіне қаржылық қабілетін бағалау.
- Қолданушылардың орындалмаған тапсырыстарына қатысты ұйым жоспарын қарастыру.
- Ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін әлсірететін немесе бір жағдаймен ықпал ететін жағдайларды сәйкестендіру үшін кезеңі біткен соң жағдайға шолу жүргізу.
- Қарыздық мекемелер бар екенін және шартымен, барабарлығын растау.
- Реттеуші актілердің есептерін алу мен оларға шолу.
- Активтерді кез келген жоспарланған пайдаланылуына қолдаудың барабарлығын анықтау.

Келешек Шаралары Үшін Басшылықтың Жоспарларын Бағалау (Сілт: Тарм. 16(b))

A17. Келешек шаралары үшін басшылықтың жоспарларын бағалауға активтерді жойып тарату, ақша несиеге алу немесе қарызды құрылыстыру, шығындарды төмендету немесе капиталды арттыру кіреді.

Басшылықтың Бағалау Кезеңі (Сілт: Тарм. 16(c))

A18. 16 (c) тармаққа сәйкес шаралармен қосымшаларға аудитор:

- Жақындағы немесе бұрынғы кезең ішіндегі келешегі бар қаржылық ақпаратын өткен нәтижемен; және
- Ағымдағы кезең ішіндегі келешегі бар қаржылық ақпаратын сол кезде қол жеткізген нәтижелермен салыстыруы мүмкін.

A19. Басшылықтың жорамалдарына үшінші жақтардың толассыз қолдауы кіретін жағдайда, заемдарды бағындыру арқылы, қосымша ақшалай қамтуда қолдау үшін міндеттер, немесе кепілдемелер мен сол сияқты қолдау субъектінің үздіксіз қызметін жалғастыруға қабілетіне маңызды болса, аудитор үшінші жақтардан жазбаша ұсынымдарын сұрауда қарастыруы керек болуы мүмкін, сол сияқты қолдау қамсыздандыруға олардың қабілеті бойынша дәлел алуы керек болуы мүмкін.

Жазбаша ұсынымдар (Сілт: Тарм. 16(е))

A20. Аудитор үздіксіз қызмет бағалануына және осы жоспардың орындалуына қарай болашақ әрекеттер үшін басшылық жоспарына қатысты алынған аудит дәлелдемелеріне көмек ретінде 16 тармақта талап етілгендерден бөлек арнайы жазбаша ұсынымдар алуды орынды деп табуы мүмкін.

Аудиторлық Қорытындылар

Ұйымның Үздіксіз Қызметті Жалғастыру Қабілетіне Елеулі Күмән Келтіретін Шарттар Мен Оқиғаларға Қатысты Елеулі Белгісіздік (Сілт: Тарм.18–19)

A21. «Елеулі түсініксіздік» деген фраза қаржылық есептілікте ашып көрсетуі болуы мүмкін ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне ықпал етуі мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға қатысты түсініксіздікті талқылауда 1 ХАС-та қолданылады. Кей басқа қаржылық жүйелеріне сәйкес «елеулі түсініксіздік» бірдей жағдайларда қолданылады.

Шарттар Мен Оқиғалар Анықталған Және Елеулі Белгісіздік Бар Болған Кездегі Ашып Көрсетудің Дұрыстығы

A22. 18 тармақ оқиғаларға немесе жағдайлардың әлеуетті әсер магнитудасы және пайда болу ықтималдығы тиісті ашып көрсету сияқты әділ ұсынуға (әділ ұсыну жүйесі үшін) қол жеткізу үшін қажетті немесе қаржылық есептілік үшін жаңылыстырмайтын (көнгіштік шеңбері үшін) болған кезде елеулі белгісіздік болатындығын түсіндіреді. Аудитор 18 тармақ талап еткендей қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі елеулі белгісіздікті қалай анықтайтындығынына қарамастан елеулі белгісіздік бар деп қорытынды жасайды.

A23. 19 тармақтағы қаржы есептілігін ұсынуды осы тармақта баяндалған мәселелерді шешу екендігін анықтау үшін аудитор талап етеді. Бұл анықтау қолданыстағы қаржылық есептілікке сәйкес талап етілетін елеулі белгісіздік туралы ақпаратты ашып көрсету, барабар бар-жоғына аудитор қосымша болып табылады. 19 тармақтағы баяндалған мәселелерге қосымша кейбір қаржылық есептіліктің тұжырымдама талап етілетін ашып көрсетулер туралы ақпаратты ашып көрсету қамтуы мүмкін:

- Өз міндеттемелерін орындау үшін ұйымның қабілетіне қатысты оқиғалардың немесе жағдайлардың маңызын басшылықтың бағалауы; немесе
- Ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалаудың бір бөлігі ретіндегі басшылықтың жасаған маңызды пікірлері.

Кейбір қаржылық есеп беру жүйелері негізгі оқиғаларға немесе жағдайларға ықтимал әсер ету шамасы, және олардың пайда болу ықтималдығы мен уақыты туралы ақпаратты ашып басшылықтың қарауына қатысты қосымша нұсқау көрсете алады.

Шарттар Мен Оқиғалар Анықталған Бірақешқандай Елеулі Белгісіздік Болмаған Кездегі Ашып Көрсетудің Дұрыстығы (Сілт: Тарм. 20)

A24. Ешқандай елеулі белгісіздік болмаған кезде 20 тармақ аудитордың қолданбалы қаржылық есептілік жүйесінің талаптарына сай қаржылық есептілік ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетіне елеулі күмән келтіруі мүмкін шарттар мен оқиғалар туалы жеткілікті ашып көрсетуді қамтамасыз ететіндігін бағалауын талап етеді. Кейбір қаржылық есеп беру жүйелері келесідей ақпаратты ашып көрсетулерге жүгінуі мүмкін:

- Негізгі оқиғалар мен шарттар;
- өз міндеттемелерін орындау үшін ұйымның қабілетіне қатысты осы оқиғаларға немесе жағдайлардың маңызды басшылықтың бағалауы;
- Осы оқиғаларға немесе жағдайларға әсерін төмендетуге Басшылықтың жоспарлары; немесе
- ұйымның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалаудың бір бөлігі ретіндегі басшылықтың жасаған маңызды пікірлері.

A25. Қаржылық есептілікәділ ұсыну жүйесімен сәйкес дайындалған кезде қаржы есептілігі жалпы ұсынуды, құрылымы мен мазмұнын қоса алғандағы әділ ұсынуға қол жеткізуін және қаржылық есептіліктер, әділ ұсынуға жеткізеді тәртіппен негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды білдіретін тиісті ескертпелерді қоса алғанда аудитордың бағалауы.¹³ Фактілер мен жағдайларға байланысты, аудитор қосымша ашуды әділ ұсынылуына жету үшін қажетті екенін анықтай алады. Бұл жағдайда болуы мүмкін, мысалы, оқиғалар немесе жағдайлар алынған аудиторлық дәлелдер негізінде ұйымның болашақта өз қызметін жалғастыра қабілетін, бірақ, Мұндай жағдайларда қатысты қолданыстағы қаржылық есептілік бойынша қажетті елеулі күмән мүмкін екенін анықталған кезде, аудитор ешқандай елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға, және жоқ ашып көрсетулер анық болады.

¹³ ХАС 700 (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік бойынша Пікір Қалыптастыру және Есеп жүргізу*, 14 тармақ

Аудитор Есебі Үшін Салдарлар

Бухгалтерлік Есеп Үздіксіз Қызмет Негізін Қолданудың Сәйкес келуі (Сілт: Тарм. 21)

- A26. Егер қаржылық есептілік бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметі негізінде дайындалса, бірақ аудитордың пікірінше, ұйым бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметін жалғастыра алмаса, аудитор теріс пікір айтуы керек. 21 тармаққа сәйкес аудитор ашылудың жасалған, жасалмағанына қарамай, қаржылық есептілікті дайындауда пайдаланылған бухгалтерлік есеп негіздері үздіксіз қызметі туралы жорамал барабар емес екені туралы шешім шығарып, теріс пікір айтады.
- A27. Есепке алу толассыздығын негізге пайдалану жағдайларға лайықты болмаса, басқару, басқа негізде қаржылық есептілікті (мысалы, тарату негізі) дайындау үшін, қажет болуы мүмкін, немесе сайлауға құқылы. аудитор бухгалтерлік есептің басқа негізі мән-жайлар қолайлы екенін анықтайды көзделгеннен қаржылық есептілік аудитін орындауға қабілетті болуы мүмкін. аудитор қаржылық есептілік бойынша өзгертілмеген пікірін білдіруге қабілетті болуы мүмкін, онда қаржылық есептілік дайындалған онда есепке алу негізі туралы ондағы барабар ақпаратты ашып көрсету болып табылады, бірақ сәйкес тармақтың баса қамтитын, ол тиісті немесе қажетті қарастыра алады қамтамасыз ХАС 706 бар (Қайта қарастырылған)¹⁴есепке алу және оны пайдалану себептерін деп баламалы негізде пайдаланушының назарын аудару аудиторлық есепте.

Бухгалтерлік Есеп Толассыздығын Негізге Пайдалану Орынды Болып Табылады, Бірақ Елеулі Белгісіздік (Сілт: Тарм. 22–23)

- A28. Елеулі белгісіздік сәйкестендіру қаржы есептілігін пайдаланушылардың түсіну маңызды болып табылады мәселе болып табылады. алаңдаушылық бара байланысты елеулі белгісіздік осы мән туралы ескертулер пайдаланушылар бар екенін іс жүзінде сілтеме қамтитын тауар позициясына сәйкес жеке бөлімде пайдалану.
- A29. Осы ХАС-тың қосымшасында кезде қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептің енгізілуі талап етіледі есептілігін (ХҚЕС) мысалдары берілген қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі болып табылады. Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына басқа қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі пайдаланылған жағдайда, осы ХАС-

¹⁴ ХАС 706 (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Маңызды Тармақтар Түсініктемесі*

қосымшасында ұсынылған иллюстрациялық есептілігі жағдайдың өзге қаржылық есептіліктің тұжырымдама қолдануды көрсету үшін бейімделген қажет болуы мүмкін.

A30. 22 тармақта сипатталған жағдайларда әрбір аудиторлық есепте ұсынылуға тиіс ең төменгі ақпаратты белгілейді. аудитор түсіндіруге мысалы, қажетті есептілікті толықтыруға қосымша ақпаратты ұсынуға құқылы:

- Елеулі белгісіздік болуы қаржы есептілігін пайдаланушылардың түсіністігі үшін маңызды болып табылады;¹⁵ немесе
- Бұл мәселелер қалай аудитке жүгінілді. (Сілт: Тарм. А1)

Қаржылық Есептілікте Елеулі Белгісіздік Туралы Тиісті Түрде Ашып Көрсету (Сілт: Тарм. 22)

A31. Осы ХАС Қосымшасында келтірілген 1 Көрнекілікте аудитор бухгалтерлік есепте қолданылатын, қызметтің үздіксіз қағидасын басшылықпен қолдану заңдылығына қатысты тиісті жеткілікті аудиторлық дәлелдеме алатын жағдайда шығарылатын, бірақ елеулі белгісіздік орын алатынына қарамастан, қаржылық есептемеде ашылған ақпарат бірдей болып келеді. ХАС 700 (Қайта қарастырылған) Қосымшасында қызметтің үздіксіздігіне байланысты кез келген мекеме үшін аудиторлық қорытындыға кіруі қажет тұжырымдаманың мысалы, және қаржылық есептемеге жауап беретін тиісті тұлғалардың міндеттерін және қызметтің үздіксіздігіне қатысты аудитордың міндетінің сипаттамасы келтірілген.

Қаржылық Есептілікте Елеулі Белгісіздік Туралы Жеткілікті Түрде Ашып Көрсетілмеген (Сілт: Тарм. 23)

A32. Осы ХАС Қосымшасында келтірілген 2 және 3 көрнекіліктерде аудитор бухгалтерлік есепте қолданылатын, қызметтің үздіксіз қағидасын басшылықпен қолдану заңдылығына қатысты тиісті жеткілікті аудиторлық дәлелдеме алатын жағдайда шығарылатын, ескертпемен пікір және теріс пікір болатын аудиторлық қорытындының мысалдары көрсетілген, бірақ қаржылық есептемеде елеулі белгісіздіктің болуы туралы сәйкес ақпараттар ашылмайды.

A33. Тұтастай алғанда қаржылық есеп үшін елеулі болып табылатын бірнеше белгісіздік қатысуымен жағдайларда, аудитор ХАС 705 22-тармағында талап етілетін есептілігінің соның ішінде көзқарастан бас орнына білдіруге өте сирек жағдайларда, ол тиісті қарастыра алады (қайта қарастырылған) туралы нұсқау береді.¹⁶

¹⁵ ХАС 706 (Қайта қарастырылған), А2 тармақ

¹⁶ ХАС 705 (Қайта қарастырылған), 10 тармақ

Реттеушілермен Байланыс (Сілт: Тарм. 22–23)

А34. Реттелетін тұлғаның аудитор аудиторлық есепте алаңдаушылық мәселелерді бара сілтеме қамтуы қажет болуы мүмкін деп санаса, аудитор қолданыстағы нормативтік, қорғау немесе бақылаушы органдармен қарым-қатынас міндетті болуы мүмкін.

Ұйым Басшылығы Өз Бағалауын Жүргізгісі Немесе Созғысы Келмейді (Сілт: Тарм. 24)

 - (a) Қаржылық есептілікке енгізілген салыстырмалы ақпарат барлық елеулі қатынастарда салыстырмалы ақпарат жөнінде қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіндегі талаптарға сәйкес көрсетілгені бойынша жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алу; және
 - (b) Есеп беру бойынша аудитор жауапкершілігіне сәйкес есеп беру.

¹ 510 ХАС, *Бастапқы Аудиторлық Келісімдер- Алғашқы Сальдолар*

Анықтамалары

6. Осы ХАС мақсаттары үшін келесі терминдер төменде келтірілген мағыналарға ие:
- (a) Салыстырмалы ақпарат – Қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес бір немесе көп өткен кезең бойынша қаржылық есептілікке енгізілген сомалар немесе ашулар.
 - (b) Сәйкес көрсеткіштер – Алдыңғы мерзімдегі сомалар мен ашып көрсетулер ағымдағы мерзімдегі қаржылық есептіліктің бір бөлігі ретінде енгізілген және ағымдағы мерзіммен байланысты сомалар және басқа ашып көрсетулер мән мәтінінде оқуға арналған жағдай («ағымдағы мерзім көрсеткіштері»). Осы байланыстырылатын көрсеткіштер жеке қарастыруға болатын қаржылық есептілік емес, бірақ ағымдағы мерзімнің қаржылық есептіліктің ағымдағы мерзім көрсеткіштерінің мән мәтінінде қарастырылатын ажырамас бөлігі болып саналады.
 - (c) Салыстырмалы қаржылық есептілік – Алдыңғы мерзімдегі сомалар мен басқа ашып көрсетулер ағымдағы мерзімнің қаржылық есеп беруімен салыстыру үшін қолданылатын, бірақ ағымдағы мерзім үшін қаржылық есептіліктің бөлігі болып саналмайтын жағдай. Салыстырмалы қаржылық есептілікке енгізілген ақпараттың деңгейі ағымдағы мерзімнің қаржылық есеп беруімен салыстырылады.

Бұл ХАС үшін «өткен кезең» сілтемесі «өткен кезеңдер» ретінде оқылады, егер салыстырмалы ақпарат бір немесе одан да көп кезең бойынша сомаларды немесе ашып көрсетулерді анықтаса.

Талаптары

Аудиторлық Рәсімдер

7. Аудитор қаржылық есептілік қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес талап етілетін салыстырмалы ақпаратты қамтиды ма, жоқ па, және сондай ақпарат тиісті түрде топтастырылды ма, жоқ па деп санауы қажет. Және оған аудитордың төмендегіге берген бағалары кіреді:
- (a) Салыстырмалы ақпарат алдыңғы мерзімде ұсынылған сомалармен және басқа ашып көрсетулермен сәйкес келеді ме, немесе тиісті түзетулер немесе ашып көрсетулер жасалды ма; және
 - (b) Салыстырмалы ақпаратта көрсетілген есеп саясат ағымдағы мерзімнің есеп саясатына сәйкес пе, немесе тиісті түзетілер немесе ашып көрсетулер жасалды ма.

8. Егер ағымдағы кезеңдегі аудитті орындау кезінде аудитор салыстырмалы ақпараттың ықтимал елеулі бұрмалануын білсе, онда аудитор елеулі бұрмалаулардың орын алу-орын алмауы анықтау үшін жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алуға қажетті болатыны ретінде сол сияқты қосымша аудиторлық шараларды орындауы тиіс. Егер аудитор алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша аудитын орындаса, онда ол сонымен қоса 560 ХАС² талаптарына сәйкес келуі тиіс. Егер алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі түзетілген болса, онда аудитор салыстырмалы ақпарат түзетілген қаржылық есептілікпен келісілгендігіне шешуі тиіс.
9. 580 ХАС³ сәйкес аудитор аудиторлық пікірде айтылған барлық кезеңдер бойынша жазбаша ұсынымдарды өтінеді. Аудитор сондай-ақ салыстырмалы ақпаратқа ықпал ететін алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі елеулі бұрмалануындағы түзетулерге қатысты жазбаша ұсынымды алады. (Сілт: Тарм. А1)

Аудит бойынша Есеп Беру

Сәйкес көрсеткіштер

10. Сәйкес көрсеткіштер көрсетілсе, аудиторлық пікір бойынша нақты сілтемелер 11, 12 және 14-шы тармақтарда қарастырылған жағдайларда ғана аудиторлық есепте көрсетіледі. (Сілт: Тарм. А2)
11. Егер алдыңғы кезеңдегі аудиторлық есепте, бұрын берілгендей, білікті пікір, пікірді ескерту немесе теріс пікір болған болса және өзгеріске себеп болған мәселе шешілмеген болса, аудитор аудитордың пікірін ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілікте өзгертеді. Аудиторлық есеп берудегі Өзгерістер үшін Негіздеме тармағында аудитор не:
 - (a) Ағымдағы кезеңнің мәселесіне ықпалдар немесе ықтимал ықпалдары елеулі болғанда, түрлендіру керектігін тудыратын мәселені сипаттауда ағымдағы кезеңнің көрсеткіштері мен сәйкес көрсеткіштердің екеуін қарастырады; немесе
 - (b) Басқа жағдайда, келесі түсіндіреді: аудиторлық пікір модификацияланды, себебі ағымдағы кезеңнің көрсеткіштері мен сәйкес көрсеткіштердің салыстырылатындығына шешілмеген мәселенің ықпалдары мен ықтимал ықпалдары орын алады. (Сілт: Тарм. А3-А5)
12. Егер аудитормен алынған дәлел бойынша елеулі бұрмалаулар модификацияланбаған мәселе шығарылған алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігінде орын алса, сәйкес көрсеткіштер тиісті түрде

² 560 ХАС, *Кейінгі Жағдайлар*, 14-17 тармақтар

³ 580 ХАС, *Жазбаша Ұсыныстар*, 14 тармақтар

түзетілмесе, немесе сәйкесті ашып көрсетулер жасалса, аудитор енгізілген сәйкес көрсеткіштерге қарай модификацияланған ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есепте кәсіптік, теріс пікір айтуы қажет немесе пікір айтудан бас тартады. (Сілт: Тарм. А6)

Алдыңғы Аудитор Аудитті Орындаған Алдыңғы Кезеңнің Қаржылық Есептілігі

13. Егер алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі аудитін алдыңғы аудитор орындаса, және аудитор заңнамаға сай сәйкес көрсеткіштер бойынша алдыңғы аудитор есебіне сүйене алса немесе сүйенуге шешім қабылдаса, аудитор аудиторлық есепке Басқа Түсіндірмелі мәлімдейді:
 - (a) Алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі аудитін алдыңғы аудитор орындаған;
 - (b) Алдыңғы аудитор білдірілген пікір түрі және, егер пікір модификацияланса, соның себептері; және
 - (c) Есепті ұсыну күні. (Сілт: Тарм. А7)

Алдыңғы Кезеңнің Қаржылық Есептілігіне Аудитінің Жүргізілмеуі

14. Егер алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі аудиті орындалмаса, аудитор сәйкес көрсеткіштер аудитінің орындалмағаны бойынша ақпаратты Басқа да Маңызды тармақ аудиторлық есепте көрсетеді. Мұндай мәлімдеме, алайда, алғашқы сальдолар ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне елеулі әсер ететін бұрмалауларды анықтамайтыны туралы аудиторды жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел алуға аудитор жауапкершілігінен босатпайды. (Сілт: Тарм. А8)⁴

Салыстырмалы Қаржылық Есептілік

15. Салыстырмалы қаржылық есептілік көрсетілсе, аудиторлық пікір қаржылық есептілік көрсетілген мен аудиторлық пікір білдірілген әр кезеңге қатысты болады. (Сілт: Тарм. А9-А10)
16. Ағымдағы кезеңнің аудитімен байланысты өткен кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша есеп беру кезінде, егер сол сияқты өткен кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық пікір аудитор алдыңғы кезеңде айтқан пікірден ерекшеленсе, онда аудитор 706 ХАС⁵ (Қайта қарастырылған) сәйкес Басқа да Маңызды тармақ әр түрлі пікір шын мәніндегі себептерін ашып көрсетеді. (Сілт: Тарм. А11)

⁴ 510 ХАС, 6 тармақ

⁵ 706 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Маңызды Тармақтар Түсіндірмесі және Басқа да Маңызды Тармақтар*, 8 тармақ

Алдыңғы Аудитормен Аудит Жүргізілген Алдыңғы Кезеңнің Қаржылық Есептілігі

17. Егер алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі аудитін алдыңғы аудитор орындаса, ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша пікір айтуды толтыру ретінде, аудитор төмендегілерді Басқа да Маңызды тармақ ашып көрсетеді:
- (a) алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі аудитін алдыңғы аудитор орындаған;
 - (b) алдыңғы аудитор білдірілген пікір түрі және, егер пікір модификацияланса, соның себептері; және
 - (c) есепті ұсыну күні,
- алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша алдыңғы аудитор есебі қаржылық есептілікпен қайта шығарылған болса.
18. Егер аудитордың қорытындысы алдыңғы аудитор түрлендірусыз бұрында есеп берген алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігіне ықпал ететін елеулі бұрмалау орын алса, аудитор субъект басшылығының сәйкесті деңгейіне бұрмалау туралы, және, барлық өкілетті тұлғалар субъектті басқаруға қатысқанша,⁶ өкілетті тұлғаларға ақпарат беріп, алдыңғы аудиторды хабарлар етуді өтінеді. Егер алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі түзетілсе, және алдыңғы аудитор алдыңғы кезеңнің түзетілген қаржылық есептілігі бойынша жаңа аудиторлық есепті қайта жариялауға ризалылығын білдірсе, аудитор тек ағымдағы кезең бойынша ғана есеп береді. (Сілт: Тарм. А12)

Алдыңғы Кезеңнің Қаржылық Есептілігіне Аудиттің Жүргізілмеуі

19. Егер алдыңғы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиттелмеген болса, аудитор басқа мәселелердің тармағында салыстырмалы қаржылық есептілік аудиттелмегенін көрсетеді. Алайда мұндай есеп аудиторды бастапқы баланста ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер ететін бұрмалаушылықтар болмайтындығы туралы жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу талабынан босатпайды. (Сілт: Тарм. А13).⁷

Қолданбалы және Басқа Түсіндірме Материал

⁶ 260 ХАС, *Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас*, 13 тармақ

⁷ 510 ХАС, 6 тармақ

Аудиторлық Рәсімдер

Жазбаша Ұсынымдар (Сілт: Тарм. 9)

- A1. Салыстырмалы қаржылық есептілігі жағдайында, жазбаша ұсынымдар аудиторлық есепте баяндалған барлық кезеңдер бойынша жасалады, себебі субъект басшылығы алдыңғы кезеңде олар жасаған жазбаша ұсынымдар тиісті қалатынын қайта растауы керек. Сәйкес көрсеткіштер жағдайында, жазбаша ұсынымдар ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша жасалады, себебі аудитор сәйкес көрсеткіштерді қарастыратын қаржылық есептілік бойынша айтады. Алайда, аудитор салыстырмалы қаржылық есептілікке ықпал ететін алдыңғы кезеңнің қаржылық есеп елеулі бұрмалануын жою үшін мәлімделген кез-келген мәлімдеме жөніндегі ерекше жазбаша ұсынымды өтінеді.

Аудит бойынша Есеп Беру

Сәйкес Көрсеткіштер

Аудиторлық Пікірде Сілтеменің болмауы (Сілт: Тарм. 10)

- A2. Аудиторлық пікір сәйкес көрсеткіштерге қатысы жоқ, себебі аудиторлық пікір ағымдағы кезеңнің жалпы қолданыстағы қаржылық есептілігі, сәйкес көрсеткіштер бойынша айтылады.

Шешілмеген Өткен Кезең Бойынша Аудиторлық Есепті Түрлендіру (Сілт: Тарм. 11)

- A3. Өткен кезең бойынша аудиторлық есеп, бұрында шығарылған ретінде, кәсіптік пікір, пікір айтудан бас тарту, теріс пікірді анықтаса, және модификацияланған пікірді тудыратын мәселе қолданыстағы қаржылық есеп жүйесіне сәйкес қаржылық есептілікте есепке алынған немесе ашып көрсетілген болса, ағымдағы кезең бойынша аудиторлық пікір алдыңғы түрлендіруді қарастыруы қажет жоқ.
- A4. Өткен кезең бойынша аудиторлық есеп, бұрында шығарылған ретінде, модификацияланбаған болса, түрлендіруді тудыратын шешілмеген мәселенің ағымдағы кезеңнің көрсеткіштеріне қатысы болмайды. Дегенмен, кәсіптік пікір, пікір айтудан бас тарту, теріс пікір ағымдағы мен сәйкес көрсеткіштер салыстырылғандығына ықпалдар немесе ықтимал ықпалдары себебімен ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне қажет болады.
- A5. Аудиторлық есептің көрнекі мысалдары, егер алдыңғы кезең бойынша аудиторлық есеп модификацияланған пікір мен түрлендіруді тудыратын алдыңғы кезеңнің аудиторлық есебі шешілмесе, Қосымшаның 1 және 2 Көрнекіліктерінде орын алады.

Алдыңғы Кезеңдегі Қаржылық Есептіліктегі Бұрмаланулар (Сілт: Тарм. 12)

- А6. Өткен кезеңнің бұрмаланған қаржылық есептілігі түзетілмеген болса және аудиторлық есеп қайта шығарылмаса, бірақ сәйкес көрсеткіштер тиісті түрде қайта мәлімденген болса, немесе тиісті ашып көрсетулер ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша жасалған болса, аудиторлық есеп жағдайларды қарастыру, керек болса, қаржылық есептілікте табылуы мүмкін мәселені толығымен сипаттайтын ашуларға қатысты Маңызды тармақ Түсіндірмесін қосады. (706 ХАС (Қайта қарастырылған) қараңыз).

Алдыңғы Аудитормен Аудит Жүргізілген Алдыңғы Кезеңнің Қаржылық Есептілігі (Сілт: Тарм. 13)

- А7. Егер алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі аудитін алдыңғы аудитор орындаса, және аудитор заңнамаға сай сәйкес көрсеткіштер бойынша алдыңғы аудитордың есебіне сүйене алса, аудиторлық есептің көрнекі мысалы бұл Қосымшаның 3 Көрнекілігінде көрсетілді.

Аудит Жүргізілмеген Алдыңғы Кезең Қаржылық Есептілігі (Сілт: Тарм. 14)

- А8. Егер аудитор алғашқы сальдоға қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер ала алмаса, аудитордан тиісінше 705 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес қаржылық есептілік туралы білікті пікірін білдіруі немесе пікірден бас тартуын 705 ХАС⁸ (Қайта қарастырылған) талап етеді. Егер аудитор бастапқы баланста ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне елеулі әсер ететін бұрмалаушылықтар жоқ екендігі туралы жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу кезінде айтарлықтай қиындықтарға тап болса, аудитор мұны 701 ХАС⁹ сәйкес аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтай алады.

Салыстырмалы Қаржылық Есептілік

Аудитор Пікіріне Сілтеме (Сілт: Тарм. 15)

- А9. Салыстырмалы қаржылық есептілік туралы аудиторлық есеп ұсынылған кезеңдердің әрқайсысына арналған қаржылық есептілікке қатысты болғандықтан, аудитор басқа кезеңдегі қаржылық есептілікке басқа аудитордың пікірін білдіре отырып, білікті пікірін немесе теріс пікірін білдіруі, пікірден бас тартуы немесе бір немесе бірнеше кезеңге қатысты Маңыздылық Тармақ Түсініктемесін қамтуы мүмкін.
- А10. Аудитор ағымдағы жылдағы аудиторлық қызметке және алдыңғы кезеңге байланысты ағымдағы және өткен кезеңдегі қаржылық есептілік туралы есеп беруі қажет болса, аудиторлық есептің көрнекі

⁸ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитордың Есебіндегі Пікірге Өзгертулер*

⁹ 701 ХАС, *Тәуелсіз Аудиторлық Есебіндегі Аудиттің Негізгі Мәселелерін Хабарлау*

мысалы, өзгертілген пікір енгізілген және өзгеріске негіз болған мәселе шешілмеген, Қосымшаның 4 Көрнекілігінде келтірілген.

Өткен Кезеңнің Қаржылық Есептілігі Бойынша Алдыңғы Пікірден Ерекшеленетін Пікір Білдіру (Сілт: Тарм. 16)

A11. Ағымдағы кезеңнің аудитіне байланысты алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі туралы есеп беру кезінде, егер аудитор қаржылық есептілікке елеулі әсер ететін жағдайлар немесе оқиғалар туралы хабардар болса, алдыңғы кезеңдегі қаржылық есептілік туралы пікір бұрын айтылған пікірден өзгеше болуы мүмкін. Кейбір заңнамаларда аудитордың алдағы кезеңдегі қаржылық есептілікте аудитордың бұрын шығарылған есебіне тәуелді болуын болдырмауға бағытталған қосымша есеп беру міндеттері болуы мүмкін.

Алдыңғы Аудитормен Аудит Жүргізілген Алдыңғы Кезеңнің Қаржылық Есептілігі (Сілт: Тарм. 18)

A12. Алдыңғы аудитор алдыңғы кезеңдегі қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті қайта шығаруға қабілетсіз немесе оны шығарғысы келмеуі мүмкін. Аудиторлық есептің басқа тармағында алдыңғы аудитор түзетулер енгізілгенге дейінгі алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі туралы есеп бергені көрсетілуі мүмкін. Сонымен қатар, егер аудитор аудиторлық қызметпен айналысса және түзетудің орындылығы туралы қанағаттандыру үшін жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алса, аудиторлық есеп келесі абзацты да қамтуы мүмкін:

20X2 қаржы есептілігіне жүргізілген аудиттің шеңберінде біз сондай-ақ XX ескертпеде сипатталған 20X1 қаржы есептілігіне түзетулер енгізу үшін қолданылған түзетулерді тексердік. Біздің ойымызша, мұндай түзетулер орынды және дұрыс қолданылған. Біз компанияның 20X1 қаржылық есептілігіне түзетулерден басқа аудит, қарау немесе кез-келген рәсімдерді қолданумен айналыспадық, сәйкесінше біз тұтастай алғанда алынған 20X1 қаржылық есептілігіне қатысты пікір немесе кез-келген өзге де растау білдірмейміз.

Аудит Жүргізілмеген Алдыңғы Кезең Қаржылық Есептілігі (Сілт: Тарм. 19)

A13. Егер аудитор бастапқы сальдоға қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлел ала алмаса, аудитор 705 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес қаржылық есептілік туралы білікті пікірін білдіруге немесе пікірін жокқа шығаруға 705 ХАС (Қайта қарастырылған) талап етеді. Егер аудитор бастапқы баланста ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне елеулі әсер ететін бұрмалаушылықтар жоқ екендігі туралы жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу кезінде айтарлықтай қиындықтарға тап болса, аудитор мұны 701 ХАС сәйкес аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтай алады.

Қосымша

(Сілт: Тарм. А5, А7, А10)

Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Көрнекіліктер

1 Көрнекілік – Сәйкес Көрсеткіштер

Осы көрнекілік аудитор есебінің мақсаты үшін келесідей жағдайлар қарастырылады:

- Бағаланатын ұйымнан басқа ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығының әділ презентация жүйесін қолдана отырып аудиті. Аудит топтық аудит болып табылмайды (яғни, 600 ХАС¹ қолданылмайды).
- Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттары (ХКЕС) сәйкес қаржылық есептеме мекеменің басшылығымен дайындалған (жалпы мақсаттағы жүйе).
- Аудиторлық келісімнің шарттары 210 ХАС² қаржылық есептілік үшін басшылықтың жауапкершілігін сипаттайды.
- Алдыңғы кезеңдегі аудиторлық есеп, бұрын шығарылған, білікті пікірді қамтыды.
- Шешілмеген түрлендірудің туындауына себеп болатын мәселе.
- Мәселенің ағымдағы кезеңнің көрсеткіштеріне әсері немесе ықтимал әсері маңызды болып табылады және ағымдағы кезең көрсеткіштеріне қатысты аудитордың пікірін өзгертуді талап етеді.
- Аудитке қолданылатын тиісті әдеп талаптары осы заңнамаға жатады.
- Аудитор алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде, нәтижесінде 570 ХАС³ (Қайта қарастырылған) сәйкес, ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алуында маңызды күмән келуі мүмкін, жағдайлар немесе ережелерге байланысты, айтарлықтай белгісіздік жоқ туралы қорытынды жасады.
- Аудитор аудиттің негізгі мәселелерін 701 ХАС-на сәйкес хабарлауға міндетті емес және басқаша шешім қабылдаған жоқ.
- Аудитор аудиторлық қорытынды күніне дейін өзге ақпарат алмады.
- Қаржылық есептілікті бақылауға жауаптылар қаржылық есептілікті дайындауға жауаптылардан ерекшеленеді.
- Аудитор қаржылық есептемесінің аудитіне қосымша жергілікті заңдармен қарастырылған басқа есептер құруда міндеттері бар.

¹ 600 ХАС, Арнайы Қарастырулар - Топтың Қаржылық Есептілігінің Аудиті (Құрамдас Аудиторлардың Жұмысын Қоса Алғанда)

² 210 ХАС, Аудиторлық Келісім Шарттарын Келісу

³ 570 ХАС (Қайта қарастырылған), Үздіксіз Қызмет

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

ABC Компаниясының Акционерлеріне [немесе Басқа Тиісті Адресаттарға]

Қаржылық Есептілік Аудиті Бойынша Есеп⁴

Білікті Пікір

Біз ABC компаниясының көмекші қаржылық есептілігі аудитін орындағанбыз. Бұл 20X1 ж. 31 желтоқсанындағы баланстан және табыстар бойынша есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептіліктен және аяқталған жыл бойынша ақшалай қозғалыс туралы есеп пен шын мәніндегі бухгалтерлік саясат тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ақпараттан тұрады.

Қаржылық есептілік бойынша субъект басшылығы⁵ жауапкершілігі

Субъект басшылығы Халықаралық Қаржы Есеп Стандарттарына⁶ сәйкес бұл қаржылық есептілікті дайындау мен әділ түрде көрсетуге, сонымен қоса субъект басшылығының алаяқтық немесе қателерден туындаған елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындаудың керектігіне шешімі бойынша қажетті болатын ішкі бақылауға жауапты болады.

Аудитор жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы пікір айтуға жауаптымыз. Біз Аудиттің Халықаралық Стандарттарына сәйкес аудитті орындап жатқанбыз.

Бұл стандарттарға сай біз әдептану талаптарына сәйкес келіп, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы туралы ақылға қонымды сенімділік беру үшін аудитті жоспарлап орындауымыз тиіс. Аудитке қаржылық есептілік сомалары мен ашулары бойынша аудиторлық дәлел алу үшін шаралардың орындалуы жатады. Таңдалған шаралар аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған шоғырландырылған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ субъект ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз субъект қаржылық есептілікті дайындауы мен

⁴ «Қаржылық есептілік бойынша есеп беру» тақырыпшасы жағдайларға қажет емес, «Басқа заңды мен реттеуші талаптар туралы есеп беру» екінші тақырыпшасы қолданылмаса.

⁵ Немесе белгілі бір заңды құзырлы аймақтағы заңды жүйенің шеңберіндегі басқа термин.

⁶ Егер субъект басшылығы жауапкершілігі әділ және дұрыс көзқарас беретін қаржылық есептілікті дайындау болса, бұл келесі сияқты оқылады: «Субъект басшылығы Халықаралық Қаржы Есептілігінің Стандарттарына мен сәйкес әділ және дұрыс көзқарасты беретін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты болады.

әділ көрсетуіне⁴ байланысты.⁵ Аудит сондай-ақ қолданылған есеп саясатының сәйкестігін, субъект басшылығының бухгалтерлік бағалаудың тиістілігін бағалаудан, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы сипаттағы көрсетуінің бағалаудан тұрады.

Пікірімізше алған аудиторлық дәлел аудиторлық пікір негізін салуға жеткілікті мен тиісті болады.

Кәсіптік Пікір Негізі

Қаржылық есептіліктегі Х жазулары бойынша, еш қорлар өтелімі Халықаралық Қаржы Есеп Стандартынан ауытқуларды құрастыратын қаржылық есептілікте берілмеген. Субъект басшылығы алдыңғы қаржылық жылдың басында мынаған шешім қабылдай отырып, біз бұл жылға қатысты қаржылық есептілік бойынша біздің аудиторлық пікіріміз айтуға мәжбүрміз. Қорлар тозуын біркелкі түрде есептеу әдісі мен ғимарат үшін 5% жылдық ставка мен жабдықтау үшін 20% ставка негізінде, жылдың шығыны 20X1 жылда xxx есе көбейтіліп, 20X0 жылда xxx көбейтілуі тиіс; материалдық қорлар 20X1, 20X0 жылдағы xxx-нің шоғырландырылған тозуы арқылы төмендетіле отырып, шоғырландырылған шығындар 20X1 және 20X0 жылдарда xxx есе көбейтіледі.

Кәсіптік Пікір

Пікірімізше, Кәсіптік Пікір Негізінде баяндалған мәселелердің ықпалдарына қарамай, қаржылық есептілік Халықаралық Қаржы Есеп Стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда ABC компаниясының 20X1 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық ұстанымды, қаржылық шаруашылығын, жабылған жыл бойынша ақшалай қазғалыстарын әділ мен дұрыс көрсетеді.

Басқа заңды мен реттеуші талаптар бойынша есеп беру

[Аудиторлық есептік бөлімінің нысаны мен мазмұны аудитордың басқа есеп жауапкершіліктеріне қатысты.]

[Аудитор қол қоюы]

⁴ 10 Сілтемеге сәйкес, бұл мынадай оқылады: «Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ субъект ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз субъекті шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне қатысты.»

⁵ Егер аудитор қаржылық есептілік аудитімен бірге ішкі бақылаудың нәтижелілігі туралы пікір айтуға жауапты болса, бұл мынадай оқылады: «Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын аудиторлық шаралар әзірлеу үшін субъект шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне тән болады.» 10 Сілтемеге сәйкес, бұл мынадай оқылады: «Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын аудиторлық шаралар әзірлеу үшін субъект әділ және дұрыс көзқарасты беретін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауына қатысты.»

САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚПАРАТ—СӘЙКЕС КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

[Аудиторлық есептің датасы]

[Аудитор мекен жайы]

Сурет 2 – сәйкес көрсеткіштер (Сілт: Тарм. А5)

11(b) тармақта баяндалған жағдайларды сипаттайтын есеп, мысалы:

- Бұрында шығарылған, өткен кезең бойынша аудиторлық есеп кәсіптік пікірді қамтиды.
- Түрлендіру керектігін тудыратын мәселе шешілмеген.
- Ағымдағы кезеңнің көрсеткіштеріне мәселенің ықпалдары немесе ықтимал ықпалдары елеулі болып, бірақ ағымдағы кезеңнің көрсеткіштері мен корреспонденцияланатын салыстырылатындығына шешілмеген мәселенің ықпалдары немесе ықтимал ықпалдары себебімен көрсеткіштердің аудиторлық пікірді түрлендіруді талап етеді.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

[Тиісті адресат]

Қаржылық есептілік бойынша есеп⁶

Біз ABC компаниясының көмекші қаржылық есептілігі аудитін орындағанбыз. Бұл 20X1 ж. 31 желтоқсанындағы баланс пен табыстар бойынша есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептіліктен және аяқталған жыл бойынша ақшалай қозғалыс туралы есеп пен шын мәніндегі бухгалтерлік саясат тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ақпараттан тұрады.

Қаржылық есептілік бойынша субъект басшылығы⁷ жауапкершілігі

Субъект басшылығы Халықаралық Қаржы Есеп Стандарттарына⁸ сәйкес бұл қаржылық есептілікті дайындау мен әділ түрде көрсетуге, сонымен қоса субъект басшылығының алаяқтық немесе қателерден туындаған елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындаудың керектігіне шешімі бойынша қажетті болатын ішкі бақылауға жауапты болады.

Аудитор жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы пікір айтуға жауаптымыз. Біз Аудиттің Халықаралық Стандарттарына сәйкес аудитті орындап жатқанбыз. Бұл стандарттарға сай біз әдептану талаптарына сәйкес

⁶ «Қаржылық есептілік бойынша есеп беру» тақырыпшасы жағдайларға қажет емес, «Басқа заңды мен реттеуші талаптар туралы есеп беру» екінші тақырыпшасы қолданылмаса.

⁷ Немесе белгілі бір заңды құзырлы аймақтағы заңды жүйенің шеңберіндегі басқа термин.

⁸ Егер субъект басшылығы жауапкершілігі әділ және дұрыс көзқарас беретін қаржылық есептілікті дайындау болса, бұл келесі сияқты оқылады: «Субъект басшылығы Халықаралық Қаржы Есептілігінің Стандарттарына сәйкес әділ және дұрыс көзқарасты беретін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты болады.»

келіп, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы туралы ақылға қонымды сенімділік беру үшін аудитті жоспарлап орындауымыз тиіс.

Аудитке қаржылық есептілік сомалары мен ашулары бойынша аудиторлық дәлел алу үшін шаралардың орындалуы жатады. Таңдалған шаралар аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған шоғырландырылған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ субъект ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз субъект қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне⁹ байланысты.¹⁰ Аудит сондай-ақ қолданылған есеп саясатының сәйкестігін, ұйым басшылығының бухгалтерлік бағалаудың тиістілігін бағалаудан, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы сипаттағы көрсетілуін бағалаудан тұрады.

Пікірімізше алған аудиторлық дәлел аудиторлық пікір негізін салуға жеткілікті мен тиісті болады.

Кәсіптік Пікір Негізі

Біз 20X0 жыл бойынша ABC компаниямен аудитор лауызымына тағайындалғандықтан, біз бұл кезеңнің басында физикалық түгендеудің санағына шолуды жүргізе алмаймыз немесе баламалы құралдар арқылы түгендеу сандарына ризалылығымызды білдіре алмадық. Алғашқы түгендеу әрекеттердің нәтижелерін анықтауға ықпал ететінімен, біз әрекеттердің нәтижелерін түзетулер мен алғашқы бөлінбеген пайда 20X0 жылға қажетті болар мүмкіндігін анықтай алмадық. 20X0 жылдың 31 желтоқсанында жабылған кезең бойынша қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікіріміз модификацияланды. Ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігі бойынша пікіріміз ағымдағы кезеңнің көрсеткіштері мен корреспонденцияланатын салыстырылатындығына шешілмеген мәселенің ықпалдары немесе ықтимал ықпалдары себебімен сондай-ақ модификацияланды.

Кәсіптік Пікір

⁹ 15 Сілтемеге сәйкес, бұл мынадай оқылады: «Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ субъект ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз субъекті шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне қатысты.»

¹⁰ Егер аудитор қаржылық есептілік аудитімен бірге ішкі бақылаудың нәтижелілігі туралы пікір айтуға жауапты болса, бұл мынадай оқылады: «Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын аудиторлық шаралар әзірлеу үшін субъект шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне тән болады.» 15 Сілтемеге сәйкес, бұл мынадай оқылады: «Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын аудиторлық шаралар әзірлеу үшін субъект әділ және дұрыс көзқарасты беретін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауына қатысты.»

САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚПАРАТ—СӘЙКЕС КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пікірімізше, Кәсіптік Пікір Негізінде баяндалған мәселелердің ықпалдарына қарамай, қаржылық есептілік Халықаралық Қаржы Есеп Стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда ABC компаниясының 20X1 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық ұстанымды, қаржылық шаруашылығын, жабылған жыл бойынша ақшалай қозғалыстарын әділ мен дұрыс көрсетеді.

Басқа заңды мен реттеуші талаптар бойынша есеп беру

[Аудиторлық есептік бөлімінің нысаны мен мазмұны аудитордың басқа есеп жауапкершіліктеріне қатысты.]

[Аудитор қол қоюы]

[Аудиторлық есептің датасы]

[Аудитор мекен жайы]

3 Көрнекілік – Сәйкес Көрсеткіштер

Осы көрнекілік аудитор есебінің мақсаты үшін келесідей жағдайлар қарастырылады:

- Бағаланатын ұйымнан басқа ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығының әділ презентация жүйесін қолдана отырып аудиті. Аудит топтық аудит болып табылмайды (яғни, 600 ХАС қолданылмайды).
- ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілік ұйым басшылығымен дайындалған (жалпы мақсаттағы жүйе).
- 210 ХАС сәйкес аудит келісімінің ережесі қаржылық есептеме дайындауға басшылықтың міндетін көрсетеді.
- Аудитор алған қаржылық дәлелдемелер негізінде, түрлендірілген емес («он») пікір негізделген туралы тұжырымдамаға келді.
- Аудитке қолданылатын тиісті әдеп талаптары осы заңнамаға жатады.
- Аудитор алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде, нәтижесінде 570 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес, ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алуында маңызды күмән келуі мүмкін, жағдайлар немесе ережелерге байланысты, айтарлықтай белгісіздік жоқ туралы қорытынды жасады.
- Аудитор аудиттің негізгі мәселелерін 701 ХАС-на сәйкес хабарлауға міндетті емес және басқаша шешім қабылдаған жоқ.
- Аудитор барлық басқа ақпаратты аудиторлық есеп шығарылған күнге дейін алды және басқа ақпараттың елеулі бұрмалануын анықтамады.
- Тиісті цифрлар келтіріліп, алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігі алдыңғы аудитормен тексерілді.
- Аудиторға заңнамаға немесе ережеге сәйкес тиісті цифрлар туралы алдыңғы аудитордың есебіне сілтеме жасауға тыйым салынбаған және осылай шешті.
- Қаржылық есептілікті бақылауға жауапты тұлғалар қаржылық есептілікті дайындауға жауапты тұлғалардан бөлек болып табылады.
- Қаржылық есептіліктің аудитінен басқа, аудиторға жергілікті заңдарда көзделген басқа да есеп беру міндеттері жүктелген.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

ABC Компаниясының Акционерлеріне [немесе Басқа Тиісті Адресатқа]

Қаржылық Есептілік Аудиті Бойынша Есеп¹¹

Біз ABC Компаниясының (Компанияның) қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, онда 20X1 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есеп және жиынтық кіріс туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп және маңызды есеп саясатының қысқаша мазмұнын қоса, қаржылық есептілікке ескертулер бар.

Біздің ойымызша, ілеспе қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде Компанияның 20X1 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайына және (оның) қаржылық нәтижелеріне және оның ақша ағындарына қатысты қаржылық жағдайын (немесе *шынайы және әділ көзқарасын*) Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес аяқталған жыл үшін ұсынады.

Пікір үшін Негіздеме

Біз өз аудитімізді Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің осы стандарттар бойынша міндеттеріміз бұдан әрі есепшоттың *Қаржылық Есептілік Аудиті үшін Аудитордың Жауапкершіліктері* бөлімінде сипатталған. Біз [заңнамадағы] қаржылық есептілік аудитіне қатысты этикалық талаптарға сәйкес Компанияға тәуелді емеспіз және осы талаптарға сәйкес басқа этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің аудиторлық қорытындымызға негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп санаймыз.

Басқа Мәселе

20X0 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы Компанияның қаржылық есебін басқа аудитор тексерді, ол 20X1 жылдың 31 наурызында осы есептер бойынша өзгертілмеген пікір білдірді.

Басқа ақпарат [немесе қажет болған жағдайда «Қаржылық Есептіліктен Басқа Ақпарат Және Ондағы Аудиторлық Есеп» секілді басқа тақырып]

Басқа заңды мен реттеуші талаптар бойынша есеп беру

[Аудиторлық есептік бөлімінің нысаны мен мазмұны аудитордың басқа есеп жауапкершіліктеріне қатысты.]

[Аудитор қол қоюы]

¹¹ «Қаржылық есептілік бойынша есеп беру» тақырыпшасы жағдайларға қажет емес, «Басқа заңды мен реттеуші талаптар туралы есеп беру» екінші тақырыпшасы қолданылмаса.

САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚПАРАТ—СӘЙКЕС КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

[Аудиторлық есептің датасы]

[Аудитор мекен жайы]

Сурет 4 – сәйкес көрсеткіштер (Сілт: Тарм. А9)

4 Көрнекілік – Сәйкес Көрсеткіштер

- **Осы көрнекілік аудитор есебінің мақсаты үшін келесідей жағдайлар қарастырылады:**
- **Бағаланатын ұйымнан басқа ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығының әділ презентация жүйесін қолдана отырып аудиті. Аудит топтық аудит болып табылмайды (яғни, 600 ХАС қолданылмайды).**
- **ХҚЕС сәйкес қаржылық есептеме мекеменің басшылығымен дайындалған (жалпы мақсаттағы жүйе).**
- **Аудиторлық келісімнің шарттары 210 ХАС қаржылық есептілік үшін басшылықтың жауапкершілігін сипаттайды.**
- **Аудитор ағымдағы жылдың қаржылық есептілігіне де, алдыңғы жылғы қаржылық есептілікке де, ағымдағы жылдың аудитіне байланысты есеп беруге міндетті.**
- **Алдыңғы кезеңдегі аудиторлық есеп, бұрын шығарылған, білікті пікірді қамтыды.**
- **Шешілмеген түрлендірудің туындауына себеп болатын мәселе.**
- **Мәселенің ағымдағы кезеңнің көрсеткіштеріне әсері немесе ықтимал әсері маңызды болып табылады және ағымдағы кезең көрсеткіштеріне қатысты аудитордың пікірін өзгертуді талап етеді.**
- **Аудитке қолданылатын тиісті әдеп талаптары осы заңнамаға жатады.**
- **Аудитор алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде, нәтижесінде 570 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес, ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алуында маңызды күмән келуі мүмкін, жағдайлар немесе ережелерге байланысты, айтарлықтай белгісіздік жоқ туралы қорытынды жасады.**
- **Аудитор аудиттің негізгі мәселелерін 701 ХАС-на сәйкес хабарлауға міндетті емес және басқаша шешім қабылдаған жоқ.**
- **Аудитор аудиторлық қорытынды күніне дейін өзге ақпарат алмады.**
- **Қаржылық есептілікті бақылауға жауаптылар қаржылық есептілікті дайындауға жауаптылардан ерекшеленеді.**
- **Аудитор қаржылық есептемесінің аудитіне қосымша жергілікті заңдармен қарастырылған басқа есептер құруда міндеттері бар.**

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

ABC Компаниясының Акционерлеріне [немесе Басқа Тиісті Адресатқа]

Қаржылық Есептілік Аудиті Бойынша Есеп¹⁶

Біз ABC Компаниясының (Компанияның) қаржылық жағдайы туралы есептерін, 20X1 және 20X0 31 желтоқсандағы жағдайды, жиынтық кіріс туралы есепті, меншікті капиталдағы өзгеріс туралы есепті және ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есепті, жылдар бойынша аудит жүргіздік. Содан кейін аяқталды және маңызды есеп саясатының қысқаша мазмұнын қоса, қаржылық есептілікке ескертулер енгізілді.

Біздің ойымызша, біздің есептің *Білікті Пікір Үшін Негіздеме* бөлімінде сипатталған мәселенің әсерін қоспағанда, ілеспе қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде әділетті түрде ұсынылады (немесе *шынайы және әділ көзқарас береді*) Компания 20X1 және 20X0 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және *(оның)* қаржылық нәтижелері және кейіннен аяқталған жылдардағы ақша ағындары Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес аяқталды.

Білікті Пікір Үшін Негіздеме

Қаржы есептілігінің X ескертуінде талқыланғанындай, қаржылық есептілікте ХҚЕС-тан ауытқуды білдіретін амортизация қарастырылмаған. Түзу сызықты амортизация әдісі және ғимарат үшін жылдық ставкалар 5% және жабдықтар үшін 20% негізінде жылдағы шығын 20X1 жылы xxx және 20X0 жылы xxx артуы керек, негізгі құралдар азайтылуы керек 20X1 ж. xxx және 20X0 жж. xxx жинақталған амортизациясы бойынша, ал жинақталған шығын 20X1 ж. xxx және 20X0 ж.

Біз өз аудитімізді Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің осы стандарттар бойынша міндеттеріміз бұдан әрі есепшоттың *Қаржылық Есептілік Аудиті Үшін Аудитордың Жауапкершіліктері* бөлімінде сипатталған. Біз *[заңнамадағы]* қаржылық есептілік аудитіне қатысты этикалық талаптарға сәйкес Компанияға тәуелді емеспіз және осы талаптарға сәйкес басқа этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің білікті аудиторлық қорытындымызға негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп санаймыз.

Басқа заңды мен реттеуші талаптар бойынша есеп беру

[Аудиторлық есептік бөлімінің нысаны мен мазмұны аудитордың басқа есеп жауапкершіліктеріне қатысты.]

[Аудитор қол қоюы]

[Аудиторлық есептің датасы]

¹⁶ «Қаржылық есептілік бойынша есеп беру» тақырыпшасы жағдайларға қажет емес, «Басқа заңды мен реттеуші талаптар туралы есеп беру» екінші тақырыпшасы қолданылмаса.

САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚПАРАТ—СӘЙКЕС КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

[Аудитор мекен жайы]

720 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ (ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН)

БАСҚА АҚПАРАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ АУДИТОРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2016 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

Тармақ

Кіріспе

ХАС ауқымы 1–9

Күшіне ену күні..... 10

Мақсаттары 11

Анықтамалары..... 12

Талаптары

Басқа Ақпараттарды Алу..... 13

Басқа Ақпаратты Оқу Және Қарастыру..... 14–15

Елеулі Сәйкессіздік Пайда Болған Кезде Немесе Басқа Ақпарат Елеулі
Бұрмаланған Болып Көрінген Кезде Жауап Беру..... 16

Аудитор Басқа Ақпараттың Елеулі Бұрмалануы Бар Деген Қорытындыға
Келген Кездегі Жауап Беру..... 17–19

Қаржылық Есептілікте Елеулі Бұрмаланулар Болған Кезде Немесе Аудитордың
Ұйымды Және Оның Қоршаған Ортасын Түсінуін Жаңарту Қажет Болған
Кездегі Жауап Беру 20

Есеп Беру 21–24

Құжаттама..... 25

Қолдану Және Басқа Да Түсіндірме Материалдар

Анықтама A1–A10

Басқа Ақпараттарды Алу..... A11–A22

Басқа Ақпаратты Оқу Және Қарастыру A23–A38

Елеулі Сәйкессіздік Пайда Болған Кезде Немесе Басқа Ақпарат Елеулі
Бұрмаланған Болып Көрінген Кезде Жауап Беру..... A39–A43

Аудитор Басқа Ақпараттың Елеулі Бұрмалануы Бар Деген Қорытындыға

Келген Кездегі Жауап Беру	A44–A50
Қаржылық Есептілікте Елеулі Бұрмаланулар Болған Кезде Немесе Аудитордың Ұйымды Және Оның Қоршаған Ортасын Түсінуін Жанарту Қажет Болған Кездегі Жауап Беру	A51
Есеп Беру	A52–A59
1 Қосымша: Басқа Ақпаратта Қамтылуы Мүмкін Сомалар Немесе Басқа Баптардың Мысалдары	
2 Қосымша: Басқа Ақпаратқа Қатысты Аудиторлық Есептердің Көрнекіліктері	

*Басқа Ақпараттарға Қатысты Аудитордың Жауапкершіліктері, 720
Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) (Қайта қарастырылған), Тәуелсіз
Аудитордың Жалпы Мақсаттары Және Халықаралық Аудит
Стандарттарына Сәйкес Аудит Жүргізу, 200 ХАС бірге оқылуы тиіс.*

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Бұл Халықаралық Аудит Стандартында (ХАС) ұйымның жылдық есептемесіне қосылған қаржылық, және қаржылық емес (қаржылық есептемемен бұл есептеме туралы аудиторлық тұжырымдамадан ерекше) басқа ақпараттарға қатысты аудитордың міндеттері орнатылады. Ұйымның жылдық есептемесі бір ғана мақсатқа арналған бір немесе бірнеше құжаттардың жиынтығын көрсетуі мүмкін.
2. Бұл ХАС тәуелсіз аудитордың қаржылық есептілік аудиті аясында жазылған. Тиісінше, осы ХАС-дағы аудитордың мақсаттары 200.13¹ ХАС 11 тармағында көрсетілген аудитордың жалпы мақсаттарының мәнмәтінінде түсінілуі керек. ХАС бұл талаптары аудитордың аудиттің халықаралық стандартында көрсетілген мақсаттарға, тиісінше аудитордың негізгі мақсатына жету үшін жасалған. Қаржылық есептеме туралы аудиторлық пікір басқа ақпараттарға таратылмайды, және бұл стандарт аудитордан қаржылық есептеме жөнінде пікір қалыптастыруға қажет дәлелдерге қосымша аудиторлық дәлелдер алуды талап етпейді.
3. Бұл ХАС аудиторды басқа да мәліметтермен танысуға және оны қарастыруға міндеттейді, себебі қаржылық есептемедегі, немесе аудит барысында аудитормен алынған білімдердегі басқа да мәліметтер біршама деңгейде мағлұматтарға сәйкес келмейтіні, қаржылық есептемеде біршама бұрмалаушылық немесе басқа да мәліметтерде біршама бұрмалаушылық болуын көрсетеді, және осы бұрмалаулардың кезкелгені қаржылық есептемеге және осы есептемеге аудиторлық тұжырымдамаға сәйкес деген сенімді жоғалтады. Сонымен қатар, мұндай маңызды бұрмалаулар лайықсыз түрде аудиторлық тұжырымдар дайындалатын қолданушылар қабылдайтын экономикалық шешімдерге ықпал етуі мүмкін.
4. Бул ХАС сонымен қатар, аудиторға тиісті этикалық талаптарды² ұстануға көмектеседі, соның нәтижесінде, аудитордың болжамы бойынша айтарлықтай деңгейде өтірік немесе жаңылысуға әкелетін мәлімдемелер, бейберекет дайындалған мәлімдемелер немесе қалдырылып кеткен немесе толық емес мәлімделген мағлұматтар қосылуы қажет, егер осындай қалдырулар немесе біркелкі емес тұжырымдамалар қателесуге әкелетін болса, аудитор мәліметтермен әдейі байланыстырылатын жағдайлардан қашуға міндетті.
5. Басқа ақпараттар сандық көрсеткіштерді немесе өзге де элементтерді қамтуы мүмкін, ол өз кезегінде ұқсастық ұсынатын, сандық көрсеткіштерді

¹ 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына Сәй Аудит Жүргізу*

² Бухгалтерлер Үшін Халықаралық Әдеп Стандарттар Кеңесі' *Кәсіби Бухгалтерлердің Әдеп Кодексі* (БХӘСК Кодексі), 110.2 тармақ

немесе қаржылық есептеменің өзге де элементтерін, болмаса басқа сандық көрсеткіштерді немесе басқа элементтерді жалпылау немесе талдап көрсету бойынша аудитордың аудит барысында алған мәліметтері. Басқа ақпараттар сонымен қатар өзге де мағлұматтарды қамтуы мүмкін.

6. Аудитордың басқа ақпаратқа қатысты жауапкершіліктері (есеп берудің қолданыстағы міндеттерінен басқа) басқа ақпаратты аудитор есеп берген күнге дейін немесе кейін аудитордың алғанына қарамастан қолданылады.
7. Бұл ХАС мыналарға қатысты қолданылмайды:
 - (a) Қаржылық ақпаратты алдын ала хабарлау; немесе
 - (b) Құнды қағаздар, соның ішінде проспектілерді ұсынатын бағалы қағаздар
8. Бұл ХАС сәйкес аудитордың міндеттері басқа ақпараттарға қатысты сенімділік ұялалататын өзіндік бір тапсырманы көрсетпейді және басқа ақпаратқа қатысты сенімділік алуда аудиторға міндеттер жүктемейді.
9. Заңдар немесе нормативтік актілер бұл ХАС қолдану аясынан шығатын басқа ақпаратқа қатысты аудиторға қосымша міндеттер жүктейді.

Күшіне ену күні

10. Бұл ХАС қаржылық есептемеге қатысты 2016 жылдың 15 желтоқсанында немесе осы күннен кейін кезеңде күшіне енеді.

Мақсаты

11. Басқа ақпаратпен танысқанның нәтижесінде аудитордың мақсаты:
 - (a) Басқа ақпарат пен қаржылық есептеменің арасында айтарлықтай келіспеушіліктің орны бар ме екен туралы сұрақты қарастыру;
 - (b) Басқа ақпарат пен аудиттің барысында аудитордың алған білімдерінің арасындағы айтарлықтай келіспеушіліктің орны бар ме екен туралы сұрақты қарастыру;
 - (c) Егер аудиторға осындай айтарлықтай келіспеушіліктер орын алуы мүмкін туралы немесе қандай болса да, әйтеуір бір лажын тауыпоған басқа ақпарат айтарлықтай бұрмаланғаны жайлы белгілі болса, тиісті процедуралар жүргізу; және
 - (d) Осы ХАС сәйкес есеп беру.

Анықтамалар

12. ХАС мақсаты үшін келесі терминдер төмендегідей мағыналарды береді:
 - (a) Жылдық есеп – Жылдық негізде басшылыққа немесе басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар дайындалатын, заңдарға, нормативті

актілерге немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, ұйымның қызметі, оның қаржылық есептемесінде көрсетілген қаржылық нәтижелері және қаржылық жағдайы жайлы ақпаратты меншік иесіне (немесе басқа қызығушы тұлғаларға) ұсыну мақсатындағы құжат, немесе құжаттар жиынтығы. Жылдық есеп қаржылық есептеме мен осы есептеме туралы аудиторлық тұжырымдамадан, және әдетте мекемедегі өзгерістер туралы, оның болашақтағы перспективалары, тәуекелділігі және белгісіздік факторлары жайлы, ұйымның басқарма ұйымының мәлімдемесі және корпоративті басқару бойынша сұрақтар жайлы есептер мәліметтерден тұрады. (Сілт: Тарм. А1-А5)

- (b) Басқа ақпаратты бұрмалау – Басқа ақпаратты бұрмалау болады, егер басқа ақпарат дұрыс емес баяндалған болса немесе басқалай түрде жаңылысуға әкелетін болса. (сонымен қатар, жіберу себебінен немесе басқа ақпаратта ашып көрсетілген, белгілі бір сұрақты дұрыс түсіну үшін керек, ақпаратты бір қатарлы емес мәлімдеу). (Сілт: Тарм. А6-А7)
- (c) Басқа ақпарат – Ұйымның жылдық есебіне қосылған қаржылық немесе қаржылық емес ақпарат (қаржылық есептемеден және осы есептемеге аудиторлық тұжырымдамадан ерекше). (Сілт: Тарм. А8-А10)

Талаптары

Басқа Ақпараттарды Алу

13. Аудитор міндетті: (Сілт: Тарм. А11–А22)

- (a) Басшылықпен ақылдасу арқылы қандай құжат немесе құжаттардың жиынтығы жылдық есепке кіретіні, сонымен қатар мекемемен жобаланатын мұндай құжаттың немесе осындай құжаттардың шығу тәсілі мен уақытын анықтау;
- (b) Аудитор уақытылы және егер мүмкін болса аудиторлық тұжырымдаманың күнінен бұрын жылдық есептің құрамына кіретін ақырғы құжаттың нұсқасын алу туралы сұрақты басшылықпен келісу; және
- (c) Егер (a) тармағында анықталған кейбір немесе барлық құжаттар аудиторлық тұжырымдамаға дейін алынуы мүмкін болмаса, құжаттың немесе құжаттардың ақырғы нұсқасы дайын болған кезде, бірақ оны ұйымның шығаруынан бұрын, аудитордың осы ХАС талаптарына сәйкес процедураларды аяқтай алуы үшін аудиторға ұсынылатыны жөнінде басшылықтан жазбаша өтініш сұрау. (Сілт: Тарм. А22)

Басқа Ақпаратты Оқу Және Қарастыру

14. Аудитор басқа ақпаратпен танысуы керек және оның үстіне: (Сілт: Тарм. А23–А24)

- (a) Басқа ақпарат пен қаржылық есептеме арасында айтарлықтай келіспеушілік орын алуы туралы сұрақты қарастыру. Бұның негізі ретінде аудитор таңдалған сандық көрсеткіштер немесе осындай сандық көрсеткіштермен және қаржылық есептеменің өзге элементтерімен басқа ақпараттың (сандық көрсеткіштердің немесе қаржылық есептеменің өзге элементтерін жалпылау немесе деталізациялау, өз кезегінде ұқсастықты көрсететін) құрамындағы өзге элементтерді салыстыруы керек (олардың сәйкестілігін бағалау үшін); және (Сілт: Тарм. А25–А29)
- (b) Басқа ақпарат пен аудит барысында жасалған аудиторлық дәлелдеулер мен қорытындылар контекстінде, аудит барысында аудитормен алынған білімдер арасында айтарлықтай келіспеушілік орын алғаны жайлы сұрақты қарастыру. (Сілт: Тарм. А30–А36)

15. 14 тармағына сәйкес басқа ақпаратпен танысу барысында аудитор қаржылық есептемеге немесе аудит барысында алынған білімдерге қатысты емес басқа ақпараттар мүмкін айтарлықтай бұрмаланған белгілерге аса жоғарғы назар сақтауы қажет. (Сілт: Тарм. А24, А37–А38)

Елеулі Сәйкессіздік Пайда Болған Кезде Немесе Басқа Ақпарат Елеулі Бұрмаланған Болып Көрінген Кезде Жауап Беру

16. Егер аудитор мүмкін боларлық айтарлықтай келіспеушілік анықтаса (немесе оған басқа ақпарат мүмкін айтарлық бұрмаланғаны жайлы анықталған болса), онда ол басшылықпен ақылдасуы қажет және керек болған жағдайда анықтау үшін өзге де шараларды жүргізуі керек: (Сілт: Тарм. А39–А43)

- (a) Басқа ақпарат айтарлықтай бұрмалаушылық орын алды ма;
- (b) Қаржылық есептілікте айтарлықтай бұрмалаушылық орын алды ма; немесе
- (c) Аудиторға ұйымды және оның айналасын қайта зерттеу керек па.

Аудитор Басқа Ақпараттың Елеулі Бұрмалануы Бар Деген Қорытындыға Келген Кездегі Жауап Беру

17. Егер аудитор басқа ақпаратта айтарлықтай бұрмалау бар жөнінде қорытындыға келетін болса, онда ол басшылыққа басқа ақпаратты түзеу жөнінде көрсету керек. Егер басшылық:

- (a) Түзетуді енгізуге келісетін болса, аудитор түзету енгізілгені

жөнінде көрсету керек; немесе

- (b) Түзетуді енгізуге келіспейтін болса, аудитор бұл сұрақты басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға жеткізуі қажет және түзету енгізілуі туралы талап етуі қажет.

18. Егер аудитор басқа ақпаратта аудиторлық тұжырымдамадан бұрын айтарлықтай бұрмалау бар жөнінде қорытындыға келетін болса, және басқа ақпарат басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға ескертілгеннен кейін түзетілмеген болса, аудитор тиісті шараларды қолдануы қажет, соның ішінде: (Сілт: Тарм. А44)

- (a) Аудиторлық тұжырымдамаға тигізетін асерін қарастыру және басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларды аудитор айтарлықтай бұрмалау бар жөнінде аудиторлық тұжырымдамада қалай көрсеткелі жатқанын хабарлау (22(e)(ii) тармағын қараңыз); немесе (Сілт: Тарм. А45)

- (b) Егер мүмкін болса, қолданылатын заңдар немесе нормативті актілерге сәйкес тапсырмадан бас тарту. (Сілт: Тарм. А46–А47)

19. Егер аудитор басқа ақпаратта аудиторлық тұжырымдамадан кейін алынған айтарлықтай бұрмалау бар жөнінде қорытындыға келетін болса, онда ол:

- (a) Егер басқа ақпарат түзетілген болса, белгілі бір жағдайларға қажет тиісті процедуралар жүргізуі қажет; немесе (Сілт: Тарм. А48)

- (b) Егер басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға ескертуден кейін басқа ақпарат түзетілмеген болса, айтарлықтай бұрмалаудың түзетілмегеніне аудиторлық тұжырымдама дайындалған қолданылушылардың тиісті тұрғыда назарын аудару үшін, заңды құқықтың және міндеттердің негізінде тиісті шара қолдану. (Сілт: Тарм. А49–А50)

Қаржылық Есептілікте Елеулі Бұрмаланулар Болған Кезде Немесе Аудитордың Ұйымды Және Оның Қоршаған Ортасын Түсінуін Жаңарту Қажет Болған Кездегі Жауап Беру

20. Егер 14–15 тармақтарында көрсетілген процедураларды орындау кезінде аудитор қаржылық есептемеде айтарлықтай бұрмалау бар екені жөнінде немесе мекемені және оның айналасын қайта зерттеу керек жөнінде қорытындыға келетін болса, аудитор басқа ХАС сәйкес тиісті шараларды жүргізуі қажет. (Сілт: Тарм. А51)

Есеп Беру

21. Аудиторлық есепте «Басқа Ақпарат» тақырыбы бар бөлек бөлім немесе аудиторлық есеп күнінде басқа тиісті айдар болуы керек:

- (a) Бағаланатын ұйымның қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудитор басқа ақпаратты алды немесе алуды күтеді; немесе
 - (b) Бағаланатын ұйымнан басқа ұйымның қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудитор басқа ақпараттың кейбірін немесе барлығын алды. (Сілт: Тарм. А52)
22. «Басқа Ақпарат» бөлімін аудиторлық қорытындыға 21 тармаққа сәйкес қосу қажет, бұл бөлім келесідей жағдайлардан тұруы қажет: (Сілт: Тарм. А53)
- (a) Басқа ақпарат үшін басшылық жауапты деген мәлімдеме;
 - (b) Келесілерді сәйкестендіру:
 - (i) Басқа ақпарат, егер олар болса, аудитор есеп берген күнге дейін алған; және
 - (ii) Бағаланатын ұйымның қаржылық есептілігінің аудиті үшін, егер олар бар болса, аудиторлық есеп берілген күннен кейін алынуы күтілетін басқа ақпарат;
 - (c) Аудитордың пікірі басқа ақпаратты қамтымайтындығы және, тиісінше, аудитор аудиторлық қорытынды немесе ондағы кез-келген растау қорытындысын білдірмейді (немесе білдірмейді) деген мәлімдеме;
 - (d) Осы ХАС талап ететіндей басқа ақпаратты оқуға, қарастыруға және есеп беруге қатысты аудитордың міндеттерінің сипаттамасы; және
 - (e) Аудиторлық есеп беру күніне дейін басқа ақпарат алынған кезде, немесе:
 - (iii) Есепте көрсететуге қажет аудитордың еш дәйектерді таппағаны жайлы мәлімдеме; немесе
 - (iv) Егер аудитор басқа ақпаратта айтарлықтай түзетілмеген бұрмалау бар жөнінде шешімге келетін болса, осы басқа ақпараттағы түзетілмеген бұрмалауды көрсететін мәлімдеме.
23. Егер аудитор 705 ХАС (Қайта қарастырылған),³ сәйкес ескертпемен немесе теріс пікір беретін болса, онда ол 22(е) тармаққа сәйкес керекті мәлімдемені дайындау үшін, түрлендірілген пікір беруге себеп болған сұрақтың салдарын талдауы қажет (Сілт: Тарм. А54-А58).

³ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Пікірді Түрлендіру*

кейбір талаптарын қолдану аудитордың арнайы түсінігін қажет етуі мүмкін. Мысалы, 320 ХАС-те, қаржылық есептеулерді қолданушыларға маңызды болып келетін мәселелер туралы ой-пікірлер топ тәрізді қолданушылардың жалпы қаржылық ақпаратқа деген қажеттілігінің түсінігіне негізделген.¹² Дегенмен де арнайы мақсаттағы қаржылық есептерді аудиттеу жағдайында бұл ой-пікірлер арнайы қолданушылардың қаржылық ақпаратқа деген қажеттіліктерінің түсінігіне негізделген.

- A11. Келісімнің талаптарына сәйкес тағайындалған есептер тәрізді арнайы мақсаттағы қаржылық есептердің жағдайында, басқарма арнайы қолданушылармен аудит кезінде байқалған бұрмалаушылықтар түзелмейтіні туралы басында келісуі мүмкін. Осындай бастаманың болуы аудиторды арнайы мақсаттағы қаржылық есептердің аудитін жоспарлау мен орындау мақсаттарына арналған 320 ХАС-ке сәйкес маңыздылықты анықтау талабынан босатпайды.
- A12. 260 ХАС (Қайта қарастырылған) аудитордан ұйымның басқару құрылымында байланысатын тиісті адамдарды (тұлғаларды) анықтауды талап етеді.¹³ 260 ХАС (Қайта қарастырылған) кейбір жағдайларда барлық басқарылатын тұлғалар ұйымды басқаруға қатысатынын және байланыс жағдайларын қолдану осы ұстанымды мойындау үшін өзгертілгенін ескертеді.¹⁴ Ұйым жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің толық жиынтығын жасаған кезде арнайы қаржы есептілігін жасауды қадағалауға жауапты тұлғалар сол жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындауға бақылауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалармен бірдей болмауы мүмкін.

Пікір Қалыптастыру және Есептерді Қарастыру (Сілт.: Тарм. 11)

- A13. Осы ХАС Қосымшасындада арнайы қаржылық есеп беру туралы тәуелсіз аудиторлық есептердің көрнекіліктері келтірілген. Аудиторлық есептердің басқа көрнекіліктері арнайы қаржы есептілігі туралы есеп беру үшін маңызды болуы мүмкін (мысалы, 700 ХАС (Қайта қарастырылған), 705 ХАС¹⁵ (Қайта қарастырылған), 570 ХАС¹⁶ (Қайта қарастырылған), 720 ХАС¹⁷ (Қайта қарастырылған), және 706

¹² 320 ХАС, *Аудитті Орындау Және Жоспарлаудағы Маңыздылық*, 2 тармақ

¹³ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас*

¹⁴ 260 ХАС (Қайта қарастырылған), А8 тармақ

¹⁵ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитордың Есебіндегі Пікірге Жетілдірулер*

¹⁶ 570 ХАС (Қайта қарастырылған), *Үздіксіз Қызмет*

¹⁷ 720 ХАС (Қайта қарастырылған), *Аудитордың Басқа Ақпаратқа Қатысты Жауапкершіліктері*

ХАС¹⁸ (Қайта қарастырылған) Қосымшаларын қараңыз).

*Арнайы Мақсаттағы Қаржылық Есептілік Туралы Есеп Беру Кезінде 700 ХАС
(Қайта Қарастырылған) Қолдану*

- A14. Осы ХАС-н 11-тармағы аудитор қорытынды жасау және арнайы қаржы есептілігі туралы есеп беру кезінде 700 ХАС (Қайта қарастырылған) қолдануы керектігін түсіндіреді. Бұл ретте, аудитордан басқа ХАС-та есеп беру талаптарын қолдану талап етіледі және төмендегі А15-А19-тармақтарда келтірілген ерекше ескертулер пайдалы болуы мүмкін.

Үздіксіз Қызмет

- A15. Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік бухгалтерлік есептің тұрақты негізіне сәйкес келетін қаржылық есептілік шеңберіне сәйкес жасалуы мүмкін немесе жасалмауы да мүмкін (мысалы, бухгалтерлік есептің тұрақты негізі салық салу негізінде дайындалған кейбір қаржылық есептілік үшін, атап айтқанда заңнамалар үшін маңызды емес).¹⁹ Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданылатын қолданыстағы қаржылық есептілік шеңберіне байланысты, аудиторлық есеп беруде үздіксіз қызметке қатысты басшылықтың жауапкершіліктерін²⁰ сипаттау қажет болған жағдайда бейімделуі қажет болуы мүмкін. Аудитордың есеп беруіндегі аудитордың міндеттері²¹ туралы сипаттама, сондай-ақ келісім жағдайында 570 ХАС (Қайта қарастырылған) қалай қолданылатынына байланысты қажет болған жағдайда бейімделуі қажет болуы мүмкін.

Аудиттің Негізгі Мәселелері

- A16. 700 ХАС (Қайта қарастырылған) аудитордан бағаланатын ұйымдардың жалпы мақсаттағы қаржылық есептілігінің толық жиынтығының аудиті үшін 701 ХАС²² сәйкес аудиттің маңызды мәселелерін хабарлауды талап етеді. Арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктің аудиті үшін 701 ХАС аудитордың есеп беруінде аудиторлық есепте арнайы қаржы есептілігі туралы заңмен немесе ережемен талап етілсе немесе аудитор басты аудиторлық мәселелер туралы хабарлауға шешім қабылдаған жағдайда ғана қолданылады. Аудиторлық есеп бойынша арнайы қаржы

18 706 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитордың Есебіндегі Маңызды Тармақтар Түсініктемесі және Басқа да Маңызды Тармақ*

19 570 ХАС (Қайта қарастырылған), 2 тармақ

20 700 ХАС (Қайта қарастырылған), 34 (b) және А48-тармақтарын қараңыз.

21 700 ХАС (Қайта қарастырылған), 39 (b) (iv) тармағын қараңыз.

22 701 ХАС, *Тәуелсіз Аудиторлық Есеп Берудегі Аудиттің Негізгі Мәселелерін Хабарлау*

есептілігі туралы есебі кезінде 701 ХАС толығымен қолданылады.²³

Басқа Ақпарат

A17. 720 ХАС (Қайта қарастырылған) басқа ақпаратқа қатысты аудитордың міндеттерін қарастырады. Осы ХАС мәнмәтінінде арнайы қаржы есептілігін қамтитын немесе оған ілеспе есептер, оның мақсаты меншік иелеріне (немесе ұқсас мүдделі тараптарға) арнайы қаржы есептілігінде келтірілген мәселелер бойынша ақпарат беру болып табылады - 720 ХАС (Қайта қарастырылған) мақсаты есеп беру жыл сайынғы есептер болып табылады. Қаржылық есептілік арнайы мақсат шеңберінде жасалған жағдайда, «ұқсас мүдделі тараптар» термині қаржылық ақпаратқа деген қажеттіліктері арнайы қаржы есептілігін жасау үшін қолданылатын арнайы мақсаттық жүйенің дизайны бойынша қанағаттандырылатын нақты пайдаланушыларды қамтиды. Аудитор ұйымның осындай есеп беруді жоспарлап отырғанын анықтаған кезде, 720 ХАС (Қайта қарастырылған) талаптары арнайы қаржы есептілігінің аудитіне қолданылады.

Келісім бойынша Серіктестің аты-жөні

A18. 700 ХАС (Қайта қарастырылған) аудиторға келісім бойынша серіктестің атын аудиторлық есепте көрсетуі туралы талап листингтік ұйымдардың арнайы қаржы есептілігінің аудитіне де қолданылады.²⁴ Аудитор заңнамаға немесе ережеге сәйкес келісім бойынша серіктестің атын аудиторлық есепке қосуды талап етуі мүмкін немесе тізімделген ұйымдардан басқа ұйымдардың арнайы қаржы есептілігі туралы есеп беру кезінде басқаша түрде шешуі мүмкін.

Жалпы Мақсаттағы Қаржылық Есептіліктің Толық Жиынтығы Бойынша Аудиторлық Есепке Сілтеме Енгізу

A19. Аудитор арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепте Басқа да Маңызды Тармағында жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің толық жиынтығы туралы аудиторлық есепке немесе онда баяндалған мәселелерге (мәселелерге) сілтеме жасауды дұрыс деп санай алады (706 ХАС (Қайта қарастырылған) қараңыз).²⁵ Мысалы, аудитор арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік туралы аудиторлық есеп беруде жалпы мақсатты қаржылық есептіліктің толық жиынтығы туралы аудиторлық есепте қамтылған маңызды сенімсіздік бөліміне сілтеме жасауды орынды деп санайды.

Оқырмандарға қаржылық есептіліктің арнайы мақсаттағы жүйе

²³ 700 ХАС (Қайта қарастырылған), 31 тармақ

²⁴ 700 ХАС (Қайта қарастырылған), 45 және А56-А58-тармақтарын қараңыз

²⁵ 706 ХАС (Қайта қарастырылған), 10-11-тармақтарын қараңыз.

дайындалғандығы туралы ескерту (Сілт.: Тарм. 14)

A20. Арнайы қаржы есептілігі олар жоспарланғаннан басқа мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, реттеуші белгілі бір ұйымдардан арнайы қаржы есептілігін көпшілікке есепке алуды талап ете алады. Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін аудитор аудиторлық есепті пайдаланушыларға қаржылық есептілік арнайы мақсаттағы жүйеге сәйкес жасалатындығын, сондықтан басқа мақсатқа сәйкес келмеуі мүмкін екенін түсіндіретін Маңызды тармақ Түсініктемесін енгізіп ескертеді. 706 ХАС (Қайта қарастырылған) осы тармақты аудиторлық есеп берудің жеке бөліміне, «Маңыздылық Түсініктемесі» терминін қамтитын тиісті айдармен қосуды талап етеді.²⁶

Тарату Немесе Пайдалануға Шектеу (Сілт.: Тарм. 14)

A21. 14 тармақта талап етілген ескертуге қосымша, аудитор аудиторлық есеп тек нақты пайдаланушыларға арналған деп көрсету орынды деп санайды. Заңға немесе белгілі бір заңнаманың нормативтік актілеріне байланысты, бұған аудиторлық есепті таратуды немесе пайдалануды шектеу арқылы қол жеткізуге болады. Бұл жағдайда 14 тармақта көрсетілген тармақ басқа да мәселелерді және тақырыпты соған сәйкес өзгертілетін етіп кеңейтілуі мүмкін (осы ХАС Қосымшасындағы көрнекіліктерді қараңыз).

²⁶ 706 ХАС (Қайта қарастырылған) 9 (а) тармағын қараңыз

Тәуелсіз Аудитордың Арнайы Мақсаттағы Қаржылық Есептілік Туралы Есептерінің Көрнекіліктері

- 1 Көрнекілік: Бағаланатын ұйымнан басқа ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығы бойынша келісімшарттың қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес жасалған аудиторлық есеп ((осы көрнекіліктің мақсаттары үшін сәйкестік жүйесі).
- 2 Көрнекілік: X заңнамасындағы бухгалтерлік есептің салықтық негізіне сәйкес жасалған бағаланатын ұйымнан басқа ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығы бойынша аудиторлық есеп (осы көрнекіліктің мақсаттары үшін сәйкестік жүйесі).
- 3 Көрнекілік: Бағаланатын ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығы бойынша реттеуші белгілеген қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес жасалған аудиторлық есеп (осы көрнекіліктің мақсаттары үшін әділ ұсыну жүйесі).

1 Көрнекілік: Бағаланатын ұйымнан басқа ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығы бойынша келісімшарттың қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес жасалған аудиторлық есеп ((осы көрнекіліктің мақсаттары үшін сәйкестік жүйесі).

Аудитордың есептің осы көрнекілігі үшін келесі жағдайлар қарастырылады:

- Қаржылық есеп беруді ұйымның басшылығы келісімшарттың қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес жасайды (яғни арнайы мақсат жүйесі). Басшылықтың қаржылық есептіліктің жүйесін таңдау мүмкіндігі жоқ.
- Қолданылатын қаржылық есептілік жүйесі сәйкестік жүйесі болып табылады.
- Жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің толық жиынтығы бойынша аудиторлық есеп берілмеген.
- Аудиторлық келісімнің шарттары 210 ХАС-дағы қаржылық есептілік үшін басшылықтың жауапкершілігін сипаттайды.
- Аудитор алынған аудиттік дәлелдемелерге сүйене отырып, жетілдірілмеген (яғни «таза») пікір орынды деп қорытындылады.
- Аудитке қолданылатын тиісті әдеп талаптары осы заңнамаға жатады.
- Алынған аудиттік дәлелдемелерге сүйене отырып, аудитор 570 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыра беруіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға қатысты елеулі белгісіздік жоқ деген қорытындыға келді.
- Аудиторлық есепті таратуға және пайдалануға тыйым салынады.
- Аудитор аудиттің негізгі мәселелерін 701 ХАС-на сәйкес хабарлауға міндетті емес және басқаша шешім қабылдаған жоқ.
- Аудитор басқа ақпарат жоқ екенін анықтады (яғни, 720 ХАС (Қайта қарастырылған) талаптары қолданылмайды).
- Қаржылық есеп беру процесін қадағалауға жауапты тұлғалар қаржылық есептілікті дайындауға жауапты тұлғалардан бөлек болады.
- Аудитордың жергілікті заңдарда немесе нормативтік актілермен талап етілетін басқа есеп беру міндеттері жоқ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

[Тиісті адресаттарға]

Пікір

Біз ABC Компаниясының (Компанияның) 20X1 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бухгалтерлік балансты, сондай-ақ кірістер мен шығындар туралы есепті, аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті қамтитын қаржылық есептілігіне және қаржылық есептілік, оның ішінде маңызды есеп саясатының қысқаша мазмұны аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, 20X1 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компанияның ілеспе қаржылық есептілігі барлық маңызды аспектілер бойынша, Компания мен DEF компаниясы арасындағы 20X1 жылғы 1 қаңтардағы келісімшарттың Z бөлімінің қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес жасалған. («келісімшарт»).

Пікір үшін Негіздеме

Біз өз аудитімізді Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің міндеттеріміз бұдан әрі есепшоттың *Қаржылық Есептілік Аудиті* *Үшін Аудитордың Жауапкершіліктері* бөлімінде сипатталған. Біз [заңнамадағы] қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты әдеп талаптарына сәйкес компанияға тәуелді емеспіз және осы талаптарға сәйкес басқа этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп санаймыз.

Маңыздылық Түсініктемесі - Есепке Алу Негіздері Және Тарату Мен Пайдалануды Шектеу

Біз бухгалтерлік есептің негізін сипаттайтын қаржылық есептілікке X ескертуіне назар аударамыз. Қаржылық есеп беру Компанияға жоғарыда аталған келісімшарттың қаржылық есептілік ережелерін сақтауға көмектесу үшін дайындалған. Нәтижесінде қаржылық есеп басқа мақсатқа сәйкес келмеуі мүмкін. Біздің есеп тек Компанияға және DEF компаниясына арналған және оны Компания немесе DEF компаниясынан басқа тараптар таратпауы немесе пайдаланбауы керек. Біздің пікіріміз осы мәселе бойынша өзгертілмеген.

Қаржылық есептілік үшін Басшылық пен Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғалардың Жауапкершілігі²⁷

Басшылық келісімшарттың Z бөлімінің қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес қаржылық есептілікті дайындауға жауапты және басшылық айқындайтын ішкі

²⁷ Аудиторд есебінің осы көрнекілігі басшылық және басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар терминдерін белгілі бір заңнамада заңдық негізде сәйкес келетін басқа терминмен ауыстыру қажет болуы мүмкін.

АРНАЙЫ ҚАРАСТЫРУЛАР—АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ЖҮЙЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС ДАЙЫНДАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ

бақылау үшін алаяқтыққа немесе қателікке байланысты маңызды бұрмалауларсыз қаржылық есептілікті жасауға мүмкіндік беру қажет.

Қаржылық есеп беруді жасау кезінде басшылық Компанияның үздіксіз қызмет ретінде жалғасу қабілетін бағалауға жауапты, егер ол мүмкін болатын жағдайға қатысты мәселелерді ашып көрсетсе және бухгалтерлік есептің тұрақты негізін қолданбаса, егер басшылық Компанияны таратуды немесе тоқтатуды көздемесе операцияларды жүзеге асырады, немесе оны жасаудан басқа нақты баламасы жоқ.

Қаржылық Есептілік Аудиті Бойынша Аудитор Жауапкершіліктері

Біздің мақсаттарымыз - қаржылық есептілік тұтастай алғанда бұрмалаушылықтардан, алаяқтықтан немесе қателіктерден туындайтындығы туралы негізделген сенімділікке қол жеткізу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есеп беру. Ақылға қонымды кепілдік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит ол болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықты анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар алаяқтықтан немесе қателіктерден туындауы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп күтілсе, маңызды болып саналады.

700 ХАС (Қайта қарастырылған) 41 (b) -тармағында төмендегі көлеңкеленген материал аудиторлық есептің Қосымшасында орналасуы мүмкін екендігі түсіндіріледі. 700 ХАС (Қайта қарастырылған) 41 (c)-тармағында түсіндірілгендей, заңнама, нормативтік құқықтық актілер немесе аудиттің ұлттық стандарттары тікелей рұқсат еткен кезде, осы материалды веб-сайттағы сипаттама төмендегі аудитордың міндеттерінің сипаттамасына сәйкес келетін және оған қайшы келмейтін шартында аудитор қорытындысына қосудың орнына аудитордың жауапкершіліктерінің сипаттамасын қамтитын тиісті органның веб-сайтына сілтеме жасауға болады.

ХАС-на сәйкес аудиттің бір бөлігі ретінде біз кәсіби пікірлерді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Біз, сонымен қатар:

- Қаржы есептілігінің алаяқтық немесе қателік салдарынан болған маңызды бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерге жауап беретін аудиторлық рәсімдерді құрастырамыз және орындаймыз, біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және орынды аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтықтан туындаған елеулі бұрмалаушылықты анықтамау қаупі қателікке қарағанда жоғары, өйткені алаяқтық сөз байласу, жалған құжат жасау, қасақана жіберіп алу, бұрмалану немесе ішкі бақылаудың күшін жоюды қамтуы мүмкін.

- Қоғамның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді құру үшін аудитке қатысты ішкі бақылау туралы түсінік аламыз.²⁸
- Қолданылған есеп саясатының орындылығын және басшылық жасаған бухгалтерлік есеп бағалауларының және онымен байланысты ашып көрсетулердің орындылығын бағалаймыз.
- Бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін басшылықтың пайдалануының орындылығы туралы және алынған аудиторлық дәлелдерге сүйене отырып, оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Компанияның үздіксіз қызмет істеу қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін елеулі белгісіздік бар-жоғына қорытынды жасаймыз. Егер маңызды белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз аудиторлық есеп беруде қаржылық есептіліктегі байланысты ашып көрсетулерге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпарат жеткіліксіз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындылар аудиторлық есеп берген күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өзінің тұрақты жұмысын тоқтатуына себеп болуы мүмкін.

Басқару құзыретіндегі адамдармен, басқа мәселелермен қатар, жоспарланған аудиттің ауқымы мен мерзімдері және аудиттің маңызды нәтижелері, соның ішінде біздің аудит барысында анықтаған ішкі бақылау кез-келген елеулі кемшіліктер туралы сөйлесеміз.

Аудиторлық фирманың атына, аудитордың жеке атауына немесе белгілі бір заңнамаға сәйкес келетін екеуіне де қол қою]

[Аудитордың мекен-жайы] [Орналастырылған күні мен мекен-жайы орны ауысқан)]

[Күні]

²⁸ Бұл сөйлем, егер қажет болса, аудитор қаржылық есептілік аудитімен бірге ішкі бақылаудың тиімділігі туралы қорытынды шығаруға міндетті болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

2 Көрнекілік: X заңнамасындағы бухгалтерлік есептің салықтық негізіне сәйкес жасалған бағаланатын ұйымнан басқа ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығы бойынша аудиторлық есеп (осы көрнекіліктің мақсаттары үшін сәйкестік жүйесі).

Аудитордың есептің осы көрнекілігі үшін келесі жағдайлар қарастырылады:

- Серіктестерге жеке табыс салығы бойынша декларацияларды дайындауға көмектесу үшін серіктестің басшылығымен X заңнамасындағы бухгалтерлік есептің салықтық негізіне сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктің толық жиынтығының аудиті (яғни арнайы мақсат жүйесі). Басшылықтың қаржылық есептіліктің жүйесін таңдау мүмкіндігі жоқ.
- Қолданылатын қаржылық есептілік жүйесі сәйкестік жүйесі болып табылады.
- Аудиторлық келісімнің шарттары 210 ХАС-дағы қаржылық есептілік үшін басшылықтың жауапкершілігін сипаттайды.
- Аудитор алынған аудиттік дәлелдемелерге сүйене отырып, жетілдірілмеген (яғни «таза») пікір орынды деп қорытындылады.
- Аудитке қолданылатын тиісті әдеп талаптары осы заңнамаға жатады.
- Алынған аудиттік дәлелдемелерге сүйене отырып, аудитор 570 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыра беруіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға қатысты елеулі белгісіздік жоқ деген қорытындыға келді.
- Аудиторлық есепті таратуға және пайдалануға тыйым салынады.
- Аудитор аудиттің негізгі мәселелерін 701 ХАС-на сәйкес хабарлауға міндетті емес және басқаша шешім қабылдаған жоқ.
- Аудитор басқа ақпарат жоқ екенін анықтады (яғни, 720 ХАС (Қайта қарастырылған) талаптары қолданылмайды).
- Қаржылық есеп беру процесін қадағалауға жауапты тұлғалар қаржылық есептілікті дайындауға жауапты тұлғалардан бөлек болады.
- Аудитордың жергілікті заңдарда немесе нормативтік актілермен талап етілетін басқа есеп беру міндеттері жоқ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

[Тиісті адресаттарға]

Пікір

Біз ABC Серіктестігінің (Серіктестік) қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, онда 20X1 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланс және содан кейін аяқталған жыл бойынша кірістер туралы есеп және қаржылық есептілікке ескертулер, оның ішінде маңызды есеп саясатының қысқаша мазмұны бар.

Біздің ойымызша, 20X1 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін серіктестіктің ілеспе қаржылық есептілігі барлық маңызды аспектілер бойынша X заңнамасының *[қолданыстағы табыс салығы туралы заңға сәйкес]* дайындалған.

Пікір үшін Негіздеме

Біз өз аудитімізді Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің міндеттеріміз бұдан әрі есепшоттың *Қаржылық Есептілік Аудиті Үшін Аудитордың Жауапкершіліктері* бөлімінде сипатталған. Біз *[заңнамадағы]* қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты әдеп талаптарына сәйкес компанияға тәуелді емеспіз және осы талаптарға сәйкес басқа этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп санаймыз.

Маңыздылық Түсініктемесі - Бухгалтерлік Есеп Негіздері Және Тарату Бойынша Шектеу

Біз бухгалтерлік есептің негізін сипаттайтын қаржылық есептілікке X ескертуіне назар аударамыз. Қаржылық есеп беру серіктестік серіктестеріне олардың жеке табыс салығы бойынша декларацияларын жасауға көмектесу үшін дайындалған. Нәтижесінде қаржылық есеп басқа мақсатқа сәйкес келмеуі мүмкін. Біздің есеп тек серіктестікке және оның серіктестеріне арналған және серіктестіктен немесе оның серіктестерінен басқа тараптарға таратылмауы керек. Біздің пікіріміз осы мәселе бойынша өзгертілмеген.

Қаржылық есептілік үшін Басшылық пен Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғалардың Жауапкершілігі²⁹

Басшылық қаржылық есептілікті X заңнамасындағы бухгалтерлік есептің салықтық негізіне сәйкес жасауға жауапты және басшылық айқындайтын ішкі бақылау үшін алаяқтыққа немесе қателікке байланысты маңызды бұрмалауларсыз қаржылық есептілікті жасауға мүмкіндік беру қажет.

²⁹ Немесе белгілі бір заңнамадағы заңнамалық база аясында сәйкес келетін басқа терминдер

АРНАЙЫ ҚАРАСТЫРУЛАР—АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ЖҮЙЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС ДАЙЫНДАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ

Қаржылық есеп беруді жасау кезінде басшылық Компанияның үздіксіз қызмет ретінде жалғасу қабілетін бағалауға жауапты, егер ол мүмкін болатын жағдайға қатысты мәселелерді ашып көрсетсе және бухгалтерлік есептің тұрақты негізін қолданбаса, егер басшылық Компанияны таратуды немесе тоқтатуды көздемесе операцияларды жүзеге асырады немесе оны жасаудан басқа нақты баламасы жоқ.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар серіктестіктің қаржылық есептілік процесін бақылауға жауапты.

Қаржылық Есептілік Аудиті Бойынша Аудитордың Міндеттері

Біздің мақсаттарымыз - қаржылық есептілік тұтастай алғанда бұрмалаушылықтардан, алаяқтықтан немесе қателіктерден туындайтындығы туралы негізделген сенімділікке қол жеткізу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есеп беру. Ақылға қонымды кепілдік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргізілген аудит ол болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықты анықтайтындығына кепілдік емес. Бұрмаланулар алаяқтықтан немесе қателіктерден туындауы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп күтілсе, маңызды болып саналады.

700 ХАС (Қайта қарастырылған) 41 (b) -тармағында төмендегі көлеңкеленген материал аудиторлық есептің Қосымшасында орналасуы мүмкін екендігі түсіндіріледі. 700 ХАС (Қайта қарастырылған) 41 (c)-тармағында түсіндірілгендей, заңнама, нормативтік құқықтық актілер немесе аудиттің ұлттық стандарттары тікелей рұқсат еткен кезде, осы материалды веб-сайттағы сипаттама төмендегі аудитордың міндеттерінің сипаттамасына сәйкес келетін және оған қайшы келмейтін шартында аудитор қорытындысына қосудың орнына аудитордың жауапкершіліктерінің сипаттамасын қамтитын тиісті органның веб-сайтына сілтеме жасауға болады.

ХАС-на сәйкес аудиттің бір бөлігі ретінде біз кәсіби пікірлерді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Біз, сонымен қатар:

- Қаржы есептілігінің алаяқтық немесе қателік салдарынан болған маңызды бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерге жауап беретін аудиторлық рәсімдерді құрастырамыз және орындаймыз, біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және орынды аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтықтан туындаған елеулі бұрмалаушылықты анықтамау қаупі қателікке қарағанда жоғары, өйткені алаяқтық сөз байласу, жалған құжат жасау, қасақана жіберіп алу, бұрмалану немесе ішкі бақылаудың күшін жоюды қамтуы мүмкін.

- Серіктестіктің ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді құру үшін аудитке қатысты ішкі бақылау туралы түсінік аламыз.³⁰
- Бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін басшылықтың пайдалануының орындылығы туралы және алынған аудиторлық дәлелдерге сүйене отырып, оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Компанияның үздіксіз қызмет істеу қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін елеулі белгісіздік бар-жоғына қорытынды жасаймыз. Егер маңызды белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз аудиторлық есеп беруде қаржылық есептіліктегі байланысты ашып көрсетулерге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпарат жеткіліксіз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындылар аудиторлық есеп берген күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өзінің тұрақты жұмысын тоқтатуына себеп болуы мүмкін.
- Қолданылған есеп саясатының орындылығын және басшылық жасаған бухгалтерлік есеп бағалауларының және онымен байланысты ашып көрсетулердің орындылығын бағалаймыз.

Басқару құзыретіндегі адамдармен, басқа мәселелермен қатар, жоспарланған аудиттің ауқымы мен мерзімдері және аудиттің маңызды нәтижелері, соның ішінде біздің аудит барысында анықтаған ішкі бақылау кез-келген елеулі кемшіліктер туралы сөйлесеміз.

Аудиторлық фирманың атына, аудитордың жеке атауына немесе белгілі бір заңнамаға сәйкес келетін екеуіне де қол қою

[Аудитордың мекен-жайы] [Орналастырылған күні мен мекен-жайы орны ауысқан])

[Күні]

³⁰ Бұл сөйлем, егер қажет болса, аудитор қаржылық есептілік аудитімен бірге ішкі бақылаудың тиімділігі туралы қорытынды шығаруға міндетті болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

3 Көрнекілік: Бағаланатын ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығы бойынша реттеуші белгілеген қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес жасалған аудиторлық есеп (осы көрнекіліктің мақсаттары үшін әділ ұсыну жүйесі).

Аудитордың есептің осы көрнекілігі үшін келесі жағдайлар қарастырылады:

- Реттеушінің талаптарын қанағаттандыру үшін реттеуші белгілеген қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес (яғни арнайы мақсат жүйесі) ұйымның басшылығы дайындаған бағаланатын ұйымның қаржылық есептілігінің толық жиынтығының аудиті. Басшылықтың қаржылық есептіліктің жүйесін тандау мүмкіндігі жоқ.
- Қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі - бұл әділ ұсыну жүйесі.
- Аудиторлық келісімнің шарттары 210 ХАС-дағы қаржылық есептілік үшін басшылықтың жауапкершілігін сипаттайды.
- Аудитор алынған аудиттік дәлелдемелерге сүйене отырып, жетілдірілмеген (яғни «таза») пікір орынды деп қорытындылады.
- Аудитке қолданылатын тиісті әдеп талаптары осы заңнамаға жатады.
- Алынған аудиттік дәлелдемелерге сүйене отырып, аудитор 570 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыра беруіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға қатысты елеулі белгісіздік жоқ деген қорытындыға келді. Қаржылық есептіліктегі маңызды белгісіздікті ашып көрсетуадекватты болып табылады.
- Аудиторлық есепті таратуға немесе пайдалануға шектеу қойылмайды.
- Реттеуші аудитордан 701 ХАС сәйкес аудиттің негізгі мәселелерін хабарлауды талап етеді.
- Басқа да Маңызды тармақ, сонымен бірге, аудитордың жалпы мақсат жүйесіне сәйкес сол кезең үшін ABC Компаниясы дайындаған қаржылық есептілік туралы аудиторлық есеп бергендігін білдіреді.
- Аудитор басқа ақпарат жоқ екенін анықтады (яғни, 720 ХАС (Қайта қарастырылған) талаптары қолданылмайды).
- Қаржылық есеп беру процесін қадағалауға жауапты тұлғалар қаржылық есептілікті дайындауға жауапты тұлғалардан бөлек болады.
- Аудитордың жергілікті заңдарда немесе нормативтік актілермен талап етілетін басқа есеп беру міндеттері жоқ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

[Тиісті адресаттарға]

Пікір

Біз ABC Компаниясының (Компанияның) 20X1 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бухгалтерлік балансты, сондай-ақ кірістер мен шығындар туралы есепті, аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті қамтитын қаржылық есептілігіне және қаржылық есептілік, оның ішінде маңызды есеп саясатының қысқаша мазмұны аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, ілеспе қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде (немесе *шынайы және әділ көзқарасын береді*) Компанияның 20X1 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайына және (оның) қаржылық нәтижелеріне және оның аяқталған жыл үшін ақша ағындарына қатысты қаржылық жағдайын Z ережесінің Y бөлімінің қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес әділ түрде ұсынылған.

Пікір үшін Негіздеме

Біз өз аудитімізді Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің міндеттеріміз бұдан әрі есепшоттың *Қаржылық Есептілік Аудиті* *Үшін Аудитордың Жауапкершіліктері* бөлімінде сипатталған. Біз [заңнамадағы] қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты әдеп талаптарына сәйкес компанияға тәуелді емеспіз және осы талаптарға сәйкес басқа этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп санаймыз.

Маңыздылық Түсініктемесі - Есеп Негіздері

Біз бухгалтерлік есептің негізін сипаттайтын қаржылық есептілікке X ескертуіне назар аударамыз. Қаржы есептілігі Компанияға DEF реттеушісінің талаптарын қанағаттандыруға көмектесу үшін дайындалған. Нәтижесінде қаржылық есеп басқа мақсатқа сәйкес келмеуі мүмкін. Біздің пікіріміз осы мәселе бойынша өзгертілмеген.

Үздіксіз Қызметке қатысты Маңызды Белгісіздік

Біз қаржылық есептіліктегі 6 Ескертпеге назар аударамыз, онда Компания 20X1 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде ZZZ таза шығынға ұшырады және осы күнге Компанияның ағымдағы міндеттемелері оның активтерінен жалпы сомасынан асып түсті. 6 Ескертпеде айтылғандай, осы оқиғалар немесе шарттар, 6 Ескертпеде көрсетілген басқа мәселелермен қатар, Компанияның тұрақты жұмыс істеу қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін елеулі белгісіздік бар екенін көрсетеді. Біздің пікіріміз осы мәселе бойынша өзгертілмеген.

Аудиттің Негізгі Мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері - бұл біздің кәсіби пікіріміз бойынша, ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуде маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілікке жүргізілген аудиттің шеңберінде және сол бойынша өз пікірімізді қалыптастыру барысында қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір бермейміз. Жоғарыда Үздіксіз Қызметке қатысты Маңызды Белгісіздік бөлімінде сипатталған мәселелерге қосымша біз төменде сипатталған мәселелерді есеп беруімізде айтылатын аудиторлық мәселелер ретінде анықтадық.

[701 ХАС сәйкес әрбір аудиттің негізгі мәселелерінің сипаттамалары осы аудитке қолданылды.]

Басқа Мәселелер

Компания 20X1 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қаржылық есептіліктің жеке жиынтығын дайындады, оған біз Халықаралық Қаржылық Есеп беру Стандарттарына сәйкес 20X2 ж. 31 наурызында Компания акционерлеріне жеке аудиторлық есеп шығардық.

Қаржылық есептілік үшін Басшылық пен Басқару Өкілеттігіне ие Тұлғалардың Жауапкершілігі³¹

Менеджмент Z³² ережесінің Y Бөлімінің қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес қаржылық есептілікті дайындауға және әділ ұсынуға жауап береді және басшылық айқындайтын ішкі бақылау үшін алаяқтыққа немесе қателікке байланысты маңызды бұрмалауларсыз қаржылық есептілікті жасауға мүмкіндік беру қажет.

Қаржылық есеп беруді жасау кезінде басшылық Компанияның үздіксіз қызмет ретінде жалғасу қабілетін бағалауға жауапты, егер ол мүмкін болатын жағдайға қатысты мәселелерді ашып көрсетсе және бухгалтерлік есептің тұрақты негізін қолданбаса, егер басшылық Компанияны таратуды немесе тоқтатуды көздеме операцияларды жүзеге асырады немесе оны жасаудан басқа нақты баламасы жоқ.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның қаржылық есептілік процесін бақылауға жауапты.

31 Немесе белгілі бір заңнамадағы заңнамалық база аясында сәйкес келетін басқа терминдер

32 Егер басшылықтың міндеті шынайы және әділ көзқарас беретін қаржылық есептілікті дайындау болса, онда былай оқылуы тиіс: «Басшылық Z Қағидасының Y бөліміндегі қаржылық есептілік ережелеріне сәйкес шынайы және әділ көзқарас беретін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты және сол үшін ...»

Қаржылық Есептілік Аудиті Бойынша Аудитор Жауапкершіліктері

Біздің мақсаттарымыз - қаржылық есептілік тұтастай алғанда бұрмалаушылықтардан, алаяқтықтан немесе қателіктерден туындайтындығы туралы негізделген сенімділікке қол жеткізу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есеп беру. Ақылға қонымды кепілдік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит ол болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықты анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар алаяқтықтан немесе қателіктерден туындауы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп күтілсе, маңызды болып саналады.

700 ХАС (Қайта қарастырылған) 41 (b) -тармағында төмендегі көлеңкеленген материал аудиторлық есептің Қосымшасында орналасуы мүмкін екендігі түсіндіріледі. 700 ХАС (Қайта қарастырылған) 41 (c)-тармағында түсіндірілгендей, заңнама, нормативтік құқықтық актілер немесе аудиттің ұлттық стандарттары тікелей рұқсат еткен кезде, осы материалды веб-сайттағы сипаттама төмендегі аудитордың міндеттерінің сипаттамасына сәйкес келетін және оған қайшы келмейтін шартында аудитор қорытындысына қосудың орнына аудитордың жауапкершіліктерінің сипаттамасын қамтитын тиісті органның веб-сайтына сілтеме жасауға болады.

ХАС-на сәйкес аудиттің бір бөлігі ретінде біз кәсіби пікірлерді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Біз, сонымен қатар:

- Қаржы есептілігінің алаяқтық немесе қателік салдарынан болған маңызды бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерге жауап беретін аудиторлық рәсімдерді құрастырамыз және орындаймыз, біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және орынды аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтықтан туындаған елеулі бұрмалаушылықты анықтамау қаупі қателікке қарағанда жоғары, өйткені алаяқтық сөз байласу, жалған құжат жасау, қасақана жіберіп алу, бұрмалану немесе ішкі бақылаудың күшін жоюды қамтуы мүмкін.
- Қоғамның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді құру үшін аудитке қатысты ішкі бақылау туралы түсінік аламыз.³³
- Қолданылған есеп саясатының орындылығын және басшылық жасаған бухгалтерлік есеп бағалауларының және онымен байланысты ашып көрсетулердің орындылығын бағалаймыз.
- Бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін басшылықтың пайдалануының орындылығы туралы және алынған аудиторлық

³³ Бұл сөйлем, егер қажет болса, аудитор қаржылық есептілік аудитімен бірге ішкі бақылаудың тиімділігі туралы қорытынды шығаруға міндетті болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

дәлелдерге сүйене отырып, оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Компанияның үздіксіз қызмет істеу қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін елеулі белгісіздік бар-жоғына қорытынды жасаймыз. Егер маңызды белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз аудиторлық есеп беруде қаржылық есептіліктегі байланысты ашып көрсетулерге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпарат жеткіліксіз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындылар аудиторлық есеп берген күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өзінің тұрақты жұмысын тоқтатуына себеп болуы мүмкін.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен, басқа мәселелермен қатар, жоспарланған аудиттің ауқымы мен мерзімдері және аудиттің маңызды нәтижелері, соның ішінде біздің аудит барысында анықтаған ішкі бақылау кез-келген елеулі кемшіліктер туралы сөйлесеміз.

Біз сондай-ақ басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты тиісті әдеп талаптарын сақтағанымызды және олармен тәуелсіздігімізге қатысты ақылға қонымды болуы мүмкін барлық қатынастар мен басқа мәселелерді және қажет болған жағдайда байланысты қауіпсіздік шараларын ұсынамыз.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға хабарланған мәселелерден біз ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелерді анықтаймыз, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылады. Біз заңнама немесе ережелер мәселе туралы көпшілік алдында жариялауға тыйым салмаса немесе өте сирек жағдайларда, біз өз есебімізде қандай да бір мәселені шешуге болмайтындығын анықтаған кезде, мұндай әрекеттің қолайсыз салдары осындай коммуникацияның қоғамдық мүдделерінен басымырақ болады деп күтілуде.

Нәтижесінде тәуелсіз аудитордың есебі дайындалған аудиттің келісім бойынша серіктесі болып *[аты]* табылады.

Аудиторлық фирманың атына, аудитордың жеке атауына немесе белгілі бір зайнамаға сәйкес келетін екеуіне де қол қою]

[Аудитордың мекен-жайы] [Орналастырылған күні мен мекен-жайы орны ауысқан)]

[Күні]

**805 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ
(ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН)**

**АРНАЙЫ ҚАРАСТЫРУЛАР—ЖЕКЕЛЕНГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ
АРНАЙЫ БӨЛІКТЕРІНІҢ, ЕСЕПТЕРІНІҢ НЕМЕСЕ
БАПТАРЫНЫҢ АУДИТІ**

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2016 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1–3
Күшіне ену күні.....	4
Мақсаты	5
Анықтамалары	6
Талаптары	
Келісімді Қабылдау Кезіндегі Қарастырулар.....	7–9
Аудитті Жоспарлау және Орындау Кезіндегі Қарастырулар	10
Пікір Қалыптастыру және Есептерді Қарастыру	11–17
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Бұл ХАС ауқымы	A1–A4
Келісімді Қабылдау Кезіндегі Қарастырулар.....	A5–A9
Аудитті Жоспарлау және Орындау Кезіндегі Қарастырулар	A10–A15
Пікір Қалыптастыру және Есептерді Қарастыру	A16–A28
1 Қосымша: Қаржылық Есептіліктің Арнайы Бөліктерінің, Есептерінің Немесе Баптарының Мысалдары	
2 Қосымша: Жекеленген Қаржылық Есептілік және Қаржылық Есептіліктің Арнайы Бөліктері бойынша Аудитор Есебінің Көрнекіліктері	

Арнайы Қарастырулар—Жекеленген Қаржылық Есептілік және Қаржылық Есептіліктің Арнайы Бөліктерінің, Есептерінің немесе Баптарының Аудиті 805 Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС), Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу 200 ХАС стандартымен бірге оқылуы тиіс.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Халықаралық Аудит Стандарттары (ХАС) 100–700 серияда қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылады және басқа тарихи қаржылық ақпараттың аудитіне қолданылған жағдайда қажет болған жағдайда бейімделуі керек. Бұл ХАС қаржылық есептіліктің немесе белгілі бір бөліктің, шоттың немесе баптың аудитін жүргізуге осы ХАС қолдану кезіндегі ерекше жағдайларды қарастырады. Қаржылық есептіліктің бірыңғай қаржылық есептілігі немесе нақты бөлігі, шоты немесе тармағы жалпы немесе арнайы мақсат жүйесіне сәйкес жасалуы мүмкін. Арнайы мақсаттағы жүйеге сәйкес тағайындалса, 800ХАС¹ аудитке де қолданылады. (Сілт.: Тарм. А1-А4)
2. Бұл ХАС топтың қаржылық есептерінің аудитін жасау мақсатында келісім жасасқан топтың сұранысы бойынша жасалған компоненттің қаржылық ақпаратын беру бойынша орындалған жұмыстың нәтижесі ретінде бекітілген құрамды аудитордың есебіне қолданылмайды (600ХАС² қараңыз).
3. Бұл ХАС басқа ХАС-тердің талаптарының орнын баспайды; келісімдердің жағдайында қатысты болатын арнайы түсініктерді қарастырады дегенді де білдірмейді.

Күшіне ену күні

4. Бұл ХАС бірыңғай қаржылық есептіліктің немесе белгілі бір бөліктердің, шоттардың немесе баптардың 2016 жылдың 15 желтоқсанында немесе одан кейін аяқталатын кезеңдердің аудиті үшін тиімді, бұл ХАС 2016 жылғы 15 желтоқсанда немесе одан кейінгі күндегі сияқты ақпараттың аудиті үшін тиімді.

Мақсаты

5. Аудитордың ХАС бір қаржылық есептіліктің немесе белгілі бір бөліктің, есепшоттың немесе қаржылық есептіліктің аудиті кезінде қолдануы кезіндегі мақсаттары:
 - (a) Келісімнің қабылдануы;
 - (b) Сол келісімнің жоспарлануы мен орындалуы; және

¹ 800 ХАС (Қайта қарастырылған), *Арнайы Қарастырулар—Арнайы Мақсатты Жүйелерге Сәйкес Дайындалған Қаржылық Есеп Аудиті*.

² 600 ХАС, *Арнайы қарастыру—Топтық Қаржылық Есептілік Аудиті (Құрамдас Аудиторлар Жұмысын Қоса алғанда)*.

- (с) Қаржы есептілігінің жеке бөлігі, шоты немесе тармағы бойынша пікір қалыптастыру және есеп беру.

Анықтамалары

- 6. Осы ХАС-тің мақсаттары үшін сілтеме келесілерге жасалады:
 - (а) «Қаржылық есептіліктің бөліктері» немесе «бөлік» «қаржылық есептіліктің бөлігін, есебін немесе бабын» білдіреді;
 - (б) «Халықаралық Қаржылық Есеп беру Стандарттары» Халықаралық Есептеу Стандарттары Кеңесімен Бекітілген Халықаралық Қаржылық Есеп беру Стандарттарын (ХКЕС) білдіреді; және
 - (с) Жекеленген қаржылық есептілік немесе қаржылық есептіліктің арнайы бөліктеріні байланысты ашып көрсетулерді қамтиды. Байланысты ашып көрсетулер, әдетте, қаржылық есептілікке немесе бөлікке қатысты түсіндірме немесе басқа сипаттамалық ақпаратты қамтиды. (Сілт: Тарм. А2)

Талаптары

Келісімді Қабылдау Кезіндегі Қарастырулар

ХАС-тың Қолданылуы

- 7. 200 ХАС аудитордан аудитке қатысты барлық ХАС-терді қамтуды талап етеді.³ Жеке қаржылық есептеу немесе қаржылық есептеудің арнайы бөлігінің аудиті кезінде, аудитордың тұлғаның қаржылық есептіліктерінің толық жиынтығын аудиттеуге тартылғанына қарамастан осы талап сақталады. Егер аудитор тұлғаның қаржылық есептіліктерінің толық жиынтығын аудиттеуге тартылмаса, аудитор ХАС-ке сәйкес жеке қаржылық есептеудің немесе сол қаржылық есептіліктердің арнайы бөлігінің аудитті жүзеге асырылатын-асырылмайтынын анықтап алуы қажет. (Сілт.: Тарм. А5-А6)

Қаржылық Есеп Беру Жүйесінің Қабылданымдылығы

- 8. 210 ХАС аудиторға қаржылық есептерді дайындау барысында қолданылған қаржылық есеп беруші құрылымның тиімділігін анықтауды міндеттейді.⁴ Мұнда жеке қаржылық есептеудің немесе қаржылық есептеудің арнайы бөлігінің аудиті жағдайында, қаржылық есеп беру құрылымының қолданылуы арнайы қолданушыларға қаржылық есептеуде немесе бөлікте берілген ақпаратты және берілген

³ 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына Сай Аудитті Жүргізу*, 18 тармақ

⁴ 210 ХАС, *Аудит Келісімінің Шарттарымен Келісу*, 6(а) тармақ

ақпараттағы нақты әрекеттер мен оқиғалардың әсерін түсінуге мүмкіндік беретін жеткілікті ақпарат беретін ұсынысқа әкелетін-әкелмейтіндігі қамтылады. (Сілт.: Тарм. А7)

Пікірдің Формасы

9. 210 ХАС аудит келісімінің келісілген шарттары аудитор тағайындайтын есептің кез-келген түрін қамтуын талап етеді.⁵ Жеке қаржылық есептеудің немесе қаржылық есептеудің арнайы бөлігінің аудиті жағдайында, аудитор осы жағдайда болжанған ой-пікір формасының сәйкес келу-келмеуін қарастыруы керек. (Сілт.: Тарм. А8-А9)

Аудитті Жоспарлау Және Орындау Кезіндегі Қарастырулар

10. 200 ХАС ХАС-тардың қаржылық есептіліктердің аудиті контекстінде жазылғанын бекітеді; олар өзге тарихи қаржылық ақпараттардың аудиттерінде қолданылған жағдайларда қажет деп танылады.^{6,7} Жеке қаржылық есептеудің немесе қаржылық есептеудің арнайы бөлігінің аудитін жоспарлау және орындау кезінде, аудитор келісімнің шарттарына қажеттілігі деңгейінде аудитке қатысты барлық ХАС-терді қолдануы керек. (Сілт.: Тарм. А10-А14)

Пікір Қалыптастыру Және Есептерді Қарастыру

11. Пікір немесе қаржылық есептіліктің белгілі бір бөлігі бойынша есеп беру кезінде аудитор 700 ХАС⁸ (Қайта қарастырылған), 8 талаптарын және қажет болған жағдайда, сәйкесінше бейімделген 800 ХАС (Қайта қарастырылған) талаптарын қолданады. (Сілт.: Тарм. А16-А22)

Тұлғаның Қаржылық Есептіліктерінің Толық Жиынтығы Және Жеке Қаржылық Есептілік Немесе Сол Қаржылық Есептіліктердің Арнайы Бөліктеріне Қатысты Есеп Жүргізу

12. Егер аудитор тұлғаның қаржылық есептіліктерінің толық жиынтығын аудиттеуге келісумен қоса, жеке қаржылық есептеу немесе қаржылық есептеудің арнайы бөлігі бойынша есеп жүргізуге келісім білдірсе, ол әр келісімге жеке пікірін білдіруі керек.
13. Аудиттелген жеке қаржылық есептеу немесе аудиттелген қаржылық есептеудің арнайы бөлігі тұлғаның аудиттелген қаржылық

⁵ 210 ХАС, 10 (е) тармақ

⁶ 200 ХАС, 2 тармақ

⁷ 200 ХАС, 13(ф) тармақ «қаржылық есептіліктер» терминінің жарамды қаржылық есеп беру құрылымының талаптарымен анықталғанындай әдетте қаржылық есептіліктің толық жиынтығына жататынын түсіндіреді.

⁸ 700 ХАС (Қайта қарастырылған), *Қаржылық Есептілік Бойынша Пікір Қалыптастыру және Есеп жүргізу*.

еспетеулерінің толық жиынтығымен бірге баспада жариялана алады. Егер аудитор жеке қаржылық есептеу немесе қаржылық есептеудің арнайы бөлігінің ұсынылуы қаржылық есептеудің толық жиынтығынан жеткілікті деңгейде ерекшеленбейді деп шешсе, аудитор басқармадан жағдайды түзетуді сұрауы қажет. 15 және 16 тармақтарды ескере отырып, аудитор, сонымен қатар, жеке қаржылық есептеу немесе қаржылық есептеудің арнайы бөлігіне қатысты пікірді қаржылық есептіліктердің толық жиынтығына қатысты пікірден ажыратып алуы керек. Аудитор жеке қаржылық есептеу немесе қаржылық есептеудің арнайы бөлігіне қатысты пікір бойынша аудиторлық есебін, ерекшелікті жоймастан бұрын бекіте алмайды.

Ұйымның Бірыңғай Қаржылық Есептіліктің Аудиті Немесе Қаржылық Есептіліктің Белгілі Бір Элементі Үшін Қаржылық Есептіліктің Толық Жиынтығы Туралы Аудиторлық Есепте Қамтылған Кейбір Мәселелердің Салдарын Ескеру.

14. Егер ұйымның қаржылық есептіліктің толық жиынтығы туралы аудиторлық есепте мыналар болса:

- a) 705 ХАС⁹ (Қайта қарастырылған) сәйкес өзгертілген пікір;
- b) 706 ХАС¹⁰ (Қайта қарастырылған) сәйкес Маңызды тармақ Түсініктемесі немесе Басқа да Маңызды тармақ;
- c) 570 ХАС¹¹ (Қайта қарастырылған) сәйкес Үздіксіз Қызмет бөліміне қатысты Маңызды Белгісіздік;
- d) 701 ХАС¹² сәйкес аудиттің маңызды мәселелерін хабарлау; немесе
- e) 720 ХАС¹³ (Қайта қарастырылған) сәйкес басқа ақпараттың түзетілмеген елеулі бұрмалануын сипаттайтын мәлімдеме;

аудитор, егер бұл бар болса, бірыңғай қаржылық есептіліктің аудитіне немесе қаржылық есептіліктің белгілі бір бөлігіне және сол туралы аудиторлық есепке қатысты салдарды қарастырады. (Сілт.: Тарм. А23 – А27)

⁹ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитордың Есебіндегі Пікірді Жетілдіру*

¹⁰ 706 ХАС (Қайта қарастырылған), *Тәуелсіз Аудитордың Есебіндегі Маңызды Тармақтар Түсініктемесі және Басқа да Маңызды тармақтар*

¹¹ 570 ХАС (Қайта қарастырылған), *Үздіксіз Қызмет*, 22 тармақ

¹² 701 ХАС, *Тәуелсіз Аудиторлық Есеп Берудегі Аудиттің Негізгі Мәселелерін Хабарлау*, 13 тармақ

¹³ 720 ХАС (Қайта қарастырылған), *Басқа Ақпаратқа Қатысты Аудитордың Міндеттері*, 22 (e) (ii) тармақ

Ұйымның Қаржылық Есептіліктің Толық Жиынтығы Туралы Аудиторлық
Есептегі Теріс Пікір Немесе Пікірден Бас Тарту

15. Егер аудитор тұлғаның қаржылық есептіліктерінің толық жиынтығына қатысты теріс пікір білдіруді немесе пікір білдірмеуді қажет деп шешсе, 705 ХАС (Қайта қарастырылған) аудиторға дәл осы аудитордың есебіне сол қаржылық есептіліктердің бөлімін құрайтын жеке қаржылық есептеуге немесе арнайы бөлікке қатысты өзгертілмеген пікірді енгізуге рұқсат бермейді.¹⁴ Себебі мұндай өзгертілмеген пікір жалпы алғандағы тұлғаның қаржылық есептіліктерінің толық жиынтығына қатысты теріс пікірге немесе пікір білдірмеуге қарсы келеді. (Сілт.: Тарм. А28)
16. Егер аудитор тұлғаның қаржылық есептіліктерінің толық жиынтығына қатысты теріс пікір білдіруді немесе пікір білдірмеуді қажет деп шешсе, бірақ, сол қаржылық есептіліктердің құрамындағы арнайы бөліктің бөлек аудитінің контекстінің ішінде, аудитор осыған қарамастан сол бөлікке қатысты өзгертілмеген пікір білдіруді дұрыс деп санаса, онда аудитор келесі жағдайларда ғана осылай әрекет ете алады:
 - (а) Аудиторға заң немесе реттеу бойынша осылай әрекет етуге тыйым салынбаған болса;
 - (б) Сол пікір теріс пікір білдірілген немесе пікір білдіруден бас тартылған аудитордың есебімен бірге жарияланбаған аудитордың есебінде білдірілсе; және
 - (с) Арнайы бөлік тұлғаның қаржылық есептіліктерінің толық жиынтығының басты бөлімін құрамаса.
17. Егер аудитор қаржылық есептіліктердің толық жиынтығына қатысты жалпылай теріс пікір білдірсе немесе пікір білдіруден бас тартса, аудитор қаржылық есептіліктерінің толық жиынтығының жеке қаржылық есептеуіне қатысты өзгертілмеген пікір білдірмеуі керек. Бұл тіпті жеке қаржылық есептеу бойынша аудитордың есебі теріс пікір білдірілген немесе пікір білдіруден бас тартылған аудитордың есебімен бірге жарияланбаған жағдайда да осылай болуы керек. Себебі жеке қаржылық есептілік сол қаржылық есептіліктердің басты бөлігін құрайды деп саналады.

¹⁴ 705 ХАС (Қайта қарастырылған), 15 тармақ

Қолданбалы және Басқа Түсіндірме Мәліметі

Бұл ХАС ауқымы (Сілт: Тарм. 1, 6 (с))

- A1. 200 ХАС «тарихи қаржылық ақпарат» терминін нақты тұлғаға қатысты қаржылық терминдермен берілген, бастапқыда сол тұлғаның есептеу жүйесінен бөлініп шыққан, соңғы уақыттарда орын алып жатқан экономикалық оқиғалар немесе бұрынғы кезеңдердегі бір уақытқа қатысты экономикалық жай немесе жағдайлар туралы мағлұмат беретін ақпарат деп анықтайды.¹⁵
- A2. 200 ХАС «қаржылық есептілік» терминін қаржылық есептілікке сәйкес ұйымның экономикалық ресурстарын немесе міндеттемелерін белгілі бір уақытқа немесе ондағы өзгерістерді белгілі бір уақыт кезеңінде хабарлауға арналған ашып көрсетулерді қоса алғанда, тарихи қаржылық ақпараттың құрылымдық көрінісі ретінде анықтайды. жақтау. «Қаржылық есептілік» термині, әдетте, қолданылатын қаржылық есептіліктің талаптары бойынша анықталған қаржылық есептіліктің толық жиынтығын білдіреді, сонымен бірге бірыңғай қаржылық есептілікке де сілтеме жасай алады. Ақпаратты ашып көрсету қаржылық есептілікте немесе ескертпелерде немесе оларға өзара сілтеме арқылы енгізілген, талап етілгендей, нақты рұқсат етілген немесе қолданыстағы қаржылық есептілік шеңберінде басқаша түрде рұқсат етілген түсіндірме немесе сипаттамалық ақпаратты қамтиды.¹⁶ 6 (с)-тармақта айтылғандай, бір қаржылық есептілікке немесе қаржылық есептіліктің белгілі бір элементіне сілтеме тиісті ашып көрсетулерді қамтиды.
- A3. ХАС қаржылық есептілік аудиті аясында жазылады;¹⁷ олар басқа тарихи қаржылық ақпаратты, мысалы, бір қаржылық есепті немесе қаржылық есептіліктің белгілі бір элементін тексеруге қолданылған жағдайда, қажет болған жағдайда бейімделуі керек. Бұл ХАС осыған көмектеседі. (1 Қосымшада осындай басқа тарихи қаржылық ақпараттың мысалдары келтірілген.)
Тұжырымдамалық Аудиттелген Қаржылық Есептер үшін Басшылықтың²⁵ Жауапкершілігі

Басшылық жиынтық қаржылық есептілікті [белгіленген өлшемдерге сипаттама] сәйкес дайындауға жауап береді.

Аудитордың Жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз - қаржылық есептіліктің барлық маңызды аспектілерде аудиторлық қаржылық есептіліктің *Тұжырымдамалық Қаржылық Есептілік Туралы Есеп Беру Бойынша Келісім*, 810 Халықаралық Аудит Стандартына (ХАС) (Қайта қарастырылған) сәйкес жүргізілген біздің рәсімдер негізінде тексерілген қаржылық есептілікке сәйкес келетініне (немесе *әділ қысқаша сипаттамасына*) сәйкес келетіндігі туралы пікір білдіру.

[Аудитордың қолы]

[Аудитордың мекен-жайы]

[Аудиторлық есептің жасалған күні]

²⁵ Немесе белгілі бір заңнамадағы заңдық негізде сәйкес келетін басқа термин

**1000 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТТИҢ ТӘЖІРИБЕЛІК
ЕСКЕРТПЕЛЕРІ**
**ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ АУДИТІ БОЙЫНША АРНАЙЫ
ҚАРАСТЫРУЛАР**
МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	1–10
I Бөлім – Қаржы Құралдары Туралы Жалпы Ақпарат	11–69
Қаржы Құралдарын Қолдану Мақсаттары Және Тәуекелдері	14–19
Қаржы Құралдарына Қатысты Бақылау Жұмыстары	20–23
Толықтық, Ұқыптылық, Бар Болу	24–33
Мәмілені Растау Және Клиринг Палаталары	25–26
Банк Және Депозитарлық Банктар Арасындағы Сәйкестіктер ..	27–30
Толықтық, Ұқыптылық Және Бар Болудың Басқа Бақылау Түрлері	31–33
Қаржы Құралдарына Баға Беру	34–64
Қаржылық Есеп беру Талаптары	34–37
Бақыланатын Және Бақыланбайтын Кірістер	38–39
Белсенсіз Нарықтар Әсерлері	40–42
Басшылық Бағалау Үдерісі	43–63
Үлгілер	47–49
Жалпы Қаржы Құралының Мысалы	50–51
Үшінші Тараптық Бағалау Көздері	52–62
Бағалау Сарапшыларының Көмегін Қолдану	63
Қаржылық Міндеттемелерге Қатысты Мәселелер	64
Қаржылық Құралдарға Қатысты Ұсынулар Мен Ашып Көрсетулер	65–69
Қаржылық Ашып Көрсетулер Түрлері	67–69

II Бөлім – Қаржы Құралдарға Қатысты Аудит Қарастырулары	70–145
Кәсіби Скептицизм	71–72
Жоспарлаулауды Қарастыру.....	73–84
Есептілік Және Ашып Көрсету Талаптарын Түсіну.....	74
Қаржы Құралдарын Түсіну.....	75–77
Аудит Кезінде Мамандандырылған Дағдылары Мен Білімі Барларды Пайдалану.....	78–80
Ішкі Бақылауды Түсіну.....	81
Аралық Аудит Қызметінің Мәнін, Рөлін Және Өрекеттерін Түсіну	82–83
Қаржы Құралдарын Бағалау Бойынша Басшылықтың Өдіснамасын Түсіну	84
Елеулі Бұрмалану Тәуекелдігін Бағалау Және Оған Жауап Қайтару	85–105
Қаржы Құралдарына Қатысты Жалпы Қарастырулар.....	85
Алаяқтық Тәуекел Факторлары	86–88
Елеулі Бұрмалану Тәуекелдігін Бағалау	89-90
Бақылаудың Операциялық Нәтижелілігін Тексеру Қажеттелігін, Және Қандай Денгейде Тестілеуін Ойластыру Барысында Есепке Алатын Факторлар.....	91–95
Маңызды Рәсімдер.....	96–97
Қос Мақсатты Тестілер	98
Аудиторлық Рәсімдердің Алатын Уақыттары	99–102
Толықтық, Ұқыптылық, Бар Болу, Пайда Болу Және Құқық Пен Міндеттерге Қатысты Рәсімдер	103–105
Қаржы Құралдарына Бағалау.....	106–137
Қаржылық Есеп беру Талаптары.....	106–108
Баға Беруге Қатысты Елеулі Бұрмалану Тәуекелдігін Бағалау.....	109–113
Маңызды Тәуекелдер	110–113
Аудиттік Тәсілді Дамыту.....	114–115

Басшылық үшінші тараптың бағалау көзін қолданған кездегі аудиторлық мәселелер.....	116–120
Модельді Қолдану Арқылы Басшылық Әділ Құндылықтарды Бағалаған Кездегі Аудиторлық Қарастырулар.....	121–132
Басшылық Қолданатын Болжамдардың Ақылға Қонымды Екендігін Бағалау.....	129–132
Ұйым Басшылықтың Сарапшысын Пайдаланған Кездегі Аудиторлық Мәселелер.....	133–135
Аудиторлық Нүктелік Есептеуді Немесе Аудиторлық Шектеуді Дамыту.....	136–137
Қаржы Құралдарын Ұсыну Және Ашып Көрсету.....	138–141
Қаржы Құралдарын Ұсыну Және Ашып Көрсетуге Қатысты Рәсімдер.....	140–141
Осыған Қатысты Басқа Аудиттік Қарастырулар.....	142–145
Жазбаша Ұсынымдар.....	142
Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалар Және Басқалармен Қарым-Қатынас.....	143–145
Реттеушілер Және Басқалармен Қарым-Қатынас.....	145
Қосымша: Қаржы Құралдарына Қатысты Бақылау Мысалдары	

Қаржы Құралдары Аудиті Бойынша Арнайы Қарастырулар, 1000 Халықаралық Аудиттің Тәжірибелік Ескертпелері (ХАТЕ), Қаржы Құралдар Аудитінің Арнайы Пікірлері, Сапаны Бақылау, Аудит, Шолу, Басқа Ақпараттың Дұрыстығын Және Ілесіп Қызметтер Бойынша Стандарттарға Кіріспе-мен бірге оқылуы қажет. ХАТЕ аудиторларға Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАС) енгендерден тыс қосымша талаптар қоймайды және аудитордың аудитке қатысты барлық ХАС талаптарын орындау жауапкершілігін өзгертпейді. ХАТЕ аудиторларға практикалық көмек көрсетеді. Оларды ұлттық стандарттарға жауапты адамдар таратуға немесе сәйкес ұлттық материалды әзірлеу кезінде қолдануға арналған. Олар, сондай-ақ, фирмалар өздерінің оқу бағдарламаларын және ішкі басшылықты жасау кезінде қолдана алатын материалдарды ұсынады.

Кіріспе

1. Әр өлшемдегі қаржылық және қаржылық емес ұйымдар қаржы құралдарын әр түрлі мақсатпен қолдануы мүмкін. Кейбір ұйымдар үлкен бөлімдер мен транзакциялар көлемдеріне ие болса, басқалары бірнеше ғана қаржы құралдарын аудару транзакцияларына қатысады. Біреулері қаржы құрал тәуекелін болжаудан пайда көру жолын ұстанса, екіншілері қаржы құралдарын хеджинг немесе шалдығушылықтарды басқару арқылы кейбір тәуекел түрлерін төмендету үшін қолданады. Бұл Халықаралық аудиттың тәжірибелік ескертпелері (ХАТЕ) осындай жағдайлардың барлығына байланысты болып табылады.
2. Келесі Халықаралық Аудит Стандарттары (ХАС) белгіленген қаржы құралдарының аудитына қатысты болып саналады:
 - (a) 540 ХАС¹ аудитордың бухгалтерлік бағаға аудит жүргізуге жауаптылығын, оның ішінде әділ құны бойынша есептелген қаржы құралдарына қатысты бухгалтерлік бағалауын қарастырады;
 - (b) 315 ХАС² (Қайта қарастырылған) пен 330 ХАС³ елеулі бұрмалану тәуекелділігін табу, бағалау және оған жауап қайтару; және
 - (c) 500 ХАС⁴ аудиторлық дәлелдеме нені құрайтынын түсіндіреді және аудитордың пікірін негізге алатын ақылға қонымды қорытындылар жасау үшін жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу үшін аудиторлық рәсімдерді құру және орындау жауапкершілігін қарастырады.
3. Бұл ХАТЕ қамтамасыз етеді:
 - (a) Қаржы құралдары туралы жалпы ақпаратпен (I бөлім); және
 - (b) Қаржы құралдарына қатысты аудиттық пікірлерді талқылаумен (II Бөлім).

ХАТЕ аудиторларға практикалық нұсқау көрсетеді. Олар халықаралық стандарттарға жауаптылар тарапынан таратылуы жоспарлауланған. Немесе олар осыған сәйкес қоғамдық материал жасалғанда қолданылады. Сонымен қатар, олар фирмалар қолданатын жаттығу программалары мен аралық жетекшілікке керекті материал ұсынады.

¹ 540 ХАС, *Әділ Құнның Бухгалтерлік Бағалауын Қоса, Бухгалтерлік Бағалаудың Аудиті Және Ілеспелі Ақпаратты Ашып Көрсету*

² 315 ХАС (Қайта қарастырылған), *Ұйымды Және Оның Ортасын Білу Негізінде Елеулі Бұрмалаулар Тәуекелділігін Анықтау Мен Бағалау*

³ 330 ХАС, *Бағаланатын Тәуекелдіктерге Жауап Ретіндегі Аудиторлық Шаралар*

⁴ 500 ХАС, *Аудиттік Дәлелдеме*

4. Бұл ХАТЕ барлық өлшемдегі субъектілерге қатысты, себебі әрбір ұйым қаржы құралдарын қолданғанда елеулі бұрмалану тәуекелділігін кездестіре алады.
5. Бұл ХАТЕ-дағы бағалауға⁵ арналған нұсқаулар құны бойынша ашылған қаржы құралдарына жарайды. Ал бағалау тақырыбына жатпайтын нұсқаулар әділ құны бойынша есептелген немесе амортизацияланған бағаға бірдей жарайды. Сонымен қатар, бұл ХАТЕ қаржы активтері мен қаржы міндеттемеліреме жұмыс кезінде де қолдануға жарайды. Бұл ХАТЕ мынадай құралдарға жарамсыз:
 - (a) Ең қарапайым қаржы құралдары: қолма-қол ақша алу, қарапайым қарыздар, кредиторлық берешек пен дебиторлық берешек;
 - (b) Тіркелмеген үлестік құралдарға инвестициялар; немесе
 - (c) Сақтандыру келісімдері.
6. Оның үстіне, бұл ХАТЕ қаржы құралдарына қатыссыз арнайы бухгалтерлік мәселелерге: хедж бухгалтерлік, бастауыш кіріс пен шығыс (“1 Күн кірісі” немесе шығысы деген атаумен кездеседі), өзара есепке алу (оффсеттинг), тәуекел трансферлері немесе құнсыздану, соның ішінде күмәнді борыштар бойынша сақтық қорлар жарамайды. Аталған құралдар субъектінің қаржы құралдар бухгалтериясына байланысты болғанымен, аудитордың бұл мәселеге пікірі ХАТЕ ауқымына кірмейді.
7. ХАС-қа сәйкес аудитті жүргізумен байланысты басшылыққа лауызымды басқарушылықтың міндеттемелерімен қатысы бар шарт бойынша, олардың арнайы жауапкершіліктерін білетін шарт бойынша жүзеге асырылады. Сондай жауапкершіліктің бірі әділ құнды есептеулерді жүргізу болып табылады. Бұл ХАТЕ ұйым басшылығы мен өкілеттік берілген тұлғаларды жауапкершілікке тартпайды, бірақ оларды бағынатын заңдар мен ережелерге қайшы келмейді.
8. Бұл ХАТЕ жалпы қаржылық есеп беру мен әділ ұсыну жүйесіне сәйкес жазылғанымен, керек кезде басқа да ұсыну жүйелерінде, ерекше мақсатта жазылған қаржылық есеп беру жүйесі ретінде қолданыла алады.
9. Бұл ХАТЕ өткен бағалауларды бекітуге, ұсыну мен ашылуға негізделген. Алайда, ол толықтық, ұқыптылық, бар болу мен құқық және міндеттемелерді қысқаша қарастырады.
10. Қаржы құралдары бағалау белгісіздігіне сезімтал. Бұл мәселе 540 ХАС -та «бағалау белгісіздігінің сезінушілігі және оны өлшеу кезіндегі ажыратылмас ұқыптылық жетіспеушілігіне қатысты ашылулар»⁶ деп

⁵ Бұл ХАТЕ-да «бағалау» мен «өлшеу» түсініктері өзара алмасып қолданылады.

⁶ 540 ХАС, 7 (c) тармақ

көрсетілген. Қаржы құралдарының күрделілігі бағалау белгісіздігіне кері әсер тигізеді. Қаржы құралдарын бағалауға керекті ақпарат әр түрлі болуы бағалау белгісіздігіне қатысты өлшемдерге кері әсерін тигізеді. Бұл әділ құнды бағалау белгісіздігін «өлшеу белгісіздігі» деп атайды.

I Бөлім – Қаржы Құралдары Туралы Жалпы Ақпарат

11. Қаржылық есеп беру үлгілерінде қаржы құралдарының бірнеше анықтамасы кездесуі мүмкін. Мысалы: ішкі қаржылық есеп беру стандарттары (ХҚЕС) қаржы құралдарын бір ұйымның кредиторлық қарызын, ал екінші ұйымның дебиторлық қарызын немесе үлескерлік құралын арттыратын кез келген келісім ретінде анықтайды.⁷ Қаржы құралдары қағаз ақша, басқа ұйымның капиталы, қағаз ақшаны алу мен жеткізу немесе қаржылық активтері мен міндеттемелерді айырбастауға рұқсат, қаржылық емес заттар мен кейбір келісімдер, ұйымның өз капитал құралдарына келісімдері және сақтандыру келісімдеріне анықтама бойынша жатпайтын, сақтандырушы шығарған келісімдер бола алады. Осындай анықтама қаржы құралдарын қарапайым қарыз және депозиттен бастап күрделі туынды қаржы құралдары, құрылымды бұйымдар мен тауар жеткізілім шарттарыны дейін анықтайды.
12. Қаржы құралдары күрделілігіне қарай бөлінеді, алайда ол күрделілік әртүрлі көздерден келе алады:
 - Бөлек қолма-қол ақша ағынының үлкен көлемі. Бұл кезде біркелкіліктің аздығы ақша ағынының әрбір түрін, немесе ірі топтарын зерттеуге мәжбүр етеді. Мысалы: несиелік тәуекел (мысалы: қамтамасыздырылған қарыздық міндеттемелер (ҚҚМр)).
 - Қолма-қол ақша ағындарын белгілеу үшін қолданылатын кешенді формулалар.
 - Болашақ қолма-қол ақша ағындарының сенімсізділігі немесе әртүрлілігі. Мысалы: несиелік рисктер және ұзақ уақытқа бекітілген опционды келісімдер.

Қолма-қол ақша ағынының нарық жағдайына неғұрлым әртүрлі әрекет етсе, қаржы құралының әділ өлшемі соғұрлым күрделі және белгісіз әсер етеді. Оның үстіне, кей кездерде, бағалау оңай болып келетін қаржы құралдары белгілі жағдайларда күрделіге бағаланады. Мысалы: нарықты белсенсіздікке итермелеген қаржы құралдары немесе келісімдері ұзақ уақытқа бекітілген құралдар. Деривативтер (туындылар) мен құрылымды бұйымдар жеке қаржы құралдарының кешені болған кезде күрделірек

⁷ 32 Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (КЕХС), *Қаржы Құралдары: Ұсыну*, 11 тармақ

болады. Осыған қоса, белгілі үлгілерге сәйкес қаржылық есеп беру мен белгілі нарық жағдайлары күрделі болуы мүмкін.

13. Күрделіліктің басқа көзі - иеліктегі немесе сатылымдағы қаржы құралдарының көлемі . Ал таза пайыздық мөлшерлеме айырбасы (своп), күрделі болмауы мүмкін. Оларды көп мөлшерде иеленетін ұйымдар күрделі ақпарат жүйелерін қолдана отыра, бағалай және сауда жасай алады.

Қаржы Құралдарын Қолдану Мақсаттары Және Тәуекелдері

14. Қаржы құралдары келесі мақсаттарда қолданылады:

- Хеджинг мақсатымен (қалыпты тәуекел профилін субъектінің кездестірген тәуекелге ауыстыру). Оның ішінде:
 - Болашақ айырбас бағамын реттеу мақсатымен валюта сату немесе сатып алу;
 - Болашақ пайыздық мөлшерлемені тиянақталған мөлшерлемеге немесе құбылмалы мөлшерлемеге своп арқылы ауыстыру; және
 - Ұйымды бағалардың кенет ауысуынан қорғау үшін опционды келісімдерді сатып алу. Оның ішіне кіріктіріме туынды құралдар да жатады;
- Трейдинг мақсатымен (мысалы: субъектіге тәуекел позициясын ұстанып, нарықтағы қысқа мерзімді қимылдардан пайда табуға әрекет ету); және
- Инвестициялау мақсатымен (мысалы: ұйымға ұзақ мерзімді инвестициядан пайда табуға әрекет ету).

15. Қаржы құралдарын қолдану белгілі бизнес тәуекелдерден сақтап қалуы мүмкін. Мысалы: айырбас бағамының, пайыздық мөлшерлеме мен тауар бағасының және тағы басқа тәуекелдер комбинацияларының ауысуы. Басқа жақтан қарағанда, кейбір қаржы құралдарынан ажыратылмас күрделілік те тәуекелді арттыруы мүмкін.

16. Өкілеттік тұлғалар келесі жағдайларда бизнес тәуекел мен елеулі бұрмалану тәуекелін арттырады:

- Олар қаржы құралдар тәуекелдерін толықтай түсінікке ие болмай, тәжірибиесі мен білімі жеткіліксіз болған жағдайда;
- Олар тәуекелді қолданылудағы қаржылық есептіліктің жүйесіне сәйкес бағалау үшін біліктілігі жоқ жағдайда;
- Олар қаржы құралдарына керекті бақылау жасамаған жағдайда; немесе

- Олар дұрыс емес хеджинг жасағанда немесе әдейі өз пайдасына ғана әрекет еткен жағдайда.
17. Ұйым басшылығының қаржы құралдарындағы ажыратылмайтын тәуекелді толықтай түсіне алмауы, олардың сол тәуекелдерді дұрыс бақылау алмауына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, ұйымның жұмыс істеу қабілетін үлкен қатерге әкелуі мүмкін.
18. Қаржы құралдарына қатысты басты тәуекел түрлерінің тізімі төменде берілген. Бұл тізімдегі түсініктер тәуекелдерді немесе олардың құрамдас бөліктерін сипаттау кезінде әр түрлі терминологияны қолдануы мүмкін.
- (a) Несиелік (немесе контрагенттік) тәуекел дегеніміз бір тарапта пайда болған тәуекелдің екінші тарап үшін қаржылық жоғалту болатын үдеріс. Әдетте, бұл екінші тараптың келісім бойынша міндеттемелерін орындай алмауымен байланысты болады. Көп жағдайларда оның себебі дефолт болып табылады. Несиелік тәуекелге есеп айырысу тәуекелі де жатады. Бұл бір тараптың есеп айырысу кезіндегі өз міндетінің орындамауының тәуекелі.
 - (b) Нарықтық тәуекел дегеніміз қаржы құралының болашақ қолма-қол ақша айналымының нарықтық бағалар ауысу себебінен пайда болатын әділ құнның тербелу тәуекелі. Оның мысалына валюта тәуекелі, пайыздық мөлшерлеме тәуекелі, тауар және ұйым бағаларының тәуекелдері жатады.
 - (c) Өтімділік тәуекелі – қаржы құралын лайықты бағамен сату немесе сатып ала алмау. Оның себебі қаржы құралының тауарлық қасиетінің әлсіздігі.
 - (d) Операциялық тәуекел қаржы құралына керекті арнайы әрекеттер қажеттіліне байланысты тәуекел. Операциялық тәуекел қаржы құралының күрделілігі артқан жағдай да үлкейеді. Ал операциялық тәуекелді нашар бақылау басқа тәуекелдердің артуына себеп бола алады. Операциялық тәуекелге келесілер жатады:
 - (i) Растау және салыстыру бақылауларының қателіктері қаржы құралдарының шала немесе қате жазбасына әкеледі;
 - (ii) Өткен транзакция жазбаларының дәл болмау және сол транзакциялар дұрыс бақылаудан өтпеу тәуекелі;
 - (iii) Өткен транзакциялар көрсеткіштері қате жазылып, қате оқылып немесе тәуекел бақылауынан өтпеуі себебінен жалпы сауданың экономикалық жағдайын нақты көрсетпеуі;
 - (iv) Жұмысшылардың бағалау әдіс-тәсілдеріне шамадан тыс сенім білдіріп, оны керекті бақылаудан өткізбеуі –

транзакциялардың тәуекелі дұрыс емес болжалып, транзакциялардың қате бағалануына әкелуі;

- (v) Қаржы құралдарын қолдану ұйымның тәуекел бақылау процедуралар мен ережелеріне толықтай қамтымауының тәуекелі;
- (vi) Дұрыс емес немесе іске аспаған ішкі процесс пен жүйелер, немесе сыртқы және ішкі әрекеттерден болған алаяқтықтар кіретін сыртқы көздерден болатын тәуекелдер;
- (vii) Қаржы құралдарын бағалау тәсілдерінің уақытта іске асырмау немесе оларды дұрыс емес қолдану тәуекелдері; және
- (viii) Заңға байланысты тәуекел. Тәуекелдің бұл түрі операциялық тәуекелдің бір бөлігі болып табылады. Бұл жағдайда қаржылық жоғалту реттеуші заңдардың әсерінен келісімге келісуші тараптардың келісімде жазылған міндеттемелерін іске асыра алмау тәуекелі. Мысалы: келісімді құрастыру кезіндегі құжаттардағы қателер, банкрот кезінде екі тараптын сәйкес шешімге келе алмауы, келісімге қайшы келетін жаңа салық түрлері немесе субъектілерге кейбір қаржы құралдарына инвестициялауға рұқсат етпейтін ережелер.

19. Қаржы құралдарын қолдану тәуекеліне байланысты басқа жағдайлар:

- Алаяқтықтың арту тәуекелі. Мысалы: алаяқтықтық жасауға барған жұмысшы қаржы құралдары мен оларға есеп беру процессін меңгере отырып, оның басшылығы мен өкілеттік берілген тұлғалар бұл мәселе жайлы толық түсінігі болмаған жағдай.
- Өзара есеп беру бойынша бас келісім⁸ қаржылық есептілікте белгіленбеуі тәуекелі.
- Қаржы құралдарының өздерінің мерзімі келген кезде міндеттеме мен актив түріне ауысып кету тәуекелі. Ондай өзгеріс аз уақыт ішінде орын алады.

Қаржы Құралдарына Қатысты Бақылау Жұмыстары

20. Ұйымның қаржы құралдарын қолдану жиілігі мен сол құралдардың күрделілігі - ұйымның ішкі бақылау таңдамалылығын белгілеуде зор рөл

⁸ Бір ұйым екінші тараппен қаржылық құралдарға қатысты бірнеше операция жүргізсе, олар бірыңғай бас келісімге келуі мүмкін. ондай келісім екі тарап арасындағы барлық қаржы құралдарын қамтып, солардың бірі дефолтқа ұшыраған жағдайда да өз күшін жоғалтпайды.

атқарады. Мысалы: ұсақ ұйымдар қарапайым өнімдерді қолдаға отырып, қойылған мақсаттарға жету жолында қарапайым процесстер қолдана алады.

21. Қаржы құралдарын қолдану жиілігін бақылау, негізінен, өкілеттік берілген тұлғалардың міндеті болып табылады. Ал тәуекел болжаушылар сол ұйымның тәуекелдерге ұшырағыштығын зертейді. Ұйым басшылығы мен өкілеттік берілген тұлғалар ішкі бақылау жүйесін ойлап табу мен құрылымын жасауына жауапты. Сол бақылау жүйелері қаржылық есеп қолданудағы қаржылық есептілік жүйесіне сай болуы шарт. Ұйымның ішкі бақылау жүйесі басшылық пен өкілеттік берілген тұлғалар келесі әрекеттер еткенде тиімділігі артады:
- (a) Дұрыс бақылау айналасы қабылданған кезде, қаржы құралдарын пайдалану барысындағы өкілеттік берілген тұлғалардың белсенділігі, дұрыс ойластырылған жауапкершілік пен бағынушылық құрылымы, керекті кадр бөлімдерінің ережелері мен процедуралары. Атап айтқанда, өкілеттік берілген тұлғалардың шара қолдану деңгейін талқылайтын нақты ережелер қажет. Ондай ережелер қаржы құралдарын қолданудағы заңды немесе реттеуші шектеулерге байланысты болады. Мысалы, кейбір қоғамдық секторлардағы ұйымдар бизнесте деривативтерді қолдану үшін әлі жеткіліксіз болуы мүмкін;
 - (b) Ұйым ауқымына және қаржы құралдар күрделілігіне сәйекс керекті тәуекел болжау жүйесін құрастырылуы. (Мысалы: кейбір субъектілерде тәуекел болжау функциясы бар болуы мүмкін);
 - (c) Өкілеттік берілген тұлғаларға қаржы құралдарымен байланысты әрекеттер және тәуекелдер жайлы түсінік беретін ақпараттық жүйенің бар болуы. Оның ішіне транзакцияларды дұрыс құжаттамалау да жатады;
 - (d) Құралған, іске асырылған және дұрыс құжаттамаланған ішкі бақылау жүйесі:
 - Ұйым басшылығының қаржы құралдарын қолдануы тәуекел болжау бөлімінің ережелеріне сай екендігін қамтамасыз етеді;
 - Қаржы құралдарын қаржылық есептіліктерінде дұрыс ұсынылатынын қамтамасыз етеді;
 - Ұйым заңдар мен ережелерге сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; және
 - Тәуекелді бақылайды.

Қосымша бөлімде ұйым үлкен көлемдегі қаржы құралдар транзакцияларын бақылау мысалдары беріледі; және

- (е) Қолданыстағы қаржылық есептілігі жүйесіне сәйкес бухгалтерлік ережелер, оған қоса бағалау ережелерінің болуы.

22. Тәуекел болжау үдерісінің және қаржы құралдарына байланысты ұйымның ішкі бақылаудың басты элементтері:

- Қаржы құралдар транзакцияларын жүргізу барысында, ұйымның қабылдайтын тәуекелге шалдығушылығының мөлшерін белгілеу әдісін жасау («тәуекел тәбеті» деген түсінік те қолданылады). Соның ішінде қаржы құралдарына инвестициялау ережелері және қаржы транзакциялары жүргізілетін жүйені бақылауды жасау;
- Жаңа қаржы құралдар транзакцияларына керекті құжаттамалау мен уәкілет беруді қамтамасыз ету. Транзакциялар бухгалтерлік, заңдық, операциялық тәуекел деген сияқты мәселелерге байланысты;
- Қаржы құрал транзакцияларын қорыту, оның ішінде қолма-қол ақша және қолдағы активтерді сыртқы элементтермен растау және салыстыру, онымен қоса төлем үдерісі;
- Қаржы құралдарына инвестиция жүрізетін, сауда жасайтындар мен сол құралдарды қорытатын, бағалайтын, қабылдайтындардың жұмыстары мен міндеттерін дұрыс бөліп беру. Мысалы: баға беру үдерісіне көмек ететін үлгілік даму функциясы бас кеңседен функциялы және құрылым түрі бойынша бөлек болған функциядан объективтілігі аздау болады;
- Бағалау үдерістері мен бақылау, оның ішіне үшінші тарап көзінен алынған баға беру ақпараты; және
- Бақылауға көңіл бөлу.

23. Тәуекелдің түрлері қаржы құралдарының көлемі көп және қаржы құралдарының көлемі аз субъектілерге әрқелкі болады. Бұл мәселе ішкі бақылауды әртүрлі мәнгерде жүргізуге әкеледі. Мысалы:

- Әдетте, қаржы құралдарының көлемі көп ұйымдар бұл мәселе үшін арнайы бөлме ортасына жүгінеді. Ол жерде кәсіби трейдерлер мен сол трейдерлер және бэк-кеңсесі жауапкершілігінің бөлінуі іске асырылады. Сол сияқты орталарда, трейдерлер, әдетте, келісімдерді телефон арқылы немесе электронды платформа арқылы жүргізеді. Осындай қаржы құралдарының көлемі үлкен, арнайы орталары бар субъектілердің транзакциялары мен қаржы құралдарын бақылап отыру, көлемі шағын ұйымның жұмыс атқаруынан әлдеқайда қиынға түседі. Екіншілердің толықтығы мен

бар болуі бірнеше банктерге жіберілген сауал арқылы қабылданады.

- Басқа жақтан қарасақ, шағын қаржы құралдарына ие ұйымдар жиі міндеттерді бөлмейді. Және олардың нарыққа аз жетімді болады. Ондай жағдайларда, ұйым басшылығы жұмысшыларға тым үлкен сенім білдірігендіктен авторизацияланбаған транзакциялар орын алу, немесе транзакциялар жазылмау тәуекелі артады.

Толықтық, Ұқыптылық және Бар болу

24. 25-33 тармақтары қаржы құралдар транзакцияларының көлемі үлкен ұйымдардағы бақылау және басқа үдерістерді сипаттайды. Оның ішіне трейдинг бөлмелері бар ұйымдар де жатады. Керісінше, қаржы құралдар транзакцияларының көлемі аз ұйымдар ондай бақылау мен үдерістерге ие болмауы мүмкін. Алайда, оның орнына, олар транзакцияларды өзге тарап немесе клиринг палатасы арқылы растай алады. Бұл әдіс салыстырмалы түрде қарапайым болып саналуы мүмкін, себебі субъекті тек қана бір немесе екі компаниялармен транзакция жасай алады.

Мәмілені Растау Және Клиринг Талаптары

25. Әдетте, қаржы мекемелер жүргізген транзакциялар үшін қаржы құралдарының тәртіптері екі жақ келіскен қабылдамалар мен заңды сәйкестіктерде жазылады. Клиринг палаталары екі тарап арасындағы қабылдамалардың айырбасын сауда әрекеттерін тексеру арқылы жүргізеді. Басты клиринг палатасы айырбастау және клиринг палаталарының қызметіне жүгінетін субъектілермен жұмыс істейді. Клиринг палаталары өздеріне берілген ақпаратты толықтай қорытумен айналысады.
26. Алайда, барлық транзакциялар айтылған айырбас арқылы жүре бермейді. Басқа нарықтарда транзакциялар алдында талқыланатын практика қалыптасқан. Бұл үдеріс нәтижелі болу үшін, алаяқтық тәуекелінен арылу мақсатымен, бұл жұмыстарды қаржы құралдар трейдингімен айналысатын адамдар қатысынсыз іске асырылады. Басқа нарықтарда, транзакциялар реттеу үдерісі басталғаннан кейін жүргізіледі. Ал кейбір нарықтарда, реттеу үдерісі барлық шарттар толығымен келісілгеннен кейін жүргізіледі. Бұл қосымша тәуекелден сақтайды, себебі транзакция жүргізетін ұйымдар сауданың альтернативті жолдарын қолданады. Олар:
- Қаржы құралдар трейдингін жүргізуші мен оларды реттейтіндердің жазбаларын қатал бөлу. Сонымен қатар, транзакциялар тұтастығын қамсыздандыру мақсатымен, қаржы құралдар трейдингін жасаушылар үстінен қатал бақылау;
 - Қос тараптың қорытынды құжаттамаларын зерртеу. Шарттардың барлығы келісіліп бітпесе де, басты шарттар әрдайым ерекше бөлінеді; және

- Трейдердің кіріс пен шығысын есептеу арқылы, олардың бэк кеңсесінің есептеріне сәйкес жұмыс жасайтынына сенімді болу.

Банк Пен Депозитарлық Банктер Арасындағы Сәйкестіктер

27. Акциялар мен облигациялар сияқты, кейбір қаржы құралдарының сыңарлары депозитарийларда сақталады. Оған қоса, қаржы құралдарының көпшілігі қолма-қол ақша төлемдеріне әкеледі, және ол ақша ағындары келісім мерзімінде ерте уақытта орын алады. Бұл ақша ағыны мен түбіртектер ұйымның банк есепшоты арқылы өтеді. Субъекті жазбалары мен сыртқы банк және депозитарийлар жазбаларымен сәйкестіктері транзакциялардың дұрыс жазылып алуымен қамтамасыз етеді.
28. Барлық қаржы құралдары келісімшарттың алғашқы кезеңінде ақша ағынына әкеп соқтырмайтынын немесе айырбастаушыға немесе кастодианға жазуға мүмкіндігі жоқ екенін ескеру қажет. Мұндай жағдайда, салыстыру процестері өткізілмеген немесе қате жазылған сауда-саттықты анықтамайды және растауды бақылау маңызды. Ақшалай қаражат ағыны құралдың өмірінің алғашқы кезеңдерінде дәл жазылған жағдайда да, бұл құралдың барлық сипаттамалары мен шарттарын (мысалы, өтеу мерзімі немесе мерзімінен бұрын тоқтату опциясы) дәл жазылуын қамтамасыз етпейді.
29. Осыған қоса, ақша ағымдары сауда немесе ұйымның бухгалтерлік балансымен салыстырғанда ұсақ болуы мүмкін. Сол себептен, оны анықтау қиынға түсуі мүмкін. Ондай сәйкестіктерді қаржы немесе басқа бэк кеңселері басты есепшілік кітабында болған өзгерістерді қарап, олардың сенімді екендігіне көз жетізуі арқылы арттырылады. Бұл үдеріс өзге тарап жағынан, қаржы құралдарына қатысты ақша ағымдарының дұрыс жазылуын тексереді. Уақытша шегіру және клиринг есептері, бухгалтерлік баланс жағдайына да қарамағанда да өте маңызды. Себебі есепшілікте өзара есепке салу келісімдері бар болуы мүмкін.
30. Қаржы құралдарының көлемі үлкен субъектілерде келісім және растаудың Бақылаулары автоматтандырылған түрде жүзеге асырылады. Сол себептен, керек кезде, ол жерде ақпараттық технологиялар орнатылуы қажет. Ол бақылаулар ұйым жазбаларынан және сыртқы көздерден жиналған ақпараттың (банктер мен депозитарлық банктер) толықтай дұрыс екендігін және оның келесі сәйкестік жүргізу барысында бұрмаланбауын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл бақылаулар сәйкестіктерді клирингтен қатесіз өткеру үшін керекті қатал критерияларға жауап береді.

Толықтық, Ұқыптылық Және Бар Болудың Басқа Бақылау Түрлері

31. Қаржы құралдарынан ажырамас күрделіліктер олардың ұйым жазбалар жүйесіне қандай түрде жазылу керек екенін қиынға түсіреді. Ондай жағдайларда субъект басшысы транзакцияларды өлшеу, жазу және бухгалтерлік есепке салу шараларын реттейтін арнайы бақылау үдерісін ойлап табуы мүмкін. Ондай бақылау, әдетте, қаржы құралдарының есептілігін жүргізуді толық меңгерген, жоғары білікті мамандар арқылы іске асырылады.
32. Кейбір транзакциялар жасалып болғаннан кейін, оларға жаңартулар еңгізу немесе ол транзакция жойылуы мүмкін. Транзакцияны жаңарту немесе жою үдерістері кезінде болатын қателер және алаяқтықтар тәуекелін кемітуді дұрыс бақылау қамтамасыз етеді. Оған қоса, кейбір ұйымдар транзакция жаңартылғаннан немесе жойылғаннан кейін оларға келісіп, қайта жүргізуі мүмкін.
33. Трейдингтің көлемі үлкен қаржы мекемелерінде, бас жұмысшы жеке трейдерлердің күнделікті жазбаларындағы кіріс пен шығыстарын есептеп, олардың орындылығын және трейдердің нарық білімін бақылайды. Осындай іс-шаралар нәтижесінде, ұйым басшысы ұқыпсыз жазба жүргізген немесе алаяқтық жасаған трейдерлерді таба алады. Транзакцияларды растау үдерісі басшылық тексеруі арқылы өтуі өте маңызды нәрсе.

Қаржы Құралдарына Баға Беру

Қаржылық Есеп беру Талаптары

34. Көптеген қаржылық есептілік жүйелерінде қаржы құралдары, оның ішінде кіріктіріме деривативтер өздерінің әділ құнымен өлшенеді. Бұл әрекет кіріс пен шығыс, ашып көрсету және бухгалтерлік есептілігі үшін жасалынады. Жалпы алғанда, әділ құн бойынша өлшеудің басты мақсаты – кез келген транзакцияның сол уақытта және нарықтың сол сәттегі жағдайында орындалуы. Басқаша айтқанда: бұл баға өтімділікті күштеп арттыру және жедеал сатылым бағасы емес. Бұл мақсатқа жету үшін, нарық жайлы барлық ақпарат түрі есепке алынады.
35. Қаржы құралдары мен қаржылық міндеттіліктердің әділ құнымен өлшеу транзакцияны жазбалау кезінің ең басында және ең соңғы – бағаның өзгеруі кезінде жүргізілуі мүмкін. Өртүрлі қаржылық есептілік жүйелерінде, әділ құнның өлшемдерінің өзгеруі әрқалай сипатталады. Мысалы: ол кіріс немесе шығыс болып жазылуы мүмкін. Ал басқа жағдайда, ол жиынтық табыс ретінде сипатталады. Кейбір қолданыстаға қаржылық есеп жүйелері қаржы құралының бір бөлігін немесе оның өзін тұтас әділ құн бойынша өлшеуін шарт етеді (мысалы: кіріктіріме деривативтерді бөлек есептеу жағдайында).

36. Кейбір қаржылық есептілік жүйелері әділ құн өлшемдерінің иерархиясын қолданады. Ол қаржы құралдары мен оған қатысты ашып көрсетулердің жүйелі және салыстырмалылығын арттырады. Кіріспелер бірнеше деңгейлерге бөлінеді:

- 1 деңгей кіріспелері – ұқсас қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің белсенді нарықтарындағы, ұйым өлшем жүргізілген күніндегі баға бойынша қол жетізетін баға (түзету енгізілмеген құн).
- 2 деңгей кіріспелері – қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемеге қатысы бар түзету енгізілмеген құннан өзге кіріспелер – 1 деңгейде қарастырылады. Ал қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеменің ерекше келісімделген шарт тармағы болса, ол толық мерзімінде 2 деңгейде қарастырылады. 2 деңгей кіріспелеріне келесілер жатады:
 - Белсенді нарықтардағы ұқсас қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемелердің түзетілмеген құны.
 - Белсенді емес нарықтардағы ұқсас немесе бірдей қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемелердің түзетілмеген құны.
 - Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемелерге қарасты түзетілмеген құндардан басқа кіріспелер (мысалы: түзетілмеу интервалдарында қарастырылатын пайыздық мөлшерлеме мен табыстылық ауытқымалары, кіріктірмелі құбылмалылық пен несиелік айырма (спрэд).
 - Бақыланатын нарық туралы ақпараттан, арақатынастылық (корреляция) немесе басқа әдіс арқылы алынған кіріспелер.
- 3 деңгей кіріспелері – қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемелер бақыланбайтын кіріспелер Ондай кіріспелер керекті бақыланатын кіріспелерге қол жетпейтін кезде, әділ құнды өлшеуге қолданылады. Соның нәтижесінде, өлшем уақытында қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемелер үшін сәл ғана нарық белсенділігі болуым мүмкін.

Жалпы, қаржы құралы 1-ден 2, 2-ден 3 деңгейлерге ауысқанда, өлшем белгісіздігі үлкейеді. Сонымен қатар, 2 деңгейде өлшем белгісіздігі орасан зор болуы мүмкін. Бұл еңгізудің бақыланатынлігіне, қаржы құралының күрделілігі мен оның бағалауына және басқа факторларға байланысты болады.

37. Белгілі қаржылық есептілік жүйелерін өлшемдеу белгісіздігіне байланысты түзетулер жүргізуге рұқсат беру немесе талап етуі мүмкін. Бұл әрекет нарық мүшесінің қаржы құралының ақша ағымдарына

байланысты тәуекел белгісіздігі үшін жасалатын түзетулер себебінен жасалады. Мысалы:

- Үлгілі түзетулер. Кейбір үлгілер (модельдер) қаржылық есептілік жүйесіне сәйкес әділ құнын өлшеу кезінде жетіспеушілікті көрсетеді. Ол жетіспеушіліктер калибрлеу барысында ұлғаюы мүмкін.
- Несиелік тәуекел түзетулері. Кейбір үлгілер несиелік тәуекелді есепке алмайды. Оның ішінде: өздік несиелік тәуекел мен өзге тарап тәуекелі де есептелмейді.
- Өтімділік (ликвидтік) түзетулері. Кейбір үлгілер, қаржылық есептік жүйелерінің өтімділікке түзетілген спредты қолдану талаптарына қарамастан, нарықтағы орта бағаны санауы мүмкін. Өзге, субъективті өтімділік түзетулер қаржы құралдарының өтімсіз екенін көрсетеді. Ал бұл мәселе бағалауды қиындатады.
- Басқа тәуекел түзетулері. Нарық мүшелері барлық факторларды ескермейтін үлгіде, қаржы құралдарын бағалау кезінде, өлшем күніндегі әділ құнын көрсетпеуі мүмкін. Сол себептен, олар қолданыстаға қаржылық есептілік жүйелеріне сәйкес, бөлек түзетілуі керек болады.

Қаржы құралының бағасы, қаржылық есептілік жүйесінде белгіленгендей, әділ құны ретінде бағаланбаса, ол өлшем дұрыс емес болып табылады. Мысалы: консервативті есептілік жүйелер үшін.

Бақыланатын Және Бақыланбайтын Кірістер

38. Жоғарыда айтылғандай, қаржылық есептілік жүйелері кіріспелерді олардың бақыланатынлық деңгейіне сәйкес сипаттайды. Қаржы құралдар нарығының белсенділігі төмендеп, кіріспелер бақыланулықтары де төмендеу себебінен өлшеу белгісіздігін арттырады. Қаржы құралдарын бағалау үшін қолданылатын ақпарат түрлері кіріспелердің олардың өз өлшемдеріне бақыланатынлігіне байланысты болады. Ал өлшемдер болса, нарық сипатына тәуелді болады (мысалы: нарық белсенділігінің деңгейі және оның саудасы биржа делдалы арқылы немесе тараптар арасында тікелей жүру (ТАТЖ), жүрмеуіне байланысты). Осыған сәйкес, бағалау үшін қолданылатын нарық сипаты мен оның сенімділігі ұйым басшыларының нарық белсенсізденгенде және кіріспелер бақыланулығы кеміткенде, оларды бағалау қиындатады.
39. Бақыланатын кіріспелер қол жетімсіз болған жағдайда, ұйым бақыланбайтын кіріспелерді қолданады (3 деңгей кіріспелері). Олар нарық қатысушылары актив немесе қаржылық міндеттемелер бағалағанда қандай болжамдарды, қандай тәуекел болжамдарын қолданатынын сипаттайды. Бақыланбайтын кіріспелер сол жағдайдағы бар ең сенімді

ақпарат көмегімен дамытылады. Бақыланбайтын кіріспелерді дамыту барысында, ұйым өзінің ақпаратын келесі жағдайда қолдануы мүмкін: егер белгілі ақпарат (а) нарықтың басқа қатысушылары өзге ақпаратты қолданғанын (б) егер субъекті басқаларда жоқ нәрсеге ие болғанын көрсетсе (мысалы: субъекті ерекше әрекет жасауы мүмкін болса).

Белсенсіз Нарықтар Әсерлері

40. Қаржы құралдары немесе оның бөліктері сатылатын нарық белсенділігін тоқтатса, өлшеу белгісіздігі күшейіп, бағалау үдерісі қиындайды. Белсенді нарық белсенсіз нарыққа айналатын нақты нүкте белгіленбеген. Алайда, кейбір қаржылық есепшілік жүйелері бұл мәселеде көмек көрсете алады. Белсенсіз нарықтарда трейдинг көлемі мен деңгейі күрт төмендеп, бағалар уақыт өтуімен бірге, нарық қатысушылар арасында да қатты тербеледі. Алайда, нарықтың қай жағдайда (белсенді не белсенсіз) екендігін білу үшін субъективті ойлау қажет.
41. Нарықтар белсенсіз болған жағдайда, түзетілмеген бағалар ескі (мерзімі өте үлкен) болуым мүмкін. Ол баға нарықтағы қатысушылардың мәжбүр болған (сатушы өз активтерін заң және ережелер өзгерістеріне сай жұмыс жүргізу үшін сатып, олардың жедел түрде өтімділігін қамтамасыз ететін транзакция түрі) транзакция бағаларымен сәйкес болмауы мүмкін. Сәйкесінше, бағалаулар 2 және 3 деңгей кіріспелері бойынша жүргізіледі. Келесі жағдайларда, ұйым келесі нәрселерге ие болуы мүмкін:
- 1 деңгей қолжетімділігін анықтауды қосатын бағалау үдерісі;
 - Сыртқы көздерден келген бағалар мен кіріспелер бағалау тәсілдеріне кіріспелер ретінде, олардың сенімділігін растау үшін саналуы туралы түсінік. Мысалы: белсенді нарықта, қаржы құралына брокер баға белгілемесі сол уақыттағы, сол құралға ұқсас транзакцияларды сиппатауы ықтимал. Бірақ, нарық белсенсізге айналса, баға беру мақсатымен заттай (пропиетарлы) бағалау әдістерін қолдану;
 - Өзге тараптын бизнес жағдайы нашарлауынан қалай зардап шегетіні, сонымен қатар бизнес жағдайы нашарлаған субъектілердің келісімде белгіленген міндеттерін атқара алмауы жайлы түсінік (орындалмау тәуекелі);
 - Өлшеу белгісіздіктеріне сәйкес бейімделу ережелері. Ондай бейімделулер үлгілі бейімделу, өтімділік жетіспеушілік бейімделуі, несиелік тәуекел бейімделуі және тағы басқа бейімделу түрлерін қамтиды;
 - Берілген белгісіздіктерді есепке ала тұра, шындыққа жақын нәтижелерді есептеу. Мысалы: сезімталдық анализін жүргізу арқылы; және

- Әділ баға өлшемінің енгізуі иерархияның басқа деңгейіне өтуін анықтаудың ережелері.
42. Қаржы құралдарындағы трейдинг төмендетілгенде немесе мүлдем тоқтатылғанда, белгілі қиындықтар пайда болуы мүмкін. Ондай жағдайларда, оның алдында, нарық бағалары бойынша бағаланған қаржы құралдары үлгі бойынша қайта бағалануы керек болады.

Ұйым Басшылығының Бағалау Үдерісі

43. Қаржы құралдарын бағалау барысында, ұйым басшылығы келесі әдістерді қолданады: бақыланатын бағалар, жақында өткен транзакциялар және бақыланатын және бақыланбайтын кіріспелерді қолданатын үлгілер. Сонымен қатар келесілер қолданылуы мүмкін:
- (a) Үшінші тарап бағалау көзі. Бағалау қызметі немесе делдал баға белгілемесі сияқты. Немесе
 - (b) Бағалау маманы.
- Үшінші тарап бағалау көздері немесе бағалау маманы жоғарыдағы әдістердің бірін немесе бірнешеуін қолдануы мүмкін.
44. Қаржы есептілік жүйелерінің көбінде, қаржы құралының әділ құнын белсенді нарықтағы тұстас транзакцияларында табуға болады (бұл 1 деңгей кіріспелері). Ондай жағдайларда, қаржы құралын бағалау өте оңай болады. Қаржы құралдары үшін түзетілмеген бағалар қаржылық басылымдар, делдалдар және үшінші тараптағы баға көздерінен білуге болады. Түзетілмеген бағаны қолдану кезінде, берілген баға өлшем жүргізген уақыттағы нарық жағдайын сипаттайтынын ұйым басшысы түсінуі өте маңызды. Қаржылық басылымдар мен делдалдардан алынған түзетілмеген бағалар әділ құнды келесі жағдайда көрсетеді:
- (a) Бағалар мерзімі өтіп кетпеген (мысалы: егер баға белгілемесі көп уақыт бұрын болған сату кезіндегі бағаға негізделген болса) жағдайда; немесе
 - (b) Баға белгілемелер дилерлердің қаржы құралдарын жиі және үлкен көлемде сататын бағаға тең болғанда.
45. Қаржы құралы үшін нарықтағы бақыланатын бағасы әлі жоқ болған жағдайда (1 деңгей енгізуі), ұйым қаржы құралын бағалау үшін бағаның өзге көрсеткіштерін қолдануға міндетті болады. Баға көрсеткіштеріне келесілер жатуы мүмкін:
- Жақында өткен транзакциялар. Оған қоса, сол құралдағы, қорытынды қаржылық есеп беру күнінен кейін болған транзакциялар. Бейімдеуді ойластыру кезінде өлшем өткізілген күн мен қорытынды қаржылық есеп беру күні арасында таңдау қажеттілігі туындайды. Бұл көрсеткіштер нақты болмауы мүмкін,

себебі ол транзакциялар сол уақыттағы нарық жағдайын сипаттамауы мүмкін. Одан әрі, транзакциялар мәжбүр болған транзакциялар болып шығуы мүмкін. Сондықтан олар бағаның нақты көрсеткіші болмауы мүмкін.

- Ұқсас құралдардағы қазіргі кездегі немесе жақында болған транзакциялар. Прокси бағалау деген атпен де кездесуі мүмкін. Керекті қаржы құралы мен прокси арасындағы айырмашылықты табу мақсатымен, бейімдеу прокси бағасына жүргізіледі. Мысалы: өтімділік немесе несиелік тәуекел айырмашылықтарын есепке алу.
- Ұқсас құралдар индекстері. Бейімделулер ұқсас құралдар көмегімен жүргізіліп, алынған нәтижені керекті құрал көрсеткіштерімен салыстырады. Одан кейін, олардың арасындағы айырмашылық есептелінеді.

46. Ұйым қаржы құралын бағалау барысында қолданған үлгі мен ережелер сабын жазып, құжаттауы күтіледі. Оның ішіне үлгіні таңдау себебі, бағалау әдісін таңдау кезіндегі болжамдар және белгісіздікті өлшеуді бейімдеу қажеттілігі жайлы пікірі жатады.

Үлгілер

47. Қаржы құралдарының бағасын нарықтан алу мүмкіндігі жоқ кезде, үлгілер қолданылады. Үлгілер күндегі қолданыстағы құнды қағаз (облигация) бағасын табу секілді қарапайым формула мен 3 деңгейлі кіріспелері бар қаржы құралдарын есептеу үшін арнайы жасатылған компьютерлік бағдарламалар сияқты болуы мүмкін. Көптеген үлгілер дисконтталған ақша ағымдарын есептеулерінде негізделген.
48. Үлгіге мәлімет, болжамдар және әдістемелеу (методология) жатады. Әдістемелеу – бағалау барысындағы айнымалылар арасындағы қатынас ережелері мен принциптерін сипаттайды. Болжамдар – белгісіз айнымалылардың болжамды мәнін сипаттайды. Ал мәлімет - қаржы құралы немесе сол қаржы құралына кіріспелер жайлы шын немесе болжамды ақпарат болып табылады.
49. Жағдайларға байланысты, ұйым қаржы құрал үлгісін таңдау немесе бекіту кезінде келесі факторларды қарастырады:
- Үлгіні қолдану алдында, ол талқыланып, бекітілуі қажет. Ол әрдайым қайта тексерістерден өтіп, қолдану мақсаты үшін лайықты екендігі анықталуы қажет. Ұйымның бекіту үдерісі келесі сатылардан тұруы мүмкін:
 - Әдістемелеудің теориялық орнықтылығы мен математикалық тұтастылығын қарастыру. Көрсеткіштер мен сезімталдықтар да есепке алынады.

- Үлгі кіріспелері мен нарық практикасының толықтығы мен сәйкес келуі. Сонымен қатар, бұл үлгіге лайықты кіріспелер қолжетімділігі де есепке алынады.
- Үлгі үстіне бақылау ережелері, тәртіп және күзет бақылауларының лайықты жаңартулар бар болуы.
- Нарық жағдайлары ауысуына байланысты, үлгінің әрдайым бейімдеу мен жаңарту.
- Үлгі әрдайым қайта қарастырылып, өзгертіліп және арнайы субъективті функция тарапынан жарамдылыққа тестіленіп отырады. Бұл әрекеттер нарық қатысушылары қолданатын, үлгі өндейтін қаржы құралының әділ құнын дұрыс болуын қамтамасыз етеді.
- Үлгі бақыланатын кіріспелерді барынша көп қолданып, бақыланбайтын кіріспелерді аз қолданады.
- Үлгі өніміне, белгілі жағдайда, қатысушылар жасайтын болжамдалардың әрекетін тексеру үшін, керекті бейімдеулер жүргізіледі.
- Үлгінің лайықты құжаттамалаудан өтуі. Оның ішінде: үлгінің ойластырылған қолданылуы, басты көрсеткіштері, керекті мәлімет, өткізілген әрбір бақылаудың нәтижелері мен үлгі өніміне жасалынған бейімделмелер.

Жалпы Қаржы Құралының Мысалы

50. Келесі тармақтар жалпы қаржы құралын үлгі көмегімен бағалауды сипаттайды. Бұл түсінік активтермен қамтамасыздандырылған құнды қағаздар⁹ аталынады. Активтермен қамтамасыздандырылған құнды қағаздар 2 мен 3 деңгей кіріспелеріне негізделенетіндіктен, оларды үлгі көмегіме жиі бағалайды және оларға жататындар:

- Құнды қағаздың қай түрін қолдануды түсіну. (а) берілген кепілдік; және (б) құнды қағаз шарттары. Кепілдік ақша ағымының саны несиелі картасының пайыздық мөлшерлемесі, басты төлемдер және кепілхаттар мен таймингті жуықтау үшін қолданылады.
- Құнды қағаз шарттарын түсінуге шарттық келісімделген ақша ағымдарына құқықтар, қарыз сөндіруді талап ету сияқты тағы басқа дефолттық әрекеттер жайлы түсінік қажет. Қарыз сөндіруді

⁹ Активпен қамтамасыз етілген бағалы қағаз - бұл базалық активтер қорымен қорғалатын қаржы құралы (несиелік карта бойынша дебиторлық берешек немесе көлік құралына арналған кепілзат ретінде белгілі) және сол активтерден құн мен кіріс алып отырады.

талап етудің тағы бір атауы – үлкендік, бастылық. Ондай талап ету жағдайында, қарыздың кейбір басты бөліктері (басты, үлкен қарыз) басқа бөліктерінен (кіші қарыз) ерте сөндіріледі. Құнды қағаздың ақша ағымына құқығын кей кезде «сарқырама» деп аталады. Тайминг пен ақша ағымдарының жуықтамалы болжамдары әрбір құнды қағаз үшін ақша ағының жуық саны есептелінеді.

51. Активтермен қамтамасыздандырылған құнды қағаздардың ақша ағымдары –кепілдікті алдын алау төлеу, потенциалды дефолт тәуекел әсерінен зардап шегіп, шығынға ұшырауы мүмкін. Алдын ала төлеу жуықтаулары, мүмкін болса, нарықтық пайыздық мөлшерлемелерге негізделген. Олар өздеріне ұқсас кепілдіктің пайыздық мөлшерімен тығыз байланыста болады. Мысалы, нарықтағы жылжымалы мүлік кепілдіктеріне пайыздық мөлшерлеме төмендеген жағдайда, кепілдіктердегі алдын ала төлем мөлшері көбеюі күтіледі. Мүмкін болатын дефолтты жуықтау мен мен шығын ауырлығын болжамдау - кепілдік пен дефолт мөлшерлемесін бағалауды да жұмысқа қосқызады. Мысалы: кепілдіктер - ипотекалық несиелер болған жағдайда, шығын ауырлығын жуықтау – құнды қағаз мерзіміне негізделген мүлік бағасы әсерінен өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Үшінші Тараптық Бағалау Көздері

52. Әділ құнды анықтау үшін, ұйымдар үшінші тараптық бағалау көздеріне жүгіну мүмкін. Ұйым қаржылық есептілігін дайындау , сонымен қоса жүретін қаржы құралдарын бағалау мен сол құралдарға қатысты қаржылық есептілігін ашып көрсету үдерістері ұйымның өзі жүргізе алмайтын сынақ өткізуді талап етуі мүмкін. Ұйымдар лайықты бағалау әдістерін жасай алмауы мүмкін. Сондықтан олар үшінші тараптық бағалау көздері арқылы бағалау немесе қаржылық есептіліктердің ашып көрсетуін өткізеді. Бұл үдерістер ұсақ ұйымдар мен қаржы құралдарының көлемі үлкен транзакцияларға қатыспайтын субъектілерде кездестіруге болады (мысалы, қазынашылық департаменттері бар, қаржылық емес мекемелер). Бағалау үдерісін үшінші тараптық бағалау көздері жүргізетін болса да, жауапкершілік толығымен субъект басшылығында болады.
53. Құнды қағаздарды қысқа уақыт аралығында бағалау мүмкіндігі жоқ кезде, ол үшін үшінші тараптық бағалау көздері қолданылады. Осындай жағдай, көбінесе, инвестициялық қорларда туындайды. Себеі олар актив бағаларын күн сайын есептейді. Өзге жағдайларда, бағалауды ұйым басшылығы өз бетінше жүргізеді, алайда, бағалаудың дәлдігін тексеру үшін үшінші тараптық бағалау көздері қолданылады.
54. Құнды қағаздарды бағалау барысында, жоғарыда айтылған себептердің бірі немесе бірнешеуі үшін, ұйымдар үшінші тараптық бағалау көздерін негізгі бағалаушы немесе тексеруші ретінде қолданады. Үшінші тараптық бағалау көздері негізінен екіге бөлінеді:

- Бағалау, бәтуалы (консенсуалды) бағалау қызметтерін көрсетуші; және
- Делдал (брокер) баға белгілемелерін ұсынушы делдалдар.

Бағалау қызметтерін көрсету

55. Бағалау қызметтерін көптеген қаржы құралдарының бағалары жайлы мәліметтерге ие субъектілер көрсетеді. Көбінесе, олар күн сайын көптеген қаржы құралдарына баға берумен айналысады. Бағалау үдерісі келесі әдіс көмегімен іске асырылады: көптеген көздерден, оның ішінде маркетмейкерлерден, нарық мәліметтерін жинау. Ал кей жағдайларда, әділ құнның жуықталған мәнін табу үшін, олар өздерінің ішкі бағалау әдістерін қолданады. Бағалаушылар айтылған әдістердің бірнешеуін араластыра қолдануы мүмкін. Бағалау қызметтері көбінесе 2 деңгейдегі кіріспелерді бағаларды белгілеу үшін қолданылады. Бағалау қызметтері үстінен қатал бақылау орнатылады және сол қызметтердің көптеген тұтынушылары болады. Атап айтқанда: сатушы немесе сатып алушы инвесторлар, бэк және орта кеңселер, аудиторлар және т.б.
56. Бағалау қызметтерін қолданған тұтынушылар алынған бағамен келіспейтін болса, әдетте, арнайы келіспеу үдерісі орын алады. Ол кезде тұтынушы өзінің ойынша белгіленетін бағаны және оны растау үшін дәлелдемелер көрсетуі қажет. Мысалы, тура сондай қаржы құралы жақында белгілі бір бағаға сатылса, сол бағаны қабылдау ықтималдылығы көп болады. Ал келіспеу үдерісі тұтынушының өз әдісі бойынша белгілеген бағасы негізінде болса, бұл мәселе ұзақ және ұқыпты зерртеуді қажет етеді. Сонымен, тұтынушылар саны көп бағалаушы қызметтері, олар белгілеген баға дәл болуы үшін, зерттеулер мен өзгерістерді күн сайын жүргізіп отырады.

Консенсустік бағалау қызметтері

57. Кей ұйымдар бағалау үдерісін консенсустік бағалау қызметкерлер көмегімен жүргізеді. Олар басқа бағалау қызметтерінен өзгеше болып келеді. Консенсустік бағалау қызметтерінің әдісі – бағаны өз тұтынушыларының бағалау ақпараттыра негізінде белгілеу. Бұл үдеріс толығымен конфиденциалды жүреді, және үдеріс соңында, бағалау ақпараттары, бәтуаланған бағамен бірге өз иелеріне қайтарылады. Әдетте бәтуаланған баға бірнеше тұтынушы ақпараттарына негізделіп есептелген бағалардың арифметикалық ортасы болып табылады. Шамадан тыс болатын мәндер есепке алынбайды. Кейбір нарықтар үшін, мысалы, экзотикалық деривативтер нарығы үшін, бәтуаланған баға ең жақсы болып саналады. Алайда, бәтуаланған бағаны белгілеу кезінде, оның дәлдігін көбейту үшін келесі тексерулер өткізіледі:

- Тұтынушылардың жіберген ақпараты - транзакциялар бағалары ма, әлде жай ғана тұтынушының бағалау әдісі бойынша белгіленген баға ма екенін тексеру.
- Баға туралы ақпарат алынған көздердің саны.
- Консенсустік бакылау қызметі қолданған ақпарат көздерінің саны.
- Тұтынушылар арасында ірі нарық қатысушыларының бар не жоқ болуы.

58. Әдетте консенсус бағалары қызметке өз бағаларын ұсынған абоненттер үшін ғана қол жетімді. Сәйкесінше, барлық ұйымдар консенсус бағаларына тікелей қол жеткізе алмайды. Абонент әдетте ұсынылған бағалардың қалай бағаланғанын біле алмайтындықтан, менеджмент үшін оларды бағалауды қолдау үшін консенсус бағасының қызметтерінен алынған ақпараттан басқа, басқа дәлелдемелер қажет болуы мүмкін. Атап айтқанда, егер бұл дереккөздер өздерінің бағалау әдістеріне негізделген индикативті бағаларды ұсынса және басшылық осы көздер өздерінің бағаларын қалай есептегені туралы түсінік ала алмаса, мұндай жағдай болуы мүмкін.

Делдал баға белгілемелерін ұсынатын делдалдар

59. Делдалдар белгілемелерін тұтынушыға кездейсоқ қызмет ретінде ғана беретіндіктен, олардың белгілеген бағалары бағалау қызметтері белгілегеннен басқаша болады. Делдалдар өз баға белгілемелерін жасау үшін қолданған ақпаратты көрсетпеуге тырысады, бірақ олар бағалау қызметтеріне белгісіз транзакциялар жайлы ақпаратқа ие болуы мүмкін. Делдал баға белгілемелері сипаттайтын және қолданылатын болып екіге бөлінеді. Сипаттайтын баға белгілемелер - делдалдың әділ құнның дәл мәнін жуықтап сипаттайтын котировка түрі. Қолданылатын баға белгілемелері – делдалдың сауда жүргізетін бағалары көрсетілген белгілеме түрі. Әділ құнның ең дәл мәні қолданылатын котировкада белгіленеді. Ал сипаттаушы котировканы жасау барысында, делдал ашықтық білдірмейтіндіктен, оның әділ құнның мәніне көп сенім білдірілмейді. Оның үстіне, егер делдалдың портфолиосында тура сондай құнды қағаз бар болса, ол баға белгілемесіндегі сандарға да әсер етеді. Делдал баға белгілемелері көбінесе 3 деңгей кіріспелері бар құнды қағаздар үшін қолданылады. Кей кезде, олар ең қолжетімді сыртқы ақпарат болу мүмкін.

Үшінші тараптық бағалау көздеріне қатысты басқа жағдайлар

60. Бағалау көздерінің бағаны белгілеу әдісін білу – ұйым басшылығы үшін өте маңызды мәселе. Сонын нәтижесінде, ұйым басшылығы, үшінші тараптық бағалаушылар қолданылған ақпаратты өзінің бағалау әдістеріне қолданыла алу мүмкіншілігін зерттей алады. Оның ішіне, ашып көрсету

үдерісі үшін құнды қағаздарға қандай деңгейдің кіріспелері керектігін белгілейді. Мысалы, үшінші тараптық бағалау көздері қаржы құралдарын заттай (проприетарлы) бағалау үлгісін қолдануы мүмкін. Бұл жағдайда, ұйым басшысы бағалау барысында қолданылған мәлімет, әдістеме мен болжамдарды толықтай түсінуі қажет.

61. Егер үшінші тараптық бағалау көздері әділ құнды нарықтағы бағалар негізінде есептемеген жағдайда, ұйым басшылығы алынған әділ құнды қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелеріне сай болуын тексеруі шарт. Ұйым басшылығының әділ құн жайлы түсінігі келесілерді қамтиды:

- Әділ құн қалай есептелінгені. Мысалы, әділ құнды бағалау әдісі тұрақты әділ құнды бағалау мақсатына сәйкес болуын білу;
- Котировкалар: сипаттамалы бағалар, сипаттамалы спрэд немесе міндеттемелейтін ұсыныстың біреуі болуын білу; және
- Әділ құнның үшінші тараптағы көздермен есептеліну жиілігін білу. Бұл әрекет - баға өлшеу өткен кездегі нарық жағдайын сипаттайтын тексеру үшін жасалынады.

Ұйым қарамағындағы қаржы құралдарының негізінде белгіленген котировкаларды үшінші тараптағы бағалау көздері қандай негізде жасағанын түсіну – ұйым басшылығының өз бағалау әдістерінің дәлдігін тексеруге пайдасын тигізеді.

62. Бірнеше бағалау көздерінен алынған бағалар арасында айырмашылық болуы мүмкін. Сол бағаларды есептеу әдістері мен олардың арасындағы айырмашылықтардың мәнін түсіну – ұйым басшылығына үлкен пайда тигізеді. Ол пайда – ұйым басшылығы қаржы құралдарының бақылауының өз әдісін құрып, үшінші тараптық бағалау әдістерінің сенімділігін сынауға мүмкіндіктің пайда болуы. Ал баға белгілемелерінің арифметикалық ортасын ғана табу, кей жағдайларда дұрыс емес немесе жеткіліксіз болуы мүмкін. Себебі, көпшілік бағалардың арасындағы біреуі әділ құнға ең жақын бола тұрып, арифметикалық орташа мәнге тең болмауы мүмкін. Қаржы құралдарын бағалау әдісінің орындылығын сынау үшін, ұйым басшылығы келесі әрекеттерді қолданыла алады:

- Болып жатқан транзакцияларды үмітті сатушы мен үмітті сатып алушы арасындағы транзакция емес, мәжбүрленген транзакция ретінде қарастыру. Бұл – бағаны теңеу ретінде жоққа шығаруы мүмкін;
- Құралдың болжалдық ақша ағымын зерртеу. Бұл – ең орынды баға жайлы мәліметтің көрсеткіші бола алады;
- Бақыланбайтын дегеннің қай шекте басталуына тәуелді бола тұра, бақыланатын баға мен бақыланбайтын бағаға экстраполяция жүргізу (мысалы, баға бақыланатын болып он жылға дейін ғана

саналуы мүмкін. Алайда, он жылдық баға қисығы он жылдан төменгі мәнге экстраполяциялануы мүмкін). Экстраполяциялау бақыланатын баға қисығы мәнінен тым жоғары болмауын қадағалау қажет. Әйтпесе, бақыланатын бағалау қисығы бақыланатын бағаны белгілеу үшін тым мардымсыз болады;

- Қаржы құралдар портфолиосындағы бағалар басқа қаржы құралдарының бағасына жуықтай тең екенін қадағалау;
- Бір мәлімет пен болжамдарды қолдана отырып, бірнеше үлгілерден алынған нәтижелерді жиынтықтау; немесе
- Қатысты хеджинг құралдары мен кепілдердің баға ауытқуларына баға беру.

Бағалау әдісін талқылау барысында, субъекті өз жағдайының ерекшеліктеріне қатысты болатын арнайы факторларды қарастыруы мүмкін.

Бағалау Сарапшыларының Көмегін Қолдану

63. Құнды қағаздардың барлығын немесе кейбіреулерін бағалау үшін, ұйым басшылығы инвестициялық, делдалдық және тағы басқа бағалаушы фирмалардың арнайы мамандарының көмегіне жүгінугі мүмкін. Жоғарыда айтылған фирмалардың қызметін қолданған жағдайда, құнды белгілеу барысында қолданылған мәлімет пен әдістеме ұйым басшысына ашық көрсетіледі. Құнды белгілеуді арнайы маман жүргізсе де, жауапкершіліктің барлығын толығымен ұйым басшысы мойындайды.

Қаржы Міндеттемелеріне Байланысты Мәселелер

64. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді бағалау барысындағы өте маңызды мәселе – несиелік тәуекелді тұралы түсінік. Ондай бағалау – эмитент пен несиелік қолдаушылардың қаржылық қуаты мен несие сапалығын көрсетеді. Кейбір қаржылық есептілік жүйелерінде, қаржылық міндеттеменің өлшемі - нарық қатысушысына жеткізілген мезеттегі өлшемге тең болуы кездеседі. Қаржылық міндеттеме үшін бақыланатын баға жоқ болған жағдайда, оның бағасы екінші тараптың өз активін бағалау әдісімен есептелінеді. Мұндай шара міндеттемеге арнайы факторлар (үшінші тарап жағынан жалға берушінің несиелік рейтингін көбейтіп, несие бағасын төмендету) әсері жоқ кезде қолданылады. Белгілі жағдайларда, субъекті өзінің несиелік тәуекелін¹⁰ өлшеу қиынға түседі.

¹⁰ Өзіндік несиелік тәуекел - нарық жағдайындағы өзгерістерге байланысы жоқ, әділ құнның өзгеру мөлшері.

Қаржылық Құралдарға Қатысты Ұсынулар Мен Ашып Көрсетулер

65. Қаржылық есептілік жүйелерінің көбісі қаржылық есеп беру кезінде, есептілікті қолданушылар ұйымның қаржылық әрекеттерін зерртеуді жеңілдету үшін, қаржылық ашып көрсетулердің болуын талап етеді. Оның ішінде, қаржы құралдарына қатысты тәуекелдер мен белгісіздіктер.
66. Қаржылық есептілік жүйелерінің көбісі қаржы құралдарына байланысты сандық және сапалық ақпараттарды ашып көрсетуді талап етеді (есеп беру ережелерін қоса). Көптеген қаржылық есептілік жүйелерінде, қаржылық есеп-қисабындағы ұсыну мен ашып көрсетулердегі әділ құн өлшемдеріне кеңейтілген талаптар қойылады. Сонымен қатар, ол талаптар қаржы құралдарды жай ғана бағалау мен шектелмейді. Мысалы, қаржы құралдары жайлы сапалық ашып көрсетулер – сол құралдың сипаттамасы мен болашақ ақша ағымдары жайлы маңызды ақпаратты қамтиды. Бұл ақпарат – ұйым басшылығы кездестіретін тәуекелдерді инвесторларға жеткізу кезінде көмек етеді.

Қаржылық Ашып Көрсетулердің Түрлері

67. Келесі ашып көрсетулер талап етіледі:
- (a) Қаржылық есептіліктегі мәндерден алынған сапалық сандық ашып көрсетулер. Мысалы, қаржылық актив пен міндеттердің түрлері;
 - (b) Түпкілікті зерттеуді қажет ететін сандық ашып көрсетулер. Мысалы, субъекті кездестірген нарықтық тәуекелдерге сезімталдық анализі; және
 - (c) Сапалық ашып көрсетулер. Мысалы, ұйымның қаржы құралдарына иелігін сипаттаушылар; қаржы құралдарынан пайда болатын тәуекелдермен жұмыс жасау кезіндегі мақсаттар, бақылаулар мен ережелер; тәуекелдерді өлшеу әдістемелері.
68. Айнымалыдағы өзгерістерге бағалау неғұрлым сезімтал болса, ашып көрсету кезінде бағалауға қатысты күмәндарды белгілеп көрсету талабының болуы соғұрлым көбейеді. Кейбір қаржылық есептілік жүйелері сезімталдық анализдерінің нәтижесін ашып көрсетуді талап етуі мүмкін. Оның ішіне ұйымның бағалау әдістемесіне әсер еткен болжамдарда болған өзгерістер. Мысалы, әділ құн иерархиясындағы 3 деңгей кіріспелеріне сай болатын әділ құнға ие қаржы құралдарына қосымша ашып көрсетулер талап етіледі. Бұл әрекет – қаржы құралдарын тұтынушыларға ең субъективті кіріспелерді қолданатын әділ құн өлшемдері жайлы ақпарат жеткізу.
69. Кейбір қаржылық есептілік жүйелері қаржы құралдарын тұтынушыларға тап болатын тәуекелдерді түсіндіру үшін, қаржылық есептіліктерден жоғарыда айтылған ашып көрсетулерді талап етеді. Бұл ашып көрсету - қаржылық есептіліктегі қосымша бөлімдерінде жазылады. Басқа

жағдайда, ұйымның аудитталған қаржылық құралдарымен бірге жүргізілген жылдық қорытынды есепшілігінде жазылады. Ашып көрсету деңгейі - ұйымның қаржы құралдарына қатысты тәуекелдерге шалдыққыштығына тәуелді болады. Олардың ішіне, келесілер жайлы сапалық ашып көрсетулер жатады:

- Тәуекелдерге шалдыққыштық және оның қалай пайда болуы. Оған қоса, ұйымның болашақ өтімділік және кепілді талаптарының мүмкін болатын әсері;
- Ұйымның тәуекелді басқарудағы мақсаттары, ережелері және үдерістері мен тәуекелді өлшеу әдістемесі; және
- Өткен кезеңде өлшенген тәуекелге шалдыққыштықтаға өзгерістер немесе тәуекелді басқарудағы мақсаттар, ережелер және үдерістерге өзгерістер.

II Бөлім – Қаржы Құралдарға Қатысты Аудит Қарастырулары

70. Қаржы құралдарымен жұмысты кейбір факторлар қиындатуы мүмкін. Мысалы:

- Қаржы құралын, оның қолдану мақсаты мен ұйым шалдығатын тәуекелдердің ортасын түсіну – ұйым басшылығы мен аудитор үшін қиын болуы мүмкін.
- Нарық күйі мен өтімділігі жиі өзгеріп отырады. Сол себептен, ұйым басшылары өз тәуекелдерін басқару кезінде, үлкен қысым астында жұмыс жасайды.
- Бағалауды қолдау үшін керекті дәлелдер қол жетпейтін болуы мүмкін.
- Қаржы құралдарына байланысты жеке төлемдер өте маңызды болум мүмкін. Соның нәтижесінде, активдерді заңсыз иелену орын алуы мүмкін.
- Қаржылық есептіліктегі қаржы құралдарына қатысты сандар шамалы (әсері аз) болуы мүмкін. Алайда, сол құралға қатысты маңызды тәуекелдер бар болуы да мүмкін.
- Санаулы жұмысшылар ғана қаржы құралдар транзакцияларына әсерін тигізе алады. Егер олардың еңбекақысы сол құралдардан түскен пайдаға тәуелді болса, әсер тигізе алатын жұмысшыларға басқа жұмысшылар орынсыз үміттер пайда болуы мүмкін.

Осы факторлар тәуекелдің пайда болуы мен соған байланысты фактер жасырынуы мүмкін. Ал осындай әрекет орын алатын болса, аудитор активдерді заңсыз иелену тәуекелін есептеуіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Сонымен қатар, аз уақыт аралығында, жасырын тәуекел пайда бола алады. Әсіресе, нарық қолайсыз жағдайда болған мезетте.

Кәсіби Скептицизм¹¹

71. Кәсіби скептицизм – аудиторлық дәлелдемелерді сынау үшін өте маңызды әрекет. Сонымен қатар, кәсіби скептицизм басшылық ауытқыларды іздестіру кезіндегі керекті зейінің сақтап тұрады. Аудитор ұйым басшылығы мен өкілет берілген тұлғалардан алынған қайшы аудиттік дәлелдеме, құжаттардың сенімділігі, сауалдарға берілген жауаптарға күмән көрсете алады. Оған қоса, бұрмаланулар табылған кезде зейін сақтауы қажет. Ол бұрмаланулар қателік немесе алаяқтық себебінен пайда болуы мүмкін. Және де, аудитор пайда болған жағдайда алынған дәлелдемелердің орындылығы мен жеткіліктігіне аса зор көңіл бөлуі қажет.
72. Кәсіби скептицизмді барлық жағдайларда қолдану міндетті болып саналды. Қаржы құралы күрделі болған сайын, кәсіби скептицизмнің керектігі үлкейе береді. Мысалы:
- Үлгілер қолданылған жағдайда немесе нарық белсенсіздігіне көз жеткізу керек болған жағдайда, алынған аудиттық дәлелдемелердің орындылығы мен жеткіліктігін бағалау қиынға түседі.
 - Қолданыстағы қаржы есептілік жүйесіне сай, ұйым басшылығының пікірі мен басшылық ауытқуын бағалау. Нақтырақ айтқанда, ұйым басшылығының бағалау әдістемелерін таңдау, бағалау кезінде қолданған болжамдарды зертеу, және аудитордың пікірі мен ұйым басшысының пікірі әр түрлі болып шыққан жағдайларда шешім табу.
 - Алынған аудиторлық дәлелдемелерге байланысты қорытынды жасау. Мысалы, ұйым басшылығының мамандары дайындаған бағалауларының орындылығын сынау, және қаржылық есептіліктердегі ашып көрсетулер – әділ ұсынуға сәйкестілігін бағалау.

Жоспарлауды Қарастыру¹²

73. Аудиттауды жоспарлау кезінде, аудитор назарын келесілерге тоғыстырады:
- Есептілік пен ашып көрсету талаптарын түсіну;

¹¹ 200 ХАС, 15 тармақ

¹² 300 ХАС, *Қаржылық Есептіліктің Аудитін Жоспарлау*, қаржы құралдарының аудитін жоспарлаудағы аудитордың жауапкершілігін сипаттайды.

- Ұйым шалдығатын қаржы құралдарын және олардың мақсаттары мен тәуекелдерін түсіну;
- Аудит үшін арнайы білім мен іскерлік керетілігін анықтау;
- Қаржы құралдарының транзакциялары негізінде ішкі бақылау жүйелері аудит ауқымына кіретін ақпараттық жүйелерді бағалау үдерісін түсіну;
- Ішкі аудиттің негізін, рөлін және әрекеттерін түсіну;
- Ұйым басшылығының қаржы құралдарын бағалау үдерісін түсіну, және ұйым басшылығы арнайы маман немесе қызметші организацияның көмегіне жүгінгенің анықтау; және
- Елеулі бұрмалану тәуекелдігін есептеу мен оған жауап беру.

Есептілік Және Ашып Көрсету Талаптарын Түсіну

74. 540 ХАС аудитордан бухгалтерлік бағаға байланысты қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелерінің, онымен қоса қатысты ашып көрсетулер мен кез келген реттеуші талаптарын түсінуді талап етеді.¹³ Қаржы құралдары үшін, қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелерінің талаптары күрделі болып, кеңейтілген ашып көрсетулерді керек етуі мүмкін. Бұл ХАТЕ ды оқу - қолданыстағы қаржылық есептік жүйелері жайлы толық түсінік бермейді. Кейбір қаржылық есептілік жүйелері келесі салаларды қарастыруды міндет етеді:

- Хедж бухгалтерлік;
- «1 күн» кіріс пен шығысын есептеу;
- Қаржы құралдар транзакцияларын мойындау мен мойындамау;
- Өзіндік несиелік тәуекел; және
- Тәуекел трансферы және мойындамау. Атап айтқанда, субъекті кешенді қаржы құралын ойлап табу мен құрастыруына қатысу жағдайы.

Қаржы Құралдарын Түсіну

75. Қаржы құралдарының қасиеттері тәуекел мен шалдыққыштықтың кейбір элементтерін жасыруы мүмкін. Ұйым инвестициялаған немесе соған шалдыққыш болатын қаржы құралы жайлы түсінік алу. Оның ішінде, қаржы құралдарының қасиеттері, аудиторға келесілерді анықтауға көмектеседі:

¹³ 540 ХАС, 8(а) тармақ

- Транзакцияның маңызды аспектілері жетіспейді немесе ұқыпсыз жазылған;
- Бағалау орынды болып шығуы;
- Олардың бөлінбес тәуекелі субъектіге түсінікті және басқарулы; және
- Қаржы құралдары ұзақ мерзімді және айналымдағы міндеттеме және актив болып дұрыс бөлінуі.

76. Ұйымның қаржы құралы жайлы түсінік алу барысында қарастырылатын мәселелер мысалдары:

- Ұйым басшысы қаржы құралының қайсысына шалдыққыш.
- Олардың қолдануы.
- Ұйым басшылығы мен, орынды кезде, өкілеттік берілген тұлғалардың қаржы құралы жайлы түсінігі, олардың қолданылуы және бухгалтерлік талаптар.
- Олардың қатыстылығы толықтай түсінікті болатындай дәл мерзімдері мен қасиеттері. Сонымен бірге, атап айтқанда, транзакциялар байланысты болған жағдайда, қаржы құралдар транзакциясының толық әсері.
- Олардың ұйымның тәуекел басқару стратегиясына сәйкестігі.

Ішкі аудит, тәуекел басшылығы, өкілеттік берілген тұлғалармен талқылау, егер бұл функция бар болса, функцияларын зерттеу - аудитордың түсінігін толықтыра алады.

77. Кейбір жағдайларда, келісімдер, оның ішінде, қаржылық емес құралға келісімдерде дериватив кездесуі мүмкін. Кейбір қаржылық есептілік жүйелері осындай кіріктіріме деривативтің бас келісімнен бөлек жазылуын талап етеді немесе оны рұқсат етеді. Ұйым басшылығының кіріктіріме деривативтерін анықтау, есептеу үдерістерін түсіну – аудиторға субъекті шалдығатын тәуекелді табуға жәрдем етеді.

*Аудит Кезінде Мамандандырылған Дағдылары Мен Білімі Барларды Пайдалану*¹⁴

¹⁴ Тұлға аудит пен бухгалтерлік маманы болған жағдайда, ол тұлға фирмада немесе сыртта жұмыс істеуін есепке алмағанда, бұл тұлға аудиторлық топтың мүшесі болып табылады. сонымен қатары, 220 ХАС-на қатысты болады, *Қаржылық Есептілік Аудитінің Сапасын Бақылау*. тұлға аудит пен бухгалтерлік маманы болмаған жағдайда, бұл тұлға аудиторлық сарапшы ретінде қарастырылады, және 620 ХАС, *Аудиторлық Сарапшының Еңбегін Пайдалану* шарттары іске асады. 620 ХАС бухгалтерлік пен аудиттың мамандандырылған салаларын, және басқа саладағы тәжірибиелерін

78. Қаржы құралдарына қатысты аудит кезіндегі басты жағдай – автордың біліктілігі. ХАС 220¹⁵ - ның талабы бойынша, аудиторлар жасағының мүшелері мен мүшелер болып табылмайтын тұлғалардың барлығы аудитты кәсіптік стандарттар мен заң және реттеуші талаптарға сай жүргізуі қажет. Оның үстіне, соған байланысты әдептік шарттар¹⁶ талабы бойынша, аудитор аудиторлар жасағымен келген шешімнің сол саланың негізгі принципіне, оның ішінде кәсіби біліктілік пен сәйкес қатынасқа қайшы келмеуі қажет. 79 тармақ аудитордың қаржы құралдарына қатысты пікірлеріне байланысты мәселелер мысалдарын көрсетеді.
79. Сәйкесінше, қаржы құралдар аудитын жүргізу бір немесе бірнеше маманның жұмысын керек етуі мүмкін. Мысалы, келесі салаларда:
- Ұйым қолданған қаржы құралдарын және олардың қасиеттерін, соның ішінде олардың күрделілік деңгейін түсіну. Қаржы құралдары мен оларға қатысты басқа түсініктердің қаржы есептілікке жазылуын қадағалайтын арнайы маман керек болуы мүмкін. Сонымен қоса, ол маман тәуекелдердің ашып көрсетулері қажет болған кезде, қаржылық есептілік жүйесіне сай ашып көрсетулердің бар болуын бағалайды.
 - Қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесін түсіну, әсіресе бірнеше мәнге ие болатын, немесе қолданысы тұрақсыз немесе дамымаған салаларын түсіну.
 - Қаржы құралдарының нәтижесінде туындайтын заңдық, реттеулік және салық мағыналарын түсіну. Оның ішінде, субъекті орындайтын келісімдердің кәсіби білім мен біліктіліктің қажеттілігін түсіну (мысалы, бас келісімді қайта қарап шығу).
 - Қаржы құралындағы бөлінбес тәуекелді өлшеу.
 - Аудиторлар жасағына ұйым басшылығының бағалауларын растау үшін дәлелдемелер жинауға көмек көрсету. Сонымен қатар, аудитордың нүктелік есептеуін немесе аудитордың шегін болжамдауға көмек көрсету, әсіресе әділ құн күрделі үлгіден алынатын болса; нарықтар белсенсіз, ал болжамдарды табу қиын жағдайда; бақыланбайтын кіріспелер қолданылса; ұйым басшысы маманды қолданған жағдайда.

ажырату – кәсіби пайымдаудың тақырыбы болатынын айтады. алайда, ажыратудың қаржылық құралдар үшін есептілік әдістеріндегі тәжірибе мен қаржы құралдарын бағалаудағы кешенді бағалау әдістеріндегі тәжірибе болып бөлінуі де атап көрсетеді.

¹⁵ 220 ХАС, 14 тармақ

¹⁶ БХЭСК *Кәсіби Бухгалтерлер үшін Әдеп Кодексі*, 210.1 және 210.6 тармақтар

- Ақпараттық технология бақылауын бағалау, әсіресе қаржы құралдарының көлемі үлкен субъектілерде. Ондай субъектілерде, ақпараттық технологиялар өте кешенді болуы мүмкін. Мысалы, маңызды ақпарат пен қаржы құралдары жіберіліу, қорытылуы, сақталуы немесе электронды түрде қолжетімді болуы. Оған қоса, организация қосқан орынды ақпаратты сақтауы мүмкін.
80. Белгілі қаржы құралдарының сипаты, есептілік талаптары нәтижесінде туындайтын қиыншылықтар мен нарық жағдайы – аудиторлар жасағын өзге бухгалтер және аудитор мамандарымен ақылдасуға¹⁷ әкелуі мүмкін. Олар фирманың ішкі немесе сыртқы аясы шегінде, сәйкес аудиторлық немесе бухгалтерлік түсінігі мен тәжірибиесі бар болуы керек, және келесі факторларды есепке алу қажет:
- Жоба бойынша топтың қабілеттілігі мен біліктілігінің болуы, оған қоса, топ мүшелерінің тәжірибиелері.
 - Субъекті қолданған қаржы құралдарының ерекшеліктері.
 - Топтасудағы ерекше жағдайлар мен тәуекелдерді анықтау. Сонымен қатар, байыптылық пен маңызды тәуекелдерге қатысты кәсіби пайымдаудың керектілігі.
 - Нарық жағдайлары.

Ішкі Бақылауды Түсіну

81. 315 ХАС (Қайта қарастырылған) аудиторды ұйым мен оның айналасы, оның ішінде ішкі бақылауды түсінуді міндеттейді. Айтылған ұғымдарды түсіну - аудит арқылы ақпаратты жинау, жаңарту және талдаудан тұратын үздіксіз үдеріс. Түсініктің бұл түрі аудиторды қаржылық есептегі және қабылдау деңгейлеріндегі елеулі бұрмалану тәуекелін тауып, өлшеуге көмек етеді. Сол арқылы, аудиторға елеулі бұрмалануға қарсы әрекеттерді ойлап табу мен қолдануға тірек болады. Ұйымның қаржы құралдар транзакцияларының көлемі мен әртүрлілігі сол ұйымда бола алатын бақылау түрлері мен ортасын анықтайды. Қаржы құралдарының бақылау мен қарау үдерісін түсіну – аудиторға аудит процедураларының ортасы, дәрежесі мен уақытын есептеуге көмектеседі. Қосымша бөлім – қаржы құралдар транзакцияларының көлемі үлкен субъектілерде бола алатын бақылау үдерістерін сипаттайды.

¹⁷ 220 ХАС, 18 (b) тармақ, фирманың ішкі немесе сыртқы аясы шегіндегі тиісті деңгейде келісімді орындау барысында, топ шегінде және жоба бойынша топ арасында жоба бойынша топтың мүшелері келісімді орындау барысында тиісті кеңестер алғанына көз жеткізу қажет;

Аралық Аудит Қызметінің Мәнін, Рөлін Және Әрекеттерін Түсіну

82. Көптеген үлкен субъектілердегі ішкі аудит функциясының жұмысы - аға ұйым басшылығы мен өкілеттік берілген тұлғаларды субъектідегі қаржы құралыны қатысты бақылауларды қайта қарауға әкелуі мүмкін. Ішкі аудит функциясы алаяқтық немесе қателіктен болған елеулі бұрмалану тәуекелін табуға көмектесе алады. Алайда, ішкі аудит функциясынан талап етілетін, ұйым басшылығы мен өкілеттік берілген тұлғалардың қаржы құралдарын заңды қолдануын растауға керек болатын білім мен біліктілік – бизнестің басқа түрлеріне қажетті білім мен біліктіліктен басқа болады. Аудит функциясы жайлы білім мен біліктілік деңгейі, ұйымның қаржылық әрекеттері және аудит функциясының құзыреттілігі мен объективтілігі - ішкі аудит функциясының жалпы аудит стратегиясы мен жоспарлауына сай болуын ойластыруға сәйкес пікір.
83. Ішкі аудит жұмысы керек бола алатын салалар ¹⁸
- Қаржы құралдарын қолдану деңгейі жайлы жалпы шолуды дамыту;
 - Ережелер мен процедуралардың орындылығы және оларға қатысты ұйым басшылығының келісуін бағалау;
 - Қаржы құралдарын бақылау әрекеттерінің нәтижелілігін бағалау;
 - Қаржы құралдар әрекеттеріне сәйкес жүйелерді бағалау; және
 - Қаржы құралдарыны қатысты жаңа тәуекелдің есептелуі мен басқарылуын бағалау.

Қаржы Құралдарын Бағалау Бойынша Басшылықтың Әдіснамасын Түсіну

84. Ұйым басшылығының қаржы есептілігін дайындау міндетіне қолданыстаға қаржы есептілік жүйелерінің талаптарын – қаржы құралдарын бағалау үдерісінде сақталынуы да жатады. 540 ХАС талабы бойынша, аудитор ұйым басшылығы есептілік жуықтамалар мен сол жуықтамаларда негізделген¹⁹ мәліметті қалай есептейтінің түсінуі қажет. Ұйым басшылығының бағалау тәсілдерінде келесілер есепке алынады: орынды бағалау әдістемесінің таңдалуы мен күтілетін дәлелдердің деңгейі. Әділ күн өлшемінің мақсатына жету үшін, ұйым нарықтағы бар барлық ақпаратты қолдана отыра, бағалау әдістемесін құрастырады. Қаржы құралының бағалау тәсілін түпкілікті түсіну – ұйым басшылығына бағалау әдістемесіне қосатын , нарықтағы бірдей немесе ұқсас құрал жайлы ақпаратты табу мен қорытуға көмек етеді.

¹⁸ Тәуекелдерді басқару функциясы, модельдерді қарау функциялары және өнімді бақылау сияқты функциялар орындайтын жұмыстар да өзекті болуы мүмкін

¹⁹ 540 ХАС, 8 (с) тармақ

Елеулі Бұрмалану Тәуекелдігін Бағалау Және Оған Жауап Қайтару

Қаржы Құралдарына Қатысты Жалпы Қарастырулар

85. 540 ХАС²⁰ түсіндірмесі бойынша, жуықтау белгісіздігінің деңгейі – есепшілік жуықтамаларының елеулі бұрмалану тәуекеліне кері әсерін тигізеді. Ақша ағымдары әр түрлі және белгісіздік пен әркелкілік деңгейі жоғары болатын сияқты күрделі қаржы құралдарын қолдану – елеулі бұрмалану тәуекелін үлкейтуі мүмкін. Әсіресе, бағалауға қатысты жағын. Елеулі бұрмалану тәуекелінің үлкейуіне себеп болатын басқа мәселелеріне келесілер жатады:

- Ұйым басшысы шалдыққыш қаржы құралдары.
- Қаржы құралының шарттары. Оның ішінде, қаржы құралы басқа қаржылық құралдарынан тұруы не тұрмауы.
- Қаржы құралдарының ортасы.

Алаяқтық Тәуекел Факторлары²¹

86. Егер де жұмысшылардың төлемақысы қаржы құралдарын қолданудан алынатын пайдасынан төленетін болса, қаржылық есепшілік алаяқтығына пиғыл бар болуы мүмкін. Ұйымның төлемақы ережелері оның тәуекелге тәбетімен, соның басшылармен трейдерлер арасына сала алатын пиғылын түсіну – алаяқтық тәуекелін өлшеуде өте маңызды болуы мүмкін.

87. Нарықтың қолайсыз жағдайы оларды қаржылық есепшілік жүргізгенде алаяқтыққа итермелеуі мүмкін: жеке бонустарды қорғау, басшылар немесе жұмысшылар қателері мен алаяқтықтарын жасыру, реттеуші, өтімділік немесе қарызға алу шектерінен шығу немесе шығымды жасыру. Мысалы, нарықтың тұрақсыз жағдайында, күтпеген шығымдар нарық бағаларының күрт өзгеруінен, күтілмеген актив бағаларының әлсіздігінен, саудадағы қате ойластырулар немесе басқа себептерден болуы мүмкін. Оған қоса, қаржылық қиындықтар бизнестің тұрақтылығы жайлы ойланған ұйым басшылығына қысым көрсетеді.

88. Алаяқтық қаржылық есепшілік пен активдерді заңсыз иеленіп алу - қолданыста нәтижелі жұмыс атқарып жатқан сияқты бақылаулардан көрінбей өтуді де қосады. Олардың ішіне шығымды жасыру үшін: мәлімет бақылауы, болжам және жете үдеріс бақылауларынан заңсыз өту қажет. Мысалы, нарықтың қолайсыз жағдай – шығымдарды жасыру үшін кейбір саудаларды жасыруға немесе теңгеруге қысым көрсетеді.

²⁰ 540 ХАС, 2 тармақ

²¹ 240 ХАС, *Қаржылық Есепшіліктің Аудитін Жүргізу Кезіндегі Алаяқтыққа Қатысты Аудитордың Жауапкершілігі*, бөлімін алаяқтық тәуекел факторларына қатысты нұсқаулар мен талаптарымен танысу үшін оқыңыз.

Елеулі Бұрмалану Тәуекелдігін Бағалау

89. 315 ХАС (Қайта қарастырылған) - пен сәйкес, аудитордың бекітілген деңгейдегі анықталған тәуекелдерді бағалауы – ішкі бақылаудың жетілдіруі мен қолдануын қамтиды. Бұл әрі қарай, 330 ХАС-на сәйкес, келесі аудит үдерістерін құрастыру мен қолдану үшін керекті пікір бойынша негіз жасайды. Оның ішінде, маңызды рәсімдер мен тестілер бақылаулары. Алынған бағыт, аудитқа қатысты аудитордың ішкі аудит түсінігі негізінен белгіленеді. Оның ішінде: бақылау айналасының әлі мен кез келген тәуекел басқару функциясы, ұйым операцияларының өлшем шамасы мен күрделілігі және аудитордың елеулі бұрмалану тәуекелін өлшеуіне бақылаулардың нәтижелі болуының болжалы бар әлде жоқтығын болуы.
90. Аудитордың бекіту деңгейіндегі елеулі бұрмалану тәуекелінің өлшемдері аудит барысында, қосымша ақпарат әсерінен өзгеруі мүмкін. Мысалы, жазбалар немесе құжаттарды тексеру кезінде зейін сақтау – ұйым өзінің ашып көрсетулерінде аудиторға көрсетпеген қаржы құралдарының бар болуын дәлелдейтін ақпарат пен келісімдерді анықтау көмегін аудиторға көрсетеді. Ондай жазбалармен құжаттарға келесілер жатуы мүмкін:
- Өкілеттік берілген тұлғалармен кездесу уақыттары; және
 - Ұйымның кеңесшілерінен немесе солармен сәйкес нақты сальдолар.

Бақылаудың Операциялық Нәтижелілігін Тексеру Қажеттілігін, Және Қандай Деңгейде Тестілеуін Ойластыру Барысында Есепке Алатын Факторлар

91. Бақылаулар жақсы нәтижелі жұмыс жасау болжалдары, негізінен, дұрыс бақылау орнатылған қаржылық мекемелерде кездеседі. Сондықтан, бақылауларды тестілеу – керекті аудиттық дәлелді алу үшін нәтижелі жол болып саналуы мүмкін. Субъектіде трейдинг функциясы бар болатын болса, келісімдер көлемі және әр түрлі үлгілер қолдану себебінен, маңызды тестілеу ұқыпты аудиторлық дәлелді бермеуі мүмкін. Бақылауларды тестілеп қана қою жеткіліксіз болып саналады. Себебі 330 ХАС бойынша, аудитор транзакциялар, сальдо есептері мен ашып көрсетулерінің әр түрі үшін маңызды рәсімдер құрап, өткізуі қажет.²²

²² 330 ХАС, 18 тармақ

92. Сауда және қаржы құралдарының ірі көлемдеріне ие ұйымдар күрделірек бақылау, нәтижелі тәуекел басқаруларды өткізу мүмкін. Сондықтан, аудитор бақылауларды келесілер туралы дәлел табу үшін тестілейді:
- Транзакциялардың таралуы, толықтығы, ұқыптылығы және ашып көрсетулері; және
 - Сальдолардың бары, құқықтары мен міндеттемелері және толықтығы.
93. Қаржы құралдарының транзакциялары салыстырмалы ретте аз ұйымдарда:
- Ұйым басшылығы мен өкілеттік берілген тұлғалар қаржы құралдары мен олардың бизнеске әсерін толық түсінбеуі;
 - Ұйым құралдардың аз мөлшерімен, және олардың арасында арақатынастың аз немесе жоқ болуы;
 - Кешенді бақылау айналасының болуының екіталайлығы (мысалы, Қосымшадағы көрсетілген бақылаулар субъектіде болмауы мүмкін);
 - Ұйым басшылығы үшінші тараптағы бағалау көздерінің баға беру ақпаратын қаржы құралдарын бағалау үшін қолдануы мүмкін; және
 - Үшінші тараптағы бағалау көздерінен ақпарат алу үстінен бақылау әлсіздеу болуы мүмкін.
94. Ұйымның қаржы құралдары араласқан транзакциялары аз болса, аудитор ұйымның қаржылық құралдарын қолдану мақсаттары мен олардың сипаттамалары жайлы түсінігін алу жеңілрек болады. Ондай жағдайларда, аудиторлық дәлелдердің көбісі маңызды болып, аудитор өз жұмысының көбісін жылдың соңында жасай алады. Ал үшінші тараптағы бағалау көздерінің растаулары транзакциялардың толықтық, ұқыптылық және бар болуы туралы дәлелдермен қамтамасыз етеді.
95. Бақылаулардың орта, уақыт және деңгейлеріне қатысты шешімдерге келу кезінде, аудитор келесі факторларды ойластыруы мүмкін:
- Қаржы құралдардың транзакцияларының ортасы, жиілігі көлемі;
 - Бақылаулардың қуаттылығы. Оның ішінде, ұйымның қаржы құралдар көлеміне байланысты тәуекелдерге жауап қайтаруға қабілеттілігі. Сонымен бірге, ұйымның қаржы құралдарының әрекеттері үстінен өкілетті жүйелердің бар немесе жоқ болуы;
 - Ұйымдағы жалпы бақылау мақсаттары мен үдерістері үшін жалқы бақылаулардың әсерінің маңыздылығы. Оның ішінде, қаржы

құралдарының транзакцияларын қолдау үшін қолданылатын ақпараттық жүйелердің айлақорлығы;

- Бақылау рәсімдері кезіндегі бақылауларды қадағалау мен анықталған жетіспеушіліктер;
- Бақылаулар көздеген мәселелер. Мысалы, сараптауға байланысты бақылаулар мен көмекші мәліметке байланысты бақылаулардың салыстырмасы. Маңызды тестілер сараптауға байланысты бақылауларға қарағанда нәтижелілеу бола алады;
- Бақылау әрекеттеріне қатысатын тұлғалардың біліктілігі. Мысалы, ұйымның керекті қабілеттерінің бар не жоқ болуы. Оның ішінде, стресс кезеңтары кезіндегі қабілет, және ұйымның шалдыққыш қаржы құралдарын бағалауларын құрау мен тексеруге зеректілік;
- Сол бақылау әрекеттерінің орындалу жиілігі;
- Бақылау әрекеттерінің орындалғанының дәлелдері;
- Бақылау әдеттері үміттенген деңгейі; және
- Басты қаржы құралдарының транзакцияларының уақыты. Мысалы, олардың кезең басы не соңына жақын болуы.

Маңызды Рәсімдер

96. Маңызды рәсімдерді құрастыру кезінде келесілерді есепке алу қажет:

- Сараптамалық рәсімдердің қолданылуы²³. Тәуекелді өлшеу - аудиторды ұйымның бизнесі жайлы ақпарат туралы ақпаратпен қамтамас ететіндіктен, талдамалы рәсімдер нәтижелі болады. Алайда, олар жалғыз ғана орындалғанда, нәтижелілік маңызды рәсімдерден кем болады. Оның себебі, бағалауды жүргізушілер арасындағы күрделі арақатынас - мүмкін пайда болатын өзгеше трендтерді жасыруы мүмкін.
- Әдеттен тыс транзакциялар. Көптеген транзакциялар - ұйым мен екінші тарап арасындағы келісім болып табылады («тараптар арасында тікелей жүру» (ТАТЖ)). Қаржы құралдар транзакциялары ұйымның әдетінен тыс әрекеттер болғандықтан, қойылған аудиттік мақсатқа жету үшін маңызды рәсім әдісі ең пайдалы болып табылады. Қаржы құралдарының транзакциялары

²³ 315 ХАС (Қайта қарастырылған), 6 (b) тармақ, өлшенген тәуекелдерге жауап құру мен қайтаруға негіз салу мақсатымен. елеулі бұрмалану тәуекелдерін есептеуге көмек ретінде талдамалы рәсімдерді жүргізуге аудитор міндетті болып келеді. 520 ХАС, *Талдамалы Рәсімдер*, 6 тармақ бойынша, қаржылық есептілігі жайлы қорытынды шығару барысында, талдамалы рәсім қолдану қажет. талдамалы рәсімдер аудиттың басқа да сағыларында қолдануға болады.

әдеттен тыс жүргізілген жағдайларда, аудитордың тәуекелді өлшеуге, соның ішінде, аудит рәсімдерін құру мен қолдануларына жауабы – ұйымның бұл саладағы тәжірибесінің жетіспеушілігіне байланысты болуы мүмкін.

- Дәлелдердің қолжетімділігі. Мысалы, ұйым үшінші тараптағы бағалау көздерін қолданғанда, сәйкес қаржылық есептіліктің растауы субъектіге қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Басқа аудит салаларында орындалған рәсімдер. Басқа қаржылық есептілік салаларында орындалған рәсімдер – қаржы құралдар транзакцияларының толықтығы жайлы дәлелдер беруі мүмкін. Бұл рәсімдерге болашақ ақшалай қаражат пен төлемдер, және жазылмаған міндеттемелердің іздеуі жатуы мүмкін.
- Тестілейтін затты таңдау. Кей кездерде, қаржылық құралдар портфолиосы әр түрлі күрделілігі мен тәуекелдері бар қаржылардан тұратын болады. Ондай жағдайларда, сараптамалы таңдаманы қолдану орында болады.

97. Мысалы, активтермен қамтамасыздандырылған құнды қағаздар жағдайында, осындай құнды қағаздың елеулі бұрмалану тәуекеліне жауап қайтару барысында, аудитор келесі әрекеттердің біреуін орындауы мүмкін:

- Құнды қағаздың шарттарын түсіну үшін келісімдік құжаттаманы, кепілдікті, қаржы құрал иелерінің әрбір сыныбының құқықтарын зерттеу.
- Ұйым басшылығының ақша ағымдарын жуықтап болжамдауы жайлы сауал жүргізу.
- Алдын ала төлем мөлшерлемесі, тұрақты мөлшерлеме және шығым ауырлықтары сияқты болжамдардың орындылығын бағалау.
- Ақша ағымын есептеу үшін қолданылған әдіс жайлы түсінікті қабылдау.
- Құнды қағаздарының әділ құн өлшемдерін, бірдей шарт және кепілдері бар басқа құнды қағаздармен салыстыру.
- Қайта есептеу.

Қос Мақсатты Тестілер

98. Бөлшектер тестілеуі мен бақылау тестілеуінің мақсаттары әртүрлі болса да, екеуін бір сәтте жүргізу пайдалы болуы мүмкін. Мысалы:

- Бір транзакция үшін бөлшектер тестілеуі мен бақылау тестілеуін жүргізу (мысалы, қол қойылған келісімі орындалу не орындалмауы

және қаржы құралының бөлшектері қорытынды бетте ұқыпты жазылу не жазылмауын тексеру); немесе

- Ұйым басшылығының бағалау жуықтамаларын жасау әдістемелерін тестілеу барысында, бақылауларды тестілеу.

*Аудиторлық Рәсімдердің Алатын Уақыттары*²⁴

99. Қаржы құралдарына қатысты тәуекелдерді өлшеп болғаннан кейін, жоба бойынша топ жоспарлауланған бақылау тестілері мен маңызды аудит рәсімдерінің уақыттарын белгілейді. Жоспарлауланған бақылау тестінің уақыты бірнеше факторларға тәуелді ауытқиды. Оның ішінде, бақылау операцияларының жиілігі, бақылау астындағы әрекеттің маңыздылығы, және соған байланысты елеулі бұрмалану тәуекелі.
100. Бағалау және ұсынуға байланысты аудит рәсімдерін кезеңтің соңында өткізу міндетті болады. Ал толықтық және бар болу аралық кезеңта тестіленуі мүмкін. Мысалы, жаңа өнімдерді авторизациялау және ақпараттық технологиялар бақылауы сияқты әдетті бақылауларды аралық кезеңта тестілеуге болады. Сонымен қатар, жаңа өнім үстінен бақылауды тестілеу кезінде, сәйкес деңгейдегі аралық кезеңында қаржы құралын ұйым басшылығы тарапынан расталуы – нәтижелілікті біраз арттырады.
101. Аудиторлар кейбір үлгілерді аралық мезгіл кезінде тестілеуі мүмкін. Мысалы, нарық транзакциялары мен үлгінің өнімін салыстыру арқылы. Бақыланатын кіріспелі бар қаржылар үшін тағы бір аралық рәсім – үшінші тараптағы баға беру көздерінен алынған бағалау жайлы ақпараттың орындылығы.
102. Маңызды пікірлерді қажет ететін салалар тестілеуі көбінесе кезеңтің соңында немесе соңына жақын кезде өтеді, себебі:
 - Бағалаулар аз уақыт аралығында тез ауысуы мүмкін. Бұл – аралық баланстар мен бухгалтерлік баланстағы ақпараттарды салыстыру мен сәйкестендіруді қиындатады;
 - Аралық кезең пен жыл соңының арасында, ұйым қаржы құралдардың ірі көлемді транзакцияларына қатысуы мүмкін;
 - Қолжазбалық еңгізулер тек қана бухгалтерлік есептілік кезеңының соңында ғана жасалына алады; және
 - Әдеттен тыс немесе маңызды транзакциялар есептілік кезеңі соңында өтуі мүмкін.

²⁴ 330 ХАС, 11-22 және 22-23 тармақтары аудитордың аралық кезеңде өткізетін рәсімдеріне талаптарын сипаттап, сонымен қатар, ондай аудит дәлелдемесі қалай қолданылу керектігін түсіндіреді.

Толықтық, Ұқыптылық, Бар Болу, Пайда Болу Және Құқық Пен Міндеттерге Қатысты Рәсімдер

103. Аудиордың көптеген рәсімдері бірнеше бекітулегеі бағытталынуы мүмкін. Мысалы, кезеңнің соңында сальдо шотының бар болуын растайтын рәсімдер, транзакциялар класының пайда болуына да бағытталуы мүмкін. Сонымен қатар, ол қаржылық жылды ұқыпты қылып жабуды қамтамасыз ете алады. Бұл мәселе қаржы құралдарының заңды келісімдерден туындау себебінен болады. Ал аудитор транзакцияның дұрыс жазылғанын тексеру арқылы оның бар болуын да тексере алады. Онымен қоса, пайда болу, құқық пен міндеттер бекітулеріне қатысты дәлелдерді бір уақытта табуы болады. Және де транзакциялардың жазулары сәйкес бухгалтерлік кезеңде жазылғанын тексеруге де мүмкіндік туындайды.
104. Толықтық, ұқыптылық, бар болу бекітулеріне аудит дәлелдерін рәсімдерге келесілер жатуы мүмкін:
- Сыртқы растау²⁵. Банк есепшоттары, сауда және депозитарлық есептіліктерін сырттай растау. Бұл жағдайда, аудитор растауды тікелей екінші тараптан алады. Басқа жағдайда, бұл ақпарат екінші тараптың мәлімет тарату жүйелері арқылы алуға болады. Осындай жағдайларда, аудитор компьютер жүйелерінде болатын қателерді есепке алып, сол растаулардан алынатын дәлелдердің сенімділігіне үлкен назар аударуы қажет. Егер де растаулар қабылданған жоқ болса, аудитор өзіне керекті дәлелдерді келісімдер мен сәйкес бақылауларды тестілеу арқылы ала алады. Алайда, сыртқы растаулар келісімдерді анықтауда пайдалы болса да, бағалау бекітуіне қатысты дұрыс аудиттық дәлелді көбінесе бермейді.
 - Есептіліктерді салыстырмаларды, депозитарлық банктерден мәлімет таратуларын ұйымның өз жазбалары бойынша тексеру. Бұл – ақпараттық технологиялар мен автоматтандырылған салыстырмаларын және сол салыстырмалардың түсінуі мен шешілуін бағалау қажеттілігіне алып келеді.
 - Журналға жазылған еңгізулер мен сол еңгізулер бақылауларын тексеру. Бұл келесі жағдайларда пайдасын тигізуі мүмкін:
 - Еңгізулерді қатардағы жұмысшы әлде арнайы өкілетті тұлға жазғанын анықтау.

²⁵ *Сыртқы Растаулар*, 505 ХАС, 330 ХАС және 500 ХАС *Аудиттік дәлелдеме* сәйкес аудиттік дәлелдеме алу үшін аудитордың сыртқы растаулар рәсімдерін пайдалануымен жұмыс істейді. Сондай-ақ Қызметкерлер Тәжірибелік аудит ескертулерін, 2009 жылдың қарашасында шығарылған *Қаржылық Есептіліктің Аудитін Жүргізу Кезіндегі Сыртқы Растауларды Пайдалануға Қатысты Туындайтын Тәжірибе Мәселелерін* қараңыз.

- Алаяқтық тәуекеліне байланысты, кезеңнің соңында жазылған, ерекше немесе орынсыз журнал енгізулерін анықтау.
- Жеке келісімдер мен қоса, есепшілік жазуларын оқу мен сәйкес құжаттарды тексеру. Яғни, бар болу, құқық және міндеттерді тексеру. Мысалы, аудитор қаржы құралдарымен байланысты жеке келісімдерді оқып, сәйкес құжаттарды тексеруі. Оның ішінде, келісімнің енді жазылған кездегі есептілік енгізулерді тексеру. Бұл бағалау мақсатымен жасалған есептілік енгізулерді тексеруді де қамтуы мүмкін. Осындай әрекеттер көмегімен, аудитор мәмілелерден бөлінбес күрделіліктерін анықталып, есептіліктерде нақты белгіленгенін тексеруге мүмкіндік береді. Занды келісімдер мен байланысты тәуекелдерді арнайы біліктілігі бар мамандар, құқық бар екендігін анықтау үшін, қарастырады.
- Бақылауларды тестілеу. Мысалы, бақылауларды қайта өткізу арқылы.
- Ұйымның наразылықтармен жұмыс істеу жүйелерін тексеру. Жазылмаған транзакциялар орын алған кезде, кей кезде субъекті екінші тарапқа ақшалай төлем жасай алмауы мүмкін. Ондай әрекеттерді субъектіге түскен наразылықтар көмегімен анықтауға болады.
- Жазылмаған транзакцияларды табу мақсатымен өзара есептілік жайлы бас келісімді тексеру.

105. Бұл рәсімдер деривативтер мен кепілдер сияқты қаржы құралдары үшін өте маңызды. Оның себебі, алғаш уақытта, оларға құйылған инвестиция өте аз болғандықтан, олардың бар екендігіне көз жеткізу қиынға түседі. Мысалы, кіріктірмен деривативтер көбінесе қаржылық емес құралдар келісімдерінде жазылады. Сол себептен, олар растау рәсімдеріне қосылмауы мүмкін.

Қаржы Құралдарына Бағалау

Қаржылық Есеп беру Талаптары

106. Әділ ұсыну қаржылық есептілік жүйелері әділ құн иерархияларын жиі қолданады. Мысалы, халықаралық ішкі қаржылық есеп беру стандарттары (ХЖЕС) және АҚШ-тық бухгалтерлік есеп беру стандарттары. Әдетте, бұл өлшеу белгісіздігі неғұрлым көп болса, талап етілетін ашып көрсетулердің көлемі мен нақтылығы соғұрлым көп болуын білдіреді. Иерархия деңгейлері арасындағы айырмашылықтар ойластыру қажет етуі мүмкін.
107. Қаржы құралдарының әділ құн иерархиясына байланысын түсіну – аудитор үшін өте пайдалы болып табылады. Әдетте, елеулі бұрмалану

тәуекелі мен қолданылатын аудит рәсімдерінің деңгейі, өлшеу белгісіздігі артуымен қоса артады. Әділ құн иерархиясындағы 3 және 2 деңгей кіріспелерінің кейбіреулері – өлшеу белгісіздігінің деңгейін анықтауда пайдалы болады. 2 деңгей кіріспелері жеңіл қолжетімділерден аулақ, 3 деңгей жақын орналасады. Аудитор қолындағы дәлелді бағалап, әділ құн иерархиясын түсінеді. Сонымен қатар, қаржы құралдарын әділ құн категорияларына тарату барысындағы ұйым басшылығының әділсіздік тәуекелін түсінеді.

108. 540 ХАС²⁶ сәйкес, аудитор ұйымның бағалау әдістемесінде қолданған бағалау ережелері мен мәлімет және болжамдар алу әдістемесін қарастырады. Көп жағдайларда, қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі бағалау әдістемесін қамтымайды. Бұл жағдайда, аудитордың ұйым башылығының қаржы құралдарын бағалау жайлы түсінігіне келесілер керек болуы мүмкін:

- Ұйым басшылығының ресми бағалау ережелерінің болу не болмауы. Бар болған жағдайда, қаржы құралдарын бағалау әдістері сол ережелерге сәйкес құжатталғанын тексеру;
- Үлгінің қай түрі елеулі бұрмалану тәуекелін үлкейтуі мүмкін;
- Ұйым басшылығы қаржы құралын бағалау әдісін таңдаған кезде, оның күрделілігі жайлы қандай шешім қабылдағаны;
- Ұйым басшылығы өз бетінше ойлап тапқан ішкі бағалау үлгісін қолдануы немесе әдеттегі бағалау әдістерінен ерекше бағалауын қолдану не қолданбауы;
- Ұйым басшылығының үшінші тараптағы бағалау көздерінің қолдану не қолданбауы;
- Бағалау әдісін құру мен қолдануға қатысқан қызметкерлердің жеткілікті нәтижесі мен біліктілігіне ие болуы. Сонымен қатар, ұйым басшылығының маманы қолдануы не қолданбауы; және
- Ұйым басшылығының бағалау әдісін таңдау кезіндегі әділетсіздіктердің болу не болмауы.

Баға Беруге Қатысты Елеулі Бұрмалану Тәуекелдігін Бағалау

109. Қалыптасқан жағдайда, ұйым басшылығы таңдаған бағалау әдісінің орындылығына баға беру барысында, және сол әдістер үстінен керекті бақылаудың бар болуын тексеру кезінде, аудитор келесі факторларды есепке алуы мүмкін:

- Таңдалған бағалау әдістері басқа нарық қатысушылары мен

²⁶ 540 ХАС, 8(с) тармақ

қолданулы мен сол әдістің нарық транзакцияларына сенімді баға беруін тексеру;

- Бағалау әдістерінің дұрыс жұмыс жасауы және оның сабында ешқандай қателердің болмауын, әсіресе аса қиын жағдайларда тексеру. Қателіктерге тұрақтыланған белгілемеден жоғары не төмен ауытқулар жатады;
- Таңдалған әдіс, бағаланып жатқан қаржы құралынан ажыратылмас тәуекелін ескеру не ескермеуін тексеру. Сонымен қатар, өзге тараптың несие төлеу қабілеттілігі, және, қаржылық міндеттілік өлшеу жағдайында, өзінің несиелік тәуекелін тексеру;
- Бағалау әдістерінің айнымалылардың ауысуына сезгіштігін есепке алғанда, әдістердің нарыққа икемділігі;
- Нарық айнымалылары мен болжамдар орынды қолдануы мен жаңа жағдайлар әдістемені, айнымалыларды және болжамдарды ауыстыруын растау не растамауы;
- Нарық айнымалылары мен болжамдар орынды қолдануы мен жаңа жағдайлар әдістемені, айнымалыларды және болжамдарды ауыстыруын растау не растамауы;
- 3 деңгей кіріктірмелері араласатын, қаржы құралдарын бағалау үлгілерін шығаратын организациялық құрылымның болуы. Мысалы, баға беру келісімдеріне көмек ететін үлгі функциясы, бас кеңседен тәуелсіздігі көбірек функциядан объективтірек болады; және
- Жаңа пайда болған үлгілерді қоса алғанда, ұйым басшылығының жеткілікті тәжірибиесі сияқты, бағалау әдістерін құрастырушы мен дамытушылардың қажетті біліктілігі мен объективтілігі.

Ұйым басшылығы дамытқан әдіспен салыстыру мақсатымен, аудитор өз бетінше, бірнеше бағалау әдісін дамыта алады.

Маңызды Тәуекелдер

110. Тәуекелді бағалау барысында, аудитор қаржы құралдарына қатысты бір немесе бірнеше маңызды тәуекел табуы мүмкін. Олар келесі жағдайлардың біреуі пайда болғанда іске асады:

- Қаржы құралын бағалауына қатысты өлшеу белгісіздігінің үлкендіні (мысалы, бақыланбайтын кіріктірмелері бар)²⁷

²⁷ Кешенді қаржы құралдарын бағалау кезінде, үлкен өлшеу белгісіздіктері аудитордың ойынша маңызды тәуекелге жол беретін болса, 540 ХАС талабы бойынша, аудитор маңызды рәсім

- Ұйым басшылығының өз қаржы құралдарын бағалауын қолдау үшін дәлелдердің жетіспеушілігі.
- Ұйым басшылығының қаржы құралдары жайлы түсінігі болмауы немесе қаржы құралдарын дұрыс бағалау үшін тәжірибиенің жетіспеуі. Оның ішінде, бағалауды керек кезде өзгерту қажеттілігін білу.
- Ұйым басшылығының қолданыстағы қаржы есептілік жүйесіндегі, қаржы құралдарын өлшеу және ашып көрсетуге қатысты, кешенді талаптарды түсінбеуі. Сондай-ақ, сол талаптарды орындау үшін ұйым басшылығының пікірлерінің жетіспеуі.
- Қолданыстағы қаржылық есептілік жүйесі талап еткен немесе рұқсат берген жағдайда, бағалау әдістеріндегі өзгерістердің сол әдістердің өнімі үшін маңыздылығы.

111. Маңызды тәуекелге жол беретін есептілік болжамдары үшін, 330 ХАС талаптарын орындау үшін орындалған маңызды рәсімдерге қосымша, 540 ХАС²⁸ келесілерді бағалауды талап етеді:

- (a) Ұйым басшылығы басқа болжам немесе нәтижелерді қарастыру жолы және қабылдамау себебі, немесе ұйым басшылығы есептілік жуықтаулар жасау кезінде, өлшеу белгісіздігін қалай қолданғаны;
- (b) Ұйым басшылығы қолданған маңызды болжамдардың орынды болуы не болмауы; және
- (c) Ұйым басшылығы қолданған маңызды болжамдар немесе қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелерінің дұрыс қолдану-ұйым басшылығы арнайы әрекеттерін орындауға не орындау мүмкіндігіне сәйкес болуы.

112. Нарықтар белсенсіз болған кезде, жағдайдың ауысуы – бағалауды нарық бағасы бойынша жасаудан үлгі бойынша жасауға себеп болады. Немесе бір үлгіден екінші үлгіге ауысудың себепшісі болады. Егер ұйым басшылығы нарық жағдайларының ауысуна алдын ала жауап қайтару жоспарлауы жоқ болса, ол ауысуларға жауап қайтару қиынға түседі. Ұйым басшылығы тез арада жаңа үлгі дамытуды немесе жағдайға сай басқа бағалау әдісін таңдауға біліктілігі жетіспеуі мүмкін. Бағалау әдістері бұрын қолданған болса да, ұйым басшылығы оның орындылығы мен сол әдісті жасау барысында қолданылған болжамдарды тексеруі қажет. Одан әрі, бағалау әдістері нарықтың қалыпты жағдайы кезінде құрастырылып,

өткізуге және өлшеу белгісіздігінің ашып көрсетуінің орындылығын бағалауға тиіс. 540 ХАС, 11,15 және 20 тармақтарымен танысыңыз.

нарықтың күтпеген қолайсыз жағдайында нақты бағалаулар көрсетпеуі мүмкін.

113. Ұйым басшылығының әдейі немесе әдейі емес қате пікірі бағалаудың субъективтілігі мен өлшеу белгісіздігінің деңгейін арттырады. Мысалы, ұйым басшылығы бақыланатын нарықтық болжамдарға мән бермей, өздеріне керекті нәтижелерді көрсететін іштей дамытылған болжамдарды қолдануы. Алаяқтық мақсаты жоқ болған жағдайда да, қолданыстағы қаржы құрал есептіліктеріне ең сәйкесті болжам бар болып тұрып, пікірлер өзіне керекті нәтижеге қарай ауытқиды. Бағалау әдістерінің кезеңдері ауысуымен бірге жиі ауысып тұруы да қате пікірдің белгісі бола алады. Кейбір қате пікірлер, қаржы құралдарына қатысты субъективті шешім қабылдау кезінде ажырамас болады. Ал егер қате пікір әдейі жіберілсе, бұл нағыз алаяқтық болып табылады.

Аудиттік Тәсілді Дамыту

114. Ұйымның қаржы құралын бағалау әдісін тестілеу, және, 540 ХАС²⁹ сәйкес елеулі бұрмалану тәуекеліне жауап қайтару барысында, аудитор есептілік жуықтаулар ортасын есепке алып, келесі рәсімдерді өткізеді:

- (a) Ұйым басшысы есептілік жуықтаманы қалай жасағанын, және оның қай мәліметке негізделгенін тестілеу (оған қоса, ұйымның бағалау кезінде қолданған әдістері).
- (b) Ұйымның есептілік жуықтаманы жасау үстінен бақылаудың нәтижелілігін тестілеу. Сонымен бірге, орынды маңызды рәсімдерін өткізу.
- (c) Аудитордың нүктелік есептеуін бағалау үшін, нүктелік есептеу немесе шек дамыту.
- (d) Аудитордың есеп беру мерзіміне дейін орын алып жатқан әрекеттердің есептілік жуықтамаға байланысты дәлелдерге сәйкес келуін анықтау.

Көптеген аудиторлар келесі үш тестілеудің сабы ұтымды және нәтижелі аудиттің амал болады деп сенеді: ұйым басшылығы қаржы құралын қалай бағаланың тестілеу, соған негізделген деректі тестілеу және бақылаулардың нәтижелігін бақылау. Кейбір кейінгі әрекеттер қаржы құралдарын бағалау жайлы дәлел берсе, басқа факторлар кез келген нарық жағдайының бухгалтерлік баланс тапсыру күніне дейінгі өзгерістерді анықтайды³⁰. Егер аудитор ұйымның жуықтауды қалай жүргізгенің тестілей алмаса, ол нүктелік есептеу немесе шек дамытуыды

²⁹ 540 ХАС, 12-14 тармақтары

³⁰ 540 ХАС, А63-А66 тармақтары осыған сәйкес мысалдармен қамтамасыз етеді.

таңдауы мүмкін.

115. I Бөлімде белгіленгендей, әділ құнды жуықтап есептеу үшін ұйым басшысы:

- Үшінші тараптағы бағалау көздерінің ақпаратын қолдана алады;
- Өртүрлі әдістер көмегімен, оның ішінде, үлгілерді қолдана отырып өзінің нүктелік есептеуін дамыта алады; және
- Жуықтық есептеу үшін арнайы маманда қолданыла алады.

Көп жағдайларда, ұйым басшылығы жоғарыдағы айтылған амалдардың қиыстыруын қолдануы мүмкін. Мысалы, ұйым басшылығы өз бағалау үдерісін құрып, алынған мәндерді салыстыру үшін үшінші тараптағы бағалау көздерінің бағаларын қолдану.

Басшылық үшінші тараптың бағалау көзін қолданған кездегі аудиторлық мәселелер

116. Ұйым басшылығы бағалау қызметі немесе делдал сияқты үшінші тараптағы бағалау көзін, қаржы құралдарын бағалауда қолдана алады. Ұйым басшылығының ақпаратты қалай қолданатынын және бағалау қызметі қалай жұмыс істейтінін түсіну – аудиторға керекті рәсімдердің деңгейі мен ортасын анықтауға көмек етеді.

117. Ұйым басшылығы үшінші тараптағы бағалау көздерін қолданған жағдайда, келесі факторлар байланысты болуы мүмкін:

- *Үшінші тараптағы бағалау көзінің түрі* – Кейбір үшінші тараптағы бағалау көздері өздерінің жұмысы жайлы ақпаратты көбірек жариялайды. Мысалы, бағалау қызметі қаржы құралын актив түрі ретінде бағаланда, көбінесе өздерінің әдістеме, болжамдар және деректерін жариялайды. Ал делдалдар, котировканы жасау барысында қолданған кіріктірмелер мен болжамдар жайлы аз ақпарат береді. Кей кездерде, ақпаратпен мүлдем бөліспейді.
- *Қолданылған кіріктірмелердің ортасы және бағалау әдісінің күрделілігі* – Үшінші тараптағы бағалау көздерінің сенімділігі, кіріктірмелердің бақыланушылығына (сәйкесінше, әділ құн иерархиясындағы кіріктірменің деңгейі) және құнды қағазды не активті бағалау үшін қолданылған әдістеменің күрделілігіне тәуелді болады. Мысалы, өтімді нарығындағы белсенді сағылатын ұйымның инвестициясының бағасының сенімділігі, өлшеу мерзімінде сатылмаған, өтімді нарықтағы корпоративті құнды қағаздың сенімділігінен артық болады.
- *Үшінші тараптағы бағалау көздерінің беделі мен тәжірибиесі* – Мысалы, үшінші тараптағы бағалау көзі қаржы құралының белгілі

бір түрімен жұмыс үшін беделді және тәжірибиелі бола тұра, басқа құралмен жұмыста тәжірибиесі шамалы болуы мүмкін. Бұл жағдайда, аудитордың үшінші тараптағы бағалау көздерімен арақатынас тәжірибиесі шешуші болуы мүмкін.

- *Үшінші тараптағы бағалау көзінің объективтілігі* – Мысалы, ұйым басшылығы қабылдаған баға субъектіге қаржы құралын сатқан делдалдан, немесе арақатынас жақсы басқа субъектіден алынған болса, бұл баға сенімді болмауы мүмкін.
- *Ұйымның үшінші тараптағы бағалау көздері үстінен бақылаулары* – Ұйым басшылығының орындағы үшінші тараптағы бағалау көзінен алынған ақпаратты тексере алу деңгейі – әділ құн өлшеміне әсерін тигізеді. Мысалы:
 - Үшінші тараптағы бағалау көздерін қолдану керектігін қайта қарау және растау. Оның ішінде, бағалау көзінің беделі, тәжірибиесі және объективтілігін терең ойластыру.
 - Бағалардың және оларға қатысты деректердің толықтық, сәйкестік және ұқыптылығын анықтау.
- *Үшінші тараптағы бағалау көздерінің бақылаулары* – Актив түрлерін бағалау үстінен бақылаулар және рәсімдер – аудиторға пайдалы нәрселер. Мысалы, үшінші тараптағы бағалау көзі бағаның дамуы үстіне қатал бақылау өткізуі мүмкін. Оның ішінде, сатушы және сатып алушы клиенттерге дайындалған рәсім өткізу, бағалау көзінен алынған бағаны, жеткілікті дәлел болғанда сынап отыру. Бұл әрекет - үшінші тараптағы бағалау көздерін бағаларды әрдайым қайта қарастырып отыруға, яғни ақпаратты нарық қатысушыларына толығырақ жариялауға итермелейді.

118. Үшінші тараптағы бағалау көздерінен алынған ақпараттан дәлелді келесі амалдармен алуға болады:

- 1 деңгей кіріктірмелері үшін, үшінші тараптағы бағалау көздерінің ақпараты мен бақыланатын нарық бағаларын салыстыру.
- Үшінші тараптағы бағалау көздері жариялаған бақылау және үдерістер, бағалау әдістері, кіріктірмелер мен болжамдардың ашып көрсетулерін тексеру.
- Үшінші тараптағы бағалау көздерінен алынған ақпараттың сенімділігін өлшеу тексеру үшін қолданылатын ұйымның орындағы бақылауын тестілеу.
- Үшінші тараптағы бағалау көздеріндегі, бақылау және үдерістер, бағалау әдістері, кіріктірмелер мен болжамдарын түсіну үшін

рәсімдер өткізу. Олар актив класы немесе ерекше қаржы құралында өткізілуі мүмкін.

- Үшінші тараптағы бағалау көзінен алынған бағаны басқа бағалау көзінің, немесе ұйымның не аудитордың жуықты есептеріне салыстыру.
- Бағалау әдістері, кіріктірмелер мен болжамдардың орындылығын бағалау.
- Үшінші тараптағы бағалау көздері бағалаған қаржы құралдары үшін нүктелік есептеу немесе шек дамыту. Сонымен қатар, нәтижелердің бір бірінен жарасымды шектерде орналасын бағалау.
- Қызметші аудитордың бағалау үстінен жүргізілген бақылаулар³¹ жайлы берілген есебін қабылдау.

119. Бірнеше үшінші тараптағы бағалау көздерінің бағасын білу – өлшеу белгісіздігі жайлы пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етуі мүмкін. Егер де бағалар шектері кең болса, өлшеу белгісіздігі ірі болып, қаржы құралы деректер мен болжамдардың әлсіз ауысуына сезгіш екендігін білдіреді. Шектер тар болса, қарама-қарсы жағдай туындайды. Бағаларды бірнеше көзден алу пайдалы болса да, 2 және 3-ші деңгей кіріктермелері бар қаржы құралдары жайлы жеткілікті және сенімді дәлел көрсетуі екіталай. Оның себептері:

- (a) Бірнеше бағалау ақпараттарының көздері сол ақпаратты бір бағалау көзінен алуы мүмкін; және
- (b) Үшінші тараптағы бағалау көзінің бағаны белгілеу үшін қолданған кіріктермелерді түсіну – қаржы құралын әділ құн иерархиясында орналастыру үшін қажет болады.

120. Кейбір жағдайларда, аудитор бағаны белгілеу үдерісін толық түсінбеуі мүмкін. Оның ішінде, сенімді бағалау үстінен бақылауды түсінбеу, немесе болжамдар мен кіріктермелерді қамтитын үлгілердің қол жетімсіз болуы. Ондай жағдайларда, аудитор ұйымның өлшенген тәуекеліне жауап ретінде жүргізген нүктелік есептеуін бағалау үшін өз нүктелік есептеуін немесе шегін белгілеу қажет.

³¹ Кейбір бағалаушы қызметтер өз клиенттеріне бағалау деректеріне бақылау мәліметтерін ашуы мүмкін. ондай хабарлаулар 3402 (ККХС), *Қызмет Ұйымындағы Бақылау Бойынша Кепілдік Есептер* сәйкес дайындалынған. ұйым басшылығы мен аудитор бұл деректерді білуге ұмтылады, себебі ол бағалау деректер дайындығын түсінуге, және олардың сенімділігін анықтауға көмек етеді.

Модельді Қолдану Арқылы Басшылық Әділ Құндылықтарды Бағалаған Кездегі Аудиторлық Қарастырулар

121. 540 ХАС 13(b) тармағындағы талап бойынша, аудитор ұйым басшылығының есептілік жуықтамасын табу үдерісін тестілеу кезінде, олардың қолданған өлшеу әдісін сол жағдайға сәйкестігін және болжамдардың қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелерінің сәйкестігін бағалауы қажет.
122. Ұйым басшылығы үшінші тараптағы бағалау көздерінің немесе өзінің бағалау әдістерін қолданған кезде, қаржы құралдарын бағалау үшін үлгілер жиі қолданылады. Әсіресе, әділ құн иерархиясындағы 2 және 3 деңгей кіріктірмелерін қолданған жағдайда. Аудит рәсімдерінің ортасын, уақытын және деңгейін анықтау кезінде, аудитор үлгіде қолданылған әдістеме, болжамдар және деректерді қолдану мүмкін. 3 деңгей кіріктірмелерін қолданатын сияқты күрделі қаржы құралдарымен жұмыс барысында, айтылғандардың үшеуі де аудиторлық дәлелдің сенімді көзі бола алады. Алайда, құнды қағазға баға беру сияқты үлгі жиі қолданылатын және қарапайым болған жағдайда, үлгіде қолданылған болжам мен деректер дәлелдің пайдалы көзі болып саналады.
123. Үлгілерді тестілеу екі жолмен жасалынады:
- (a) Аудитор ұйым басшылығының үлгісін қолданылған үлгінің орындылығы, қолданылған болжам мен деректердің сенімділігі және математикалық ұқыптылығын сынау арқыды; немесе
 - (b) Аудитор өзінің жуық есептеуін санап, ұйымның бағалауымен салыстыру.
124. Қаржы құралдарын бағалау бақыланбайтын кіріктірмелерінде негізделсе (3 деңгей кіріктірмелері), аудитор қарастыруы мүмкін мәселелерге, мысалы, басшылықтың төмендегілерді қалай қолдауы жатады:
- Қаржы құралына қатысты нарық қатысушыларының анықтамалары мен сипаттамалары.
 - Бастапқы анықтау кезіндегі бақыланбайтын кіріктірмелердің есептелу жолы.
 - Өз болжамдарын нарыққа қатысушылардың болжамдарын көрсететіндей қылу мақсатымен енгізілген өзгерістер.
 - Сол жағдайдағы кіріктірме жайлы ең сенімді ақпараттың қолдану не қоланбауы.
 - Мүмкін болған жағдайларда, болжамдардың салыстырмалы транзакцияларын есепке алуы.

- Бақыланбайтын кіріктірмелер қолданған жағдайдағы үлгілердің сезгіштік анализы және өлшеу белгісіздігін есептеудің өзгеру не өзгермеуі.
125. Сонымен қатар, аудитордың салалық білімі, нарықтық тенденциялар туралы білімі, басқа ұйымдардың бағалауын түсінуі (құпиялылықты ескере отырып) және басқа да тиісті баға көрсеткіштері аудитордың бағалауды тексеруіне және бағалаудың жалпыға сәйкес болатын-келмейтіндігін ескертеді. Егер бағалау шамадан тыс агрессивті немесе консервативті болып көрінсе, бұл басқарудың ықтимал бұрмалануының индикаторы болуы мүмкін.
 126. Бақыланатын сыртқы дәлелдер аз болған жағдайда, өкілеттік берілген тұлғалардың қатыстығын анықтау – ұйым басшылығының бағалау субъективтілігі мен сол бағалауды қолдау үшін қолданылған дәлелдерді түсіну үшін өте маңызды. Ондай жағдайларда, аудитор ұйым басшылығы және өкілеттік берілген тұлғалардың пайда болған мәселелер мен құжаттамаларды қайта қарастыру мен талқылауын бағалауы қажет.
 127. Нарықтар белсенсіз немесе кіріктірмелер бақыланбайтын болған жағдайда, ұйым басшылығының бағалаулары субъективті болуы мүмкін. Ал бұл оның сенімсіз болуына алып келеді. Ондай жағдайларда, аудитор үлгілерді келесі жолдармен тестілеуі мүмкін: субъекті қолданған бақылауларды тестілеу, үлгінің құрылымы мен жұмысын бағалау, үлгідегі болжамдар мен деректерді тестілеу және оның өнімін аудитор жасаған нүктелің есептеу немесе шекке, әлде үшінші тараптағы бағалау әдістеріне салыстыру³².
 128. Ұйымның бағалау әдістемесінде³³ қолданылған кіріктірмелерді, мысалы әділ құн иерархисында реттелген кіріктірмелерді, тестілеу кезінде, аудитор қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелерінің талап ететін ашып көрсетулерді қолдау үшін дәлелдер жинауы мүмкін. Мысалы, ұйымның бағалау әдісінде (1 деңгей, 2 деңгей және 3 деңгей кіріктірмелері) кіріктірмелердің қолданылуын бағалау үшін маңызды рәсімдер, және ұйымның сезгіштік талдауы аудитордың ашып көрсетулердің әділ құндға сәйкестігін бақылауы.

³² 540 ХАС, 13 (d) тармақ қйым басшылығының нүктелі есептеуін бағалау үшін аудитордың шектер қолдану талаптарын сипаттайды. Аудитор қолданған үшінші тараптар құрастырған бағалау әдістері кей кезде аудитор маманының жұмысы болып есептеліп, 620 ХАС талаптарына жүгінуі мүмкін.

³³ Мысалы, 540 ХАС 15 тармағындағы ұйым басшылығының маңызды тәуекелге сәйкес болжамдарын бағалау талаптарымен таңысыңыз.

Басшылық Қолданатын Болжамдардың Ақылға Қонымды
Екендігін Бағалау

129. Егер де болжамның өзгеруі қаржы құралының³⁴ өлшеміне әсер ететін болса, бұл үлгіде қолданған болжам орынды (есті) болып саналады. Ұйым басшылығы сезгіштік анализі арқылы басқа болжамдар мен нәтижелерді қарастыруы мүмкін. Болжамдардың өлшеу белгісіздігіне әсер етуіне қатысты субъективтілік деңгейінен, аудитор маңызды тәуекел бар деп қорытындылау мүмкін. Мысалы, 3 деңгей кіріктірмелері жағдайында.

130. Ұйым басшылығы қолданған болжамдарды тестілеу, оның ішінде үлгілерге кіріктіріме ретінде қолданылған аудит рәсімдері келесі бағалауларды қосуы мүмкін:

- Ұйым басшылығы нарық кіріктірмелерін болжамдар дамытуына қолдануы және қалай қолдануы. Әдетте, бақыланатын кіріктірмелерді мүмкінінше көп және бақыланбайтын кіріктірмелерді аз қолданады;
- Болжамдардың бақыланатын нарық жағдайларына сәйкестілігі, және қаржылық актив немесе міндеттеменің сипаттамалары;
- Нарыққа қатысушы болжамдарының орындылығы мен сенімділігі, және ұйым басшылығы бірнеше нарық болжамдарынан біреуін таңдау жолы; және
- Сезгіштік анализдарының көрсетулері бойынша, болжамдардың әлсіз ауысуынан бағалаулардың бірталай өзгерістер көрсетуі.

Ұйым басшылығы қолданатын болжамдарды бағалау жайлы талқылаулармен танысу үшін, 540 ХАС, А77-А83 тармақтарын оқыңыз.

131. Аудитор болашақ жайлы пікірдерді талқылаулары сол пікір айтылған кездегі ақпаратқа негізделеді. Одан кейін болған әрекеттер бұрын айтылған пікірлерге сәйкес болмауы мүмкін.

132. Кейбір жағдайларда дисконтталған мөлшерлеме дисконтталған мөлшерлеме әрбір болжамды түзетудің орнына, бағалаудағы белгісіздіктерді ескере отырып түзетілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, аудитордың процедуралары дисконттау мөлшерлемесіне назар аударуы мүмкін, дисконтталған ставкаларды салыстыру үшін ұқсас бағалы қағаздар бойынша бақыланатын сауда-саттықты қарау немесе дисконттау мөлшерлемесін есептеу үшін тәуелсіз модель жасау және басшылық қолданғанмен салыстыру.

³⁴ 540 ХАС, А107 тармақ

Ұйым Басшылықтың Сарапшысын Пайдаланған Кездегі Аудиторлық Мәселелер

133. I Бөлімде айтылғандай, ұйым басшылығы құнды қағаздардың бірнешеуін немесе барлығын бағалау үшін арнайы маман қолдануы мүмкін. Олар делдал, инвестициялық банкир, бағалау қызметтері немесе басқа да кәсіби бағалау фирмалар.
134. 540 ХАС, 8 тармағында, ұйым басшылығы шақырған маманның дәлелдерін бағалау талаптарын қамтиды. Аудитордың маманның жұмысына қатысты рәсімдерінің деңгейі, сол маман жұмысының ұйым үшін маңыздылығына байланысты болады. Маманның жұмысын бағалау алынған бағалардың жеткілікті аудиттық дәлелдер беру не бермеуін анықтауда жәрдемдеседі. Аудитор жүргізетін рәсімдер мысалдары:
- Менеджмент сарапшысының құзыреттілігін, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау, мысалы: олардың ұйыммен қарым-қатынасы; олардың беделі мен нарықтағы орны; олардың аспаптардың белгілі бір түрлерімен жұмыс тәжірибесі; және бағалауға қолданылатын қаржылық есептіліктің тиісті жүйесін түсіну;
 - Ұйым басшылығы маманының жұмысы жайлы түсінік алу. Мысалы: бағалау әдісінің орындылығын тексеру және бағалау әдістеріндегі басты нарық айнымалылары мен болжамдары;
 - Сол сарапшының жұмысының орындылығын аудиторлық дәлел ретінде бағалау. Осы сәтте жеке қаржы құралы деңгейіндегі сарапшының жұмысының орындылығына назар аударылады. Сәйкес құралдардың үлгісі үшін әр түрлі деректер мен болжамдарды қолдана отырып, бағалауды дербес әзірлеу орынды болуы мүмкін (нүктелік бағалауды немесе диапазонды әзірлеу туралы 136-137-тармақтарды қараңыз), содан кейін бұл бағалауды менеджмент сарапшысымен салыстырыңыз; және
 - Басқа рәсімдерге жатуы мүмкін:
 - Болжамдарды басқа модельде алу үшін әр түрлі болжамдарды модельдеу, содан кейін осы болжамдардың негізділігін ескеру.
 - Ұйым басшылығының жуықт есептеулері мен аудитордың нүктелік есептеулерін салыстырып, басшылықтың есептеулерінің тым жоғары не төмендігін анықтау.
135. Ұйым басшылығына қаржы құралын бағалау барысында, маманның болжамдары қолданылуы мүмкін. Ондай болжамдар ұйым басшылығымен қолданылғанда, аудитор оларды басқа болжамдар секілді қарастыруы қажет.

Аудиторлық Нүктелік Есептеуді Немесе Аудиторлық Шектеуді Дамыту

136. Аудитор бағалау әдісін дамытып, сол бағалауда қолданылған кіріктірмелер мен болжамдарды, ұйым басшылығының бағалауының орындылығын тексеру мақсатымен жүргізілген, шектеуді дамыту үшін өзгертуі мүмкін. Осы ХАТЕ-нің 106-135 тармақтары пікірлік бағалау немесе шектеуді жасауда көмектесуі мүмкін. 540 ХАС³⁵ сәйкес, егер аудитор басшылықтан өзгеше жорамалдарды немесе әдістемелерді қолданса, аудитор менеджменттің болжамдары немесе әдіснамалары туралы түсінікті аудитордың ауқымында тиісті айнымалыларды ескеретінін және басшылықтың бағалауынан кез-келген елеулі айырмашылықтарды бағалау үшін жеткілікті болады. Аудиторға басшылық бағалауының ақылға қонымдылығын бағалау үшін аудитор сарапшысының жұмысын қолдану пайдалы болуы мүмкін.
137. Кейбір жағдайларда аудитор аудитордың басшылық болжамдары немесе әдіснамасы туралы түсініктеме алуға тырысуынан жеткілікті дәлелдемелер алу мүмкін емес деген қорытындыға келуі мүмкін, мысалы, үшінші тараптың баға көзі ішкі дамыған модельдер мен бағдарламалық топтаманы қолданған кезде және тиісті ақпаратқа қол жеткізбейтін жағдайда. Ондай жағдайларда, егер де аудитор басшылықтың нүктелік есептеуін бағалау үшін нүктелік есептеу және шектеу сияқты елеулі бұрмалануға қарсы рәсімдер жүргізе алмаса, аудитор бағалау жайлы жеткілікті дәлел жинай алмайды³⁶. 705 ХАС³⁷ аудитордың жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер ала алмауының салдарын сипаттайды.

Қаржылық құралдарды ұсыну және ашып көрсетуге қатысты процедуралар

138. Ұйым басшылығы қолданыстағы қаржылық есептілік³⁸ жүйелеріне сәйкес қаржылық есептіліктер дайындауға міндетті. Қаржылық есептілік шеңберлері көбінесе қаржылық есептілікті пайдаланушыларға ұйымның қаржы құралдары қызметінің әсерін, оның ішінде осы қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдер мен белгісіздіктерді мәнді бағалауға мүмкіндік беру үшін қаржылық есептілікте ашылуы талап етеді. Қаржы құралдарының бағалау белгісіздігі жоғарылаған сайын, сондай-ақ әділ құн иерархиясының деңгейі әсер ететіндіктен бағалау негіздеріне қатысты ашулардың маңыздылығы артады.

³⁵ 540 ХАС, 13 (с) тармақ

³⁶ 540 ХАС, 13(d) тармақ

³⁷ 705 ХАС, *Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Пікірді Түрлендіру*

³⁸ 200 ХАС, 4 және А2 тармақтарын қараңыз

139. Қаржылық есептіліктің қаржылық есептілік жүйелеріне сәйкес екендігін көрсету үшін, басшылық айқын немесе жасырын түрде қаржылық есептіліктегі бірнеше элементті ұсыну немесе ашып көрсетуіне қатысты бекітулер жасайды. Ашып көрсету және ұсыну туралы бекітулер белгілейтіні:

- (a) Пайда болу, құқықтар және міндеттер – ашып көрсетілген әрекеттер, транзакциялар және субъекттің тағы басқа нәрселері.
- (b) Толықтылық – қаржылық есептілікке жазылу керек болған ашып көрсетулердің жазылынуы.
- (c) Класификация және анықтылық – қаржылық ақпарат ұқыпты ұсынылған және сипатталған, және ашып көрсетулер анық белгіленген.
- (d) Ұқыптылық және бағалау – қаржылық және басқа ақпарат орынды мөлшерде және әділ ашып көрсетілген.

Аудитордың аудиторлық ашып көрсетулерге қатысты рәсімдері осы бекітулерді есепке ала құрастырылған.

Қаржы Құралдарын Ұсыну Және Ашып Көрсетуге Қатысты Рәсімдер

140. Қаржы құралдарын ұсыну және ашып көрсетуге қатысты жағдайларда, аса қаты көңіл бөлінетін салалар:

- Қаржылық есептілік жүйелері, әдетте, жуық есептеулерге және қатысты тәуекелдер мен белгісіздіктерге қатысты қосымша ашып көрсетулерді актив, міндеттеме, кіріс пен тұтынуларды түсіндіруді қолдауды талап етуі мүмкін. Аудитор тәуекелдерге және сезгіштік анализіне қатысты ашып көрсетулерге көңіл бөлуі қажет. Бақылауларды тестілеу және тәуекелдерді есептеу барысында алынған ақпарат – қаржылық есептіліктегі ашып көрсетулер қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелеріне сай екендігін дәлелдеуі мүмкін. Мысалы, келесілер туралы:
 - Ұйымның қаржы құралдарын қолданудағы мақсаттары мен стратегиясы. Оның ішінде, ұйымның қабылданған есептілік ережелері;
 - Ұйымның қаржы құралдарына қатысты тәуекелдерін басқаруға арналған бақылау жүйесі; және
 - Қаржы құралдарына қатысты тәуекелдер мен белгісіздіктер.
- Ақпарат тәуекелдер жүйелері секілді дәстүрлі емес қаржылық есептілік жүйелерінен келуі мүмкін. Ашып көрсетулерге қатысты өлшенген тәуекелдерге жауап ретінде аудитордың қолдана алатын рәсімдері келесі тестілеулерді қосады:

- Ашып көрсетілген ақпаратты алу үдерісі; және
- Ашып көрсетулерді дайындау барысындағы деректерді бақылаудың нәтижелілігі.
- Маңызды тәуекелі бар қаржы құралдарында³⁹, ашып көрсетулері қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелеріне сай болған жағдайларда да, аудитор, пайда болған жағдайда, өлшеу белгісіздігінің ашып көрсетуі сәйкес еместігін жариялауы мүмкін. Сәйкесінше, қаржы құралдары әділ құнға ие болмауы мүмкін. 705 ХАС аудитор қаржылық есептіктегі ашып көрсетулер қате немесе бұрмаланған жағдайда, аудитор әрекеттеріне қажетті сипаттамалар береді.
- Аудиторлар ашып көрсетулердің толық және түсінікті екендігіне де назар аудара алады, мысалы, барлық тиісті ақпарат қаржылық есептілікке (немесе оған ілеспе есептерге) енгізілуі мүмкін, бірақ олар қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына түсініктеме алуға мүмкіндік беру үшін жеткіліксіз жинақталуы мүмкін. жағдай немесе қаржылық есептілікте жазылған сомаларға контекст беру үшін жеткілікті сапалы ақпарат жеткіліксіз болуы мүмкін. Мысалы, ұйым сезімталдықты талдау туралы ақпаратты енгізгеннің өзінде де, бағалау өзгеруіне байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен белгісіздіктерді, қарыздық міндеттемелерге мүмкін болатын әсерлерді, кепілдікке қойылатын талаптарды және ұйымның өтімділігін толығымен сипаттамауы мүмкін. 260 ХАС⁴⁰ басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен қарым-қатынас туралы талаптар мен басшылықты, соның ішінде аудитордың есеп саясаты, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті ашып көрсетуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп практикасының маңызды сапалық аспектілері туралы пікірлерін қамтиды.

141. Ұсынудың орындылығын талқылау. Мысалы, қысқа және ұзақ уақытты классификацияларда, қаржы құралын маңызды тестілеуі аудитордың ұсыну және ашып көрсетулерді бағалауына қатыстылығы.

Осыған Қатысты Басқа Аудиттік Қарастырулар

Жазбаша Ұсынымдар

142. 540 ХАС аудиторды ұйым басшылығынан және, керек кезде, өкілеттік берілген тұлғалардан бухгалтерлі жуық есептеулер жасауда қолданған болжамдарға сенімді екені жайлы жазбаша сипаттама алады

³⁹ 540 ХАС, 20 тармақ аудитордан жуық есептеу есептілігіне қатысты ашып көрсетулерге қатысты рәсімдер қолдануды талап етеді.

⁴⁰ 260 ХАС, *Басқару Өкілеттігіне Ие Тұлғалармен Қарым Қатынас*

міндеттейді⁴¹. 580 ХАС⁴² егер талап етілген ұсыныстардан басқа, аудитор қаржылық есептілікке қатысты басқа аудиторлық дәлелдемелерді немесе қаржылық есептіліктегі бір немесе бірнеше нақты мәлімдемелерді қолдау үшін бір немесе бірнеше жазбаша ұсыныстар алу қажет деп анықтаса, аудитор талап етуі керек. осындай басқа жазбаша ұсыныстар. Қаржы құралдары бойынша қызметтің көлемі мен күрделілік дәрежесіне байланысты, қаржы құралдары туралы алынған басқа дәлелдемелерді растайтын жазбаша ұсыныстар мыналарды қамтуы мүмкін:

- Ұйым басшылығының қаржы құралдарына қатысты мақсаттары. Мысалы, оларды хеджинг немесе актив/міндеттеме басқару немесе инвестициялық мақсаттарында қолдану;
- Қаржы құралының ұсынуының орындылығы жайлы сипаттама. Мысалы, қаржы құрал транзакциясын сату немесе қаржылық транзакция ретінде жазу;
- Қаржы құралдарына қатысты қаржылық есептілік ашып көрсетулер жайлы сипаттамалар. Мысалы:
 - Қаржы құралдарының барлығы көрсетілген жазба; және
 - Барлық анықталған кіріктіріме деривативтер;
- Транзакциялардың барлығы қол жетімді қашықтықта және нарық кұнында жүргізілуі;
- Транзакциялар шарттары;
- Қаржы құралдарын бағалауларының орындылығы;
- Қаржы құралдарына қатысты шеттегі келісімдердің бар не жоқ болуы;
- Ұйымның қандай да бір жазбаша нұсқаларға енгізілгендігі;
- Ұйым басшылығының белгілі әрекеттерге ынталығы мен қабілеттілігі⁴³; және
- Кейінгі оқиғалар әсерінен қаржылық есептіліктегі бағалаулар мен

⁴¹ 540 ХАС, 22 тармағы, 580 ХАС 4 тармағы, *Жазбаша Ұсынымдар*, басшылықтың жазбаша ұсыныстары олар айналысатын кез келген мәселе бойынша өз бетінше жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер ұсынбайтындығын айтады. Егер аудитор өзгеше түрде тиісті тиісті аудиторлық дәлелдерді ала алмаса, бұл аудиторлық есеп беру үшін әсер етуі мүмкін аудиттің шеңберінде шектеу болуы мүмкін. (705 ХАС, *Тәуелсіз Аудитор Есебіндегі Пікірді Түрлендіру, қараңыз*).

⁴² 580 ХАС, 13 тармақ

⁴³ 540 ХАС, А80 тармағы сол жағдайларда орынды болатын қатысты мысалдар келтірілген.

ашып көрсетулерге өзгерістер енгізудің керектігі.

Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалар Және Басқалармен Қарым-Қатынас

143. Қаржы құралдарын бағалауымен байланысты белгісіздіктер себебінен қаржы есептілігіне бағытталған кез келген маңызды тәуекел басшылық көңілінен шығатын болады. Аудитор әділ құн өлшеулерінде қолданылған маңызды болжамдардың ортасы мен салдарын, болжам дамытуына аралас субъективтілік деңгейі және әділ құн бойынша бағаланған заттардың қаржылық есептілікке салыстырмалы материалдығы. Оған қоса, қаржы құралдарына кіру және кейінгі өлшеу үдерістері үстінен бақылаулар өкілеттелік берілген тұлғалар мен арақатынасқа итермелейтін себептер болып табылады.
144. 260 ХАС қаржы құралдарын аудиттау барысында аудитордың өкілеттік берілген тұлғалармен арақатынас үшін жауапкершілігі жайлы әңгіме қозғайды. Қаржы құралдарына қатысты, өкілеттік берілген тұлғалармен байланысқа шығу себептері:
- Ұйым басшылығының қаржы құрал әрекеттері немесе сол әрекеттерге қатысты тәуекелдердің ортасы мен деңгейін түсінбеуі;
 - Аудитор жұмыс кезінде анықтаған қаржы құралдар әрекеттеріне қатысты ішкі бақылау мен тәуекелді басқару құрылымдары арасындағы маңызды жетіспеушіліктер;⁴⁴
 - Менеджмент немесе менеджмент сарапшысы жүргізген бағалауға қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді алу кезінде кездесетін маңызды қиындықтар, мысалы, егер басшылық бағалау әдістемесі, басшылықтың сарапшылары қолданатын болжамдар мен деректер туралы түсінік ала алмаса және мұндай ақпарат басшылықтың сарапшысы аудиторға ұсынды;
 - Аудитор мен ұйым басшылығының немесе ұйым басшылығының маманының бағалауға қатысты пікірлерінің сәйкес келмеуі;
 - Қаржылық есептіліктерде талап етілетін елеулі бұрмалану тәуекелі мен шалдыққыштық ашып көрсетулерінің ұйымның қаржылық есептіліктеріне әсері. Оның ішінде, қаржылық құралдарға қатысты өлшеу белгісіздіктері;

⁴⁴ 265 ХАС, *Ішкі Бақылаудағы Кемшіліктері Туралы Басқару Өкілеттігі Мен Басқаруға Қатысты Тұлғаларға Хабардар Беру*. ішкі бақылаудағы кемшіліктерді басшылыққа, ал ішкі бақылаудағы елеулі кемшіліктерді басқару өкілеттігіне не адамдарға жеткізу туралы талаптарды белгілейді және басшылықты ұсынады. Онда ішкі бақылаудағы кемшіліктер аудитордың 315 ХАС (Қайта қарастырылған) сәйкес тәуекелдерді бағалау процедуралары кезінде немесе аудиттің кез келген басқа кезеңінде анықталуы мүмкін екендігі түсіндіріледі.

- Қаржылық есептіліктерінде таңдалған бухгалтерлік ережелер мен қаржы құралдар транзакцияларын ұсынулардың орындылығы жайлы аудитордың көзқарасы;
- Аудитордың ұйымның қаржы құралдарын қаржылық есептеу мен бухгалтерлік шараларының сапалық тұстарына көзқарасы; немесе
- Қаржы құралдарын сатып алу, сату және оларға ие болу ережелерінің түсініксіздігі. Оның ішінде, операциялық бақылаулар, қаржы құралдарын хедж ретінде құру үдерістері және шалдығушылықтарды тексеріп отыру.

Байланысқа керекті уақыт әр түрлі жағдайларға сәйкес өзгеріп отырады. Алайда, аудитор қиыншылыққа тап болған жағдайда, өкілеттік берілген тұлғалар аудиторға көмек ете алса немесе жетілдірілген пікір білдіре алса, сол тұлғалармен байланыс орнатуы дұрыс болады.

Реттеушілер Және Басқалармен Қарым-Қатынас

145. Кей жағдайларда, аудитор өкілеттік берілген тұлғалармен қоса реттеушілер мен қадағалаушылармен қаржы құралдарына қатысты тікелей байланыс орнатуға міндеттеледі⁴⁵ немесе кеңес беріледі. Аудит барысында ондай байланыстар пайда болуы мүмкін. Мысалы, кейбір құзіреттерде, банкинг реттеушілері аудиторлармен қаржы құралдар бақылауы, белсенсіз нарықтағы қаржы құралдарын бағалау мен реттеулерге сәйкестіктер жайлы ақпарат бөлісу үшін байланыс іздейді. Ондай байланыс аудиторға елеулі бұрмалану тәуекелін бағалау кезінде пайдасын тигізуі мүмкін.

⁴⁵ Мысалы, 250 ХАС, *Қаржылық Есептілік Аудиті Кезінде Заңдар Мен Нормативтік Актілерді Қарастыру*, аудиторлардан анықталған немесе күдікті заңдар мен ережелерге сәйкес келмегендігі туралы ұйымнан тыс тараптарға есеп беру үшін жауапкершіліктің бар-жоғын анықтауды талап етеді. Сонымен қатар, аудитордың банктік қадағалаушылармен және басқалармен қарым-қатынасына қатысты талаптар көптеген елдерде заңмен, қадағалау талабымен немесе ресми келісіммен немесе хаттамамен белгіленуі мүмкін.

Қосымша

(Сілт: Тарм. А14)

Қаржы Құралдарына Қатысты Бақылау Мысалдары

1. Келесі қосымша ірі көлемдегі қаржы құралдарымен, инвестиция немесе сауда мақсатымен, жұмыс жасайтын ұйымдардағы мүмкін болатын бақылау мысалдары мен ол туралы жалпы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Келтірілген мысалдар түбегейлі болып табылмайды. Ұйымдар өздерінің көлемі, индустрия және қаржы құралдар транзакциялар деңгейіне қарап, әртүрлі бақылаулар орнатуы мүмкін. Саудаларды растау және клиринг палаталары жайлы ақпарат 25-26 берілген.
2. Елеулі бұрмалану тәуекелін болдырмау үшін әртүрлі бақылау деңгейлеріндегі бақылауларды екі рет өткізу қажет (мысалы, алдын алу, анықтау және тексеру).

Ұйымның Бақылау Ортасы

Қаржы Құралдарын Білікті Қолдануға Міндеттеме

3. Күрделілік деңгейлері жоғары болатын кейбір қаржы құралдар әрекеттерін субъектідегі бірнеше адам ғанатүсінуі мүмкін. Немесе ондай қаржы құралдарын күнделікті түрде бағалауға біліктілігі жететін адамдар аз болуы да мүмкін. Ондай біліктіліксіз қаржы құралдарын қолдану – елеулі бұрмалану тәуекелін арттырады.

Басқару Өкілеттілігіне ие Тұлғалардың Қатысуы

4. Басқару Өкілеттілігіне ие тұлғалар ұйым басшылығының тәуекелге тәбетін қадағалап, қаржы құралдар әрекеттерін бақылап отырады. Ұйымның сату, сатып алу және ие болу ережелері – қаржы құралдар саласында қызмет ететін тұлғалардың біліктілігі мен тәуекелділігіне сай белгіленеді. Оған қоса, ұйым басшылығы келесі мақсатта бақылау және билеу үдерістерін қабылдау мүмкін:
 - (a) Барлық өлшеу белгісіздіктер есептеулері мен инвестициялық шешімдер жайды ақпаратты өкілеттік берілген тұлғаларға жеткізу; және
 - (b) Қаржы құралдар транзакцияларына қатысты ұйымның жалпы тәуекел тәбетін бағалау.

Ұйымдық Құылым

5. Қаржы құралдар әрекеттері орталықтандырылған және керісінше негізде жүргізілуі мүмкін. Осындай әрекеттер мен соған қатысты шешімдер басшылық апаратының ұқыпты, сенімді және дұрыс уақытты болуына

байланысты болады. Ақпаратты жинап, қорытындылау күрделілігі субъекті айналысатын бизнес түрлері мен олардың орналаусына тәуелді болып табылады. Бақылау әрекеттерінің орталықтандырылмағандығы қаржы құралдарына қатысты елеулі бұрмалану тәуекелін арттырады. Әсіресе, ұйым кеңселері әркім жерлерде, шет мемлекеттерде орналасқан жағдайда.

Өкілеттілік пен Жауапкершілік

Инвестиция және Бағалау Ережелері

6. Өкілеттік берілген тұлғалардың қаржы құралдарын сату, сатып алу және ие болу ережелерімен сәйкес жұмыс жасау – ұйым басшылығын бизнес тәуекелін анықтауға нәтижелі әдіс береді. Ол ережелер ұйымның тәуекелді басқару әрекеттердің мақсатын анықтағанда анық түсінікті болады. Және сол мақсаттарға жету үшін қолданатын хедж және инвестициялау келесілерді көрсетеді:
 - (a) Ұйым басшылығының біліктілік деңгейі;
 - (b) Ұйымның ішкі бақылау және тексеру жүйелерінің айлақорлылығы;
 - (c) Ұйымның актив/міндеттемелік құрылымы;
 - (d) Ұйымның өтімділік қалпын сақтау және шығымдарду өтеу қабілеттілігі;
 - (e) Ұйым басшылығының ойынша, мақсаттарға жетуге көмек ететін қаржы құралдар түрлері; және
 - (f) Мақсаттарға жетуге көмек ететін сол қаржы құралдарын қолдану жолдары. Мысалы, деривативтерді хеджинг немесе алыпсатарлық мақсаттарда қолдану мүмкін.
7. Басшылық ұйымның бағалау үдерістерін жүргізетін жұмысшыларға арналған ережелер белгілеп, сол ережелердің орындалуын тексеру үшін бақылау орната алады. Олар:
 - (a) Бағалауды құру үшін қолданылатын әдістемелерді жобалау және растау процестері, оның ішінде өлшеу белгісіздігінің қалай шешілетіндігі; және
 - (b) Қаржы құралдар бағалауын қолдайтын сәйкес ақпарат пен бақыланатын кіріктірмелерді көбейтуге арналған ережелер.
8. Ұсақ субъектілерде қаржы құралдармен жұмыс аз, ал жұмысшылардың біліктілігі шамалы болуы мүмкін. Алайда, қаржы құралдарына ережелер бекіту – ұйымның тәуекел тәбеті мен қаржы құралға құйылған инвестицияның мақсатын орындауын есептеуде көмек етеді.

Адами Ресурстар Бөлімінің Жұмысы Мен Ережелері

9. Басшылық алдыңғы және артқы кеңсе жұмысшыларын демалысқа міндеттеу ережесі болуы мүмкін. Ондай әрекет алаяқтықты табу мен сақтану үшін етіледі. Нақтырақ айтқанда, саудаға белсенді қатысушы тұлғалар жалған сауда жасап, транзакцияларды дұрыс жазбауы себебінен туындауы мүмкін.

Қызмет Көрсетуші Ұйымдарын Қолдану

10. Қаржы құралдарын алу және сату, транзакция жазуларын жүргізу және қаржы құралдарын бағалау мақсатында субъекті қызмет көрсетуші ұйымдарды (активтарды басқарушылар) қолдануы мүмкін. Кейбір ұйымдар қаржы құралдар есептілігін жасау кезінде осындай қызметші ұйымдарға тәуелді болады. Алайда, егер ұйым басшылығының қызметші ұйымның бақылаулары жайлы түсінігі болмаса, аудитор жеткілікті дәлелді іздеу кезінде ұйымның бақылауларына сенім білдіре алмайды. Ұйым басшылығы бір немесе бірнеше қызмет көрсетуші ұйымдарды қолдану кезіндегі аудитордың дәлел іздеуіне талаптарын 402 ХАС¹ сипаттайды.
11. Қызмет көрсетуші ұйымдардың қызметін қолдану – қаржы құралдарды бағалау айналасын күшейту немесе әлсіздендіруі мүмкін. Мысалы, ұйым жұмысшылары ұйымы жұмысшыларына қарағанда қаржы құралдарымен жұмыс тәжірибиесі көп және ішкі бақылауы қаталырақ болған жағдайда. Қызметші ұйымдарын қолдану міндеттердің бөлуіне де алып келеді. Алайда, қызметші көрсетуші ұйымдарындағы бақылау айналасы әлсіз болуы мүмкін.

Ұйымның Тәуекелдерге Баға Беру Үдерісі

12. Ұйымның тәуекелді бағалау үдерісі басшылықтың қаржы құралдарынан туындайтын бизнес тәуекелдерді анықтау жолын орнату үшін қолданылады. Оның ішінде: тәуекелдер маңыздылығы, олардың пайда болу ықтималдылығы және сол тәуекелдерді басқару барысында қолданылатын әрекеттер.
13. Ұйымның тәуекелді бағалау үдерісі басшылықтың басқаратын тәуекелді қалай талқылайтының негіздейді. Тәуекелге баға беру келесі мақсаттармен орындалады:
 - (а) Басшылық субъекті оған кірмей тұрып, қаржы құралының бөлінбес тәуекелін анықтай алуы. Оның ішінде, транзакцияға кіру мақсаты мен оның құрылымын түсінетіне көз жеткізу (мысалы, қаржы құралдар әрекеттерінің экономикалық және бизнес мақсаттары);

¹ 402 ХАС, *Қызмет Көрсетуші Ұйымдардың Қызметін Пайдаланатын Ұйымдардың Аудит Мәселелері*

- (b) Басшылық қаржы құралдарға қатысты тәуекелдермен ұқыпты жұмыс жасауы;
 - (c) Басшылық ұйымның нарықтағы орнына қарап, нарық жағдайларының оның шалдыққыштықтарына әсерін түсіну;
 - (d) Ұйымның тәуекел шалдыққыштығын керекті кезде азайту немесе алмастыру үдерістеріне және беделдік тәуекелін басқару үдерістеріне ие болуы; және
 - (e) Бұл рәсімдерді (үдерістерді) қатал қадағалау мен тексеру.
14. Тәуекелдерге шалдыққыштықтарды басқару және қадағалаудың құрылымы:
- (a) Өкілеттік берілген тұлғалардың белгілеуі бойынша ұйымның тәуекелге көзқарасына сай келуі керек;
 - (b) Қаржы құралдары мен транзакциялардың әр түрлерін және олардың мүмкін болатын мақсаттарын растау деңгейін белгілеу. Рұқсат етілген құралдар мен растау деңгейлері – қаржы құралдармен жұмысқа араласатын тұлғалардың біліктілігін көрсетуі керек. Бұл басшылықтың біліктілікке талабын көрсетеді;
 - (c) Әрбір тәуекел түріне шалдыққыштықтың мүмкін болатын ең үлкен шегін белгілеуі керек. Рұқсат етілетін шалдыққыштық тәуекелдің немесе өзге тараптың түріне тәуелді өзгеруі мүмкін;
 - (d) Қаржылық тәуекел мен бақылау әрекеттерін әділ және уақытты тексеруін жүргізуі керек;
 - (e) Қаржы құралдар әрекеттерінен болған тәуекелді басқару нәтижелерін; шалдыққыштық есептіліктерін әділ және уақытты тексеруін жүргізуі керек; және
 - (f) Белгілі қаржы құралының тәуекелін бағалау жазбаларын үнемі жүргізуін бағалау керек.
15. Ұйымның қарсы алатын тәуекелдер деңгейі мен түрлері - қаржы құралдарына тікелей байланысты болады. Оның ішінде, сол құралдың күрделілігі мен қаржы құралдар транзакцияларының көлемі.

Тәуекелді Басқару Функциясы

16. Кейбір ұйымдар, мысалы, қаржы құралдар транзакциялардың ірі көлеміне ие болатын қаржылық ұйымдар заң немесе реттемелерге сәйкес, тәуекелді басқару функциясын міндетті ретте немесе өз қалауынша орнатады. Бұл функция қаржы құралдарын басқаратын тұлғалардан бөлек жүретін мәселе. Бұл функция – қаржы құралдар әрекеттерін қадағалау мен есеп беруіне жауапты. Оған өкілеттік берілген тұлғалардың белгілеген тәуекел

комитеті қосылуы мүмкін. Осы саладағы басты жауапкершіліктерге келесілер жатуы мүмкін:

- (a) Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың бекіткен тәуекел басқару ережелерін іске асыру (оның ішінде, субъекті мүмкін шалдыққыш болатын тәуекелдерін тексеру);
 - (b) Тәуекел шектері құрылымын жасау мен сол шектердің жұмыста қолданулыуын қадағалау;
 - (c) Күйзеліс сценарийлеріне дамыту және сезгіштік анализіне ашық позициялық порфтолиолар дайындау. Оның ішінде, позициялардағы әдеттен тыс қимылдар; және
 - (d) Жаңа қаржы құрал өнімдерін бақылау мен анализдеу.
17. Қаржы құралдарында залал баланста танылған қаржы құралы құнының шамасынан асып кету қаупі болуы мүмкін. Мысалы, тауардың нарықтық бағасының кенеттен құлдырауы ұйымды кепілге немесе маржа талаптарына байланысты тауарды алға жылжытуға болатын шығындарды сезінуге мәжбүр етуі мүмкін. Кейбір жағдайларда ықтимал шығындар ұйымның әрі қарай жұмыс істеу қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы үшін жеткілікті болуы мүмкін. Кәсіпорын нарықтық тәуекелге ұшыраған қаржы құралдарына болашақ гипотетикалық әсерді бағалау үшін сезімталдықты немесе тәуекелге байланысты талдауды жүргізе алады. Алайда, тәуекелге қатысты талдау ұйымға әсер етуі мүмкін тәуекелдер дәрежесін толығымен көрсетпейді; сезімталдық пен сценарийлік талдаулар шектеулерге ұшырауы мүмкін.
18. Қаржы құралдар әрекеттерінің күрделілігі мен көлемі мен соған қатысты талаптар – ұйымның ресми тәуекелді басқару бөлімін ашуды және оның жұмысының мүмкін болатын құрылымын қарастыруына әсер етеді. Ресми тәуекелді басқару бөлімі жоқ субъектілерді, мысалы, қаржы құралдары аз немесе қарапайым субъектілерді, қаржы құралдар әрекеттерін тексеру және есептілік жүргізу міндеті бухгалтер немесе қаржы мамандарында болуы мүмкін. Кей жағдайларда бұл жалпы басшылықтың міндеті болуы мүмкін. Және оның ішіне өкілеттік берілген тұлғалар қалаған ресми тәуекелді бақылау бөлімін қосуы мүмкін.

Ұйымның Ақпараттық Жүйелері

19. Ұйымның ақпараттық жүйесінің басты мақсаты – транзакциялардың барлығын ұқыпты анықтау және жазып алу, оларды белгілеу, бағалау және қаржы құралдар тәуекелдері мен бақылаулары есептеліне алатындай ақпарат беру. Қаржы құралдар көлемі ірі субъектілерде қиындықтар болуы мүмкін. Атап айтқанда, жүйе түрлері тым көп және олардың өзара байланыспағандығы мен керекті бақылаудың жоқтығы.

20. Қаржы құралдарының кейбір түрлері еңгізулердің аса көп мөлшерін қажет етеді. Қаржы құралының күрделілігі немесе деңгейі артса, оның ақпараттық жүйесі де артуы күтіледі. Қаржы құралдарына қатысты туындайтын кейбір мәселелер:
- (a) Ұсақ ұйымдарда, әсіресе қаржы құралдарымен жұмыс тәжірибиесі аз субъектілерде, ақпараттық жүйелердің қаржы құралдар транзакцияларын қорытуға шамасы жетпеуі не дайындалбағаны. Бұл мәселе қаржы құралдар транзакцияларын қолмен жүргізуге әкеледі, яғни тәуекелді арттырады;
 - (b) Күрделі транзакциялар барысында, жүйелердің әркелкілігі және олардың арасында үздіксіз сәйкестемелер жүргізу қажеттілігі. Атап айтқанда, жүйелер арасында қалыпты байланыс жоқ және адам атқаратын жұмыстың бар болуы;
 - (c) Күрделі транзакциялар, егер олар тек аздаған адамдармен сатылатын болса, оларды негізгі өндеу жүйелерінде емес, кестелерде бағалауы немесе қауіп-қатерді басқаруы мүмкін және сол электрондық кестелер айналасындағы парольдердің физикалық және логикалық қауіпсіздігі оңай бұзылуы мүмкін;
 - (d) Жүйедегі ерекшеліктер жазулары, сыртқы растамалар мен делдар котировкалары мен жүйелер құрған кіріктірмелерді бағалау үстілерінен қадағалудың жетіспеуі;
 - (e) Қаржы құралдарын бағалау жүйелеріндегі негізгі кірістерді бақылау мен бағалаудағы қиындықтар, әсіресе бұл жүйелерді фронт-офис немесе үшінші тарап қызметтері жеткізушілері ретінде белгілі трейдерлер тобы жүргізетін болса және / немесе қарастырылып отырған операциялар әдеттегі емес болса немесе жіңішке сауда;
 - (f) Транзакцияларды бастапқы және үнемі негізде өндеуде қолданылған күрделі жүйелердің құрылымы мен бағытталуын бағалай алмау;
 - (g) Тіркелген үлгілер аудитын сақтап тұру және сол үлгілерге тыс тұлғалардың әсері мен өзгертулерінен сақтайтын бақылау мен рұқсат, жеке үлгілердің өзгеруі мен қалыпты сақтау кітапханасының басшылық тарапынан жүргізілмеу мүмкіндігі;
 - (h) Бақылау мен тәуекелді басқару жүйелерінде мүмкін талап етілетін үйлесімсіз инвестициялау мүмкіндігі. Ондай жағдайда ұйым қаржы құралдар транзакцияларының шектеулі мөлшерін ғана қолданады. Сонымен қатар, ұйым басшылығы таныс емес транзакциялардың өнімін түсінбеуі мүмкіндігі;

- (i) Үшінші тараптағы жүйелеріне қойылатын талап мүмкіндігі. Мысалы, қызмет көрсетуші ұйымнан қаржы құралдар транзакцияларын есептілігі немесе тәуекел басқаруын өткізу мен қорытындылау. Сонымен қатар, сол қызметшілердің жұмыстарын қадағалау мен сынау; және
 - (j) Ұйым басшылығы қаржы құралдар транзакцияларымен жұмыс кезінде электрондық сауда қолданған жағдайдағы қосымша күзет пен бақылау.
21. Қаржылық есептіліктеріндегі сандық ашып көрсетулер үшін маңызды ақпарат көзі болып табылатын қаржылық есеп беру қызметтеріне қатысты ақпарат жүйелері. Алайда, ұйымдар ішкі есеп беру және сапалық ашып көрсетелердегі ақпаратты қорыту үшін қаржылық емес жүйені дамытып, қолдануы мүмкін. Мысалы, тәуекел мен белгісіздік немесе сезгіштік анализдерге қатысты жағдайларда.

Ұйымның Бақылау Әрекеттері

22. Қаржы құралдар транзакцияларын бақылау әрекеттері субъектіні қойылған мақсаттан шегіндіретін мәселелерді анықтап, шешу үшін жүргізіледі. Ол мақсаттар операциялық, қаржылық есеп беру және сәйкестілік болуы мүмкін. Қаржы құралдар транзакцияларын бақылау әрекеттері оның көлемі мен күрделілігіне қарап құрастырылады. Сонымен қатар, оның ішіне орынды қуаттау үдерісі, орынды жұмыс бөлінісі мен басқа ережелер мен үдерістердің ұйым қойған мақсаттарға сай болуын қадағалайды. Блок-тәсім ұйымның бақылауының қуатты және әлсіз жақтарын анықтауында көмек етеді. Бұл ХАТЕ өзінің назарын толықтық, ұқыптылық пен бар болу, бағалау және ұсыну мен ашып көрсету әрекеттеріне аударады.

Бекіту

23. Уәкілдік қаржы есептілігіне тура және жанамалап әсер етуі мүмкін. Мысалы, транзакция субъекті ережелерінен өзге ережелерге сәйкес өткізілсе де, ол ұқыпты жазылып, есептелуі мүмкін. Алайда, бекітілмеген транзакциялар ұйымның тәуекелдігін көбейтуі мүмкін. Нәтижесінде, транзакция ішкі бақылаудан тыс жүргізілген себептен елеулі бұрмалану тәуекелі де артады. Бұл тәуекелді жоқ қылу үшін ұйым басшылығы белгілі транзакцияларды белгілі тұлғалар ғана жасай алатындай нақты ережелер орнатып, сол ережелердің орындалуын артқы кеңсе арқылы қадағалайды. Мысалы, шамадан тыс ірі көлемдегі шығын мен кірістерді бақылау - үдерістер ұйымның ережелері бойынша атқарылуын тексеруде көмек етеді. Оның ішінде, жаңа транзакция түрлерін бекіту мен алаяқтық болу не болмауын тексеру.

24. Ұйымның мәмілені бастамалау жазбаларының функциясы – қаржы құралдарының ортасы мен мақсатын анықтау және қаржы құрал келісімдерінде туындайтын құқып пен міндеттемелерді анықтау. Оның ішіне келісімдердің орындалуы да кіреді. Шартты мөлшер сияқты жалпы қаржы ақпараттарына қосымша кемінде келесілер қолданылады:
- (a) Саудагер тұлғасы;
 - (b) Транзакция жазбаларын жүргізуші адамның тұлғасы (саудагер болмаса), транзакцияның басталу мерзімі (күні мен уақыты да есептеледі), және сол транзакция ұйымның ақпарат жүйелеріне жазылу жолы; және
 - (c) Транзакцияның сипаты мен мақсаты. Оның ішінде, коммерциялық ашып көрсетуіне хеджтеуге көзделу не көзделмеуі.

Еңбек Бөлінісі

25. Еңбек бөлінісі мен қызметкерлерді қадағалау өте маңызды бақылау әрекеттері болып саналады. Әсіресе, қаржы құралдарымен жұмыс барысында үлкен рөлге ие болады. Қаржы құрал әрекеттері бірнеше функцияларға бөлінуі мүмкін, олар:
- (a) Транзакцияны өткізу (сауда). Қаржы құрал әрекеттерінің көлемі ірі ұйымдарда бұл алдыңғы кеңседе орындалуы мүмкін;
 - (b) Ақшалай төлемдерді бастау мен төлем түбіртектерін қабылдау;
 - (c) Сауда растамаларын жөнелту және, бар болған жағдайда, субъекті мен өзге тарап жазбаларының айырмашылықтарын талқылап, шешу;
 - (d) Транзакциялардың барлығын қаржылық жазбаларға дәл түсіру;
 - (e) Тәуекел шектерін қадағалау. Қаржы құрал транзакцияларының көлемі ірі ұйымдарда, бұл рәсімді тәуекелді басқарушылар өткізеді; және
 - (f) Қаржы құралдарын бағалау және позицияларды қадағалау.
26. Көптеген ұйымдар міндеттерді келесідей бөледі: қаржы құралдар инвестициялар, қаржы құралдарын бағалау, қаржы құралдар есептесуін жүргізу және қаржы құралдар жазбасын/есептілігін жүргізушілер.
27. Ұйымның көлемі аз болғандықтан, міндеттер бөлінісі жоқ жағдайларда, ұйым басшылығы мен өкілеттік берілген тұлғалардың қаржы құрал әрекеттерін қадағалуы маңызды болады.
28. Кейбір ұйымдардың ішкі бақылауының ерекшелігі – бағаларды тәуелсіз тексеру (БТТ) қызметінің болуы. Бұл бөлім қаржы құрал бағаларын түрлі дерек, ақпарат және әдістемелерді қолданып тексереді. БТТ-ның

көмегімен ұйымның басқа бөлімінде белгіленген бағаға әділ көзқараспен қарауға болады.

29. Әдетте, ережелерді бекіту мен олардың сақталуына орта және артқы кеңселер жауапты болады. Қаржы құралдарын жиірек қолданатын ұйымдар сол қаржы құралдар портфолисын бағалауды күн сайын жүргізіп, жеке қаржы құралының шығын немесе кіріске жақындығын бағаның орындылығымен бірге тексереді.

Толықтық, Ұқыптылық Және Бар Болу

30. Ұйым жазбалары мен сыртқы банк және депозитарийлердің жазбаларын өзара салыстыру сол ұйымның транзакциялары дұрыс жазылғанын тексеруде көмектеседі. Міндеттерді транзакцияларды жүргізушілер мен оларды салыстырушылар арасында бөлу өте маңызды болып саналады. Оның себебі - салыстыру мен оны растау рәсімі аса үлкен назарды талап етеді.
31. Кейбір бақылау рәсімдері трейдерлерден күрделі қаржы құралдарындағы ерекшеліктерді тексеруді талап етеді. Оның мысалы – кіріктіріме деривативтер. Ондай жағдайда, транзакцияларды басты мезетінен бастап тексеретін бөлек функция болуы мүмкін (өнімді бақылау тобы деген атпен де кездеседі). Бұл функция есептілік ережелер шығарушы тобымен, транзакциялар дұрыс жазылғанын тексеру үшін, бірге орындалады. Арнайы өнімді бақылау тобы жоқ, ұсақ ұйымдар қаржы құралдар келісімдеріне қатысты үдеріске ие болады. Ол үдерістің мақсаты – күрделі қаржы құралдарын бастапқы мезетте, қолданыстағы қаржылық есептілік жүйелеріне сай есептелгенін тексеру.

Бақылауларды Тексеру

32. Ұйымның бақылауларын тексеру – қаржы құралдар транзакциялар және бағалауларындағы мүмкін болатын қателерді тауып, шешу жұмысын атқарады. Субъектіде қаржы құралдар әрекеттерінің керекті тексеру жүргізілуі өте маңызды. Оның ішіне кіретіндер:
- (a) Барлық бақылаулар тексеруден өтуі. Мысалы, сыртқы баға және ішкі баға көздерінің айырмашылығы, және салыстырмалы өнімдер саны сияқтылар тексеруден өтуі;
 - (b) Мықты ақпараттық жүйе бақылау жүйесінің керектігі, және сол жүйелердің жұмысын тексеру;және
 - (c) Өргүрлі жүйелер мен үдерістерден пайда болған ақпараттың дұрыс біріктірілу. Мысалы, нәтиже бас бухгалтерлік кітапта нақты көрсетілмесе, бағалау үдерісінің пайдасы шамалы болып қалады.

33. Ірі ұйымдарда күрделі компьютерлік ақпарат жүйелері қаржы құрал әрекеттерін жалпы бақылап тұрады, және төлемдердің қажет болған кезде жасалуын қадағалайды. Одан да күрделі компьютер жүйелері ақша қимылдарын бақылау мақсатымен клирингтік шоттарға автоматты енгізулер жасайды. Сонымен қатар, қаржы құралдар әрекеттері ұйымның жазбаларында дұрыс көрсетілгенін қадағалау мақсатымен сол жұмыс үстінен бақылау орнатылған. Егер де қаржы құралдары бекітілген шектерде қолданылмаса немесе өзге тарапқа бекітілген шектерден тыс шықса, компьютер жүйелері субъектіге төтенше жағдай жайлы хабар жіберетіндей қылып құрастырылған. Алайда, күрделі компьютер жүйесі де қаржы құрал транзакциясының жазылуының толықтығына толықтай кепіл болмайды. Сәйкесінше, ұйым басшылығы сол транзакциялардың барлығы толығымен жазылуына сенімді болу үшін қосымша рәсімдер орнатады.

540 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТ СТАНДАРТЫ (ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН)

БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУ АУДИТІ ЖӘНЕ ТИІСТІ АШЫП КӨРСЕТУЛЕР

(Қаржылық есептілік аудиттеріне қатысты 2019 жылдың 15 желтоқсанынан немесе сол күннен кейін басталатын кезеңдерде күшіне енеді)

МАЗМҰНЫ

	Тармақ
Кіріспе	
Бұл ХАС ауқымы	1
Бухгалтерлік Бағалаудың Сипаты	2–3
Бұл ХАС Негізгі Тұжырымдары	4–9
Күшіне ену күні	10
Мақсаты	11
Анықтамалары	12
Талаптары	
Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Өрекеттер	13–15
Елеулі Бұрмаланудың Тәуекелін Анықтау Және Бағалау	16–17
Елеулі Бұрмаланудың Бағаланған Тәуекеліне Жауаптар	18–30
Бухгалтерлік Бағалауға қатысты Ашып Көрсетулер	31
Басшылықтың Ықтимал Жалған Сенімдерінің Көрсеткіштері	32
Орындалған Аудиторлық Рәсімдер Негізінде Жалпы Бағалау.....	33–36
Жазбаша Ұсынымдар	37
Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалармен, Басшылықпен Немесе Басқа Тиісті Тараптармен Қарым-Қатынас	38
Құжаттама	39
Қолданбалы Және Басқа Түсіндірме Материал	
Бухгалтерлік Бағалаудың Сипаты	A1–A7
Бұл ХАС Негізгі Тұжырымдары	A8–A13
Анықтамалары	A14–A18

Тәуекелді Бағалау Рәсімдері Және Байланысты Әрекеттер	A19–A63
Елеулі Бұрмаланудың Тәуекелін Анықтау Және Бағалау	A64–A80
Елеулі Бұрмаланудың Бағаланған Тәуекеліне Жауаптар	A81–A132
Басшылықтың Ықтимал Жалған Сенімдерінің Көрсеткіштері	A133–A136
Орындалған Аудиторлық Рәсімдер Негізінде Жалпы Бағалау	A137–A144
Жазбаша Ұсынымдар	A145
Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалармен, Басшылықпен Немесе Басқа Тиісті Тараптармен Қарым-Қатынас	A146–A148
Құжаттама	A149- A152
1 Қосымша: Ажырамас Тәуекел Факторлары	
2 Қосымша: Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалармен Қарым-Қатынас	

Бухгалтерлік Бағалау Аудиті Және Тиісті Ашып Көрсетулер 540 (Қайта қарастырылған) Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Мақсаттары Және Халықаралық Аудит Стандарттарына Сәйкес Аудит Жүргізу 200 ХАС-мен бірге оқылуы тиіс.

540 (Қайта қарастырылған) Қоғамдық Мүдделерді Бақылау Кеңесінің (ҚМБК) мақұлдауына ие болды, ол стандартты әзірлеу кезінде тиісті процесстер жүргізілді және қоғамдық мүдделер тиісті түрде ескерілді деген қорытындыға келді.

Кіріспе

Бұл ХАС ауқымы

1. Осы Халықаралық Аудит Стандарты (ХАС) аудитордың бухгалтерлік бағалауға және қаржылық есептілік аудитіндегі байланысты ақпаратты ашуға қатысты жауапкершіліктерін қарастырады. Нақтырақ айтқанда, оған 315 ХАС (Қайта қарастырылған)¹, 330 ХАС², 450 ХАС³, 500 ХАС⁴ және басқа да тиісті ХАС-тар бухгалтерлік бағалауға және онымен байланысты ашып көрсетулерге қатысты қалай қолданылатынын немесе кеңейтетін талаптар мен нұсқаулар кіреді. Ол сонымен қатар бухгалтерлік бағалаудың бұрмалануларын және онымен байланысты ашып көрсетулерді және басқарудың ықтимал бұрмалану көрсеткіштерін бағалау бойынша талаптар мен нұсқаулықты қамтиды.

Бухгалтерлік Бағалаудың Сипаты

2. Бухгалтерлік сметалар әр түрлі сипатта болады және оларды ақша сомаларын тікелей сақтау мүмкін болмаған кезде басшылық жасауы қажет. Осы ақшалай сомаларды бағалау белгісіздікке бағынады, бұл білімдегі немесе мәліметтердегі шектеулерді көрсетеді. Бұл шектеулер өзіндік субъективтілік пен өлшеу нәтижелерінің әртүрлілігін тудырады. Бухгалтерлік сметаны құру процесі басшылықтың пікірін талап ететін және бағалаудың күрделілігіне әкелуі мүмкін болжамдар мен мәліметтерді қолданатын әдісті таңдауды және қолдануды қамтиды. Осы ақшалай шамаларды өлшеуге күрделіліктің, субъективтіліктің немесе басқа тән тәуекел факторларының әсерлері олардың бұрмалануға бейімділігіне әсер етеді. (Сілт: Тарм. А1 – А6, 1 Қосымша)
